

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

Ә. Мұханбетжанова

Педагогиканы оқыту әдістемесі

ОҚУЛЫҚ

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*

Алматы, 2011

Пікір жазғандар:

педагогика ғылымдарының доктор, профессор **Л. К. Керимов**;
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **С. Т. Иманбаева**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Б. Т. Барсай**

Ә. Мұханбетжанова

Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011ж.
– 368 бет.

Ұсынылып отырған «Педагогиканы оқыту әдістемесі» оқулығы қазіргі кезеңдегі педагогика және психология саласы бойынша дайындалып жатқан мамандар үшін қажет. Ол аталған мамандық бойынша бакалавриатта жалпы кәсіптік пәндер цикліндегі негізгі педагогикалық пәндердің бірі болып саналады. Болашақ маман кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартына сай жоғары оқу орындарында педагогиканы оқытудың кәсіби іс-әрекетіне дайын болуы керек. Бұл оқулық арқылы студенттер теория мен тәжірибенің бірлігін, оқытушы мен білімалушылардың іс-әрекетін, педагогикалық қызметтің мәнін, құрылымын, педагогикалық қызметтің әдістемесін меңгереді. Сонымен қатар, педагогиканы оқытудағы технологияларды, колледждерде, жоғары оқу орнында педагогиканы оқытудың мазмұны, формалары мен әдістерін игеруге мүмкіндік алады. Бұл оқулықтың ерекшелігі – жоғары білім беру саласына қойылып отырған бүгінгі күнгі талаптарға сәйкестігі мен жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті мамандарды дайындау тәжірибесіндегі мемлекеттік тілде алғашқы рет әзірленуі.

Оқулық «Педагогика және психология» мамандығының типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Оқулық жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге, магистранттарға, жоғары оқу орны мен колледж оқытушыларына арналған.

ISBN 978-601-217-251-5

УДК 37.01
ББК 74.00

© Ә. Мұханбетжанова, 2011
© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2011

КІРІСПЕ

Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне біртіндеп кірігуі жүзеге асырылуда, бұл өз кезегінде жоғары білім беру жүйесін реформалаудың түйінді бағыттарын нақтылауды қажет етіп отыр. Тез өзгертін технологиялар заманында оның басты ұстанымы «өмір бойы білім алу, адамның сапалы кәсіби және ғылыми дайындығы, өз бетінше іздене білуі және өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі болуы қажет».

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту деп көрсетілген.

Жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселесі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бұл жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігінің тәжірибелерін игеру арқылы ғана жүзеге асатындығы белгілі. Осы ретте еліміздегі жоғары оқу орындарының бағдарламалары белгілі дәрежеде халықаралық талаптарға сәйкестендіріліп, жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары оқытудың кредиттік жүйесіне бағыттанып жасалынууда.

Қазіргі таңда білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Осы негізде жоғары оқу орнында білім беруде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін педагогикалық пәндерді оқыту барысында қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі талабы болып табылады.

1. Болашақ мамандарды психологиялық-педагогикалық даярлау жүйесінде «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәні ерекше орын алады. Бұл пән арқылы студенттер теория мен тәжірибенің бірлігін, оқытушы мен білімалушылардың іс-әрекетін, педагогикалық қызметтің мәнін, құрылымын, педагогикалық қызметтің әдістемесін меңгереді. Сонымен қатар, педагогиканы оқытудағы технологияларды, колледждерде, жоғары оқу орнында педагогиканы оқытудың мазмұны, формалары мен әдістерін игеруге мүмкіндік алады. Педагогика және психология мамандығы бойынша біліктілік мінездемесіне

сәйкес жоғары оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесінің негіздері меңгеріледі.

«Педагогиканы оқыту әдістемесі» оқулығы мазмұндық және әдістемелік жағынан педагогиканың мынадай салаларымен: «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогиканың жалпы негіздері», «Дидактика», «Тәрбие теориясы», «Педагогика тарихы», «Педагогиканың ғылыми зерттеу әдістері» және т.б. тығыз байланыста берілген. Оқулықта педагогиканы оқытудың әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелері қарастырылды. Соның негізінде педагогиканы оқытудың жеке пән ретінде ерекшеліктеріне назар аударылып, теориялық және практикалық сабақтарды өткізу әдістемесі мен жаңа технологиялары, негізгі тақырыптардың әдістемелік сипаттамасы беріліп отыр.

«Педагогиканы оқыту әдістемесі» оқулығында педагогика ғылымының құрылымы мен мазмұны, негізгі көзқарастарды (аксиологиялық, мәдениетке сәйкестік, жүйелілік және т.б.), педагогиканы оқыту технологиясын тұлғалық-бағдарлы парадигмасы негізінде талданды. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері, кредиттік оқыту жүйесінде педагогиканы оқыту әдістемесінің ерекшеліктеріне, технологиясына кеңінен орын берілді.

«Педагогиканы оқыту әдістемесі» оқулығы 5В010300 «Педагогика және психология» жоғары кәсіптік білім беру мамандығының «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәнінен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша Оқу-әдістемелік секциясы жасаған типтік оқу бағдарламасына сай әзірленді.

Осы оқулық «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәні мазмұнының міндетті минимумына және даярлау деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптарды іске асыруға арналған жоғары кәсіптік білім беру оқу орындарының жұмыс оқу бағдарламаларын және пәннің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуге негіз болып табылады.

Оқулықты дайындау барысында автордың жарияланған ғылыми еңбектері, оқу процесінде кеңінен қолданыс тауып, оң пікірге ие болған оқу құралдары, баспа беттерінде жарияланған ғылыми мақалалары мен бандамалары, осы пәннен оқылған лекциялардың материалдары пайдаланылды.

Автор

I. ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПӘНІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Ғылым және оқу пәні, олардың өзара байланыстары мен ерекшеліктері

Қазіргі кезеңнің ауқымды проблемаларының ұшталуы, адам проблемасын тарих, әлеуметтік шығармашылық субъектісі ретінде алдыңғы орынға шығару және бұл үрдістегі білім берудің рөлін түсіну педагогиканы басым бағытты ғылымдар қатарына қойып отыр. Ақиқат пен ғылыми-практикалық білім дамуының қазіргі кезеңіндегі педагогиканың нысанасы мен пәні де біршама кеңейде.

Ғылым күрделі динамикалық жүйе болғандықтан оның логикалық және танымдық сипаттары алдыңғы орынға шығарылады. Ғылымсыз әлеуметтік-экономикалық прогресс мүмкін емес. Қазіргі Қазақстанның даму кезеңінде білім мен ғылымның мықты өзара байланысы оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсуінің қозғаушы күшіне айналып отыр.

Алдымен *ғылым дегеніміз не* екендігін анықтап алуымыз қажет. Ғылым дегеніміз табиғаттың, қоғамның, ойлаушы жан иесі ретінде адамның мәні, қасиеттері, өзіндік ерекшеліктері мен даму процестері жөніндегі білімдер жүйесі болып табылады. Сол сияқты ғылым осы объективтік қасиеттер мен процестерді білімге, ойлау әрекетіне сәйкес әртүрлі формада және бағытта қолдануды қамтиды. Ғылымның бұл түсінігі объектінің ауқымы бойынша да (табиғат, қоғам, адам), әрі тереңдігі мен оның практикада қолданылу бағыттары бойынша да алынады.

«Ғылым» ұғымы бірнеше негізгі мағынаны білдіреді. Біріншіден – табиғат, қоғам, қоршаған ортаны тану турасында жаңа білімдерді жүйелеуге бағытталған адам қызметінің саласын түсінеміз. Екінші мағынасында - ғылым, осы әрекеттің нәтижесі - алған ғылыми білім жүйесі ретінде көрінеді. Үшіншіден - ғылым, қоғамдық сананың бір формасы, әлеуметтік институт. Соңғы мағынасында, ғылыми ұйымдар мен ғылыми қоғам мүшелерінің бір-бірімен байланысы, сонымен бірге, ғылыми ақпараттары, ғылымның нормалары және құндылықтары және т.б.

Ғылым өзінің даму тарихында белгілі бір ерекшеліктері бар күрделі де, жүйелі ұйымдасқан құрылымға ие болып отыр. Ғылым түсінігіне әдебиеттерде түрлі анықтамалар, түсініктемелер

берілген. Ғылым – объективті ақиқатқа жетуге, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын-ала болжауға арналған, жүйелі түрде құрылған білімнің жоғары түрі. Ғылым – ақиқаттағы тәжірибемен тексерілетін және дәлелденетін қоршаған орта жөнінде тарихи қалыптасқан және үнемі дамып отыратын адам білімінің логикалық жүйесі. Сонымен, ғылымды ерекше тану үдерісі деп айта аламыз. Ғылым – қоршаған орта туралы ақиқат білім жинау және теориялық жүйеге келтіру болып саналатын зерттеу әрекетінің бір саласы. Тарихи тұрғыда ғылым адамзат дамуының белгілі бір сатысында, тікелей қажеттіліктердің қосылысынан құрылған. Осының негізінде *ғылымтану* теориясы келіп шығады.

Ғылым туралы көзқарас ерекше тұтастық ретіндегі зерттеу процестерін қарастырған кезде пайда болады. Зерттеу объектісінен тәуелсіз біріңғай принциптер мен жалпы зерттеу әдістерін іздестіру, іргелі қорыту, әдіснамалық қорытындылар жасауға негізделеді. Кез-келген ғылыми фактілерді жинау және қорыту арқылы алынған нәтижені әрекет құралдары мен әдістерінде жүзеге асыру үшін оның логикасын ашу қажет.

Ғылым ұғымы мен ғылыми зерттеу ұғымдары арасында байланыс қандай? Жалпы алғанда ол білім мен таным арасындағы арақатынас сияқты. Таным дегеніміз білімді жасау процесі (білімнің жасалу, пайда болу процесі). Бұл мағынада ғылым (science) және ғылыми зерттеу (research) оны жасау процесінен өнім ретінде ажыратылады және бұл екі категорияны араластыру дұрыс бомайды. Бұл жерде әңгіме мүлдем бөлек екі аймақ жөнінде болып отыр, оның бірі қызмет ету қасиетімен ерекшелінеді, ал екіншісі жүйенің пайдалы нәтижесі болып шығады. Ғылым сонымен зерттеу емес, зерттеуің нәтижесі.

Ғылыми білім зерттеуге дейінгі мақсат ретінде алынады. Ғылымның теориясы ғылыми-зерттеу әрекетінің әдіснамасы болып табылады. Яғни, ғылымның философиялық теориясы – зерттеудің жалпы әдіснамасы.

Ғылым - әлеуметтік өмірдің ең динамикалық салалардың бірі. Философтар қазіргі ғылымды талдай отырып, зерттеудің арнайы пәні ғылымилық құбылыс болып келетін, классикалық тұрғыдан қарастыруға көбірек көңіл бөледі. Сонымен қатар, ғылымтану мәселесі өз алдына пәндераралық синтезді көрсетеді және өз мәртебесі жағынан философия, ғылым әдіснамасымен барабар. Ғылымтануға ғылым жөніндегі кешенді білім деген кеңейтілген

мағына беріліп отыр. Анықтамалықтар мен сөздіктерде ғылымның қызметі мен даму заңдылықтарын, ғылыми әрекет құрылымы мен динамикасын, оның басқа әлеуметтік институттармен өзара әсерін зерттейтін, сонымен қатар «ғылым дегеніміз не және оның белгілері қандай?» деген мәселемен айналысатын салалармен де байланысын көрсетеді. Ал, әдіснама «ғылым басқаша емес не себепті осылай деген мәселемен айналысады», - деп көрсетіледі.

Объект және оның қолданылуы туралы білімдер жүйесі ретінде «ғылым» төтенше жалпылық ұғымға ие болады. Келтірілген анықтама жеке ғылымдарға да жалпы ғылымдарға да ортақ. Сондықтан, бірден ғылымның қай объектісі жөнінде сөз болатындығын анықтап алу қажет. Жеке және жалпы ғылымдар мен қатар ғылымның жүйесіне ғылымның өзі туралы ғылым да кіреді. Ол барлық ғылымдар жөніндегі білімдер жүйесін бере отырып, олардағы жалпылық пен ерекшелікті, тұтас алғандағы орнын, оларға тән даму мен қоғамға қызмет етудің жалпылығы арқылы байланыстырылатын жалпы логикасы жөнінде тұтасымен алынады.

Қазіргі ғылым өте күрделі ұйымдасқан, пәндік ерекшелігі тұрғысынан қарасақ, оның көп салалы пәндері ғылым кешенін құрайды, яғни ол жарытылыс, қоғамдық, техникалық, гуманитарлық, антропологиялық ғылымдар саласына бірігеді.

Ғылымда адам дүниені идеалдылығы жағынан игереді. Ғылымның түпкілікті мақсаты қандай да бір нақтылықтың мәні туралы білу, яғни нақты білімге жету болғандықтан абстрактілік ойлаудан таным теориясына өту болып табылады. Ғылым ұдайы қайталанып отыратын адамзат практикасына сүйенеді, оның белгіленген әдістері мен формалары күнделікті тұрмыстағы эмпирикалық білімге, сондай-ақ ғылым пайда болғанға дейінгі білімге тән әдістер мен формалардан өзгеше. Ғылым өзінің зерттеу сипатына, әрбір ғылымның өзіндік ерекшеліктеріне қарай әртүрлі салаларға байланысты жіктеліп отырады (педагогика ғылымы, психология ғылымы, философия, әлеуметтану, математика, тарих, жаратылыстану, және т.с.с). Мұны ғылымдар классификациясы, яғни ғылымдардың жіктелуі деп айтады. Мысалы, Әл-Фараби қандай ғылым болсада, ол - адам санасына дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайтыны туралы айтып, өзінің «Ғылымдар классификациясы» атты еңбегінде ғылымдарды ол төмендегіше жіктеген: 1) тіл білімі және оның тараулары; 2) логика және оның

тараулары; 3) математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, амал-әрекет жөніндегі ғылымдар; 4) физика тараулары, метафизика және оның тараулары; 5) азаматтық ғылым және оның тараулары заң ғылымы.

Ғылым дамуының заңдылықтарына, сипатына қарай ғылым логикасы саласының өзіндік ерекшелігі бар. *Ғылым логикасы* – ғылыми танымның логикалық заңдылықтарын зерттейтін философиялық ғылымның бір саласы. Ғылым, ғылыми теория өзінің зерттейтін затын ұғым мен ой формаларында бейнелейді. Соның арқасында ғылым берілген пән саласында ой-өрісінің барысын, ережелерін анықтайды. Осыған орай әрбір ғылымның өзіндік логикасы бар деуге болады. Олай болса ғылымды логикалық тұрғыдан талдау мәселесі заңды болып табылады. Демек, ғылымның өзін зерттеу мәселесі қажет екендігі айқындалып отыр.

Ғылым дамиды, яғни уақытпен бірге сапалық өзгеріске ұшырап отырады. Ол үнемі өз көлемін ұлғайтады, үздіксіз жіктеледі, күрделіленеді және т.б.

Бүгінгі күні *ғылымтану* туралы басқа ғылымдардан өзіндік ерекшелігі, өзіне тән пәні, әдістемесі, әдіснамасы және міндеттері бар ғылыми білім аймағы деп есептеледі.

Ғылымтануға ғылым жөніндегі кешенді білім деген кеңейтілген мағына беріліп отыр. Анықтамалықтар мен сөздіктерде ол ғылымның қызметі мен даму заңдылықтарын, ғылыми әрекет құрылымы мен динамикасын, оның басқа әлеуметтік институттармен өзара әсерін зерттейтін, сонымен қатар «ғылым дегеніміз не және оның белгілері қандай» деген мәселемен айналысатын салалармен де байланысын көрсетеді.

Ғылымтану – ғылымның дамуын және қызмет ету заңдылықтарын қарастыратын зерттеу саласы. Ғылыми қызметтің құрылымын және динамикасын, ғылымның басқа қоғамдық институттарымен, қоғамның рухани және материалдық салаларымен қарым-қатынасын зерттейді. Ғылым теориясына толығырақ түсінік беретін болсақ, оның зерттеу әдістерінің ерекшеліктеріне де тоқталу керек болады. Ғылым әдістерінің өзіндік ерекшеліктері – танымның сыналған әдістері арқылы объективті ақиқатқа жетудің мақсаттылығын сипаттайтын білім формасы. Танымның сыналған әдістерінің ақиқаттылығы, ғылыми таным нәтижелерінің дәлдігі сияқты, практика, адамдардың іс-

тәжірибесінде зерттеліп, дәлелденген құбылыс немесе зат, белгілі бір жүйе т.с.с.

Енді ғылым дамуының жалпы модельдеріне тоқталайық. XX ғасырдың 60-ж. бастап ғылымның дамуы жөніндегі американдық тарихшы және философ Т.Кун ұсынған тұжырымдама негізгі орын алады. Т.Кунның тұжырымдамасындағы ғылымның даму логикасының маңызды элементі – зерттеулердің қандайда бір алдын-ала белгілі шеңберде, іргелі ғылыми жаңалықтар ашылған салада ұзақ уақыт қызмет істеу қабілеті. Ол әдіснамаға жаңа ұғым – *парадигманы* енгізді. Бұл сөздің дәл мағынасы – үлгі. Мұнда дүниені көруге мүмкіндік беретін белгілі бір білімдер жиынтығы, оның айрықша тәсілінің өмір сүруі есепке алынады және ол зерттеу бағытын таңдауға да әсерін тигізеді.

Парадигмада нақты проблеманы шешудің жалпы қабылданған үлгілері де болады. Парадигмалық білім «таза» теория емес (шындығында оның өзегі қандайда бір іргелік теория бола тұрса да), сондықтан ол тікелей түсінік беру қызметін атқармайды. Ол есептеу жүйесі, яғни әртүрлі теорияларды құруға және негіздеуге алғышарт ретінде ғана алынады. Т.Кунның пікірі бойынша: ол белгілі бір уақыт аралығында проблеманың қойылу моделі мен оны шешудің мойындалған ғылыми жетістігі болып табылады. Оның мазмұны оқулықтарда, ғалымдардың іргелі еңбектерінде көрініс табады, ал негізгі идеялары көпшілік санасына енеді.

Ғылыми қоғамдастық мойындаған парадигма ұзақ жылдар бойы ғалымдардың қызметіндегі басты проблемалар шеңберін анықтайды, олардың қызметінің шын мәнінде ғылыми екендігін ресімі түрде бекіткендей болады. Т.Кун парадигмаға ғылым тарихында мысалы, Аристотелюдік динамиканы, астрономияны, Ньютонның механикасын т.б. жатқызады. Мұндай парадигма ішінде, оның шегіндегі ғылыми білімнің дамуы, өсіп-өрістеуі «қалыпты ғылым» деген атқа ие болды. Ал парадигманың ауысуы нағыз ғылыми төңкеріс деп есептеледі.

Т.Кун тұжырымдамасының шешуші жаңалығы мынада: ғылымның дамуындағы парадигманың ауысуы сызықтық сипат алмайды. Ғылымның дамуында логиканың өзіндік заңдылығы бар, бірақ бұл заңдылық басқа да көптеген еш кем түспейтін заңдылықты мүмкіндіктер ішінен кездейсоқ “таңдалады”. Мысалы, бізге үйреншікті дүниенің кванттық релятивистік бейнесі басқаша да болуы мүмкін еді. Ғылымның дамуы туралы балама модельді

И.Лакатос ұсынды. Жоғарыда айтылған екі тұжырымдама да ғылым дамуында кезендік сәттерге, ғылыми төңкеріс деп аталатын қандай да бір байламдарға еріксіз сүйенеді. Енді осы ғылыми төңкерістерге тоқталып көрейік. Ғылыми төңкерістің табиғаты мен сипатын К. Поппер анықтап берді. Оның пікірінше, теорияның күйреуі нәтижесінде жаңа проблемалар пайда болады. Ал, бір проблемадан екіншісіне қарай ілгерілеу, шын мәнінде ғылымның дамуын жүзеге асырады. Төңкеріс сөзі ғылымдағы қолданысында оның бүкіл элементтерінің өзгерісі: фактілер, заңдылықтар теориялар, әдістер, дүниенің ғылыми бейнесінің өзгерісі деген сөз. Дүниенің ғылыми бейнесі қорытылған, жүйелі білімді береді, ал оның өзгерісін, тіпті ірі ғылыми жаңалық бола тұрса да, жекелеген өзгеріске жатқызуға болады. Сонымен, дүниенің ғылыми бейнесінде ғылыми білімнің барлық базалық элементтері қорытылған түрде беріледі. Ал, ғылыми төңкеріс жағдайында да жекеленген принциптер, әдістер мен теориялардың өзгерісі емес, осы дүниенің ғылыми бейнесінің өзгерісін айтады.

Қазіргі ғылым адамға тарих және танымның (психоанализ, философиялық антропология, экзистенциализм, өмір философиясы және басқа бағыттарда) белсенді субъектісі ретінде ерекше көңіл бөледі.

Ғылым – қоғамдық сананың формаларының бірі, яғни адамдардың рухани және физикалық өмір туралы көзқарастарының бірі. Ғылым – адам іс-әрекетінің саласы, оның қызыметі ақиқат туралы объективті білімдерді жасау және теориялық жүйелеу; сонымен қатар жаңа білімдерді алуға бағытталған іс-әрекеттің өзі, және оның нәтижесі – осы кезеңде алынған ғылыми білімдердің жиынтығы болып табылады. Ғылымның тікелей мақсаты – шындықтың процестері мен құбылыстарын сипаттау, түсіндіру, және болжау, оның ашқан заңдары негізінде оның зерделеу пәнін құрайтын яғни кең мағынасында – шындықты теориялық түрде көрсету. Педагогика да осы ғылымдар қатарына жатады. Педагогика – адамды оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтары мен мақсатты бағытталған тәжірибесін зерделейтін ғылым. Былайша айтқанда педагогикалық заңдылықтарды зерделеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ғылым. Оны айқындау оның нысаны мен пәнін зерттеудің мақсаты мен нәтижесі. Ғылыми көзқарас әр уақытта арнайы зерттеулер арқылы айқын, қалыпты, тексерілгенді қорыту. Ғылыми педагогиканың назары мен әсері сол педагогикалық

құбылыстар мен процестерді зерделеумен және оны жүзеге асырумен байланысты. Педагогика ғылымының нысаны мен пәніне де әртүрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде оның нысаны білім беру – оқыту және тәрбиелеу саласы, ал пәні – осы салада қалыптасатын қарым-қатынаста жүзеге асатын процестердің заңдылықтары. Сонымен қатар педагогикалық практика бар. Оның нысаны педагогикалық процестің қатысушыларының нақты өзара әсерлесуі.

2. Педагогика ғылым және оқу пәні ретінде

Педагогиканың *нысанына* адамның өз өмірінің белгілі бір кезеңінде кездесетін әртүрлі оқу-тәрбие жүйелері айналада. Ал, педагогика ғылымының *пәніне* еркін, әлеуметтік белсенді, шығармашылық тұлғаға бүкіл өмірі бойына білім беру алынуда. Өз пәнін жан-жақты зерттеу және педагогика практикасын тек өзінде тиімді өзгерту, түзету енгізу үшін дәстүрлі қалыптасқан құралдары жеткіліксіз. Осымен байланысты К.Д.Ушинскийдің мынадай сөзін еске түсіруге болады: «Педагогика үшін, ол өз мақсатына жету үшін адам денесі және жаны, табиғаты зерттелетін және де қиялда емес, ақиқат құбылыста зерттелетін барлық ғылымдардан сүзіп алынған қажетті білім, құралдар саналады».

Қоғамдық дамудың қазіргі барысы педагогика және бүкіл «адамтанушы» ғылымдардың – философия, әлеуметтану, психология, тарих, физиология, этика, эстетика, биология, медицина, кибернетика, лингвистика және т.б. терең ғылымаралық синтезінің қажеттілігін объективті түрде дәлелдеп отыр. Мұндай түсінікте педагогика адамтану мен қоғамтанудың маңызды саласының біріне айналада, көптеген қоғамдық және жаратылыс ғылымдарының мәліметтерін өз пәнінде синтездеуші адам тәрбиесі жөніндегі интегративті ғылымға айналады.

Бұл педагогика ғылымын жасанды дәріптеу емес деп санаймыз. Шындығында да педагогика нақты адаммен, дара тұлғамен, топпен, ұжыммен, оны қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, тікелей байланысатын бірден- бір ғылым. Педагогикалық іс-әрекетті жемісті жүзеге асыру үшін, педагогикалық ғылым мен практика сөз жоқ бөтен ғылыми білімдерден барлық қажеттілігі мен құндылығын таңдап алуы керек. Педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол бәрінен бұрын оны барлық жағынан білуі керек. Бұл білімдер педагогиканың әдіснамасын

жасау, кешенді педагогикалық зерттеулер жүргізу үшін әртүрлі оқу- тәрбие жүйелері қызмет етуінің мақсатты білім мазмұны, формасы, әдістері мен құралдары мәселелерін шешу, оқу әрекетінде олардың өзара әсері мен сабақтастығын жүзеге асыру үшін қажет.

Әрдеңгейлі білім беру жүйелері, олардың қызметіндегі сабақтастық- бұл үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесінің белгісі. Мұндай жүйені жасауға деген қажеттілік бүгінгі күні ерекше көкейтесті және қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуынан туындап отыр. Рухани, әлеуметтік, мәдени аймақта даму тенденциясы адамның жеке білімдік қажеттілігінің динамикасына байланысты пайда болуда. Ғылым аралық өзара байланыс- үздіксіз білім беру жүйесінің теориялық дәлелді тұжырымдамасын жасаудың қажетті шарты.

Педагогиканың ғылым ретіндегі зерттеу пәні – адам, яғни жеке тұлға, оның дамуы, қалыптасуы, әлеуметтенуі, білім алуы, тәрбиесі. Сондықтан ғылыми тұрғыда адамды, яғни жеке тұлғаны зерттеуде, оның дамуын дұрыс болжауда тұлға дамуының құрылымы мен заңдылықтарын, оның құрылымының жеке бөлімдерінің өмір сүру ерекшелігіне, іс-әрекет түрлеріне, әлеуметтік ортадағы алатын орны және т.б. ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеп меңгеруге мүмкіндік береді. Тұлға – бұл сезімнің, әсердің, ішкі күйініш, сүйініштің бойға жинақталған және жан-жақты психикалық құрылым. Ол шындықтағы адамның әлеуметтік негізін сәулелендіруші. Танымның, ерік жігердің жаңа субъектісі, өмірдің белсеңді қайта құрушысы деп айта алмыз. Адамды, яғни жеке тұлғаны зерттеуде ғылыми танымның, білімнің, ғылыми-зерттеу әдістерінің алатын орны ерекше. Теория мен эмпирика, тарих пен логика, индукция мен дедукция, анализ және синтез өзара бір-бірімен тығыз байланыста жүре отырып, осы ғылыми теорияның қалыптасуына негіз болады. Осы әдістердің негізінде белгілі бір қорытындыға келуде абстрактілі пайымдаудан нақты логикалық ойлауға, нәтижеге келеміз.

Ғылымның шыңына қол жеткізу оның негіздерін меңгеруден басталады. Олар оқу пәндерінде жинақталған. *Ғылым және оқу пәні бір-бірімен өте тығыз байланысты.* Ғылым өз пәні жайындағы білімді жинақтайды. Оның міндеті – пәнін толық және терең тану, ал басты қызметі – зерттеу. Ал, оқу пәні ғылымның тек негіздерін ғана оқытады. Ол білім оқытудың міндеттерін, жас шамасын және

білім алушылардың дайындық деңгейін есепке ала отырып таңдалады. Оқу пәнінің басты қызметі – оқу. Пәннің құрылымын жасауда ғылыми білім тек беріліп қана қоймайды сонымен қатар олар нақтыланады, ұғымдары тереңдетіледі, жүйеленеді. Оқу пәні белгілі бір жүйе ретінде құрылады.

Оқу пәні ғылымда нәтижелі болып келетін білімді кіріктіреді. Оқу пәнінің құрылуы ұзақ процесс. Оның мазмұнын анықтауда ғалымдар, оқытушылар тарапынан дидактикалық мәселелер бойынша пікірталас жүргізіледі. Соған байланысты ғылымда жаңа мәселелер пайда болып, оның дамуы жүзеге асады. Бұл шығармашылық жұмыс ғылымның дамуына, оқу пәнінің тұрақтануына ықпал етеді. Бастапқыда оқытылатын пәндердің құрылымынан арнайы орта және жоғары мектептерде оқытылатын пәндердің белгілі бір айырмашылықтары бар. Жоғарғы оқу орындағы оқу пәнінің мазмұны ғылым құрылымына жақын, онда ғылымның жаңалықтары, шешілмеген мәселелері де қамтылады.

Әрбір ғылымның нақты-ғылыми әдіснамасы және оның сәйкес қызмет ететін практикасы өзіндік салыстырмалы түрде өз бетіндік көзқарастар немесе принциптер арқылы анықталады.

Ғылым үнемі жаңа фактлермен толықтырылып отырған жағдайда ғана дами алады. Ал оның жинақталуы мен интерпретациясы үшін ғылыми негізделген зерттеу әдістері қажет болады. Зерттеу әдістері ғылымтануда *әдіснама* деп аталатын теориялық принциптердің жиынтығына тәуелді болып келеді.

Зерттеушілер көбінесе «*әдіснама*» ұғымын нақты өмірден және білімдік процестен мүлдем алыс жатқан абстрактылық ұғым деп санайды. Шын мәнінде «*әдіснама* дегеніміз – теориялық және практикалық әрекетті ұйымдастыру және құрудың принциптері мен тәсілдерінің жүйесі».

Әдіснаманың «ғылыми танымның және дүниені қайта өзгертудің әдісі туралы ілім» деген анықтамасы да бар. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде әдіснаманы алдымен ғылыми таным әдіснамасы, яғни ғылыми-танымдық іс-әрекетті құрудың принциптері, формалары мен тәсілдері туралы ілім ретінде беріледі. Ғылым әдіснамасы ғылыми зерттеудің компоненттеріне, оның объектісі, талдау пәні, зерттеу міндеттері, оны шешуге қажетті зерттеу құралдарының жиынтығына сипаттама береді, сонымен қатар зерттеушілік міндеттерді шешу процесіндегі

зерттеуші іс-әрекетінің бірізділігі жөніндегі көзқарасын қалыптастырады.

Әдіснаманың қазіргі әдебиеттерде беріліп жүрген басқа да анықтамалары. Бұл түсініктің келесі қырларына сүйенетіндігін көруге болады, яғни айтқанда әдіснама дегеніміз:

а) үнемі өзгеріп отыратын педагогикалық шындықты көрсететін ғылыми білімдерді алу тәсілдерін анықтайды.

ә) белгілі бір ғылыми-зерттеудегі мақсатқа қол жеткізу негізгі жолдарын бағыттайды, алдын-ала анықтайды.

б) зерттелетін процесс немесе құбылыс туралы ақпаратты алудың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді.

в) педагогика теориясы қорына жаңа ақпаратты ендіруге көмектеседі.

г) ғылымдағы теминдер мен ұғымдарды айқындауға, байытуды, жүйелерді қамтамасыз етеді.

д) ғылыми танымдық объективті фактілер мен логикалық-аналитикалық құрадарына сүйенетін ғылыми ақпараттар жүйесін жасайды.

«Әдіснама» ұғымының ғылымдағы қызметін анықтайтын бұл белгілері келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді: педагогиканың әдіснамасы – зерттеудің мақсатын, мазмұнын, әдістерін тұжырымдамалық мазмұндауды, педагогикалық процестер мен құбылыстар жөнінде барынша объективті, дәл, жүйеленген ақпараттар алуды қамтамасыз етеді.

Әдіснаманың бұл анықтамалары бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Олар әдіснамалық рефлексия аймағының бірқалыпты даму процесін көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды, педагогика ғылымының әдіснамасын педагогикалық таным мен шындықты түрлендіру туралы теориялық ережелердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Әдіснама негізінен, реттеушілік, нормативтік қызмет атқарады. Оның міндеті де осында. Бірақ әдіснамалық білімдер дескриптивтік (сипаттамалық), немесе прескриптивтік (нормативтік) формада, яғни, алдын ала жазу, әрекетке тікелей нұсқау түрінде де берілуі мүмкін.

Дескриптивтік әдіснама ғылыми білімнің құрылымы, ғылыми танымның заңдылықтары туралы ілім ретінде зерттеу процесінде бағдар ретінде қызмет атқарады, ал прескриптивтік әрекетті реттеуге бағытталады. Нормативтік әдіснамалық талдауда ғылыми

әрекетті жүзеге асырудағы жағымды ұсыныстар мен ережелерді жасаумен байланысты құрылымдық міндеттер басымырақ болады. Дескриптивтік талдау ғылыми танымның бұған дейін жүзеге асырылған процестерді сипаттаумен байланысты болады.

Э.Г.Юдин әдіснамалық білімдер құрылымында: философиялық, жалпығылыми, нақты-ғылыми және технологиялық деп төрт деңгейді бөліп көрсетеді. Әдіснаманың жоғары, *философиялық деңгейінің* мазмұнын танымның жалпы принциптері мен ғылымның тұтастай категориялық құрылымы құрайды. Философиялық білімдердің бүкіл жүйесі әдіснамалық қызметті атқарады.

Екінші деңгей – *жалпы ғылыми деңгей* – ғылыми пәндерге қолданылатын теориялық тұжырымдамалардан тұрады.

Үшінші деңгейі – *нақты ғылыми* әдіснама, ғылыми білімге кіретін эмпирикалық ақпаратты алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар, зерттеудің әдістемесі мен техникасын құрайды.

Әдіснама ең алдымен ғылыми танымның әдіснамасы, яғни ғылыми танымдық іс-әрекеттің формалары мен тәсілдері, құрылымы жайындағы ілім. Ғылымның әдіснамасы ғылыми зерттеудің компоненттеріне (объектісі, талдау пәні, міндеті, құралдар жиынтығы) сипаттама береді. Осылайша, ғылымның *әдіснамасы* – таным және ондағы өзгерістердің теориялық жиынтығы.

Әдіснамалық білімнің 4 құрылымдық деңгейі бар. Олар:

- *философиялық* деңгейде танымның жалпы ұстанымдары мен ғылымның категориялары қарастырылады;
- *жалпығылыми* деңгейде теориялық тұжырымдамалар жинақталады;
- *нақтығылыми* деңгейде арнайы ғылыми зерттеуде қолданылатын зерттеудің әдістері мен ұстанымдарының жиынтығы белгіленген;
- *технологиялық* деңгейде зерттеудің әдістемесі мен техникасы сипатталады. Ол басқа деңгейлер арқылы анықталады: педагогикалық зерттеу және оның ұйымдастырылуы сол деңгейлерге бағынышты.

Осылайша, әдіснама – теориялық және пратикалық қызметті ұйымдастыру мен құрудың ұстанымдары және тәсілдерінің жиынтығы. Сонымен қатар, ғылымның әдіснамалық негізі – табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеуге негіз болған, әрі сол құбылыстардың теориялық түсіндірмесіне шешімді ықпал етуші

философиялық идеялардың жиынтығы. Бұл идеялар белгілі бір құбылыстың теориясын құруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық білімнің әдіснамасы – педагогикалық теорияның негіздемесі, құрылымы, бастапқы қағидалары, білімді ашулар мен принциптері жайындағы білім жүйесі. Олар педагогикалық ақиқаттың, өзгерістерінің шынайы көрсеткіші.

Педагогикалық әдіснамаға төмендегілер енеді:

1. Педагогикалық білімнің құрылымы мен қызметі жайындағы ілім;

2. Бастапқы, іргелі жалпығылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар);

3. Педагогикалық зерттеудің әдістері жайындағы ілім.

Педагогика әдіснамасы оқыту, тәрбиелеу және даму заңдылықтарын тану мен қолданудың жалпы тұрғыларын анықтайды. Педагогика әдіснамасының *объектісі* - жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту құбылыстарын тану, ал *пәні* – жаңа адамды қалыптастыру үрдісінің заңдылықтары. Педагогикадағы әдіснамалық тұрғы оқыту-тәрбие әрекеті практикасын өзгертудің тиімді жолдарын іздеу және қалыптастыру үшін қажет. Педагогика әдіснамасының *қызметі* – оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың тиімді жаңа жолдарын жасау.

Педагогиканың әдіснамасына мына *қағидалар* енеді.

1. Педагогикалық білімнің құрылымы және қызметі жайындағы ілім.

2. Жалпығылымылық мәнге ие бастапқы, негізгі, фундаментальды педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар).

3. Педагогикалық зерттеудің логикасы және әдістері жайындағы ілім.

4. Алынған білімді практиканы жетілдіру мақсатында қолдану тәсілдері жайындағы ілім.

Жоғарғы оқу орындағы оқу пәнінде студенттерді ғылыми ізденіске баулу мақсатында ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістері беріледі.

Педагог бірде-бір күрделі сұраққа нақты әдіснамалық негізсіз шешім таппайтынын үнемі есінде сақтағаны дұрыс. Педагогтың кәсіби дайындығының ең жоғарғы деңгейі – оның әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуы. Оның негізгі белгілері мыналар:

- педагогика және философия ғылымдарының негізгі ұғымдарының мәнін түсінуі;

- білім берудің түрлі ұғымдарын нақты ойлаудан абстрактілі ойлауға көшу деңгейі ретінде ұғынуы;

- педагогикалық теорияны таным әрекетінің әдісіне өзгерте білуі және т.б.

Әдіснаманы меңгере отырып зерттеуші оның принциптерін саралай бастайды. Жеке ғылыми әдіснама деңгейінде білім беру мен әлеуметтік саясаттың бірлігінің принциптерін меңгеру маңызды болып табылады.

Педагогтың кәсіби дайындығының негізгі көрсеткіші – бұл әдіснамалық мәдениетінің болуы. Оның негізгі белгілері:

- педагогика ғылымындағы негізгі түсініктер мен философияның негізгі категорияларына қатысты мәселелерді түсіну;

- абстрактылыдан нақтылыққа өту деңгейлері ретіндегі білім берудің түсініктерін меңгеру.

- таным әрекетіне педагогикалық теорияның құрылу ұстанымы

- педагог ойының педагогикалық формалар мен олардың тұтастық құрушы сапаларының генезисіне бағытталуы.

- педагогиканың түсініктеме – терминологиялық жүйесінде білім беру тәжірибесін қайта құру қажеттілігі.

- педагогикалық білімнің өз тарихи дамуында бірлігін көрсетуге деген ұмтылыс.

- педагогикалық сананың шындығы мен жағдайдарына сыни қатынас.

- педагогикалық процестің басқа да қатысушыларының ой-пікірлері мен педагогикалық жеке танымдық әрекетінің жүрісі, алғышарты, қорытындыларына байланысты рефлексия.

- адамзаттың білімі саласында ғылымға қарсы көзқарастардың жалған екеніне дәлелдер.

- педагогиканың гуманистік, дүниетанымдық қасиетін түсіну.

Педагогикалық процестің ережелері мен принциптері, мақсаттары, заңдылықтарының өзара байланысын болашақ педагогтың түсінуі дегеніміз әдіснамалық мәдениетті меңгеруі деген сөз.

Болашақ педагогтың әдіснамалық мәдениетті меңгеруі педагогикалық процестердің құрылымы мен таным әдіснамасының

мәнін түсінуге сүйенеді. Әдіснамалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған диалектикалық тұрғыдан көзқарас төмендегі кезеңдерден тұрады: қарсылық көрсету жағдайларын саралауға бағытталу; шешімнің өнімсіздігін ашу; педагогикалық практика аймағындағы логиканы тасымалдау мүмкіндіктері мен берілген тапсырмаға орай жұмыс тәжірибесін қорытындылау.

Әдіснамалық мәдениет ғылыми-педагогикалық ойлауды қазіргі заманға сай етеді, жаңартады. Сондықтан баланың жоспарланған педагогикалық әсерге қатынасын алдын-ала көре алуға мүмкіндік беретін тірек бейнеге мұғалімнің ойлау қабілетін талдауды жүзеге асыру маңызды. Мұнда мұғалімнің эмпатиялық ұстанымдары адамды түсіну қабілетіне назар аударылады.

Педагогикалық бағытталған ойлаудың басты сипаттамаларының бірі – білім алушыларда психологиялық жаңа құрылымдардың қалыптасуын қамтамасыз ететін әрекетті модельдеу ұстанымы. Мұндай модельдеу мәнді өзгерістерді әрекеттің қарапайым логикасына сәйкес келтіруді және педагогикалық процестің оның талаптарына бағынуын қарастырады. Ойлаудың бұл өлшемін меңгеру – педагогтың ерекше педагогикалық логиканы меңгеруге ұмтылдыратын арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды өңдеуге жетелейді.

Кез-келген педагогикалық зерттеудегі мұндай әдіснамалық негізгі белгілері:

- ғылымның даму деңгейін, практиканың сұранысын, әлеуметтік өзектілік пен нақты мүмкіндіктерді есепке ала отырып зерттеудің мақсатын анықтау.
- зерттеліп отырған барлық процестер мен құбылыстарды сыртқы және ішкі тәуелділікте дамуы мен өздігінен дамуында алып қарау. Мұндай тұрғыдан қарастырғанда тәрбие - өздігінен дамиды құбылыс, ол қоғамның, мектептің, отбасыны, баланың психикалық жас ерекшелік қалыптасуымен байланысты; бала - дамымалы жүйе - өздігінен тануға және өздігінен дамуға қабілетті, сыртқы әсерлер мен ішкі қажеттіліктер және қабілеттеріне сәйкес өзін өзгертіп; педагог – үнемі өзін жетілдіруші маман, әрі қойған мақсаттарына сәйкес өз әрекеті мен өзіндік көзқарасы өзгеріп отырады және т.б.

- тәрбиелік және білімдік проблемаларды адам туралы барлық ғылымдар тұрғысынан: әлеуметтану, психология, антропология, физиология, генетика және т.б. қарастыру.

Педагогика – қазіргі барлық адамзат білімін және оңтайлы педагогикалық жүйені құру үшін адам туралы барлық ғылыми ақпаратты біріктіретін ғылымға айналып отыр.

Зерттеудегі жүйелік тұрғыдан бағдарлау құрылымдық элементтер мен құбылыстардың өзара байланысы, олардың өзара бағыттылығы, сатылық қызмет етуі, жүйе дамуының тұтастығы, даму динамикасы, мәні мен ерекшелігі, факторлары мен шарттары деген сөз.

Оқыту мен тәрбие процесіндегі ұжым мен тұлға дамуындағы қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу, ескі мен жаңаның, бала мен ересектің, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің, мақсат қою мен оны жүзеге асырудың, басқару мен өзін-өзі басқарудың т.б. күресі туралы философиялық ілімнің педагогикалық интеграциясы болып табылады.

- теория мен практиканың байланысы, идеялар мен оны жүзеге асыру, педагогтарды жаңа ғылыми тұжырымдамаларға, жаңа педагогикалық ойларға бағдарлай отырып, әрі ескірген, өзінің күшін жойған педагогикалық теріс көзқарастардан алшақтау.

Зерттеудің әдіснамасы жоғарыдағы көрсетілген белгілерге жауап беретін және зерттеу стратегиясын айқындайтын, зерттеуді жүргізуге мүмкіндік беретін *шарттар* жиынтығын анықтайды:

1. Педагогикадағы негізгі әдіснамалық басқа ғылымдармен пәндераралық байланысты пайдалану. Қазіргі кезде ең көп таралған қолданыста жүрген ұғымдарды білу олардың мағынасын түсіну үшін соңғы психологиялық және педагогикалық журналдарды қарап шығу пайдалы. Мысалы: соңғы кезде әдебеттерде кездесетін «креативтік» (шығармашыл), толеранттық т.б.
2. Педагогикадағы ғылыми зерттеу процесі мен құрылымын философия, әлеуметтану, психология және т.б. ақыры жетілдіру. Педагогикалық проблематиканың көзі үнемі педагогикалық практика аймағы арқылы кеңейіп отырады. Ғылым дамуының логикасынан көптеген зерттеулердің тақырыбы шығады. Бірақ көптеген тақырыптар мен проблемалар әлеуметтанудан, психологиядан, физиологиядан алынған. Мысалы: қабілеттілік, танымдық қызығушылық,

белсенділіктің көптеген түрлері, мектепті басқару теориясы және т.б. зерттеуде өзі шығармашылық ізденіс сипатын алады, мысалы педагогикалық зерттеудегі болжамның көптүрлілігі, болжамды әртүрлі зерттеулерде сыннан өткізу оларды тексерудегі бірнеше нұсқадағы эксперимент. Мектептегі жұмыстың мүмкін болатын нұсқаларын сыннан өткізу негізінде оқу-тәрбие үрдісін ыңғайлы ұйымдастыру және т.б. Зерттеудің нысанасы, мәні, мақсаты мен міндеттеріне қойылатын нормативтік талаптар анық берілуі керек. Қазіргі кезде нақты материалды математикалық өңдеу әдісі кеңінен қолданылады.

3. Педагогикалық ғылым мен практиканың өзара әсері қазіргі педагогикада ерекше мәнге ие болуда, өткені төмендегі келеңсіздіктер орын алуда:

- ғылым логикасы мен мұғалімдердің практикалық әрекетінің логикасы көбіне сәйкес келе бермейді, сондықтан педагогика теориясымен айналысушылар және практиктер арасында түсініспеушілік пайда болады.

Сонымен, ғылымның әдіснамасы және оның сәйкес қызмет ететін практикасы өзіндік салыстырмалы түрде өз бетіндік көзқарастар немесе принциптер арқылы анықталады.

Педагогикада олар – жүйелілік, біртұтастық, тұлғалық, әрекеттік, мәдениеттанымдық, этнопедагогикалық, антрапологиялық көзқарастар, әрі оның әдіснамалық принциптері болып саналады.

Жалпы-ғылымилық әдіснама қоршаған шындықтың құбылыстары мен процестерінің жалпыға ортақ өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсететін жүйелік тұрғыдан келу сипатында берілуі мүмкін. Ол зерттеушіні өмірдің құбылыстарына белгілі бір құрылымы мен өзіндік қызмет ету заңдары бар *жүйе* ретінде қарауға бағыттайды. *Жүйелік тұрғыдан келу* қазіргі кезде қызметтік, аналитикалық көзқарастардың орнын басты.

Жүйелік тұрғыдан қарастырудың мәні мынада, яғни салыстырмалы жеке компоненттер бөлек-бөлек емес, олардың өзара байланысында, дамуы мен қозғалысында қарастырылады.

Жүйелік тұрғыдан келу жүйені құраушы элементтерде болмайтын интегративті жүйелік қасиеттер мен сапаларды анықтауға мүмкіндік береді. Жүйелік тұрғыдан келудің пәндік, қызметтік және теориялық қырлары зерттеудің тарихилық, нақтылық, жан-жақты байланыстар мен дамуды есепке алу сияқты

принциптерін бірлікте жүзеге асыруды талап етеді. Жүйелік тұрғыдан келу зерттелетін процестерді жүйе ретінде қарастыра отырып құрылымдық және функциональдық модельдерді құруды ойластырады, олардың қызметі мен заңдылықтары, тиімді ұйымдастыру принциптері туралы білімдерді алуға мүмкіндік береді.

Жүйелік тұрғыдан келуде эвристикалық және практикалық түрлендіру мүмкіндіктері білім беруді зерттеуде педагогикалық процесті «педагогикалық жүйе», «тұтастық» және «өзара әсер» категорияларына жүгінуге тура келеді. Педагогикалық жүйе құрылымдық, қызметтік талдау деңгейінде өзара байланысты компоненттер жиынтығы ретінде: педагогикалық процесс субъектілері, білім мазмұны (жалпы, базалық және кәсіби мәдениет) және материалдық база (құрал-жабдық) қарастырылуы мүмкін. Олардың мақсатқа бағытталған органикалық өзара байланысты қозғалысы педагогикалық процесті динамикалық жүйе ретінде көрсете алады. Мақсат-педагогикалық жүйе пайда болуының жетекші факторы.

Жүйелік тұрғыдан келу педагогикалық, теория, эксперимент және практиканың бірлігі принципін жүзеге асыруды талап етеді. Бұл принциптің дұрыс берілуі мен дамуы практика мен ғылым арасында белгілі бір қайталанбалы байланыстың болатындығын түсінуге мүмкіндік жасайды. Педагогикалық практика ғылыми білімдер, теориядан шығатын ережелердің дұрыстығының көрсеткіші болып табылады және шінара экспериментте тексеріледі. Практика білім берудің жаңа іргелік мәселелерінің көзіне айналады. Теория өз кезегінде дұрыс практикалық шешімдерге негіз болады, бірақ ауқымды проблемалар, міндеттер, білімдік процесте пайда болатын іргелі зерттеулерді талап ететін жаңа мәселелерді тудырады.

Педагогикадағы тұтастық тұрғыдан көзқарас, қызметтікке қарама-қарсы пайда болды. *Тұтастық тұрғыдан* келу жүйелікті дамыту сияқты педагогикалық процесті ұйымдастыруда тұлғаның интегративтік (тұтастық) сипаттарына бағдар жасауды талап етеді. Осымен байланысты тұлғаны өзіндік құрылымы, қызметі және ішкі құрылымы бар күрделі психикалық жүйе ретінде түсіну қажет.

Тұлғаның интегративті, тұтастық қасиетін бөліп көрсету проблемасы психологияда өзінің бір жақты шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен зерттеушілер тұлғаның барлық қырлары өзара тығыз

байланысты, бір-бірімен өзара әсерлеседі, бірақ оның басым әсері бәрі бір де оның әлеуметтік жағы-дүниетанымы мен қажеттілігі, қызығуы, идеясы, ұмтылысы, тұлғалық моральдық және эстетикалық сапаларын көрсететін бағыттары болып табылады. Тұлғаның маңызды өлшемдік сапалық қасиеті болып оның бағыттылығы, яғни тұлғаның рухани өзегі ретінде саналады.

Сонымен, *тұтастық тұрғыдан келу* педагогикалық жүйеде және дамитын тұлғаны, алдымен интегративтік тұрақты жүйе құраушы байланыстары мен қатынастарын анықтауға бағдарлайды; жүйеде не берік (тұрақты), ал не өзгермелі, не басты, не қосалқы екендігін зерттеуге және қалыптастыруға бағдарлау. Ол тұлғаны жүйелік тұтастық ретінде дамытудағы жекеленген компоненттер-процестердің қосатын үлесін айқындауды қарастырады. Бұл жағдайда ол тұлғалық тұрғыда келумен өте тығыз байланысты.

Тұлғалық тұрғыдан келу педагогикада тұтастықтан шығады. Ол тұлғаның әлеуметтік әрекеті және шығармашылық мәні туралы көзқарасты бекітеді. Тұлғаны қоғамдық тарихи дамудың жемісі және мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде мойындауды көздейді.

Бірлескен әрекет пен қарым-қатынас процесінде, адамдар әлемі мен мәдениет жемістерімен ынтымақтастық процесінде өзіндік менін тапқан тұлғаның әлеуметтік-әрекеттік мәні туралы көзқарас қалыптасады. Ол тұлғаның қоғамда өмір сүруі барысында туындайтын адамгершілік таңдаудың әртүрлі проблемалық, дау-жанжалдық жағдайында әрекет пен іс-қимылды реттейтін тұлғалық мағынасы мен мағыналық негізіне көңіл аударады. (А.Н.Леонтьев).

Тұлғалық тұрғыдан келу тұлғалық мағыналардың қалыптасуына бағдарлауды жоққа шығармайды. Дегенмен, бұл жағдайда дүние адам алдында тұрған, оған жету үшін ол әрекет ететін, күресетін және өмір сүретін мотивтер түрінде көрініс табады. Адамның тұлғалық мағынасында дүниенің мәні ашылады, өмірлік өзін-өзі анықтаудың бағдары туындайды, олар тұлғаның бағыттылығын анықтайды және тұлғаның құрылымдық маңызды бөлігі ретінде барлық жағынан көңіл бөлінеді.

Тұлғалық тұрғыдан келу педагогикалық процесті құрылымдау мен жүзеге асыруда тұлғаға мақсат, субъект, нәтиже және оның тиімділігінің басты көрсеткіші ретінде көңіл аударады. Ол адамның бірегейлігін, оның интеллектуалдық және адамгершілік еркіндігін, сыйлауға құқығын мойындауды қатаң талап етеді. Ол тәрбиеде тұлғаның нышандарын өзіндік дамуы мен шығармашылық

потенциялының табиғи процесіне сүйенуді көздейді, оған сәйкес жағдай туғызуды айтады.

Әдіснаманың материалистік диалектикасы тұрғысындағы жоғары, философиялық деңгейінде *іс-әрекет тұлғаның* дамуының негізі, құралы және шешуші шарты екендігі айқындалған. Бұл - педагогикалық зерттеуде және практикада тұлғалықпен тығыз байланыста әрекеттік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың қажеттілігін көрсетеді.. Әрекет - қоршаған шындықты адамдардың өзгеріске келтіруі. Мұндай өзгертудің бастапқы формасы еңбек болып саналады. Адамның материалдық және рухани әрекетінің барлық түрі еңбектен өндіріледі. Оның басты ерекшелігі - қоршаған әлемді шығармашылықпен түрлендіруі. Табиғатты өзгерте отырып адам өзін де өзгертеді, ол өз дамуының субъектісі ретінде көрінеді.

Адамзат болмысының маңызды жағы- деп көрсетті, Б.Ф.Ломов, оның заттық әрекеті мен қарым-қатынасы (субъект-объектілік және субъекті-субъектілік қатынас). Заттық әрекет әр уақытта белгілі бір материалдық және рухани өнімді шығармашылықпен жасауға бағытталан.

Әрекеттік тұрғыдан келудің мәнін А.Н.Леонтьев өз еңбектерінде дәлелді түрде көрсеткен. «Адамзаттық мәдениет жетістіктерін иелену үшін –деп жазды ол-әрбір жаңа ұрпақ, осы жетістіктердің артындағы тұрған бара-бар әрекетті жүзеге асыруы керек. Сондықтан тәрбиеленушілерді өзбетіндік өмірге және әржақты әрекетке даярлау үшін, оларды мүмкіндігінше осы әрекеттерге тарту керек, яғни әлеуметтік және адамгершілік жағынан толыққанды өмірлік әрекеттерді ұйымдастыру қажет».

Кез-келген әрекеттің өзінің психологиялық құрылымы: мотиві, мақсаты, қиялылы, шарттары мен құралдары, нәтижесі болады. Егер, педагог әрекеттік тұрғыдан келуді жүзеге асырғысы келіп, оқушы әрекетін ұйымдастыруда қандай да бір құрылымдық сәттерді шет қалдырса, онда ол (оқушы) бұл жағдайда әрекет субъектісі бола алмайды, немесе оны жекелеген іс-қимыл кезінде ғана орындайды

Оқушы білім мазмұнын ішкі қажеттілік болғанда және оны меңгеруге деген белсенді-жағымды мотивация болған жағдайда ғана меңгереді.

Әрекетте тұлғаның қалыптасатындығын және өзін көрсетете алатындығын мойындаумен қатар, оның өз әрекетін қалыптастыру бойынша арнайы жұмысын талап етеді. Бұл өз кезегінде оқытудағы

әрекетті мақсатты бағыттау және жоспарлауды, оны ұйымдастыру, реттеу, бақылау, әрекет нәтижесін өзіндік талдау және бағалауды талап етеді.

Диалогтық тұрғыдан келу адамның мәні оның әрекетіне қарағанда бай, әр жақты және күрделірек екендігінен шығады. Ол оны жоққа шығармайды, және оған теңестіріле шығармайды, және оған теңестіріле алмайды. Осымен байланысты тұлғанының шағын қоршауына көңіл бөле отырып, білімдік процесс субъектілері арасындағы қарым-қатынасқа рухани дамудың маңызды көзі ретінде қарау керек. Міне, осы өзара әсерлесу кезінде тұлға өзінің азаматтық, гуманистік мазмұнына ие бола алады. Осымен байланысты тұлға белгілі мағынада өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасының жемісі және нәтижесі яғни, интерсубъектілік білім беру болып табылады.

М. М. Бахтин мен А. А. Ухтомский ғылымның екі түрлі саласында тәуелсіз еңбектене отырып, жеке тұлға диалогтық қарым-қатынастың көмегімен ғана қайталанбас құрылым бола алады деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, жеке тұлғаның белсенділігі, қажеттіліктерін жетілдіру жекеленген түрде емес, керісінше басқа адамдармен диалог арқылы қарым-қатынас орнату негізінде жүзеге асып отырады.

Тұлғалақ, іс-әрекеттік, диалогтық тұрғыдан келу – гуманистік педагогика әдіснамасының негізі болып саналады. Оларды қолдану өзіндік дамуға, өзіндік ашылуға, өзіне өзі әсер етуге және өзара дамуға мүмкіндік береді.

Мәдениеттанымдық тұрғыдан келу әрекеттің өзара байланысты үш қырын: аксиологиялық (құндылықты), технологиялық және тұлғалақ-шығармашылықты құрайды (И.Ф.Исаев 1993).

Аксиологиялық - педагогикалық процесті жеке тұлғаның құндылық бағдарларын зерттеу мен қалыптастыру бағытында ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Технологиялық - мәдени тұрғыдан келу мәдениетті адамзатқа тән әрекеттің құралы ретінде түсінумен байланысты. «Мәдениет», «іс-әрекет» ұғымдары өзара байланысты алынады. Мәдениетті жеке тұлғаның меңгеруі практикалық әрекет құралдарын меңгеру болып табылады.

Тұлғалық-шығармашылық жағы - индивид пен мәдениеттің объективтік байланысын көрсетеді. Индивид - мәдениет иесі.

Мәдениетті меңгеру арқылы адамда өзгерістер болады және ол шығармашылық тұлға ретінде қалыптаса бастайды.

Этнопедагогикалық тұрғыдан келу. Қазіргі кезде ұлттық мәдениеттер мен халықтық педагогиканың тәрбиелік мүмкіндіктерінің арасында және ғылыми негізделген ұсыныстардың болмауына байланысты қарам-қайшылықтар байқалады. Этнопедагогикалық тұрғыдан келу осыны жоюға бағыт алады. Жастардың ұлттық халық дәстүрін, этникалық салтына сүйене отырып әлемдік педагогикалық мәдениетке шығуы-этнопедагогикалық тұрғыдан қарастырудың педагогикалық процесте жүзеге асу шарты болып табылады.

Антропологиялық тұрғыдан қарастырудың алғаш негізін салып, өңдеген К.Д.Ушинский. Антропологиялық ыңғай тәрбиенің құралы ретіндегі адам жөніндегі ғылымдар мәліметін жүйелі қолдану және оларды педагогикалық процесті ұйымдастыруда жүзеге асыруды көздейді. Ушинский антропологиялық ғылымдар қатарына: психологияны, адам физиологиясы, анатомиясы, патологиясын, логиканы, философияны, географияны, статистиканы, саяси экономиканы, тарихты жатқызады.

Осы ғылымдарда тәрбие құралы – адамның қасиет-сапалары айқындалатын фактілер мен қатынастар топталып, салыстырылады.

Кез келген педагогикалық заңдылықтар, теория, болжам, ұсыныс, баға даму үстіндегі адам жөніндегі жүйелі білім негізінде ғана құрылады. (Б.М.Бим-Бад. 1994).

Жоғарыда бөлініп көрсетілген педагогиканың әдіснамалық ыңғай түрлері (принциптер) оның мәселелерін ашып көрсетуді, шешу жолдарын анықтауды, сатыларын құруды көздейді.

Құзыреттілік тұрғы бүгінгі күнде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, нәтижесін айқындауда жетекші парадигмаға айналып отыр. Көптеген жылдар бойы білім беру нәтижесі деп білім, іскерлік және дағдының жүйесі саналғаны белгілі. Бұл нәтиже оқу бағдарламаларында белгіленген білім іскерлік, дағдының сатылығын теориялық негіздеу және оны қалыптастырудың, бағалау мен бақылаудың сәйкес әдіснамасын қалыптастырды.

Алайда Қазақстанның әлеуметтік экономикалық дамуы, оның әлемдік қауымдастыққа кіруі, осы жағдайға жастардың бейімделуі ғалымдарды, мұғалімдерді «БІД» парадигмасын қайта қарауды міндеттейді. Бұл парадигманың орнына білім берудің мазмұны (және сәйкес оқыту технологиясы) мектеп түлегінің тұлғалық

дамуы әлеуметке тезірек бейімделуге мүмкіндік беретіндей (бизнес әлемінде орнын таба алатындай, бәсекеге қабілетті, Қазақстан Республикасының азаматы мен патриоты, жетекші адамгершілік этикалық және эстетикалық құндылықтары бар, салауатты өмір салтын ұстанатын т.б.), яғни жалпы орта білім беретін мектептің білім беру нәтижесі ықпалдастырылған тұлға ретінде анықтайтын жаңа парадигмасы қалыптасуда.

Мұндай нәтижесі бар парадигма туралы сөз қозғағанда ғалымдар мұндай мектептің түлегі ықпалдастырылған тұлғаның жетекші құрамдас бөліктерінен құзыретті болуы керек деген көзқарасқа көбірек тоқталуда. Осылайша жаңа мемлекеттік білім беру мазмұнын жасақтауда оның негізгі құзыреттіліктерінің нәтижесін сапалы құру қажеттігі туындап отыр. Ғылыми айналымға жаңа дефиниция енгізілгендіктен, оның мәніне терең бойлап, оған теориялық әдіснамалық негіздеме беру қажеттігі туындайды.

Оқыту үрдісінің теориялық әдіснамалық негізін, оның ішінде құзыреттілік тұрғыны айқындау жалпы орта білім берудің мазмұнын жобалау үшін қажеттілігі туындап отыр.

Осылайша білім саласындағы құзыреттілік тұрғы (басқа да қызмет саласындағыдай) мүлдем жаңа тұжырымдама болып саналмайды. Оның негізін білім мазмұнының теориялық әдіснамалық базасын құрайтын әлемдік педагогикалық білім қорынан қарастыруды қажет етеді. Сондықтан, білім беру мазмұнының жобалауда құзыреттілік теорияларының тарихи педагогикалық және қазіргі тұрғысы қарастырылады.

3. Оқу пәні ретіндегі педагогика дамуының негізгі кезеңдері

Педагогика ұзақ уақыт бойы философияның бір бөлігі ретінде дамытылып, екі негізгі философиялық тұжырымдамалар бағытында қалыптасқан. Бірінші тұжырымдамада Сократ пен Платонның идеялары жинақталған. Олардың айтуынша, адам дамуының негізгі факторлары – оның табиғи қабілеттері. Ал сыртқы жағдайлар адамның дамуына елеусіз әсер етеді. Екінші тұжырымдамада Гераклит, Демокрит, Эпикурдың идеялары біріктірілген: адамның дамып, тәрбиеленуін, ең алдымен, қоршаған орта және сыртқы жағдайлар белгілейді.

Тұжырымдамалардың нәтижесінде педагогикада осы күнге дейін педагогикалық теорияны жасауда әртүрлі пікірлер айтылуда. Материалистік тәрбие теориясының шешімі үшін ең маңызды идея

– бұл адамның жекетұлға болып дамуының көзі тіршілік иесінен сыртта, әрі оның қалыптасуы «әлеуметтік бағдарламаға» сәйкес, қоғамдық ықпалдың, соның ішінде тәрбиенің нәтижесінде іске асады. Сонымен қатар, бұл әдіснама, адам дамуының көзі, одан тыс екенін айта отырып, оның қоғамдық тұлға болып қалыптасуында өзінің ішкі белсенділігінің де маңызды орын алатындығын алға тартады, әрі зерттеушілерге өзіндік белсенділіктің көтерудің жолдарын табудың қажеттігін түсіндіреді.

Материалистік философия мен педагогика қоғамда әлеуметтік және рухани қатынастардың жетілуімен адамның өзі де жетіліп, әрі дамып отырады, оның өзіндік қасиеттері мен сапаларын ұнамды бағытта өзгертіп және жақсартып отыруы үшін зор табиғи мүмкіндіктерге ие екендігін жария етеді. Сонымен қатар, бүгінгі педагогика қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарына сүйене отырып, қоғамдық ілгерілеуге қызмет ету қажеттігін, адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы деп тануды өз міндеті деп санайды.

К.Д.Ушинский ғылыми педагогиканың қалыптасуының маңызды кезеңі – халық педагогикасы деп есептеген. Ол педагогикалық тәрбие жүйелерін халық өмірінің ерекшеліктерімен байланыстыра түсіндіреді.

Содан кейін педагогиканың дамуында екі үлкен кезеңді белгілейді: 1) ғылымға дейінгі кезең; 2) педагогикалық ғылым ретінде қалыптасу кезеңі.

Соңғы уақытта ғана неміс педагогы Франц Хофман педагогиканың дамуында үш кезеңді көрсетеді:

1. Ерте кезең. Оны автор тәрбие даналығы деп атайды. Бұл адамзаттың қарапайым педагогикалық ойлаудан тәжірибемен тексерілген ойлауға қарай көшу кезеңі. Осы кезеңдегі педагогикалық көздер: Ежелгі Египет папирустары, «Соломон притчаларының кітабы» және т.б.

2. Екінші кезең – «Пайдагогия». Бұл кезеңінің қалыптасуында Ежелгі Грецияның педагогикалық ойлары ерекше орын алады. Бұнда педагогикалық білім саяси, философиялық және психологиялық білімнің бір бөлігі болып табылады.

3. Педагогиканың дербес ғылыми теория ретінде қалыптасу кезеңі. Бұл кезең ұлы чех педагогы Я. А. Коменский есімімен тығыз байланысты. «Ұлы Дидактика» еңбегі. Я. А. Коменскийдің «Ұлы

Дидактика» еңбегі педагогиканы ғылым ретінде жүйелеген оқулық және әдістемелік құрал.

Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуы

Қазақстан қоғамында болған өзгерістерге байланысты педагогика ғылымы: социалистік, коммунистік, демократиялық, гуманистік сипатта дамып отырды.

Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы ұлы ойшылдар (Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов және т.б.). Бұл ойшылдардың еңбектері мен ойлары олардың беделі сияқты әртүрлі тарихи кезеңдерде қазақ халқын оқыту мен тәрбиелеуде қозғаушы күшке тең болды.

20-30ж.ж. қазақтың ағартушы педагогтарының ішінен А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б. айтуға болады. Олар отандық педагогика мен мектептегі оқытудың дамуына тарихи-мәдени мұра мен қазақ халқының салт-дәстүрлері тұрғысынан көп үлестерін қосты. Білім беруді қолдау негізінде олар мынадай оқу пәндерін қойған, олар: ана тілі және әдебиеті, тарих, география, Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлемі, Қазақтың дәстүрлі шаруашылық іс-әрекет түрлері негізіндегі еңбек тәрбиесі, бейнелеу өнері, ұлттық ойындар және т.б. Бірақ қазақ ағартушыларының демократиялық ойлары сол кездердегі мемлекеттік партия ұйымдарының саяси идеологиялық үкіміне қарсы тұра алмады.

Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары педагогика теориясы мен тарихы, жеке әдістеме мәселелері зерттеле бастады. Бұл жылдары А. С. Ситдыковтың «Ы. Алтынсаринның ағартушылық іс-әрекеттері мен педагогикалық ойлары» (1949) атты монографиясы, Р. Г. Лембергтің «Бастауыш мектептегі сабақ» (1948) атты ғылыми жұмысы жарық көрді.

50-60 жылдардың екінші жартысында педагогика теориясы мен тәжірибесінде жаңа құбылыстар пайда болды. Бұл жылдары Қазақстанда тарихи-педагогикалық зерттеулердің қарқынды өсуі байқалады. Көрнекті ғалым-профессорлардың Т. Т. Тажібаевтың «ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы ағартушылық пен педагогикалық ойлардың дамуы» (1958), «ХІХғ. екінші жартысындағы Қазақстан мектептері және ағартушылық»(1962), «ХІХғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар»; А.И.Сембаевтың «Қазақстандағы кеңес мектептерінің

тарихы туралы очерктері» (1958), «Қазақстандағы кеңестік мектептердің даму тарихы» (1962); К.Б.Бержановтың «Ағартушылықтың дамуындағы орыс-қазақ достастығы» (1965) еңбектерін айтуға болады. Бұл жылдары тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасы қаланды деуге болады.

70-80 жылдары тарихи-педагогикалық жұмыстардың басылымы көбейді. Осылай қазақстандық педагог Ы.Алтынсариннің 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді (1975-1978); К.Б.Жарықбаевтың «Қазақстандағы психологиялық ойлардың дамуы» (1968), «Революцияға дейінгі Қазақстан педагогикалық ойларының даму тарихынан» (1978), Г. М. Храпченковтың «Қазақстандағы халықтық білім берудің ғылыми-педагогикалық сұрақтары» (1976), «Қазақстан мектептерінде оқыту мазмұны мен әдістерінің мәселесі»(1983) және т.б. еңбектері де жарық көрді.

Педагогиканың арнайы мәселелеріне арналған К. Ж. Жаманбаевтың «Қазақстандағы жоғары мектеп» (1972), К. Қ. Құнантаеваның «Қазақстандағы әйелдерге білім берудің дамуы. Білім шыңына жету» (1978), К. Т. Жұмағұловтың «Ы. Алтынсарин және қазақ халық мәдениетінің дамуы» (1984), А. Көбесовтың «Әл-Фарабидің педагогикалық мұралары»(1989) және т.б. еңбектері басылып шықты.

80 жылдардың ортасынан бастау алған қазіргі заман педагогикалық білімінің дамуы «педагогикалық серіктестік» деп аталған жаңашыл педагогтардың инновациялық іс-әрекеттерімен сипатталады. Педагогикадағы бұл кезең оқытушы мен оқушылардың қарым-қатынасы саласындағы субъект-объект қатынасына субъект-субъект қатынасына ауысу, оқу-тәрбие үрдісін монологтық формадан диалогтыққа көшу т.б. белгілі. Бұл оқушының оқу іс-әрекетінің психологиясын, оқу үрдісінің механизмі мен технологиясын, «оқытушы-оқушы» жүйесінің тиімді құрылымдануына белсенді жағдай жасауды терең зерттеуді шамалады. Осы арқылы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары анықталды. Бұл жылдары дидактиканың әртүрлі бағыттарын зерттеу негізгі даму бағытына айналды.

Атақты ғалым, профессор Р. Г. Лемберг өзінің көптеген еңбектерінде шығармашылық оқыту әдістерін қолдану, оқу үрдісінің психологиялық аспектісі, оны белсендендірудің тәсілдері

мен жолдарын сипаттайды. Ол оқытудағы догматизм мен формализмге қарсы шығып, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік кедергілерден өту қажеттілігін және жаңа тиімді оқыту әдістемелерін іздеуге баса назар аударды. Жаңа педагогиканы шығармашылықпен іздеуде кейіннен өздерінің педагогикалық мектебін ашқан Р. Г. Лемберг мектебінің оқушылары белсенділікпен қатысты. Бұл профессор Г. А. Умановтың ғылыми мектебі еді, мұнда еңбекке оқыту мен тәрбиелеу, кәсіби-техникалық білім беру мәселелері зерттеледі; педагогикалық үрдіс мәселелері және педагог кадрларды дайындауды Хмель ғылыми мектебі зерттейді.

Педагогика ғылымының дамуына ҚР ҰҒА академик, профессор А. П. Сейтешев және оның мектебі маңызды үлес қосты. Оның еңбектерінде жалпы білім беретін, кәсіби-техникалық, жоғары мектеп дидактикасы, инженерлік-педагогикалық кадрларды дайындау, мектеп оқушыларын, КТУ студенттерін тәрбиелеу мәселелері үлкен теориялық-тәжірибелік мәнге ие. Бұл кезеңде елімізде педагогика ғылымының дамуы мен өркендеуіне атақты ғалым-педагогтар Х. К. Арғынов, К. Б. Жарықбаев, А. И. Сембаев, К. Б. Бержанов өз үлестерін қосты.

80 жылдардың ортасында біздің еліміздегі басталған қайта құру үрдісінің толқуы адамзат іс-әрекетінің барлық аймағын қамтыды, олар: саяси жүйені, мемлекеттік құрылымды, құлықтық құндылықты, құқықтық нормаларды, мәдени мұраны, халықаралық қатынастарды. Білім берудегі негізгі қайта құрылу-педагогикалық ойлардың өзгеруі, авторитарлық педагогиканы демократиялық педагогикаға қайта бағыттау еді.

Қазіргі заманғы педагогика білім беру туралы ғылым, адамдарды тұлғалық және кәсіби дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқыту және тәрбиелеу үрдісі.

Бүгін педагогика – бұл жеке ғылым, басқа ғылымдармен кең көлемде өзара байланысты біріктірілген және жіктелген үрдіс, олар: философия, психология, әлеуметтану, физиология, математика, саясаттану, экономика. Ол оқыту мен тәрбие саласындағы ғылыми құбылыстарды көрсетеді, құбылыстар арасындағы байланыстың себебін анықтайды және білім берудің ықпалын адамда болатын өзгерістердің неліктен екендігін түсіндіреді.

Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуынан бастап оның оқыту пәні ретіндегі формасы қалыптаса бастайды. Ғылым –

табиғат, қоғам және ойлау жайындағы шынайы білімнің жүйесі. Оқу пәні ғылымда нәтижелі болып келетін білімді кіріктіреді. Оқу пәнінің мазмұнын анықтауда ғалымдар, мектеп ұжымдары дидактикалық мәселелер бойынша пікірталас жүргізіледі. Соған байланысты ғылымда жаңа мәселелер пайда болып, оның дамуы жүзеге асады. Бұл шығармашылық жұмыс ғылымның дамуына, оқу пәнінің тұрақтануына ықпал етеді.

Педагогиканы оқу пәні ретінде оқыту бағдарламалар, оқулықтар, әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар көмегімен жүзеге асырылады.

Білім беру және тәрбиенің көлемінің кеңеюіне байланысты ғылыми білім түрлі принциптер бойынша жүйеленді.

Педагогиканың оқыту пәні ретінде дамуы.

1922-1925 жж. П. П. Блонский, А. П. Пинкевич, М. С. Григорьевский, В. Я. Струминский, М. Жұмабаев, А. Байтұрсыновтың кітаптары жарыққа шығады. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі сол кезеңде ана тілінде жазылып, ғылыми әлемді елең еткізген туынды болып табылады.

1927-1930 жж. өткізілген педагогикалық пікірталастар педагогиканың дамуына өз үлесін қосты.

1931 ж. ең алғаш педагогикадан бағдарлама жасалады. Бағдарлама, оқулықтардың авторлары негізінен орта және жоғары мектеп оқытушылары жасайды.

1933 ж. педагогикалық техникум және педагогикалық жоғарғы оқу орнына арналған бағдарлама енгізіледі. Бағдарлама мынадай негізгі бөлімдерден тұрады: 1) Совет педагогикасының мәні, маңызы және мақсаты; 2) халыққа білім беру жүйесі; 3) оқу жоспары және бағдарламалар; 4) политехникалық мектептегі оқыту әдістері; 5) мектептегі білім беру жұмысын ұйымдастыру формалары; 6) оқулықтар; 7) пән; 8) мектептен тыс жұмыс; 9) педагог; 10) мектептің ұйымдастырушылық педагогикалық мәселелері.

Осы кезеңде оқулықтың теориясы қалыптаса бастайды. 70-ші жылдың басында еліміздің педагогикалық жоғарғы оқу орындарында психологиялық-педагогикалық пәндер және педагогикалық практика жүйесінің жаңа түрі енгізіледі. Бұл педагогика курсы үш тарауға бөлінді: педагогикаға кіріспе, дидактика, тәрбие теориясы.

Ғалымдардың педагогикаға деген көзқарастарын үш түрлі тұжырымдамаларға бөліп қарастыруға болады:

Бірінші бағыттың өкілдері - педагогиканы адамзат білімінің пәнаралық пәні деп қарастырады. Бұл бағыт бойынша педагогиканы жеке ғылым саласы екенін жоққа шығарады.

Екінші бағыт өкілдері педагогиканы қолданбалы ғылым деп анықтап, ол басқа ғылым салаларынан жинақталған білімдерді білім беру мен тәрбие саласында туындаған қиыншылықтарды шешуге өзіне бейімдеп қолданады деп көрсетеді. Педагогикаға бұл тұжырымдама тұрғысынан қарау педагогикалық тәжірибенің қызмет етуі мен оны қайта қарауда біртұтас іргелі негіздерді қамтамасыз ете алмайды.

Үшінші бағыт тұжырымдамасының өкілі ғалым В.В.Краевскийдің көзқарасына сәйкес педагогика жеке ғылым саласы, оның жеке зерттеу объектісі мен пәні бар деп қарау дұрыс.

Педагогиканың қарастыратын негізгі мәселелері.

Педагогиканың негізгі қарастыратын мәселесі жеке адамның дамуы, оның арасында болған заңдылықты байланыстарды зерттеу және оның негізінде оқыту процесі мен тәрбиелік жұмыстардың теориялық және әдістемелік проблемаларын шешу, яғни арнайы ұйымдастырылған процесс сипатындағы тәрбиенің теориясы мен әдістерін айқындайды.

Педагогика – индивидтің өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибесін меңгеру процесін, яғни біртұтас педагогикалық процесті зерделейді. И.В.Сластениннің анықтауынша педагогиканың пәні арнайы әлеуметтік институттарда (отбасы, білім беру және мәдени-тәрбиелеу мекемелері) мақсатты түрде ұйымдастырылған шынайы біртұтас педагогикалық процестегі білім беру ісі болып табылады.

Педагогиканың нысаны – объективті шындықтағы педагогикалық іс-әрекет. Зерттеушілер педагогиканың нысанын индивидтің дамуына жағдай жасайтын объективті құбылыстағы шынайылық ретінде қарастырады.

Педагогика – адамды педагогикалық процесте өмір бойы дамытудың құралы және факторы ретінде қарастырыады. Оның мәнін, заңдылықтарын, ағымдарын, даму бағыттарын зерттейтін ғылым саласы болып табылады. Педагогика бұл тұрғыдан педагогикалық процесті ұйымдастырудың теориясы мен технологиясын, педагогтың іс-әректің жетілдіру формалары мен

әдістерін және оқушылардың әр түрлі іс-әректтері мен оларды ұйымдастыру тәсілдерін зерттейді.

4. Педагогиканы оқыту әдістемесінің пәні мен міндеттері

Педагогиканы оқыту әдістемесі педагогиканың оқу пәні ретінде қалыптасуынан басталады. Педагогиканы оқытудың бастапқы кезеңінен-ақ тәжірибе жинақталады, ол қорытындыланады және жүйеленеді. Соның негізінде жеке ережелер мен принциптер, әдістемелік нұсқаулар жасалады. Сонымен бірге зерттеулер жүргізіліп, оның деңгейі мен сипаты, әдістемелік негіздемесі және құралдары педагогиканың даму деңгейімен анықталады.

Педагогиканы оқыту әдістемесі – бұл теория мен практиканың жиынтығы ретінде педагогиканы оқыту процесін, оқытудың мазмұнын, формасы мен әдістерін педагог пен білім алушы әрекетінің бірлігі ретінде қарастырады. Педагогиканы оқыту әдістемесі оқыту заңдылықтары мен принциптерін, оның формалары мен әдістерін, болашақ педагогтың кәсіби деңгейін қалыптастыру мақсатын айқындайды. Әдістеме екі бөлімнен тұрады: жалпы және жеке. Жалпы бөлімде педагогиканы оқыту әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелері қарастырылады, ал екінші бөлімде педагогиканы оқыту әдістемесі беріледі.

Педагогиканы оқыту әдістемесі педагогикалық білімнің бір саласы болғандықтан педагогиканың жалпы және жеке әдіснамасын пайдаланады.

Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, студенттердің меңгеруіне жеңіл тиеді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттемелердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Жаңашыл оқытушылар дәріс, семинар, практикум, конференция, іскер ойын сияқты әдістерді дәстүрге енгізіп отыр.

Педагогиканы оқыту әдістемесінің дамуы екі кезеңнен тұрады:

1. *Түсіндірмелі кезеңде* әдістеме педагогиканы оқыту процесінің ерекшеліктерін анықтайды, педагогиканы оқыту процесінің принциптерін, мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыруын негіздейді.

2. *Дамушы кезеңде* педагогикалық зерттеулер жүргізіледі.

Педагогиканы оқыту әдістемесінің міндеттері.

1. Педагогикалық ғылымның даму бағыты – дамушы адамның шығармашылығын жетілдіру мен қалыптастырудың ғылыми негіздері мен нақты жолдарын жасау.

2. Шығармашылық тұлғаны қалыптастырушы – педагог. Оның кәсіби дайындығының негізі – педагогика. Сондықтан курстың мазмұнын белгілеу өте маңызды міндет.

3. Педагогиканы оқыту әдістемесі болашақ педагогқа білімді меңгеруге, олардың кәсіби бағытталуын белгілеуге, құлықтық, эстетикалық және дене тәрбиесінің деңгейін көтеруге жол ашу.

4. Педагогиканы оқыту әдістемесі мектепте және басқа да оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру дағдысымен болашақ педагогтарды қаруландыру үшін оларды оқыту әдістерін, формаларын таңдайды және жүйелейді.

5. Жинақталған тәжірибені жүйелеу, әдістемелік нұсқаулар дайындау.

6. Педагогтың шығармашылығын жетілдіру, ынталандыру.

Кез келген оқу пәнінің мазмұны білім берудің мақсатымен белгіленеді, оның нақты көрінісі болып табылады. Қоғам дами отырып, білім берудің жаңа міндеттерін белгілейді, олар барлық оқу пәндерінің мазмұнында көрініс табады. Педагогика қоғамдық ғылым болғандықтан ол қоғамның талаптарын айқындайды.

Педагогиканы оқыту әдістемесі пәнін оқытудың *мақсаты* студенттерді жалпыбілімдік, интеллектуалдық дамыту, кәсіби бағдарлау, тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Осы мақсаттар пәннің әдістемесінде жүзеге асырылу үшін оқыту принциптерінің әлеуетін пайдалану қажет. Бұл педагогика пәнінің мазмұнымен, педагогтың әрекеті- оқытумен, студенттің әрекеті – оқумен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар оқыту принциптері оқытушыны оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты оқытудың формасын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын таңдауға бағдарлайды. Осы жағдайда оқытудың әрбір принципі оқытушының әдістемелік ойлауына қатысты дидактикалық «бағдарлауышқа» айналады.

Жоғары мектеп дидактикасы туралы, соның ішінде жоғары мектепте оқытудың принциптерін білу оқытушының әдістемелік мәдениетінің негізі болып есептеледі. Оқыту әдістемесінде дидактикалық принциптерді жүзеге асыру бір жағынан ғылым болса, екінші жағынан өнер болып табылады. Педагог дидактикалық принциптердің табиғатын ой елегінен өткізген кезде,

оның ойлауы ғылымиға тән, ал оқыту процесінде қандайда бір принциптерді практикалық жүзеге асыру барысында өнер саласына тән қызмет атқарады. Теориялық алғышарттарды оқыту практикасына түрлендіру кәсіби өнер. Сондықтан дидактикалық принциптерді пәндік әдістемеді жетістікпен жүзеге асыру педагогтың жалпы педагогикалық мәдениеті ретінде анықталады.

ЖОО-ның педагогикалық процесіндегі педагогиканы оқыту әдістемесінің *қызметі* дегеніміз – педагогикалық процесі, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін белгілі бір дәрежеде құратын формаларды, әдістерді, құралдарды таңдау.

Білім берудің ізгілік негізі, оның тұлғаға бағдарлық тұрғысы жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-әдістемелік мәдениетінің рөлін өзектейді. Осымен байланысты тұлғаның әдістемелік мәдениеті жоғары білім беруді жетілдіруде, оны күннен күнге өсіп отырған қазіргі талаптарға сәйкестендіруде басты орын алуда. Студенттің әдістемелік мәдениетін педагогикалық пәндерді оқыту барысында қалыптастыруға қол жеткізу қазіргі жағдайдағы мамандандыруға, маманның өзінің бүкіл еңбек жолында кәсіби әрекетінің инновациялығын қамтамасыз ететін оның әлеуметтік қажетті сапаларының бүкіл кешенін қалыптастыруға оңтайлы база бола алады.

Әдістемелік мәдениет педагогтың кәсіби мәдениетінің бөлінбес бөлігі. Бұл ереже оқытудың классикалық үлгілері мен қазіргі әдістемелеріне негізделген педагогикалық іс-әрекеттің табиғаты, оның мәнімен ғана емес, педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылыққа да тәуелді.

Мұның барлығы оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан, оқу үрдісін ұйымдастыру білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол бірнеше себептермен түсіндіріледі.

Білім беру парадигмасының ауысуы (білімге орталықтандырудан ізгілікке), оқытудың бүкіл жүйесін: оның мақсатын, мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру формалары мен құралдарын қайта қарауды талап етуде. Осымен байланысты білім берудің жаңа тұжырымдамалық қағидаларын айқындайтын педагогикалық пәндерді оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл қойылған дидактикалық мақсаттарға жету үшін оқытушы мен студенттің әрекетін мақсатты бағыттып, бірізді сипаттау болып табылады.

Педагогиканы оқыту әдістемесі оқыту жүйесіндегі әдістердің, технологиялардың, ұйымдастыру формалары мен құралдарының өзара байланысын, яғни білім алушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыруды көрсетеді.

Студенттер педагогикалық үрдісте саналы түрде педагогпен бірлескен, мақсатты бағытталған қызметке ұмтылады. Бұл студенттің сыни тұрғыдан талдау мен ойлау дағдыларының дамуын қамтамасыз ететін, нағыз шығармашылық ынтымақтастыққа алып келуі тиіс. Осындай қызмет үрдісінде оқытушылар мен студенттер қарым-қатынасқа қанағаттана отырып, студенттерге бағытталатын және хабарланатын ақпаратты олар қойылған мақсаттарға толықтай сай келгенде белсенді субъектілер ретінде көрінеді.

Жоғары мектептің оқу үрдісіндегі диалогтің қолданылуы тиімді. Өйткені олар:

- ашық эмоционалды және тұлғалы;
- кері байланыстың болуы.
- өзі, өзінің кемшілік және күшті жақтары туралы ақпаратты алу;
- сезімнің шынайылығы;
- өзара әрекеттерді жоспарлау және шешу;
- іс-әрекет нәтижелеріне бірлесіп талдау жүргізу;

Оқытушы мен студенттер арасындағы диалогтік ынтымақтастықты жүзеге асыру, мынадай жағдайлар жасауға байланысты:

1. Ішкі диалогтың пайда болуына ынталандыру.
2. Проблемалық жағдайларды шешу.
3. Анықталмаған сипаттағы тапсырмаларды шешу.
4. Ерік, өзін-өзі ұстау, ұстамдылықты белсендендіру.
5. Өз әрекеттерін дұрыс бағалау.

Диалогтік ынтымақтастық барысында студент тұлғасын өзіндік дамыту және өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандыратын психологиялық-педагогикалық жағдайлар тудыруы керек:

- тұлға дамуын кері тартатын әлеуметтік-психологиялық факторларды жеңу (ұялшақтық, өзіне сенімсіздік);

- студенттің жеке типологиялық ерекшеліктерін анықтау және есепке алу үшін мүмкіндік жасау;

- тұлға сапаларын қалыптастыру және дамытуды әлеуметтік-психологиялық түзеу іске асырылады: сөйлеу, ойлау әрекеті, зейін, бақылағыштық.

Диалогтік қарым-қатынас көмегімен студенттердің ойлау және коммуникативті ерекшеліктерін және дайындық деңгейін анықтауға болады.

Жағымды эмоционалдық фон жасалады (талқылаудағы толық еркіндік, жайлы қарым-қатынас). Интеллектілік сезімдер белсендендіріледі: білуге құштарлық, жаңаны ашу сезімі, қойылған мақсатқа жетуден ләззат алу. Аудиторияда ерекше психологиялық ахуал қалыптасады.

Қарым-қатынас, ынтымақтастық, диалог секілді психологиялық мәселелер педагогті кәсіби дайындауда теориялық және практикалық жұмыстың логикалық орталығына айналады. Бұл болашақ маманның іс-әрекетінде коммуникативті құзіреттіліктің өзекті компоненті болуына байланысты. Педагогикалық сараманды зерттеу және жалпылау анықтады: педагогтің кәсіби маңызды сапаларының жалпы жүйесінде коммуникативті сапалар мен біліктіліктер әлдеқайда маңызды. Болашақ және кәсіби қызметтерін жаңа бастап жатқан педагогтардың жұмысында қиындықтардың ішінен қарым-қатынас, коммуникативтік қиындықтар алдыңғы қатарлы болып табылады: әсіресе педагогты кәсіби дайындауда, педагогикалық қарым-қатынас стилімен, тұлға аралық өзара әрекет біліктілігімен, ынтымақтастықпен педагогикалық үрдіс барысында өзара түсінісіністікке байланысты мәселелер маңызды.

Қоғамның сұранысының өзгеруіне сәйкес білім берудің мақсаты да өзгеріп отырады. Білім берудің қандай да бір тұжырымдамалары шеңберінде оқытудың әртүрлі стилі қолданылады. Педагогқа оқытудың қалыпты стилін өзгерту оңайға түспейді. Бұл әр уақытта студентпен қарым-қатынас тәсілдері туралы көзқарасты өзгерту деген сөз.

Педагогиканы оқыту әдістемесі негізгі тұжырымдамалық идеяларды жүзеге асыруға және білім беру саласындағы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Педагог өзінің кәсіби қызметінде оны пайдаланады. Әрбір педагогтың көп жылғы практикасында оқытудың өзіндік тәжірибесі жинақталып және студенттермен қарым-қатынасының өзіндік стилі қалыптасады.

Қазіргі жоғары мектептегі дараландыру үдерісіне байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымында студенттердің өз бетімен жұмысының үлесі артуда.

Қарастырылып жатқан құбылыстың жоғары білім берудің ғылыми әдістемелік қамтылуының даму тенденциясын болжау үшін бірнеше салдары орын алады:

Біріншіден, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру үшін «нәтижеге бағдарланған білім беру» моделі өзекті болады, себебі студенттердің тиімді аудиториядан тыс іс әрекетін педагогикалық қамту үшін оқытудың мақсаттары бірмәнді және диагностикалық болу қажет.

Екіншіден, сан түрлі білім беру нәтижелерін бара-бар бағалау мәселесі алдыңғы орынға шығады. Егер студенттік аудиториядағы жұмыс барысында оқытушы оқу бағдарламасының «іс-шаралық» сипатын меңгеру барысы туралы кейбір ақпаратты игерсе, онда оның өз бетімен жұмысын бағалау оңай болмайды.

Үшіншіден, оқу материалының мазмұның дараландырумен байланысты мәселелер ерекше өзектілікке ие болады, себебі әрбір студентте түрлі даярлық деңгейі болады, оқу іс әрекетінің стилі, меңгеру темпі және басқа да тұлғалық параметрлер түрліше болып келеді.

Бірінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ғылым дегеніміз не? Ғылым ұғымы мен ғылыми зерттеу ұғымы арасында қандай байланыс бар?

2. Ғылымтану дегеніміз не?

3. Ғылым логикасы дегеніміз не?

4. Педагогика ғылым ретінде, оның пәні;

5. Педагогика ғылымдарының жүйесі, олардың бірлігі және өзара байланысы;

6. Педагогиканың басқа адамтану ғылымдармен өзара байланысының мәні мен маңызы, қоғам, табиғат туралы ғылымдардың негіздерімен байланысы;

7. Оқу пәні ретінде педагогика дамуының негізгі кезеңдерін атаңыз?

8. Педагогиканың дербес ғылым теориясы ретінде қалыптасуы кімнің есімімен байланысты?

9. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру әдістері мен формаларын жетілдірудің әдіснамалық негіздері.

10. Дидактика және жеке пәндер әдістемесі бойынша зерттеулерді жетілдірудің әдіснамалық шарттары;

11. Тұтас үрдіс ретіндегі тәрбие аясындағы зерттеулердің әдіснамалық шарттары (дамудың жас кезеңдері және оның ерекшеліктері);

12. Педагогикалық білім беру үрдісін құру және жетілдірудің жүйелерін ғылыми негіздеу және зерттеудің әдіснамалық шарттары;

13. Білім беру жүйесінің дамуын болжау әдіснамасы;

14. Педагогиканы оқыту әдістемесінің міндеттері қандай?

15. Педагогиканы оқыту әдістемесінің дамуы қандай кезеңдерден тұрады?

Бірінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Философия образования для XX века. – М., Фил 1992.
2. Введение в философию образования. Гусинский Э.Н., Турчанинова Ю.И. – М.: Логос, 2001. - 224 с.
3. Мұханбетжанова Ә.М., Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру. Монография. - Алматы, 2000. – 248б.
4. Шварцман К.А. Философия и воспитание. – М., 1989.
5. Ставская Н.Р. Философские вопросы современной науки. – М.: Высшая школа, 1974, - 92с.
6. Котова И. Б., Шиянов Е.Н. Философские основания современной педагогики. Ростов н/Д, 1994.
7. Кун Т. Структура научных революций. – М.: Прогресс, 1975, - 300с.
8. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. – М.: 1988.
9. Философия и методология науки. Для аспирантов и магистрантов // Под ред. К.Х.Рахматуллина и др. – Алматы, Қазак университеті, 1999, - 403с.
10. Гершунский Б.С. Философия образования (статус, проблемы, перспективы), М. 1992.
11. Мұханбетжанова Ә. Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Атырау, 2002, - 165бет.
12. Попер К. Логика и рост научного знания. – М.: Прогресс, 1983, - 605с.
13. Лакотос И. История науки и ее рациональные реконструкции. // Структура и развитие науки. М.: Прогресс, 1978, - 487с.

14. Богуславский М.В., Корнетов Г.Б. О педагогических парадигмах // Магистр. 1992. № 5.
15. Педагогика / Дәріс курсы. Абай ат. ҰПУ.- Алматы: «Нұрлы әлем», 2003
16. Бабанский Ю. Педагогика. М., 1988.
17. Ильина Т. Педагогика. М., 1984.
18. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. А., 1998.
19. Джурицкий А.Н. История образования и педагогической мысли. М., Издательство ВЛАДОС-ПРЕСС.
20. История педагогики и образования./Под ред. Пискунова. М., Творческий центр. 2001.
21. Соловейчик С.М. Педагогика для всех. М., 1987.
22. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей. Автореферат диссертации доктора пед. наук. Алматы, 1996, - 48с.
23. Савин И.В. Методика преподавания педагогики. М., Просвещение, 1987.
24. Стефановская Т.А. Система и методика преподавания педагогических дисциплин в вузе. Иркутск, 1992.

II. ПЕДАГОГИКА КУРСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

1. Педагогика ғылымының дамуының оқу пәнінің мазмұнында бейнеленуі

Педагогика ғылым ретінде оқу пәнінің мазмұнында өз көрінісін тауып отырады. Ғылым адам іс-әрекеті аймағының қоғамдық өндірістік күші және маңызды әлеуметтік институты ретінде объективті білімдерді жасау және теориялық жүйелеумен айналысады. Ғылым ұғымы жаңа білімді алу іс-әрекеті және осы іс-әрекеттің нәтижесі, яғни алынған білім көлемі ретінде айқындалады. Кез келген ғылым нақты шынайы болмыс негізінде қалыптасады «оның бейнесі болып табылады», ол туралы білімдерді жүйелейді.

Ғылыми теориялық білімдер практикадан бөлек өзінен өзі дами алмайды, сондықтан ғылым мен практика бір-бірімен тығыз байланысты. Практика кез келген ғылымның көзі болып табылады. Екінші жағынан, практикалық іс-әрекеттің тиімділігі ғылымның жетістіктеріне негізделсе ғана арта түседі. Теориялық білім шынайы болмысты бағыттауға, жетілдіруге және қайта құруға мүмкіндік береді. Бұл ғылым мен практика міндетті түрде бір-бірін толықтыра және дамыта жүру керек.

Педагогика ғылымы туралы сөз болғанда, екі өзара байланысты жақтарды – бұл саладағы теориялық білімдер мен соған сәйкес педагогикалық іс-әрекетті, яғни педагогтың білім алушылармен тікелей қызметін нақты ажыратып көрсету қажет болады.

Педагогиканы ғылым ретінде және педагогикалық іс-әрекеттің аймағы ретінде бір-бірінен айыра білу керек.

Педагогиканы ғылым ретінде анықтау үшін ең алдымен оның нені зерделейтіндігін анықтап алу керек. Бұл сұраққа жауапты оның объектісі мен пәні береді. Көптеген жылдар бойы зерттеушілер педагогиканың оқыту объектісі-бала деп санады. Бірақ бұл жаңсақ пікір. Педагогика өзінің объектісі ретінде индивидті оның психикасын емес, (бұл психологияның объектісі) оның дамуымен байланысты педагогикалық құбылыстарды қарастырады. Бірақ бала, яғни адам назардан тыс қалмайды. Керісінше, педагогика адам туралы ғылым ретінде жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуындағы мақсатқа бағытталған іс-әрекеті зерттейді.

Сонымен, педагогиканың зерттеу объектісі болып педагогикалық құбылыс саналады. Бұл құбылыс қоршаған ортада мақсатқа бағытталған іс-әрекет үрдісінің адамзат даралығының дамуымен шартталған объективті іс-әрекет *білім беру* деген атқа ие болды. *Білім беру – бұл педагогиканың объектісі болып табылады.*

Педагогика негізінде адамның күнделікті даму үрдісін зерттеу, кез келген педагогикалық жүйе шарттарында жүзеге асады. Арнайы оқу-тәрбие мекемелері қалыптасып, адамның білім алуы ерекше қоғамдық қызметке айналғанда, педагогикалық үрдісті арнайы ұйымдастыру мен мақсатты зерттеуді қажет етті.

Сипаттау, талдау, жобалау, және болжау педагогикалық үрдісті іске асыру арқылы, тиімді педагогикалық жүйені іздеумен жаңа ғылыми-педагогикалық білімді алуға болады.

Сондықтан педагогиканың пәні арнайы институттарда (отбасы, білім беретін және мәдени-тәрбиелік мекемелер) адамның барлық өмір кезеңдерінің оқу-тәрбиелік бірлігі арқылы мақсатты ұйымдастырылған педагогикалық үрдісі болып табылады.

Ғылыми білімнің қай саласы болмасын негізі *ұғымдық аппаратынан* басталады. *Ұғым* – бұл таным процесіндегі шындық өмірдің бейнесі. Ғылымда ұғым ақиқат іс-әрекетті ұғыну мен эмпирикалық тәжірибенің нәтижесі, ғылымның негізгі бөлімі ретінде қалыптасады.

Кез келген ғылымның дамуы барысында ұғым бірігіп, іріленіп және ғылым категориясына қайта жасақталып, олар өз ретінде жалпы іргелі «тектік» ұғымын бейнелейді. Сол ғылымда зерделенетін басқа да ұғымдар пайда болады.

Қазіргі педагогикалық ғылым адамзат дамуының байланыс кезеңдерін бейнелейді. Бұл дамудың нәтижесі қоғамдық-тарихи тәжірибе болып және жасұрпақты тәрбиелеу мен оқыту процесінде жинақталып педагогикалық ұғым формасында болады. Сонымен қатар, педагогика - бұл нақты мәдениет екенін естен шығармау керек. Бұл мәдениетке ену, яғни болып жатқанды түсіну және тиімді қатысу тек ұғымдар жүйесін меңгерген кезде ғана мүмкін. Сонымен қатар, әр ғылымның ұғымдық жүйесі басқа ғылымның ұғымдарымен байланысты. Педагогиканың ұғымдық жүйесі философиямен, психологиямен, әлеуметтанумен басқа да ғылымдармен тығыз байланысты.

Педагогиканың нақты зерттеу пәніне бағыттала дамыған негізгі категорияларға негізделген өзінің ұғымдық аппараты бар.

Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуында үш негізгі іргелі категория анықталады: *білім беру, оқыту, тәрбие*.

Білім беру - оқыту мен тәрбиелеу процесінің нәтижесі. Білім беру, ең алдымен,- әлеуметтік құбылыс - мемлекеттің, қоғамның, тұлға қызығушылығының мақсатты тәрбиелеу және оқыту процесі.

Білім беру дегенде біз танымдық білім мен тәжірибенің адамзат жинақтаған тәжірибесі негізінде оқыту мен тәрбиенің ғылыми жүйесін және мәдени құндылықтарды, шығармашылық қабілеттерді, қағамдық өмірге, еңбекке дайындығын белгілейміз. Білім беру ұғымына барлық әлеуметтік тәжірибенің элементі енеді.

Оқыту - сабақ беру мен оқудың екі жақты процессі. *Сабақ беру* – бұл танымдық процестердің қасиетін, біліктілігін, білімін беру. *Оқу* - бұл оқушының өз іс-әрекеті арқылы тәжірибені қабылдауы, меңгеруі, қолдануы. Осыдан, *оқыту* - бұл оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынасы арқылы білім, білік және тәжірибені меңгеруі. *Оқыту* – сабақ беру мен оқудың біріктірілген тұтас органикалық категориясы. Оқыту нәтижесінде адам жүйелі ғылыми білімді, фактіні, заңды меңгеріп, өз көзқарасы, ақыл-ойы шығармашылық қабілеті қалыптасады.

Тәрбие жалпы категория ретінде тарихи және мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа беру процесі болып табылады. Тәрбие – бұл қоғам талабына сай адам дамуын оның көзқарасын, органикалық, ақыл-ой және құлықтық қасиетін тұлға ретінде қалыптастыру. Тәрбие – тарихи түсінік. Тәрбиеші алдына тұлғаны табысты қалыптастыру міндетін қойған кезде мемлекет жүйелі және бірізді тәрбиелеу жүйесін жетілдіріп отырады. Бұл қоғам дамуының және өмір сүруінің негізгі құралы. Тәрбиеде даму заңдылықтары, тәрбиенің басқа ғылымдармен әлеуметтік-экономикалықпен, саясатпен және мәдениетпен байланыстары көрсетілген.

Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде қоғам өмірінің ажырамас бөлігі ретінде бүкіл қоғамдық күштерді: жанұя, тәрбие және оқыту мекемелері, бұқаралық ақпараттарды біріктіреді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы ретінде нақты мақсатты және міндетті шешуге арналған идеал мен құндылықтарды анықтайды. Тәрбиенің негізгі өлшеміне тұлғаның қасиеті мен сапасының сәйкестігі жатады.

Қазақстандағы қазіргі демократиялық қоғам талабына сәйкес тұлға дамуының түрлі қоғамдық қарым-қатынастарын жүзеге

асыруға нақты база қалыптастырылған. Сонымен, «білім беру - оқыту- тәрбиелеу» диалектикалық жүйесі тұлғаның қабілеті мен күшінің дамуына бағытталған. Тәрбиелеу, оқыту және білім берудің бірігуінің бастауы педагогикалық процесс болып табылады.

Педагогикалық процесс – бұл арнайы ұйымдастырылған, білім алу, білік пен тәжірибені меңгерумен және тұлғаның психологиялық, денелік дамуымен мақсатты бағытталған педагогтар мен білім алушылардың өзара іс-әрекеті. Оның негізінде педагогикалық іс-әрекет бірлігі ретінде және белсенді қабылдау мен меңгеру білім алушылардың өз белсенділігінің нәтижесінде мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасының өзгерісі жатыр. «Педагогикалық процестің» синонимі ретінде көбіне «оқу-тәрбие процесі», «білім беру процесі» қолданылады.

Педагогика ғылымы барлық ғылымдармен байланысты: философиямен, анатомиямен, физиологиямен, психологиямен, биологиямен, кибернетикамен тығыз байланысты. Сондықтан, педагогикада пәнаралық түсініктері – *тұлға, іс-әрекет, даму, қалыптастыру, қарым-қатынас* жиі қолданылады.

Тұлға – әлеуметтік адам, қарым-қатынас өнімі. Адам өмірге тұлға болып келмейді, өмір барысында тұлға болып қалыптасады. *Тұлға* – бұл нақты жеке және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар және өз көзқарасы мен қоршаған ортаға қарым-қатынасы қалыптасқан адам.

Іс-әрекет- адам қажеттілігімен қызығушылығын қанағаттандыру мен тәжірибе жүзінде іске асыруға бағытталған іс-әрекет жиынтығы.

Даму - адамның денелік және рухани күшінің жүйелі сандық және сапалық өзгерісінің объективті процесі.

Қалыптастыру - адамның қоршаған ортадағы өз орынын, қызметін, міндетін біліп қызметтік жетілдіру процесі.

Тұлғаны қалыптастыру процесі түрлі табиғи және қоғамдық, ішкі және сыртқы, ағымды және ережеге сәйкесті факторлар әсерінен жүзеге асады.

Қарым-қатынас – қатысымға түсетін адамның мінез-құлқы, эмоционалды-ерікті, танымдық және мотивациялық аймағындағы өзгерістерге қол жеткізу мақсатын басшылыққа алатын және ықпал етудің әртүрлі шарттарының көмегімен жүзеге асатын іс-әрекет процесінде адамның өзара әсерлесуі.

Педагогика өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру процесін зерттейді.

Өздігінен білім алу – адам білімін, дағдысын, біліктілігін тереңдету мақсатындағы іс-әрекеті.

Өзін-өзі тәрбиелеу- қоғам талабына сәйкесті адам бойында жағымды сапаларды қалыптастыру және теріс сапалардың алдыналуға мақсатты түрде бағытталған іс-әрекет.

Педагогика нақты адаммен, дара тұлғамен, топпен, ұжыммен, оны қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, тікелей байланысатын бірден-бір ғылым. Педагогикалық іс-әрекетті жемісті жүзеге асыру үшін, педагогикалық ғылым мен практика сөз жоқ бөтен ғылыми білімдерден барлық қажеттілігі мен құндылығын тандап алуы керек. Тағы да К.Д.Ушинскийге жүгінсек: «Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол бәрінен бұрын оны барлық жағынан білуі керек». Бұл білімдер педагогиканың әдіснамасын жасау, кешенді педагогикалық зерттеулер жүргізу үшін әртүрлі оқу-тәрбие жүйелері қызмет етуінің мақсатты білім мазмұны, формасы, әдістері мен құралдары мәселелерін шешу, оқу әрекетінде олардың өзара әсері мен сабақтастығын жүзеге асыру үшін қажет.

Әрдеңгейлі білім беру жүйелері, олардың қызметіндегі сабақтастық – бұл үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесінің белгісі. Мұндай жүйені жасауға деген қажеттілік бүгінгі күні ерекше көкейтесті және қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуынан туындап отыр. Рухани, әлеуметтік, мәдени аймақта даму тенденциясы адамның жеке білімдік қажеттілігінің динамикасына байланысты пайда болуда.

Қазіргі кезде жоғары білімнің даму тенденциялары

Әлем елдеріндегі білім берудің даму мәселелеріне арналған көптеген зерттеулердің нәтижелері әлемдегі жоғары білім берудің даму заңдылықтарын бөлуге мүмкіндік береді.

Бірінші заңдылығы – жоғары білімнің жалпылығының күшеюі. Жиырмамыншы ғасырдың соңғы қырық жылында бүкіл әлемде студенттердің санының едәуір өсуі байқалды:

Екінші заңдылығы – жоғары білім берудің жаһандануы. «Жоғары білім берудің жаһандануы» термині қазіргі педагогиканың жаһандану мәселелерімен байланысты ұғымдық-терминологиялық аппаратында пайда болды, ол ХХ ғасырдың үшінші жартысында әлемдік әлеуметтік мәдени мәселесінде

алғашқы орынға шығып, адамзат құндылықтарының шкалаларын қайта құруға бастау болды.

Жаһандану тенденциясы ғылымға да өзгеріс енгізбей қоймады. Зерттеушеліктің белгілеуінше, дифференциалды білімдердің күрделі өзара әрекеттесетін ғылыми жүйеге бірігуін белгілейді, ал болашақта жеке ғылымдардың синтезі В.И.Вернадскийдің «бірегей ғаламдық ғылым» туралы ойы жүзеге асады.

Жаһандану шынайы құбылыс ретінде білім беруде көрініс таппай қоймады, Кәсіби білім беруде көбіне оның жаратылыстану ғылыми және арнайы кәсіби білім аксиологиясы, кәсіби білім экологизациясы, маманның биосфералық жауапкершілігі және т.б. көріністерін белгілейді. Білім берудегі жаһандану тенденциясын қарастырғанда мультимәдениетті білім беру тұтырымдамасы өзекті орын алады, оның аясында білім берудің мазмұнының интеграциясы жүзеге асырылады, Білім берудің барлық ұлттық жүйелері өзінің ішкі міндеттерін шеше отырып, жалпы мәдени кеңістікті мультимәдениет, өзара байытылған кеңістік ретінде құрайды.

Зерттеушілер белгілегендей, қазіргі таңда көпдеңгейлі ағылшын саксон білім беру жүйесінің әлемдік экспансиясы және жаһандық білім беру мегажүйелері байқалады. Бірқатар зерттеушілер бұл тенденцияны жоғары білімнің «вестернизациясы» деп атайды.

Үшінші заңдылық – білім берудің ашықтығы мен вариативтілігінің күшеюі. Қазметтердің барлық салаларындағы жүріп жатқан жаһандану үрдістері, телекоммуникацияның мықты құралдарының дамуы жоғары білім берудің әр түрлі форматтағы ресурстарға: қашықтан оқыту, экстернат, кешкі білім беру және т.б. қол жеткізуге жағдай жасады.

Төртінші заңдылық – жоғары білім берудің диверсификациясы. Жоғары мектептің дамуы қазіргі даму кезеңі үшін білім берудің модельдерінің көптүрлілігінің артуы тән. Бұл әлемдегі жоғары білім беру жүйесі қызметінің түрлі аспектілеріне қатысты. Бұл жоғары мектептің мекемелерінің түрлерінің алуан түрлілігі (нормативтік-құқықтық мәртебе, меншік формалары және т.б.) және студенттердің «білім беру маршруттарының» диверсификациясы (күндізгі, сырттай, кешкі, қашықтан; экстернат, «виртуалды колледждер»; элективті курстар және т.б.).

Қарастырып отырған заңдылықтың жеке көрінісі ретінде білім беру үрдісінің жекеленуін жатқызуға болады, оның деңгейі студенттің оқу үрдісінің ұйымдастыру формасын, оқу курсы, оқытушыны, оқу уақыты мен орнын, оқыту технологияларын, оқу материалдарын және т.б. таңдаудағы «еркіндік деңгейінің» санымен анықталады.

Білім беру мазмұны саласында бұл заңдылық мазмұн плюрализациясы ретінде көрініс табады: әр түрлі көзқарастар жағдайында түрлі реакциялардың көрінуі және салыстырылуы, консенсусты іздеу және оның негізінде сыни тұрғыдан ойлауды және т.б. дамыту.

Бесінші заңдылық – жоғары білімнің коммерциализациясы. Бұл тенденцияның тағы бір атауы – жоғары білім берудің сервизациясы. Коммерциялық емес ұйымдардың қаржылық қорлары қызмет көрсетудің түріне және сипатына – ақылы және ақысыз байланысты түрлі көздермен реттеледі. Бұл көздерге әр түрлі деңгейдегі бюджет қаржылары, орындалған жұмысқа және қызмет көрсетуге төлем, мүлікті жалға бергеннен түсетін қаржы, қосымша төлемдер және т.б. жатуы мүмкін.

Қазіргі таңда білім беру қызмет көрсету саласының компонентіне айналды, ол бұл кұбылыстың барлық белгілері көрінісінің клиентке бағдарлануымен, білім беру өнімдері мен қызмет көрсетулерді сатуды жоспарлаумен, жарнамалық қызметтермен және т.б. сипатталады. Зерттеушілердің айтуынша, бүкіл әлемде ақылы қызмет көрсетулердің аясының кеңеюі бюджеттік қаржыландырудың жетіспеуінен ғана емес, оқу орнының оның қызметінің жекеленуі нәтижесінде туындаған шаруашылық субъект, кәсіпкерлік бірлік ретінде орын алуымен байланысты. Зерттеушілердің пікірлері бойынша, бүгінгі күні жоғары оқу орындарына стратегиялық қаржылық жоспарлаумен айналысуға, кіріс және шығыс аймағында жеке саясатты анықтауға, қызмет көрсетудің сыртқы тұтынушыларының сұраныстарын қанағаттандыруға, кәсіпкерлік қызметтің дамуына, қаржылық менеджменттің «айқындылығын» қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инфрақұрылымдар тудыру қажеттілігі сезіледі.

Алтыншы заңдылық – жоғары білім беру гуманизациясы және оның гуманитаризациясы құраушы бөлік ретінде. Білім беру үрдісінің нақты студент (және оқытушы) тұлғасына бағдарлануы, білім беру үрдісінің «адами келбетке енуі» - бұл батыс жоғары

мектебіне тән оның дамуының стратегиялық бағыты. Оның жүзеге асуы үшін міндетті түрде жоғары мектеп оқытушысын даярлау қажет. Бұл саладағы зерттеулерді қарастырсақ, ол біріншіден, адамды ең жоғары құндылық ретінде қарастыратын аксиологиялық тұрғыны бөлу қажет, екіншіден, антропобағдарланған кәсіби іскерлік (сенімді және ашық сөйлесу, диалог жүргізу, психологиялық көмек беру және т.б.) игеру қажет. Білім беру гуманизациясы оның гуманитаризациясымен тығыз байланысты.

Жетінші заңдылық – оқу үрдісінің интенсификациясы. Оқытушылар оқу үрдісінің жан жақты интенсификациясына, яғни студенттердің өз бетімен жұмысына негізгі басымдық беру жолымен назар аударады. Ол түрлі елдерде оқу жұмысының басты формасына айналған. ЖОО түлегі меңгеру қажет жоғары оқу орны мазмұны жылдан жылға ұлғаюда, сондықтан ақпаратты «біріктіру» туралы, ақпараттың кең көлемін аз уақытта игеруге болатын ғылыми білімді жалпылау инварианттарын табу туралы мәселе туындайды. Бұл мәселемен жас әрі тез дамып жатқан ақпараттық технология саласы *білім инженериясы* айналысады. Оқу үрдісінің интенсификациясын зерттеушілер білім беру үрдісінде субъект-субъект өзара әрекетін жүзеге асыратын оқытудың белсенді әдістерімен, формаларымен байланыстырады. Олардың ішінде: кейс-стади технологиясы, жобалар әдісі, нақты іскерліктен мен дағдыларды игеруге арналған тренингтер және т.б.

Сегізінші заңдылық – жоғары білім берудің бейімделгіштігін арттыру. Сонымен бірге жоғары білім берудің көпсатылығы, студенттерге бейім білім беру траекториясын қалыптастыру үшін оқу курстарының модульдік топтастырылуы (яғни білім беру мазмұнының бейімділігі), оқытудың ұйымдастыру формаларының, тіпті сабақ кестесінің (сабақты демалыс күндері және кеште оқуға таңдау немесе педагогпен электрондық пошта арқылы хабар алысу) бейімделгіштігі.

Білім беру үрдісін ұйымдастырудың кредиттік жүйесі, студенттердің оқу үлгерімінің рейтингтік бағалануы, жоғары білім берудің бейімділігін күшейтеді. Зерттеушілердің бағалауы бойынша, кредиттік-рейтингтік жүйе :

- ЖОО оқытудың түрлі техноллогиялары мен формаларын дамытуды ынталандырады (күндізгі, сырттай, қашықтан, экстернат);

- Оқу үрдісін либерализациялайды, және студенттің өздік жұмысын мадақтай келе, оны студентке бағдарлайды;

- Мазмұнды және соңғы нәтижелерді ескерек отырып, курстарды әдістемелік қамтамасыз етуді тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді;

- Диагностиканың қазіргі әдістерін қолдана отырып, мониторинг үрдісін жетілдіруге және білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалауға ынталандырады;

- ЖОО білім беру қызметі мен мамандар даярлауда сапа менеджментінің қазіргі жүйесін жасауға мүмкіндік береді;

- Кәсіби біліктіліктер мен жоғары білім туралы дипломдарды нострификациялау процедурасы негізінде жеке мемлекеттердің жоары мектептерінің жоғары білімнің әлемдің жүйесімен интеграциясына ықпал етеді.

Тогызыншы заңдылық – жоғары білім берудің интегративті тенденциялары. Зерттеушілер интеграцияның түрлі модельдерін бөледі:

- интегративті үрдістер екікомпонентті жүйеде «жоо-ғылым» және «жжо-өндіріс» дамиды;

- жоғары кәсіби білім беру жүйелерінің «білім беру-ғылым-өндіріс» макроқұрылымында дамуы. Интеграцияның бұл түрінің мысалына шетелде қарқынды дамып жатқан технопарктерді жатқызуға болады;

- білім беру жүйесінің ішіндегі интегративті үрдістер. ЖОО бір бірімен бірігеді, «тігінен» интеграцияланады, оған орта және бастауыш кәсіби білімнің мекемелерінің құрылымы енеді; жоғары білім беру мекемесінің жалпы орта білім беретін мектептермен бірігу мысалдарын келтіруге болады;

- жоғары білім берудің қосымша кәсіби білім берумен интеграциясы (мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау). Бүкіл әлемде жоғары мектеп үздіксіз білім беруге бағдарланған, олар өз түлектерін бүкіл кәсіби карьера бойы қамқорға алуға тырысады. Әлемдік экономиканың дамуы және ғылыми техникалық прогресстің дамуына байланысты барлық саладағы мамандарға өз кәсіби құзыреттіліктерін жаңарту үшін өз жоо «қайта келетіні» сөзсіз. Ересектерге білім беру (жаңа педагогикалық ғылым андрогогиканың зерттеу объектісі болып табылады), дипломнан кейінгі оқытудың түрлі формалары қазіргі таңда жоғары мектеп тарапынан белсенді меңгерілуде.

Оныншы заңдылық – жоғары мектептегі дараландыру. Бүкіл әлемде оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымында студенттердің өз бетімен жұмысының үлесі артуда.

Қарастырылып жатқан құбылыстың жоғары білім берудің ғылыми әдістемелік қамтылуының даму тенденциясын болжау үшін бірнеше салдары орын алады:

Біріншіден, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру үшін «нәтижеге бағдарланған білім беру» моделі өзекті болады, себебі студенттердің тиімді аудиториядан тыс іс әрекетін педагогикалық қамту үшін оқытудың мақсаттары бірмәнді және диагностикалық болу қажет.

Екіншіден, сан түрлі білім беру нәтижелерін бара-бар бағалау мәселесі алдыңғы орынға шығады. Егер студенттік аудиториядағы жұмыс барысында оқытушы оқу бағдарламасының «іс-шаралық» сипатын меңгеру барысы туралы кейбір ақпаратты игерсе, онда оның өз бетімен жұмысын бағалау оңай болмайды.

Үшіншіден, оқу материалының мазмұның дараландырумен байланысты мәселелер ерекше өзектілікке ие болады, себебі әрбір студентте түрлі даярлық деңгейі болады, оқу іс әрекетінің стилі, меңгеру темпі және басқа да тұлғалық параметрлер түрліше болып келеді.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта оның демократилық және экономикалық дамыған мемлекет құруға бағытталған жалпымемлекеттік контекстінде сапалық қайта құрулар бағытында жүзеге асып келеді.

Осыған байланысты жоғары кәсіби білімнің дамуы қоғам дамуы мәселелерімен тікелей байланысты және ол келесідей әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарға тәуелді:

- қоғамның нарықтық экономикаға көшуі, соның салдарынан өндіріс күштері мен өндіріс қатынастарының сипаттары өзгерді, өндіріс субъектілерінің әлеуметтік статустары өзгерді;

- ғылыми өндірістердің өсуі, олардың тиімді ұйымдастырылуы үшін негізінен жоғары кәсіби білімді мамандар талап етілді;

- ғылыми және техникалық ақпараттың көлемі соңғы бес жылда екі есеге артты және ақпараттың әр үш жылда жаңаруы болжануда;

- өндірістік күштердің моральді ескіруімен туындаған технологиялардың тез ауысуы және мамандар біліктілік деңгейінің жетіспеушілігі;

- түрлі ғылымдардың тоғысында және білімнің пәндік салаларының синтезінде жүргізілетін ғылыми ізденістердің интегративті сипаты;

- қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану денелік және ақыл-ой еңбегіне негізделген ақыл-ой іс- әрекетінің құралы ретінде.

Қазақстандық білім беру реформасы «білім беру саласында қалыптасқан шынайы жағдайды және қоғам мен мемлекеттің болашақта дамуының мүмкін жолдарын ескере отырып, стратегия құру арқылы қоғамдағы динамикалық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында білім берудің сапалы реформасын жүргізуге болады. Мұндай стратегия тез өзгертін шынайы жағдайға бейім, әрекеттің иілгіш тактикалық бағдарламасын жасау үшін негіз бола алу қажет.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің модернизациясының басты бағыттарының мақсаты – жаһандануды ескере отырып, нарықтық экономика жағдайында оның сапалық қайта құрылуын қамтамасыз ету.

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негізін Конституция (1995 ж), ҚР «Білім туралы» Заңы (2007 ж.), ҚР Президентінің Бұйрықтары, Үкімет Қаулылары құрайды. Білім беру саласындағы приоритеттерді анықтайтын құжат «2010 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық жоспары» (2001 ж.), «2011-2020 жылдарға арналағн Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту бағдарламасы» (2010 ж.). Бұл құжаттарда көрсетілген идеология мен принциптер кең саяси мәселелер мен білім беру жүйесін реформалаудың нақты бағыттары бойынша Бағдарламаларды жасау жә»не енгізу үшін мүмкін жүйелі ыңғайларды анықтайды.

Бұл құжаттарда жоғары білім беру жүйесіне ерекше қоғамдық мәртебе беріледі және жоғары кәсіби мамандарды озық даярлау, жаңа жағдайдағы иілгіштік пен бейімділікті қамтамасыз етудегі ерекше сала ретінде танылады. Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі білім берудің дамыту бағдарламасында келесідей міндеттер қойылды:

- кең іргелі білімге ие, бастамашыл, еңбек нарығы және технологияның өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті, жаңа формациядағы маман даярлау;

- жоғары білім берудің барлық жүйелерінің білім беру үрдісінің демократизациясы арқылы сапалы білім беру қызметтерін көрсету мотивациясын арттыру;

- халықаралық аккредитациядан өтуге жеке жоғары оқу орындарын дайындау, элитарлы жоғары оқу орындарын дамыту үшін объективті жағдайлар тудыру;

- жоо басқарудың жаңа принциптері мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлу және жоо автономдылығын арттыру жүйесін ендіру;

- студенттердің сапалы білім алуға құқықтарын нығайту, сапалы білім беру өызметінен көрсету үшін жоо жетекшілерінің жауапкершілігін анықтайтын механизмдерді өңдеу және ендіру.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін реформалаудың өзектілігі оның әлеуметтік қызметінің маңыздылығымен түсіндіріледі – қазіргі қоғамда білім беру әлеуметтік институт ретінде білімді өңдеу және жариялаумен түсіндіріледі. Қазақстандағы білім беру жүйесін модернизациялаудағы максималды жетістікке білім беру саясатында көрсетілген үкіметтің барлық бағдарламалық тұрғылар білім беру жүйесінің әлемдік тәжірибесінде жинақталған барынша жағымды әлеует жинай алған жағдайда ғана жете алады.

Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін реформалаудың негізгі сатылары.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері жоғары білім беру жүйесін реформалау сатыларын шартты түрде былайшы бөлуге болады:

Бірінші саты (1991-1994 жж.) заңды және нормативтік-құқықтық базаның қалыптасуы. Бұл сатының негізгі міндеттері мамандар даярлау республиканың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, нарық экономикасы, облыстар мен аймақтар қажеттіліктерін өтеу мақсатында жоғары білім беру мекемелерінің жүйесін құру және жоғары білім берудің мамандықтарын жаңарту.

1994 жылы Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің Мемлекеттік Стандарты бекітілді, ол алғаш рет елдегі жоғары білімнің көпсатылы құрылымын, бакалавр және магистр академиялық деңгейлерін жүргізуді анықтады.

Екінші саты (1995-1998 жж.) – жоғары білім беру жүйесінің модернизациясы, оның мазмұнын жаңарту.

Бұл саты жоғары білім беру жүйесінің дамуының концептуалды анықтамасымен сипатталады, ол 1995 жылы 4 тамызда Қазақстан Республикасының Президентінің мемлекеттік саясаты бойынша Ұлттық кеңестің бекітуімен білім беру саласының мемлекеттік саясатының Тұжырымдамасында көрініс тапқан. Ол жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін жаңа нормативтік құқықтық ережелердің қабылдануымен сипатталады. 1995 жылдан 1997 жылдар аралығында жоғары кәсіби білім берудің 310 мамандықтары бойынша алғашқы қазақстандық білім беру стандарттары қабылданады. 1996 жылы 342 мамандықты қарастыратын Қазақстан Республикасының жоғары білім беру мамандықтарының классификаторының (тізім) жаңа баспасы бекітілді. Білім берудің мемлекеттік емес секторы қарқынды дамиды.

Үшінші саты (1999-2000 жж.)– білім беруді басқару және қыржыландырудың орталықтандырылуы, білім беру ұйымдарының академиялық еркіндігінің кеңеюі.

Бұл сатыда білім беру ұйымдарының басқару жүйесі шынайы түрде орталықтандырылады. Жоғары оқу орнына қабылдау принциптері толықтай өзгереді, жоғары кәсіби білімді мамандарды даярлау мемлекеттік білім беру тапсырыстары негізіне көшеді. 1999 жылдан талапкерлерге мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім несиелері бойынша конкурстық негізде қабылдау жолымен жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі енгізілді.

Төртінші саты (2001-2004 жж.)- жоғары және орта білім беру жүйесінің стратегиялық дамуы.

XXI ғасырда жоғары кәсіби білім берудің дамуының негізгі бағыттары анықталды. Кәсіби білім беру мазмұнына кәсіби іс-әрекетке даярлықты қамтамасыз ететін білім, іскерлік және дағдылар жүйесі ретінде келесілер кіреді:

- ұғымдар, ережелер, табиғатта, қоғамда, мәдениетте және техникада болып жатқан құбылыстарды түсіндіретін алгоритмдер мен қазіргі теориялар сомасы;

- заттар, еңбек үрдісінде қолданылатын еңбек құралдары мен механизмдері туралы білімдер сомасы;

- кәсіби іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға кепілдік ететін іс әрекет тәсілдерін оқыту.

Кез-келген маманды даярлау мазмұны педагогикалық жүйенің басты бөлігі болып табылады. Оқыту мазмұны түрлі *қызметтер* атқарады:

- Ақпараттық;
- әдістемелік;
- оқыту;
- дамыту;
- тәрбиелеуші.

Маманның кәсіби даярлығының мазмұны келесі бағдарламалы құжаттарда көрініс тапқан:

- Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты;

- Ұлттық аймақтық компонентті білім беру стандарты;
- Нақты мамандықтардың оқу жоспарлары;
- Жеке пәндердің оқу бағдарламалары.

Стандарт (лат. standart-норма, үлгі) кең мағынада үлгі, эталон, модель деген білдіреді. Кәсіби білім берудегі стандарттың қажеттілігі түрлі оқу орындарындағы кәсіби оқытудың мазмұны мен сапасының базалық талаптарын тәртіптеу қажеттілігімен байланысты. Кәсіби білім беру стандартының болуы мынаған мүмкіндік береді:

- біліктіліктің базалық деңгейін орнату, оқытудың түрлі сатыларында маманды даярлаудың базалық деңгейін орнату;

- кәсіби оқытудың сапасын бейінді кеңейту есебінен арттыру, білім берудің мазмұнын, қолданылатын педагогикалық технологияларды, оқытудың тәсілдері мен әдістерін универсализациялау;

- кәсіби білім берудің мемлекет ішіндегі және одан тыс конвертациялауын қамтамасыз ету;

- білім алушылардың құқығын ретке келтіру және

- кәсіби даярлау және кәсіби білім беретін түрлі оқу орындарының жауапкершілігін арттыру;

- үздіксіз білім беру жүйесіндегі кәсіби білім берудің әрбір деңгейін орнын орнату.

Кәсіби білім беру стандарты халықаралық, мемлекеттік және аймақтық болуы мүмкін. Мемлекеттік білім беру стандарты білім

беру кеңістігінің бірлігін сақтауға, үздіксіз білім берудің мүмкіндігін, академиялық ұтқырлықты, қаржы және материалдық ресурстарды рационалды жұмсауды қамтамасыз етеді. Стандарттар тұлғаның мемлекеттің тапсырыстарына, оларды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет және жеткілікті түрде қатаң үлгілерге сүйенетін технологиялық құралдарды игеру қажет.

2004 жылдың ақпанында Қазақстан үкіметі 2015 жылға дейінгі ҚР білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасын қолдады. Тұжырымдама негізінде «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы» жасалды. Бағдарлама жалпыұлттық ұстаным ретінде білім берудің анықтайды, Қазақстан Республикасының білім беру саясатын ұзақ мерзімге жүзеге асырудың ұйымдастыру негізін құрады және заңға, қаржыландыру жүйесіне, білім беру мазмұнына, білім беру жүйесінің құрылымына, білім берудің басқару жүйесіне мамандық және әлеуметтік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылды. Бағдарламада дамытудың келесідей негізгі бағыттары көрсетілген:

- 12-жылдық жалпы орта білім беруге көшу. Жоғары сынып оқушыларын салалық және кәсіби бағдарланған оқыту жүйесін енгізу.

- Жаңа саты – орта білімнен кейінгі кәсіби білім енгізу;

- Кәсіби мамандарды даярлаудың үшдеңгейлі жүйесімен қамту: бакалавриат-магистратура- докторантура (PhD);

- Білім берудің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру.

Сонымен қатар, білім берудің ұлттық жүйесіне жаңа саты «Орта білімнен кейінгі кәсіби білім беруді» енгізеді. Бұл сатыда тек орта жалпы білім беру базасында экономика, құқық, экология, әлеуметтану, психология, медицина, ақпараттық технологиялар және инновациялық менеджмент саласындағы қызмет көрсету басқару еңбегінің орта буын мамандарын даярлау жүзеге асырылады. Бұл деңгейдегі білім беру бағдарламаларының мазмұны кәсіби бағдарламамен қоса, жоғары оқу орындарының бакалавриаттың 1-2 курстарында білім беру бағдарламаларымен кіріктірілген пәндер енеді. Оқу аяқтағаннан соң қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші маманы деңгейінде біліктілік беріледі.

Орта буын мамандарын даярлайтын колледждердің мәртебесін жоғары деңгейге көтеру орын алуда. Енді колледж түлектері туыс

мамандығы бойынша жоо үшінші курсына түсуге мүмкіндік ала алады.

2. Педагогика курсының құрылымы

Педагогиканың оқу пәні ретіндегі мазмұны білім берудің мақсатымен белгіленеді және оның нақты көрінісі болып табылады. Қоғам дами отырып, білім берудің жаңа міндеттерін белгілейді, олар оқу пәндерінің мазмұнында көрініс табады. Педагогика қоғамдық ғылым болғандықтан ол қоғамның талаптарын айқындайды.

Оқу пәнінің мазмұнына педагогиканың ғылым ретінде дамуы әсер етеді. Біздің еліміздегі жалпы орта білім, кәсіби орта және жоғары мектептің дамуы педагогикада жана мәселелердің туындауына, оның әрі қарай дамуына әкеледі. Осылайша, педагогиканың жаңа салалары пайда болуда: педагогикалық этика, жоғарғы мектеп педагогикасы, білім берудің экономикасы, педагогикалық психология, дефектология және т.б.

Педагогика курсының мазмұнын құруда білім алушылардың жас шамасы, олардың жалпы білімділік деңгейі, болашақ кәсіби қызметтің сипаты сынды өлшемдер есепке алынады. Мазмұнды белгілеуде педагогикалық мәселелердің теориялық өңделу деңгейі де маңызды.

Педагогика ғылымының құрылымына *педагогика тарихы, жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, әлеуметтік педагогика, түзету педагогикасы, этнопедагогика, салыстырмалы педагогика, жеке әдістеме кіреді.*

Педагогика тарихы әртүрлі тарихи кезеңдердегі адам тәрбиесінің қоғамдық құбылыс ретінде дамуын, педагогикалық білім тарихын зерттейді.

Тарихилық принципі – кез келген ғылымның маңызды принципі, өйткені өткенсіз бүгін жоқ. Өткен кезеңдердегі мұраларды зерттей отырып, бүгінгімен салыстыра отырып, кез келген құбылыстың даму жолын білуге және өткеннің қателігін түзетуге, келешекке болжам жасауға болады.

Жалпы педагогика педагогика ғылымының негізі болып табылады. Ол адамдарға білім берудегі жалпы заңдылықтарды зерттейді, барлық типтегі білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдістің негізін жасап шығарады.

Жас ерекшелік педагогикасы оқу-тәрбие мекемелерінің типтерін немесе жас ерекшелік топтарды анықтауды сипаттайтын оқу және тәрбие заңдылықтарын зерттейді. Мұнда мектепке дейінгі педагогика, мектеп педагогикасы, ересектер педагогикасы деп ажыратылады.

Мектепке дейінгі педагогика мектепке дейінгі кезеңдегі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарастырады.

Мектеп педагогикасы орта жалпы білім беретін мекемелердегі оқу-тәрбие ерекшеліктерін қарастырады.

Ересектер педагогикасын зерттейтін салалар ішінде *жоғарғы мектеп педагогикасы* ерекше белгіленеді. Ол студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің арнайы міндеттерін, жоғарғы оқу орындарының педагогикалық үрдіс заңдылықтарын зерттейді.

Әлеуметтік педагогика тұлғаны әлеуметтендіру үрдісінің заңдылықтарын зерттейді. Педагогиканың бұл саласы баланың қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалын зерттеумен айналысады (қоғам, мемлекет, қоршаған орта, әлеуметтік шындық).

Түзету педагогикасы арнайы педагогика ретінде ерекшеленеді. Оған: сурдопедагогика (естімейтін-сөйлемейтін, нашар еститіндерді оқыту мен тәрбиелеу), тифлопедагогика (көзі көрмейтіндерді және нашар көретіндерді оқыту мен тәрбиелеу), олигофренопедагогика (ақыл-ойы кеміс балаларды оқыту және тәрбиелеу), логопедия (тілінің кемістігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу).

Этнопедагогика әртүрлі халықтардың педагогикалық көзқарас ерекшеліктерінің адам дамуына ықпалын, халықтық тәрбиенің заңдылықтарын зерттейді.

Салыстырмалы педагогика әртүрлі елдердегі оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары мен тұжырымдамаларын зерттеумен айналысады. Салыстырмалы педагогиканы білу басқа елдердің озық тәжірибелерін игеруге көмектеседі.

Педагогика ғылымының ерекше тобын *пәндік дидактика* немесе *жеке әдістеме* құрайды. Оқытудың жалпы заңдылықтарын білім беруде қолдану және нақты оқу пәндерін зерттеу.

Педагогиканың басқа да ғылыми салалары бар: әскери, спорттық, кәсіби т.б. Әрбір бағыт педагогиканың бөлігі болып табылады.

Педагогика ғылым ретінде болашаққа қызмет етеді. Сондықтан оның алдын болжауға және практиканы белсенді қайта өзгертуге қабілеті, яғни адамды дамыту, тұтасымен алғанда адамзат қоғамын дамытудың мақсатты нәтижесін көре білу ерекше маңызды болып табылады.

Қазіргі кезеңде әлемдік қоғамдастық білім беруде *ізгіліктік* (гуманистік) идеяларды оның қоғамдағы әлеуметтік, педагогикалық және экономикалық рөлін көтеру арқылы жүзеге асыруға ұмтылыс жасауда. Кезкелген қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, ғылыми-техникалық әлеуеті білімдік ортасының деңгейіне тікелей байланысты.

Педагогика *білім беру туралы* ғылым ретінде бүгінгі күні *іргелі, қолданбалы және практикалық зерттеулерді ұйымдастыруға, ұғымдық-категориялық аппаратын нақтылауға және одан әрі дамытуға, оқыту мен тәрбие мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіруге, жаңа тиімді педагогикалық технологияларды жасауға, үздіксіз білім беру мәселелерін өңдеуге, білім беру процесінің тиімді қызмет етуіне бағытталған ұсыныстар беруге өз күшін бағыттауда.*

Әлемде болып жатқан өзгерістер отандық білім беру жүйесін реформалауды, шығармашылықпен жобалауды, оны модернизациялау жолдарын жетілдіру қажеттілігін өзектейді. Бұл міндетті шешуде педагогика ғылымы, жаңа тұрғыларды, ұстанымдарды, реформалаудың тұжырымдамалық негіздеуге және осы негізде ХХІ ғасыр талаптарына жауап беретін білім берудің жаңа моделін құруда шешуші рөл атқарады.

Білім беру - әр түрлі ғылымдардың, соның ішінде педагогиканың объектісі болып табылады. *Білім беру* - педагогика ғылымының негізгі объектісі ретінде оның дамуы оқу пәнінің мазмұнына өз әсерін тигізеді. Еліміздің білім беру саясатын айқындайтын «Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі Тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» және басқа да құжаттарындағы білім беруді жаңарту талаптары интеллектуалды ұлтты қалыптастыру туралы нақты міндеттерінен туындап отыр. Бұл міндеттер әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі факторы білім алушы тұлғаның құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім беруді бүгінгі күн сұраныстарына сәйкестендіру мақсатын

көздейді. Соған сай, елімізде білім беруді жаңарту арқылы білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру міндеттері нақтылануда.

Білім беру белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, білім алушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталған. Білімге бағытталған оқытудан құзыретті тұлғаға бағдарлы білім беруге көшу білім беру мазмұнында экономикалық, саяси, хұқықтық, дене, коммуникативтік мәдениет компоненттерінің, сонымен бірге, еңбек, жанұялық қарым-қатынастар, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын көздейді [2].

Қазіргі қоғамның даму қарқыны білім берудің мақсаты мен міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылдық даралығын дамыту, оның бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік бере алатын білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылады. Осылайша қазақстандық білім беру саласына белгілі бағыт берілді, бұл ізгіліктік, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғылыр негізінде білім беру. Оның басты мақсаты – білім алушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру. Дәстүрлі білімділік бағытталған оқыту жаңа қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыра алмай отырғандықтан, өмірде өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін инновациялық педагогикалық парадигма, оқыту және тәрбиелеу жүйесіне жаңа тұжырымдамалық тұрғылар қажет болып отыр.

Білім берудің классикалық моделі қазіргі қоғам ұсынып отырған талаптарға жауап бере алмайтындығы белгілі. Сондықтан жаңа педагогикалық әдіснамасына айналуға және дәстүрлі білім беру жүйесін интеллектуальдық қайта құруға қабілетті философиялық-педагогикалық идеяларға қажеттілік туындады.

Қазіргі қоғамда *білім* адам әрекетінің ең көлемді саласына айналып отыр. Онымен дүние жүзінде миллиардтан астам оқушы, студент және 50 млн астам педагог айналысуда. Білімнің әлеуметтік ролі өсуде, оның бағыты мен тиімділігіне бүгінгі күні адамзат дамуының перспективасы тәуелді болып отыр. Соңғы он жылда

адамзат білім берудің барлық түрлеріне өз қатынасын өзгертті. *Білім әлеуметтік және экономикалық прогрестің жетекші факторы және негізгі капиталы* ретінде қарастырылып, жаңа білімдерді меңгеру, оны қалыптан тыс жағдайда қолдана білуге деген қажеттілік өсуде. Білім - шындықты өзгертудің маңызды құралы бола отырып, өсуі жағынан қазіргі уақытта кез-келген басқа жүйенің өсуін басып озатын, динамикалық жүйе екендігін көрсетеді.

Білім мен ақпаратқа бет алған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі ретінде қарастырылуда. Бүгінгі күні қазақстандық білім жүйесі іргелі және сапалылық қасиеттерін сақтай отырып, нарық заңдылықтары негізінде пайда болып отырған өзгерістерге ілкімділікпен, жауап бере алатын болу қажеттігі туып отыр. Білім мен ғылымды дамыту – еліміздің адам ресурстарының сапасын арттырып, оның бәсекеге қабілетін қамтамасыз етудің алғы шарттары болып табылады.

Педагогикалық жаңа парадигмаға сәйкес білім беруді жаңарту барлық білім беру деңгейлерінде бірыңғай әдіснамалық тұғырдың болуын талап етеді, оның басты принциптері еліміздің инновациялық даму бағыттарына негізделген ілім саясатынан айқын көрінеді.

Бәсекеге қабілетті демократиялық қоғамдағы еліміздің әлеуметтік- экономикалық, саяси және тарихи-мәдени моделдері мен тетіктерін жасау және жүзеге асыру, еліміздің қазіргі кезіндегі инновациялық даму стратегиясы мен адам ресурстарын қалыптастырудың стратегиялық бағыттарын анықтау, өзіндік білім алу мен өзін-өзі дамытуға, өзгермелі жағдайларда өмірден тиімді жол табатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру саясатын көздейтін тенденциялар білім берудің нәтижелілігін талап етеді.

Еліміздің білім жүйесіндегі саясаты білім беруді басты құндылық ретінде қалыптастыруға негізделіп, барлық білім беру жүйелеріне қойылатын талаптарды айқындайды. Білім беру мақсаты жаңа білім нәтижелерін - жаңа өзгерістер жағдайына инновациялық және жобалаушылық ойлау қабілеттері қалыптасқан, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік және кәсіби күзіреттілігі негізінде тиімді шешімдер қабылдай алатын адамның жаңа сапаларын қалыптастыру.

Осыған орай соңғы жылдары еліміздің білім жүйесін жаңғырту мәселесі күн тәртібінен түспей келеді, орта білім жүйесінің құзыреттілік сипаттарға негізделген жаңа білім стандарттары мен жаңа бағдарламалары, жаңа оқулықтар жасалып, олар барлық деңгейлерде талдануда. Орта білім саласындағы осы өзгерістер кәсіби және қосымша білім беру жүйелеріне де өз әсерін тигізіп, ондағы білім нәтижелерін осы тұрғыдан қарастыруға әрекеттер жасалуда.

3. Педагогика курсы мазмұнының жалпы сипаты

Білім беру мазмұны – жас ұрпаққа нені оқыту керек деген сұраққа нақты жауап болып табылады. *Білім беру мазмұнын белгілі типті оқу мекемесінде арнайы оқытуға таңдалып алынған білім, біліктілік және дағдылардың нақты жүйесі* деген түсінік қалыптасып келді. Бұл жүйеге білім алушылардың белгілі интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін қоршаған орта, қазіргі заман өндірістері, мәдениет және өнер туралы білім; білім алудың интеллектуалдық және практикалық біліктіліктері мен оларды қолдану тәсілдері; танымдық іс-әрекет, теориялық және практикалық мәселелерді шығармашылықпен шешу дағдыларын меңгеру кіреді.

Білім беру мазмұны кез-келген оқу орны ұмтылатын соңғы нәтижесі болып табылады. Білім беру мазмұны келесі *талаптардың* тізімін құрайды. Олар:

- тұлғаның өзін-өзі анықтауды қамтамасыз етуге бағытталған болу керек, оның жүзеге асу жайттарын құру; қоғамның дамуы;
- әлемдік деңгейге сай қоғамның жалпы және кәсіби мәдениетіне сәйкес; білім алушылардың білімнің қазіргі деңгейі мен білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес, тұлғаның ұлттық және әлемдік мәдениетке интеграциясына сәйкес дүниеге көзқарасын қалыптастыру;
- қазіргі қоғамның жағдайына бейімделген және сол қоғамды жетілдіруді көздеген адамды және азаматты қалыптастыру;
- жастардың мамандық және соған сәйкес біліктілік алуға бағытталуы;
- нәсілдік, ұлттық, діни және әлеуметтік жтқызылуына тәуелсіз адамдар арасындағы халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа, түрлі дүниетанымдық ыңғайларды ескеруге,

білім алушылардың ой мен пікірін еркін таңдауға құқығын жүзеге асыру мүмкіндігіне ықпал етеді.

Білім беру мазмұны категориясы адамдарға белгілі табиғат, адам, қоғам туралы білімдері, белгілі іс-әрекет тәсілдерін орындаудағы адамға тән біліктіліктер туралы алынған білімдері; қоғам алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу тәжірибесі; өмір, табиғат, қоршаған орта тағы басқалар туралы ойлары көрсетілген әлеуметтік тәжірибені бейнелейді. Кейде адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін жалпы адамзат мәдениеті деп атайды. Сан мыңдаған даму тарихында адамзат өте көп білім жинақтады.

Білім беру мазмұнының мәселесі ғасырлар бойы өткір теориялық, идеялық саяси күрестің пәні болып келді, оның шешілуінен халықтың мәдени деңгейі, оның өмір сүру деңгейі, жастардың өзбетті өмірге, еңбекке даярлығы байланысты болды. Бұл мәселе бүгінгі күнде барлық әлемде ерекше көкейтесті, білім беруде дағдарысы жалғасып жатқанда, бірқатар *қарама қайшылықтар* айқындалуда:

- Қоғамның әлеуметтік экономикалық қажеттіліктері мен түлектердің жаңа жағдайда сәйкес орынды алуға даярлығы;

- Бәсекелі экономикаға оқушы тұлғасының қатысуы мен оған деген қажетті сапалардың бойында болмауы арасында;

- әлеуметтік экономикалық және қоғамдық өмірдегі көбейіп отыратын ақпарат пен білім алушының осы үрдіске даярланбағандығы арасында т.б.

Жалпы қоғамдағы үдерістердің инновациялық сипат алуы және өзгерістердің басты ресурстары ретінде адам капиталы белгіленуі білім беру жүйелеріндегі барлық салаларды *жаңаша ұйымдастыру* талаптарын қояды. Қазіргі педагогикалық жүйелерді дамыту бағыттарын көрсететін бірнеше маңызды *факторларды* атауға болады. Олар:

- Жаңа білімді «туындату», немесе жаңа білім түзілімдерін құрастыруға (бұрын тек мұғалім ғана жаңа білім көзі бола алатын) көптеген адамдардың, ұжымдардың қатысуына байланысты *педагогтардың ролінің, сонымен қатар, білім беру мазмұнының өзгеруі;*

- Педагогтардың бойында өз әрекетін интеллектуалдық тұрғыдан қамтамасыз ететін *жаңа құзыреттіліктерін дамыту қажеттігі;*

• Қазіргі заманда өмір сүру барысында кез келген *адамның құзыреттік сапаларын бірнеше рет жаңартып отыру* қажеттігін түсіну;

• Бүгінгі білім берудің *жекеленуге бағытталуы*, яғни, әрбір білім алушы педагогтар мен тьюторлардың көмегімен, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра алуы талап етілуі;

• Педагогикалық жүйелерді басқарушылардың қатарында жаңа проблемаларды шеше алатын, ойлау мен *инновациялық әрекет етудің жаңаша үлгілерін жасай алатын адамдар* болуын қажет етуі;

• Ғылыми білімнің мектептегі сабақ–сыныптық, университеттердегі дәрістік–семинарлық формада *жаттанды түрде берілуін өзгерту* қажеттігі.

Білім беру мазмұны – педагогикалық бейімделген білімдердің, іскерліктердің және дағдылардың жүйесі, шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі және дүниеге деген эмоционалдық-құндылықтық қатынас, оларды меңгеру тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Білім берудің мазмұны білім алушыларды әлеуметтік, кәсіптік емес іс-әрекетке қатынасуын қамтамасыз етеді. Әрбір индивидтің дүниеге деген қатынасын ондағы өз орнын анықтауды азаматтық позициясын шарттандыратын дүниеге көзқарасты, құндылықтар мен мұраттар жүйесін қалыптастырады.

Дәстүрлі педагогика адамның әлеуметтік мәнін ғана мойындайды, одан білім беру мақсаты болып әлеуметтік маңызды сапаларды қалыптастыру, адамның қоғам мүшесі ретінде дамыту келіп шығады. Білім берудің тұлғалық-бағдарлы мазмұны тұтас адамның дамуына бағытталған: оның табиғи қабілеттерін (денсаулығын, ойлау, сезіну, әрекеттену қабілеттері); оның әлеуметтік қасиеттерін (азамат, жанұя қожайыны, еңбекқор болу) және мәдениет субъектісінің қасиеттерін (еркіндігін, ізгіліктілігін, руханилығын, шығармашылығын). Мұнда әрі табиғи, әрі әлеуметтік, әрі мәдени бастауларды дамыту жалпыадамзат, ұлттық және аймақтық құндылықтарға ие білім беру мазмұны контекстінде жүзеге асады

Білім берудің *тұлғалық-бағдарлы мазмұны* педагогикалық білім беруді үш өзара байланысты және өзара толықтырушы бағыттарды қарастырады. Бірінші бағыты педагогикалық білім берудегі пәндік дайындықтың орны және ролін қайта ойластырумен байланысты. Алдыңғы қатарлы парадигмаларға

қарағанда педагогикалық білім беру («Өз пәнінді біл және оны анық айт», «Оқыту әдістемесін біл және оған мүлтіксіз бағын») бұл тұжырымдама «Оқушыны дамыту тәсілі ретінде оқыту пәнін жаса» парадигмасын ұсынады. Екінші бағыты студенттің өзіндік оқу әрекеті және оның тұлғалық педагогикалық ұстанымының құрылу қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңу жолдарын қарастыру. Білім беру мазмұнында берілген қарама-қайшылықты шешу мүмкіндіктері түрлі рефлексия формаларының құрылуы, оқу формаларын құрастыру, біртұтас білім беру үдерісі ретінде байланыстыратын (жеке оқу іс-әрекеті), сондай-ақ оның түсінуі және зерттеу жұмысы. Үшінші бағыт педагогикалық білім берудің түрлі сатыларында оқытушының іс-әрекетінің өзгерісін талап ететін мазмұн: педагогикалық технологияларды және білімді «таратушыдан» «шебер» жұмысына дейін, студенттерде педагогикалық қабілеттерді қалыптастыру мақсатында біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру, «кеңесші» ұстанымына дейін, студентпен біріге отырып оның болашақ кәсіби іс-әрекетін жобалау.

Білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптерінің ішіндегі негізгілеріне төмендегілер жатады:

- ғылыми, әлеуметтік және мәдени дамудың соңғы жетістіктерінің мектепте берілетін білімнен көрініс табатын *ғылымилығы*;

- әрбір жаңа білім алдыңғы берілген біліммен байланысты және содан туындайтынын көрсететін білім мазмұнын жоспарлаудан тұратын *бірізділік*;

- *тарихилық*, яғни білім мазмұнында мектептердегі қандай да болмасын білім салаларының, даму тарихының оқылатын мәселелер бойынша белгілі ғылымдардың іс-әрекетінен көрініс табуы;

- *жүйелілік*, яғни оқылатын білім мен қалыптастыратын біліктіліктерді адамзат мәдениетінің жалпы жүйесінде және өзара кірігетін барлық оқу курстары мен басты білім мазмұнының жүйесінде қарастыру.

- білімнің шынайылығын практикада бекітудің әмбебап құралы ретінде және берілген білім мен қалыптасқан біліктіліктердің әсерін тексеру тәсілі ретінде *өмірмен байланыстылық* принципі;

- меңгеруге берілетін білім, біліктіліктердің қандай да болмасын жүйелерінің *білім алушылардың дайындық деңгейіне және жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкестігі*; егер материал

тым жеңіл болса, онда білімде, танымдық процесстер де өте баяу, мүмкіндіктеріне сәйкеспей дамиды.

• оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымын, ғылыми білімдердің оқулықтарды берілу деңгейлерін, оқылатын ғылыми ұғымдар мен терминдердің кірістірілу деңгейлері анықталатын *түсініктілік* принципі.

Білім мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдары: бүкіл элементтерінің және бүкіл деңгейлерінде қоғамның сұранысына сәйкестігі, оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігі, ақырында оқыту процесінде оны жүзеге асырудың нақты формаларында жалпыдан жекелікке қозғалысында білім мазмұнының әр түрлі деңгейде қалыптасуында құрылымдық бірлігі.

Білім мазмұнының *қайнар көзі* – материалдық және рухани мәдениетте бекітілген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе 4 элементті енгізеді: *білім* /олардың түрлерінің жиынтығы индивидте қоршаған шындық туралы жалпы түсінік және қажетті іс-әрекетте бағытталғандығын анықтайды/; *іс-әрекеттің тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі* /оны меңгеру барысында іскерліктер мен дағдылар қалыптасады, олардың қызметі жинақталған мәдениетті қайта жасап сақтап және дамыту болады, сол арқылы қоғамның репродуктивтік іс-әрекеті қамтамасыз етіледі/; *шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі* /оның функциясы – мәдениетті әрі қарай дамыту/; шындыққа, өз іс-әрекетіне, өз-өзіне деген *эмоционалдық-құндылықтық қатынастың тәжірибесі*.

Адамның және адамзаттың ақиқат шындықты тануының нәтижесі *білім* болып табылады және оның ақиқатпен сәйкес келуі-білімнің шындығымен сипатталады. Әрбір жаңа білім, адамның қоршаған дүниені тануын тереңдетеді, кеңейтеді және ақиқат шындыққа неғұрлым саналы қарауға мүмкіндік береді. Ол - рухани өнімнің ерекше формасы болып табылатын ғылыми–теориялық қызмет. Оның нәтижесі - ғылыми білімнің ерекше парадигмалық тұжырымдамасын құру, ал одан да жоғарырақ құрылымдық бірлігі болып табылатын адамға күнделікті санасында берілетін дүние бейнесінен өзгеше және дәуірдің ең мәнді жаратылыс-ғылыми көзқарастарын біріктіретін - дүниенің ғылыми бейнесі.

«Білім» педагогикада кең және тар мағынада қарастырылады. Қандай да бір адамның терең білімі бар екендігі туралы айтқанда,

теориялық және тәжірибелік білім мен оларды қолдана білу іскерліктерінің кешені жөнінде сөз болады. Ал, қандай да бір жеке пәнді оқып-үйренуде оқушының меңгеретін білім қоры мен оған сәйкес іскерлік пен дағдылар туралы айтқанда, білім тар шеңберде қолданылады. Тар шеңбердегі білім - оқу материалының ұғымдық-деректік құраушысы, оған нақты өзара байланысты деректер, теориялық материалдар, терминдер, әрекет тәсілдері туралы білім жатады. Білім - шындықты өзгертудің маңызды құралы бола отырып, өсуі жағынан қазіргі уақытта кез-келген басқа жүйенің өсуін басып озатын, динамикалық жүйе.

«Білім беру» ұғымын зерттеуге әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір ғалымдар білім беруді екі жақты үдеріс – сабақ беру және оқу үдерісі, яғни оқытушы мен білім алушының бірлескен әрекеті ретінде анықтайды. Ол оқытушының басшылығымен ғылыми білімдер, дағдылар, іскерліктердің белгілі бір жүйесін меңгеруге бағытталған. Білім беру үдерісі білім, іскерлік және дағды жүйесін саналы, берік меңгеруге бағытталған және педагог көмегімен басқарылатын білім алушылардың дәйекті амал-әрекеттерінің жиынтығын береді. Оның барысында танымдық күштері дамиды, ақыл- ой және дене еңбегі мәдениетінің элементтерін игереді. Оқытушы мен білім алушының, әлеуметтік тәжірибе мазмұнының қандай да бір бөлігін білім алушының меңгеруі мақсатындағы өзара әсерлесуі.

Жалпы білім берудің келесі *мазмұндық қырларын* бөліп көрсетуге болады:

- *білім беру құндылық ретінде;*
- *білім беру әлеуметтік- мәдени құбылыс ретінде,*
- *білім беру жүйе ретінде;*
- *білім беру үрдіс және нәтиже ретінде.*

Адам - қоғамның ең жоғары құндылығы және қоғамдық дамудың мақсаты ретінде алынады. Құндылықтар (өмір, денсаулық, махаббат, білім, еңбек ету, бейбітшік, әдемілік, шығармашылық) адамдарды қай кезеңде де алаңдатты және олар тұрақты. Жалпы адамзаттық құндылықтар мазмұны гуманистік бастамалар, адам тұлғасының өзіндік құндылығын бекіту, оның құқығын, еркіндігін құрметтеуді қоғамдық өмірге сырттан енгізуге болмайды. Оны кейін қалдыруға да болмайды. Әлеуметтік даму процесі, осы бастамалардың даму процесі.

Ал, адам *санасындағы* құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады.

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.

2. Рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер т.б.

Сондықтан, педагогика «құндылық» ұғымын адамның жан-жақты жетілуіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы қасиеттердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырады. Себебі, тәрбие қызметі ең маңызды, ең қажетті сапаларды тұлға бойында қалыптастыруды көздейді. Құндылықтың адам үшін маңыздылығы мен қажеттілігін ұғыну үшін оның мәнін жан-жақты деңгейде қарастыру қажет.

Білім беру әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде келесі әлеуметтік мәдени қызметтерді атқарады:

- Тұлғаны әртүрлі қоғамдық, өмірлік қызметтерге дайындау және қосу;
- Адамды өмірге және мәдениетке араластыру;
- Тұлғаны әлеуметтендіру;
- Адамның қоғамдық және жеке өмірін қалыптастыру механизмі;
- Аймақтық жүйелі дамыту және ұлттық дәстүрді сақтау;
- Мәдени құндылықты және қоғамның даму мақсаттарын жеткізу немесе іске асыру.

Әлеуметтендіру - адамның қоғам өміріне бір қалыпты енуін, әлеуметтік тәжірибені индивидтың меңгеруі және қайта өңдеуін қамтамасыз ету. Әлеуметтендіру бірлескен әрекет және белгілі бір мәдени ортада қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асырылады. Әлеуметтік позиция, өзіндік сана дүниетанымдық құндылық-мәнділік негізі және жеке сананың басқа да компоненттері оның мазмұны. Тұлға өзін әлеуметтік тәжірибеден алады, оны қаншалықты алады және бұл алғандарын психика қалай сапалық жағынан қайта өңдей алады, оған қандай мән-мағына береді, міне, осыларды көрсетеді. Әлеуметтендіру тұлға үшін тиімді жүзеге асуы, білім беру оған өмір, шығармашылық, рефлексия, өзінің

даралығын сақтау сияқты бейімделу механизмдерін қалауы болып табылады;

Білім беру жүйе ретінде педагогикалық құбылыстардың диалектикалық табиғатына және оның тұтастық сипатына сәйкес педагогикалық жүйелердің құрамы қызмет етуі мен дамуына қажетті және жеткілікті компоненттері мен олардың өзара байланыстарынан тұрады. «Жүйе» – жалпы мақсаттардың бірігуімен өзара байланыстан элементтер. Жүйенің негізгі сипаттарының бірі – оның тұтастығы, сонымен қатар, тұтастық тек жүйенің өзінің қасиеті ретінде ғана емес, оны өз элементтеріне қосылмайтын және сыртқы ортаға қарсы тұратын ішкі тұтастық ретінде зерттеу тәсілі болып қарастырылады. Сонымен *педагогикалық жүйелер* – жас ұрпақты және ересектерді тәрбиелеу, оқыту, білім беру мақсатында құрылған өзара байланысты құрылымдық және қызметтік компоненттердің жиынтығы.

«Педагогикалық жүйелер» ұғымы осы Заңның «Білім беру жүйесі» деп аталатын 3-тарауындағы 10-бапқа сүйене отырып, «Білім беру жүйесі – Қазақстан Республикасының *білім беру жүйесі* өзара іс-қимыл жасайтын: 1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беретін оқу бағдарламаларының; 2) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының; 3) білім беруді басқару органдары және тиісті инфрақұрылымдар, оның ішінде білім сапасы мониторингін жүзеге асыратын ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету *ұйымдарының жиынтығын* білдіреді» деген анықтамалары негізінде қарастырылады.

Педагогикалық жүйелердің компоненттері ҚР «Білім туралы» Заңның 3-тарауының 11-бабында «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерін:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды;
- 2) бастауыш білім беруді;
- 3) негізгі орта білім беруді;
- 4) орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді);
- 5) орта білімнен кейінгі білім беруді;

6) жоғары білім беруді;

7) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтиды деп көрсетілген.

Білім беру адамды тәрбиелеу және оқытуға тәуелді өзінің сапалық сипаттамасына сәйкес тек процес қана емес, білім беру мақсатының жүзеге асырылу дәрежесін көрсететін *нәтиже* болып табылады. Білім берудің нәтижесі барлық «білім беру қызметін пайдаланушылар» - мемлекет, қоғам, әрбір адамның экономикалық, адамгершілік, интеллектуалдық жағдайы үшін маңызды құндылықтарды меңгеру дәрежесімен анықталады.

Бүгінгі білім беру *нәтижесіне* қойылар талап дәстүрлі білім, білік, дағдылар қалыптастырудан да жоғары *білім беру сапасы* алынып, сапа көрсеткіштері ретінде *құзіреттіліктер* қарастыруда.

Құзіреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін екі басты түрі белгіленіп отыр. Олар:

- «*пәндік*» - белгілі бір саланы игеруге қажетті білім мен білік;

- «*пәннен жоғары- метапәндік*» - адамның өз білімін пайдалана алу және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекетерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері.

Білім беру мазмұны педагогикалық процестің мәнді жағымен де шартталады, өйткені тұлғалық сипаттағы сұрақтарға жауап береді. «Өзбетті өмірге қандай тұлға енеді?», «Ол динамикалық дамып жатқан ортада өмір сүруге қабілетті ме?», «Өзінің және қоғамның қызығушылықтары бойынша өзін-өзі өзектендіруге дайын ба?», «Қандай құндылық бағдарлардың тасымалдаушысы болады?», «Ойлары мен идеялары қаншалықты шығармашыл болады?», «Тұлға қоғамда қандай өмірлік позицияны ұстанады?», «Қоршаған ортаға, басқа адамдарға қандай қатынасының көрінуімен сипатталады?».

Педагогика курсының мазмұнын құруда білім алушылардың жас шамасы, олардың жалпы білімділік деңгейі, болашақ кәсіби қызметтің сипаты сынды параметрлер есепке алынады. Мазмұнды белгілеуде педагогикалық мәселелердің теориялық өңделу деңгейі де маңызды. Оқу пәнінің мазмұнына педагогиканың ғылым ретінде дамуы әсер етеді. Біздің еліміздегі жалпы орта білім, кәсіби орта және жоғары оқу орынының дамуы педагогикада жаңа мәселелердің туындауына, оның әрі қарай дамуына әкеледі.

Соңғы уақытта білім берудің мазмұнын жасауда жаңа тұрғы кең таралған. Ол болашақ маманның еңбегінің сипаты мен мазмұнын зерттеудің негізінде жасалады. Осы зерттеулер нәтижесінен педагогтың кәсібилігіне қойылатын талаптар белгіленеді. Бұл педагогтардың профессиограммасын жасауда қолданылады.

Педагогика курсының мазмұны стандартта, бағдарламада, оқулықтарда жинақталған. Ол негізгі курстан, таңдау курстарынан құралған.

Біздің еліміздегі жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты жоғары кәсіби білімнің құрылымын, жоғары білім құжаттарын, білім бағдарламалары мен оны жүзеге асырудың жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды, студенттің оқу жүктемесінің нормативін, жоғары оқу орнының академиялық бостандығын, білім бағыттарына қойылатын талаптарды, мемлекеттік бақылау ережелерін орнатады. Жоғары білім беру стандарты- жоғары оқу орны түлегінің білімі мен біліктеріне қойылатын қажетті талаптардың минимальды жүйесі. Осы талаптардың орындалу көрсеткіші жоғары оқу орнының түлегін жұмысқа алушыға толықтай кепілдік бере алады. Сондықтан стандарт оқу орнының орналасу аумағына қарамастан түлекті қажетті сипаттамамен (мінездемемен) қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік стандартта ұлттық жоғары білім беру жүйесін европалық және халықаралық білім кеңістігіне енуге мүмкіндік беретін Болонский декларациясының маңызды сипаттамалары қарастырылған. Стандарт кредиттік білім беру жүйесіне негізделген, ал ол өз кезегінде ұлттық оқу бағдарламаларын халықаралық мойындауды қамтамасыз ету мақсатын, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының мобильділігіне жағдай туғызуын, білім сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді. Кредиттік жүйе өзбетті білім алу деңгейін жетілдіру мен шығармашылық тұрғыдан жекелей игеруге, білім траекториясын таңдау мен білім көлемін кредитпен өлшеуді қамтитын білім беру жүйесі деп есептелінеді. Стандарт үнемі өзгеріп отыратын нарық жағдайында түлектердің жоғары мобильдігін қамтамасыз ететін, мамандық моделінің құзырлығына негізделген. Маманның аталған моделі жоғары оқу орны түлегінің қажетті компетенттілігінің сипаттамасын, ол қандай кәсіби қызметтерді орындауға дайын болу

керектігін, және де ол нақты қызметтерді орындауға қаншалықты дәрежеде дайын болу керектігін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы жалпы білім беру және кәсіби білім беру болып жіктеледі, оның әрқайсысына тән циклге біріккен пәндер тізімі болады: жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер циклі (БП), мамандандырылған пәндер циклі (КП), оқу жұмысының басқа түрлері (тәжірибе, әскери дайындық). Әрбір цикл міндетті және таңдау пәндерінен тұрады. Жалпы білім беру пәндері (ЖБП) білім бағдарламасы мазмұнының 25%, базалық пәндер (БП) жалпы білім беру бағдарламасының 50%, мамандандырылған пәндер 25% құрайды. Жалпы білім беру пәндері (ЖБП) тізімінде міндетті пәндер мен таңдау пәндері нақты көрсетіледі. Бакалавр білім үдерісінің аяқталуының негізгі критерийі студенттің 128 кредит немесе 5760 академиялық сағат көлеміндегі теориялық сағат оқуы. Магистрлік бағдарлама бойынша дайындау елімізде 1995 жалы эксперимент түрінде енгізілді. Оқу жоспарын жоғары оқу орны ұсынып, бекітіп отырды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді көтеру тұжырымдамасына және ГОСО РК 5.03.02.-2004 сәйкес магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білім болып есептеледі. Мамандарды дайындау екі бағытта жүзеге асады: оқу уақыты 1 жыл болатын профильдік және ғылыми-педагогикалық – 2жыл. Сонымен қатар магистратура бағдарламасы оқудың ғылыми-методологиялық бағытын айқындап, кәсіби дайындығының тереңдігін қамтамасыз ету керек. Профилдік магистратурада магистрант кем дегенде 30 кредит, ал ғылыми-педагогикалықта -60 кредитті игеруі керек. Мемлекеттік стандартқа сәйкес әрбір кредит академиялық кезеңдегі магистранттың жұмасына 1 академиялық сағат аудиторлық жұмысына тең, әрбір академиялық сағатта 2 сағат өзбетті жұмыс болады. Теориялық дайындық екі пәндер циклін қамтиды: оқу бағдарламасының 40% қамтитын базалық пәндер (БП) және мамандандырылған пәндер (КП) қамтиды. 20% магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына тиесілі. Базалық пәндердің міндетті компоненті стандартпен белгіленеді. Қорытынды мемлекеттік аттестацияда кешенді емтихан мен магистрлік диссертацияны қорғау қарастырылған. Яғни аталған стандарт бойынша таңдау пәндері мен өзбетті жұмыстың көлемі артады.

Құрылымдық жағынан оқу бағдарламалары үш негізгі компоненттерден тұрады. *Бірінші компоненті:*

1) түсінік хатта жоо-ның оқу пәндері жүйесіндегі сол нақты оқу пәнін оқып-үйренудің мақсаттық бағдары;

2) оқу пәнінің негізгі міндеттері, оның тәрбиелік мүмкіндіктері;

3) оқу пәнін құруда негізге алынатын жетекші ғылыми идеялар анықталады.

Екінші компонент - білім берудің өз мазмұны: тақырыптық жоспар; курс бойынша бөлімдер мен тақырыптардың тізбесі; негізгі ұғымдар, іскерліктер мен дағдылар; сабақтардың мүмкін болатын түрлері.

Үшінші компонент – бағдарламаны жүзеге асыру жолдары туралы кейбір әдістемелік нұсқаулар.

Білім берудің мазмұны қалыптастырудың негізгі үш деңгейін бөліп айтуға болады, олар: *жалпы теориялық түсінік деңгейі, оқу пәнінің деңгейі, оқу материалының деңгейі.* Педагогика курсының мазмұны төрт негізгі бөлім енгізілген: 1) педагогиканың жалпы негіздері; 2) дидактика; 3) тәрбие теориясы 4) мектептану.

Білім берудің мазмұны мен құрылымы тұжырымдамасының негізінде базистік оқу жоспары, жекелеген білім салаларының тұжырымдамалары, оқу бағдарламалары және пән оқулықтары жасалады.

«050103- Педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіби қызметінің саласы

Кәсіптік іс-әрекетінің шеңбері: білім беру жүйесі.

6.2 Кәсіби қызметінің объектісі

Бітірушілердің кәсіптік қызмет объектісі болып жалпы білім беретін орта мектеп, мектепке дейінгі білім және тәрбие жүйесі, бастапқы және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, педагогикалық колледж бола алады.

6.3 Кәсіби қызмет пәні

Кәсіптік қызмет пәндері болып мыналар есептеледі: оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, нәтижелері, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру жолдары; потенциалды мүмкіндіктерін дамыту мақсатымен психиканың тұлғалық және когнитивтік аумақтарын зерттеу; жекелік және

дифференциалды қатынасты даралы-бағдарлы білім беру арқылы жүзеге асыру.

6.4 Кәсіптік қызмет түрлері

050103 – «педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалаврлар төмендегідей кәсіптік қызмет түрлерін атқара алады:

- ұйымдастырушылық - технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру);

- өндірісті-басқарушы («субъект-субъект» өзара әрекеті);

- жобалау (бастауыш мектептегі білім беруді моделюдеу);

- ғылыми-зерттеу (түрлі ғылыми-зерттеу мекемелердегі ғылыми зерттеу жобаларын моделюдеу және жүзеге асыру, озық педагогикалық тәжірибені ғылыми негізде зерттеу, жинақтау, тарату);

- білім берушілік (психология және педагогика пәндерінің оқытушысы, білім беру жүйесінің педагог-психологы, мамандарды дайындау және қайта дайындау);

6.5 Кәсіптік іс-әрекетінің қызметі оқушылардың субъекттік іс-әрекеттерін ұйымдастыру және тұлғаның қалыптасу мен даму процесін басқару.

6.6 Кәсіптік іс-әрекеттері міндеттерінің түрлері

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуда қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау; Отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің сапалық деңгейін көтеру, озық педагогикалық технологияны меңгеру және оны тәжірибелік іс-әрекетке ендіру.

6.7 Кәсіби қызметінің бағыттары

Кәсіби қызметінің негізгі бағыттары: сынып ұжымын ұйымдастыру; оқушыларды оқыту және тәрбиелеу; ата-аналар жұртшылығымен байланыс орнату; Білім беру тұжырымдамасының талаптарын жүзеге асыру; ғылыми теориялық білімдері мен кәсіптік біліктілігін көтеру; түрлі конференцияларға қатысу, озық педагогикалық және өзіндік тәжірибені зерттеу, жинақтау; жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және ендіру.

6.8 Кәсіби қызметтің мазмұны

Педагог-психологтың кәсіби қызметінің мазмұны педагогикалық ғылым мен тәжірибенің талаптарына сәйкес психологиялық-педагогикалық үрдісті ұйымдастыру, оқушыларының ата-аналарымен жұмысты, мектептен тыс тәрбие мекемелерімен байланысты әріптестерімен ғылыми және

әдістемелік қарым-қатынасты, білім беруді дамытудың тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтиды.

6.9 050103-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалаврдың түйінді құзіреттеріне қойылатын талаптар:

– педагогикалық процестің даму заңдылықтарын ойша елестете білуі керек;

– білім берудің жалпы заңдылықтары мен өзіне тән ерекшеліктерін, оқыту, тәрбие және дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін, педагогиканың және психологияның ұғымдық концептуалды аппаратын білуі керек;

– теориялық білімдерді тәжірибелік кәсіптік іс-әрекетінде ұйымдастыру біліктілігі болуы керек;

– педагогикалық және психологиялық іс-әрекетте оқу-тәрбие шараларының жоспарларын, жобаларын, бағдарламаларын жасап жүзеге асыру және оларды ЖОО, колледж, мектеп жұмысында психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету дағдысы болуы керек;

– білім беру сапасының тиімділігін жақсарту мен арттыруды; педагогикалық-психологиялық мәселелерді қою және шеше білуді жетік білуі керек.

Пәннің білімдік материалдың нақты мазмұны оқулықтар мен әртүрлі оқу құралдарында: анықтамалықтар, жаттығулар жинағы, қосымша әдебиеттік кітаптар, практикумдар, оқу-әдістемелік кешендер және т.б. ашылады. Сонымен қатар оқу материаланың мазмұны электрондық жинақтағыштарда (видеодискалар, видеокассеталар, компьютерлік бағдарламалар) беріледі.

Оқу материалының мазмұны негізінен оқулықта көрініс табады. Оқулық – белгілі бір оқу пәні бойынша ғылыми білімдердің негізін баяндайтын кітап. Оқулық екі негізгі қазметті атқарады: білім беру стандартында көрсетілген мазмұнды білім алушыларға түсінікті формада ашып көрсететін оқу ақпаратының көзі болып табылады; білімдік процесті, соның ішінде өздігінен білім алуды да, ұйымдастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу құралы болып табылады.

Оқулықтың құрылымы мәтіннен (негізгі компонент ретінде) және мәтіннен тыс (көмекші) компоненттен тұрады.

Түсіндірмелік мәтінге оқулыққа пәндік кіріспе, бөлімдер, тараулар; ескертулер, түсініктемелер; сөздіктер; анықтамалықтар т.б. кіреді.

Оқулықтарда оқу мәтіндерінен басқа мәтіннен тыс компоненттер болады. Оларға материалды меңгеру аппараты; иллюстрациялық материалдар; бағдарлау аппараты жатады.

Материалды меңгеру аппараты: сұрақтар, тапсырмалар, ескертулер,инструктивтік материалдар, кестелер, жаттығулар және т.б. қамтиды.

Иллюстрациялық материалдарға пәндік және сюжеттік материалдар, құжаттар, диаграммалар, кестелер, сызбалар, графиктер, анықтамалықтар және т.б. жатады.

Бағдарлау аппараты алғы сөз, ескертпелер, қосымшалар, көрсеткіштер, белгі-символдарды қамтиды. Оқу құралдары оқулыққа қосалқы болып есептеледі, оның мазмұнын тереңдетеді және кеңейтеді.

Бастапқыда оқытылатын пәндердің құрылымы арнайы орта және жоғары мектептерде оқытылатын пәндерден белгілі бір айырмашылықтары бар. Жоғарғы оқу орындағы оқу пәнінің мазмұны ғылым құрылымына жақын, онда ғылымның жаңалықтары, шешілмеген мәселелері қарастырылады.

Сонымен үздіксіз педагогикалық білім беру маманды дайындауды білім берудің үш кезеңін: жоғары оқу орнына дейінгі, педагогтің базалық кәсіби білімін, жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қамтитын білім беру жүйесінің интеграциясына негізделіп қарастырылады. Әрбір кезеңнің мақсаты мен міндеттері кәсіби-педагогикалық бағдарымен анықталып, оның мазмұнына, формасына, оқыту әдісіне сәйкес шешіліп отырады Өзінің мақсаты бар әрбір кезең міндеттерін жасайды, ал ол міндеттер өз кезегінде келесі кезеңнің міндеттерін айқындайды.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім міндеттері:

- Білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау, педагогикалық әрекеттің мүмкіндіктері мен қабілеттерін тексеру;
- Болашақ кәсіби әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін көп спектрлі таным және кәсіби қызығушылығын дамыту;
- Педагогикалық және әлеуметтік қабілеттерін: көркемөнер, музыкалық, спорттық, математикалық анықтауға жағдай жасау;

- Білімалушыларды әрекетке қатыстыра отырып, педагогикалық әрекеттегі алғашқы тәжірибе алуларына бағыттау;
- Өзінің жеке мүмкіндіктерін адамға қоятын педагогикалық әрекет талаптарымен салыстырып қарауына мүмкіндік беретін алғашқы кәсіби тәжірибе жасауына мүмкіндік бере отырып, мамандық таңдауының дұрыстығына көзін жетілдіру.

Жоғары білім беру міндеттері:

- негізгі құзырлығының (білім, мәдени, лингвистикалық, ақпараттық) кең спектрін қалыптастыру, таным білігі мен дағдыларының жоғары деңгейін үйрену;
- жалпы белгілік жүйені, яғни «тілдік дайындықты» (ана тілін, орыс тілін, шет тілін, математика, информатика тілдерін білу) игеруге мүмкіндік беретін жалпы функциональдық сауаттылығын қалыптастыру;
- өзіндік әрекетін жоспарлау біліктілігін үйренуіне мүмкіндік беретін өзіндік реттеу негізін игеру, өзінің жеке психикалық жағдайының дамуын бақылап, түзету біліктілігі, сол арқылы өзге педагогикалық әрекеттің субъектілерінің реакциясы мен жағдайларын жақсы түсініп, ескеру;
- білім стандарты айқындаған қажетті дайындық деңгейін барлық оқу үдерісі барысында қадағалау;
- жеке әрекетін ұйымдастыру дағдысын, өз бетті әрекет ету білігін дамыту;
- студент дайындығының сапасын мемлекеттің, тұлғаның, қоғамның көзқарас талаптарына сай қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің міндеттері:

- кәсіби қалыптасудың түрлі кезеңдеріндегі: кәсіби бейімделу, қалыпты әрекет ету, шеберлену, педагогтың кәсіби қалыптасуларына жағдай жасау;
- педагогикалық әрекеттегі қиындықтарды жеңудің психологиялық жағдайларын анықтау;
- қиындықты жою үдерісін белсендендіру;
- өзінжетілдіру, өзбетті білім алу, өзін қалыптастыру, яғни өзінің арнайы және психолого-педагогикалық дайындығын жетілдіру кезеңдерінде психологиялық қолдау көрсету.

Екінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Білім және оның мазмұны туралы түсінік бер. Білім мазмұнының көздерін ата. Оқу мазмұны неде және қалай көрініс табады?
2. Білім мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды көрсет.
3. Оқу жоспары, оқу бағдарламасы дегеніміз не?
4. Оқулық, оқу құралы дегеніміз не? Оқулыққа қойылатын талаптарды ата.
5. Оқу жоспары неше компоненттен тұрады?
6. Қазіргі мектепте оқытылатын ғылымдарды таңдау өлшемдерін көрсететін кесте құрастыр.
7. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына талдау жаса.
8. Оқу жоспарлары типтерінің кестесін құрастыр және жалпы орта мектептің базистік оқу жоспарына талдау жаса.
9. Ғылым мен оқу пәнінің сәйкестігін сипаттайтын кесте дайында.
10. Қазіргі даму кезеңіндегі қазақстандық мектептердің білім мазмұнының мәселелері.
11. Жалпы білім беру мазмұнын таңдау принциптері мен критериілері.
12. Жалпы орта білім беру мазмұны.
13. ҚР «Білім туралы» Заңы.
14. Жалпы, политехникалық және кәсіптік білімнің өзара байланысы.

Екінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.- Орта білім. Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003-2007. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.
2. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Алматы, 1998.
3. Қазақстан Республикасы конституциясы. Алматы, 1995.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007.
5. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- 2002
6. ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2004 жылғы 11

қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы.-Алматы: ЮРИСТ, 2008.-216б.

7. Афонина Г.М. Педагогика. Ростов-на-дону. 2002
8. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1993.
9. Педагогика ./Курс лекций. А., 2003.
10. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. М., 2000.
11. Подласый И.П. Педагогика. М., 2003.
12. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.
13. Лихачев Б.Т. Педагогика М., 1998.
14. Слостенин В:А., Исаев И.Ф. Педагогика М., 1997.
15. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса; А. АГУ им. Абая.
16. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. - М.: Аспект Пресс, 1995. Исаев И.Ф. Теория и практика формирования профессионально-педагогической культуры преподавателя высшей школы. - М., 1993.
17. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография: Алматы «Ғылым», - 350с. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб.пособие для студ.сред.пед.учеб. заведений /С.А. Смирнов, И.Б.Котов, Е.Н.Шиянов, Т.И. Бабаева и др.; Под ред С.А.Смирнова.-2-е изд., испр.и доп.- М.: Издательский центр «Академия», 1999.-544б.
18. Колесникова И.А. Педагогические цивилизации и их парадигмы. //Педагогика. - 1995. - №6. -84-89б.
19. Попков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы. 2004.
20. Громкова М.Т. Педагогика образования взрослых. - М., 1995.

III. ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1. Педагогиканы оқыту процессі және оның ерекшеліктері

Өркениеттің қазіргі даму сатысының ерекшеліктері мәдениеттің, экономиканың, қоғамдық және жеке өмірдің барлық аймақтарындағы жаһандық инновациялармен байланысты. Әлемдік технологиялық өзгерістер, интеллектуалдық интеграцияның дамуы, өндірісте электрондандыруды кеңінен пайдалану ХХІ ғасырдың жаңа тенденцияларын: ғылыми, жоғары технологиялық, ақпаратқа және коммуникацияға толы, бүгінгі күннің міндеттерін шешуді талап ететін, болашаққа бағдарланған тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берді.

ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, қоршаған ортаға, адам денсаулығына ұқыпты қатынас дәуірі. Адамзаттың жаңа дәуіріне жаңа білім беру жүйелері және оқытудың жаңа модельдері сәйкес келуі қажет.

Әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері оның білім беру жүйелерімен, жұмыс күшінің барлық деңгейлерінде даярланған азаматтардың білімділігімен анықталатыны байқалды. Қоғамның білімділік әлеуеті мықтылықтың перспективті және стратегиялық факторы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуының, халықтың өмір деңгейі мен сапасының артуының кепіліне айналды.

Қазіргі әлемнің басты ерекшелігі болып жатқан үрдістердің жаһандануы, ол адамның дүниеге көзқарасына ықпал етеді. Болашақтағы даму адамның мәдениетінің, түсінушілігінің және даналығының деңгейімен анықталады деп саналуда:

- әрбір адамның ғаламшардың болашағына жаһандық жауапкершілігі түсінілуде;
- ойлаудың көпқырлығы мен икемділігіне объективтік қажеттілік мойындалуда;
- білім берудің жауапкершілікті ойлау және саяси шешімдер үшін идеялар көзі ретінде рөлі артуда;
- мамандар даярлығының сапасы отандық өнімнің әлем нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне және ұлт өмір сүру деңгейіне тікелей әсері түсінілуде.

Осыған байланысты білім берудегі дағдарысты жеңу білім берудің жаңа парадигмаларын іздеуден көрінеді. *Парадигма* философиялық мағынасында – уақытпен өзгертін және ғылымның

дамуының қандай да бір сатысына тән бастапқы тұжырымдамалық үлгі.

Бұл бағыттыға ғылыми ізденіс білім беру философиясымен жүргізіледі, бұл адамзаттың өзекті мәселелерін шешуде білім берудің құндылықты-мәнді аспектілерін, білім берудің әлеуметтік рөлін зерттейтін ғылым. Оның басты қызметі прогностикалық қызмет болып табылады.

Бұл жағдайларда адамзат интеллектісін жаңа операциялды мүмкіндіктермен қаруландыру туралы ғана емес, оның инновациялық қабілеттері туралы сөз болуда.

Инновациялық білім берудің мақсаты жаңаны игеріп қана қоймай, сондай жаңаны ойлап шығара алатын новатор-маманды қалыптастыру. Білім берудің жаңа жүйесіндегі орталық орын жаңа білімді өндіру алу қажет (іргелі және қолданбалы ғылыми ізденістер, тәжірибелі өндіріс т.с.с.). Соңғысы әрдайым орын алып отырды, алайда ақпараттық қоғамға көшу жағдайында жоғары мектептің білім беру үрдісінің міндетті бөлігіне айналды.

Кәсіби білім беру мақсаты педагогикалық іс-әрекеттің жүйекұраушы қызметі. Мақсатты тандаудан оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдау тәуелді болады. Педагогикалық мақсаттардың түрлері өте көп. Олардың ішінен білім берудің нормативтік мемлекеттік мақсаттарын, қоғамдық мақсаттарды, оқытушылардың өздерінің бастамашыл мақсаттарын бөлуге болады.

Нормативтік мемлекеттік мақсаттар – бұл үкімет құжаттарында, мемлекеттік білім беру стандарттарында анықталатын жалпы мақсаттар. Сонымен бірге қоғамдық мақсаттар орын алады. Олар қоғамның түрлі топтарының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын және кәсіби даярлық жөніндегі сұраныстарды бейнелейтін мақсаттар. Мәселен, олардың ерекше мақсаттарға жұмыс берушілердің мақсаттары жатады. Бұл сұраныстарды оқытушылар ескеріп, мамандандырудың түрлерін, оқытудың түрлі концепцияларын тудырады.

Бастамашыл мақсаттар – бұл оқу орнының түрін, мамандандыру саласы мен оқу пәнін, студенттердің даму деңгейі мен педагогтардың даярлығын ескере отырып, педагог-практиктер мен студенттердің өздері жасайтын тікелей мақсаттар.

Қорытынды мақсаттар жиынтығы – оқу соңында маманнан шешуді қажет ететін міндеттер тізімі, маман модельдері (профильдері) деп атқа ие болды.

Маман моделі өзінен өзі психолого-педагогикалық модель болып табылмайды. Оның мазмұнының негізіне қандай да бір қызмет атқаратын қызметкерге қойылатын талаптар жүйесінде тіркелетін біліктілік сипаттамалары жатады. Онда берілген қызметтегі тағайындау, қызметкердің қызметінің негізгі сипаты, оның не білу, істей алу керектігі, қандай тұлғалық қасиеттерінің болу керектігі тізбектеліп көрініс табады.

Маман моделінен оны даярлау моделіне көшудің бірінші қадамы болашақ кәсіби қызметінің ол шешуі тиіс типтік міндеттері бөлу және толық бейнелеуді қажет етеді. Типтік міндеттер иерархияны құрайды, ол бір уақытта жоғары білім берудің мақсаттарының иерархиясын құрайды.

1. Бұл сатылықтың жоғарғысын – *нақты мамандықтан немесе өмір сүріп жатқан елінен тәуелсіз барлық мамандар шеше алатын міндеттер* құрайды. Олар осы тарихи дәуірдің сипатын анықтайды және ғасырдың міндеттері деп шартты түрде аталуы мүмкін. Қазіргі уақытта бұл міндеттерге мыналарды жатқызуға болады:

Экологиялық міндеттер (адамдардың өндірістік және басқа әрекетінің табиғатқа кері әсерін азайту және т.б.)

Үздіксіз жоғары білім беруден кейінгі міндеттер (тиімді іздеу, ақпаратты талдау және сақтау, оларды кәсіби мәселелерді шешуге қосу және т.б.)

Қазіргі қызметтердің көпшілігінің ұжымжық сипатынан шығатын міндеттер (ұжымның басқа мүшелерімен байланыс орнату, біріккен іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыстардың нәтижелерін болжауда «адами факторды» ескеру және т.б.)

2. Екінші деңгей – берілген *мемлекетке бағытталған арнайы міндеттер*. Біздің елімізде қазір нарықтық қатынастарды дамытуға байланысты міндеттер өзектілікке ие (жобаларды экономикалық негіздеу, сенімді серіктестер мен қаржылық көздерді іздеу, шетел нарығына шығу және т.б.)

Маңыздылығы жағынан тағы бір міндеттер *ұлттаралық қарым қатынас мәселелерімен* байланысты (ұлттық дәстүрлер мен салттарлы ескеру, ұлттық сезімдерге құрметпен қарау, ұлтшылдық пен шовинизмнің кез келген көрінісіне бара-бар қарау). Ең

соңғысы, қазіргі маман демократия, ашықтық, және діни төзімділік жағдайында өндірістік, басқару және экономикалық міндеттерді шеше алу қажет.

3. Үшінші деңгей - *кәсіби міндеттер*; ол шешілетін міндеттер көлемі мен түрлері бойынша ең ауқымдысы болып табылады.

Жалпылай түрде бұл міндеттер кез келген мамандық үшін үш түрге бөлінеді:

- *Зерттеуші міндеттер* (білімнің сол немесе басқа саласында зерттеушілік іс-әрекетті жоспарлау және жүргізуді іскерлігін талап етеді);

- *Практикалық міндеттер* (болашақ кәсіби қызметінде нақты нәтиже алуға бағытталады)

- *Педагогикалық міндеттер* (сәйкес пәннен оқу орнында не өндірістік оқыту жағдайында сабақ беру).

Үшінші деңгейдің міндеттерінің әрқайсысын суреттеу үшін арнайы кәсіби білімді талап етеді.

Міндеттердің барлық түрлерін талдау және қайталанатын элементтерді алып тастау негізінде маман қызметінің моделі құрылады. Бірақ, егер студенттерді осы модельге бағдарлап даярласа, онда ЖОО бітірер кезде бұл модель ескіріп қалады.

Міндеттер сипатының өзгеру тенденциясын анықтау және маман қызметінің болжамды моделін құру бойынша өте күрделі жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындайды. Ол жоғары білікті мамандардың қатысуымен арнайы зерттеулерді талап етеді. Сондықтанда тек болжамды модель негізінде маман даярлаудың моделін өңдеуге батыл кірісуге болады. Соңғысы толық дайын болған кезде оқу жоспарына және жеке пәндердің бағдарламаларына енгізіледі.

Педагогтің кәсіби қызметінің сапасы мәселелерін, кәсібилілігін, педагогикалық қабілеттері мен педагогқа қойлатың талаптарды зерттей отырып, белгілі ресейлік ғалым И.В. Кузьмина еңбектің нәтижелілігіне әсер ететін педагогикалық қызметкерлердің маңызды сипаттамасы қатарына олардың кәсіби құзыреттіліктерін жатқызады.

Педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде ол мыналарды бөліп қарастырады: оқытылатын пән саласындағы арнайы құзыреттілік; білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру тәсілдері саласындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту сферасындағы психолого-педагогикалық құзыреттілік;

мотивтер, қабілеттер және оқушылардың бағыттары саласындағы дифференциалды-педагогикалық құзыреттілік және аутопсихологиялық құзыреттілік.

Арнайы құзыреттілік біліктіліктен және пәнінінің, оқытуды жүргізілетін мамандық саласындағы өндірістік қызмет тәжирибесінен: нақты өндіріспен байланысты техникалық, шығармашылық міндеттерді шеше білуден тұрады. Әдістемелік құзыреттілік оқытудың әр алуан әдістерін игеруден, дидактикалық әдістерін білуден және оны оқу үрдісінде қолдана білу, психологиялық механизмдерді біліп, оқу үрдісінде білім мен дағдыны меңгеруден құралған.

Психолого-педагогикалық құзыреттілік педагогикалық диагностиканы игеруден, оқушылармен педагогикалық мақсатты қарым-қатынас құра білуден, педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде жеке жұмыстарды жүзеге асыру: жасерекшелік психологиясын, тұлға аралық және педагогикалық қарым-қатынас психологиясын білу, оқушылардың таңдаған кәсіптеріне, беретін пәндеріне деген қызығушылықтарын оята білуден құралған.

Дифференциальды-психологиялық құзыреттілік жеке ерекшеліктерді анықтай білуден, оқушылардың бағытталуынан, адамдардың эмоциялық жай-күйін анықтаудан, жетекшілермен, әріптестер және оқушылармен сауатты өзара қарым-қатынас орната білуден тұрады. Аутопсихологиялық құзыреттілік өзіндік қызмет деңгейін, өзіндік қабілеттерді тани білуден: кәсіби өзін-өзі жетілдіру тәсілдері жөнінде білуден: өз жұмысындағы, өзіндегі кемшіліктердің себеп-салдарын көре білуден, өзін-өзі жетілдіру ниетінен тұрады.

Кәсіби құзыреттілік өз құрылымында: қабілеттер (кәсіби қызметке жалпы және жеке); тұлға сапасы (жеке тұлғалық және кәсіби-педагогикалық); қызметке дайын болу, психофизиологиялық дайындық және білім, білік және дағды (пәндік, психолого-педагогикалық, басқарушылық) секілді тәжирибе компоненттері білім ретінде қарастырылады. Өзін кәсіби маман және тұлға ретінде тану маңызды компонент болып табылады. Кәсіби құзыреттілік маманның біліктілігін көтеру үрдісінің жүйе қалыптастыру категориясы және өзін-өзі дамытуы ретінде көрінеді.

Кәсіби құзыреттілік түсіндірмесіне ықпалдардың әр түрлілігі, аталмыш ұғым анықтамасының динамикалы және

көптармақтылығымен түсіндіріледі. Бұл ұғымның мағынасы қоғамда, білімде, ғылымда болып жатқан өзгерістерге сәйкес әртүрлі көзқарастар шеңберінде қарастырылады.

Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық процесс барысында қалыптасады. Педагогикалық процесс барлық оқу орындарында іс-әрекеттің негізгі өзегі болып табылады. Жоғары оқу орындағы педагогикалық процестің құрылымды компоненттері: ішкі өзгерістерге, біліктілікке, тәрбиелікке, құлықтық, интеллектуалды, эмоционалды және болашақ педагогтің өз кәсібилігін көтеру.

Жоғары мектеп педагогикасының нақты қызметіне бағыттанып барлық компоненттері өзгеріп отырады. Педагогикалық үрдіс келесі қызмет атқарады:

- білімділік – студенттің білімділігін көтеру;
- тәрбиелеушілік – құндылықтар, идеалдар, тұлғалық қасиеттерінің дамытылуы;
- дамытушылық – тұлғаның түрлі сферасының дамуы: эмоционалды-ерікті, сенсорлы-интеллектуалды;
- әдістемелік – форманың, әдістің, құралдың таңдалуы студент пен оқытушы арасындағы іс-әрекетті, педагогикалық үрдісті қалыптастырады;
- талдау-нәтижелік – жаңа міндеттерді өндеу, қорытынды шығару, педагогикалық үрдіс өнімділігін талдау;
- кәсібилік – барлық педагогикалық үрдіс компонентін біріктіру, болашақ мұғалімнің, маманның кәсіби білімін көтеру;

Педагогикалық өзара әрекеттесу Ю.К.Бабанскийдің, З.И.Васильевтің, Т.И. Мальковскийдің, В.А.Сластенин тұжырымы бойынша өзара белсенділікті білдіреді:

- педагогикалық әсер;
- педагогикалық әсерін белсенді қабылдау;
- ақпаратты ұғыну;
- студенттің өзінің белсенділігі және оның өз-өзіне және оқытушыға әсері.

Педагогикалық өзара әрекет кезінде субъект арасында түрлі байланыс орнатылады, ақпараттың коммуникативті, психологиялық, методологиялық, ұйымдастырушылық және басқарушылық, өзін-өзі басқарушылық. Өзара әрекет

педагогикалық процесте жүзеге асырылады. Сондықтанда педагогикалық процесті талдау оның кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді:

Бірінші кезең – жоспарлау. Педагогикалық мақсат, міндетке байланысты. Жоспарлау бейімділігімен, жоспарлармен, бағдарламасымен, басқа да құжаттардың негізін есепке алу.

Екінші кезең – дайындық. Оқу бағдарламасына, құжаттың жоспарына сүйеніп бөліктерді моделдеу. Жоғары оқу орынын диагностикалау оқу тәрбие әдістемелік жұмыстың негізі, эстетикалық гигиеналық, құлықтық пен психологиялық шарттар педагогикалық үрдісті толықтырады.

Үшінші кезең – ұйымдастыру. Прогрессивті-педагогикалық технология мен әдістемелерді негізге алып, бағдарлама, жоспар, тұжырымдаманы жүзеге асыру.

Төртінші кезең – түзету. Оқу-тәрбие процесінің компоненттерін түзету. ЖОО оқу-тәрбие үрдісіне, ұйымдастыру бөліміне өзгерістер енгізу.

Бесінші кезең – қорытынды шығару. Педагогикалық процестің нәтижелі-талдау қызметін, жетістікті диагностикалау, міндеттердің ауытқуын, табыс пен сәтсіздіктің себебін анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық процестің барлық кезеңінде байланыс орнатылса аяқталғандықты білдіреді. Оқу орнының типіне байланысты педагогикалық процестің өзіндік ерекшеліктері болады:

- ЖОО педагогикалық үрдістің жалпы білім беретін мектептен айырмашылығы келесідей:
- ЖОО нақты мақсатқа байланысты мамандарды кәсіптік дайындауда жүзеге асырады.
- ЖОО педагогикалық үрдістің субъектілерінің өзара әсерлесуін қалыптастырады.
- ЖОО педагогикалық үрдісі студенттер мен оқытушыларды ғылыми зерттеумен тығыз байланысты.
- ЖОО-да студенттердің өздік жұмысы көбейіп, оқу-тәрбие үрдістерінің жүйелі құрастырылуын талап етеді.

Педагогикалық сараман жас мамандардың толықтай кәсіби қалыптасуына мүмкіндік береді. Ол студенттерді оқыту үрдісінде, болашақ педагогтің кәсіби дайындық міндетін шешуге көмектеседі.

Сонымен, білім беру – қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларының дамуының, адамзаттың жаһандық өркениеттік міндеттерін шешудің, модернизацияның және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды интегралды факторларының бірі. Бұл мемлекеттің қазіргі әлемде экономикалық табысқа және бәсекеге қабілеттілікке жетудегі, оның азаматтарының өмір сапасының артуындағы басты құрал.

2. Педагогикадағы оқыту принциптері, олардың сипаттамасы

Оқыту процесінің жалпы мақсаттарына және заңдылықтарына сәйкесті мазмұнды, ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді анықтайтын базистік жағдайлар – *педагогиканың оқыту принциптері болып табылады*. Принцип - латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз. *Оқыту принциптері* – педагог пен білім алушылардың жұмысын реттеп отыратын принциптер. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту принциптеріне сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған педагог өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді.

Я.А.Коменский педагогикалық ойдың тарихында ең бірінші болып оқыту процесінің құрылымын анықтайтын оқыту принциптерінің жүйесін жасады. Я.А.Коменскийдің оқыту табиғаттың және адамның дамуының жалпы заңдылықтарына бағынады деген идеясы «оқытудың табиғатқа сәйкестігі» деген атқа ие болды. Ж.Ж. Руссо оқыту процесінің принциптік негізі білім алушының табиғатпен тікелей жанасуы деп есептеді. И.Г.Песталоцци оқытудың мазмұнын көрнекілік принципінен шығарады.

А. Дистервег оқыту жүйесін нақты принциптермен толтырады. Ол оларды оқыту мазмұнына, оқытушыларға, білім алушыларға талаптар түрінде қарастырды. Оқыту принциптерін жасауда К.Д.Ушинский үлкен үлес қосты. Ол мынадай принциптерді бөліп шығарды: оқытудың халықтық идеясында көрініс табатын оқытудың тәрбиелеушілік сипаты; оқытудың жүйелілігі, шамаға лайықтылығы және әлі жетерлігі; білімнің беріктігі; оқытудың саналылығы және белсенділігі; оқытудың көрнекілігі. К.Д.Ушинский осы принциптерге терең психологиялық негіздеме берді.

1927 жылғы педагогикалық энциклопедияда педагогика ғылымы мен мектептің жетістіктері жинақталып, «принцип» сөзіне анықтама берілді: мақсаты, құралды таңдауға негіз болатын ой.

А.П.Пинкевич ұсынған принциптер: оқытудың өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы; жас ерекшелігі принципін сақтау; оқытудың белгілі бір жас кезеңіндегі білім алушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (білім алушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық - қызығушылықтың басты негізі); пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау. Ол «Оқыту принципін дидактиканың тұғырлы принциптері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар», - деп тұжырымдалады.

Н.Медынский ұсынған принциптер: ғылым негіздерін жүйелі меңгеру; білімді саналы меңгеру; теорияның тәжірибемен байланысы; тәрбие беретін оқыту; оқыту әдістерінің алуан түрі; жалпы және политехникалық білімі.

В.Е.Гмурман ұсынған принциптер: оқытудың саналылығы және белсенділігі; оқытудың көрнекілігі; оқытудың жүйелілігі; ғылым негіздерін берік меңгеру.

Талданған оқытудың принциптері білім алушыларға берік, жүйелі білім беруге бағытталды. Оқыту принциптерін аталған педагогтардан басқа М.А.Данилов, М.Н.Скаткин зерттеді. Зерттеу қорытындылары бойынша И.П.Подласый, Т.Сабыров, т.б. оқыту принциптерінің шарттарын анықтады.

Қазіргі оқытуда саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, теория мен тәжірибе бірлігі сияқты принциптер кең қолданылады. Принциптердің талаптары Педагогтің түрлі принциптерді қолдануы арқылы орындалады.

Принциптерде педагогке нақты нұсқаулар беріледі. Оларды ғылым жетістіктеріне, өмір талабына сай толықтыруға және түзетуге болады. Принциптер педагогикалық процесті реттеп отырады. Олардың талаптары принциптер арқылы жүзеге асады.

Ғылымилық принципі білім алушыларға ғылымда ашылған білімдерді меңгертуді талап етеді, сондықтан оқу жоспарлары мен бағдарламаларына ғылыми білімдер енгізіледі. Оларды меңгерту үшін пәнаралық байланыстарды қолдану керек.

Шарттары: педагогиканың, психологияның, озық тәжірибенің жетістіктерін қолданып оқыту. Педагогикалық еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыруға берілген нұсқауларды орындау; индуктивтік

және дедуктивтік тәсілдерді қолдану; жаңа ұғымдарды жүйелі түрде қайталау; ғылыми таным әдістерін қолдану. Білім алушыларды іздендіру, шығармашылық жұмыспен айналыстыру; жаңа ұғымдарды бір рет түсіндірумен шектелмеу; білім алушыларды көрнекті ғалымдардың өмірі және қызметімен таныстыру; жаңа ғылыми терминологияны қолдану; білім алушыларды ғылым жетістіктерімен таныстырып отыру; білім алушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; тәжірибе жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау; білім алушының оқуында жаңалық ашуына, оған қуануына мүмкіндік беру; жалған сөйлемей.

Оқытудың бірізділігі және жүйелілігі принципі. Бұл принциптің ғылыми ережесі: білім алушының білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнелену керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту процесі білім алушылардың білімді меңгеруіне көмектеседі. Дағдыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін қисынды ойлау тәсілдерін талап ететін жұмыстар жүргізіледі. Әйтпесе дағды жойылады, білім алушы дұрыс ойлай алмайды, дамуы нашарлайды.

Шарттары: білім алушыларға білімді меңгерту үшін сызбілім алушыларды қолдану. Оқу материалын бөліктерге бөліп, оларды рет-ретімен түсіндіру; оқыту мазмұнындағы, тәсілдеріндегі жүйені бұзбау; пәнаралық байланыс тұрақты түрде қолдану; білім алушылармен бірге тірек-конспектiлерiн, сызбасын жасап, білімді есте сақтауды жеңілдету; бұрынғы оқығандарды жиі қайталау; өткен материалдарды сабақтың басында, бекіту кезінде, жеке сұрақтарды түсіндіргеннен кейін қайталау; материалға ой-пікірлерді жасанды түрде енгізу; білім алушылардың өз ойларын қалай айтатынын қадағалау; білім алушыны өздігінен жұмыс істеуге үйрету, көмектесу; білім алушылардың білетіндерін айтқыза бермей, тек сабаққа қатыстыларын айтқызу. Әркімге белгілі әңгімелерді айта бермеу; жүйелі білім қисынды, сезімді талап ету; бар күш-жігеріңізбен, шабытпен оқытып, өмірден, әдебиеттен айшықты мысалдар келтіру; пәнді, бөлімді оқып болғаннан кейін міндетті түрде қорытынды-жүйелеу сабақтарын өткізу; білім алушылардың қателерін әдеппен түзету; білім алушыны өз қатесін талдауға үйрету; білім алушылардың даму заңдылықтарын, ақыл-ой белсенділігін көтеру жолдарын білу; білім алушының жасы мен

қабылдауын ескеріп, тапсырмалар беру; жүйелі білім есте жақсы сақталады.

Саналылық және белсенділік принципі. Өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Білімді саналы меңгеруге оқу желісі, өз бетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім алушының танымдық іс-әрекетін басқару, Педагогтің әдіс-кұралдары көмектеседі. Білім алушының өзінің танымдық белсенділігі оқытуда аса қажет жағдай және оқу материалын терең және берік түсінуге орасан зор ықпал етеді.

Шарттары: жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттерін білу; түсінікті етіп оқыту; танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін қолдану; талдау, жинақтау, индукция, дедукция, салыстыру әдістерін қолдану; аналогияны жиі қолдану; бастауыш сыныпта оқытуды индукциядан бастау; білім алушыларға әр сөздің, сөйлемнің, ұғымның мағынасын түсіндіру; білім алушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйену; білім алушылардың бірін-бірі оқытуы. Дұрыс жауапты бәрі бірігіп табуы, себебі білім алушы өз жолдасының айтқанын жақсы түсінеді. Сондықтан жақсы оқитын білім алушыларға сабақ бергізу; белгілі мәліметтерді белгісіздерімен байланыстыру; ең бастысы, сіз оқытатын пән емес, пән бойынша атқарылатын жұмыстар; білім алушы факті мен білім арасындағы айырмашылықты көретіндей етіп оқыту; әрбір ережеге мысал келтіру; негізгіні түсіндіруге назар аудару, қолданылатын мысалдардың санын анықтап алу; тек қана беделмен оқыту жеткіліксіз; сезімге, ақылға әсер ететін дәлелдермен оқыту; білім алушыға оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімді тәсілдерін үйрету; әрбір ережеге мысал келтіру; негізгіні түсіндіруге назар аудару; білім алушыларды сабақтан алаңдататын жағдайларға жол бермеу; «Неге?» деген сұрақты көп өйіп, білім алушыны дамыту; дәйекті дәлелдермен оқыту; дұрыс оқыту баяндап беру емес, білімді тәжірибеде қолдану; білім алушылардың қызығушылықтарын зерттеу, дамыту; білім-сенімге айналып, іске басшылық ететіндей етіп оқыту; білім алушыны өз бетімен ойлауға, жұмыс істеуге үйрету; түрлі мәселелерді талдату арқылы шығармашылықты дамытып, танымдық міндеттерді бірнеше тәсілдермен орындату. Шығармашылық тапсырмаларды жиі беру; білім алушыларға сұрақ қойып, жауаптарын мұқият тыңдау; зат құбылыстарды, білім алушыларға бақылатып, оларды өз бетмен меңгерулеріне жағдай

жасау; дидактикалық ойын, пікір талас, ұжымдық шығармашылық істі қолдану.

Теория мен практиканың байланыс принципі. Бұл принцип классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді. Өмір және практика білім алушыларға дұрыс бағыт береді, белсенді іс-әрекетке өзірлейді. Еңбек тәрбиесі жеке тұлғаны қалыптастырады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, оқыту нысандары мен әдістеріне, еңбекке және поли-техникалық әзірлікке берілген уақытқа, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Шарттары: мектепте оқылатын ғылыми білімдердің керектігін қоғамдық-тарихи тәжірибе арқылы дәлелдеу. Білім алушы оқу тіршілікке керек екенін түсінетіндей етіп оқыту; «Білім - өмір» байланысы, өмірден алынған мысалдарды талдау. Өлкетіну мәліметтерін қолдану; білім алушыларға қазіргі жаңа технологиялар, өндірістік қатынастар, еңбектің жақсы әдістері туралы әңгімелеу және тікелей таныстыру; білім алушыларды өз білімдерін қолдануға және тексеруге үйрету. Қоршаған өмірден білім алып, оны қолдану; білім алушының әрбір сабақта өз жұмысының маңызын түсінуі. мектептің өндіріспен байланысын қолдану. «Оқу пәні өндіріс» байланысына бағыт беру, бақылау; білім алушылармен бірге өмірден алынған есептер мен жаттығуларды орындау, оқулықтың мәліметтерін өмірден алынған мәліметтермен толықтыру; аймақтың сұранысына қарай кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу; Мәселелік-ізденіс, зерттеу жұмыстары теория мен тәжірибені байланыстырудың басты құралы; еңбекке саналы қатынасты тәрбиелеу, Педагогтің еңбектегі үлгі-өнегесі; қоғамдық пайдалы және өнімді еңбекті білім алушылардың бақылауларымен, ой-толғаныстарымен ұштастыруу, сұрақтар қою, көп білуге, мәселелерді анықтауға ұмтылдыру; қоғамдық пайдалы еңбектің оқу және тәрбие мақсаттарына сай жүргізілуі. Қоғамдық пайдалы жұмыс - оқытудың өмірмен байланысын жүзеге асырудың маңызды жолдарының бірі; еңбекті ғылыми ұйымдастыруды оқу процесіне енгізу; білім алушылардың бір жұмыстағы табыстарын мадақтау, басқа жұмыстар беру; білім алушыларды жақсы жұмыс істеуге үйрету, бір-бірімен жарысып жұмыс істеуге баулу; білім алушылардың бастамашылығын мақұлдау, егер мүмкіндік болса «Жас өнертапқыштар» сайысын

өткізу; әр білім алушыны оған ұнайтын ғылым, техника, өнер салаларынан өз бетімен білім алуға ынталандыру; ақыл-ой, іс-әрекетін тәжірибе мен байланыстырып, білімнің 80-85% тәжірибе арқылы меңгерілетінін есте сақтау.

Көрнекілік принципі. Бұл ертеден қолданылып келе жатқан принцип. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы - көру мүшелері; Олар арқылы миға енетін ақпараттар білім алушылардың есінде жақсы сақталады. Кейбір заттарды есте сақтау көрнекіліксіз мүмкін емес.

Шарттары: білім алушылардың ақыл-ой жұмысы үшін формалар, бояулар, дыбыстар керек екенін естен шығармау; оқытудың алтын ережесі: көрініп тұрғандарды көрсету, еститінді естірту, иіскететінді иіскету, дәмін татып көретінді дәмін таттыру; көрнекілік - оқыту және ақыл-ойды дамыту құралы; білім алушы ұғымдар және абстрактілік принциптерді түсіну үшін нақты фактілер, мысалдар келтіру; көрнекілікті мәселелі жағдаяттар туындату үшін қолдану; көрнекі құралдық оқылатын зат және құбылыс туралы анық және дұрыс түсінік алуға көмектесуі; білім алушылардың бақылауын жүйелеп, құбылыстардың себептерін, салдарын анықтату; көрнекілікті білім алушылармен бірге алдымен түгел қарау, негізгісі мен негізгі емесін анықтау, содан кейін тағы бір рет толық қарап шығу; көрнекіліктің алуан түрін қолдану, біраң көп көрнекілік қолданбау, өйткені білім алушылардың назары басқа жаққа ауып, негізгіні түсіне алмай қалады; көрнекілікті қолданып білім алушының сезіміне қозғау салу, қалыптасқан түсініктерге сүйеніп, меңгерілетін ұғымды нақтылау; білім алушылармен бірге көрнекілік жасау, білім алушылардың өздері жасаған көрнекіліктердің де әсері мол; қазіргі көрнекі құралдарды, атап айтсақ: оқу теледидарларын, бейнежазбілім алушыларды, кодослайдтарды, жартылай экранды проекцияларды т.б. қолданып, техникалық құралдармен жұмыс істей білу; көрнекі құралдарды қолданып білім алушылардың зейінін, бай-қампаздығын, ақыл-ой мәдениетін, жобілім алушы білуін, оқуға деген қызығушылығын тәрбиелеу; көрнекілік арқылы өмірмен байланыс орнату; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай заттың көрнекілікті азайтып, таңбалық көрнекіліктерді қолдану; нақты заттар мен құбылыстарды көрсету, мүмкіндік болмаған жағдайда символдың көрнекі құралдарды қолдану.

Көрнекілік түрлері:

- *табиғи көрнекілік* білім алушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстыруды талап етеді;

- *эксперименттік көрнекілік* арқылы білім алушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды;

- *суретті көрнекіліктің* мақсаты - нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, диапозитив, мылқау кинофильмдер);

- *көлемді көрнекілік*: макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, панорама;

- *дыбыстық көрнекіліктер*: күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар, т.б.;

- *таңбалық және графикалық көрнекілік*: абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді. Олар: карта, жоспар, сызба, диаграмма;

- *жанама көрнекілік* жаңа бейнені бұрынғымен салыстырып, ол туралы түсінік қалыптастыру.

Білім алушылар білімінің беріктігі принципі. Бұл принципте мына заңдылықтар бар: білім мазмұны және білім алушылардың танымдық күштерін дамыту оқыту процесіндегі бір-бірімен өзара байланысты бөліктер; оқу материалын түсініп есте сақтау оның мазмұнына, білім алушының материалмен жұмыс істеуіне, оқытуға, педагогқа байланысты; білімнің беріктігіне оқытуды ұйымдастыру, оқыту түрлері мен әдістерінің алуан түрін қолдану, оқытатын уақыт әсер етеді. Білім алушы есінде қалуға тиісті материалдарды таңдайды, сондықтан оның есінде оған пайдалы және қызықты білімдер ғана жақсы сақталады.

Шарттары: қазіргі оқытуда естен гөрі интеллектіге баса назар аударылады. Сондықтан білім алушылардың күшін құндылықтары аз білімдерді есте сақтауға жұмсамау керек. Есте шамадан тыс оқу материалдарын сақтауға болмайды, ол ақыл-ойға зиян келтіреді; дұрыс қабылданбаған, түсініксіз нерселердің есте қалып қоюына жол бермеу. Білім алушы тек саналы меңгерілген, түсінікті материалды ғана есінде сақтау керек; әр түрлі анықтамалық әдебиеттерді, сөздіктерді, энциклопедияларды қолдануға үйрету; есте сақталу керек материалдар өте көп болмау керек, педагогтің қандай білімдер есте сақталу керек екенін анықтауы; оқытудан кейін білімді ұмыту басталады, сондықтан қайталаудың уақыты

және жиілігі ұмыту туралы психологиялық теорияларға сәйкес белгіленеді; жаңа материалды оқып болған соң қайталауды көп жүргізу керек, содан кейін қайталау азаяды, бірақ оны тоқтатуға болмайды; әр білім алушыны өз мүмкіндігіне қарай, бірақ бар күш-жігерімен жұмыс істеуге үйрету. Жалқаулықпен күресу; қызығушылықты қалыптастырмай тұрып, жаңа материалды оқып-үйренуді бастамау; оқу материалын жүйемен беру; егер оқыту қарқыны төмендесе, онда бірден себебін анықтау.

Көп кездесетін себептер: оқу процесіне қызығушылықтың төмендеуі және шаршау. Оларды жою жолдарын іздестіру; тапсырмалар және нұсқауларды көп бермеу. Білім алушыларды ақыл-кеңесті тыңдауға үйрету. Өте қызықтысын салмақтап айтыңыз. Әзіл-сықақ айтуға болады, бірақ шамадан аспаған жөн; өзара оқытуды кең қолданып, оны бағыттау. Өзара оқыту педагог қалыптастыра алмайтын сапаларды қалыптастырады; білім алушыларды оқу материалын есте сақтай білуге үйрету. Ол үшін есте сақтауды жеңілдететін мнемотехникалық (керекті мәліметтерді есте сақтауға көмектесетін принциптер мен тәсілдердің жиынтығы) тәсілдерді қолдану; білім алушының жағымды әсерін туғызбай тұрып, жаңа білім беруді бастамау. Жазалау әдістерімен берілген білім берік болмайды; қайталау және бекіту кезінде білім алушылардың естерін, ақыл-ойларын, сезімдерін жұмыс істетіп, білімдерін тереңдетіп, жаңа мысалдар келтіріп, қорытындыларды нақтылау; оқыту қисындылығын қадағалау. білім алушының оқу материалына деген он көз қарасын қалыптастыру; жаттығулар санын, орындалатын мерзімін белгілеу; оқыту нәтижелерін жүйелі түрде тексеру және бағалау;

Түсініктілік принципі. Білім алушы өзінің ойлау қабілетіне, жинақтаған білімінің, іскерлігінің, ойлау тәсілдерінің көлеміне қарай түсінеді. Аталған принципті жүзеге асыру үшін өуелі оқай, белгілі, қарапайым материалдар, содан кейін қиын, бел-гісіз, күрделі оқу материалдары оқылады.

Шарттары: оқыллатын материалдарды әрбір жас кезеңдеріне бөлу; білім алушының ақыл-ойы белгілі бір пәнді оқуға әзір болу керек екенін ұмытпау; білім алушының дайындығын, дамуын және мүмкіндігін ескере отырып оқыту. Білім алушылардың өмір тәжірибесін, қызығушылықтарын, даму ерекшеліктерін зерттеу және ескеру; білім алушыларды оқыту арқылы дамыту; мүмкіндіктері бірдей білім алушыларды біріктіру; жақсы білім

алушылардың дамуын тежемеу, оқу үлгерімі нашар білім алушыларды тез қарқынмен жұмыс істеуге үйрету; оқытудың қарқынын белгілеп, керек жағдайда өзгерту; ұқсатуды, салыстыруды, қатар және қарама-қарсы қоюды кең қолдану; жаңа және күрделі материалдарды оқып үйренуге жақсы оқитын білім алушыларды, бекітуге оқу үлгерімі нашар білім алушыларды қатыстыру; білім алушыға келген ойды танымның соқы емес, басы деп түсіну; түсініктілік педагогтің анық түсіндіруіне және тіліне байланысты; ұғымдарды нақты және біржақты етіп тұжырымдап өмірден, әдебиеттен жарқын мысалдар келтіріп, бірсарынды сөйлемеу; монологты ұзаққа созбау, педагог іс-әрекеті мен білім алушы іс-әрекетін анықтап алу. Білім алушылардың түсінігіне жеңіл оқу материалдарын өз бетімен оқуға беру; оқытудың алғаш сәтінде барлық білімді емес, тек негізгілерін беріп, бекітуге жаңа мысалдар, фактілер алып, жаңа білімді нақтыландыру; білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқару; білім алушылардың оқу жұмысын жеңілдете бермеу, олардың өз бетімен оқуына, оқу материалын талдауына көмектесу, бағыт беру; түсініктілік білім алушының жұмыс қабілетімен байланысты, сондықтан білім алушыны жұмыс істеуге үйрету.

Ынталандыру принципі. Бұл принциптің маңызы өте зор. Оқуға, білімге, педагогтің жеке басына деген, сондай-ақ оқу жұмысының барлық әдістеріне, түрлері мен нысандарына білім алушыларда ынта-ықылас болса, олардың оқу-таным әрекеті сенімді, ерікті, қуанышты болады.

Сондықтан педагог, ең алдымен, сабақтарын қызықты, тартымды, әсерлі етіп өткізуге міндетті. Ынталандыру принципі білім алушыларға жеке-дара қарауды керек етеді. Осыған орай В.С.Сухомлинскийдің берген кеңестері мыналар:

1. Білім алушылардың ақыл-ой күштері мен мүмкіндіктері бірдей емес.

2. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық заңдарын қолдануға болатын абстрактылы білім алушы жоқ: білім алушы әрқашан дара, өзінше ерекше.

3. Оқуда барлық мектеп білім алушылары үшін табысқа жетудің бірыңғай алғы шарттары жоқ.

4. Оқу қызметінің берілген сәтінде әр білім алушының неге қабілетті екенін анықтаудың маңызы зор.

5. Оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытуға болатындығын анықтау маңызды.

6. Білім алушыдан мүмкін еместі талап етуге болмайды.

7. Бағдарламада қаралған деңгейге әр білім алушы қандай жолмен, қандай кідірістермен және қиыншылықтармен келетінін дұрыс анықтап алу керек.

8. Әрбір білім алушының ақыл-ой еңбегінде бағдарламаны қалай нақтылы жүзеге асыру керек.

9. Әрбір білім алушының күші мен мүмкіндігін ашып, оны ақыл-ой еңбегінде қуанышқа кенелту.

10. Қиын білім алушыларға шамасына қарай ақыл-ой жұмыстарын беру.

11. Әрбір білім алушының оқудағы және ақыл-ой еңбегіндегі дара сүрлеуін анықтау керек. Осы сүрлеуді және жақсылық жалынының қызуын сақтау.

Шарттары: жаңа және дәстүрлі емес оқыту нысандарын қолдану; ділгірлік оқыту; компьютерлік технологияны қолдану; интерактивті компьютерлік құралдарды қолдану; өзара оқыту (жұптық, топтық); білім, іскерліктерді тест сынағы арқылы тексеру; сыныпта жағымды микроклимат жасау; Педагогтің өз пәніне, білім алушыларға оң көзқарасы; білім алушылардың оқудағы жетістіктерін көрсету; білімнің оны ашқан адамдардық тағдырымен байланысы; оқыту нысандарын және әдістерін түрлендіру.

Гуманизациялау (ізгілендіру) принципі - білім алушыға деген ерекше сүйіспеншілікті, құрметті талап етеді. Білім алушыға сенім артып, оның жеке басының қасиеттерін ескеріп, оқу-таным әрекетінің жемісті болуына қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасау керек.

Оқу үрдісінде, сабақтарда білім алушыларды қорқытпай, қысымшылық-жасамай, керісінше, олармен жылы қарым-қатынас жасау міндет. Бұл принцип гуманитарлық бағдарды жүзеге асыруды керек етеді. Мектептерде білім мазмұнын жалпы адамзаттық және ұлттың рухани игіліктерге қарай бағыттау, қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тілін, дәстүрін, көркемөнерін, қолөнерін, т.б. терең оқып-білу міндетін іске асыру керек.

Бұл принципті іске асыруда халық педагогикасының маңызы зор. Халық педагогикасы қазақ халқының ғасырлар бойы атадан білім алушыға өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан

тәрбие жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Әсіресе білім алушыларды ізгілікке тәрбиелеуде халық педагогикасының қағидалары мен салт-дәстүрлерінің орыны ерекшеліктері

Шарттары: оқытуда жеке тұлғаның ар-намысына тиетін жазалау әдісін қолданбау; білім алушының өз міндетін орындауға деген ықыласын мақұлдау; үлгерімі нашар, жауапкершілігі төмен білім алушыларды әдепті, бірақ қатаң түрде айыптау, оларға қателіктерін шыдамдылықпен түсіндіру; білім алушының өзі туралы жақсы бағасын өзіне сенімін, сый-құрметін қалыптастыру; қол жеткен жетістіктерді бекітіп, тұрақты түрде талап қою; жеке тұлғаның іс-әрекетін дұрыс бағыттап, теріс қылықтардың көрінуіне жол бермеу; білім алушыны түсіну, жақсы көру, бірақ талапта қою; білім алушының табысына шынайы түрде қуану; білім алушының көңіл-күйін ескеру; білім алушының дене кемістігін сөз етпеу; білім алушының өздігін баспау; білім алушыларды басқа білім алушылармен салыстырмау; білім алушының ар-намысына тиетін сөз айтпау.

Мәселелік принцип – оқу үрдісінің мазмұны, әдістері, ұйымдастыру нысандары мәселелі сипатта болуын талап етеді. Мәселелі оқыту білімді дайын түрде бермей, білім алушылардан ізденуін, дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Мәселелік принцип – білім алушылардың ойлау процесінің психологиясына негізделеді. Өйткені ойлаудың басталуы мәселенің болуына байланысты, басқаша айтқанда, ойлау-мәселелік сұрақ немесе міндеттен басталады.

Интеграциялау (кіріктіру) принципі – жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жазып шығаруда ескеретін маңызды принцип. Интеграция - әр түрлі пәндердегі негізгі принциптер мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Сондай-ақ мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің тіл мен әдебиет, әдебиет пен тарих, математика мен информатика, өнер мен еңбек, этика мен эстетика, т.б. өзара және жеке пәннің ішіндегі материалдарды арасындағы байланыстарын анықтап, білім алушылардың білімін тереңдетуге болады. Осыған орай интеграцияланған пәндердің, сабақтардың рөлі ерекше.

Біз принциптерді және оларды жүзеге асыру шарттарын қарастырдық. Принциптерді жүйелі, кешенді қолдану керек. Оларды кезекпен қолдануға болмайды. Педагогтің алдымен бір

принцип талабын, содан кейін басқасын орындаймын деуіне болмайды. Барлық принциптердің талаптары бір мезгілде орындалады. Олардың ішінде негізгілері және көмекшілері жоқ. Барлық принциптері бір-бірімен байланысты. Олар бағыт беріп отырады, оқытуда жақсы нәтижелерге жету жолдарын көрсетеді. Білімді ізгілендіру білім алушының дене және ақыл-ой мүмкіндіктерін ескеруді талап етеді. Сондықтан нәтиже оған кеткен күшпен салыстырылады. Принциптер мүмкіндіктерді, күшті және нәтижелерді мөлшерлейді, олар бұзылмаса тепе-теңдік сақталады деп сеніммен айтуға болады.

Қорытындылай келе, айтарымыз: принциптер әрқашан белгілі жүйеде, бір уақытта, тығыз байланысқан күйде іс-әрекетте кешенді, параллель жүзеге асып отырады. Оларды кезекпен немесе бірінің орындалуымен екіншісіне тізбекті өте, пайдалану мүмкін емес.

Барлық принциптер өзара кіріге ұштасқан, сондықтан бірінің талаптары, екінші бір принцип талаптарымен мәндік жақындыққа түсіп жатады. Олардың бәрінің де қызметі – бағыттау, оқудың сапалы нәтижелеріне жетудің жолдарын көрсету. Білімдендіру ісін гуманизациялаудың мәні – білім алушының тән-дене және ақыл-ес мүмкіндіктерін сақтау және дамыта түсу. Сондықтан оқу еңбегінің нәтижесі оған жұмсалған білім алушы күш-қуатының деңгейімен салыстырылып, бағаланады. Принциптер білім алушының табиғи және әлеуметтік мүмкіндіктерін, күш салулары мен еңбек нәтижелерін қалыпты мөлшерлеп отырады, егер қандай да себептермен ауытқуға түспесе, олар арасындағы теңдіктің сақталғаны.

3. Педагогикалық пәндердің ықпалдастырылуы, олардың түрлері мен нұсқалары. Педагогикадағы оқытуды қарқындату үрдісі.

Қазіргі кезде ғылыми білімнің басты тармақтарының бірлігін нығайту шешімі қоғамдық дамудың қажеттілігінен күн тәртібіне қойылып отырған проблемалардың кешендік сипатымен қамтамасыз етілген. Ғылымдардың үйлесімді дамуының өзара әсері нығаймайынша, қазіргі адамзат алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мүмкін емес деуге болады.

Ғылымдар саласы арасында қалыптасқан кедергілерді жою зерттелетін объектілерге жан-жақты біртұтас көзқарасты қалыптастыру үшін, ойлаудың диалектикалық тәсілінің объективтік

шындықтың құбылыстары мен процестерінің жалпы байланысына бағытталуы үшін, объектілер жөнінде синтетикалық білімдер алу және пәндер арасында қалыптасып қалған шекараларды жоятын көлемді теориялық қорытынды жасау үшін қажет болады.

Әдіснамалық тұрғыдан ғылымдардың ықпалдастыру үрдісінің түсінігін дұрыс бермеу, оқытуды тұтасымен жолға қоюда өз әсерін тигізеді. Бұл жағдай кейбір шетелдердің педагогикалық практикасында байқалуда. Оларда мынадай пікір қалыптасқан, «интеграция» үрдісінің жүзеге асырылуының нәтижесінде қазірдің өзінде оқу пәндерінің жеке ғылым негізі ретіндегі сапалық өзгешелігі де жойылып кетуі керек деп есептейді.

Қазіргі ғылымдағы интеграция формасын жіктеуде едәуір алшақтықтың болуына қарамастан, көптеген авторлар ғылыми танымның пәнаралықтығы ең маңызды және болашағы бар деген бірыңғай пікірді қолдайды.

Ғылымның пайда болуының өзі танымның дамуындағы интеграциялық процестермен тікелей байланыста, былайша айтқанда, ғылым – интеграцияның жемісі. Ал даму мен интеграцияның қозғаушы күші болып табылатын қоғамдық өзгерістер интеграцияны қажет ететін факторлар.

Ғылыми білімнің бүкіл эволюциясы бойына ғылым дифференциация және интеграция процестерінің бірлігінде дамып отырды. Әрине, бұл процестердің арақатынасы мен маңыздылығы ғылым дамуының әртүрлі кезеңдерінде мәнді өзгерістерге ұшырап отырды, соңғысының қоғамдық өндірістік практикамен, техниканың және дүниетанымның дамуымен, діни және идеологиялық институттармен, сол сияқты, ең бастысы ғылымның өзінің дамуының ішкі логикасымен, өз арақатынасымен айқындалып отырды.

Интеграция осы жағынан зор мүмкіндіктерді ашады, себебі қосымша мүмкіншіліктерді алу арқылы жаңа қорытындылар алынады, ғылымдардың өзара байланысынан жаңа сапалық өзгерістер ашылады. Ғылымдар интеграциясы мен ғылыми білімдердің синтезі жаңа қорытындыларға әкеледі. Жаңа компоненттер ашылады, және осының бәрі барлық жүйенің экстенсивті дамуынсыз жүзеге асырылады. «Ғылыми білім дифференциациясы мен интеграциясының білім беруде, оның мазмұндық және қызметтік үрдісінде көрініс табады. Білім беру мекемелеріндегі білім негіздерінің пәнге бөлінуі –

дифференциацияның салдары. Білім беруде интеграцияның қолданылуымен байланысты интегративтік тақырыптар, курстар, интегративті сабақтары пайда болды».

Интеграция мен дифференциация – білімнің тиімділігін арттырудың әртүрлі әдістері. Сондықтан интеграциялық үрдістерді білім беру, тәрбиелеу, оқу процестеріндегі құнды заңдылық болып табылады. Бұл ой қорытындысын «білім – адамдардың қоғамдағы материалдық және рухани іс- әрекеттерінің өнімі; дүниенің нысана қасиеттері мен байланысының, табиғилық пен адамилықтың таңбалық түрде идеал бейнеленуі» деген анықтамадан да көреміз. Басқаша айтқанда, білім – ойдың жиынтығы, адамның дүниеге қатынасы. Танымдық жүйенің элементтерін анықтай отырып, сана олардың арасындағы байланысты да табады. Таным үрдісінде танылушы нысананы бөлу ғана емес, синтездеу де іске асады. Интеграция білімнің жинақталуы мен толығыуына жеткізеді.

Жинақтау дегеніміз философияда жекеден жалпыға, жартылай жалпылықтан толық жалпылыққа өтудің логикалық үрдісі деп анықталады. Жинақталған білім алу – дүниені барынша терең бейнелеуді білдіреді. Жинақтау процесс ретінде интеграциямен барабар, бірақ интеграция қашанда жаңа сапаның пайда болуын талап етеді. Осыған байланысты интеграция ғылыми білімді үнемді беруге, тез қабылдауға, сақтауға, тарату мен іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Негізінен барлық зерттеушілер мына пікірге келеді: интеграция да, дифференциация да біртұтас таным процесінің екі жағы сияқты объективтік категориялар және оларды өзара байланыста қарастыру керек; бір жағын дамыта отырып, екіншісі де қозғалыста, дамуда болатындығын ұмытпау керек.

Қазіргі интегративтік ғылымдарды жинақтау мен құрудың негізінде объектілердің материалдық табиғатының ұқсастығы ғана емес, олардың кейбір қасиеттерінің ұқсастығы бойынша анықталатын ішкі қызметі және сыртқы құрылымының ұқсастығы жатыр. Қазіргі барынша жалпы интегративтік ғылым – педагогика – ол қандай оқу орны екендігіне қарамастан тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, әлеуметтендіру процестеріне тән заңдылықтар жөніндегі ғылым.

Интеграция – қандай да бір жекелеген элементтердің бір тұтас болып бірігуі, қандай да бір бірліктің қайта құрылуы. Интеграция принципі білім берудегі интеграция ұғымымен беріледі.

Интеграция ұғымы іс-әрекет принципін, шын мәніндегі білім беру процесін бейнелейді.

Сонымен, интеграция – бірігу, ортақ ойлау бағытын табу және оны мазмұны жағынан толықтыру. Интеграцияның нысанасы дүниені тануға тұтастық беретін дүниеге ортақ көзқарас. Оқу процесінің тұтастығы адамның дүниеге қарым-қатынасын анықтайды. Бұл мәселені жоғарғы оқу орнының оқыту процесінде есепке алу қажет екендігі белгілі.

Ғылыми әдебиеттерде осы күнге дейін «интеграция» ұғымы туралы түсінік болмаған еді. Интеграция термині әдебиеттерде ХІХ ғ. бастап кездеседі және анықтамалық әдебиеттерде бірігу, қайта құрылу, толығы ретінде түсіндіріледі. Оның осылайша түсіндірілуі, бұл терминнің адамзат білімінің басқа да әртүрлі аймақтарында барынша кең қолданыс табуын көздейді. Тек, 1993 ж. ЮНЕСКО сессиясында интеграция ұғымының жұмыстық анықтамасы берілді. Интеграция ұғымын *«өзара органикалық байланыстағы білімдердің бір-бірімен кірігуі, білім алушының ғылымды біртұтас түсінуіне қол жеткізу»*, - деп көрсетеді.

Едәуір кең көлемді өзгерістер интеграция дәуірін кешіп жатқан Еуропа елдерінде жүргізілуде, бұл Еуропалық Одақ құруға әкелді. Интеграция оған кіретін мемлекеттердің экономикасы мен саясатының барлық саласына енгізілуде. Білім беру саласындағы интеграцияны ынталандыру үшін 1976 жылы ЕО мүше-мемлекеттердің білім беру комитеті құрылды, оның міндетіне батыс еуропалық елдердің білім беру жүйесін үйлесімді ету мақсатында ынтымақтастық стратегиясын құру кірді.

Бұл терминнің пайда болуы, оның дамуы, адамдардың іс-әрекетіндегі диалектикалық процестердің қажеттілігінен туатын дүниедегі болып жатқан объективтік процестермен байланысты.

Интеграцияның педагогикалық қырын қарастыратын ғылыми зерттеулерге тоқталатын болсақ, мысалы Г.Д.Гачев интеграцияны рухани мәдениеттің бірлігін сақтауға, тұтастық бейнесін беруге қабілетті маңызды фактор деп есептейді.

П.Н.Федосеев «жаңа адамды» қалыптастыру процесіндегі ғылымдардың өзара әсер етуінің жағымды рөлі туралы пікірді негіздейді. Ал интеграцияның тәрбие процесіндегі зор мәні жөнінде В.П.Кузьмин мазмұнындағы, соның ішіндегі кәсіби білім берудегі интегративтік құбылысты есепке алудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазіргі ғылымдардың даму аймағында іргелі даярлық алған мамандарды талап етеді соған байланысты мамандар даярлауда ғылымдар синтезін есепке алудың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты ерекше маңызды мынадай *қарама-қайшылық* байқалады: бүкіл білім берудің мазмұны түгелімен және толықтай ғылымдардың функционалдығы мен бөлінуі принципіне құрылған, бірақ сол мезгілде ғылыми білім құрылымының дамуында оның интеграциялану тенденциясы басты болып табылады.

Интеграцияның педагогикалық қыры И.П.Яковлевтің еңбектерінде көрініс тапқан. Ол жоғары мектеп және қоғамның дамуына ортақ интеграциялық тенденцияларды анықтай отырып, сонымен қатар жоғары оқу орнындағы интеграциялық процестердің пайда болу ерекшеліктерін қарастырады. Онда оқу процесіндегі кейбір сапалық өзгерістерді жобалауға деген ұмтылыс бар.

И.П.Яковлев интеграцияны қоғамның, ғылым мен білімнің дамуындағы жетекші тенденция ретінде қарастыра отырып, білім берудегі интеграцияның барынша жетістікпен жүруіне қажетті шарттарды анықтаудың зор маңызын, оның жоғары мектептегі мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға тигізетін әсерін көрсетеді. Автор жоғары мектептегі интеграциялық процестердің өзіндік ерекшелігін айта келіп, ал «білімнің синтезі мен кооперациясының жоғары мектеп жағдайы үшін жоғары мектептің мамандар даярлауы мен ғылыми зерттеулерін жетілдірудің маңызды факторы ретінде негіздеуді, теориялық талдаудың қажеттілігі туындайды» деп көрсетеді. Ол *тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту тұжырымдамасы* дегеніміз тұлғаның интеграциясы теориясы деп жариялай отырып, «оның тұлғалық және қоғамдық қызығушылығының бірлігі тұрғысынан да, әрі оның барлық қырлары мен қасиеттерінің бірлігі мен өзара тәуелділігі, яғни тұтастығы тұрғысынан да деп көрсетеді.

Интеграциялық процестердің рөлін көтеру жоғары мектептің тұтастығының өсуімен тікелей байланыстырылады. Бұл өсудің негізгі бағыттары жоғары мектеп қызметінің көптүрлілігімен: кәсіптік, әлеуметтік-саяси, қоғамдық және жүйелілікпен байланысты. Жүйелілік қызметті интегралдық деп қарастыратын болсақ жоғары мектеп бүкіл әрекетінің қоғамның басты міндеті жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру міндетін шешуге жинақтайды және бағыттайды.

И.П.Яковлев «Тұтас тұлға» ұғымын аша отырып, барлық әрекет түрлерінде жоғары белсенділікті және олар арасындағы үйлесімді қатынастағы тұлға деп есептейді. Ол әрекеттің барлық түрлерінің сәйкес келу, толықтыру және олардың бірлігі принципі негізінде қалыптасады. Тұлғаны қалыптастыру процесінде сыртқы ортаға оның барлық құраушыларының өзара әсерлесуіне, оның адаммен өзара қарым-қатынасына ерекше көңіл бөлінеді.

И.П.Яковлев өзінің әмбебаптық және үйлесімділіктің органикалық бірлігіне сүйенетін тұтас адам тұжырымдамасы негізінде «интегралдық бейінді» маман моделін – тұлғаның кәсіби қалыптасу негізін жасады. Мұндай маманға әмбебап-синтетикалық білімдер және әмбебап-қызметтік іс-әрекеттерді игеру тән. «Интегралдық бейіндікті» меңгерген маманды қалыптастыруға көшу төмендегі процестермен байланысты:

- біріншіден технологияның әмбебаптануы,
- екіншіден өндірістің ғылыммен интеграциясы,
- үшіншіден зерттеушілік, ұйымдастырушылық, педагогикалық сияқты әртүрлі қызметтердің мамандық мазмұнында орын алынуында.

Автор сонымен қатар өз еңбектерінде жоғары мектептің ғылыммен және өнеркәсіппен интеграциясы проблемасын қарастырды. Негізінен ұйымдастыру жағына көп көңіл бөледі. Ол нақты процесс тұлғаға «қызмет» ету үшін өндірістің, ғылымның, білім беру, басқарудың барлық құралдарын біріктіру, интеграциялау талап етіледі деп дәлелдейді. Ол еңбектерде жоғары оқу орны ішілік кооперация және интеграция мәселелері қарастырылып өз шешімін табады. Сонымен қатар, жоғары оқу орнының ғылыми мекемелермен интеграциясының ерекшеліктері көрсетіліп, «оқу-ғылыми-өндірістік» кешендердің жіктемесі беріліп, «білім беру-ғылым-өндіріс» жүйесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және технологиялық-әдіснамалық негіздері сипатталады.

Жоғары мектептегі интеграциялық процестерді технологиялық қамтамасыз етудің арнайы мәселесіне тоқталатын болсақ, мамандар даярлаудағы интеграция өз кезеңінде оқу процесіндегі әдістер, формалар мен құралдардың белгілі-бір өзгерісіне алып келетіндігін көрсетеді. Бұл өзгерістердің мәні оқыту мен тәрбиенің бір-бірімен нашар байланысқан формалары мен әдістерінен мамандардың білім мен әрекетінің синтезі мен әмбебаптылығы міндеттеріне сәйкес

келетін кең көлемдегі өзара байланысты кешеніне көшу одан әрі олардың органикалық жүйеге интеграциялануы ретінде көрсетуге болады.

Дизинтеграциялық оқыту технологияларына мысал ретінде лекциялық және практикалық сабақтар бір-бірінен алшақ екендігі, лекцияда теориялық проблемалардың абстрактілік-кеңейтілген жағы басым да, ал практикалық сабақтар – міндеттік оқуға бейімделген. Бұл студенттердің жалпығылыми және практикалық білімдері арасындағы алшақтық туғызады.

Тәрбие мен оқытудың әртүрлі тәсілдері, әдістері, жолдарын біріктіру және қолдану мәселесі, алдымен мазмұндық интеграцияға қатысты, яғни интеграцияланған курстар, пәндерді интеграциялау («білім беру»), олардың құраушылары – білімді, іскерліктерді және т.б. яғни білімнің интеграция мазмұнымен байланысты болып келеді.

Шетелдік педагогикалық әдебиеттерде мазмұндық интеграция мәселесіне де көп орын беріледі. А.Блюм оқыту мазмұны интеграциясының әртүрлі дәрежелерін қарастыра келіп, координацияланған процесс және бағдарламалар бойынша бір аймақтан алынған білім басқа аймақтан алынған білімге негіздеп құрады. Бұл тұрғыда әртүрлі сипаттағы аралас бағдарламалар тиімді болып келеді: а) кеңейтілген пәнаралық бағдарлама, ә) «байланыстырушы бағдарлама», б) бірізді бағдарлама. Мұның алғашқысы – бірнеше пәннің бір пәнге құрастырудың нәтижесі. Оған мысал ретінде «Әлеуметтік пәндер» пәнін алуға болады. Оған тарих, география, экономика, социология, құқықтану, антропология кіреді. «Байланыстырушы бағдарлама» бірнеше пәннің бір пәнге қосылуын көздейді, бірақ бір жүйе құраушы пән негізінде құрылады.

Бағдарлама бойынша логикалық тұрғыдан келу басым: онда бір тақырып бірінен кейін екіншісі бірізді беріледі. Мысалы қала тарихын өту процесінде алдымен экономикалық мәселелер туындайды. Одан соң – географиялық, экологиялық және т.б. «Бірізді бағдарламаны» жүзеге асыру формасының бір түрі – интегративті оқу күні деп аталады. Шетелде «іріблоктық» құрастырылған бағдарламалар пәнаралық тақырыптар негізінде жасалады.

Интеграцияның амальгамдық бағдарламалары жоғары дәрежеде қолданыс тапқан. Оларда білім салаларының координациясы

немесе құрастырылуы емес, нақты өмір жағдайларын барынша жақындатылған жобалар негізге алынған. Мысалы: ойын алаңының жобасы, азаматтық қоғамды дамыту т.б. жобалары. Жобаға идея сапасында қазіргі өмірдің оң мағыналы әлеуметтік проблемасы ретінде – жатсыну алынуы мүмкін. Бұл жағдайда оны екі есептік нүктеден, яғни баспа беттерінде жазылатын әлеуметтік құндылықтар және көркем әдебиетте ұсынылатын көзқарастарды салыстыру тұрғысынан қарастыру маңызды.

Аталған бағдарламалардың түрлері ғылымның, техниканың, мәдениеттің, әртүрлі аймақтарының өзара бір-біріне енуінің тереңдігін сипаттайтын интеграция дәрежесін көрсетеді. Интеграциялық бағдарламаларында төмендегілерді біріктіру көзделген.

1) қиылысатын пәндерді: химия және физиканы физикалық химияға; тіл мен тарихты тіл тарихына т.б.

2) әртүрлі жаратылыс ғылымдарын;

3) іргелі және қоғамдық ғылымдарды;

4) жаратылыс ғылымдары мен философия;

5) жаратылыс және қоғамдық ғылымдар;

6) шет тілдері және олардың мәдени ортасы.

Олай болса интеграцияның шегі жоқ екен. Оған шет елдердегі интегративтік курстар, жобалар интеграциялық курсы жобасында, өз «өзегіне» физика, жаратылыс ғылымдарын ала отырып тарихпен, философиямен, өнер және әдебиетпен интеграцияланады. Сондай-ақ университеттің ғылыми жобасы астрономия, физика, химия, биология, геологияны біріктіреді және осы пәндер үшін ортақ (жалпы) категорияларды әртүрлі позициялар қарастырылатын категорияларды меңгеру мақсатын қояды. Бір қызығы, аталған курс дедуктивтік интеграция аталған пәндердің мәліметтерін өзіне біріктіретін, жалпы тақырыптардан тұратын, құрастырушы тәсілмен қалыптасады.

Ал, екінші бөліміне негізінен жүйелеу тән, яғни олардың әрқайсысының ерекшелігіне көңіл бөлудің қажеттілігін дәлелдейді. Бірақ көрсетілген айырмашылықтар жалпы міндеттерді орындауға кеселдік келтірмейді. Ол міндеттер: а) қоршаған дүниенің белгілі бір құбылыстарын бөліп алып көрсету іскерлігі және оған ғылыми түсінік беруге үйрету; ә) білім алушылар құбылыстарды өз бетімен талдауға мүмкіндік беретін жалпы ұғымдар жүйесіне үйрету; в) дүниені эксперименттік тану әдістерін және проблемаларды өз

бетімен шешу жолдарын іздестіруге; ғылыми дүниетанымның мәдени құндылықтарын түсінуге үйрету. Интеграцияның мүмкіндіктерін жеке пәндердің басқа пәндермен интеграциясынан да көруге болады.

Батыс елдеріндегі қазіргі интегративтік-педагогикалық идеяларының бірі – *кооперативті оқыту принципі* болып табылады. Оның негізінде білім алушылардың ойлау әрекетінің ұжымдық ұйымдастыру алынады. Мұнда «ынтымақтастық миссияға», «оқыту үрдісінде» өзара қолдау және өзара түсіністікке ерекше көңіл бөлінуі бұл тұжырымдаманың ізгілік бағдарының айқын куәсі.

Шетелдік педагогтар білім берудегі интеграцияның тікелей технологиялық қырларын да қарастыра отырып интеграциялық әдістердің, жобалау-интеграция құралдарын қолданудың формалары мәселелері шешімін тапқан. Бұған оқу процесіндегі ынтымақтастық әдістері, интегративтік семинарлар т.б. Бұл мысалы, АҚШ колледждеріндегі құрастырылған курстар мен интегративтік семинарлар, американдық мектептер мен елдің іскерлік әлемінің серіктестік интегративті формалары; оқу процесіндегі бірлескен шығармашылық әдістері т.б.

Студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында олардың білімін интеграциялау қабілетін дамыту күні өзекті мәселеге айналып отыр. Интеграциялық қабілет құзыреттілік тұрғыдан келуде адамның жетістікті әрекетінің қажетті шарты болып табылады. Білімді интеграциялау, синтездеу және талдауды студенттердің білім мазмұнын меңгеру процесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Бірнеше кәсіптерді меңгерген адамның жаңа білімді интеграциялауы, бұрын алған білімдері мен жаңа білімдер арасында байланыс орнатуы, кәсіби әрекетте интеграцияланған білімдерін қолдану мүмкіндігі пайда болады.

Педагогикадағы оқытуды қарқындату процесінің әртүрлі жолдары

Оқытуды қарқындату жоғары мектеп педагогикасының ең бір ашық мәселесі болып отыр. Оқытуды қарқындату – бұл оқу ақпаратының өте үлкен көлемі өзгеріссіз оқытудың жалғасуы білім сапасына талаптардың алмасуы болады.

Оқытуды сәтті қарқындату үрдісі танымдық үрдістермен басқарылатын ғылыми негізгі бағыттағы әдістерді қолдануда, жеке тұлғаның шығармашылық мобилизациялауда қолданылады.

Оқытудың қарқынын көтеру жүзеге асыру жолымен қол жеткізуге болады:

- оқу материалының мазмұны;
- оқытудың әдістері.

Оқу тәртібінің мазмұнын қарқындату өлшемдерін қарастырамыз. Оның жүзеге асуы мынадай ең аз мөлшерін көрсетеді:

- оқу материалын тиімді түрде іріктеу, одан негізгі және қосымша базалық бөліктерін іріктеу болады, қосымша ақпараттарды, осыған байланысты негізгі қосымша әдебиеттерді бөлу қажет.

- Аудиториялық сабақтың тығыздығы курстың бас кезеңінде меңгеріледі, яғни бұл өзіндік жұмыстың нәтижесіне қажетті болады;

- Таным процесі сызықтық жолмен емес, спиральді принциппен дамиды;

- Ғылымның жаңа логикалық қабылдауларды меңгертуі және меңгерген ақпараттарды да өткізуге арналған жаңа материалдарды ды белсенді пайдалану;

- Оқу уақытының әрбір минутын үнемді және оңтайлы пайдалану.

Оқу әдістерінің жүзеге асуы келесі жолдармен қамтамасыз етіледі:

- таным әрекетінде ұжымдық түрлерді кең пайдалану;

- студенттерді ұжымдық оқыту әрекетінде оқытушылардың басқарудағы ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;

- мәселелік оқытудың әр түрлі түрлері мен элементтерін қолдану;

- білім алушының шығармашылық ойлауын мобилизациялайтын педагогикалық қарым – қатынастардағы дағдыларды жүзеге асыру;

- студенттік топтармен жұмыс істеуде, жекелеп оқыту мен қарым – қатынас түрлерін таңдауда жеке бас мінездемелерін есепке алу;

- оқытудың нәтижесіне ұмтылу және олардың жеке қабілеттері мен білім деңгейлеріне тәуелсіз таным процесінде білім алушылардың барлығына тең қолдау жасау;

- әлуеметтік және педагогика – психология аймақтарында ғылыми мәліметтерді жаңадан үйрету және пайдалану;

- қазіргі заманғы аудиовизуальдық құралдарды қолдану, ал қажеттілігі бойынша ақпараттық оқытуды қолдану керек.

Оқу әдісін белсендендіруде қарқынды оқыту ең бір жетістікті деп атауға болады.

Оқу әрекетінің топтық түрін - оқытуды қарқынды оқытудың факторы ретінде қарастыруға болады.

Теориялық зерттеу мен тәжірибие, пәнді білу ең тиімді, яғни оқу әрекетінің пәні қарым – қатынас түрі ретінде қарастырылады. Осы жағдайдағы оқу процесі студенттердің арасында пәндік байланыста қарым – қатынас тудырады, яғни, субъект – нысана – субъект кестесінде түсіндіріледі. Білімді алу жолында студенттер өз бетімен білім алуы керек. Әрекеттер мен қарым – қатынастың дұрыс ара қатынасы оқу процесінің оқытушы мен білім алушы арасындағы органикалық байланыстарын көрсетеді. Оқытудың жекелік, топтық түрлерінің артықшылығы көбінесе шетел тілінде интенсивті оқыту әдістері ойын жағдайларында және рөлдік ойындарда пайдаланылады.

Топтық қарқынды оқытуда оқу ұжымы пайда болады, яғни олар тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Студенттердің оқыту топтары ең алдымен бірлескен оқу әрекеттерімен шұғылданатын ұжым ретінде құрылады, сабақ үстіндегі топтағы қарым – қатынас процесі – үрдіс ретінде яғни ол осы шығармашылық ұжымдағы тұлға аралық қарым – қатынасты құрады.

Ұжымдық тәрбие, ұжымдық интеллект жалпы шығармашылық әлеуетті, сол сияқты арнайы шығармашылық әлеуетті арттырады және олардың интеграциялануын жүзеге асырады. Бірлескен әрекетте құнды бағыттардың бірігуі көрініс табады ал жалпы шығармашылық әлеует жеке мүмкіндіктер жинағына алып келеді.

Оқыту процесінде осындай қарым – қатынастағы қатысушылардың біріккен әрекеттерінде бір – біріне өзара түсінушілік және өзара толықтыру жүйелері ерекшеленеді. Осындай түрде топтың әрбір студенті өзара қарым – қатынаста бір мезгілде әрі тәрбиеші және әрі тәрбиеленушіге айналады.

Топтық қарқынды оқытуда әр әрекеттің жалпы қажеттілігі, қарым – қатынас пәні оның өнімділігі жүзеге асырылады: студент білімді меңгеру процесінде топтық танымдық әрекеттер нәтижесімен алмасады, оларды талқылайды. Оқу процесіндегі тұлға аралық үрдісте әлуеметтік белгілердің бірігуі арқылы қызығушылық пайда болады: жеке жауапкершілік туады,

оқытудағы көптік ұйымдардың сәттілігі қанағаттандыру сезімін тудырады. Осының барлығы студенттің сапалы түрде пәнге деген жаңа қарым – қатынасын, жалпы жұмысқа жеке сезімін қалыптастырады.

Студенттерді ұжымдық жұмысқа ұйымдастыруда педагогикалық және әлуеметтік жоспар кұруда қиыншылықтар болады, яғни топтық жұмыс жаңа білімнің шығуына дейін шынайы түрде өнімді болады, біріккен әрекет түрінде студенттерге қызықты, жекелік және әлуеметтік маңызды, жалпы тиімді, жеке қабілеттер жүйесін бөлуде ұжымдық әрекеттің оңтайлы түрі берілген оқу жинағында іскерлік ойынға бөлек орын береді.

4. Педагогиканы оқытудың диагностикалық негізі

Оқыту үрдісінің ажырамас бір бөлігі *диагностика* болып табылады. Диагностиканың көмегімен белгіленген мақсат, міндеттердің табысты орындалуы анықталып барады. Ол болмаған жерде дидактикалық процесті тиімді басқару мүмкін емес. Диагностика – бұл дидактикалық үрдістің нәтижесін анықтау.

«Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір терең әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді. Ал диагностикалауда нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар-бағытын, ілгерілі не кері қозғалысы анықталады. Диагностика өз ішіне бақылау мен тексеруді, бағалау мен бағаны, жинақталған статистикалық деректер талдауын, дидактикалық процестің жүрісін, бағытын және жобілім алушынуын қамтиды.

Білім берудегі диагностиканың міндеттері:

- білім алушылардың даму барысына және нәтижелеріне талдау жасау (білім алуға әзірлігі, психикасының қызметі, дамуы);
- оқыту үрдісінің барысын және нәтижелерін талдау (білімнің көлемі және тереңдігі, білім, іскерлік, дағдыларды қолдана білуі, ой жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін білу);
- тәрбие барысын және оның нәтижелерін талдау (тәрбиелік деңгейін, адамгершілікке сенімін, адамгершілігін).

Диагностика нәтиже мен процесті бірге зерттейді. Білім алушының еңбегі Педагогтің еңбегімен бірге талданып, білім

алушының мүмкіндігі, қабілеті және икемділігі зерттеледі. Педагогтің жұмысына ықпал еткен жағдайлар ескеріледі. Тексеру білім алушының «оқығым келмейді» деген пікірімен санаспайды. Ал диагностика онымен санасады, білім алушының оқуға ынтасын арттыру тәсілдерін табады.

Диагностика арқылы білім алушылардың білім, іскерліктері тексеріліп бағаланады, сандық мәліметтер талданады, бағыттар айқындалып, одан арғы жұмыстар болжанады. Диагностика үшін көптеген әдістер және әдістемелер қолданылады. Мысалы, дәстүрлі тексеру, бағалау әдістерімен қатар тест әдісі, білім алушылардың оқуға керекті психикалық сапаларын, атап айтсақ, есті, зейінді, ақыл-ойды, т.б. зерттеу, жеке білім алушылармен жұмысты жобалық алушы әдісі қолданылады. Қазіргі мектепте қолданылатын диагностика педагогикалық қатынастар жүйесіндегі білім алушыны (сыныпты) жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін әдістер мен әдістемелердің жиынтығы.

Дәстүрлі тексеру әдістері диагностика арқылы ізгілікке қызмет етіп, мектепте жақсы қарым-қатынас орнатады. Диагностика білім алушыларды «орташа», «үздік» деп бөлмей, олардың мүмкіндіктерін анықтайды. Диагностикалық қорытындылар дәл, толық болу керек. Барлық Педагогдер гуманистік идеяларды мойындағанда ғана диагностика арқылы әрбір білім алушы туралы ақпараттар жиналып, оның қабілетін, дарындылығын дамытуға қолайлы жағдай жасалады.

Білім алушылардың білімдерін тексеру, бағалаумен байланысты әлі шешілмеген мәселелер көп. Гуманистік педагогикада бірінші орында оқу тәрбие процесінің барысы және нәтижелері туралы ақпараттар алудың тәсілі, Педагогдер мен білім алушылардың бірлескен еңбегінің нәтижелерін көтеру жолдарын табу үшін талдайтын диагностика тұрады. Диагностика керекті ақпаратты алудың қосымша тәсілі ретінде тексеру және бағалауды қолданады.

Кешенді тексеру арқылы білім алушылардың әр түрлі пәндерден алған білімдерін қолдана білуі анықталады. Жетістікті тестілеу – бақылаудың әділ әдісі, соңғы уақытта бастауыш сатыға көптеп еніп жатқан тест. Тест ағылшын сөзі, қазақшасы сынақ, тексеру. Тестілеу - білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін қолданылатын тапсырмалардың жиынтығы. Үлгерім тестілері жетістікті тестілеу - білім алушының оқыту және тәрбие арқылы

қандай деңгейге жеткенін анықтау. Дұрыс құрылған тестілер көптеген талаптарды қанағаттандырып, оларды орындауға көп уақыт кетпейді, сұрақтары қысқа, нұсқа болады.

Тестілердің түрлері:

- ақыл-ой қабілетін, дамуын тестілеу.
- арнайы қабілетті тестілеу.
- үлгерімді, тәрбиелікті анықтауға бағытталған тестілер.
- жеке сапаларды есті, ойлауды, мінезді анықтауға арналған тестілер.

Үлгерім тестілерінің қорытындысы білім алушылардың даму деңгейін толық сипаттамайды. Тест құрастыруға қойылатын талаптар:

- білім стандартына сәйкестігі;
- қате жауаптарды енгізу;
- дұрыс емес жауаптардың шындыққа жақын болуы керек;
- дұрыс жауаптарды қате жауаптармен бірге беру;
- бір сұрақ жауабының басқа сұрақтарға жауап беруге көмектеспеуі.

Диагностикалаудың маңызды бөлігі – бұл қадағалау. *Қадағалау* – білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады. Тексеру – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет – қимылдар жүйесі.

Мән-мағыналық тұрғысынан бақылау, қадағалау кері байланыс түзуді қамтамасыз етеді, яғни білім алушылардың оқу әрекеттерінің нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу мүмкіндігін ашады. Оқытушы өз шәкірттерінің қай білімді қандай деңгейде игергенін, жаңа ақпарат қабылдауға қаншалықты дайын екендігін анықтайды. Сонымен бірге білім алушылардың өзіндік оқу жұмыстарының сипаты мен сапасын байқастырады. Қадағалау нәтижесінде педагог өз оқу жұмыстарының қаншама дәрежеде жемісті болғанын, педагогикалық процес мүмкіндіктерін оқыту – оқу мақсатында қай деңгейде пайдаланғанын сарапқа сала алады.

Бақылау, қадағалау кезінде білім алушының өзі де өз оқу жұмыстарының нәтижесі бойынша ақпарат алады. Бұл оған білім игеру барысында қандай жетістіктерді қолға түсіргенін, сонымен бірге өз кемшіліктері мен олқылықтарының пән бағдарламаларының қай тұстарымен байланысты болғанына көз жеткізеді. Тұрақты да бірізді қадағалаудан білім алушының тәртібі

жақсарады, белгілі жұмыс қарқынына үйренеді, ұнамды мінез, ерік сапаларын дамытады.

Қадағалау түрлері, формалары және әдістері Оқу процесіндегі қадағалау әртүрлі, көп формалы бола келіп, сан қилы әдістермен атқарылады. Педагогикалық тәжірибеде қадағалаудың бірнеше түрін атауға болады: алдын-ала, ағымдық, мерзімдік, тақырыптық, қорытынды және өтілген материал ізімен.

Алдын-ала қадағалау - әдетте, диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі. Мұндағы мақсат – білім алушылардың оқуды бастауға дейін игерген білім, ептілік, дағдыларының деңгей, дәрежесін анықтау. Бұл жұмыс жыл басында не тақырыпты өту алдынан өткізіледі. Алдын-ала қадағалау нәтижесінің негізінде Педагог оқу жұмыстарының тиімді түрлері мен формаларын таңдастырады.

Ағымдағы (күнделікті) қадағалау – оқу барысында ұйымдастырылып, білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен бірге игерілген материалдың қаншалықты терең және берік бекігенін анықтау үшін қолданылады. Бұл қадағалаудың тиімділігі – білім алушылар біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды дер кезінде байқап, бағдарлама ақпараттарын меңгеруде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Күнделікті қадағалаудың дұрыс жолға қойылуы білім алушылардың әр сабаққа мұқият әрі тыңғылықты дайындалып жүру жауапкершілігін арттырады.

Мерзімді қадағалау – белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алуға пайдаланылады. Ол не тоқсан не жыл жартысы аяғында жүргізіледі.

Тақырыптық қадағалау – тақырып, бөлім материалдары өтіліп болған соң өткізіледі.

Қорытынды қадағалау – оқу процесінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылады. Ол пән бойынша бүкіл білім, ептіліктер мен дағдылар жүйесін қамтиды.

Өтілген материал, тақырып ізімен қадағалау – тақырып, курс, бөлім өтіліп, бірқанша уақыт озған соң қалдық білімді анықтау үшін қолданылады. Мерзім үш айдан жарты жылға дейін не одан көп созылуы мүмкін. Мұндай қадағалау оқу процесінің тиімділігін соңғы нәтиже бойынша пайымдау талаптарына сәйкес келеді.

Қадағалау әрқилы формада жүргізілуі мүмкін. Формалық жағынан мұндай жұмыс жеке-дара, топтық және сыныптық болып бөлінеді.

Қадағалау барысында әрқилы әдістер де қолданылуы мүмкін. Қадағалау әдістері дегеніміз – бұл білім алушылардың оқу танымдық іс - әрекеттері мен Педагогдер жұмыстарының нәтижелілігін айқындауға жәрдемші жол, тәсілдер.

Педагогикалық практикада ауызша, жазбаша, тәжірибелік, компьютерлі (машынды) қадағалау және өзіндік қадағалаулар қолданылуда.

Ауызша қадағалау – білім алушыларға ауызекі сұрақ қоюмен орындалады. Ол шәкірттердің білім, ептілік және дағдылар деңгейін айқындауға, сонымен бірге білім алушының материалды баяндау қисынымен танысуға, меңгерген білімдерін процестер мен төңіректе болып жатқан оқиғаларды түсіндіре алу ептіліктерін байқауға, өз пікірін білдіру мен дәйектеу және қателікті көзқарастарға қарсы тұрып, дәлел келтіре алу ұқыптарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жазбаша қадағалау – жазба бақылау тапсырмаларын (жаттығулар, бақылау жұмыстары, шығармалар, істелген жұмыстар бойынша есеп беру ж. т. б.) орындау формасында жүргізіледі. Мұндай қадағалау әдісі барлық білім алушылар білімін бір уақытта тексеруге мүмкіндік береді, алайда жазба жұмыстары көзден өткізіліп, бағалау көп уақытты талап етеді.

Тәжірибелік қадағалау – оқу, тұрмыс және өндірістік ептілік, дағдылардың қалыптасуын не қозғалыс, қимыл дағдыларының орнығуын анықтауда пайдаланылады.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен компьютерлі қадағалау өркен жаюда. Мұндай машынды қадағалау оқытушының да, білім алушының да уақытын үнемдеуге көп көмегін тигізеді. Компьютерлі қадағалау арқылы білім деңгейін өлшестіру мен бағалауға бірыңғай талаптар белгілеу мүмкін. Бұл қадағалауда оқу нәтижелерін статистикалық талдау мен өңдеу өте жеңіл. Білім бағалаудағы педагог субъективизміне машина шек қояды.

Машина арқылы қадағалау қолданумен өзіндік қадағалауды да оңтайлы ұйымдастыруға болады, дегенмен өзіндік қадағалауды қарапайым жолмен де өткізу мүмкін. Бірақ бұл үшін білім алушыларды өз бетінше қателіктерін байқауға, танымдық міндеттердің қате шешілу себептерін талдауға, оларды болдырмау, түзеу және реттеуге үйрету қажет.

Әртүрлі қадағалау әдістерінің бірге қолданылуы аралас (тығыздалған) қадағалау деп аталады. Әдетте, мұндай тексеру ауызша және жазба сауалнамалар беру түрінде өтеді.

Оқу процесіндегі қадағалауларға төмендегідей *педагогикалық талаптар* қойылады:

– қадағалаудың даралықты сипаты. Әр білім алушы жұмысы, оның жеке оқу іс-әрекеттері өз алдына қадағаланады. Бір шәкірттің оқуындағы нәтижелерді ұжымдық жұмыстар қорытындыларымен не керісінше алмастыруға болмайды;

– жүйелілік қадағалаудың оқу процесі барша кезеңдерінде үздіксіз, ретімен өтіп тұруы;

– қадағалау формаларының әртүрлігі. Осыдан қадағалаудың оқыту-үйрету, дамыту және тәрбиелеу қызметтері қамтамасыз етіледі;

– қадағалаудың жан-жақтылығы. Қадағалау білім алушының теориялық білімдерін, ақыл-ой парасаттылығын, тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді;

– қадағалаудың шынайылығы. Қадағалауда субъектив және қателікті пікірлер мен қорытындыларға жол берілмеуі тиіс;

– жекелестірілген бағыт-бағдар. Білім алушылардың жеке-дара тұлғалық сапа-қасиеттері ескерілуі тиіс;

– педагог тарапынан болған талаптардың бірыңғай болуы.

Соңғы кездері тестік қадағалау көптеп қолданылуда. Мұндай тексерудің негізгі құралы – тест тапсырмалары. Өлшестіру, анықтау нысаны тұрғысынан педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-эстетикалық таным тестері ажыралады.

Оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау білім алушылардың оқу-танымдық жұмыстарын қадағалау нәтижесі сол жұмыстарды бағалаудан көрінеді. Бағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу дәрежесін анықтау.

Бағалау қызметтерінің сандық көрсеткіші – баға, яғни баға білім алушылардың білім, ептілік, дағдылар дәрежесінің шартты сан не ұпаймен белгіленуі.

Оқу нәтижесі тек баға емес, басқа да жолдармен анықталуы мүмкін. Мысалы, ол ауызекі қолдау не қолдамау, алғыс жариялау, мақтау парағы не медальдармен мадақтау және т.б.

Білім бағалауда шынайылық, білім сапасын анықтаудағы бірыңғай талап үлкен маңызға ие. Себебі, білімдік баға білім

алушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы. Көтеріңкі баға шәкіртті қуантады, қанаттандырады, сонымен бірге оның жұмысқа болған немқұрайлылығын да пайда етеді. Әсіресе, болымсыз бағаның әсері күшті: ол білім алушының оқуға деген ықыласын арттыруы да не тіпті оқудан бас тартуға ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан да, кейінгі жылдары бағалау, баға қою мәселесі үлкен пікір талас туғызып отыр. Педагогтардың бір тобы сыныптан сыныпқа білім алушыны білім сапасына қарамастан өткізуді ұсынуда. Осыған байланысты еліміздегі бағалау проблемасының әр кезеңдегі жайы өз алдына қызықты.

1917 жылға дейін білім алушылар білімі балдық жүйеде бағаланды. Баға нөлден беске дейінгі алты балдық жүйеде қойылды. Кейін нөлдік баға жойылып, бес балдық жүйе қабылданды. Оқу нәтижесін балл бойынша бағалау әрқилы көзқарастар туындатты. 1917 жылдан соң тіпті оқу жүйесінде бағалау, баға қоюға қарсылықтар да болды. Кеңестік еңбек мектебінің тұжырымдамасына орай оқу іс-әрекеттері шәкірттің қызығушылығына, дербестігіне, ынталылығына, шығармашылық сипатына негізделуі тиіс болды.

Дәстүрлі келе жатқан білім алушыларды баға жәрдемімен тәртіпке шақыру әдістері тиімсіз деп танылды. Осыдан 1918 жылы Кеңестік өкімет жарлығымен білім алушы білімі мен тәртібін балдық жүйемен бағалау мектеп тәжірибесінен мүлде шығарылды, сыныптан сыныпқа өткізу, куәліктер беру білім алушылар білімі жөніндегі педагогикалық кеңес шешімі негізінде орындалатын болды.

Емтихан түрлерінің: қабылдау, ауыстыру, бітірту – қай-қайсы да жүргізілмейтін болды. Сабақ барысындағы білім алушыны жеке-дара тексеру де орынсыз деп табылды. Өте қажетті жағдайларда жалпылама сынақтау сипатындағы ауызша сұрақтар мен жазба жұмыстарды ғана өткізуге рұқсат берілетін болды. Білім алушылармен өтілген тақырыптар бойынша мерзімді әңгіме-сұхбаттар жүргізу, оқыған кітаптары мен мақалалары бойынша баяндарын тыңдау ұсынылды. Білім алушылардың жеке таңдауымен өз бетінше орындаған жұмыстары дәріптелді. Дәстүрлі қадағалау жүйесі өзіндік бақылаумен ауыстырылды, жеке білім алушы табыстары еленбей, ұжымдық жетістіктер негізге алынды. Өзіндік бағалауда тестік қадағалау формасы жаппай қолданылды.

Бағасыз оқу бір жағынан тиімді де болды, себебі білім алушылардың біршамасында дербес, өз бетінше оқу қабілеттерін дамытты. Дегенмен, мұндай оқу көпшілік жағдайларда білім алушылар білімінің, тәртібінің құлдырауына алып келді. Білім алушылар мектепте, үйде тиянақты білім игеру жұмыстарын тоқтатты, сабақтарға қатыспайтын болды. Сондықтан да, алғашқыда қадағалаудың әрқилы формалары біртіндеп енгізіліп, ал 1932 жылдан жеке білім алушының білімі оның даралықты ерекшеліктерін ескерумен жүйелі бағалау принципі негізінде орындалатын болды.

1935 жылдың қыркүйек айынан бастап, бес сөздік (вербалды) баға: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «жаман», «өте жаман» – енгізілді. Бұл жүйе 1943 жылға дейін сақталды. 1944 жылдың қаңтарынан білім алушы білімі мен тәртібін бағалаудың сөздік бағамен сандық баға жүйесімен ауыстыру жөнінде шешім қабылданды.

Реттелген тәртіпте білім есебін жүйелі жүргізу өзін ақтады, білім алушылардың оқу дайындығы мен мінез құлық сапасынан көтерілуіне ұнамды себін тигізді.

Оқу іс-әрекеттерінің нәтижесін балл жүйесінде бағалау көптеген кемшіліктеріне қарамастан өз білім алушысын таппай отыр. Дегенмен, педагог ғалымдардың көбі сауаттылық дәрежесін бағалаудың мұндай жүйесіне қарсы. Олардың дәйегі:

– білімділік іс-жүзінде үш балдық жүйеде бағаланады (“1”, “2” бағалары білімсіздік көрсеткіштері).

– білімділікті бағалаудың шынайылығы кем (“5”, “4”, “3” бағалары гимназиялық сыныптарға да, дарынды білім алушылар топтарында да, ақыл-есі кем білім алушылар оқуында да бірдей тең қойылады. Ал аталған оқу түрлеріндегі білім игеру нәтижесіне қойылған талаптар әрқилы болатындықтан бағалардың мәні біркелкілігін жояды).

– білім алушылар білімін бағалауда үш балдық өлшем жеткіліксіз (сондықтан да оқытушылар қосымша өлшемдер қолданып жүр: балл жанына “плюс” не “минус” белгілерін қояды). Ғалымдар он балдық, он екі балдық тіпті жүз балдық та бағалау жүйелерін ұсынуда.

Бағалаудағы қателіктер

Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъектив қателіктері төмендегідей:

–кең пейілділік, орынсыз жомарттық. Баға ретсіз көтеріңкі қойылады. Білім алушыларды бағалаудағы “жомарттықтың” шектен асқан, бүгінгі күнде мектеп тәжірибесінен арылуы қиындық тудырып отырған формасы - “проценттікке” жүгіну (процентомания).

–білім алушыға болған ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға өткізу;

–көңіл-күйге орай баға қоя салу;

–тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы (деңгейі төмен жауап үшін Педагог жоғары не ұнамсыз баға қоя салуы);

–орташа бағалау ұстанымында болу (“екілік” не “бестік” бағаларды қоймау);

–жүйе тұрақсыздығы (оқытушы көп уақытқа дейін сұрақ жүргізбей, баға қоймай не бір сабақты түгелдей сұрақ қоюмен білім алушылар бағасын тізіп салу);

– өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу (мысалы, білім алушының өткендегі “екілігінен” кейін оған бірден “бестік” баға беру Педагог үшін қиын сияқты);

– әсіре (ореол) қателігі (оқытушы өзі ұнатқан білім алушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі);

–білім алушының тәртібіне қойылатын баға пән үлгеріміне ауыстырылады;

–бағаны әсіре көтеру не себепсіз төмендету және т. б.

Дегенмен, әрқандай бағаны көтере түсу немесе төмендей бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен білім алушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъектив ойдың бәрін бірдей қателікті деп қарастыру дұрыстыққа келмейді.

5. Педагогиканы оқыту технологияларының құрамалары

Білім беруге инновациялық технологиялардың енуін үздіксіз үрдіс, күнделікті білім беру қызметінің компоненті ретінде қарастыру қажет. *Технология* дегеніміз өнім алу үшін оған керекті материалдарды өңдеу әдістері және өнім шығаруға керекті жүйелі үрдіс. Кез-келген технологияның (өндірістік, әлеуметтік) негізгі бөлігі – түпкі нәтижені мұқият анықтау және оған қалай да жету.

Білім беру жүйесінің дамуы, оның жұмысының жекелеген жақтарындағы жетістіктер тек инновациялық процесс ретінде жүзеге асырылады, яғни ескірген және тиімді емес құралдарды сол жағдайда жаңа және тиімдіректерімен ауыстырып, жаңа идеяларды, технологияларды қолдану.

Осыған орай, «технология», «білім беру технологиясы» ұғымдарын қарастыру қажет.

Шет тілі сөздігінде технологияға мынадай анықтама берілді. Грек тілінен аударғанда *Techne* – шеберлік, іскерлік және – *логия* – объектінің жиынтығы. Бұл термин түсіндірме сөздікте қандай да бір істе, шеберлікте қолданылатын тәсілдердің жиынтығы деп анықталынады.

Т.И.Шамованың пікірінше, *білім беру технологиясы* – қатыстырушыларға комфорттық жағдайды қамтамасыз етіп, нақты нәтижеге жету мақсатындағы білім беру процесін жобілім алушыудағы, ұйымдастырудағы, бағалаудағы және корреляциялаудағы педагогтар мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің процестік жүйесі.

Кез келген білім беру технологиясының құрылымы:

- Мақсатқа бағытталуы;
- Сүйенетін ғылыми идеялары;
- Педагогтар мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің жүйесі;
- Нәтижені бағалаудың өлшемдері;
- Нәтижесі;
- Қолданудағы шектеуліктер.

Білім беру технологиясы мен оқыту әдістемесінің арақатынасы қандай деген сұраққа Г.К. Селевко педагогикалық технологияда процессуалдық, сандық және есептегіш компонент берілсе, әдістемеде мақсаттық, мазмұндық, сапалық және вариативтілік – бағдарлаушылық көбірек берілген деп жауап береді. Технология өзінің қайталанғыштығымен, нәтижесінің көптеген «егер» (егер талантты Педагог, егер қабілетті білім алушылар т.б.) дегендердің болмауымен айрықшыланады. Кейбір жағдайларда екеуі араласып, бірде әдістеме технология құрамына кірсе, енді берде технологиялар оның әдістемесінің құрамына кіреді.

Білім беру практикасында «педагогикалық технология» ұғымы *үш өзара бағынышты деңгейде қолданылады:*

1. Жалпыпедагогикалық (дидактикалық) деңгей: жалпыпедагогикалық (жалпы дидактикалық, жалпы тәрбиелік). Технология белгілі бір аймақтағы, оқу орнындағы, оқытудың білім деңгейіндегі тұтас білім беру үрдісін сипаттайды.

Мұнда педагогикалық технология педагогикалық жүйе ұғымымен мағыналас: оған оқытудың мақсаты, мазмұны, құрал, әдістер жиынтығы, үрдістің объект, субъектісінің іс-әрекеттік алгоритмі енеді.

2. Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей: бұл «жеке әдістеме», яғни бір пән, сынып, шеберхана аясында оқыту мен тәрбиенің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру да қолданылатын әдіс, құралдар жиынтығы (мысалы, оқу пәндерін оқыту әдістемесі және т.б.)

3. Модульдік деңгей: бұл оқу-тәрбие үрдісінің кейбір бөліктерінің технологиясы, жеке дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешу (іс-әрекеттің бір түрінің технологиясы, ұғымдарды қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, сабақ технологиясы, жаңа білімді меңгеру технологиясы және т.б.)

Педагогикалық технологияның негізгі құрылымдық бөліктері:

1. Тұжырымдамалық негізі;
2. Оқытудың мазмұндық бөлігі:
 - оқытудың мақсаттары – жалпы және нақты;
 - оқу материалының мазмұны;
3. Үрдістік бөлік – технологиялық үрдіс:
 - білім алушылардың оқу әрекетінің әдістері мен формалары;
 - мұғалім жұмысының әдістері, формалары;
 - материалды меңгеру үрдісін басқарудағы мұғалім әрекеті;
 - оқу үрдісін диагностикалау.

Кез-келген педагогикалық технологияға қойылатын негізгі *әдіснамалық талаптар:*

1. *Тұжырымдамалық негіздің болуы.* Кез-келген педагогикалық технологияға белгілі білім ғылыми тұжырымдама тән. Оған білім беру мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздемесі енеді.

2. *Жүйелілік.* Педагогикалық технология жүйеге тән барлық қасиеттерге ие болуы тиіс: үрдістің логикасы, барлық бөліктерінің өзара байланысы, тұтастығы.

3. *Басқарушылық сипаты.* Оқу үрдісін жобілім алушыу, жоспарлау, диагностикалық мақсаттар қою, нәтижені тұхзетук мақсатында әдіс-тәсілдерді, құралдарды өзгерту.

4. *Тиімділік.* Қазіргі педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайында өмір сүргендіктен, нәтижесі бойынша тиімді, шығындары бойынша үнемді, оқытудың белгілі білім стандарттарына жетуді қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

5. *Қайта өндірілуі.* Педагогикалық технологиялар білім беру орындарында түрлі субъектілердің қолдана алу (қайталау, қайта өндіру) мүмкіндігі.

Оқыту технологияларының жіктелуі.

Педагогикалық технологияларды жіктеу мәселесі В.Г.Гульчевская, В.П.Беспалько, В.Т.Фоменко, Г.К.Селевко және т.б. еңбектерінде кең қарастырылған. Олар:

1. Қолдану деңгейі бойынша: жалпыпедагогикалық, жеке әдістемелік (пәндік) және модульдік технологиялар.

2. Философиялық негізі бойынша: материалистік, идеалистік, диалектикалық, метафизикалық, ғылыми (сциентикалық), діни; ізгілікті, ізгілікті емес; антропософиялық, теософтық; прагматикалық экзистенциалистік, еркін тәрбиелеу және зорлау; және т.б.

3. Психикалық дамудың басым факторы бойынша: биогенді, социогенді, психогенді және идеалистік технология. Тұлға - бұл биогенді, социогенді, психогенді факторлар әсерінен туындайтын нәтиже, нақты технология олардың тек біреуін есепке алып, оны негізгісі ретінде көрсетуі мүмкін.

4. Тәжірибені меңгерудің ғылыми тұжырымдамасы бойынша: ассоциативті-рефлекторлы; бихевиористік, гештальттехнологиялар, интериоризаторлық, дамытушы, нейролингвистикалық бағдарламалау және суггестивті.

5. Тұлғалық құрылымдарға бағытталуы бойынша: ақпараттық технология (пәндер бойынша білім, білік, дағдыны қалыптастыру); операциялық (ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру); эмоционалдық-көркем және эмоционалдық құлықтық (эстетикалық және құлықтық сапаларда қарым-қатынастарды қалыптастыру); өзін-өзі дамыту технологиялары (тұлғаның өзін-өзі басқару механизмін қалыптастыру); эвристикалық (шығармашылық қабілеттерді дамыту) және қолданбалы (іс-әрекеттік, практикалық саланы қалыптастыру).

6. Мазмұн мен құрылым сипаты бойынша: оқыту және тәрбиелеу; зайырлы және діни, жалпы білім беретін және кәсіби-бағдарлы, гуманитарлық және технократтық, политехнологиялар және аралас технологиялар. Монотехнологияларда оқу-тәрбие үрдісі бір басым идея, ұқстаным, тұжырымдамаға негізделсе, политехнологияда – бірнеше технологиялардың бірігуі. Басқа технологияларға жиі енгізілетін технологиялар, олардың элементтері аралас технологиялар деп аталады. Олардың рөлі – үдеткіш (катализатор), белсендендіргіш.

7. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және басқару бойынша ажыратылған (білім алушылардың іс-әрекеті бақыланбайды, нақтыланбайды), циклді (бақылау, өзін-өзі бақылау, өзара бақылау), бейтарап (фронтальды), бағытталған (жеке), қолмен жұмыс (вербальді), автоматтандырылған (оқу құралдарының көмегімен).

Аталған қасиеттерге сәйкес технологиялардың мына *түрлері* ажыратылады (В.П.Беспалько):

- 1 – дәстүрлі дәрістік оқыту;
- 2 – аудиовизуальды техникалық құралдар көмегімен оқыту;
- 3 – «кеңесші» жүйесі;
- 4 – оқулық көмегімен оқыту;
- 5 – «шағын топтар» жүйесі;
- 6 – компьютерлік оқыту.

Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу – білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны. Қазіргі кезде әдебиеттерден осы заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 60-тан астам білім беру технологиялары қолданылып жүргендігі мәлім.

Г.К.Селевконың, Т.Шамованың, т.б. оқу құралдарын пайдаланып мынадай оқыту технологияларын көрсетелік:

- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы /П.М.Эрдниев/;
- тиімді сабақтар жүйесі негізінде технология /А.Окунев, Н.Палтышев/;
- дамыта оқыту технологиясы /Л.С.Выготский, В.В.Занков, В.Давыдов/;
- оқытудың модульдік технологиясы /В.Монахов/;
- проблемалық оқыту технологиясы /М.Махмутов/;
- тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы /В.Шаталов/;
- түсіндіре басқарып – оза оқыту технологиясы /С.Лысенкова/;

- деңгейлік саралап оқыту технологиясы /Н.Гузик/;
- ойындық оқыту технологиясы;
- жекелеп оқытудың технологиялары /И.Унт, В.Шадриков/;
- түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту технологиясы;
- дәрістік-семинарлық-сынақтық оқыту технологиясы;
- М.Монтессори технологиясы;
- еркін еңбек технологиясы /С.Френе/;
- Вальдорф педагогикасы;
- тұлғалық бағдарлы технология;
- оқытудың компьютерлік технологиясы.

Осы педагогикалық технологиялардың ішінен қазіргі қоғам талабына етене жауап беретін тұлғалық бағдарлы технологияны атауға болады. Педагогика тарихы мен теориясында және практикасындағы тұлғалық бағдарлы оқытудың негізі ретіндегі жекелеп оқыту танылған. «Тұлғалық бағдарлы білім беру» ұғымы педагогика ғылымына ХХ ғасырдың 90-шы жылдары енгізілгенмен оның толық мағынасы нақты белгіленбеген. «Тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғалық бағдарлы технологиялар» терминдері педагогикада ХХ ғ. 80-шы жылдардың аяғында пайда болған. Соңғы жылдары ғана берілген білім беру парадигмасын практикаға енгізу үшін педагогикалық технологиялар жасалуда. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде жаңа технологиялар енгізіліп, оқытудың мазмұны тұлғаны дамытуға, білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін, өзіндік қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін жетілдіруге бағыт алып отыр. Сондықтан педагогика ғылымы мен практикасын дамытуда тұлғалық бағдарлы педагогикалық технологиясын енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Бұл білім берудің мазмұнына, оқыту технологиясына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін педагогикаға көптеген оқытудың түрлері енгізілуде. Солардың бірі – тұлғалық бағдарлы тұрғыдан оқыту (ТБТО) технологиясы. «Тұлғалық бағдарлы білім беру» термині қазіргі уақытта кеңінен қолданылады. Тұлғалық бағдарлы білім беру негізінен құндылықтарға бағытталады. Осы оқыту түрін жан-жақты зерттеп, оның теориялық-әдіснамалық негізін жасау - біздің міндетіміз болып табылады.

«Тұлғалық-бағдарлы тәрбие» тәжірибесі ерте заманнан-ақ басталады. Ежелгі грек философтары Сократ, Платон, Аристотельдің жан-жақты дамыған, еркін тұлғаны тәрбиелеудің мақсатын, мазмұны мен әдістерін анықтауға арналған жұмыстарын кездестіруге болады.

Олардың айтуынша, тұлғалық тұрғыны құлықтық өзін-өзі жетілдіру, табиғи қабілеттерін дамыту, тұлғаны қоғамдық қызметке дайындау негізінде жүзеге асыруға болады.

«Тұлғалық–бағдарлы педагогика» мәселесі бойынша жинақталған педагогикалық білімді талдай отырып, біз ұзақтығы әртүрлі 6 даму кезеңі белгілі.

«Тұлғалық бағдарлы» сөз тіркесі білім беру процесінде қолданылуына байланысты біздің педагогикалық сөздікке ағылшынның «person-centered» («тұлға орталықты») және « pupil – centered» («білім алушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген. Олар Карл Роджерстің ізгіліктік педагогикасы және ізгіліктік психологиясындағы ұғымдардың бірі еді.

Тұлғалық бағдарлы білім берудің әдіснамасын И.С.Якиманская толық зерттеген. И.С.Якиманскаяның белгілеуінше, тұлғалық бағдарлы оқытуда білім алушының субъектті тәжірибесіне сүйенуі керек. Субъектті тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі болып табылады. Білім беру процесінде Педагог беретін тәжірибесі және білім алушының субъектті тәжірибе мәдениеттілік сипатқа иеленеді, өзгереді, дамытылады, жетілдіріледі.

И.С.Якиманскаяның тұжырымдамасында тұлғалық бағдарлы педагогикасының білім берудегі мақсаты – білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде анықтап, дамыту үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) тудыру, ол қасиеттерді «мәдениеттендіру», әлеуметтік мәнді іс-әрекеттерге айналдыру.

Отандық педагогикада «педагогикалық технология» ұғымы оқыту және тәрбиелеу үрдісінде бірдей қолданса, шетелдік педагогикада ол тек оқыту саласымен шектелген.

Үшінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқыту принциптері дегеніміз не?
2. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский оқыту принциптерін қалай қарастырды?
3. Табиғатқа сәйкестілік принципінің мәні.

4. Саналылық және белсенділік принципiнiң мәнi неде?
5. Көрнекiлiк принципiнiң принципiнiң мәнi неде?
6. Ғылымилық принципiнiң мәнi неде?
7. Жүйелiлiк және бiрiздiлiк принципiнiң мәнi неде?
8. Теорияның практикамен байланыс принципiнiң мәнi неде?
9. Түсiнiктiлiк және шамаға лайықтылық принципiнiң мәнi неде?
10. Оқыту прициптерiнiң өмiрде жүзеге асырылуын көрсет.
11. Оқыту принциптерiн жүзеге асыру ережелерiн көрсет және оған мысалдар келтiр.
12. Оқытуда бiлiм алушылардың дербес ерекшелiгiн есепке алу принципi.
13. Бiлiм, бiлiктiлiк , дағдыларды игеруде берiктiк принципi.
14. Оқыту принциптерiн жүзеге асыру жолдары.

Үшiншi тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тiзiмi

1. Подласый И.П. Педагогика. М., 2003.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. — М.: Народное образование, 1998.
4. Сластенин В.А. Педагогика профессионального образования, М.: Академия, 2004.
5. Громкова М.Т. Педагогика образования взрослых. - М., 1995.
6. Гапонов П.М. Лекция в высшей школе. - Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1977.
7. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. - М., 1995.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика, 1989.-190с
9. Ильина Т.А. Развитие концепций педагогической технологии в современной дидактике за рубежом // Хозяинов Г.И. Формирование дидактической теории. — М.: Знание, 1984.
10. Подласый И.П. Как подготовить эффективный урок. Киев. 1989.
11. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Алматы, 1993.
12. Куписевич Ч. Основы общей дидактики. М.,1986.
13. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М.,1981.

14. Жайтапова А.Ә. Халықаралық педагогикадағы жаңа үрдіс: нәтижеге бағытталған білім беру.// Білім берудегі менеджмент.- 2004.- №4.- 3-23б.

15. Окомков О. П. Современные технологии обучения в вузе: их сущность, принципы проектирования, тенденции развития // Высшее образование в России. 1994. № 2, 7.

16. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб.пособие для студ.сред.пед.учеб. заведений /С.А.Смирнов, И.Б.Котов, Е.Н.Шиянов, Т.И. Бабаева и др.; Под ред С.А.Смирнова. -2-е изд.,испр. и доп.- М.: Издательский центр «Академия», 1999.-544б.

17. Хуторской А.В. Определение общепредметного содержания и ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов //Политика в образовании. 2002.

18. Френе С. Избранные педагогические сочинения / Пер. с.франц. М.: Прогресс, 1990.- 304с.

19. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004

20. Жадрин М.Ж. Подход к построению технологии развития жизненных навыков и компетенций.-//Открытая школа.- №2.-2005.-3-7 б.

21. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалистов // Высшее образование сегодня. - 2004. - № 3.- с. 20-26

22. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Пер.с англ. - М., 2002.- С.48.

23. Якиманская И.С. Методология ЛОО//Построение модели ЛО школы.

24. Шамова Т.И. , Тюлю Г.М. Педагогическая инноватика, М.,2001.

25. Степанова Е.Н. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование /Под ред. Е.Н. Степанова.- М.: ТЦ Сфера, 2004.-128 с.

IV. КОЛЛЕДЖДЕРДЕ, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

1. Қазіргі оқытуды ұйымдастырудың формалары, олардың әртүрлілігі мен дамуы

Білім берудің теориясы мен практикасында көптеген формалар жинақталған. *Форма* (латын сөзі «forma» – сыртқы бейнесі, сыртқы көрінісі дегенді береді) – бұл белгілі бір мазмұнның сыртқы бенеленуі. Ежелгі заманда педагог бір білім алушымен жеке айналысқан, сондықтанда оқытуды жеке ұйымдастыру – ең ежелгі форма болып табылады.

Қоғам қажеттіліктерінің өзгеруіне байланысты жекелей-топтық формасы пайда болды. Жекелей-топтық форманың дамуының көрінісі ретінде сынып-сабақ жүйесі енгізілді.

Дальтон-план формасы АҚШ-та кең таралып, сабақтар кітапханада жекеше арнайы тапсырмалар арқылы жүргізілді.

Сабақты ұйымдастырудың Бригадалық-зертханалық әдісінде білім алушылар бирагадаларға немесе топтарға бөлініп, педагог берген тапсырмалармен бірігіп жұмыстанады. Педагог алдымен кіріспе сабақ өткізіп, содан соң бригадалар өз бетімен жұмыстанады. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға кеңес алуға болады.

Жобалау әдісі – білім алушылар педагогтің басқаруымен белгілі бір жоба тақырыбын таңдап, осы жобаның айналасында танымдық қызметті жүзеге асырады.

Жоғарыда келтірілген әдістердің барлығының кемшіліктері де бар, сондықтанда олар үнемі әрі қарай жетілдіріліп дамытылмады.

Трамп жоспары – бұл оқытуды ұйымдастырудың үш формасын: жеке, топтық және бұқаралықты біріктіреді. Бұл форма негізінен жеке мектептерде кең қолданылады.

Кеңестік мектептерінде негізінен сынып-сабақ формасы кең таралған болатын.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары – белгілі бір тәртіпте және мезгілде жүзеге асырылатын оқытушы мен білім алушылардың біолескен іс-әрекетінің сыртқы көрінісі. Олар әлеуметтік тұрғыда шартты, дидактикалық жүйелердің дамуымен байланысты пайда болып жетілдіріліп отырылады.

Оқытудың ұйымдастыру формалары әр түрлі өлшемдер бойынша жіктеледі:

- білім алушылардың санына қарай: бұқаралық, ұжымдық, топтық, шағын топтық, жеке;

- оқу орнына қарай: аудиторияда және аудиториядан тыс формалар;

- колледждегі, ЖОО-ғы оқыту формалары: дәріс, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар, СОӨЖ, СӨЖ, т.б. жұмыс;

- оқыту уақытының ұзақтығына қарай: кредиттік жүйеде (50 минут), сызықтық жүйеде қосарланған сабақ (80-90 минут), әр түрлі ұзақтықтағы сабақтар.

Білім берудің даму тарихында әр түрлі оқыту жүйесінде оқыту формасының біреуі басымдықта қолданылды: *жекелік-топтық* (орта ғасыр мектептерінде), *өзара оқыту* (Англиядағы белланкастер жүйесі), *білім алушылардың қабілетіне қарай саралап оқыту* (мангеймдік жүйе), *бригадалық оқыту* (совет мектебінің 20-шы жылдары), американдық «*Трамп жоспары*», онда уақыттың 40% - үлкен топтарда (100-150 адам), 20% - кіші топтарда, және 40% - жеке оқуға бөлінді.

Дүние жүзінде ең көп тараған оқытудың *сынып-сабақ жүйесі* болды. Ол XVII ғасырда пайда болып, міне үш ғасырдан астам уақыт бойы дамып келеді. Оның сұлбасын неміс педагогы И.Штурм (1537-1582жж.) жасады ал, Я.А.Коменский (1592-1670жж.) оның теориялық негізін салып, практикада жүзеге асырды.

Оқытудың сынып-сабақ формасының ерекшеліктері: шамамен бір жастағы және даярлық деңгейі бірдей білім алушылардың тұрақты құрамы; әрбір сынып өзінің жылдық жоспарына сәйкес жұмыс істейді (оқытуды жоспарлау); оқыту үрдісі жекеленген өзара байланысты, бірінен кейін бірі жүретін бөліктер (сабақтар) түрінде жүзеге асырылады; әрбір сабақ тек бір пәнге арналады (монизм); сабақтардың тұрақты түрде ауысып отыруы (сабақ кестесі); педагогтің жетекші ролі (педагогикалық басқару); білім алушылардың танымдық іс-әрекетінде әр қилы түрлерді және формаларды қолданады (іс-әрекеттің вариативтілігі).

Оқытуды ұйымдастырудың сынып-сабақ жүйесінің негізгі компоненті – сабақ болып табылады. *Сабақ* – бұл аяқталған мәндік, уақыттық және ұйымдастырушылық қатынастағы оқыту үрдісінің кесіндісі (кезеңі, буыны, элементі).

Қазіргі сабаққа қойылатын жалпы талаптар:

- ғылымның жаңа жетістіктерін, педагогикалық практиканың озат тәжірибесін пайдалану, сабақты оқу-тәрбие үрдісінің заңдылықтарының негізінде құру;
- сабақта барлық дидактикалық принциптерді және ережелерді тиімді арақатынаста жүзеге асыру;
- білім алушылардың қызығушылықтарын, ынталарын және сұраныстарын ескере отырып өнімді танымдық іс-әрекетке қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- білім алушылар ұғынатын пәнаралық байланысты орнату;
- бұрыннан оқылған білімдермен және іскерліктермен байланыс, білім алушылардың даму деңгейіне сүйену;
- тұлғаның барлық аясын дамытуды өзектендіру және белсендету;
- оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің барлық кезеңдерінің логикалық байланысы және эмоционалдылығы;
- педагогикалық құралдарды тиімді пайдалану;
- өмірмен, өндірістік іс-әрекетпен, білім алушының жеке тәжірибесімен байланыс;
- практикаға қажетті білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, ойлауды және іс-әрекеттің тиімді тәсілдерін қалыптастыру;
- оқи білу іскерлігін, тұрақты түрде білім көлемін толтыруға деген сұранысын қалыптастыру;
- әрбір сабақты тиянақты диагностикалау, болжау, жобалушы және жоспарлау.

Қазіргі сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар:

- әрбір сабақтың білім беру мақсатын дәл анықтау;
- сабақтың ақпараттылығын реттеу, әлеуметтік және жекелік сұраныстарды ескере отырып тиімді мазмұнды таңдау;
- танымдық іс-әрекеттің жаңа технологияларын енгізу;
- оқытудың әр қилы түрлерін, формалары мен әдістерін тиімді ұштастыру;
- сабақтың құрылымын қалыптастырудағы шығармашылық ыңғай;
- білім алушылардың әр түрлі ұжымдық іс-әрекетінің формаларын дербес іс-әрекетімен ұштастыру;
- жедел кері байланысты, әрекетті қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету;

- сабақты өткізудегі ғылыми есеп және шеберлік.

Сабаққа қойылатын тәрбиелеушілік талаптар:

- сабақтағы іс-әрекеттің, оқу материалының тәрбиелеушілік мүмкіншіліктерін анықтау;

- оқу жұмысының мақсаты мен мазмұнынан ғана шығатын тәрбиелік міндеттерді қою;

- білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, ұқыптылықты, жауапкершілікті, зейінділікті, ұжымшылығы, т.б. қалыптастыру;

- білім алушыларға зейінді және сезімталдық қатынас, олармен ынтымақтастықта жұмыс істеу;

Сабаққа қойылатын дамытушылық талаптар:

- оқу-танымдық іс-әрекеттің оң мотивін, қызығушылықты, шығармашылық бастамашылықты және белсенділікті қалыптастыру;

- білім алушылардың даму деңгейін және психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және есепке алу;

- сабақтарды «озу» деңгейінде жүргізу;

- білім алушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік дамуындағы «секірістерді» болжау;

Осы талаптардан басқа сабаққа мынадай да талаптар қойылады: ұйымдастырушылық, психологиялық, басқарушылық, санитарлық-гигиеналық, этикалық т.б.

Сабақты жіктеудің негізіне оқу мақсаты, оны өткізудің әдісі немесе оқыту үрдісінің құрамдас буындары жатады. Осыған қарай сабақтың әр түрлі типтері ажыратылады.

Танымдық іс-әрекеттің кезеңдеріне қарай сабақтың типтері:

- кіріспе сабақтар
- материалмен бастапқы таныстыру сабақтары
- ұғымдарды қалыптастыру, заңдарды орнату сабақтары
- алған білімді практикада қолдану сабақтары
- дағдылар сабағы
- жалпылау және қорытындылау сабақтары
- бақылау сабақтары
- аралас сабақ.

Оқу орыны тәжірибесінде бір типті сабақтар болмайды. Сондықтан оқыту жұмысын жүйелі әрі нәтижелі жүргізу үшін, оны топтастырудың мәні орасан зор.

Оқыту әдістеріне қарай сабақтың типтері:

- сабақ-әңгіме
- сабақ-дәріс
- кино сабағы
- зертханалық сабақ
- әртүрі іс-әрекет сабағы.

Дидактикада сабақты жіктеуді анықтауға айрықша маңыз беріледі. Сол себептен әрбір педагог сабақтың жіктелуін ойдағыдай білуі шарт.

Дидактикалық міндеттерге қарай сабақтың типтері:

- білім алушылардың жаңа білімді меңгеру сабағы;
- іскерлікті және дағдыны қалыптастыру сабағы;
- білімді жалпылау және жүйелеу сабағы;
- қайталау, бекіту немесе білімді, іскерлікті, дағдыны кешенді қолдану сабағы;
- бақылау-тексеру сабағы;
- аралас сабақ.

Сабақтың құрылымы – оқу міндеттерін орындауға септігін тигізетін сабақтың бөліктерінің, кезеңдерінің өткізілуінің арақатынасы және бірізділігі. Оқу сабағының типіне қарай оның белгілі бір құрылымы жасақталды.

Сабақтың негізгі элементтері:

Сабақтың басталуын ұйымдастыру бір минуттан бірнеше минутқа созылды және оның дербес бөлігі ретінде өткізіледі. Сабақтың басында іскер және дұрыс талап қою бүкіл сабақтың сәтті өтуіне септігін тигізеді. Ұйымдастырушылық бөлімінде бәрі маңызды: педагог сабаққа қалай кіреді, өзіне деген сенімі, сөйлеуі, өзін ұстау қалпы, талаптарды орынды қоюы және білім алушыларға деген шынайы ықыласы, сыйластығы.

Оқыған материалдың меңгеруін тексеру (әдетте үй тапсырмасы), оның мәнін тексеру және қадағалау, сонымен бірге жаңа материалды меңгеруге даярлау болып табылады. Педагог білім алушылардың зейінін үй тапсырмасын орындауға негіз болған басты идеяларға, ережелерге, т.б. аударады. Үй тапсырмасын бәрі орындаған, орындамағанын анықтайды, қандай қиыншылықтар кездескенін біледі.

Сабақтың мақсаттарын және міндеттерін қою. Сабақтың нақты міндеттерін және оны жүзеге асырудың жолдарын ұғыну

педагог пен білім алушылардың іс-әрекетін анықтығын, жүйелілігін және бірізділігін қамтамасыз етеді. Мақсат пен міндеттерді қою әдетте көп уақыт алмайды, бірақ ол оқу іс-әрекетіне бағытталғандық береді және үлкен тәрбиелік әсері болады.

Түсіндіру – оқу материалының мазмұнын ғылыми баяндау. Білім алушыларға жаңа материал түсінікті болу үшін педагог ғылыми дәлелдерді, білім алушыларда бар білімге сүйенуді, анық және түсінікті баяндауды жүзеге асыруы керек.

Бекіту жаңа материалды түсіндіріп болғаннан кейін жаттығулардың, дербес жұмыстардың, арнайы тапсырмалардың жүйесі арқылы оқылған материалдың бастысына, сүйенетін идеясына білім алушылардың назарын аудартады, теориялық қағидаларды оқу іс-әрекетінің практикасымен байланыстырады. Бекіту арқылы педагог білім алушылардың материалды меңгергені туралы ақпарат алады.

Қайталау. Оқу материалын тақырып, бөлімдер, курс бойынша жүйелеу, жалпылау, қайта айту. Мұнда оқу материалындағы күрделісі негізгі идеяларды бөліп шығару және жаттығулар мен тапсырмаларды таңдау болады.

Сабақтың нәтижесін шығару, қорытындылау. Сабақтың өтілу барысына, білім алушылардың жұмысына қысқаша баға беру, оқығанның басты идеясын еске салу.

Үй тапсырмасы. Педагог үй тапсырмасын хабарлайды, қысқаша орындалу жолын түсіндіреді. Үй тапсырмасын орындау туралы нұсқау анық, қысқа, бірізділікпен берілуі қажет.

Оқу міндетіне және мазмұнына қарай сабақтың бөліктерінің ара-қатынасы ауысып отырады. Сабақтардың әртүрлі типтерінің құрылуында ерекшеліктер пайда болады.

Жаңа білімді меңгеру сабақтарының құрылымы мынадай элементтерден тұрады: сабақтың басталуын ұйымдастыру; сабақтың мақсаттары және міндеттері; жаңаны түсіндіруге даярлық жұмыс (үй тапсырмасын тексеру, бұрыннан оқығанды қайтадан айту, т.б.); түсіндіру; сабақты қорытындылау және үй тапсырмасы. Басты бөлімі – түсіндіру, бекіту қосымша роль атқарады және диагностикалық мақсатты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың жаңа білімді қалай меңгергендігі туралы ақпарат алады.

Бекіту сабағының құрылымы: сабақтың бастауын ұйымдастыру; сабақтың мақсатын және міндеттерін қою; бекіту;

қорытындылау және үй тапсырмасы. Сабақтың басында әрбір білім алушының жұмысқа даярлығын тексеру керек. Мақсатты қою барысында педагог негізгі қағидалар мен ережелерді еске салады, себебі олар практикалық оқу іс-әрекетіне негіз болады. Үй тапсырмасын тексеруді бекітумен байланыстырған дұрыс. Сабақтың негізгі бөлімі – практикалық тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар мен сұрақтарды шешу, жаттығуларды орындау, дербес жұмыстар. Жаттығуларды дұрыс таңдау үлкен роль атқарады, олардың қиындығы бағдарламаның, стандарттың талабына сай болғаны абзал.

Жалпылау немесе қайталау сабағының құрылымы: сабақтың басталуын ұйымдастыру; сабақтың мақсатын және міндетін қою; оқу материалын жалпылау және жүйелеу; сабақтың қорытындысы және үйге тапсырма.

Бұл сабақтың ерекшелігі және күрделілігі мынада: оқу материалының шеңберін дәл анықтау, негізгі ұғымды, ережені, идеяны, шебер бөлу, сәйкесті жаттығуларды таңдау. Қайталауда сабақтың тәрбиелеушілік жағына үлкен мән беріледі. Мұнда оқу материалы көп дәрежеде қызықты фактілермен, оқиғалармен, сезімдермен тығыз байланысты. Бұл сабақтың ерекшелігі педагог аз түсіндіреді де көбіне білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқарады.

Аралас сабақтың құрылымы: сабақтың басталуын ұйымдастыру; үй тапсырмасын тексеру; сабақтың мақсатын және міндеттерін қою; жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, сабақты қорытындылау және үй тапсырмасын беру. Сабақтың бұл типі бүкіл элементтердің комбинациясын құрайды. Әрбір бөлімі басқалардың арасында тең бағалы мәні бар. Сабақтың осы типі бастауыш мектепте жиі қолданылады.

Қадағалау сабағының құрылымы: тексерудің мақсатын түсіндіру және жұмысты ұйымдастырудың нұсқауын беру; бақылау тапсырмасының мазмұнымен және оны орындаудың тәсілімен таныстыру; білім алушылардың дербес жұмысы; сабақтың нәтижесін бастапқы қорытындылау. Сабақтың басы нұсқаудан және білім алушылардың жұмысқа даярлығын тексеруден басталады. Бірден бақылау жұмысының сипатын айтып, қандай білімдер, қандай тақырыптар тексерілетіні хабарланады. Педагог білім алушыларға ойлау іс-әрекетінің жолдарын көрсетеді: теориялық талдауды қалай қолдануға болатындығын, теорияны

практикалық жұмыспен байланыстыруды, өзін-өзі қадағалаудың тәсілдері т.б. Әдетте үй тапсырмалары берілмейді. Бірақ әдебиет тізімін, іздеушілік сипаттағы тапсырмаларды беруге болады.

Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес формаларының пайда болуы және оларды талдау

XX ғасырдың 80 жылдарында түсіндірмелі-иллюстративтік оқытудың тұтқасы – сыныптық-сабақтық жүйе қоғамның жаңа талаптарына сай болу үшін жетілдіруді талап ететіні белгілі болды. Осы жүйені модернизациялау кезінде дәстүрлі емес сабақ пайда болды. Онда білім алушыларды белсенді позицияға қойып, сабақты даярлап өткізуде іс-әрекетке қосып, ойындық, жағдайды шешушілік, жарыстық функцияларды жүзеге асырады.

Дәстүрлі емес сабақты өткізуде мынадай сұрақтар пайда болды: жалпы сабақтар жүйесінде алатын орны, функциясы, оны таңдап алу шарттары, қойылатын талаптары қандай, мұндай сабақтарды талдау немен ерекшеленеді т.б.

Дәстүрлі емес сабақ – бұл орнатылмаған құрылымы бар импровизациялық оқу жұмысы.

И.П.Подласыйдың, Г.К.Селевконың т.б. еңбектерінде дәстүрлі емес сабақтардың 30 астам түрі келтірілген.

Сабақтың дәстүрлі емес технологиясына жататындар:

- пәнаралық байланысқа негізделген интегралды сабақтар;
- жарыс және ойын формасындағы сабақтар: байқау, турнир, іскер немесе ролдік ойындар;
- қарым-қатынастың көпшілік формаларын имитациялау сабақтары: пресс-конференция, аукцион, ауызша журнал т.б.;
- мемлекеттің және ұйымдардың іс-әрекетін имитациялауға негізделген сабақтар: сот, парламенттегі дебаттар;
- қоғамдық-мәдени шараларды имитациялаудың сабақтары: өткенге сырттай экскурсия, жорық, әдеби серуен;
- сабақтан тыс дәстүрлі формаларды сабақ шеңберіне енгізу, көңілділер, тапқыштар клубы, «Не? Қайда? Қашан?», инсценировка.

Дәстүрлі емес сабақтар қандай дидактикалық міндеттерді шешуде қолдануға болады деген сұраққа, іскерлікті және дағдыны қалыптастыруға, білімді жалпылау және жүйелеуге, қайталау және бекітуде, бақылау-тексеруде қолдануға болады деген қорытынды жасаймыз. Ал, интегралды және конференция сабақтары арқылы жаңа білім меңгеру міндетін де шешуге болады. Сонда дәстүрлі

емес сабақтар оқытудың басты формасы – дәстүрлі сабақтардың функцияларын атқарып, оның көмекші формасы болады.

Дәстүрлі емес сабақтың түрін таңдап алғанда тақырыптың мазмұнын, білім алушылардың даярланғандық дәрежесін, материалдық базаны, педагогтің мүмкіншілігін, оқулықтардың, көмекші оқу құралдарын т.б. есепке алу керектігін тәжірибе көрсетті.

Көптеген қазақ оқу орынытерінде жұмыстың топтық формасы бар сабақтарды, театрландырылған, ойын сабақтарын өткізуге жағдай жоқ. Өкінішке орай, біраз білім алушылардың білім деңгейінің төмендігі іскер ойындар, шығармашылық, «сот» т.б. сабақтарды өткізуге қолбайлау болып отыр. Зерттеу, түпдеректі талдау, бинарлық (қосарланған) сабақтарды өткізейін десе оқулық, қосымша оқу құралдары жетіспейді.

Дәстүрлі емес сабақтарға дидактикалық, тәрбиелеушілік, дамытушылық, ұйымдастырушылық, психологиялық, басқарушылық, санитарлық-гигиеналық, этикалық т.б. талаптар қойылады. Кейбіреулерін көрсете кетелік:

- білім алушылардың қызығушылығын, ықыласын т.б. ескере отырып дәстүрлі емес сабақты өткізуге қажетті жағдайды қамтамасыз ету;

- білім алушының барлық аясын дамытуға себептендіру және белсендету жұмысын жүргізу;

- дәстүрлі емес сабақта жедел кері байланысты, пәрменді қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету;

- педагогикалық әдепті сақтау, білім алушылармен қарым-қатынасты, бірге іс-әрекет жасауды жоғары дәрежеде жүргізу;

- білім алушылардың дамуында жаңа сапалы өзгерістерді жүзеге асыруды стимулдау.

Дидактикада сабақты талдаудың әдістемесі баршылық.

Дәстүрлі емес сабақтар үшін, әрине, арнайы сабақ талдаудың схемасын жасаудың қажеті жоқ. Біздің пікірімізше, бар схеманың бөлімдерін тереңдетіп, жан-жақты қолданса жеткілікті. Дәстүрлі емес сабақтарды талдағанда жалпы сұрақтармен бірге мына сұрақтарға жауап алудың қажеті бар сияқты:

- сабақты даярлауға білім алушылардың қатысуы, белсенділігі;
- қолданылатын жадығаттың қызығушылық, еліктеушілік әдеттен тыс дәрежесі;

- білім алушылардың танымдық іс-әрекетін стимулдаудың тәсілдері, жолдары қандай болды;

- сабақ барысында білім алушыларды толықтыруға, түзетуге, рецензиялауға т.б. қаншалықты қатыстырылғандығы.

Осы орайда төмендегі мәселелер ескерілуі тиіс:

- оқу мазмұнының танымдық бағытталғандығы;

- сабақтың білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарының дұрыс қойылуы;

- сабақтың мақсатына, мазмұнына сәйкесті түрін, құрылымын, оқыту әдістерін талдау;

- оқытудың педагог мен білім алушылардың диалектикалық өзара байланысы екені туралы ұғымды білдіретіндігі;

- білімді меңгеру үрдісінің құрылымын, яғни қабылдау, түсіну, ұғыну, жинақтау, бекіту, қолдануды жүзеге асыру;

- проблемалық оқытуды сабақта іске асыру жағдайлары;

- сабақтың әртүрлі кезеңдерінде білім алушылардың фронтальды, топтық және жеке жұмысына қатынасы;

- сабақта оқыту мен тәрбиелеу ұстанымдарының орындалуы.

Топтармен жұмыс істеу кезіндегі сабақ оқытушылардың әбден үйреніп кеткен дәріс түрінде жүргізілетін сабақтардан мүлде өзгеше болады. Топтармен жұмыс істеудің қалыптасқан сабақ түрінен айырмашылығы:

1. Студенттер сабаққа белсенді қатысады. Оқытушы барлық жұмысты жүргізіп жатқанда, олар енжар қалыпта қалмай, тапсырманы орындау үстінде болады.

2. Студенттер жұмысқа өздерінің жолдастарымен бірлесе кіріседі. Сол топтың мүшесі есебінде ол да басқалардың ойы мен пікірлерін талқылауға құқылы болады. Олар бір-біріне сұрақ қояды, түрлі пікірлерін айтады, біріне-бірі қол ұшын беруге үйренеді.

3. Көптеген студенттер бұл тәсілден өзіне қажетті пайда алады:

- талантты білім алушылар топтың көңілін аудармай-ақ өздерінің қабілеттерін көрсете алады;

- топтарда жұмыс істеген уақытта студенттер өздерін еркін сезінеді. Бұрын топта байқалмайтын студент тұйыққа тірелген жағдайда өзінің білімін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Шағын топта студент өзінің ешкімнен кем емес екенін, топтағы студенттердің бұның да ой-пікіріне құлақ қойып бағалайтынын көреді;

- топтармен жұмыс істеу жүйесі ұяң студенттерге де көп пайда береді.

Топта жұмыс істей отырып, ондай жастар сенімділікке тәрбиеленеді. Олар отыз адамның көз алдында тұрғаннан гөрі 3-4 студенттен құралған топта өздерін еркінірек сезінеді.

Топтарда жұмыс істеуге дайындықты қалай бастау керек? Топтарда жұмыс істеу әдісін сабақ барысында қолданғысы келетін бір не бірнеше әріптестер тауып алудан бастаңыз. Бәріңіз жинала отырып, сабақ жоспарын, топтарға бөлуді және білім алушыларды шағын топтармен жұмыс істеуге дайындау мәселелерін талқылаңыз.

Студенттер нені үйрену керек?

Топтарда жұмыс істеу барысында студенттер қандай дағдыны үйреніп, қандай білім алу керектігін нақты белгілеуі шарт. Мақсаты не? Осы мәселені меңгеруі студентке не береді? Жүзеге асырылатын нәрсе не? Сол мақсатқа жетуге арнап қанша уақыт бөле аласың?

Жоба жасағанда қандай мәселелерге көңіл аударған дұрыс:

1) Уақыт. Топтардағы жаттығуларды қалай жүргізетініңді анықта. Ең дұрысы – тапсырманы түсіндіруден бастау, содан соң топтарда жұмыс жасалады да, ең соңында барлығын қорытумен аяқтау.

2) Орын. Топтарда жұмыс істеу топты сабаққа дайындауға да өзгерістер енгізуді талап етеді. Төмендегі мына мәселелерді әрқашан есте сақтау керек: топ немен айналысады; студенттер бөлменің ішінде еркін жүретіндей болуы керек; топ мүшелері бірін-бірі тыңдай алатындай, көре алатындай болсын; материалды студенттерге таратып берген дұрыс; басқа да ғылыми оқу құралдары қол жетер жерде болсын.

3) Жазбаша нұсқаулар. Студенттер тапсырмамен оның орындалу жолын түсінуі де осыған байланысты.

Нұсқау:

- барлық студенттерге түсінікті тілмен жазылуы қажет.
- тапсырма берілген парақпен қосып немесе бірнеше дана етіп беріледі.

- студенттер педагогтің көмегінсіз- ақ орындай алатыны анық және жан-жақты қымталған болуы шарт. Қандай нәтижеге алып келетіні анық көрсетілсін.

4) Топта жұмыс істеу шеберлігі. Топтармен күрделі болған сайын, студенттердің бірлесе жұмыс істеу деңгейі де жоғарлай түсуі тиіс. Мүмкін, топтардағы араласа жұмыс істеу шарттарын меңгеруге көп уақытыңды жебересің. Жоғарғы оқу орындарында алғашқы айларда ережелерді игеріп, кейін оның орындалуын меңгеруге болады. Сонда ғана студенттер шағын топтарда жұмыс істей отырып, шығармашылық тапсырмаларды тиімді шеше алады.

Қарым-қатынастың негізі: студенттер өздерін қалай ұстау керек?

1. Топ мүшелерінің міндеттері: жолдастарының айтқанына құлақ қою қажет; жұмысқа барлығының қатысуы міндетті; көмек керек болса, ұялмай сұрау керек; өтініш білдірген жанға міндетті түрде көмектесу қажет. 2. Әркім өзіне берілген тапсырманы орындайды (топ жетекшісі - басшы, ереженің сақталуын бақылайды; баяндамашы – хатшы, қорытынды жасаушы, уақытты бақылаушы, т.б.). 3. Тапсырманы бере отырып оқытушы студенттердің күшті және әлсіз жақтарын ескеру қажет.

Студенттерді топтарға қалай бөлуге болады?

Шағын тапсырмалар үшін 4-5 адамнан тұратын топ тиімді болады. Егер жаттығуларды іштей бөлшектеуге болатын болса, ондай күрделі тапсырмаларды үлкен топтар орындайды. 3-4 адамнан құралған топ, әдетте мазасыздау болады, ал екі адам бірлесе отырып орындайтын жаттығулар үшін таптырмайды. Топтың құрамы білім деңгейлеріне қарай әр түрлі болғаны дұрыс.

Жеке жұмысты қалай бақылауға болады?

Топтағы жұмыс аяқталғаннан кейін, әрбір студент толтыруға міндетті болып табылатын нәтижелер жазылған қағазды тексеруге болады. Нәтижесі көрсетілген бұл қағаз арқылы оқытушы әр студентке баға береді. Білім деңгейінің өсуін көрсетеді. Сұрақтар студенттерге өздерінің нені үйренгенін және қандай көзқарастар қалыптастырғанын бақылауға жағдай жасайды. Сабақ соңында студенттермен бірлесе отырып, қандай жаңа білім алғанын, қандай нәтижелерге жеткенін талқылаймыз.

Топтарда жұмысты қалай жүргізу керек?

• Сабақ алдында материалдарды дайындап, орындықтарды орналастыр.

- Қысқаша түрде сабақтың тақырыбын талда.
- Студенттерді топтарға бөл.
- Материал тарата отырып, тапсырманы анықта.

- Нұсқауларды барлығының түсінігіне көзінді жеткіз.
- Тапсырманы орындауға қажетті уақытты белгіле.
- Топ өкілдерінен еңбектің нәтижесін айтып беруді сұра.
- Тапсырманы топпен отырып талда.

Бүгінде оқытуды ұйымдастырудың мынадай қосымша формалары бар: оқытудың жекелік формасы; пәндік үйірмелер; топсеруен; факультативтер; кеңес; қосымша сабақтар; үй тапсырмасы;.

2. Педагогикалық оқыту үрдісінде түрлі әдістерді қолдану

Әдістердің, онымен бірге оқыту формаларының дамуы білім берудің әртүрлі элементтерін үйрену тәсілдеріне байланысты таным қызметінің сипатының өзгерісінен, оқытудың формалары мен құралдарының жаңаруынан туындайды.

Оқыту – білім, білік, әрекет дағдыларын үйрету мен меңгерту үрдісі, өмір мен еңбекке бейімді етіп дайындаудың негізгі құралы. *Әдіс* дегеніміз – алға қойылған мақсатқа жетудің жолы, амалы, тәсілі, айласы. *Оқыту әдістері* – оқытушы мен білім алушылардың өзара бірікке іс-әрекетінің тәсілдері. Бұл іс-әрекет оқытудың міндеттерін шешуге бағытталады.

Оқыту тәсілі, амалы – жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер) ету. Тәсілдер, әдетте, әдістерді белгілі бір жағдайларда нақты пайдалануды қамтамасыз етеді. Мысалы, жазалау тәсілдері - ескерту, айыптау, сөгіс; сендіру; нандыру тәсілдері - иландыру, түсіндіру, баяндамалар; мадақтау тәсілдері - мақұлдау, мақтау, сыйлық беру т.б.

Әдістердің жіктелуі – бұл анықталған белгілерге қарай құрылған әдістер жүйесі. Жіктелуге сүйене отырып, педагог тек әдістер жүйесін анық көріп, танып қоймай, ол әр түрлі әдістерінің өзіне тән белгілерін, орнын жақсы түсінеді. Кез келген әдістің жіктелуі олардың жалпы негіздері мен белгілерін анықтаудан басталады. Қазіргі педагогикада ондаған жіктеме белгілі, себебі әдістер жүйесінде жіктелудің логикалық негізі анық емес. Қазіргі кезде жіктелудің негізіне кіріктіруге бағытталу сипатты алынуда. Ол өзіне оқыту әдісінің мақсаттық, мазмұндық және үрдіссуалдық жақтарын бірлікте қарастырады.

Практикада үнемі тұратын міндет – әдістің біреуін ғана қолданбай, тиімдісін, нәтижелі болатынын таңдау. Тиімді деп –

қойылған мақсатқа көп күш-қуат жұмсамай жететін неғұрлым пайдалы жолды айтамыз.

Оқыту әдісін таңдауды анықтайтын жалпы жағдайларға мыналар жатады: оқытудың мақсаттары және міндеттері, мазмұны; білім алушылардың жастық ерекшеліктері; ұжымның қалыптасқан деңгейі; білім алушылардың жекелік және тұлғалық ерекшеліктері; оқытудың жағдайы; маманның педагогикалық шеберлігінің деңгейі; оқыту уақыты; күтілетін нәтижелер, қорытындылар.

Жаңа әдістер мен формаларды ендіру колледждер мен жоғары оқу орындарының үнемі қажеттілігі болып отыр. Соңғы оншақты жылда педагогика, психология мен әлеуметтанумен интеграциялана бастады. Жаңа оқу өзара әрекетінің мазмұнын бейнелейтін анықтама іздеу үрдісінде интерактивті оқыту термині пайда болды, ол шын мәнінде педагогикалық өзара әрекеттің мәнін, мазмұнын және құрылымын жақсартуға қабілетті. Мұндай технология педагогты даярлау үрдісінде белгілі бір қайта құруларды талап етеді. Ол студенттермен қарым-қатынаста жаңа өзара іс-әрекет түрін қалыптастырумен байланысты, сабақтың өзіндегі бағалау жүйесінің өзгерісіне, оқытушы, әкімшілік, студенттер тарапынан интерактивті сабақты бағалауына да әсер етеді.

Соңғы кезде *белсенді оқу әдістері* (интерактивті) кең тарауда, оған әлеуметтік-психологиялық тренингтер, топтық талқылау және әртүрлі ойындардың (рөлдік, иммитациялық, т.б.) түрлері жатады. Бұл әдістің ерекшелігі оқытудың белсенді түрі, топтық сипат және кері байланыстың үздіксіздігі.

Оқытудың белсенділігі бірқатар процедуралармен қамтамасыз етіледі: оқыту үрдісіне проблемалық жағдайдың қосылуы, зерттеушілік элементтері, нақты үрдістердің әртүрлі моделдерін қолдану. Белсенді оқытудың көптеген әдістері, әсіресе әлеуметтік-психологиялық тренингте міндетті принципі кері байланыс саналады, бұл сабаққа қатысушыға өзін сырттан қаруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлқын біршама адекваттыға өзгертуге және өзін жаңа ұстанымда сынауға мүмкіндік береді. Белсенді әдістерде топтық өзара әрекет әсері кең қолданылады.

Оқытудағы инновациялық әдістерге топтық оқытуды, даралық жұмыстың әртүрлі формаларын, бригадалық оқытудың әртүрлі формаларын, дамытушы оқыту жүйелері және т.б. енеді. Байланысты қамтамасыз етіп, ақпарат берумен шектелмейтін және

өзгелерге белгілі бір әсер ететін, олардың мінез-құлқының, іс-әрекетінің өзгеруін қамтамасыз ететін қарым-қатынастың қызметі ретінде интерактивтіліктің психологиялық мәнінен бастау ала отырып, біз интерактивтілікті оқу үрдісінде байланыстың интерактивтілігін ұйымдастырушы дидактикалық құралдардың белгілі бір қасиеті деп анықтаймыз.

Интерактивті және белсенді оқыту әдістерін салыстыру бұл әдістердің оқыту субъектілерінің «іс-әрекеттік тұрғысын», олардың өзбеттілігі мен шығармашылығын дамытуға бағытталғанын көрсетеді.

«Интерактив» сөзі ағылшынның “*interact*” сөзінен шыққан. «*Inter*» - бұл өзара, «*act*» - әрекет ету деген мағынаны береді. Кейде интерактив сөзін кейбір әдебиеттерде интербелсенді деп жазады. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсемен (мысалы, компьютермен) немесе біреумен (адаммен) әңгімелесу, диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Сондықтан *интерактивті оқыту* - диалогтық оқыту, оның барысында оқытушы мен студент арасында өзара тікелей әсер ету, қарым- қатынас жүзеге асырылады. Интерактивті оқыту түрі – кооперация мен бәсекелестік.

Интерактивтілік білім беру категориясы ретінде бір жағынан тұлғаның бағдарлы педагогика қажетсінетін және оқу мен ақпараттың өзара әрекетке (А.А.Бодалев, Е.Л.Мелибурд, К.Рудестам және т.б.) міндетті жағдай ретінде коммуникативті бағдарланған тұжырымдама ретінде негізделген. Екінші жағынан интерактивтіліктің қажеттілігі оқыту феноменінің мәнімен шартты (байланысты), оның міндеті мамандардың негізгі міндетті компоненті қарым-қатынас болып табылатын өнімді тұлғааралық өзара әрекетін қалыптастыруға, модельдік тәжірибесінің қалыптасуына жағдай жасау ретінде түсіндіріледі (В.П.Беспалько, И.П.Пидкасистый т.б.). Үшіншіден, «интерактивтілік» ұғымын педагогикалық анықтау субъективтік шындық ретінде қарастырылатын білім беру сүйенетін ақпарат, пәннің мәніне байланысты.

«Интерактивті өзара әрекет» тар мағынада бұл диалог, кең мағынада кез-келген субъектілердің олардың қолы жететін құралдар мен әдістерді қолдануымен жүретін полидиалогы. Мұндағы полидиалогта екі жақтың да белсенді қатысуы - сұрақтар мен жауаптармен алмасу, диалог барысын басқару, қабылданған

шешімдерді орындауды бақылау. Оқытудың интерактивті формалары мен құралдарының бүгінгі білім беру үрдісінде қажеттігі «оқыту» феноменінің ғылыми категория және дидактикалық үрдіс ретінде болуымен байланысты. Оқытудың инновациялық технологиясы білім алушыны коммуникативтік үрдіске белсенді қатысуына даярлайды, инновациялық мәдениетке тартылуын, тұлғалық қабілетінің дамуына негізделген интерактивтік жылдамдығының дамуына көмектеседі. Бұл білім алушыны ақпаратты тұтас қабылдауына бағытталған, оның қабылдауын интеллектуальдық және эмоциональдық деңгейде жетілідіреді. ЖОО-ы жағдайында педагогикалық-психологиялық материалында инновациялық технологияны, интерактивті әдістерді жүзеге асыру оның тиімділігі мен гуманитарлық пән мен коммуникация құралы ретінде оқытуға сәйкестігін көрсетті.

Бүгінде педагогикалық оқыту үрдісінде интерактивті қарым-қатынасқа негізделген жеке әдістер бар. Олар «миға шабуыл», дөңгелек үстел, іскерлік ойын, т.б.

«*Миға шабуыл*» әдісі оқыту әдісі ретінде әлі де ЖОО-ң практикасында қолданылып үлгерген жоқ. Бұл әдіс басқару жүйесінде, сонымен қатар ғылыми зерттеулер аймағында дамыды. Ол әсіресе, экономикалық басқару әрекеті менеджментте кеңінен қолданылады.

Миға шабуылдың алтын ережесі – қатысушылардың айтқан пікіріне күмән келтірмеу, сынамау, пікірлердің толық еркіндігі, тіпті әдепсіз болса да. Миға шабуыл бұл дұрыс шешімді іздеу мақсатында ғылыми зерттеуге бағытталады. Мұнда әртүрлі көзқарастар пайда болып, соның нәтижесінде белгілі бір шешім қабылданады, яғни белгілі бір мәселені талқылау арқылы қандай да бір жетістікке жетуге ұмтылады. Миға шабуыл әдісі білім алушыларды қандай да бір мәселені шешу қиын екендігін сендіру мақсатында қолданылады. Мысалы, экономикалық мәселе (жалақының шешілуі), педагогикалық мәселе (адамгершілік қазіргі жастардың бостандығы, тәрбиенің мақсатары аралығындағы қарама-қайшылық), әлеуметтану (саяси іс-әрекеттің рентингісін интерпритациялау), психология (психика дамуының заңы және білім беру мен тәрбиелеудің практикасы).

Миға шабуыл әдісі, жасөспірімдерге жүргізуде өте тиімді болып табылады. Негізінен бұл әдіс көмегімен білім алушылардың ой-

өрісін кеңейтуге, шығармашылық ізденіске ұмтылуына көп септігін тигізеді.

Дөңгелек үстел әдісі – әдетте саяси және ғылыми бағытта ұйымдастырылады. Ой-пікірлердің алмасуынан олар белгілі бір қорытындыға келеді, яғни әр түрлі көзқарастарға сүйенеді. Әдетте бұл әдіс оқытуда теориялық білімді тереңдету мақсатында жүргізіліп және әртүрлі кәсіби маман ретінде ғылым аспектісі бойынша мәселелер қарастырылады. Мысалы, білім алушыларға психология бойынша «педагогтардың тұлғалық іс-әрекеті», т.б. секілді тақырыпта дөңгелек үстел әдісін жүргізуге болады. Дөңгелек үстел әдісінің басқа формалары да бар. Мысалы, студенттік оқу-әдістемелік конференциясы, мұнда жалпыға ортақ тақырып таңдалынып, талқыланады.

Іскерлік ойын әдісі – оқыту үрдісінде әр түрлі бағытта қолданылады. Ол оқытушының басқаруымен, білім алушылардың өзіндік ұйымдастырушылығымен, жоспарланған ойын сценарийі арқылы мақсатқа бағытталған негізде жүзеге асырылады. Көп жағдайларда іскерлік ойындарды басқарушы маман білім алушыларға қолданған тиімді. Мысалы, әскери оқуда оқитын студенттерге командир болу мақсатында жүргізілгенде. Бұл әдістің тиімділігі – білім алушылардың ақыл-ойын дамыту, танымдық белсенділігін қалыптастыру, кәсіби маман болуына шеберлікті дарыту болып саналады. Сонымен қатар білім алушы іскерлік ойында әр түрлі рөлдерге ене алады: педагог, әдіскер, білім беру департаменті, сараманшы студент, т.б. Ойын алдын-ала сценарий бойынша дайындалып, рөлдер бөлініп қояды.

Іскерлік ойын әдісінің оқытуда қолданылуы білім алушыларының сол ситуациялық жағдайдан шығуына, өмірге шын көзқараспен қарау арқылы шығармашылық, кәсіби қабілеттерін шындай ала алады. Іскерлік ойынды өткізудің кезеңдері:

1 кезең. Педагог тақырыпты таңдауы, мақсат-міндеттерді белгілеп күтілетін нәтижені болжауы, құрылымын анықтау, сыныптағы ойынға қатысушылардың рөлдік қызметіндегі қасиеттерін ескеру, ойын барысындағы әсер етуші жағдайларды зерттеу.

2 кезең. Соңғы оқу материалын талдау, мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін талдау тиімді әдістемені таңдап алу және оны ойша қолдануда шығармашылық өңдеу, сценарийді дайындау, рөлдерге бөлу.

3 кезең. Педагогтің білім алушыларды іскерлік ойынның сценарийімен, мақсатымен, мазмұнымен таныстыруы. Білім алушылардың рөлдік қызметтерін орындауы, педагогтің білім алушылардың ойын басқаруы, ойын барысының нәтижесін талдау, педагогтің қорытынды жасауы.

Қазіргі білім берудегі ең басты тапсырма – мамандардың әлемді шығармашылық тұрғыда меңгеру әдістемесімен көрінуі. Жоғарғы оқу орындарында дайындық маманды шығармашылық қабілетін кұруда қажет болады:

- проблеманы өз бетімен көру және оны кұру;
- болжамды дайындау;
- мәліметтерді жинап оны талдау керек, әдістемені ұсынып, өңдеу керек,
- алынған тәжірибиелерді тәжірибиеде қолдануда нәтижесін кұруда қабілетті,
- проблеманы түгелдей көру қабілеті, ол ұжымда жұмыста мәселені шешудегі жеке қатысуын анықтау.

Сонымен қоғам дамыған сайын оқу жүйесінің қайта кұрылатындығы және соған орай оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдерінің де өзгеріп, жаңарып отыруы заңды үрдіс. Сондықтанда білім беруге инновациялық технологиялардың енуін үздіксіз үрдіс, күнделікті білім беру қызметінің компоненті ретінде қарастыру қажет.

3. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар

Колледждегі және ЖОО-дағы дәрістің мақсаты – білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруі үшін бағыт беретін негізді қалыптастыру. «Дәріс» сөзі латынның «lection» - оқу деген сөзін білдіреді. Дәріс ең алғаш Ежелгі Грецияда пайда болған, әрі қарай Ежелгі Римде және орта ғасырларда дамытылған. Ресейде оқытудың дәрістік формасын ең алғаш М.В.Ломоносов қолданып, таратқан. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап ғылыми және техникалық білімнің артуына байланысты дәріс сабақтарын студенттердің өзбеттілігін және белсенділігін талптандыратын практикалық сабақтармен толықтыру қажеттілігі арта бастады.

Бүгінгі таңда оқу материалын дәрістік баяндауды қолдаушылармен қатар оған қарсы шыққан адамдар да бар. Олардың дәйектерінде шындық та бар. Не болса да, оларды есте сақатаған дұрыс:

1. Дәріс бөтен пікірлерді енжар түрде қабылдауға үйретеді, өзіндік сананының дамуына кедергі келтіреді. Дәріс қаншалықты күшті болса, бұл заңдылықтың сақталуы соншалықты нәтижелі болады.

2. Дәріс өз бетімен жұмыстануға талапты жояды.

3. Оқулықтар мүлдем жоқ немесе аз мөлшерде болған жағдайда ғана дәріс оқыған дұрыс.

4. Кейбір студенттер айтылған нәрсені ұғынса, көп студенттер – дәріс білім алушының сөздерін жазып алуға ғана үлгеріп отырады.

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, дәрістен бас тарту студенттер дайындығының ғылымилық деңгейін төмендетеді, семестр бойына жұмыстанудың жүйелілігін және бір қалыптылығын бұзады. Сондықтан дәріс осы күнге дейін колледж, ЖОО-да оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы болып отыр. Жоғарыда аталған кемшіліктерді көп орайда дұрыс әдістемемен және оқу материалын ұтымды жеткізумен жоюға болады.

Оқытудың дәрістік формасы мына жағдайларда қажет:

1. жаңа енгізілген курстар бойынша оқулықтар болмаған жағдайда дәріс ақпараттың негізгі көзі болып табылады;

2. нақты тақырып бойынша берілетін жаңа оқу материалы қолда бар оқулықтарда ашылмаған немесе оның кейбір жақтары ескірген жағдайда;

3. оқулықтың кейбір тақырыптары өз бетімен зерттеуге өте күрделі болған жағдайда оқытушының әдістемелік өңдеуін қажет еткен кезде;

4. курстың негізгі проблемалары бойынша екіжақты, қарам-қарыс тұжырымдар болған жағдайда. Бұнда дәріс оларға объективті баға беру үшін оқылады;

5. студенттердің көзқарасын қалыптастыру мақсатында дәріс білім алушының оларға жеке эмоционалдық әсер етуі маңызды болған жағдайда. Дәрістің эмоционалдық сипаты ғылыми мазмұнмен біріге отырып, ой мен сөздің үйлесімділігін тудырады және тыңдаушылармен жақсы қабылданады. Әсіресе бұл гуманитарлық пәндерді оқытуда ерекше орынға ие. Сонымен қатар жаратылыстану және дәл пәндердің оқытушыларына да эмоционалдық қажет.

Әсіресе, авторлық дәрістер ерекше әсер етеді. Бұл мәселе бойынша К.Тимирязевтің айтуынша, дәрісте ғылыми проблемалардың дұрыс шешімі идеяға берілу, сол идеяны

ұстанумен бірігуі керек. Д.И.Менделеевтің дәрістері тап осы қасиеттерге ие болған.

Дәрістің артықшылығы:

1. дәріс білім алушының аудиториямен шығармашылық қарым-қатынас жасауы, шығармашылықпен бірге айналысу, эмоционалдық өзара әрекеттесу;

2. дәріс – білім негіздерін жалпы түрде алудың ең үнемді тәсілі;

3. дәріс дұрыс ұғынылып, мұқият тыңдалған жағдайда студенттің ақыл-ой әрекетін белсендендіреді.

Сондықтан дәріс жүргізушінің мақсаты – студенттердің белсенді зейінін дамыту, оларда ой қозғалысын тудыру. Соңғы кезде кредиттік жүйе бойынша студенттерге оқытушыларды таңдау еркі берілген. Бұл оқытушының дәріс оқу шеберлігін арттыру проблемасын алға қояды.

Көп оқытушылардың есептеуінше, дәріс жүргізушінің міндеті – өз пәнін жақсы білу және оны анық түрде баяндау. Бірақ «анық түрде баяндау» деген не? Бұл өте күрделі педагогикалық проблема – бұл баяндаудың жүйелілігі, көрнекілігі, тыңдаушылардың материалды саналы және белсенді түрде меңгеруі, нәтиже ретіндегі түсіну.

Дәріске қойылатын талаптар

Дәріс пен оқытудың адамгершілік сипаты, ғылымилық (қазіргі ғылымның даму деңгейіне сәйкестігі) және ақпараттық деңгей, дәлелділік және дәйектілік, ашық, сенімді мысалдардың, фактілердің, негіздемелердің, құжаттардың және ғылыми дәлелдердің жеткілікті мөлшерде болуы, баяндау формасының эмоционалдығы, тыңдаушылардың ойын белсендендіру, ой-толғанис үшін сұрақтар қою; қарастырылатын сұрақтардың қатаң құрылымы және қисыны; әдістемелік өңделуі – негізгі ойларды және қағидаларды көрсету, қорытындылардың астын сызу, қорытындыларды түрлі формулировкада қайталау; қол жетерлік деңгейде және анық баяндау, жаңа терминдерді және атауларды түсіндіру; мүмкіндігінше аудиовизуальды материалдарды қолдану. Аталған талаптар дәрістің сапасын бағалау критерийлерінің негізін құрайды.

Дәрістің құрылымы

Дәрістер бір-бірінен құрылымы бойынша ажыратылады. Ол берілетін материалдың мазмұнына және сипатына тәуелді. Бірақ

кез-келген дәріс түріне ортақ жалпы құрылымдық негіз бар. Бұл ең алдымен дәрістің жоспарын беру және сол жоспарды қатаң сақтау. Жоспарда дәрістің басты сұрақтарының атаулары беріледі. Олар кейін емтихан сұрақтарын жасақтауда пайдаланылады.

Алдыңғы өткен дәрістің мазмұнын еске түсірген пайдалы, оны жаңа материалмен байланыстырып, жалпы курс, пән құрылымында оның орнын және маңызын анықтау қажет.

Тақырыпты ашуда *индуктивті әдісті* қолдану ұсынылады: ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін мысалдар, фактілер; сонымен бірге *дедуктивті әдісті* де қолдануға болады: жалпы қағидаларды түсіндіріп, оларды нақты мысалдар негізінде көрсету. Талданатын әрбір қағида бойынша қорытынды жасалу керек, оларды интонациямен және қайталаумен айқындаған жөн. Дәріс соңында жалпы қорытынды жасау керек. Колледж және ЖОО-дағы дәстүрлі дәріс ақпараттық болып табылады. Оның бірнеше түрлері бар: кіріспе дәріс, шолу-қайталау дәрісі, шолу дәрісі.

Кіріспе дәріс. Ол студенттерді курстың мақсат-міндеттерімен, оның оқу пәндері жүйесіндегі орны және маңызымен таныстырады. Әрі қарай курсқа жалпы шолу жасалады (аталған ғылымының даму кезеңдері, белгілі ғалымдарының есімдері). Бұндай дәрісте ғылыми проблемалар қойылады, болжамдар ұсынылады, ғылымның даму перспективалары және оның практикадағы маңызы белгіленеді. Кіріспе дәрісте теориялық материалды мамандардың болашақ жұмыс практикасымен байланыстырған жөн. Содан кейін курс бойынша жұмыс жасаудың жалпы әдістемесімен таныстырып, оқулықтар және оқу құралдарына сипаттама береді, міндетті әдебиеттер тізімімен, емтиханда қойылатын талаптармен таныстырады.

Шолу-қайталау дәрісі тараудың немесе курстың соңында оқылады. Онда сол тараудың не курстың ғылыми-ұғымдық негізін құрайтын барлық теориялық қағидалар қарастырылады. Бұл курстың квинтэссенциясы.

Шолу дәрісі. Бұл қысқаша конспект емес, білімді жоғарырақ деңгейде жүйелеуге бағытталған. Бұнда емтиханның күрделі сұрақтары да қарастырылады.

Дәрісті оыған кезде оқытушы студенттердің конспект жазатындығын естен шығармаған жөн. *Конспект* мұқият тыңдауға, жазу барысында жақсы есте сақтауға көмектеседі, семинар

сабақтарына, емтиханға даярлық барысында негізгі материалдың болуын қамтамасыз етеді. Дәріс білім алушының міндеті – студенттерге ұғына отырып конспект жазуға мүмкіндік беру. Тыңдауға, ұғынуға, өңдеуге, қысқаша жазып алуға мүмкіндік беру. Бұл үшін оқытушы студенттерге көмектесуі қажет. Бұны аудиторияның реакциясынан көріп отыруға болады.

Конспект жазуға қандай құралдар көмектеседі? Бұл дәріс материалын акцентпен айқындай отырып баяндау, яғни ең маңызды, мәнді ақпаратты дауыс жылдамдығымен, дауыспен, интонациямен, қайталаумен ерекшелеу, үзілістерді пайдалану, тақтаға жазу, иллюстрациялық материалды көрсету, сабақтың тәртібін қатаң сақтау.

Студенттерге конспект жазу әдістемесін, жазбаларды дұрыс графикалық орналастыруға және рәсімдеуге үйреткен пайдалы: азат жолдарды белгілеу, негізгі ойлардың, тірек сөздердің астын сызу, қорытындыларды қоршауға алу, түрлі түсті қалам мен маркерлерді пайдалану.

Дәріс білім алушының өнері студенттердің дәріс барысында жұмысын дұрыс ұйымдастыруға көмек береді. Дәрістің мазмұны, құрылымының нақтылығы, зейінді шоғырландыру тәсілдерін қолдану – бұның бәрі ақыл-ойды және жұмыс жасау қабілетін белсендендіреді, педагогикалық байланыс орнатуға жол ашады, студенттердің эмоционалдық жауабын күтеді, еңбексүйгіштік дағдыларын тәрбиелейді, пәнге деген қызығушылықты қалыптастырады.

Дәріс сапасын бағалау.

Сапаны бағалаудағы негізгі өлшемдері: мазмұны, әдістемесі, студенттердің жұмысына жетекшілік ету, дәріс білім алушыға тән сапалар, дәрістің нәтижелілігі. Олардың әрқайсысына тоқталсақ.

Дәрістің мазмұны: ғылымдық, ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, дүниетанымдық жағы, әдістемелік сұрақтардың болуы, оларды дұрыс түсіндіру. Ақыл-ойды проблемді сұрақтарды қою арқылы белсендендіру және оларды дәріс барысында шешу. Сұрақтың тарихына шолу, түрлі тұжырымдамаларды көрсету, оның практикамен байланысы.

Дәріс және оқулық: оқулықта жоқ материал баяндалды ма? оқулықтың мазмұны қайта айтылды ма? ерекше күрделі сұрақтар түсіндіріле ме? өз бетімен жұмыстану үшін оқулық бойынша

тапсырма беріле ме?. Өткен және алдыңғы материалмен байланысы, пәнаралық, пәнішілік байланыс.

Дәрісті оқу әдістемесі: дәрістің қатаң құрылымы және баяндау қисыны. Жоспардың болуы-болмауы, оны сақтау. Дәріске байланысты әдебиеттер тізімін беру (қашан беріледі, әдебиеттің градациясы). Жаңа терминдер мен ұғымдардың қол жетерлік деңгейі және түсіндірілуі. Дәлелділік және дәйектілік. Басты ойларды көрсету және қорытындылар жасау.

Бекіту тәсілдерін қолдануы: қайталау, зейінді, меңгеру деңгейін тексеру сұрақтары; сұрақ соңында, дәріс соңында қорытындылар жасау. Көрнекі құралдарды, ОТҚ пайдалану. Дәріс білім алушының тірек материалдарын қолдануы: мәтін, конспект, бөлек жазбалар, тірек материалынсыз оқу.

Білім алушылардың жұмысына жетекшілік жасау: конспект жазуды талап ету және оның орындалуын бақылауы. Білім алушыларға жазу әдістемесін үйретуі және көмек беруі: жылдамдық, жай жылдамдық, қайталау, үзіліс жасауы, графиктерді сызу.

Конспектілерді тексеру жолдары: дәріс барысында, дәрістен соң, семинар және практикалық сабақтарда жүзеге асады.

Зейінді шоғырландыру тәсілдерін қолдануы: риторикалық сұрақтар, әзіл, шешен сөйлеу тәсілдері. Сұрақ қоюға рұқсат беруі (қашан және қандай формада).

Дәріс білім алушыға тән сапалар: пәндік білімі, эмоционалдығы, дауыс ырғағы, дикциясы, шешен сөйлеу шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, сыртқы түрі, байланыс орнату іскерлігі.

Дәрістің нәтижелілігі: ақпараттық құндылығы, тәрбиелік жағы, дидактикалық мақсаттарға жетуі.

Колледж және ЖОО-да дәріс формасының дамуы

Отандық білім беру жүйесінің дамуы, оның ізгіліктік сипаты, жеке адамға, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы дәрістің жаңа түрлерінің пайда болуына түрткі болды. Олар: проблемалық дәріс, бірге оқылатын дәріс, дәріс-визуализация, дәріс-пресс-конференция.

Ақпараттық дәрісте дайын ақпарат хабарланса, *проблемалық дәрісте* жаңа білім белгісіз нәрсе ретінде ұсынылып, оны «шешу» қажеттілігі туындайды. Оқытушының міндеті – проблемалық ситуацияны тудыра отырып, білім алушыларды сол проблеманы

біртіндеп шешуге итермелеу. Бұл үшін жаңа теориялық материал проблемалық міндет түрінде ұсынылады. Оның шартында қарама-қайшылықтар болады, оларды тауып, шешу қажет. Оның шешілуі нәтижесінде оқытушымен біріге отырып, жаңа қажетті білім табады. Осылайша, студенттердің таным үрдісі бұл жағдайда іздену, зерттеу әрекетіне жақындатылады. *Басты шарт – дәріс материалын, оның мазмұнын таңдау және өңдеу барысында проблемалық ұстанымын сақтау.* Оны ашуда қарым-қатынастың диалогтық формасы қолданылады. Проблемалық дәріс арқылы теориялық ойдың дамуы, пәннің мазмұнына танымдық қызығушылық, кәсіптік мотивация, корпоративность дамытылады.

Дәріс-визуализация көрнекілік принципін жүзеге асырудың жаңа мүмкіншіліктерін іздеудің нәтижесі ретінде пайда болды. Бұл дәріс визуальды формаға өзгертілген ауызша ақпарат болып табылады. Бұнда оқытушы мазмұндық ақпарат беретін демонстрациялау материалдарын, көрнекіліктер (слайдтар, пленкалар, планшеттер, сызбалар, суреттер, кестелер, т.б.) даярлау қажет. Дәріс визуальды материал бойынша біріктірілген, толық комментарий беру болып табылады. Визуальды материал:

1. бар білімнің жүйеленуін қамтамасыз етуі керек;
2. жаңа ақпараттың меңгерілуін қамтамасыз етуі керек;
3. проблемалық ситуацияларды тудыру және шешуді қамтамасыз етуі керек;
4. көрсетудің түрлі тәсілдерін қамтамасыз етуі керек.

Оқу материалына байланысты көрнекілік түрлері: табиғи (минералдар, реактивтер, машиналардың бөлшектері), бейнелі (слайдтар, суреттер, фотолар), символдық (сызбалар, кестелер).

Визуальдық дәрісте материалдың белгілі бір визуальдық қисыны және жылдамдығы, оның мөлшері, оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау шеберлігі және стилі. Бұндай дәрістің басты қиындығы – визуальдық құралдарды жасау және дәрісті оқу үрдісін даярлау. Мына жағдайларды есепке алған жөн:

- аудиторияның даярлық және білімділік деңгейлерін;
- кәсіби бағытталуын;
- нақты тақырыптың ерекшеліктерін.

Кез-келген материал және кез-келген пән бұл формада баяндалуға келмейді. Бірақ бұл дәрістің элементтерін кез-келген пәнде қолдануға болады (мысалы, мәдениеттану, дизайн және т.б.).

Екі адам оқитын дәріс – бұл екі оқытушының диалогы барысында материалды проблемалық жолмен ұсынудың түрі. Теориялық және практикалық сұрақтарды талқылаудың шынайы көрінісін екі оқытушы (мысалы, түрлі ғылыми мектептердің өкілдері, теоретик және практик, қорғаушы немесе қарсы шығушы) модельдейді. Оқытушылардың диалогы пікірталас жүргізу мәдениетін көрсететіндей болуы керек, пікірталасқа студенттерді қатысуға, өз пікірін дәлелдеуге, сұрақ қоюға итермелейтіндей болуы керек. Артықшылықтары:

1. диалогты түсініп, оған қатысу үшін студенттерде бар білім өзектілікке иеленеді;
2. проблемалық ситуация туындайды, дәлелдер жүйесі белгіленеді және т.б.;
3. екі ақпарат көзінің болуы түрлі пікірлерді салыстыруға, таңдау жасауға, өз көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді;
4. пікірталасты жүргізу мәдениеті жайында көрнекі түсінігі қалыптасады;
5. педагогтың кәсібилігі айқындалады түседі, оның тұлғасы танылады.

Алдын-ала жоспарланған қателері бар дәріс студенттердің зейінін шоғырландыруға, олардың ақыл-ой әрекетін дамытуға, сарапшы, сыншы рольдерінде сөз сөйлеу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Дәріске алдын-ала жоспарланған қателер (мазмұндық, әдістемелік, әрекеттік сипаттағы) енгізіледі де, оларды оқытушы дәріс соңында студенттерге ұсынады. Типтік қателер таңдалып алынады, бұнда студенттердің міндеті дәрісті оқу барысында қателерді тауып, оларды шығарып отыру. Қателерді талдауға 10-15 минут уақыт бөлінеді. Дұрыс жауапты тек оқытушы емес, студенттер де атап отырады. Дәріс ынталандырушы, бақылау, диагностикалық міндеттерді атқарады.

Дәріс-пресс-конференция. Дәріс тақырыбын айтқаннан кейін оқытушы білім алушыларға тақырып бойынша жазбаша түрде өзіне сұрақтар қоюын сұрайды. 2-3 минут ішінде студенттер өздерін толғандырған сұрақтарды жазып, оқытушыға береді. Оқытушы 3-5 минут ішінде сұрақтарды мазмұны бойынша сұрыптайды. Бұнда дәріс сұрақтарға жауап ретінде емес, тұтас мәтін түрінде оқылады. Оны баяндау барысында берілген сұрақтарға жауаптар құрылады. Дәріс соңында оқытушы берілген жауаптарды талдайды. Бұл дәрісті мына жағдайларда өткізген қолайлы: тақырыптың басында

топтың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін, мақсаттарын анықтау үшін; ортасында курстың негізгі мәселелері қаралған жағдайда студенттерді тарту үшін; соңында – меңгерілген білімнің даму перспективасын анықтау үшін.

Колледж және ЖОО-ның білім беру жүйесінің оқу үрдісін ұйымдастырудың келесі түрі – семинарлар мен практикалық сабақтар болып табылады.

Колледж және ЖОО-ның оқу үрдісіндегі *практикалық сабақтардың* қызметі – пәнді терең зерттеу, субъективті тәжірибемен ұштастыру. Білім алушылардың практикалық міндеттерді шешу үшін алынған білімін қолдану дағдысын қалыптастыруда практикалық сабақтар ерекше орынға ие. Практикалық сабақтардың формалары әртүрлі болып келеді: тіл сабақтары, бақылу жұмысы, тест, шығарма мен мазмұндама жазу сабақтары, практикумдар.

Практикалық сабақтардың мақсаты – дәрісте жалпыланған формада алынған білімді тереңдету, кеңейту, бөлшектеу және кәсіби іс-әрекеттің дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау. Олар ғылыми ой мен тілді дамытады, білім алушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді және кері байланыс құралы болып табылады.

Практикалық сабақтардың жоспары дәріс курсының жалпы идеяларына және бағытына сәйкес құрылады. Практикалық сабақтардың әдістемесі әртүрлі, ол оқытушының жеке ерекшелігіне байланысты болып келеді. Дәріс пен практикалық сабақтардың аралығында білім алушылардың өздік жұмысы жоспарланады.

Барлық практикалық сабақтардың құрылымы көбінесе ортақ болып келеді:

- оқытушының кіріспе сөзі;
- белгісіз, анық емес материал бойынша білім алушылардың сұрақтарына жауап беру;
- практикалық бөлімі (реферат талдау, пікірталас, есеп шығару, баяндамалар, жаттығу жұмыстары, бақылау, эксперимент және т.б.);
- оқытушының қорытынды сөзі.

Бұнда жеке тұрғыдан келу және педагогикалық қарым-қатынас ерекше мәнге ие болады. Білім алушылар өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, тұлғалық әлеуетін ашуға мүмкіндік алуы тиіс.

Біріккен топтық әрекет – ең тиімді формалардың бірі. Оның бағыты оқытушыға байланысты. Оқытушы практикалық міндеттерді студенттердің әрі қарай өз бетімен ізденуіне мүмкіндік беретіндей, студенттердің ақыл-ойын белсендендіретіндей, практикалық жұмыстың әдістерімен қаруландыратындай қойылуы тиіс.

Зертханалық жұмыстар студенттердің теориялық-әдіснамалық білім мен дағдыларын біріктіруге бағытталған. Мысалы, эксперимент инженерлерді даярлауда өзектілікке ие. «Лаборатория» латын тілінен «labo» сөзін аударғанда – еңбек, жұмыс, қиындық дегенді береді. Оның мәні ежелден-ақ адам өмірінде болатын ғылыми және өмірлік міндеттерді шешу үшін ақыл-ой және дене күштерін пайдаланумен байланысты.

Оқу мамандығына орай зертханалық жұмыстар белгілі бір айқын спецификаға ие. Сондықтан әрбір нақты жағдайға түрлі әдістемелік нұсқаулар қажет.

Кез-келген практикалық сабақ формасының маңызды бөлігі жаттығулар болып табылады. Жаттығудың негізі – дәрісте берілген теория позициясынан талқыланатын мысал. Әдетте, нақты дағдыны қалыптастыруға басты назар аударылады. Бұл студенттер іс-әрекетінің мазмұнын (есеп шығару, графикалық жұмыстар, ғылымның ұғымдары мен категорияларын нақтылау) құрайды. Білім алушылармен жаттығуды орындау барысында ұғыну және түсіну қабілеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген жөн.

Оқыту формасы ретінде семинар сабақтары ежелден пайда болған. *Семинар* сөзі латынның «seminarium» – егу дегенді береді. Білімді «егуші» педагог өз білім алушыларына пікірін, білімін береді деп ауыспалы мағынада қолданылған. Ежелгі грек және римдік мектептерде семинарлар пікірталас, білім алушылардың баяндамасы, оқытушылардың қорытындысы түрінде қолданылған. XVII ғ. бастап оқытудың бұл формасы Батыс Европада, ал XIX ғ. ресейлік және қазақстандық оқу орындарында таралған. Семинар сабақтары практикалық сипатта болып келген, олар белгілі бір ғалымның мектебі болып саналған.

Бүгінгі колледждер мен ЖОО-да семинар гуманитарлық және техникалық ғылымдар бойынша практикалық сабақтардың негізгі түрі болып табылады. Бұл білім алушылардың ғылыми ойлауын дамыту құралы болып табылады. Семинар пәнді терең зерттеуге, ғылыми танымның әдіснамасын меңгеруге арналған.

Семинар сабақтарының басты *мақсаты* – білім алушыларға зерттелетін саланың ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білімді қолданудың іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мүмкіндігін беру. Семинарда мынадай педагогикалық *міндеттер* шешіледі:

- кәсіби шығармашылық ойды дамыту;
- танымдық мотивация;
- оқу жағдайларында білімді кәсіби қолдану: а) сәйкесінше ғылымның тілін меңгеру; ә) түсініктерді, ұғымдарды, анықтамаларды қолдану дағдылары; б) интеллектуалды проблемалар мен міндеттерді қою және шешу, өз пікірін қорғау, басқа пікірді жоққа шығару іскерліктері мен дағдыларын меңгеру.

Сонымен бірге оқытушы семинар барысында мынадай *жеке міндеттерді* де шешеді:

- білімді қайталау және бекіту;
- бақылау;
- педагогикалық қарым-қатынас.

Колледждер мен ЖОО-ғы семинарлар үш бағытта қолданылады:

1. Белгілі бір курсты терең зерттеу мақсатында өткізілетін семинар.

2. Курстың маңызды тақырыптарын не бір күрделі әдіснамалық сипаттағы тақырыптың жан-жақты өңдеу үшін өткізілетін семинар.

3. Ғылымның жеке проблемаларын терең зерттеу мақсатында нақты тақырып бойынша зерттеушілік типіндегі семинар.

Қазіргі колледждер мен ЖОО-ғы *семинар сабақтарының үш типі* бар: просеминар, кәдімгі семинар, арнайы семинар.

Просеминар – семинарға дайындау үшін бірінші курста өткізілетін сабақ. Мақсаты – білім алушыларды өздік жұмыстың ерекшелігімен, әдебиет тізімімен, негізгі ақпарат көздерімен, жұмыс жасау әдістемесімен таныстыру. Тәжірибе көрсеткендей, бірінші курс білім алушылары ақпарат көздерімен жұмыс жасауды біле бермейді, әдебиеттер тізімінен қажеттісін таңдап ала алмайды. Сондықтан әдебиетпен жұмыс жасау дағдысын дамытуға, материалды шығармашылықпен өңдеуге ерекше назар аударған жөн.

Просеминарда жұмыс жасаудың екінші кезеңі – белгілі бір тақырыптарға реферат даярлау, оны оқу және талқылау, қорытындылау. Маңызды оқу және тәрбиелік міндеттер 2-3

курстарда және әсіресе 4 курстардағы арнайы семинарларда шешіледі.

Арнайы семинар.

Жоғары курстардағы семинар білім алушыларды арнайы семинарға біртіндеп даярлайды. Арнайы семинар – бұл зерттеушілерге арналған белгілі бір ғылыми проблема бойынша пікір алмасу мектебі болып табылады. Арнайы семинардың нәтижелілігі оның жетекшісіне байланысты. Беделді маман жетекшілік жасайтын арнайы семинар ғылыми оқу орынының сипатына иеленеді, білім алушыларды ұжымдық ойлауға және шығармашылыққа үйретеді. Семинар сабақтарында талқыланатын мәселелер:

- курстың негізгі тақырыптары, оларды меңгеру кәсіби дайындықтың сапасын анықтайды;

- түсіну және меңгеруде қиын болатын сұрақтар.

Оларды әрбір білім алушылардың қатысуын қамтамасыз ететін ұжымдық жұмыста талқылаған жөн.

Семинар – қатысушылардың өзара әрекеттесуі және қарым-қатынасы. *Семинар сабақтарының формалары:* а) алдын-ала белгіленген жоспар бойынша әңгіме; б) білім алушылардың шағын баяндамалары, кейін оны семинарға қатысушылар талқылайды. Семинар – бұл білім алушылармен тікелей байланыс, сенімді қарым-қатынас орнату, педагогикалық қарым-қатынас. Семинар сабақтарында біріккен шығармашылық, біріккен іс-әрекет ұстанымы жүзеге асырылады.

Семинар сабағының дәстүрлі ұйымдастырылуы төмендегідей формаларда болуы мүмкін:

1. *Топтық форма.* Оқытушы тұтас топпен әрекеттеседі. Бұнда оқытушы қарым-қатынастың топтық тәсілін сақтайды. Кемшіліктері:

- жауап беретін білім алушы жеке білімін көрсететін болғандықтан, бұнда қарым-қатынас жоққа жақын.

- ынтымақтастық пен өзара көмек жоқ. Жауап беріп тұрған білім алушыға көмектесу тәртіп бұзушылық, тыйым салынған тәсіл ретінде қабылданады.

- оқу әрекетіне білім алушылардың тұлғалық қатысуы жоқ.

- білім алушылардың интеллектуалдық белсенділігіне кедергі келтіреді.

- оқытушы мен білім алушы арасындағы қашықтық қарым-қатынасқа, өзара әрекеттесуге тосқауыл болып табылады.
- білім алушыларға үндемей отыру, семинарға қатыспай басқа жұмыспен айналысу мүмкіндігі беріледі.

Семинарды ұйымдастырудың мұндай формасы білім алушыларды енжар позицияға қояды, олардың сөйлеу белсенділігі барынша төмен дәрежеде болады. Кәсіби қарым-қатынас жасау және әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі жоқ. Осылайша, сабақтағы топтық оқыту формасы ұжымда, өндірісте адамдар қарым-қатынасының тиімді моделіне жатпайды, бүгінгі таңда мамандарды даярлау қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Тиімді форманы іздестіру нәтижесінде «дөңгелек үстел» принципіне негізделген семинар сабағының ұжымдық формасына әкелді:

2. *Дөңгелек үстел.* Бұл форма қазіргі өндірістегі кәсіби қарым-қатынастың ерекшеліктерін көрсетеді. Бұндай семинарда ынтымақтастықпен жұмыстану және өзара көмекке келу жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының интеллектуалдық белсенділікке құқығы бар, семинардың жалпы мақсатына бағытталған, ұжымдық шешім қабылдау және қорытындылар жасауға қатысады. Біріккен жұмыста білім алушы белсенді позицияға иеленеді. «Дөңгелек үстел» принципі, әсіресе пікірталас-семинарда толлық сақталады.

3. *Пікірталас-семинар* – курстың теориялық және практикалық проблемалары біріккен жұмыс арқылы талқыланып, шешілетін қатысушылардың диалогтық қарым-қатынасы. Талқылауға курстың ең өзекті деген мәселелері шығарылады. Пікірталаста әрбір қатысушы баяндамасында өз пікірін нақты білдіруі, қорғауы, дәйекті түрде қарсы шығуы, қате пікірді жоққа шығара білуі тиіс. Нәтижелі пікірталас болуы үшін білім алушылардың дәріс және өздік жұмысы барысында жинақталған жеке білімі қажет.

Білім алушыларды қарым-қатынас және өзара әрекеттесу мәдениетіне үйрету өте маңызды. Пікірталас-семинардың бөлігі ретінде «миға шабуыл», «іскерлік ойын» әдістерінің элементтерін қолдануға болады. Бірінші жағдайда семинарға қатысушылар мүмкіндігінше көп идеяларды ешқандай сынсыз ұсынады, содан кейін оның ішінен ең маңыздылары таңдалып, талқыланады, шешіледі. Екінші әдісте семинар рольдік құралдар көмегімен ұйымдастырылады. Бұнда материалдың мазмұнына байланысты

жүргізуші, қарсылас, сыншы, логик, психолог, сарапшы және т.б. рольдерді ажыратуға болады.

Пікірталас-семинарды жүргізуші пікірталасқа жетекшілік жасайды, уақытты бақылайды, айтылатын баяндамалардың дәйектілігін, орындылығын тексеріп отырады.

Қарсылас немесе сыншы оппозиция ролін атқарады, яғни баяндамашы позициясының осал, таласты тұстарын немесе кателерін тауып, проблеманы шешудің басқа жолдарын ұсынады.

Логик баяндамашы және қарсыластың сөздерінен қарама-қайшылықтар мен логикалық қателерді анықтайды, ұғымдарды нақтылайды, талдайды.

Психолог талқылаудың нәтижелілігін, әдептілігін талқылайды, диалогережелерінің сақталуын бақылайды.

Сарапшы пікірталастың нәтижелілігін бағалайды, қатысушылардың қарым-қатынастарына сипаттама береді, пікірталасқа қатысушылардың қосқан жеке үлестері жөнінде пікір айтады.

Пікірталас-семинарда оқытушының ролі ерекше:

1. Талқыланатын проблемалар мен сұрақтар аясын белгілеу.
2. Семинар тақырыбы бойынша баяндамашылар мен қатысушыларға арналған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін жасау.
3. Білім алушылардың ұжымдық жұмысқа қатысу формаларын және функцияларын белгілеу.
4. Білім алушыларды таңдап алған рольдеріне даярлау.
5. Семинар жұмысын басқару.
6. Пікірталасты жалпы қорытындылау.

Семинар сабақтарының ерекше формасы бар: әдетте, арнайы курстың оқылуы барысында пайдаланылатын зерттеу-семинары. Зерттеу-семинарының басында білім алушылар оқытушының ұсынысымен 7-9 адамнан тұратын шағын топтар құрайды. Шағын топтар сабақтың тақырыбы бойынша проблемалық сұрақтар тізімін жасалады. 5-15 минут ішінде білім алушылар пікір алмасады, сөз сөйлеуге даярланады. Топша баяндама білім алушыны белгілейді. Басқа білім алушылар оқытушы не басқа топтың білім алушылары қоятын сұрақтарға жауап береді. Сабақтың соңында оқытушы қорытынды жасап, білім алушылардың жұмысын бағалайды.

Семинар сабағын бағалау өлшемдері:

1. *Мақсатқа бағытталуы*: проблема қою, болашақ кәсіби қызметтің материалын пайдалана отырып, теорияны практикамен байланыстыру.

2. *Жоспарлау*: кәсіби пәндермен байланысты негізгі сұрақтарды белгілеу, әдебиет тізімінде жаңа оқулықтардың болуы.

3. *Семинарды ұйымдастыру*: пікірталасты тудыру және оны өрбіту іскерлігі, барлық жауаптар мен баяндамаларды талдау, оқу уақытының пікірталаспен толықтырылуы, оқытушының өз іс-әрекеті.

4. *Семинарды өткізу стилі*: қызу пікірталас тудыратын ұтымды сұрақтар қою, ойды да, қызығушылықты да оятпайтын пікірталас.

5. *«Білім алушы-оқытушы» қарым-қатынастары*: құрметпен қарайды, талап қоятындай, бейтарап.

6. *Топты басқару*: Білім алушылармен байланысты тез орнатуы, топта өзін сенімді ұстауы, білім алушылармен әділ және орынды әрекеттесуі, керісінше, өктем дауыс, жұмыста көшбасшыларға сүйенуі, басқа студенттерді енжар қалдыруы.

7. *Оқытушының ескерту жасауы*: білікті, жалпы немесе ескертулер жасамайды.

8. *Білім алушылардың семинарда жазып алуы*: күнделікті, сирек, жазбайды.

4. Студенттердің өздік жұмысы

Колледж және жоғары оқу орнындағы оқытудың басты міндеті – өз бетімен жұмыс жасау, шешім табу, ойлау іскерліктерін дамыту. Кредиттік жүйе бойынша өзіндік жұмыстарға бөлінетін сағат санының көбеюі, білім алушының танымдық өзбетілігін және олардың әдебиет көздерімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Педагогикалық жүйе ретінде қалыптасқан студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстары олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттырып, оларды тиянақтылыққа, ұстамдылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелейді. Шебер оқытушы өзіндік ойдың пайда болуына жағдай жасап, оны қолдайды, ойдың зияткерлік құқығын сақтайды, әрбір нәрсеге өз күшімен, еңбегімен, белсенді іс-әрекетімен жету дағдысын дамытады. Кітаппен жұмыс, кітапханада жұмыс, пікірталастар, өздік тәжірибелер, проблемалық міндеттерді шешу, ғылыми әдебиетті, журналдарды оқу, пікір алмасу, өлең,

мақала, шығарма, баяндама жазу – бұл білім алушылардың қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін еңбек түрлері. Сондай оқытудың бір түрі – студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ).

СӨЖ-н жекелеу. СӨЖ үшін жеке тапсырмалар жасауда адамдардың интеллектуалдық сапаларынан шығу керек. «Жай ойлайтындар» бар, «жылдам қабылдайтындар» бар, «идеяны тудырушылар» бар, «идеяны орындаушылар» бар. Біреулер жеке жұмысты таңдаса, басқалары – ұжымда жұмыстануға бейім болып келеді. СӨЖ орындауда студенттерге өз мінез-құлқындағы кемшіліктерді жоюға көмектесу керек. Төмендегі ұсыныстар оқытушыларға түрлі сипатты студенттермен жұмыстануда жекелеу тұлғасын қолдануға мүмкіндік береді:

- аудиториялық сабақтарды өткізгенде ӨЖ-тың белгілі бір минимумын барлық студенттердің орындауын қамтамасыз етуі тиіс, ал жақсы дайындығы бар білім алушылар үшін күрделі тапсырмалар даярлаған жөн;

- СӨЖ-ның орындалуын міндетті түрде белгіленген уақыты бойынша тексеру қажет және оқытушының жеке кеңес беруі жоспарланғаны жөн. Бұнда студенттердің оқытушымен педагогикалық қарым-қатынас жасауы ерекше орынға ие;

- СӨЖ-ның дұрыс орындалуы үшін оны орындау бойынша нақты әдістемелік нұсқаулар беру қажет. Семестрдің басында оқытушы бірінші сабақтан-ақ студенттерді СӨЖ-ның мақсатымен, құралдарымен, қиындық деңгейімен, орындалу уақытымен, бақылау және өзін-өзі бақылау формаларымен таныстырғаны жөн. ӨЖ кестелері төменгі курстарда қажет, ал жоғары курстарда – студенттерді өз жұмысын жоспарлауға үйреткен жөн;

- кез-келген пән бойынша пратикалық сабақтардың үй тапсырмалары жинағында болуы тиіс: бақылауда берілетін тапсырмалардың барлық типтері; жоспарланған іскерліктерді меңгеру үшін қажетті ұғымдар, фактілер, заңдар мен әдістер тізімі; олардың ішінен жатқа білуі тиіс ұғымдар көрсетіледі;

- тапсырмалар жинағы семестр басында беріледі, оны тапсырудың уақыты белгіленеді;

- СӨЖ-на тапсырмалар екі бөлімнен тұруы мүмкін – міндетті және факультативті. Факультативті бөлігі дайындығы жоғары студенттерге арналған, олардың орындалуы қорытынды тексеруде ескеріледі;

- Практикалық сабақтар барысында тапсырмаларды дұрыс және жылдам орындайтын студенттерді анықтау оңай. Оларға күрделендірілген жеке тапсырмалар беруге, СҒЗЖ-на қатысуға, дайындығы төмен студенттерге кеңес беруге болады.

СӨЖ-ын белсендендіру. СӨЖ-ын белсендендірудің түрлі тәсілдері педагогикалық әдебиеттерде қарастырылған және практика жүзінде қолданылып келеді. Олардың көп таралған түрлері:

1. Студенттерді ӨЖ әдістеріне үйрету: уақытты жоспарлау дағдысын қалыптастыру үшін СӨЖ-ді орындауда уақытта бағдар беру; өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалауға қажетті рефлексивті білім беру.

2. Болашақ оқу және кәсіби әрекеті үшін дәрісте, әдістемелік нұсқауларда, оқу құралдарында берілетін оқу материалын меңгеру қажеттілігін сенімді түрде көрсету.

3. Ғылым мен техникада қолданылатын шынайы талқылаулардың типтік тәсілдерін көрсететін материалды проблемалық ұсыну.

4. Теория мен практиканың бізмәнді байланысын орнату мақсатында заңдар мен анықтамалардың операциялық формулировкаларын қолдану.

5. Белсенді оқыту әдістерін (нақты ситуацияларды талдау, пікірталас, топтық және жұптық жұмыс, қиын сұрақтарды ұжымдық талқылау, іскерлік ойын) қолдану.

6. Пәннің құрылымдық-логикалық сызбасын және оның элементтерін жасау және студенттерді онымен таныстыру; видеоқатарды пайдалану.

7. Төменгі курс студенттеріне жан-жақты алгоритмі берілген әдістемелік нұсқаулар беру. Студенттердің өз бетімен жұмыстану дағдысын қалыптастыру мақсатында курстан курсқа көшкен сайын түсіндірмелі бөлігі азая береді.

8. Теориялық материалды, әдістемелік нұсқауларды және тапсырмаларды жинақтаған кешенді оқу құралдарын жасау.

9. Пәнаралық сипаттағы оқу құралдарын жасау.

10. Үй тапсырмаларын және зертханалық жұмыстарды жекелеу, ал топтық жұмыста – оны топ мүшелері арасында дұрыс бөліп беру.

11. Типтік тапсырмаларды күрделендіру.

12. Әрбір дәріс соңында дәріс легіне бақылау сұрақтарын беріп отыру.

13. Оқытушы көмегімен алдын-ала даярланған дәріс бөлігін (15-20 минут) студенттердің оқуы.

14. Үлгерімі жоғары студенттерге барынша көмек жасай отырып, «студент-кеңесші» мәртебесін бекіту.

15. Ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс жасау әдістерін өңдеу және енгізу.

СӨЖ-н жетілдіру жолдары:

- Білім алушыларды СҒЗЖ-на тарту үшін оқытудың жеке жоспарларын мүмкіндігінше өндіріс тапсырмасын шынайы жобілім алушы мақсатында ұйымдастыру;
- СӨЖ-ын оқу жоспарына және сабақ кестесіне кафедрада жеке кеңес берулерді ұйымдастырумен бірге ендіру;
- СӨЖ-ын орыдауға қажетті оқу және оқу-әдістемелік құралдар кешенін даярлау;
- кіріктірілген кафедрааралық тапсырмалар жүйесін жасау;
- дәріс курстарының өздік жұмысқа бақытталуы;
- СӨЖ-ын рейтингілік бақылау әдісі;
- оқытушылар мен студенттердің коллегиялық қарым-қатынастары;
- стандартты емес шешімдерді ұсынатын тапсырмалар жасау;
- оқытушының жеке кеңес беруі және СӨЖ-ді есепке ала отырып оқу жүктемесін қайта қарау;
- дәріс-әңгіме, дәріс-пікірталас түріндегі дәріс сабақтарын өткізу, бұнда оқытушы жүргізуші ролін атқарса, студенттер баяндамашылар болады. Бұндай сабақтар нақты тақырып бойынша оқу құралдарынан алдын-ала өз бетімен даярлықты, оқытушымен жеке кеңесуді және қосымша әдебиеттердің қолданылуын қажет етеді.

Жалпы оқу үрдісінің өзбетімен жұмыстануға бағытталуы және оның тиімділігін арттыру, бұл:

- СӨЖ-на бөлінетін сағат санын арттыру;
- әрдайым кеңес, кеңес беру қызметін, тапсырмалар жинағын беруді ұйымдастыру;
- өз бетімен пәнді меңгеруге мүмкіндік беретін ЖОО-ның оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын (оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, компьютерлік кластар) жасау;
- зертханалар мен шеберханалардың қол жетімдігі;
- әрдайым тексеріп отыру;

- өздік жұмысқа көп уақыт беру және кеңс беру пункттерінде қызмет көрсету мақсатында практикалық және зертханалық сабақтардың көп бөлігін жою.

СӨЖ-н ұйымдастыру формалары. Қазіргі уақытта ЖОО-нда өздік жұмыстың бірнеше түрі бар: 1) дәстүрлі, яғни студенттің өзіне ыңғайлы уақытта, әдетте, аудиториядан тыс кезеңде, қажет болған жағдайда шеберханада немесе зертханада өз бетімен орындалатын кәдімгі СӨЖ-сы. 2) ӨЖ-тың тағы бір түрі – оқытушы бақылауымен жүретін аудиториялық ӨЖ. Оның барысында студент оқытушыдан кеңес ала алады, яғни кеңес беру өздік жұмысы (КӨЖ). 3) Сонымен бірге, бүгінгі таңда СӨЖ-ның үшінші, аралық түрін жасау бағыты байқалады. Бұл түрі студенттерден көбірек өзбеттілікті, тапсырмалардың неғұрлым жекелендірілуін, кеңес беру пункттерінің болуын талап етеді және кеңестер мен бақылаулар сипатына, тапсырмалардың мазмұнына байланысты енгізілетін психологиялық-педагогикалық жаңалықтармен ерекшеленеді.

Бұл тақырыпта оқытушы бақылауымен жүргізілетін СӨЖ-ын ұйымдастырудың кейбір жақтарын қарастыруды жөн көріп отырмыз. Себебі кәдімгі СӨЖ дәстүрлі болып табылғандықтан, ол ӨЖ-тың жаңа формаларына, әсіресе, КӨЖ-на ауысуда, ал үшінші нұсқасы әлі де эксперимент деңгейінде жүріп отыр.

Коллоквиум. «Коллоквиум» сөзі латынның «collocvium» - әңгіме, әңгімелесу дегенді береді. Бұл оқу сабақтары формаларының бірі, оқытушы білімді анықтау мақсатында студенттермен әңгімелеседі. Коллоквиум бақылау-оқыту қызметін атқарады. Егер оқылатын пән 2-3 семестрге жоспарланған, бірақ қорытынды бақылау бір рет болса, коллоквиум қолданған орынды. Оны семинар орнына қорытынды практикалық сабақта белгілеуге болады. Коллоквиум білімнің меңгерілу деңгейін анықтауға сүскіндік береді, ұйымдастырушылық қызмет атқарады, студенттерді белсендендіреді, оқытушы мен студент арасында кері байланыс орнатудың формасы ретінде ұснылады.

Өзіндік жұмыстың шығармашылық сипаты.

Шығармашылық ойлау – ойлау түрлерінің бірі, субъективтік жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс-әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдермен сипатталады. Өз бетімен білімін жетілдіру – жеке адамның өзі басқаратын мақсатты

танымдық іс-әрекеті; қандай да бір саладан (ғылым, мәдениет, техника, саяси өмір және т.б.) жүйелі түрде білім алу.

ӨЖ студент әрекетінде қайта өндіру және шығармашылық үрдістерді қажет етеді. Осыған сәйкес СӨЖ-ның *үш деңгейін* ажыратады:

1. Репродуктивті (жаттығу) деңгейі. Жаттығу өзіндік жұмыстары үлгі бойынша орындалады: есеп шығару, кесте толтыру, сызба және т.б. Студенттің танымдық әрекеті танудан, ұғынудан, есте сақтаудан көрінеді. Мақсаты – білімді бекіту, іскерлік, дағдыларды қалыптастыру.

2. Реконструктивті деңгей. Реконструктивті ӨЖ-тарда жоспар құру, тезистер құру, аннотация жазу сынды тапсырмалар беріледі. Бұл деңгейде рефераттар орындалады.

3. Шығармашылық, ізденіс деңгейіндегі тапсырмалар проблемалық ситуацияны талдауды, жаңа ақпарат алуды талдауды қажет етеді. Студент мәселені шешу құралдары мен әдістерін өзі дербес таңдауы тиіс.

Қазіргі ғылымда шығармашылық жалпы мәдениеттің интегративті, жүйекұраушы компоненті ретінде қарастырылады. Іс-әрекеттің шығармашылық сипаты студенттің танымдық әрекетінің ерекше стилін белгілейді. Ол студент тұлғасының барлық психикалық салаларының (танымдық, эмоционалдық, еріктік және мотивациялық) күрделі жұмыстануын қажет ететін нәтижелердің жаңалығымен және мәнділігімен байланысты. Шығармашылық – бұл: шығармашылықпен жұмыстануға деген қажеттілік; шығармашылықпен ойлау қабілеті; белсенділік; өз іс-әрекетін басқару және реттеу іскерлігі; жауапкершілік; ой-пікірдің дербестігі; өзіндік ерекшелік; қиял мен ойдың батылдығы.

Шығармашылық кәсіби мәдениеттің компоненті ретінде өз-өзінен дамытылмайды. Оны дамыту үшін мына жағдайлар қажет:

- жағымды мәдениетті шығармашылық атмосфера;
- ынталандырушы орта;
- объективті жағдайлар (әлеуметтік-мәдени шындықтың әсері, ұжымдағы жағымды эмоционалды психологиялық ахуал, ғылыми білімнің даму деңгейі, материалдық-техникалық жабдықталу, уақыттың болуы);
- субъективті жағдайлар (жалпы мәдениеттілік дайындықтың жоғары деңгейі, шығармашылыққа ұмтылу, дамыған ойлау және рефлексия, тәжірибе және интуиция, түрлі ситуацияларда шұғыл

шешім қабылдау іскерлігі, проблемалық көру және ғылыми зерттеудің техникасын меңгеру).

Осылайша, шығармашылық – бұл тұлғаның жеке, психологиялық, интеллектуалдық күш-жігері мен қабілеттерін өз бетімен жүзеге асыру үрдісі.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру мына *шарттарға* байланысты болмақ:

- студенттің өзі атқаратын жұмысының мақсатын айқын, саналы түсінуі;
- жұмыстың жемісті аяқталуына сеніп, алдағы нәтижесіне қызығуы;
- жұмысты студенттің өз еркімен орындауы;

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға төмендегідей *талаптар* қойылады:

- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, сапасын арттыруға көңіл аудару;
- студенттердің өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- студент жастардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, нақты деректер мен құбылыстарды өздігінен талдап тұжырымдауға үйрету;
- алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
- өз жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, әр уақытта дербес және белсенді әрекет етуге баулу;
- өздігінен жұмыс істеуге, еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.

Өзіндік жұмыс жастардың танымдық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда, сондай-ақ, өз бетінше білім жинай алу қабілеттерін дамыту барысында жетекші рөл атқарады, ойлау, сыни ойлау қабілеттерін жандыра түседі және оқып үйренуде шәкірттердің жалпы белсенділігін арттырады. Студенттердің өзіндік жұмысы оқу материалын нығайта түсу, жаңа материалды игеру мақсатын көздейді.

5. Педагогикалық практика

Алынған теориялық білімді терең меңгеруде, білік пен дағдыны қалыптастыруда, теория мен практиканың байланысын жүзеге асыруда, білімді бекітуде педагогикалық практиканың орыны ерекше. *Практика* – қоғам дамуын қамтамасыз ететін адамдар іс-әрекеті. *Педагогикалық практика* педагогтің кәсіби дайындық жүйесінде маңызды қызметтерді орындайды:

- *білімділік* (теориялық білімді өзектілеу, тереңдету және кеңейту, нақты педагогикалық міндеттерді шешуде оларды қолдана білу, педагогикалық білік пен дағдыны қалыптастыру);

- *дамытушылық* (болашақ педагогтің танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту, педагогикалық ойлауды дамыту);

- *тәрбиелеушілік* (педагогтің әлеуметтік-белсенді тұлғасын, педагог мамандығына тұрақты қызығушылығын, сүйіспеншілігін қалыптастыру);

- *диагностикалық* (болашақ педагогтің кәсіби бағытталу деңгейін тексеру, кәсіби дайындық деңгейін және педагогикалық қызметке жарамдылығын тексеру).

Білім алушылардың педагогикалық практикасы оқу-тәрбие үрдісінде маңызды орынға ие. Оның төменгі курстардан жоғарғы курстарға қарай мазмұнының күрделенуіне сәйкес, болашақ педагогтің теориялық және практикалық дайындығын байланыстырушы болып табылады.

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша төмендегідей практика жоспарланған:

1 курстағы педагогикалық практика «Кәсіби іс-әрекетке кіріспе» деп аталады. Оның *мақсаты мен міндеттері*: студенттердің кәсіби бағытталуын дамыту, кәсіби педагогикалық, психологиялық мәдениетін қалыптастыру;

Педагогикалық практиканың *іс-әрекет мазмұны*: білім беру орнымен танысу: директордың, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, сынып жетекші қызметімен, олардың жұмыс жүйесі, оқу орынының оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауымен танысу; педагогикалық үрдістің психологиялық негізімен және білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы мен ұжымдық бақылау; жеке және ұжымдық бақылаудың психологиялық негізі

Педагогикалық практика барысы бойынша *қалыптасатын білім, іскерлік, дағды*: оқу орынытің негізгі жұмыс бағыттары мен міндеттерімен танысу; оқу орынытің педагогикалық үрдісінің заңдылықтарын айқындау; педагогикалық үрдісті ұйымдастырудағы педагог рөлін анықтау; оқу орыны психологінің кәсіби қызметімен танысу; бастауыш оқу орыны жасындағы білім алушылардың танымдық үрдістерінің дамуын бақылау; білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бақылау.

Педагогикалық практиканы *ұйымдастыру принциптері*: теория мен практиканың байланысы, практиканың кешендік сипаты, қазіргі оқу орыныте білім берудің талаптарына сәйкестігі.

Практика бойынша *есепті даярлау мен қорғау уақыты*. Оқу орыны педагогикалық практиканың нәтижесін қорытындылау, университетте қорытынды конференциясын өткізу. Практика аяқталғаннан кейін 1 апта қорғау уақыты беріледі. Практика құжаттарын тексеру, құжаттар бойынша бағалауды әдіскерлер жүргізеді.

Практика бойынша бағалау: практика құжаттарын уақытында және сапалы тапсыру, білім алушыларға педагогикалық-психологиялық мінездеме беру

Студенттердің есеп құжаттары: күнделік, тәрбие жұмыс жоспары, бастауыш класс білім алушыларына педагогикалық-психологиялық мінездеме беру, қатысқан тәрбие сағаттарына талдау жасау, педагогикалық практика бойынша есеп.

2 курстағы педагогикалық практика «Ғылыми зерттеу жұмысының әдістемесі» деп аталады. Оның *мақсаты мен міндеттері*: ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлау дағдысын қалыптастыру, қажетті әдістерді таңдай білу, экспериментті өзбетінше ұйымдастыру және зерттеу нәтижесін сапалы қорытындылау.

Іс-әрекет мазмұны: студенттің ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлау, жоспар және зерттеу картасын құрастыру, зерттеу тақырыбы бойынша картотека құрастыру, студенттердің тұлғалық ерекшеліктері және танымдық қабілеттерін зерттеу мәселесі бойынша диагностикалық әдістерді таңдау (тест, сауалнама, жоспар, әңгіме, бағдарлама, бақылау), дидактикалық материалдарды таңдау зерттеу жұмысы тақырыбы бойынша көрнекі құралдар дайындау, психологиялық-педагогикалық

экспериментті құрастыру білігін жүзеге асыру және жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесін талдау дағдысын қалыптастыру.

Педагогикалық практика барысы бойынша қалыптасатын білім, іскерлік, дағды: ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлау, зерттеу картасы мен картотека құрастыра білу, кластағы тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеу, танымдық үрдістерін зерттеу (зейінін бағалау, есте сақтау, ақыл-ой деңгейіне диагностика жүргізу), жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу (өзін-өзі бағалау, үрейлену деңгейі, агрессия, темперамент, мінез акцентуациясын, мамандық таңдау), дамыту жұмыстарын жүргізу, педагогке әрі қарай сыныппен жұмыстануға ұсыныс беру.

Педагогикалық практиканы ұйымдастыру принциптері: теория мен практиканың байланысы, практиканың кешендік сипаты, қазіргі оқу орыныте білім берудің талаптарына сәйкестігі.

Студенттердің есеп құжаттары: зерттеу жұмысының жоспары, зерттеу картасы, зерттеу тақырыбы бойынша картотека құрастыру, диагностика қорытындысы, күнделік, білім алушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме беру, ұжымға педагогикалық-психологиялық мінездеме беру, қатысқан тәрбие сағаттарына талдау жасау, педагогикалық практика бойынша есеп.

3 курстағы педагогикалық практика «Психологиялық-педагогикалық әлеуметтік практика». *Мақсаты мен міндеттері:* оқытушылық қызметтің негізімен таныстыру, оқу құжаттарымен жұмыстың білігі мен дағдысын қалыптастыру, психология мен педагогика пәні бойынша өзбетімен сабақ өткізу және оқу жоспарларын құру.

Іс-әрекет мазмұны: Орта арнаулы білім берудің мемлекеттік стандартымен, психологиялық-педагогикалық білім беру, оқу жоспары, оқу үрдісінің кестесі, типтік жұмыс жоспарымен, психология мен педагогика пәнідері бойынша оқу бағдарламаларымен, колледждегі сабақтарға қатысу және талдау, психология мен педагогика пәні бойынша сабақтарды құру және өткізу, оны өзін-өзі талдау. Колледжде психологиялық-педагогикалық пәндері бойынша сабақ беру дағдысылану, тұлғалы-бағдарлы оқытуды жүзеге асыра білу, студенттердің шығармашылығын дамыту және олардың шығармашылық мүікіндіктерін дамытуға жол сілтеу.

Студенттердің есеп құжаттары: күнделік, психология мен педагогикадан ашық сабақ жоспарлары, тәрбие жұмыс жоспары,

диагностикалық зерттеу қорытындылары (таным үрдістері, жеке тұлғалық), психотренинг, психотүзету, психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары, білім алушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме беру, қатысқан тәрбие сағаттарына талдау жасау, педагогикалық практика бойынша есеп.

4 курстағы педагогикалық практика «Педагогикалық ЖОО-дағы өндірістік практика». *Мақсаты мен міндеттері:* оқытушылық қызметтің негізімен таныстыру, оқу құжаттарымен жұмыстың білігі мен дағдысын қалыптастыру, психология мен педагогика пәні бойынша өзбетімен сабақ өткізу және оқу жоспарларын құру.

Іс-әрекет мазмұны: ЖОО мемлекеттік стандартымен, психологиялық-педагогикалық білім беру, оқу жоспары, оқу үрдісінің кестесі, типтік жұмыс жоспарымен, психология мен педагогика пәнідері бойынша оқу бағдарламаларымен, ЖОО сабақтарға қатысу және талдау, психология мен педагогика пәні бойынша сабақтарды құру және өткізу, оны өзін-өзі талдау.

ЖОО-ның психологиялық- педагогикалық пәндері бойынша сабақ беру дағдысылану, тұлғалық-бағдарланған оқытуды жүзеге асыра білу, студенттердің шығармашылығын дамыту және олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жол сілтеу.

Студенттердің есеп құжаттары: күнделік, психология мен педагогикадан ашық сабақ жоспарлары, тәрбие жұмыс жоспары, диагностикалық зерттеу қорытындылары (таным үрдістері, жеке тұлғалық), психотренинг, психотүзету, психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары, білім алушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме беру, қатысқан тәрбие сағаттарына талдау жасау, педагогикалық практика бойынша есеп.

6. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы

Жоғарғы оқу орнындағы білім беру үрдісі өзіндік білімін жетілдіру және ғылыми зерттеу жұмыстарымен байланысты. Педагогтің негізгі зерттеу мәдениеті болашақ мамандарды жоғары деңгейде дайындау үрдісінде қалыптасады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты - теориялық білімдерді тереңдету және ғылыми проблемалардың шешімдерін іздестіру әдісін игеру. Ғылыми-зерттеу әрекетінің құрылымы өзара байланысты және өзара келісілген компоненттер жиынтығынан тұрады: мотив-зерттеу пәніне бағытталған тұлғалық

қажеттіліктер және әлеуметтік келісілген жиынтық; мақсат-бұл білімді меңгеруде әрекет ету тәсілдерін қалыптастыру және шынайылық туралы объективті жаңа білімді алуы; объект-зерттеу үшін белгіленген материалды немесе рухани шындық фрагменті; пән-объектінің орнатқан шарттар жиынтығы; үдеріс-ғылыми зерттеу логикасымен бірге жүретін бірізділік әрекет; нәтиже-ақиқат туралы объективті жаңа білім.

Білім алушылардың кез-келген ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің кез-келген кезеңі рефлексиямен аяқталады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеттің әрбір кезеңінде рефлексияның мазмұнын ұсыну идеясы В.А.Сластенин және Л.С.Подымованың еңбектерінде жүзеге асырылған. Оларды анықтау мен түсіндіруге терең үңілмей, студенттің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға көңіл бөлеміз.

Тұлғаның рефлексиялық мәдениеті келесі компоненттермен сипатталады:

- адамның проблемалы ситуацияларды шығармашылықпен түсіну және жеңуге дайындығымен және қабілетімен;
- жаңа мән мен құндылықтарды меңгеру іскерліктерімен;
- үйреншікті емес тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесінде бейімделу іскерлігімен;
- ерекше практикалық тапсырмаларды қою және шешу;
- белгісіздікте жұмыс жасау іскерлігі.

Жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәрбиелік маңызы зор және ол студенттер мен оқытушылар арасында шығармашылық байланысты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары факультет, кафедра оқытушыларының іс-әрекеттері арасындағы байланысты арттырып, оқу процесінің қарқындылығын, оқыту деңгейін және студенттің дайындық дәрежесін көтереді.

Бүгінде жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық тәжірибелері біршама жинақталды. Болашақ педагог кадрлары дайындауда мынадай зерттеу жұмыстары өткізіледі: ғылыми баяндама жазу, пікір жазу, реферат, педагогикалық тапсырмаларды шешу, ғылыми мақала, эссе жазу, аннотация, тезис, конспект жазу, ғылыми жоба жасау, курстық және дипломдық жұмыс, педагогикалық практикадағы шағын зерттеулер, т.б.

Педагогикалық зерттеу – бұл білім берудің заңдылықтары, құрылымы мен механизмі, мазмұны, принциптері мен технологиясы жайында жаңа білім алуға бағытталған ғылыми іс-әрекет үрдісі мен нәтижесі.

Жазба жұмыстары – студенттердің алғашқы жұмыстары. Олар студенттің кәсіби икемділіктерінің қалыптасуында маңызды орын алады. Олардың әрқайсысы – өзіндік ғылыми-қолданбалы зерттеу және студенттердің білімін бақылаудың, есеп берудің бір формасы, таңдалған мәселе бойынша жинақталған дәлелдемесі болып табылады. Баяндамалар, рефераттар, бақылау және курстық жұмыстар студенттердің кәсіби білімінің теориялық және әдістемелік деңгейін көтерудің, пәндерді оқытудың маңызды құралы.

Жазбаша тапсырманы орындау білім алушыға әуелі оқу-зерттеу жұмысымен айналысуға, кейінірек ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді.

Бақылау жұмысы – меңгерілген білімді бағалау мен тексерудің, танымдық әрекеттің сипаты жайында, оқу үрдісінде студенттердің дербестігі мен белсенділігі, оқу әрекетінің әдістері, формалары мен тәсілдерінің тиімділігі жайында ақпарат алудың формасы. Бақылау түрлері: сыныптық және үйде орындалатын бақылау; ағымдық және емтихандық; жазбаша, графикалық және практикалық; фронталды және жеке.

Жазбаша бақылаудың ерекшелігі ауызшаға қарағанда кең түрде объективті болып келеді. Жазбаша бақылаудың түрлері оның мазмұны мен спецификасына, студенттердің жалпы жаму деңгейіне байланысты. Жазбаша бақылау жұмыстары үшін маңызды шарт: тапсырмалар жүйесі белгілі бір тақырып бойынша білім деңгейін анықтау; зерттелетін заттар мен құбылыстардың мәнін түсіну; өз бетімен қорытындылар жасау, білім мен дағдыны шығармашылықпен қолдану іскерлігі.

Осылайша, бақылау жұмысы – бұл өзіндік ерекше жазбаша емтихан, ол күрделі дайындықты қажет етеді. Педагогикалық колледждер, жоғары оқу орындарында бақылау жұмыстары көбінесе сырттай оқу бөлімдерінде таралған және олардың сағат саны оқу жоспарында бекітіледі. Бақылау жұмысын даярлауда ұсынылған негізгі әдебиеттер тізімімен қатар қосымша ақпарат көздерін қатыстырған жөн, себебі оны тексеру барысында ерекше көңіл бөлінеді.

Бақылау жұмысы титульдық беттен, жоспардан, сұрақтар тізімі мен тапсырмалардан құралады. Сұрақтар берілген жауаптар өте нақты, қисынды, тақырыпқа сәйкес, қорытындылармен, жалпылаумен, өзіндік бағамен берілуі тиіс. Бақылау жұмысының соңында әдебиеттер тізімі көрсетіледі.

Реферат. Реферат (лат. тілінің «refero» – хабарлаймын) – ғылыми жұмыстың мазмұнын баяндама ретінде немесе жазбаша түрде беру. Бұл студенттердің өзіндік ғылыми зерттеу жұмысы. Мұнда студенттердің қарастырған мәселелерінің мән-мағынасы ашылады, материал проблемалық сипатта баяндалады, әртүрлі көзқарастар келтіріледі, сондықтан ол мәселеге өзінің жеке көзқарасын білдіреді. Реферат көлемі 1,5 интервал арқылы жазылған 5-15 бетті қамтиды.

Реферат тақырыбын таңдамас бұрын өзіңізді қандай мәселе қызықтыратынын анықтап алу керек. Реферат жұмысын бастамас бұрын жоспар құрып, әдебиеттерді таңдап алған жөн. Әуелі оқу бағдарламасында ұсынылған әдебиеттерді пайдаланып, сонан соң ақпараттың қайнар көзін кеңейтуге болады, жаңа ғылыми ақпараттар беретін арнайы журналдар пайдаланылады.

Реферат құрылымы және безендірілуі:

- титульдық бет;
- жоспар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- әдебиеттер тізімі.

Рефератты өңдеуде 8-10-нан кем емес әр түрлі әдебиеттер пайдаланылады. Кесте, график, сызба енгізуге болады.

Рефератты бағалау:

- тақырыпқа мазмұнның сай келуі;
- материалдың өзектілігі;
- әдебиеттерді дұрыс және толық пайдалану;
- рефераттың безендірілуі.

Оқытушының шешіміне байланысты реферат семинарда қарастырылуы мүмкін немесе оқытушы мен студенттердің арасында жеке талданады.

Баяндама - өзіндік жұмыс түрі, оқу және сабақтан тыс уақыттарда студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыруда,

танымдық қызығушылығын кеңейтуде, пікір айтуда маңызды. Баяндама жазуда берілген тақырып бойынша жоспар құрылып, қажетті әдебиеттер іріктеледі. Әдебиеттермен жұмыс жасауда алынған мәліметтерді жүйелеп, тұжырым жасалынады және жалпылайды. Тақырып үлкен болса, баяндама сұрақтарын бірнеше студентке бөліп беруге болады.

Жоғары оқу орындарында студенттерге оқыған теориялық материалдарды бекіту, орнықтыру үшін, сабақта белсенді болу үшін, іздене, үйрене білу үшін кенінен пайдаланылатын СӨЖ-ның келесі түрлері аннотация, эссе, конспект жазу.

Аннотация – мәтіннің негізгі мазмұнының мүмкіндігінше қысқа, сығымдалған түрі. Аннотацияның рефераттан басты айырмашылығы реферат түпнұсқасының мазмұны жөнінде түсінік береді, ал аннотация – оның тақырыбынан ғана хабар береді. Аннотация үшін клишелерді, арнайы айтылыстарды пайдаланады.

Аннотацияның құрылысы:

1. Аннотация жасалатын мәтіннің саласы, не бөлімі.
2. Тақырыбы.
3. Түпнұсқадан шығатын мәліметтер.
4. Аннотацияның мазмұны.

Эссе – оқылған, өзіндік жұмыс үшін берілген тақырыпқа өз ойын, өз пікірін, көзқарасын, жазбаша беру. Сондықтан да эссе – өздігінен орындайтын жұмыстың ең маңызды, тиімді түрі.

Конспект – оқитын материалдың мазмұнына жазылатын жүйелі, логикалық байланысы бар жазба түрі. Бұған жоспар, тезис, көшірмелер не осы жазбалардың екі түрі кіруге тиіс.

Жазбалар мен тезистерден конспектінің айырмашылығы, конспект оқылған материалдағы жүйені, бірізділікті сол материалда берілгендей мазмұндайды. Конспект жасау үшін ең маңызды деген ақпарат алынады. Басты мәселе бөлініп алынады, маңызды сөз, сөз тіркесі көрсетіледі. Әрбір жаңа ой жаңа жолдан басталады. Конспектіде автордың аты-жөні, әдебиеттің аты, ол шыққан баспаның аты, мекен-жайы, уақыты, беті көрсетіледі.

Болашақ педагогтардың ғылыми зерттеу түрлерінің ең жоғары формасы курстық және дипломдық жұмыс. Бір жыл ішіндегі нақты тақырыппен жұмыс жасау, ал дипломдық жұмыспен 2-3 жыл аралығындағы оқу бітіруші студенттерге өздері зерттейтін мәселенің тек теориялық жағымен танысып қоймай, сондай-ақ

практикалық жағын ұштастырып, ғылыми-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеруі өте маңызды.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмысқа дағдыландырылғанын көрсететін СӨЖ-дың келесі күрделі түрі курстық жұмыс. **Курстық жұмыс** (Course work) – жекелеген оқу пәндерінен студенттің белгілі бір тақырып бойынша танымдық қабілеттерін дамытатын өздігінен орындайтын шығармашылық ғылыми-зерттеу жұмысы «Курстық» деп атауы нақты бір курсқа байланысты білім алу дегенді білдіреді. Курстық жұмыстар әртүрлі пәндерден жазылып, білім алушылардың білімі, білігі мен дағдылары бағаланады.

Курстық жұмыс 1 жыл ішінде немесе бір семестр ішінде орындалады. Оқу жоспары бойынша кейбір факультеттерде курстық жұмысты педагогикадан жазу қарастырылған.

Курстық жұмысты орындау зерттеу әдістері мен формаларын меңгеру, педагогикалық әрекетке қызығушылығын ояту, педагогикалық үрдісті көру және талдау қабілеттерін қалыптастырады.

Курстық жұмыстың тапсырмалары:

- студенттердің психологиялық және педагогикалық мәселелері бойынша білімінің кеңеюі;

- студенттің педагогикалық тапсырмаларды шешуге шығармашылық дағдының қалыптасуы, оқу орыны сараманындағы және өзінің жұмыс қорытындыларын бағалау қабілеттігі;

- студенттің теориялық білімдерін практикада қолдана алуы, алдыңғы педагогикалық тәжірибені талдау, педагогикалық практикадағы жеке тәжірибесі педагогикалық үрдістегі заңдылықтары мен негіздері орын алып отырады.

Курстық жұмыс психологиялық-педагогикалық және әдістемелік мәселелер бойынша білімді жүйелеуге, қорытындылауға, кеңейтуге көмектеседі.

Курстық жұмысқа қойылатын талаптар:

- Тақырыптың өзектілігі, оның отандық және шетелдік ғылымның дамуына сәйкестігі.

- Зерттеу проблемасы бойынша ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерді және мерзімдік басылымдарды зерттеу және талдау.

- Зерттеу мәселесінің тарихын, педагогдердің озат тәжірибесін және өзінің жеке тәжірибесін есепке ала отырып, оның практикалық жағдайын зерттеу және талдау.

- Өз бетімен зерттеуді жүргізу: зерттеудің пәнін, мақсатын, әдістерін анық сипаттау, экспериментті сипаттау және талдау.
- Жүргізілген зерттеудің нәтижелерін қорытындылау, қорытындыларды және практикалық ұсыныстарды негіздеу.
- Безендіру мәдениеті (стандарт талаптарына сәйкестігі).
- Курстық жұмыстың көлемі – компьютерде терілген 40-50 беттей болады.

Курстық жұмысты орындау қисыны.

1 кезең – зерттеуге дайындық.

1.1. Зерттеу мәселесінің әдіснамалық негізін анықтау:

- зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді зерттеу негізінде тақырыпты алдын-ала таңдау;
- зерттеудің объектісін анықтау;
- зерттеудің пәнін анықтау.

1.2. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізуге дайындық:

- зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттерді, педагогикалық тәжірибені талдау және «Әдістемелік әдебиеттерге және педагогикалық тәжірибеге шолу» атты мәтін даярлау;
- тақырыпты нақтылау;
- зерттеудің гипотезасын, мақсат-міндеттерін белгілеу;
- зерттеу әдістерін таңдау және зерттеу өткізетін базаны (оқу орыны, сынып, білім алушыбақша, топ және т.б.) анықтау.

2 кезең – тәжірибе жұмысын даярлау және өткізу

2.1. Тәжірибе жұмысын жоспарлау:

- экспериментальдық және бақылау топтарын анықтау;
- зерттелетін объектілерді бақылау әдістері мен диагностикалық әдістерді және оларды жазып алудың формасын белгілеу;
- зерттеу тақырыбы бойынша білім алушылармен жұмыс жасау жүйесін (сабақтардың, тәрбиелік шаралардың және т.б. конспектілері) даярлау;
- зерттеу нәтижелерін талдау әдістемесін жасау;
- тәжірибе жұмысын өткізу үшін таңдалған әдістер мен тәсілдерід қолдану мүмкіндігі мен диагностикалық әдістемелерді нақтылау мақсатында тәрбиеші, педагог, білім алушылардан кеңес алу.

2.2. Тәжірибе жұмысын өткізу:

- анықтаушы экспериментті өткізу;

- анықтаушы эксперименттің нәтижесін талдау негізінде гипотезаны тексеруге және тәжірибе жұмысының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған білім алушылармен жұмыс жүйесін (сабақтар, тәрбиелік шаралар, жеке жұмыс және т.б.) өткізу;

- қалыптастырушы эксперименттің өтуін талдау, гипотезаны және тәжірибе жұмысын нақтылау, мүмкін болатын жағымды және жағымсыз нәтижелерін анықтау арқылы тәжірибе жұмысын бейнелеу, оның тиімділігінің психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау және жағымсыз құбылыстарды жою;

- жасалған қорытындылар негізінде ғылыми гипотезаны негіздеу, зерттеу міндеттерінің орындалуын тексеру, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау мақсатында қалыптастырушы экспериментті қайта өткізу;

- қорытынды бақылау эксперименті, талдау, қорытындылар, ұсыныстар.

3 кезең – курстық жұмысты безендіру

3.1. Курстық жұмысты жазуды аяқтау:

- дайындалған мәтіндерді тарауларға біріктіру, орналастыру;

- нәтижелерді, қорытынды жазу;

- қорытынды құрастыру;

- кіріспе жазу.

3.2. Әдебиеттер тізімін жазу.

3.3. Иллюстрациялар тізімін жасау.

3.4. Қосымшаларды орналастыру.

3.5. Мазмұнын құру.

3.6. Титулдық бетін безендіру.

Курстық жұмысқа жетекшілік ету.

Курстық жұмыстарға жетекшілікке тек қана ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген педагогдерге тапсыруға болады. Ғылыми жетекшісінің негізгі ерекшелігі:

1. Студенттерге тақырыпты және жұмыс көлемін анықтауға көмек беру, зерттеу нормасын нақты белгіліп алу.

2. Курстық жұмысты бастамас бұрын студенттерге дәріс оқылып, әдістемелік сұрақтар туралы консультациялар өткізіліп, курстық жұмысты орындаудағы жалпы талаптар және нақты шарттар айтылады. Теориялық және практикадағы жоспардағы

зерттеу мәселелерін ашу үшін ұзақ және жүйелі жұмыс қажет. Бұдан жоспар-график негіз болады, курстық жұмыстың этаптарын кірістіреді, зерттеу түрлерінің әрбір этапта нұсқау мазмұнымен байланысып жатады.

3. Кейіннен ғылыми жетекшісі студенттерді әдебиеттермен жұмыс істеуге негіздейді, материалды жинау әдістері педагогикалық тәжірибе және эксперименталды бағдарламалардың құрылуына негіз болады.

4. Жетекші студентке олардың жұмыстарында көмек көрсетіп, курстық жұмысты орындауды систематикалық бақылап, консультация белгіленіп, тақырып бойынша жинақталған материалды талдайды.

5. Ғылыми жетекші курстық жұмысты зерттеп және рецензиялайды, кафедраға курстық жұмыстың дайындығы туралы хабарлап, қорғау күнін белгілейді.

Курстық жұмыстарға жалпы жетекшілікті кафедралар, оқу ісі жөніндегі проректор жүзеге асырады. 2-3-ші курстарда студенттер курстық жұмыс тақырыбын және ғылыми жетекшісін таңдайды. 1-ші кездесу барысында курстық жұмыстың тақырыбы анықталып, оны даярлау кестесі құрылады. Айына екі рет оқытушы студентке кеңес беріп отыруы тиіс, дер кезінде көмек береді. Жетекшінің міндеті – аяқталған курстық жұмысты тексеру, жазбаша пікір беру (қосымшаны қараңыз) және студенттерді курстық жұмысты қорғауға даярлау. Ең жақсы курстық жұмыс ғылыми-практикалық конференцияға ұсынылады. Курстық жұмыстар арнайы журналға тіркеліп, тиісті бағасы қойылады.

Курстық жұмысты қорғау. Курстық жұмыс кафедра отырыстарында, базалық оқу орындарында (білім алушы оқу орыны), кіші курстағы студенттер алдында қорғалуы мүмкін. Қорғауда студент 7-10 минутқа созылатын қысқаша баяндама жасайды, онда курстық жұмыстың тақырыбын таңдау мотиві, оның өзектілігі, зерттеудің объектісі мен пәні, зерттеудің мақсат-міндеттері, курстық жұмыстың ақпарат көздері айтылып, практикалық бөлімге, зерттеу әдістеріне және алынған нәтижелерге кеңірек тоқталып, көрнекіліктерді демонстрациялайды.

Курстық жұмыстың құрылымы

Титулдық бет.

Мазмұны.

Кіріспе. Тақырыптың өзектілігі, әдебиеттерге, зерттеу әдістеріне, тәжірибе өткізілген базаға сипаттама, тараулардың мазмұны бойынша қысқаша түйіндеме, зерттеудің жаңалығын баяндау.

I тарау. Тақырыптың теориялық негізделуі.

1.1. Зерттелетін проблеманы ғылыми негіздеу және оның тарихы.

1.2. Проблеманың қазіргі жай-күйі, зерттелген әдебиеттер және оқу орыны практикасы негізінде оның өзектілігі көрсету.

1.3. Практика қажеттіліктеріне сүйене отырып, зерттелетін проблеманың мазмұнын, формаларын және әдістерін өзектілеу.

II тарау. Зерттелетін проблема бойынша жұмыс жүйесін апробациялау (сынақтан өткізу), яғни гипотезаны тексеру және ұсыныстар беру.

2.1. Тәжірибе жұмысын даярлауды баяндау.

2.2. Тәжірибе жұмысын өткізуді баяндау.

2.3. Тәжірибе жұмысының нәтижелерін талдауды баяндау.

2.4. Қолданылған әдіс-тәсілдерді (оқыту және тәрбиелеу құралдарын) пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.

Қорытынды

– тараулар бойынша қорытындылар саны;
– жалпы жұмыс бойынша өзіндік баяндама;
– зерттеудің теориялық және практикалық мәніне, ғылыми жаңалығына кең түрде сипаттама.

Әдебиеттер тізімі.

Қосымшалар.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ірі формасы - дипломдық жұмыс. **Дипломдық жұмыс** – белгілі бір пәндер бойынша жүргізілетін зерттеу жұмысы. Дипломдық жұмысының тақырыбы өзекті мәселеге арналады. Дипломдық жұмыс өзіндік ғылыми зерттеу нәтижесі мен әдістерін кешенді түрде қолданғанда ғана белгілі болуы мүмкін. Сондықтанда дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі курстық жұмыстан жоғары тұрады. Басқа жағдайда олар магистрлік диссертацияның бір бөлігі болып қалыптасады. Диплом жұмысына бір қатар талаптар қойылады.

Дипломдық жұмыстарды орындау әдістемесі

Диплом жұмыстарының ғылыми жетекшілері әдістерді жоғары жүйелеу мақсатында өз жұмыстарын міндетті түрде белгілі

жылдамдыққа жеткізіп отыру керек. Бірінші кезеңде жетекші нақты тақырыптың мақсатын, гипотезасын, негізгі кезеңдерін, зерттеу әдістері мен көздерін таңдауда білім алушыға көмектеседі. Дипломдық жұмысты орындауда жетекші шектелген уақыттың өзгергенін ескере отырып, студентке тиімді жолдарды таңдауға көмектеседі.

Дипломдық жұмысты жазған жағдайда студент жұмысында жеке үйлесімдер болуы керек, әсіресе оқуға дайындық, қабілет, оның дербестік деңгейі, инициативалары. Ғылыми жетекшіден кеңес алуға кездесуге кесте құру керек. Студент өзіне жүктелген үлкен жұмыстарды белгілеуі қажет, ғылыми жетекшілер белгілеген жоспар қорытындыларынан ақпарат беріп отыруы керек.

Білім алушының дипломды орындау барысында жетекші әрбір кезең қорытындыларын, оның дербестік зерттеу жұмыстарын тексереді, дипломанттың алдағы іс-әрекеттерінің мазмұны туралы нақты жарғы береді, кейін бөлім бойынша жай жазған қағазды оқиды, олардың қайта жұмыстауына кеңес береді, әрбір кезеңнің қорытындысы бойынша студенттің жұмысын талқылайды. Кезеңнің соңында ғылыми жетекші қолмен жазып аяқтаған мәліметтерді тексереді, жұмысқа шақыру қағаздарын құрады, кафедра мен оқу кеңесінің факультетіне дипломды қорғауға дайындығын жариялайды.

Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты қорғау кезеңі келесі талаптар бойынша белгіленеді:

- аяқталған дипломдық жұмысқа студент қолын қояды және жетекшіге ұсынылады. Ол қарап болғаннан кейін ғылыми жетекші өзінің жазу бөлімімен бірге дипломды кафедра меңгерушісіне ұсынады;

- жұмысты қорғау үшін жасалған мінездеме болу керек. Жетекшілері осы мәліметтің негізіне сүйене отырып, жұмысты қорғауға болатындығы туралы шешеді, осы бойынша дипломдық жобаға сәйкес келетін жазуларды жасайды;

- қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыс декандарға рецензиялауға жіберіледі. Рецензиялаушы құрамы кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша оқытушылармен анықталады. Рецензияға өндіріс мамандары және ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының немесе басқа мекемелердің профессорлары ұсынылады, егер олар осы кафедрада жұмыс жасамайтын болса;

- декан рецензияға сәйкес келетін кафедра меңгерушісімен таныстырады, диплом қорғаушы студентті және дипломдық жұмысты қорғау үшін МЕК рецензиясына бағыттайды.

Дипломдық жұмыс қорғалғаннан кейін оқу мекемесінің мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Дипломдық жұмысты қорғағанда тақырыптың өзектілігі, мазмұны ескеріліп қана қоймайды, сонымен қатар зерттеу жұмысының нәтижесі, студенттердің ғылыми конференцияға қатысуы ескеріледі. Ғылыми жетекші диплом қорғаушыға зерттеудің нәтижесін іс-жүзінде асыруға көмектеседі.

Жетекші дипломды қорғау кезінде қатысып, оның сапалы да қазіргі заман талабына сай орындалуына жауап береді. Бірақта қандай жағдай болмаса да дипломант студенттің жауапкершілігі алынбайды. Дипломдық жұмысты басшылыққа алғанда педагогика және әдістемелі үйрету кезінде белгілі бір қиындықтар кездеседі.

Студенттің жұмысын 2 ғылыми жетекші басқарады - педагогика және әдістеме кафедрасының педагогтары. Кейбір жағдайда кеңестер мен психология маманы қажет болады, іс жүзінде кей жағдайда ғылыми жетекшілердің арасында келіспеушіліктер болады. Бұл қиындықтардан құтылу үшін келесі ұстанымдарды ескеру қажет: диплом қорғайтын студентке кеңес бермес бұрын, ғылыми жетекшілер мәселенің бағытын, зерттеу пәнін, сол мәселені шешу кезінде қандай жоспар шешілуі мүмкіндігін, әдістемелік негіз барысында психологиялық, педагогикалық қандай теориялар болуы мүмкіндігін алдын-ала келісіп алуы қажет.

Әдістемені оқыту бойынша курстық жұмыс, кейін дипломдық жұмыста жүргізілген зерттеуді жалғастыру және аяқтау болып табылады. Егер студент дипломдық жұмыстың тақырыбын бітірер алдында қарастыратын болса, ғылыми жетекшілер дипломдық жұмыстың жалпы жоспарын құруға көмектеседі. Дипломдық жұмысты аяқтар кезінде ғылыми жетекшілер дипломдық шығарманы тексереді және қорытынды жасайды.

Осы уақытқа дейін курстық және дипломдық жұмыстарға байланысты талаптар педагогикалық пәндерге, яғни ғылыми-зерттеу әрекетінің осы түрлеріндегі дайындығы және жетекшілігі әдістердің педагогикалық әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде емес екендігін көрсетеді. Курстық жұмысты жазу үлгісі студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің кейбір қателіктерін атап көрсетеді.

Студенттер оқу жоспары бойынша жоғары оқу орнындағы оқыған жылдары 3-4 курстық жұмыс дайындайды.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы дипломдық жұмыстағы жетекшіліктің кейбір кемшіліктері бар. Дипломдық жұмыстар бүгінгі күнге дейін оқу үрдісіндегі негізгі орынды алмайды. Бірақ студент дипломдық жұмыстың жоспарымен көп жұмыстанады, теориясын меңгеруге байланысты өте мазмұнды қорытынды күтуге болады, практикалық өзара байланыс ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістерін және үрдістерін игереді.

Психологиялық-педагогикалық тәртіпті төменгі курстарда студенттер әдебиет көздерінен, педагогикалық бақылау әдістерінен, әңгімелесулерді өткізумен, сауалнама, тест өткізу кезінде үйренеді. Олар өз әрекеттеріндегі объекті – білім жүйесін педагогикалық үрдісте үйренеді. Тәжірибе көрсеткендей, дипломант үшін қиыншылық оның таңдап алған проблемасын зерттеудегі әдіснамалық негіздер болып табылады. Сондықтанда ғылыми жетекші дипломанттармен кеңесуді, олардың тақырыбына байлалыста әдіснамадағы белгілі сұрақтар бойынша жүргізеді. Ғылыми жетекшінің басшылығы бойынша студенттер зерттеу әдестемесі мен процедурасын игереді. Студенттің аяқталған жұмысының нәтижесі саналы болуы, оның жазу кезіндегі әзірлігінің кезең бойынша жүруінде екеніне көзін жеткізу қажет. Сондықтанда студентпен біріге отырып, оның дипломандық жұмысының жүйелі ғылыми болуын қадағалау керек.

Дипломдық жұмыста студенттердің жан-жақты ғылыми әрекеті – кешенді түрде әдеби көздерге теориялық анализ жасау, педагогикалық тәжірибені беру оқу орыны практикасына ғылыми әдістемелік нұсқауды енгізу, зерттеу нәтижесін өңдеу.

Дипломның ғылыми деңгейі көбіне диплом жазушының қиын болмаса да, бір ғылыми педагогикалық зерттеудің басқа әдістерімен эксперимент жасауына тәуелді. Бұдан шығатыны педагогика курсының педагогикалық эксперименттер нәтижесіне студент ерекше мән береді.

Дипломдық жұмысты орындау әдісі.

Дипломдық жұмыс өзіндік ғылыми зерттеу нәтижесі мен әдістерін кешенді түрде қолданғанда ғана белгілі болуы мүмкін. Сондықтанда дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі курстық жұмыстан жоғары тұрады. Басқа жағдайда олар магистрлік диссертацияның бір бөлігі болып қалыптасады.

Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауда әдістеме бойынша мысалға келтірілген курстық және дипломдық жұмыстың процедурасы мен орындау әдістемесі әдістемелік ұсыныстары жалпы талаптың мақсатын қамтамасыз етеді, педагогтердің, студенттердің жұмыстарын, оларға көмектесу кезеңдерін қамтиды.

Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауда әдістеме бойынша мысалға келтірілген курстық және дипломдық жұмыстың процедурасы мен орындау әдістемесі әдістемелік ұсыныстары жалпы талаптың мақсатын қамтамасыз етеді, педагогтардың, студенттердің жұмыстарын, оларға көмектесу кезеңдерін қамтиды. Курстық және дипломдық жұмысқа деген негізгі нормативтік талаптарға негіз болып табылатын құжат Қазақстан Республикасының білім берудің ұлттық моделдерін құру және қалыптастырудан шығады.

7. Модульдік оқыту. Пәнге ену жоғарғы орынында оқытудың бір амалы. Педагогикалық мониторингтің әдістемесі.

Оқытудың кез келген жаңа технологиясының алдына қоятын мақсаты – студенттің жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуіне мүмкіндік беріп, шығармашылығын арттыру.

Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген. Модульдік оқытудағы негізгі *мақсаты* – студенттің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. *Оқу модулі*: акпараттардың аяқталған блогынан; бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген оқытушының нұсқауларынан; - студент іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеруді, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Пәндердің модульдік *құрылымы* мынадай түрде болады:

- Модуль аты
- Теориялық сабақ
- Практикалық сабақ
- Лабораториялық практикум
- Бағдарламамен қамтамасыз ету

- СӨЖ
- Оқу қорытындысы
- Теориялық сабақ
- Практикалық дағдылар.

Модульдік оқыту мынадай негізгі идеяларға негізделген: білім алушы өзі оқу керек, ал педагог оның оқуын басқарып отыруға міндетті, яғни оқуға деген мотив туғызу, ұйымдастыру, реттеу, кеңес беру, бақылап отыру керек. Бұл технологияның авторларының көзқарасы бойынша, ол педагогикалық теория мен практикада жиналған прогрестерді кіріктіреді. Яғни, бағдарламалық оқытудан білім алушының әрекетіндегі нақты логикалық процестердің белсенділік идеясы, оқу-танымдық әрекетінің жеке қарқындығы алынды. Ақыл-ой әрекетінің сатылы қалыптасу теориясынан ең маңыздысы – әрекеттің бағдарлаушы негізін қолданады. Модульдік оқытуды кибернетикалық бағыт қатысушылардың іс-әрекетін өзі басқару арқылы икемді басқару идеясымен толықтырып отыр. Психологиядан рефлексстік жағдай қолданылады. Дефференциацияның теориясы мен практикасында, оқытудың оптимизациясында жиналған жалпылаулар – бұлар модульдік оқытудың негізінде, принциптерінде, ережелерінде, әдістері мен оқыту формаларында кіріктіріледі.

Модульдік оқытудың негізін қалаушы П.Ю. Цявичине. Оның идеясын С.Я. Батышев, К.Я. Вазина, Н.Н. Суртаева, Т.Н. Шамова, А.Жанпейсова жалғастырды.

Модульдік оқытудың мәні білім алушы толықтай өзі немесе белгілі бір көлемдегі көмекпен оқу-танымдық іс-әрекетте модульмен жұмыс істеу арқылы мақсатына жетеді.

Модуль – дегеніміз мақсатты функционалдық байланыс, онда оқу мазмұнымен оны меңгеру технологиясы байланысады. Сондықтан, модуль модульдік оқытудың құралы болып табылады, өйткені оған іс-әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат банкі, дидактикалық мақсатқа жету үшін методикалық басқару кіреді. Модуль оқытудың программасы ретінде бола алады.

Модульдік оқыту кезінде әрбір білім алушы белсенді және тиімді оқу-танымдық іс-әрекетке кіріседі. Мұнда бақылау, өзін-өзі бақылау, түзету, кеңес беру, өзбеттілігі қалыптасады. Білім алушы өзін жетілдіруге зор мүмкіндік алады, ол оқуға деген құлшыныс, мотивация тудырады. Бұл оқыту жүйесі әр білім алушыға білім беру және оқуда жоғары сатыға көтерілуге кепілдеме береді. Білім

алушының өзбеттілік, ұжымшылдылық сияқты мінез сапаларын дамытуға да мүмкіндік бар.

Әрине, оқыту үрдісіндегі педагогтің де орны өзгереді. Педагогтің міндеті білім алушыларды оқуға мотивациялау, модуль арқылы оқу-танымдық әрекетін басқару және үздіксіз кеңес беру. Енді оқытудағы оның орны өзгереді: ол тақырыпты қалай жеткізсем деп ойламайды, енді білім алушылардың әрекетін қалай басқарсам, бағыттасам деп ойлайды. Модуль арқылы басқаратындықтан интегративті дидактикалық модуль құру педагогтің міндеті болып табылады. Ол үшін педагог өз тәжірибесін, білім, іскерлігін, технологияларды талдайды. Іс-әрекеттің мақсатын, оқытудың түрі мен әдістерін, кездесуі мүмкін қиындықтарды алдын-ала ұйымдастыруы керек.

Модульдік оқытуға көшу үшін нақты жағдайлар туғызу керек:

1. педагогтің мотивациясымен байланысты;
2. білім алушылардың оқу-танымдық әрекеттерді өз бетімен орындауға дайындығы;
3. мектептің материалдық мүмкіндігіне байланысты.

Модульдік технологияға көшу тәжірибесі бірден барлық топтың көшпей, ондағы кіші топпен жұмыс істеуді көздейді. Бұл көлемін, құрылымын, қиындық дәрежесін, білім алушылардың әрекеттенуін, бақылау, өзін бақылау жүйесін көріп – бағалауға, осыған байланысты түзетуге мүмкіндік береді.

2. Модульдік оқытудың принциптері.

Модульдік оқыту теориясы жалпы дидактикамен тығыз байланысты арнайы принциптерге жүгінеді. Модульдік оқытудың жалпы бағыты, оның мақсаты, мазмұны мен ұйымдастыру әдістері мынадай *принциптерді* анықтап отыр:

- модульдік;
- оқытудың негізгі элементтерін бөліп көрсету;
- динамикалылық;
- білімнің әрекеттілігі мен оперативтілігі және олардың жүйелілігі;
- икемдігі;
- саналы перспективасы;
- әдістемелік кеңестің әр түрлілігі;
- паритеттілік (П.А. Юцявичене).

Осыларды жеке қарастырайық.

Модульділік принципі оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру формасы мен әдісін бейнелейді. Бұл принципке байланысты оқыту жеке функционалдық байланыстардан құрылады, дидактикалық мақсаттарға жетуді көздейтін модульдерден тұрады. Бұл принциптің орындалуы үшін мынадай *педагогикалық ережелер* сақталу керек:

- оқу материалын қойылатын дидактикалық мақсатқа әрбір білім алушы жете алатындай құру керек;
- ол жеке модульден құралған кешенді дидактикалық мақсатқа сәйкес оқу мазмұнынан құралу керек;
- оқу материалына сәйкес көзделген мақсатқа бағына отырып, әр түрлі оқу формаларымен интеграциялануы керек.

Оқытудың негізгі элементтердің бөліп көрсету принципі оқу материалын интеграциялық дидактикалық мақсаттарды шешуге бағытталған біртұтас модуль ретінде қарайды, яғни модульдің өзінің құрылымы бар. Бұл принцип программалық оқытудағы оқу материалын бөлшектерге (порция, саты) принциптерімен ұқсас, дегенмен айырмашылықтары да бар. Программалық оқытудағы материалдарды кішкентай бөлшектерге бөледі, олар өзара байланысты, біртіндеп сатылап қиындайды. Ал модульдік оқытуда оқу мазмұнындағы кішкентай бірліктер дидактикалық мақсатқа жауап беретін курстағы нақты тақырып немесе тақырыптың фрагменті болып саналады, оны модульдің элементі деп атайды.

Оқытудың негізгі элементтерін бөліп көрсету принципіне байланысты мынадай педагогикалық ережелерді ұстану қажет:

- интеграциялық дидактикалық мақсатта жеке мақсат құрылымдарын көрсету керек;
- оқу материалының әрбір элементін толық жетілдіріп отыру керек;
- әрбір жеке мақсаттың бірлігі интеграциялық дидактикалық мақсатты құрап бір модуль болу керек.

Динамикалық принципі әлеуметтік тапсырысқа байланысты модульдің мазмұнын еркін өзгерте алумен сипатталады. ҒТП-тің жоғарғы темппен өсуі әлеуметтік және жалпы техникалық білімнің тез ескіруіне әкеліп отыр және кей уақытта жалпы ғылыми білімнің құндылығын қайтадан қарастыруға итермелейді. Барлық білім сатыларына тән инерттілік білім беру мен қоғамдық өмірдің жағдайларының арасындағы айырмашылықтардың бір себебі болып отыр.

Оқу материалы әрқашан, тіпті жыл сайын деуге болады, қайтадан өңделіп, жаңартылып отырылуы керек. Қиын жағдайдан шығудың бір жолы: оқу материалының құрылымы бір-біріне тәуелсіз бөлімдерден тұру керек, өйткені оқу материалын өзгерткенде әрбір бөлімді өзгертіп, толықтырып, дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу материалының тұрақты және өзгермелі мазмұнының карама-қайшылығын шешу динамикалық принцип бойынша жүзеге асады. Оның педагогикалық *ережелерін* қарастырайық:

- әрбір элементтің, яғни модульдің мазмұны оңай өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін;
- әр түрлі модульдердің элементтерін құрастыра отырып, жаңа модуль шығаруға болады;
- модульдің формасы, оның элементтерін оңай өзгертуге болатындай формада болуы тиіс.

Білімнің және оның жүйесінің оперативтілік және әрекеттілік принципі. Білім беру саласында білім алушыларда әрекеттік білімнің қалыптасу мәселесі пайда болады, ол мамандардың кәсіби даңындығына теріс әсер етіп отыр. Бұл жағдайдан шығу жолы – тек іс-әрекет түрлеріне емес, сонымен қатар әрекеттің тәсілдерін де үйрету керек. Іс-әрекеттік тұрғы модульдік оқытуға өте қажет, бірақ оның шектілігі сол, ол оқыту процесінде шығармашылық жағынан дамуды талап етеді.

Оперативті білім білім алушы тапсырманы орындау кезінде инициатива, тапқырлық көрсете білген, әр түрлі жағдайда өз білімін қолдана білген жағдайда табысты болады. Әрекеттік және оперативтік білімнің жүйесін тек іскерлікпен біріктіріп қарастыруға болады. Мұнда жалпы ғылыми, техникалық және арнайы білім мен іскерлік жүйесін айтуға болады, оны білім алушы практикалық іс - әрекетте өзі және тәуелсіз қолдана алады.

Әрекеттік және оперативті білімдер және оның жүйелілік принципін орындау үшін мынадай педагогикалық *ережелерге* сүйенеді:

- модуль және әрекет тәсілдерінде оқыту мақсаттары әрекеттің әдістер терминінде ақыл-ой немесе практикалық түрде қалыптастырылуы керек;
- алға қойған мақсатты орындау үшін модульдің мазмұны логикалық ойлау және практикалық әрекет жағынан пәндік және пәнаралық құрылымда болуы мүмкін;

- оқыту жаңа білімді игеруде проблема негізінде ұйымдастырылуы керек, өйткені осындай жағдайда оқуға деген шығармашылық қалыптасады;

- білімнің бір әрекеттен екінші әрекетке көшу мүмкіндігін анық көрсету керек.

Икемділік принципі модульдік бағдарламаның, соған байланысты модульдің құрылымы оқу мазмұнының игеру мүмкіндігі жеңіл болатындай етіп құрылуын және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне байланысты игерілуін қамтамасыз етеді. Икемділік принципінің орындалуы мынадай педагогикалық *ережелерді* талап етеді:

- оқу мазмұнының индивидуализациясы білімнің алдын – ала диагностикалануын қажет етеді;

- ол қорытындысы нақты модульдің индивидуалды құрылымын құратындай етіп ұйымдастырылуы керек;

- оқу мазмұнын индивидуализациялау үшін білім алушылар жағынан оқытудың қажеттілік анализі жасалуы керек;

- осы мақсатта оның құрылуының оқытудың базалық әзірлігі мен жеке мақсатын қоса кешенді критерийлерін қолдануға болады;

- индивидуалды игеру темпі сақталу керек;

- модульдің методикалық жағы оқыту технологиясының индивидуализациялануын қамтамасыз ету керек;

- оқуда нақты мақсатқа жеткеннен кейін индивидуалды бақылау және өзін реттеп отыру қажет.

Саналы перспектива принципі білім алушылардың оқуын жақын, орташа, алыс стимулдарын терең түсіне білуін қажет етеді. Білім алушының өзбеттілік және педагогтың басқару жағының арасындағы байланыстың оптималды өлшемін таба білу керек. Әрекетті өте қатал басқару білім алушының инициативасынан айырады, өз бетімен оқудың рөлін төмендетеді.

Егер білім алушының өзін басқару мүмкіндіктерін қолдансақ, оларға оқудың мақсатын анық және саналы түсіндіру керек. Модульдік оқытуда олар іс-әрекет нәтижесінің маңызды сапасы ретінде болғандықтан, білім алушылар танымдық және практикалық әрекеттің перспективасы ретінде санауы керек.

Модульдік оқыту процесінде саналы перспектива принципінің орындалуы үшін мынадай педагогикалық *ережелер* сақталу керек:

- әрбір білім алушы бірінші барлық белгілі этапқа (курс, жыл немесе барлық кезеңге) бөлінген модульдік бағдарламаны білу керек;

- онда кешенді дидактикалық мақсат көрсетілуі керек, оны білім алушы өзіне керекті және күтетін қорытынды ретінде саналы түсінуі керек;

- оған мақсатқа жету үшін қажет оқу бағдарламасы кіреді, ал білім алушыға алыс, жақын, орташа перспективаларға жетуге нұсқаушы болады;

- әрбір модульдің басына міндетті түрде әрекет қорытындысының сапасы ретінде оқудың интеграциялық мақсатын сипаттау керек;

- әрбір элементтің басына оқудың жеке мақсаттарын көрсетіп кету керек.

Методикалық кеңес берудің әр түрлілік принципі оқытушының танымдық әрекетінде және педагогикалық әрекетте кәсібишіліктің болуын талап етеді. Оқудың тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді, әсіресе білім алушылардың мүмкіндігіне оқудың мазмұнының сәйкес келуі. Бірақ та оқу үрдісінде осы жағдайды сақтағанның өзінде көптеген қиындықтар туындайды, соның ішінде, білім алушылардың материалды игерудің оптималды жолдарын таңдай алмауы, өзі танып-білуге дағдыларының жетіспеуі, оқытудың барлық әдістерін қолдана білмеуі немесе нақты жағдайға үйлесімді таңдай алмауы.

Бұл принциптің орындалуын, проблеманы шешу жолдарын мына педагогикалық *ережелер* ашады:

- оқу материалын, ақпаратты ұғынуды жеңілдететін жеке түсіндірмелі әдістерді қолданатын модуль деп ұғыну керек;

- оқу мазмұнын ұғыну жолдары мен әр түрлі әдістер ұсынылу керек, оны білім алушылар тәуелсіз немесе қандай да бір тәжірибеге сүйене отырып таңдау керек, сөйтіп өзіндік оригинал оқу әдісін жасай алады;

- оқыту үрдісін ұйымдастыру жөнінде педагогтың әдістемелік кеңесін жасау керек. Альтернативалық шешім ретінде әр түрлі әдістер мен оқытудың ұйымдастырушылық нұсқасы бола алады, педагог – эксперттердің пікірінше, нақты мазмұнды игеруге біршама жарамды дейді;

- педагог ұсынылған әдістер мен оқытудың ұйымдастырылған нұсқаларының қайсысымен жұмыс істейтінін өзі таңдайды;

- егер оқытушы өзі модуль құратын болса, оның құрамына қолданып жүрген оқыту әдістерін кірістіру керек, өйткені бұл эквивалентті курстар мен сабақтар жүргізетін педагогтар арасындағы тәжірибе алмасу жағдайын туғызады.

Паритеттілік принципін де сақтап отыру қажет. Соңғы жылдары педагогикалық процесте білім алушылардың активтілігіне көп көңіл бөлінуде, өзін басқара білуді дамытуда. Зейінімізді оқыту үрдісіндегі өзара әрекетті ұйымдастыру үшін базистік жағдайды жасауға шоғырландыру қажет. Ол білім алушының дайындық дәрежесі болуы мүмкін. Дәл осыдан бірінші кезекте басқару байланысы тәуелді болып келеді. Бірақ қайдағы реалды қатынас, егер дәстүрлі оқытудағы сияқты оқытудың басты мақсаты педагог пен білім алушының кездесуінде біріншісі екіншісіне тек ақпарат беріп кететін болса? Басқаша айтқанда, педагог сабақ үстінде басқа функцияны қолдану керек екенін ұмытып, көбінесе “ ақпараттық инъекция ” жасайды.

Педагогикалық процесс білім алушы өзі активті болғанда, ал оқытушы әрбір адамға индивидуалды негізде кеңесші-координатор қызметін атқарғанда тиімді болады. Бірақ бұл үшін білім алушыларды тиімді оқыту құралдарымен, модуль сияқты, қамтамасыз ету қажет. Осы ақпараттық құралды қолдана отырып, білім алушы жаңа материалды өзі игере алады және әрбір педагогикалық кездесуге, яғни сабаққа проблемалық сұрақтарды шешіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дайын келеді.

Модульдік оқытудағы паритеттілік принципі мынадай педагогикалық проблемаларды сақтауды талап етеді:

- модульдік бағдарлама білім алушының белгілі дәрежеге дейін білімді өзі игеруге мүмкіндік береді.

- педагогты тек ақпараттық функцияны орындаудан босатады және кеңесші-координатор қызметін атқаруға жағдай туғызады.

- модульдік оқыту үрдісінде оқытушы кейбір басқару функциясын модульдік бағдарламаға береді, онда олар өзін-өзі басқаруға трансформацияланады.

Жоғарыда айтылған модульдік оқытудың принциптері өзара байланысты. Олар (паритеттілік принципінен басқа) оқытудың мазмұнының құрылу ерекшелігін бейнелейді, ал паритеттілік

принципі педагог пен білім алушының жаңа жағдайдағы өзара әрекетімен сипатталады.

Барлық айтылған принциптер жалпы дидактикаға жүгінеді және сонымен өзара байланысты.

Модульдік оқытудағы оқыту курсы мазмұнының құрылымдық ерекшелігі

Модульдерді жасау мақсаты – кәсіби, педагогикалық және дидактикалық міндеттерге сәйкес курстың мазмұнын бөлшектеу немесе курстың әрбір тақырыбын компоненттеу, оқытудың түрлері мен формаларының компоненттеріне анықтама беру, уақытпен үйлестіру және бір комплекске интеграциялау. Осы тұрғыдан модуль оқу курсының ортақ тақырыпқа немесе көкейкесті ғылыми - техникалық проблемаларға бағытталған оқытудың әр қилы түрлері мен формаларының интеграциялануын көрсетеді.

Модульдің шеңбері оны құрардағы теориялық білімдер мен дағдылардың жиынтығына, болашақ мамандарға қажет ұстанымдар мен сол класқа тиісті ғылыми - техникалық тапсырмаларды орындауға қажетті практикалық әрекетке байланысты.

Көбіне семестрлік курс (40 - 50 дәрістік сағат) 10-12 модуль курстың бөлімдеріне ұқсастырып бөлінеді, солар арқылы коллоквиум өткізеді. Ең жақсы шетел ЖОО-да модульдік бөлу пәннің түсініктік ақпаратын қатаң түрде жүйелі талдау негізінде жасалынады, ол негізгі түсініктердің топтамасын жасауға, материалдарды логикалық және компактты топтастыруға, курстың ішінде және аралас пәндерде қайталаулардан аулақ болуға, курстың көлемін 30 пайыз немесе одан да жоғары азайтуға мүмкіндік береді.

Модуль – өзіндік құрылымдық бірлік және кей жағдайда студент толық курсқа қатыспай, тек кейбір модульге қатыса алады.

Әрбір модуль оқыту барысында меңгерілуі керек іскерлік пен дағды, негізгі түсініктер тізбегін, қажет дидактикалық және методологиялық материалдармен қамтамасыз етеді. Мұндай тізім жазбаша жұмыс ретінде немесе компьютер жүйесінде орындауға болатын алдын - ала бақылау бағдарламасын жасауға негіз болады. Мұндай бақылаудың нәтижесінде студент баға алмайды, бірақ өзінің білім деңгейін анықтауға мүмкіндігі бар, қосымша ұсыныстар алуға мүмкіндік береді. Бір курстың ішінде әрбір модульді бітіргенде болатын бақылау жұмысы келесі модульді тапсыруға ыңғайлы болып келеді.

Әрбір модульге анықтамалық және көрнекілік материалдар жинақтарын жасау қажет және ол студентке осы оқытудан бұрын берілу керек. Модуль ұсынылатын әдебиеттер тізімімен толықтырылады. Әрбір студент модульден модульге материалды толықтай игергенде ауысады, аралық бақылаудың өту этаптары жолдастарынан тәуелсіз болады.

Модульге енетін ақпараттар интеграцияланған педагогикалық мақсатқа жетуге бағыттаалған біртұтас және нақты құрылымды қиын және терең спектрге ие. Оқыту тапсырмалары уақыт өте келе өзгеріп тұрады, ал оқу материалы белгілі уақытта қайта қарастырылып және ғылым мен техниканың үздіксіз дамуымен байланысты жаңартылып отырылады, модульдің құрылымында әрқашандық базалық компонент пен вариациялық бөлім салынады. Базалық компонент фундаменталдық пән түсініктерін көрсетеді - құбылыстар, заңдар, құрылымдық жоспар, және т. б. немесе өзара байланысты түсініктер топтамасы. Варитивтілік ақпарат мазмұнының өзгеруі мен жаңартылуына байланысты, сонымен қатар студенттің мамандандырылған бағытына да байланысты. Осыған байланысты практикада білім берудің икемділік және динамикалық принципі қалыптасты.

Сонымен, кешенді модульді қалыптастыруға жүйелік талдау және пәннің мазмұны мен құрылымын терең методологиялық өңдеулер қажет, сол арқылы студентке жоғары көлемде білім, іскерлік, дағды берілу керек.

Модульдік оқытудағы педагогикалық бақылауды ұйымдастыру ерекшеліктері.

Модульдік оқытуда білімді бағалау үшін жаңа, прогрессивті жүйе қолданады, оқу кезінде және аралық рейтинг этаптарында үздіксіз жиналып отыратын дәстүрлі дискретті - сессиялық бақылаумен ауысады. Бұл бағалау жүйесі рейтингтік деп аталады.

Рейтинг адамның қандай да бір қасиетін сандық бағалау деуге болады. Осыған орай, студенттің оқу рейтингі - адамға педагогикалық әсер ету қорытындысының сандық бағасы. Студенттің рейтингі дегенге мынадай түсінік береміз: **рейтинг** – студенттің белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір формулаға байланысты саналған балының жалпы сомасы.

Біздің өмірімізде рейтингтер көп қолданылады. Оларды анықтау әдістері әр түрлі, бұл әдістердің қиындық дәрежесі де әр

түрлі болып келеді. Модульдік оқытуда рейтингтік бағалау жүйесі мынадай.

Жүйелі рейтинг көрсеткіші студенттердің бақылау жұмысында көрсеткен білімінің бағасына сәйкес келеді. Бұл жағдайда модульдік базалық бағасы алдын-ала белгілі болады. Басқаша айтқанда, студенттің білімін көрсететін стандарттық тіркеумен байланысты қиын формула арқылы көрсетуге болады.

Бірінші жағдайда оқыту үрдісінде және емтихандарда модуль бойынша коэффициенттерді коррекциялау арқылы шыққан балдардың сомасы бойынша пәннің жалпы рейтингі шығады, ал семестрдегі барлық пәндердің рейтингі сомалық рейтингті құрайды, ол рейтинг - рейтинг парағына жазылады.

Екінші жағдайда студенттің рейтингі (R) мына формула арқылы есептелінеді:

$$R = R_{\text{стандарттық}} + K * (S - S_{\text{күт}});$$

Мұнда, R старт – старттық рейтинг;

K – бақылаудың коэффициенттік мағыналылығы;

S күт. – орындау сапасындағы күтілетін баға;

S – орындау сапасына қойылатын реалды баға.

Студенттердің рейтингін және S күтетін есептеу үшін арнайы формулалар мен таблицалар қолданылады.

S - тің ең үлкен көлемі 5 балдық бағамен беріледі және оны бөлшектеуге болады.

Оқытудың фиксациялық нүктесі, этаптары бақылау түрін анықтайды, соған байланысты рейтинг түрін көрсетеді.

Бақылау этаптарына байланысты мынадай бақылау түрлерін қарастыруға болады: *ағымдық; аралық; қорытынды*.

Студенттің әрбір ағымдық, аралық, қорытынды этаптарында жеткен жетістіктері балл немесе очко бойынша есептелінеді. Барлық жинаған балдары қосылып және индивидуалды интегралды индекс жасалынады. Студенттердің мақсаты - максималды балл санын жинау. Рейтингтік жүйеде ағымдық және аралық бақылаудың рөлі тез қарқынды өседі, өйткені осы бақылау этапында балл жинауға мүмкіндік бар. Ағымдық бақылау 30-35 пайыз максималды баға (балл) береді, аралық - 20-25 пайыз, практикалық сабақтар мен курстық жұмыстар - 25 пайызға дейін. Емтиханда алатын балдың көлемі студенттің оқу жұмысын жалпы бағалаудың 20 пайызынан аспайды.

Мұндай жүйе студенттің күнделікті жүйелі жұмыстануына итермелейді, оқуға деген тиянақтылықты көтереді, емтихан тапсырғандағы кездейсоқтықты жояды.

Жүйелердің бәрінде аралық бақылау болмайды. Әр түрлі рейтингтік оқытудың рейтингтік интенсивті технологиясының модификациялық жүйелері қолданатын бақылау түрлеріне байланысты әр түрлі рейтингтік классификация қолданылады, оған және әр түрлі рейтингті есептеу әдістемесі де әсер етеді.

Рейтингті бақылау мақсатына байланысты **старттық**, **техникалық**, **шығармашылық** және **құрастырылған** деп бөлінеді.

Старттық рейтинг - студенттердің білімін цикл басталмас бұрын бағалау, бұрыннан қалған білім және іскерлік дәрежесін тексеру үшін арналған. Ол студентті циклдың бірінші күнінен бастап жұмыстануға итермелейді.

Техникалық рейтингте ағымдық жұмысты бағалау мен коллоквиумда типтік тапсырмаларды орындау бағалары қосылады. Ол студенттердің типтік стандартты тапсырмаларды шешуі арқылы техникалық іскерлік және дағдыларын тексеруге қызмет етеді.

Теориялық рейтинг - аралық бақылаудың сатыларында, коллоквиумдарында жиналады және теориялық материалды игеру дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық рейтинг - студенттердің болашақ мамандығына сәйкес шығармашылық потенциалдық дәрежесін бағалау, оның өзі лекцияға ұқсастырып, теорияларға дәлелдемелер алу, теориялық және қолданбалы мінездегі стандартты емес тапсырмаларды шешуге дағдылануды қалыптастыру үшін қолданылады. Шығармашылық рейтинг тапсырмасын орындауға тек сомалық рейтингі «жақсы» немесе «өте жақсы» деген бағаға үмітті ғана студенттер жіберіледі. Теориялық рейтингтің балын жинау аналогиялық тәсілмен техникалық рейтингтен минимум балы бар студенттер жинай алады.

Модульдік оқытудағы студенттердің білімін рейтингтік бақылау жүйесі мынадай мүмкіндіктер береді:

- білімді бағалау процедурасын жеңілдетеді;
- студенттердің, топтың, үлкен потоктардың ағымдық және аралық уақыттағы жағдайы туралы ақпарат алу;
- студенттердің жағдайын болжау;
- бағдарламаның мақсатына және бақылау этаптарының қорытындысына сәйкес оқу процесін реттеу.

- студенттерді белсенді білім алуға итермелеу, лидерлер мен аутсайдерлер шығару, ерекшеленгендерді мадақтау;
- студенттердің, оқытушылардың, оқу үрдісін басқарушылардың алдында топтың, студенттердің, потоктың статустарын анықтау;
- білімді синтездеуге жақсы жағдай туғызу, пәнаралық проблемаларды шешу, әртүрлі оқыту дәрежелерін енгізу;
- оқу процесінде компьютер жүйесін, есептегіш және ұйымдастыру техникасын қолдану;
- студенттердің бағыттылығы мен қабілеттілігіне байланысты әзірлік дайындығының бағыты мен дәрежесін таңдау;
- оқытудың тиімді әдістерін жасау үшін жаңа орта құру; студенттердің өндірістік жұмысын көтеру

Модульдік оқытудың тиімділігі.

Курстың модульдік құрылуының көп тиімділіктері бар, ол оқыту процесінің әсіресе мамандарды интенсивті дайындау жағдайында тиімді интенсификациялау жолы.

Бұл оқыту әдісінің тиімдігі мыналар:

- оқу үрдісінің барлық түрлеріндегі модульдің методологиялық негізде үйлесімділігі;
- жүйелік тұрғыда курсты құру, оның мазмұнын анықтау;
- курсты модульдік құру икемділігі;
- студенттердің білімді игеру тиімділігін бақылау;
- оқытушылардың ғылыми – методологиялық жұмысының перспективалық бағытын шығару;
- студенттердің тез дифференциялануы: яғни студенттердің дәрежелік ретін көрсетеді;
- магистратураға кандидиаттарды алу өте жеңілдейді, белсенді, бірақ қабілеті төмен студенттердің көтерілу дәрежесін реттейді;
- дәріске кететін уақыттың аздығына байланысты оқытушы студенттерге өз пәнінен қажетті білім, іскерлік, дағды беріп үлгереді.

Курстың модульдік қалыптастыру уақытты қайта бөлу мүмкіндігін ұсынады, оқу процесінде практикалық және лабораториялық сабақтарды, студенттердің өзіндік жұмысын көбейтеді. Жаңа прогрессивті технологияларды қолдану арқылы лекцияның жаңа формасын жасауды қажет етеді.

Оқу үрдісін өзара байланысты оқу формаларымен модульдік ұйымдастыру оқытушылардың ғылыми-әдіснамалық жұмысын мақсатты басқару және кафедраның лабораториялық бағасын, методологиялық немесе бағдарламамен қамтамасыз етуді анықтайды.

Модульдік тұрғыдан оқыту шығармашылық тұлғаның білім алу іс-әрекетінде қажеттіліктің қанағаттануына көмек береді, өйткені қандай да білім алуға саналы қызығушылық туындайды; мамандығын өзгертуге немесе бірнеше мамандық алуға мүмкіндік береді; дәрежелік өзгерістерге (бакалавр, магистр), оқуды жалғастыруға және тоқтатуға мүмкіндік бар; нарықтық конъюнктураны тез қабылдайды, оқыту процесін индивидуализациялау, оқытушымен бірге шығармашылық жұмыспен айналысуға болады, білім берудегі индивидтің қанағаттанбау факторын төмендетеді.

Жаңа жүйенің енуі автоматты түрде дәстүрлі сынақтық апталарда және семестралық емтихандарда жояды, өйткені студент индивидуалды график бойынша жұмыс істейді, жаңа жүйенің принциптері бойынша арнайы, базалық, кәсіби білім мен дағдылар қосылған ақпаратты интеграциялау мүмкіндігі болады, осыған орай негізсіз жүктемеден арылады.

Модульдік құрылымның негізі оқуға мотивацияны арттыру болып табылады, сондықтан студент ақпарат алуға, лекциялар мен лабораториялық-практикалық сабақтарға қатысуға қызығушылығы, құштарлығы болады. Ол сатылы бақылаудың сұрақтарын өзі шешеді, білімін бағалау индивидуалды интегралды индекс бойынша рейтингтік бағаланады. Соның арқасында студенттердің оқуға деген қызығушылығы артады.

Емтихан алдында стрестік жағдайға да түспейді, білімді бақылау процесі қызықты әңгіме, ғылыми проблемалар туралы дискуссияға айналады.

Сонымен, ЖОО-дағы модульдік жүйе, білімді және кәсіби дайындықты бақылау жүйесі маман дайындау тиімділігін және сапасын көтеруге, тұлғаның іс-әрекетінің шығармашылық мақсаттылығын қамтамасыз етеді.

Әрине, модульдік оқытуды ендіру оқу процесінде елеулі өзгерістерге, қайта құруларға әкеледі. Ол оқытушының жұмысын жоспарлауға, фронталды жұмыс өткізуге, лабораториялық базаны әзірлеуге, методологиялық құрал, білімді тексеретін бақылау

ұйымдарын ашуға итермелейді. Бірақ, осы проблемалар ЖОО-да осындай оқу формаларының енуіне кедергі болмау керек.

Педагогикалық мониторингтің әдістемесі

Оқытушыны оқу орны жағдайында дамытуда әдістемелік жұмыстың алар орны зор. Өйткені әдістемелік жұмыстар: 1) оқытушының өзіндік педагогикалық білгірліктерін бірлескен топтық жұмыс арқылы шешуге бағыттайды; 2) өз мүмкіндігін дамытуға үйретіп, өзіндік зерттеу жұмысының инновациялық жүйесін қалыптастырады; 3) өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра білуге үйренеді.

Оқытушының кәсіптік деңгейін анықтау әдістерінің жүйесі – *педагогикалық диагностика*. Ал диагностиканың нәтижесі *мониторинг* арқылы көрсетіліп отырады. Ол жұмыстағы қиындықтарды анықтауға және оны жоюдың тиімді жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелілігін бағалау мен талдау, мемлекеттік білім беру стандартының талабымен оқыту үрдісінің нәтижесін бағалау, сондай-ақ білім алушылардың ерекшелігін ескере отырып оқу үлгерімін бақылау мен педагогдердің тәжірибесін жинақтау, болашақта қателіктерді болдырмау және озат тәжірибелерді тарату мақсатында *педагогикалық мониторинг* жүргізіледі. Педагогикалық мониторингтің жалпыға белгілі бақылаудан айырмашылығы: оқытушының білімділік деңгейі мен оқыту жағдайын үздіксіз қадағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты жинақтайды, сақтайды, өңдеуді және таратуды ұйымдастырады. Педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие мүмкіндігін, оқытушының жеке тұлғасын, педагогикалық үрдіс бөліктерінің жағдайын зерттеу педагогикалық мониторингтің мазмұнын құрайды. Педагогикалық мониторинг арқылы бірыңғай педагогикалық талаптардың орындалуы және оқытушының іс-әрекеті зерттеледі.

Білім беру үрдісін құруда *педагогикалық мониторинг* ақпараттық, қозғаушы және ынталандырушы, қалыптастырушы, түзетушілік *қызметтер* атқарады.

Педагогикалық үрдістің нәтижесін айқындай отырып нысанның жағдайы жөнінде мәлімет алу, кері байланысты қамтамасыз ете отырып нағыз білім беру үрдісін, оның қиындығын, бұрмалануын анықтау педагогикалық мониторингтің ақпараттық қызметі болып есептеледі. Жинақталған ақпарат толық, нақты, әділ, дәл мерзімді болу керек.

Мониторингтің қозғаушы, ынталандырушы қызметі педагогдердің өзін жан-жақты тануға түрткі болады әрі өзінің педагогикалық еңбегіне өзіндік талдау жасауға машықтандырады және педагог әрекетінің зерттеушілік бағытын күшейтеді.

Мониторингтің барлық қызметтері оқыту мен тәрбиелеу сапасын көтеру мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу әрекетін басқаруды ғылыми тәсілмен қамтамасыз етуге негізделген.

Соңғы қорытынды-диагностикалық кезеңінде мониторинг нысанының жағдайына баға беріліп, алынған нәтиже алғашқысымен салыстырылады. Мониторингтің мақсат-міндетіне сәйкестігі, логикалық талдау жасай отырып жүргізілген жұмыстың тиімділігі анықталады.

Мониторинг ішінде басқарудың өзіндік қызметі, педагогикалық әрекет барысындағы бағалау жүргізіледі. Соның барысында кері байланыс қамтамасыз етіледі. Педагогикалық жүйенің соңғы мақсатына нақты нәтижелер мәлімделеді. Педагогикалық мониторинг педагогикалық жүйенің дамуын болжау, сонымен қатар оның жағдайын үздіксіз бақылауын қамтамасыз етуді көрсетеді. Сондай-ақ ол әлеуметтік-психологиялық, медициналық мониторинг, білім алушының жеке басның көзқарасын жалпылай алу мақсатында бұл оқу орындарына ең қажетті болып табылады.

Мониторинг бойынша оқытушы кезекті тақырыптық бақылау жұмысының алдында әр білім алушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгермеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді.

Мониторингтің мәні әр тоқсанның не әр тараудың соңында шыққан графиктен осы тұстағы алған білімнің кем тұстары, жетістіктері айқын көрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін білім алушы өзі бақылап отырады. Яғни білім алушылар өздігінен орындайтын жұмыстарын өзі бағалайды.
Бағалаудағы әділетсіздік мәселесі шешіледі.

Мониторинг ерекшеліктері:

- 1) білім алушының белгілі бір тақырыпты төмендеу меңгергенін, аздау ұпай алғанын байқап, білімдегі олқылықты жою мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсынамыз;
- 2) шәкірт өз кемшілігін байқайды, өз тұрғыластарынан қалмау үшін не істеу керектігін аңғарады;
- 3) өз зейінін тәрбиелейді;
- 4) білім жүйелілігі мен тізбектілікті байқайды;

- 5) ойланып оқуға дағдыланады;
- 6) білім алуда жоспар, тезис құруға машықтанады;
- 7) білім алушының білім сапасын арттыруға жағдай туады.

Мониторингтің көмегімен білім алушы білімді меңгеру деңгейін ғана емес, анықтайтын білім сапасын, дағды қалыптасқанын бақылауға болады.

Білімдік мониторинг – көп деңгейлік жүйе.

I деңгей (жеке, дара және дербес), оны педагог жүзеге асырады. (Сынып білім алушыларының даму динамикасын белгілі бір бағытта белгілеу.)

II деңгей – мектепішілік.

Мұнда білім алушы білімінің дамуын мекеменің әкімшілігі жүзеге асырады (сыныптардың даму динамикасын бақылау). Тоқсан, жарты жалдық, жыл бойында анықталған критерий бойынша бақылау.

III деңгей. Білім мекемелерінің даму динамикасын байқау.

Оқыту ісіндегі маңызды жұмыстың бірі – білім алушылардың пәндер бойынша алған білім деңгейлерін бақылау және тиісті дәрежеде бағалау. Білім алушының сабаққа тиянақты қатысып отыруы, өз оқуына жауапкершілікпен қарауы, алған теориялық білімін болашақта пайдалана білуі осы кезеңнің дұрыс өткізілуіне көп байланысты.

Мониторинг – модуль бойынша оқытудың рейтингтік бақылау қорытындысының динамикалық сапасының рейтингтік бейнеленуі, семестрдегі соңғы аралық рейтингтік бақылау.

Оқытушыға әрбір студенттің оқу динамикасын тексеруге, топтағы, курстағы статистикасын көруге, өтілген сабақтардың жетістіктерін біліп, оқыту жұмысына коррекция енгізуге мүмкіндік береді. Осымен оқыту технологиясының негізгі рейтингтік бөлімі аяқталды.

Пәндік рейтингтен басқа студенттердің кафедралық және жалпы семестрлік рейтингі анықталады, онда студентке бөлінген жеңілдіктер ескеріледі (материалдық көмек, арнайы стипендиялардың берілуі, жолдамалар беру, оқуы үшін ақша төлеу, т.б.).

Мониторингтің көмегімен студенттердің бір семестрден екінші семестрге өтудегі рейтингінен студенттердің кәсіби әзірлігін біліп тоыруға болады. Факультеттің оқу кеңесі және деканат

студенттердің рейтингіне қарап практикаға, жұмысқа, магистратураға бөле алады.

8. Кредиттік оқыту жүйесі

Қазақстанның жоғары білім берудің стратегиялық міндеті ұлттық білім беру жүйесінің жетістіктерін сақтай отырып оны әлемдік білім беру үдерісінің қазіргі заманғы болашағы бар бағыттарына сәйкес келтіру болып табылады. Бұл ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру мен әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуды жүзеге асыру үдерістерінен тұрады. Мұның барлығы ұлттық білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің «мөлдірлігін» және оның дамыған елдердің жүйесімен бірігуін қамту, студенттердің және профессор-оқытушылар құрамының академиялық мобильдігіне жету мақсатында реформалау мен модернизацияны талап етеді. Осыған сәйкес 2003 жылдан бастап еліміздің жоғары оқу орындарында және магистратурасында кредиттік оқыту технологиясын ендіру басталды.

Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанның жоғары оқу орындарында ендіру үдерісі шетелдік тәжірибені зерттеу, салыстыра талдау және жинақтау арқылы, білім сапасын төмендетпей, ұлттық менталитетті ескере және қолда бар жасалғандарды тиімді қолдана отырып білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етті. Осыған орай, білім берудің парадигмалары өзгерді.

Кредиттік жүйеде білім берудің жаңа парадигмасы «оқу - қалай оқығаныңа қарай», «өзін-өзі дамыту», «өмір бойына оқу» болып өзгерді. Жаңа жүйеде оқытушы студенттерге өздігінен білім алудың түрлі әдістері мен жолдарын көрсете отырып, студенттің өз бетімен жасайтын танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесі дараландыру, білім беру траекториясын таңдау, оқу үрдісін реттеу шеңберінде және білім көлемін кредит түрінде екенін ескеру негізінде өзіндік білімді құрау және шығармашылық білімді игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында кредиттік жүйенің ендірілуі әлемдік білім беру саласындағы беталыстарды ескеруді қажет етеді. Алғаш рет «кредит-сағат» термині Гарвард университетінің ректоры По мырзамен 1867 жылы өтілген материалдың көлемін фиксациялауға енгізіліп, ал XX ғасырдың 80

жылдарынан еуропалық елдерде бір ЖОО-нан екіншісіне білім алушының ауысуы кезінде сынақ бірліктерін белгілеу мен салыстыруға қолданды. Одан кейінгі кредиттік жүйенің дамуы әлемдегі жетекші елдердің министрлерінің Сарбон мен Балон декларациясын үлкен масштабтағы студенттер мобильдігін қолдау құралы ретінде қабылдауымен жүзеге асты.

Кредит (credit, credit-hour) - латын тілінен аударғанда «сену», «сенім» дегенді білдіреді. Кредиттік технологияда оқыту жүйесіндегі кредит -тындаушының, оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Бұл кредит академиялық кезең ағымындағы тыңдаушының апталық аудиториялық жұмысының бір академиялық сағатына тең. Әрбір лекциялық, практикалық (семинарлық) және студиялық сабақтың академиялық сағаты міндетті түрде студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) 2 байланыс сағатымен (100 минут) толықтырылады

Кредиттік оқыту жүйесі дегеніміз - жеке оқу жоспарын студенттің тікелей араласуымен, жұмыс оқу жоспарына сәйкес әр студенттің жеке оқу жоспарын жасауда студенттің пәндерді еркін таңдауына, әр студенттің және оқытушының кредит бойынша еңбек шығынын есептеуге негізделген білім беру жүйесі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары базалық білім стандартында «кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізетін өз бетінше жұмысы - аудиторияда және аудиториядан тыс жүргізетін оқытудың түрі», - деп атап көрсетілген.

Кредиттік оқыту жүйесі бірізді емес оқыту жүйесіне жатады. Бірізді емес оқыту жүйесіне - оқу үрдісін жекелей жоспарлау арқылы жүйелі түрде ұйымдастыру тәсілі кіреді. Ал, бірізді оқыту жүйесі деп (линейная система обучения) - оқытудың логикасына сәйкес білім алушы кәсіптік білім бағдарламасындағы пәндерді жүйелі түрде берілген сағаттық көлем негізінде белгілі уақытта оқытуды айтады.

Кредиттік оқыту жүйесінің дәстүрлі «сызықты» оқыту жүйесіне қарағанда ерекшеліктері:

-дәстүрлі жүйеде оқытудың мақсаты ақпарат пен нақты білім беру болса, жаңа жүйеде нақты білімнің негізінде білім алушының шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту, яғни шығармашылық әрекет пен өздігінен танып-білуді және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;

- студенттердің оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі;
- білім алушылардың оқу жоспарындағы пәндерді таңдаудағы көп еркіндігі, әр студенттің өз жеке оқу жоспарын жасауға тікелей өзі қатысуы, оқыту бағдарламасының икемділігі және таңдау курстарының көптігі;
- пән таңдауда, оқу траекториясын таңдауда студенттерге көмектесетін академиялық кеңесшілердің енуі;
- «студент-оқытушы» қарым-қатынасының «субъект-субъект» болып өзгеріп, оқытушының ұйымдастырушылық қана рөл атқаруы;
- оқу үдерісін ұйымдастыруда факультеттердің еркіндігі, оқу үдерісін қажетті әдістемелік (баспа және электронды) материалдармен қамтамасыз ету қажеттігі;
- әр студенттің эдвайзер көмегімен оқу пәндерін меңгеру үшін білім беру траекториясын таңдау арқылы оқытудың жекелендіруі;
- студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) үлесінің артуы, оның оқытушы қатысуынсыз жүретін СӨЖ және оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ) болып бөлінуі;
- игерген білім сапасының емтиханда бағаланып, сынақтың болмауы;
- оқу мотивациясының артуы, шетелде оқу мүмкіндігі, алған білімді басқа елдегі оқу орнының академиялық мойындау кепілдігі;
- оқытуда интерактивті әдістердің кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- білім деңгейінің нақтылығы, баға жүйесінде дәстүрлі бағалаудан өзгеше жинақталатын сынақтық жүйенің енгізілуі және дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару механизмінің болуы, бағалаудағы ерекшеліктер.

Оқу пәндерін студенттердің меңгеруін бағалау үшін міндетті түрде балдық-рейтингтік жүйе қолданылады

Кредиттік оқыту жүйесі - ерекшелену, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Кредиттік оқыту технологиясы пән сабақтарын жекелей жоспарлау негізінде өздігінен білім алудың және ерекшелену арқылы білімді шығармашылықпен игеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Ол әлемдік

стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуге, сапалы білім беру арқылы біліктілігі жоғары және еңбек нарығында бәсекелестікке кез-келген жағдайда дайын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Кредиттік оқыту технологиясының Қазақстанда ендірудегі алғашқы тәжірибелер оқу үдерісінде студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің қажет екендігін көрсетті. Аудиториялық сағаттардың қысқарып, білімді игерудегі негізгі салмақтың өзіндік жұмысқа түсуі студенттерде өз бетімен білім алу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда кредиттік оқыту жүйесі эксперименттік режимде жүргізіліп жатқан еліміздің жоғары оқу орындары шетел және еліміздегі ЖОО тәжірибелерін зерттеп, оқу пәндері мен бағдарламалары бойынша кредиттерді анықтағанда мынадай «шарттарын» қолданады:

- 1) кредиттік жүйені ендіру тәжірибесін зерттеу;
- 2) басқарушы кадрлар мен профессорлық-оқытушылар кұрамын даярлау;
- 3) кредиттік жүйеге сай келетін оқу-әдістемелік және техникалық қамтамаларды әзірлеу;
- 4) 2004 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бакалавриаттың жекелей бағыттары бойынша эксперимент түрінде енгізу;
- 5) кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалаврларды даярлау нәтижесін зерттеу, талдау, қорытындылау және басқа факультеттерде қолдану туралы шешім.

Біздің еліміздегі ЖОО-да қолданылатын кредит - білім алушының және оқытушының оқу жұмыс көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі. Бір кредит білім алушының семестр бойына (15 апта) аптадағы аудиториялық жұмысының академиялық бір сағатына тең. Бір аудиториялық сағатқа міндетті түрде бакалавриатта 2 сағат, магистратурада - 3 сағат өзіндік жұмыс ілесе жүргізіледі.

Кредиттік оқыту жүйесінің қызметі тек білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу ғана емес, ол:

- *білім сапасын қамтамасыз ету құралы*, өйткені кредит-сағат – студенттің оқу жұмысын өлшеудің негізі бірлігі ғана емес, сондай-ақ, оның нақты білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарын орындағанының көрсеткіші;

- *СӨЖ-ді ұйымдастырудың құралы*, себебі ол студенттерді семестр бойы оқуға мәжбүрлейді, өз бетінше жұмыс істеуге ынталандырады, әрі курс бойынша жинаған бағаның 60-80 % ағымдық және аралық бақылаудың нәтижесінен тұрады;

- *студенттердің тәртібіне, тәрбиесіне әсер ету құралы*, өйткені ол студенттерді сабақты босатпауға, СӨЖ-ді уақытында тапсыруға мәжбүрлейді;

- *оқыту әдістемесін бағалаудың құралы*, өйткені оқытушының оқу үдерісінде түрлі әдістерді, өзіндік жұмыс түрлері мен формаларын тиімді, үйлесімді қолдануының нәтижесін көрсетеді:

- сонымен бірге кредиттік оқыту жүйесінің оқу орындарына түрлі қаржылық, ұйымдастырушылық, технологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндіктер беретіндігі анықталды.

Кредиттік оқыту жүйесіне өту студент пен оқытушы арасында жаңа білімді игеру барысында, сенімді қарым-қатынастың қалыптасуын талап етеді. Оқытушы студент үшін тек ақпарат көзі ғана емес, ол студенттің қажетті ақпаратты іздеп тауып, саралап іс жүзіне пайдалануға үйретуші маман болуы керек.

Бұл жүйе студент қабілеті мен еңбекқорлығына лайық әмбебап жүйе болып табылады. Мұндағы басты ерекшелік аудиториялық сабақтар мен студенттердің өздігінен орындайтын жұмысына бөлінген сағаттардың тепе-теңдігінің салдарынан студенттердің өз бетінше ізденуге қарай ұмтылысының арттыратындығында. Бірақ бұдан оқытушы-профессорлардың міндеті азаяды деген ұғым тумайды. Қайта керісінше бұл жүйе оқытушылардан терең білім-білікті, озық әдістеме мен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені студенттерді өз бетінше ізденуге жетелеу үшін оларға өзінше тапсырмалар жүйесі мен жаттығулар, тест сұрақтарын, жоба өткізу үлгілерін т.б. толып жатқан жұмыс түрлерін ұсынуға, бағыт-бағдар беруге, көмектесуге және өздігінен орындайтын жұмыстарының орындалуын қадағалауға, тексеруге сөйтіп қорытындысын шығаруға тура келеді.

Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру, студенттің оқу жылына арналған білім кеңістігін қалыптастырып, кәсіби маман болып шығуында маңызды роль атқарады. Оқу үрдісін ұйымдастыруға – студенттің белгілі академиялық кезең ішіндегі оқу пәндері бойынша білім алуы мен бақылау іс-шаралары жиынтығы кіреді. Кредиттік оқыту жүйесі

бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру бүкіл оқу кезеңіне білім кеңістігін анықтауда студенттің қатысуын; оқу жоспарында көрсетілген пәндердің белгілі бір бөлігі мен тьюторларды таңдау еркіндігін; академиялық кеңесшілер қызметтерінің енгізілуін (эдвайзерлер және тьюторлар); студенттердің білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік жүйенің пайдалануын көздейді.

Оқу үдерісі студентке мамандық бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына сәйкес оқу пәндерінің теориялық материалдары мен кәсіби практикада тәжірибе жинақтауға қажетті жағдай туғызу үшін ұйымдастырылып, кредиттік оқыту жүйесінің мынадай ерекшеліктеріне сай жүргізіледі:

1. Студенттің жеке оқу жоспарын құру тәртібі туралы ереже. Жеке оқу жоспары (Individual Academic Program) - әр студенттің оқу жылына арналған білім кеңістігін айқындайтан басты құжат:

- студенттің жеке оқу жоспарын құруын офис-тіркеуші мен деканат эдвайзерлер көмегімен жүзеге асырады;

- студенттің жеке оқу жоспары оқу пәніне жазылу нәтижесінде қалыптасады;

- оқу пәндері міндетті және элективті (таңдау) болып бөлінеді;

- студент жеке оқу жоспарын құру барысында типтік оқу жоспарында көрсетілген міндетті оқу компоненттерін көрсетілген семестрлер бойынша оқуға міндетті;

- элективті оқу пәндерін болашақ кәсіби мамандығының ерекшелігіне қарай таңдайды;

- студент жеке оқу жоспарын құру барысында әр оқу пәні бойынша білім беруші тьюторды да таңдау құқығы бар;

- пән тьюторын таңдау оқытушының білімділігі мен кәсіби шеберлігі, жеке басының адамгершілік қасиеті басты критерий болып табылады;

- студенттің жеке оқу жоспарын құруы оқу жылына арнап жүргізіледі;

- әр студент пән таңдау мен тьютор таңдау өтінішін өзі толтыруы тиіс;

- студенттің жеке оқу жоспарын құру мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі;

- жаңадан қабылданған бірінші курс студенттері үшін жеке оқу жоспарын құру 1 қыркүйекке дейін аяқталуы керек;

- 2 және жоғары курс студенттері жаңа оқу жылына арналған жеке оқу жоспарын эдвайзер көмегімен 1-15 сәуір аралығында құрып, 25 сәуірге дейін офис-тіркеушіге тапсыруы керек;

- 2 және жоғары курс студенттері 25 тамызға дейін жеке оқу жоспарына өзгеріс енгізе алады;

- студент жеке оқу жоспарына енгізетін өзгертулер туралы өтініш офис-регистрацияға (деканатқа) береді.

Қазіргі таңда еліміздің көпшілік жоғары оқу орындарында жаһандану үрдісінің талаптарына лайық пайдаланылып жүрген жоғарыда көрсетілген ереженің мазмұнын талдай келе, кредиттік оқыту жүйесінің көздеген мақсаты – ұлттық білім беру бағдарламаларының халықаралық деңгейде мойындалуын қамтамасыз ету, білім алушылар мен оқытушылардың ынтасын арттырып, күш-жігерін білім сапасын көтеруге жұмылдыру деп білеміз. Мұнда басты назар студенттердің білім деңгейін бақылау мен дұрыс бағалауға бағытталған, сонымен қатар студенттерге білім алу траекториясында қойылатын талаптар нақты анықталып көрсетілген. Кредиттік оқыту жүйесіндегі студенттердің білім деңгейін жүйелі тексерумен бағалау мынадай жаңа ережелер бойынша жүзеге асырылады: *біріншіден* оқу үрдісіне қатаң қадағалау жүйесінің ендірілуінде, ал ол студенттер тарапынан аса үлкен жауапкершілікпен тиянақтылықты, ұқыптылықты талап етеді; *екіншіден*, бұл бақылау түрі студенттің білім траекториясы бойынша алған білімін әр тақырып бойынша қандай деңгейде терең менгере алғандығын көрсетеді; *үшіншіден* мұндай бақылау түрі оқытушыға әр студентпен жеке жұмыс істеуге, оған өздігінен орындайтын жұмыстарына дер кезінде көмек көрсетуге, бағыт-бағдар беруге, әрі топпен ұжымдық жұмыс істеуге үйренуге мүмкіндік береді; *төртіншіден* оқытушыға студенттерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан (ойлау, ойын жеткізе білу, сөйлей білу, ұжымда қарым-қатынас жасай алу қабілетін, мінез құлқын) жан-жақты бақылап, зерттеп білуге көмектеседі; *бесіншіден* студенттердің шығармашылық, жалпы интеллектуалдық қабілетіне, оқитын курсына сай студенттің құзыреттілігіне қарай ықпал етуге мүмкіндік туады; *алтыншыдан* студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын жиі қадағалауға, өзара бақылау, пікір алмастыру жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Төртінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Форма ұғымына түсінік.
2. Трамп жоспары қандай формаларды біріктіреді?
3. Сабақ қандай негізгі элементтерден тұрады?
4. Сабаққа қандай сипаттама беруге болады?
5. Үй тапсырмасын орындау туралы нұсқау мөлшеріне қарай қандай болу керек?
6. Дәстүрлі емес сабақ дегеніміз не?
7. Интерактивті оқыту дегеніміз не?
8. Интерактивті оқытудың технологиясының негізгі ерекшелігі?
9. Топпен жұмыс істеудің қалыптасқан сабақ түрінен айырмашылығы қандай?
10. Оқу үрдісіндегі оқу ынтымақтастығының бағыттары?
11. Оқу үрдісін ұйымдастырудың формаларын ата?
12. Педагогикалық практика педагогтің кәсіби дайындық жүйесінде қандай функциялар орындалады?
13. 1, 2, 3, 4 курстағы педагогикалық практиканың мазмұнының ерекшелігі?
14. Студенттердің есеп құжаттарына қандай құжаттар жатады?
15. Практика бойынша есепті даярлау мен қорғау уақыты қалай жүреді?
16. Педагогикалық зерттеу дегеніміз не?
17. Рефераттың құрылымы және безендірілуі қандай болуы керек?
18. Реферат жазуда қанша әдебиет қолданылуы тиіс?
19. Курстық жұмысқа қойылатын талаптар қандай?
20. Курстық жұмысты орындау кезеңдеріне сипаттама беріңіз?
21. Курстық жұмыстың құрылымына сипаттама беріңіз?
22. Курстық жұмыстың компьютерде терілген көлемі қандай болуы қажет?
23. Дипломдық жұмысты қорғағанда қандай мәселелер ескеріледі?
24. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат қандай?
25. Пәндердің модульдік құрылымы қандай түрде болады?
26. Модульдік оқытудың теориялық негізіне сипаттама бер?
27. Модульдік оқытудың принциптерін ата және сипатта?
28. Рейтинг дегеніміз не және түрлері?

29. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат қандай?
30. Пәндердің модульдік құрылымы қандай түрде болады?
31. Модульдік оқытудың теориялық негізіне сипаттама бер?
32. Модульдік оқытудың принциптерін ата және сипатта?
33. Модульдік оқытудың тиімділігі неде?
34. Рейтинг дегеніміз не және түрлері?
35. Педагогикалық мониторинг қандай мақсатпен жүргізіледі?
36. Педагогикалық мониторинг қандай қызмет атқарады.?

Төртінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений.- М.:Издательский центр “Академия”, 2003.-256с.
2. Подласый И.П. Педагогика.- М.: Просвещение, 1996.
3. Сластенин Н.И. Педагогика. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М., 2000.
4. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. -М., 1982.
5. Осмоловская И.М. Дидактика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. Дидактика средней школы / Под ред. Скаткина М.Н. – М., 1982.
6. Дидактика средней школы / Под ред. Скаткина М.Н. – М., 1982.
7. Данилов М.А., Есипов Б.П. Дидактика.- М.: Известия АПН РСФСР, 1975.- 518с.
8. Загвязинский В.И. Дидактика высшей школы: текст лекций. - Челябинск, 1990.
9. Занков Л.В. Дидактика и жизнь // Избранные труды. М., 1990.
10. Осмоловская И.М. Дидактика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006.
11. Краевский В.В. Соотношение педагогической науки и педагогической практики.-М., 1977.
12. Образцов П.И. Методы и методология психолого-педагогического исследования.- СПб.: Питер, 2004,- 268б.
13. Образцов П.И. Методы и методология психолого-педагогического исследования.- СПб.: Питер, 2004,- 268б.
14. Чернов Е.Д. Совершенствование самостоятельной

работы студентов // Высшее образование в России. 1994. № 4, С. 18-19.

15. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. - М: Издательская корпорация «Логос», 1999.-272 Б.

16. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.- Алматы, 1998.

17. Беспалько В.П. Мониторинг качества образования – средство управления образованием // Мир образования. -1996. - № 2. - 316.

18. Ахметова Г. Мониторинг және бағалау. // Қазақстан мектебі. №2, 2005

19. Есімова Ұ. Педагогикалық мониторинг. // Қазақстан мектебі. №1, 2006.

20. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения:Метод, пособие. М.:Нар. Образование, 1996. 93 усл.пл.

21. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.

22. Шамова Т.И., Белова С.Н., Ильина И.В., Подчалимова Г.Н., Худин А.Н. Современные средства оценивания результатов обучения в школе: Учебное пособие.-М: Педагогическое общество России, 2007.-192 б.

V. ПЕДАГОГИКА МАМАНДЫҒЫНА КІРІСПЕ

1. Педагогика мамандығына кіріспе курсының мақсат, міндеттері. Педагогика мамандығына кіріспе пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі кезеңдегі дамуында терең сапалық өзгерістерге қарай бетбұрыс жасауда. Бұл саладағы ең басым бағыттардың бірі – қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа, динамикалық жағдайында шығармашылықпен және белсенді қызмет жасауға қабілетті педагог мамандарды даярлау міндеті болып табылады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер білім берудің әдіснамалық негізінің ауысуына, жаңа білімдік құндылықтардың, білім берудің барлық салаларын қамтитын инновациялардың пайда болуына мүмкіндік беруде. Мұның барлығы педагог мамандар даярлауды жаңа сапалық тұрғыдан жүзеге асыруды талап етеді. Сондықтан білім беру мәселелерін жоғары кәсіби деңгейде өзбетімен, шығармашылықпен және жауапкершілікпен шешуге қабілетті мамандар даярлау міндеті қойылып отыр.

Білім беру процесін кредиттік технология негізінде ұйымдастыру, бакалавр бойынша студенттерді оқытудың деңгейі мен сапасының көрсеткіштері, белгіленген нормалары мен өлшемдері айқындалған осы мамандықтың Мемлекеттік стандартының жасалуы осы мақсатты жүзеге асырудың алғышарттары болып табылады.

«Мамандыққа кіріспе» курсы - «Педагогика және психология» мамандығы (бакалавр) бойынша алғашқы кәсіптік – педагогикалық пән.

Болашақ педагог-психолог дайындаудағы аталған курстың ролі мынада, бұл курс студенттердің кәсіптік жеке дамуын іске асыруды қамтамасыз ете отырып, оларға жоғары оқу орны жүйесіндегі мектептен кейінгі оқуын қалыптастыруға көмек береді.

Курсты оқу барысында студенттер дәрістерде алынған теориялық білімдерді тереңдету, кеңейту, сондай-ақ, өз ойын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру, түп нұсқадан, педагогикалық баспасөз беттерінен алынған мәліметтерді талдай білуге, жүйелей білуге үйренуге бағытталған жұмыстарды меңгереді.

Болашақ педагог-психологтар кәсіпті игерудің алғашқы қадамынан бастап, педагогикалық қызметтің мәнімен, оның құрылымымен танысу арқылы педагогтың заңды негізгі қызметі, сондай-ақ, әртүрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы кәсіптік қалыптасу процесіне белсенді араласады.

«Педагогика мамандығына кіріспе» курсының *мақсаты мен міндеттері*:

- Болашақ педагогика-психология бакалаврының педагогикалық қызметінің ғылыми негіздерімен таныстыру;
- жоғарғы оқу орнындағы есептік еңбек мәдениетін игеруге көмек көрсету;
- педагогика-психология бакалаврының кәсіптік мәдениеті негізін қалау;
- кәсіптік қызметке қызығушылығын дамыту;
- тұлғалық және кәсіптік өздігінен жетілу қажеттілігін қалыптастыру.

Бұл курста болашақ педагог-психологтар педагогикалық қызметтің мәнімен, құрылымымен, педагогикалық қызметтің заңды негіздерімен танысады.

«Педагогика мамандығына кіріспе» курсы студенттерді теориялық тұрғыдан дайындайды.

Ол:

- студенттердің болашақ кәсіптік қызметінің негізін қалауға;
- педагогикалық мамандықтың жалпы сипаттамасын беруге;
- негізгі ұғымдарымен таныстыруға (кәсіби қызмет, кәсіби қабілеттілік, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу және т.б.) бағытталған.

Педагогика мамандығына кіріспе пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарламада мына тақырыптар қарастырылады:

- Жоғары кәсіптік білім берудің заңнамалық негіздері;
- Педагог мамандығының жалпы сипаттамасы;
- Педагогтың кәсіби іс-әрекеті және оның тұлғасы;
- Педагогикалық іс-әрекетінің құрылымы;
- Педагогтың кәсіби біліктілігі;
- Педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуы мен даярлығы;
- Студенттің оқу еңбегінің мәдениеті;
- Педагогтың даярлық жүйесіндегі педагогикалық тәжірибе;
- Зерттеушілік іс-әрекет педагогикалық іс-әрекетінің

компонеті;

– Педагогикалық шығармашылықтың психологиялық педагогикалық негіздері;

– Педагогикалық қарым-қатынас шығармашылық процесі ретінде.

Курс соңында студенттер болашақ педагог-психологтардың кәсіби педагогикалық қызметінің ғылыми негіздерімен танысады, жоғарғы оқу орнындағы оқу еңбегінің мәдениетін меңгеруге көмек алады, педагог-психологтық кәсіби мәдениетің негізін қалайды, кәсіби қызметке қызығушылығы дамыйды, тұлғалық кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қажеттілігін қалыптастырады. Бұл курста студенттер педагогикалық қызметтің мәнімен, құрылымымен, педагогикалық қызметтің заңды негіздерімен танысады. Студенттер кәсіби білім, біліктіліктер және дағды, іскерліктерді меңгереді.

Курс дәріс, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік және оқытушымен өткізілетін өзіндік жұмыстары арқылы жүргізіледі. Сабақтар оқытудың жаңа технологияларын қолданылады. Оқыту негізгі оқу бағдарламасы қамтыған тақырыптар негізінде жүргізіледі және алынған практикалық дағдылар, түсініктер бекітіліп отырады. Студенттердің білімін бақылау үй тапсырмаларын тексеру, электрондық оқулық т.б. оқу құралдарында берілген тестілерді орындау, ауызша сұрау, жеке семестрлік тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Болашақ педагогтарды даярлаудағы курстың маңызы

Болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орнындағы дайындықтың мазмұны, құрылымы және әдістері, біріншіден, қоғамның даму бағыттарымен, екіншіден, педагогика ғылымының дамуымен, үшіншіден, педагог мамандығының ерекшеліктерімен белгіленеді. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің құрамдас бөліктері:

- жоғары педагогикалық білім беру мемлекеттік білім беру стандарты және білім беру бағдарламалары;

- мемлекеттік лицензияға ие жоғары оқу орындары;

- ғылыми зерттеулер жүргізілетін ғылыми, жобалаушы, мәдени-ағартушы орындар, ұйымдар;

- педагогикалық білім беруді басқару органдары.

Педагогикалық білімге ие болу белгілі бағдарламаларды меңгеру жағдайында қол жеткізілетін түрлі деңгейлі кәсіби квалификациялы маман ретінде тұрақтанумен байланысты.

Үздіксіз педагогикалық білім беру – нақты педагогикалық іс-әрекетке дайындау мақсатында педагогикалық білім беру орындарынан бірізділікпен өту, тұлғаның білім алу қажеттіліктерін өтеу мақсатында жеке білім алу жолдарын жүзеге асыру.

Педагогикалық білім беру орындар жүйесі педагогикалық сыныптардан (лицейлік) басталады. Олар педагогикалық, яғни гуманитарлық бағыттағы ересек мектеп болып табылады және кәсіби педагогикалық дайындыққа дейінгі міндеттерді шешуге бағытталған.

Кәсіби дайындыққа дейінгі педагогикалық орындардың түрлі формалары қалыптасқан:

- арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасайтын мектептегі педагогикалық сыныптар;

- гимназияның 10-11 сыныптарында педагогикалық профиль;

- педагогикалық лицейлер және лицейисттер сыныптары;

- педагогикалық жоғары оқу орындарының жүйесіне енетін жоғары оқу орындарына дейінгі дайындық факультеттері.

Кәсіпке дейінгі дайындық – бұл үздіксіз білім беру жүйесіндегі алғашқы кезең және негізгі мектептік білімге қосымша болып табылады.

Келесі дайындық деңгейі педагогикалық оқу орындарында жүзеге асырылады. Бұнда когнитивті (білімділік) және тұлғалық сипаттамалар қалыптасады, педагогикалық қызметті орындауға қажетті дағдылар меңгеріледі.

Педагогикалық білімнің негізін 1-ші және 2-ші деңгейлі білімділік-кәсіби бағдарламалары жүзеге асыратын базалық жоғары білім құрайды. Олар адам және қоғам, тарих және мәдениет жайындағы білім жүйесін меңгеруге, базалық фундаментальды ғылыми дайындық пен кәсіптік педагогикалық білім негіздерін алуға мүмкіндік береді.

1-ші деңгей – жалпы жоғары білім. Оған екі жыл ішінде 1-ші деңгейлі білім беру жүреді. Ол кәсіптік бағдарламаларды меңгеру жолымен жүзеге асырылады. Ол базалық жоғары педагогикалық білім деңгейінде 2-ші деңгейлі білімді меңгеруге жол ашады.

Базалық жоғары педагогикалық білімнің 2-ші деңгейі екі жылға есептелген және бір пәндік бағыт бойынша білімділік-кәсіптік бағдарламаны жүзеге асырады. Мемлекеттік емтиханнан өтіп, базалық жоғары педагогикалық білімге ие болған студентке таңдалған пән бойынша білім бакалаврының дипломы беріледі.

Толық жоғары педагогикалық білім базалық жоғары білімге негізделеді. Мамандану бағытына сәйкес кәсіптік және білімділік бағдарламаларының дамуы мен саралануы байқалады. Бұл деңгейдің басты мақсаты – педагог-зерттеушіні дайындау. Бұл деңгейдегі оқу мерзімі 4 жылдық базалық жоғары педагогикалық білім негізінде – 2 жыл. Толық жоғары педагогикалық білім алғандарға білім магистрі дипломы беріледі. Ол ғылымның нақты саласында жұмыстануға кез-келген білім беру орындарында кәсіптік іс-әрекетті жүзеге асыру құқығын береді. Бұл деңгейдегі бағдарламалар негізінен дараланған және ғылыми педагогикалық зерттеулерді дұрыс жүргізуді үйретуге бағытталған. Олар университет типтес оқу орындарында ұйымдастырылады.

Педагогикалық білімнің ең жоғарғы деңгейі ғылыми квалификацияны жетілдіру. Ол магистратурада жүреді.

Педагог маманына қойылатын жалпы талаптардың мазмұны төмендегідей:

1. табиғат, қоғам және сананың басты заңдылықтарын білу;
2. адам жайында, оны жеке тұлға ретінде тану білімі;
3. тарихи және қазіргі болмысты меңгеру тәсілдерін білуі.
4. ақпаратты жинақтау, өңдеу және қолданудың соңғы технологияларын меңгеруі .
5. педагогикалық қызметті басқару мәселесін шешуі.

Қазіргі кезде мектепке қажет мұғалім тұлғасы жайында пікірталас тууда. Ең алдымен қазіргі мұғалімнің бойында гуманистік бағытталу, жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйену, кәсіби қабілеттілік, шығармашылдық қабілеті, психологиялық дайындығы және әдістемені меңгеру қасиеттері белгіленеді. Мұғалімнің дайындығында жалпы педагогикалық дайындық ерекше орын алады. Оның мақсаты педагогикалық теориямен қатар оқыту мен тәрбиелеудің практикада қолданылатын іскерлігі мен дағдысын меңгерген мұғалімдерді қалыптастыру.

Кәсіби дайындыққа қойылатын талаптар:

- өз мамандығының тұлғалық және әлеуметтік мәнділігін сезіну;
- мәдениеттің берілуін қамтамасыз ететін білім беру жайында тұтас түсінікті меңгеруі;
- ғылыми-гуманистік көзқарасты меңгеруі;
- табиғат пен қоғам дамуының негізгі даму заңдылықтарын білуі;

- адамның рухани сипаты, тұлғасы және даралығы жайындағы білім мен түсініктер жүйесін меңгеруі;

- Қазақстан Республикасының конституциясын, этикалық және құқықтық нормаларды білуі;

- білім беру процесінің заңдылықтары мен принциптері жайындағы білім мен түсініктер жүйесін меңгеруі;

- ғылыми танымның формалары мен әдістерін білуі, таным тәсілдерін меңгеруі;

- пәндік білімін кәсіби тілмен жеткізе білуі;

- экологиялық білімнің концептуальды негіздері мен принциптерін білуі;

- ақпаратты іздеу, өңдеу, қолданудың соңғы әдістерін меңгеруі;

- қарым-қатынас орнату іскерлігі;

- ойлау мәдениетін, сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі;

- жұмысқа психологиялық және әдістемелік дайындығы.

Мұғалімді дайындау жүйесінде жалпыпедагогикалық дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді. Оның мақсаты – педагогикалық теория мен практиканы меңгерген мұғалімді қалыптастыру.

Жалпы педагогикалық білім, білік, дағдының қалыптасу кезеңдері

Жалпы педагогикалық білім – мұғалімнің кәсіби функцияларын жүзеге асыруға қажетті педагогикалық білім, практикалық білік және дағды жүйесі. Ол мына бөліктерден құралған:

- фундаментальды әдіснамалық білім (педагогикалық ғылымның әдіснамасын білу, оқыту және тәрбие теориясын білуі, педагогикалық менеджментті меңгеруі);

- оқыту мен тәрбиенің кейбір жақтары, озат педагогикалық тәжірибе жайындағы теориялық-практикалық білім;

- оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру формалары, әдіс-тәсілдері жайындағы әдістемелік білім.

Педагогикалық жоғары оқу орнының оқу жоспарларына педагогикалық пәндер енгізілген. Олардың кейбіреуі міндетті болса, басқалары – жоғары оқу орнының факультеттің профилімен анықталады. Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен танысу «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» курсынан басталады. Бұнда түрлі тарихи кезеңдердегі мұғалім мамандығының мазмұны мен спецификасы, педагогикалық

мамандықтың даму перспективасы, педагогикалық қызметтің гуманистік сипаты жайында түсінік беріледі.

Педагогикалық мамандықты таңдау мотивтері

Жалпы педагогикалық мамандықты таңдаудың 8 факторы белгіленген. Бұл факторларды анықтаған педагог В.А.Климов.

- 1.Жанұяның және үлкендердің кеңесі.
- 2.Жолдастарының кеңес беруі.
- 3.Мектептегі педагогикалық ұжымның кеңес беруі.
- 4.Жеке кәсіби және өмірлік жоспары.
- 5.Қабілеттері және олардың көрінуі.
- 6.Қоғамдық құрметке бөлену сезімі.
- 7.Кәсіби қызмет жайында толық білуі.
- 8.Бейімділік.

Сонымен қатар, мамандық таңдаудың сыртқы және ішкі мотивтері анықталған. Сыртқы мотивтер - мамандықтың қоғамдағы орны, жұмыс жасау барысында шығармашылық көзқарас, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу, оларды басқару. Ішкі мотивтері: жалақысы, құрметке иеленуге бағытталуы, қорқыту, сөгу. Ішкі мотивтер екіге бөлінеді: жағымды, жағымсыз. Жағымды мотивтерге материалдық тұрақтылық, қызметтік өсу мүмкіндігі, ұжымның, әкімшіліктің риза болуы. Жағымсыз мотивтерге жазалау, қорқыту, үстемдік жасау ықпалдары.

Жоғары оқу орындарындағы педагогика мамандығына кәсіби бағыттау жұмыстары мына бағыттарда жүргізіледі:

- мектептегі оқушылар мен жоғарғы оқу орнындағы студенттердің өзара байланысқан және сабақтасқан әрекеттері.
- студенттердің мінез-құлқының ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары оқу орнында белгілі бір бағдарлама бойынша дайындығын ұйымдастыру.
- студенттерді мектептегі кәсіби бағытталу жұмыстарына енгізу.

Мұғалім мамандығына кәсіби бағыттау жүйе ретінде мына компоненттерден құрылған: мамандық жайында білім алу, профессиограмма, мамандық жайында ақпарат алу, кәсіби таңдау, кәсіби бейімделу.

Мамандық жайында білім алу мектепте жүргізіледі. Бұнда мамандықтың негізгі қасиеттері, оған қойылатын талаптар және ерекшеліктері айтылады.

Профессиограмма - бұл мұғалім мамандығының суреттелуі. Онда мұғалімге қойылатын талаптар, психологиялық және физиологиялық қасиеттері, мұғалім тұлғасының жетілуі схема түрінде көрсетіледі.

Мамандық жайында кеңес алу - мамандықтың ерекшеліктері жайында оқушының тұлғасына сәйкес келуі, келмеуі айтылады.

Кәсіби таңдау - оқушыға үйлесімді, қажетті, келісті мамандықты таңдауы.

Кәсіби бейімделу - бұл жас адамның өндірістік, еңбек ұжымына, жұмыс жағдайларына бейімделуі. Кәсіби бейімделу мектептен-ақ басталады.

Кәсіби бағытталуға аталған компоненттерден басқа мына факторлар да әсер етеді:

1. Экономикалық
2. Әлеуметтік.
3. Психологиялық.
4. Дәрігерлік, физиологиялық.
5. Педагогикалық.

2. Негізгі тақырыптарға әдістемелік сипаттама

Дәріс тақырыбы: «Педагогикалық кәсіптің шығуы»

Мақсаты: педагог мамандығының ерекшеліктерін анықтау, оның пайда болу тарихымен таныстыру, даму бағыттарын белгілеу.

Күтілетін нәтижелер: *Студенттер дәрістің соңында:*

- Педагог мамандығының пайда болуы мен қалыптасуы тарихымен танысады;

- Педагог мамандығының ерекшеліктерін біледі;

- Педагогикалық мамандықтың даму перспективасын анықтай білу қабілеттері дамиды.

Өткізу әдістері:

- студенттермен диалог, талдаушылық және мәселелік түсіндіру тәсілі;

- интерактивті оқыту әдісі.

Дәрістің мазмұны:

1. Педагог мамандығының пайда болуы мен қалыптасуы.
2. Педагог мамандығының ерекшеліктері.
3. Педагогикалық мамандықтың даму перспективасы.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Жаттығу «Екі жақты күнделік» (Презентацияның 2 слайды)

Тапсырма: Студенттерге педагогика мамандығының пайда болуы мен тарихы туралы мәлімет беріліп, білімге, пәнге деген қызығушылықтарын оятып, «Екі жақты күнделік» әдісі арқылы даму тарихын күнделіктің бірінші бөлігіне жазуы сұралады.

«Екі жақты күнделік»

Тарихы (мектептер)	Түсініктеме

Педагог мамандығының пайда болуы мен қалыптасуы

Ең алғашқы мектептер Ежелгі Шығыс (Египет, Ассирия, Вавилон, Финикия) елдерінде құл иеленушілік қоғамында пайда болған. Мектеп туралы мәліметтерді б.э.д. 2500 жыл бұрын египеттік жазба ескерткіштерінен кездестіреміз. Бұл патшаның балаларына арналған сарай мектебі еді.

Ежелгі Грецияда алғашында грамматистер мен кифаристер мектебі пайда болған. Бұнда 7-14 жасқа дейінгі ер балалар ғана оқытылған. Қыз балалар жанұяда тәрбиеленген. Грамматистер мектебінде балаларды оқуға және жазуға, санауға үйретсе, кифаристер мектебінде музыкаға, ән айтуға, мәнерлеп оқуға үйреткен. «Иллиада» және «Одиссея» шығармаларымен танысқан. Бұл мектептердегі мұғалімдерді **дидаскал** деп атаған. (грек сөзі «дидаско» – үйретемін), ал мектептерге баланы алып келіп, сабақтан соң алып кететін құлды **педагог** атаған. **Педагог** – грек сөзі «пайдос» - бала, «гогос» - жетектеу дегенді береді. Ежелгі Грецияда 13 жастағы балаларды грамматистер және кифаристер мектептерінен кейін палестраға ауыстырған. **Палестра** - күрес мектебі деген мағынаны білдіреді. Мұнда 2-3 жыл бойы балалар гимнастикамен шұғылданған. Ондағы мұғалімдерді **педотриба** деп атаған. Педотрибалар күресуге, секіруге, жүгіруге, диск пен

найзаны лақтыруға, жүзуге үйреткен. Спартада мемлекеттік тәрбие жетекшілерін **педоном** деп атаған. Педономдар тек ақсүйектердің арасынан сайланған. Міндеті - тәрбиешілердің құлықтық іс-әрекетін, дене жаттығуларын бақылау және оларды жазалау.

Ежелгі Римде риторлық мектептер ашылды. Бұл мектептерде 13-19 жас аралығындағы ер балалар оқытылды. Бұнда жалпы гуманистік білім беріліп, көрнекті тарихшылардың, шешендердің, ақындардың шығармаларымен, философия, құқық пәндерімен таныстырған. Осы кезеңде мектептің 3 түрі болған: монастырь, собор мектептері, приход мектептері. Бұнда монахтар мұғалімдік қызметін атқарған.

Сауда мен қолөнердің дамуына байланысты бұрынғы шіркеулік мектептердің орнына қолөнершілердің цехтік мектептері, саудагерлердің гильдийлік мектептері пайда болды.

Капитализм дәуірінде оқыту мен тәрбиені дворяндар мен буржуйлар жанұяларында гувернерлер оқыту мен тәрбие ісін жүргізген.

Тек ХҮІІ ғасырдан бастап мұғалім мамандығы мемлекет тарапынан танылып оған белгілі бір талаптар қойыла бастады. Мұғалімнің міндеттері мен құқықтары заң түрінде белгіленді.

1917 ж Қазан төңкерісінен соң білім берудің жаңа жүйесі қарастырылды. Кәсіптік педагогикалық оқу орындарының жаңа түрлері пайда болды.

ХІХ ғасырдың 90 жылдарында Қазақстанның қоғамдық өмірінде, білім беруде өзгерістер байқалды. Педагогикалық институттар педагогикалық университеттерге айналдырылды. Жалпы білім беретін мектептердің жаңа түрлері пайда болып, практикаға енгізіледі.

Жұмысты талқылау:

- Педагогиканың даму тарихы немесе мектептер?
- Бұл мектептердің пайда болуына үлес қосқан педагогтар әселелерде не ортақ және әртүрлі?

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Лектордың сөзі: *(Слайд 1)*

Ян Амос Коменский (1592-1670), гуманист-ойшыл, педагог. Чехия.

Оңтүстік Моравияда протестант жанұясында дүниеге келіп, ата-анасынан ерте айырылған. Чех ағайындылары атты діни қоғамдастықта тәрбиеленіп, сонда бастапқы білімді алған. Қабілетті жас жігіт Херборн және Гейдельберг университетіне (Германия) оқуға жіберіледі. Осында оның педагогикаға деген бағыты анықталады. Чехияға оралған соң ағайындылар мектебінде сабақ бере жүріп, діни қызметкері болып тағайындалады. 30 жылға созылған соғыс, діни қуғын-сүргін оның басқа чех адамдары сияқты тау арасында тығылып жүруге, соңынан 40 жыл бойы басқа елдерде жүруге мәжбүр етті: Польша, Англия, Швеция, қайтадан Польша, Венгрия, Польша, Голландия. Бірақ оған қарамастан, қай жерде болсын педагогикалық қызметпен айналысуын тоқтатқан жоқ. Педагогикалық еңбектерін жазып, әлемге атағы жайылды. Коменскийдің еңбектерінде (теориялық зерттеулер, оқулықтар, өсиет, әдістемелер, оқытуға арналған пьесалар және т.б.) оның педагогикалық жүйесінің негіздері берілген. Олардың жалпы саны 80-ге жетеді.

Я.А.Коменский оқыту жайындағы теорияға мынадай анықтама береді: «бұл бәріне барлығын үйретуге арналған өнер». Ол ең алғаш оқыту мен тәрбиенің заңдарын, табиғатқа сәйкестік принципін, сынып-сабақ жүйесінің теориялық негізін белгілейді.

Коменскийдің айтуынша, мектептің басты мақсаты – балаларды нағыз адам етіп тәрбиелеу.

Лектор сөзі: (Слайд 2)

Константин Дмитриевич Ушинский (1824-1870), педагог, Ресей.

Дворян жанұясында дүниеге келген, балалық шағын Новгород жанында өткізген, сонда гимназияны аяқтап, Мәскеу университетінің заң факультетін өте жақсыға бітірген. 1846 жылдан – Ярославль лицейінің профессоры. 1854 жылдан бастап мұғалім болып жұмыстана бастайды. Соңынан Гатчин жетімдер институтының инспекторы ретінде тағайындалады.

Ушинскийдің педагогикалық теориясының басты идеясы – білім берудің халықтық сипаты принципі. Ушинскийдің айтуынша, тұлғаны қалыптастырудың басты құралы – еңбек. Оқулықтары: «Ана тілі», «Балалар әлемі».

Антон Семенович Макаренко (1888-1939), педагог-жазушы, КСРО.

Харьков губерниясында темір жол жұмысшысының жанұясында дүниеге келген. Қалалық училищені, одан кейін оқытушылар даярлайтын курстарды бітіргеннен кейін темір жол училищесінде оқытушы болып жұмыс атқарады. Педагогикалық қызметі 1905 жылы басталды. Макаренко балалар ұжымымен тәрбие жұмысын жүргізудің ғылыми негізгі теориясы мен әдістемесін құрды. Тәрбиенің негізгі принциптерін анықтаған: тәрбиеленушіге талап қоюды оны құрметтеу және оған сенім білдірумен байланыстыру, ұжым ішінде, ұжым арқылы және еңбекте тәрбиелеу. Макаренконың жанұя тәрбиесіне қосқан үлесі мол, оның осы мәселе жөніндегі «Ата-аналар кітабы», «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялары» балаларды жанұяда тәрбиелеу жөніндегі ғылыми және көркем әдебиет болып есептелінеді.

Жаттығу: «Ақиқат пікір» - терістеу мүмкін болмайтын ақиқат пікір құрастырыңыз.

Лектордың сөзі: (Слайд 3)

Шоқан Уәлиханов (1835-1865), демократ, тарихшы, географ, этнограф, зерттеуші, Қазақстан. Шоқан өз халқының тарихына, мәдениетіне, ауыз әдебиетінің нұсқаларына көп көңіл бөлді. Шоқанның өзіндік педагогикалық көзқарастары болды. Ағартушы-ғалым қазақ даласындағы оқу, мектеп ісін ғылыми негізде құрып, оқу білімінің табиғат сырларын ашуға бағытталуын, туған халқының алдыңғы қатарлы мәдениетті елдерді қуып жетуін аңсады. Діни бағыттағы медреселердің мақсатын сынай келе, жалпы білім беретін мектептердің ашылуын көздеді.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), ағартушы-педагог, Қазақстан. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазуға, тәлімгер-ұсатз дайындауға, оларға ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға, өз кезеңіндегі қазақ халқының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып, жазуға жұмсады. Ы.Алтынсарин қазақ жастарының мамандық алуына жол ашты. Торғайда – қолөнер, Қостанайда – ауыл шаруашылығы училищелері, Ырғызда – қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашылуына зор ықпал жасады.

Абай Құнанбаев (1845-1904), ойшыл ақын, Қазақстан. Поэтикалық шығармалары мен «Ғаклия» сөздері педагогикалық ой-

пікірлерге толы. Табиғаттың санадан тыс, тәуелсіз өмір сүруді, өмір ақиқатын түйсікпен қабылдануы, адамдар жаратылысының бірдей еместігі, ғылымының ақылмен, жан құмарымен алынатындығы, қоғамдық қатынастар тұрғысындағы пікірлері, жастарды халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрінен тәлім-тәрбие алуға шақыруының педагогикалық көзқарасының дүниежүзілік педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен терең қабасып жатқандығының айғағы.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937), ағартушы-педагог, Қазақстан. Қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып, кемелденуіне бағыштайды. Ол ауыл мектебінде, семинарларда бала оқытты, оқу-тәрбие салаларында көп ізденді. Ауыл мектептерінде балалардың қазақша сауат ашуын, оқудың ана тілінде жүргізілу керектігін ұсынды.

Міржақып Дулатов (1885-1935), педагог, Қазақстан. Ы.Алтынсариннің ұстаздық идеяларын әрі қарай дамытушы, оқу-тәрбие мәселелерін ғылыми тұрғыдан қараған, шәкірттердің жаңа бағдарлама арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән берген. «Есеп құралы» қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ үлгі деуге болады.

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931), педагогика, психология саласында құнды ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар, бірнеше оқулықтар, оқу құралдарының авторы. Педагогиканың дидактика саласын ғылыми негіздеген.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938), оның «Педагогика» атты еңбегі сол кезде ана тілінде жазылып, ғылыми әлемді елең еткізген туынды болып табылады.

Лектор сөзі:

Педагог мамандығының ерекшеліктері

Әрбір адамның белгілі мамандыққа иелігі оның іс-әрекеті мен ойлау бағыты ерекшелігінен көрінеді. Е.А.Климов ұсынған жіктеу бойынша, педагогикалық мамандықтың пәні басқа адам болып табылатын мамандықтар тобына жатқызылады. Бірақ педагогикалық мамандықты басқа мамандықтардан оның өкілдерінің ойлау бағыты, борыш пен жауапкершілігін сезіну арқылы анықтайды. Осы сипаттарына байланысты педагогикалық мамандықты ерекшелейді. Оның басқа «адам-адам» құрылымды

мамандықтардан айырмашылығы – ол өзгертушімен қатар, басқарушы сипатқа ие. Оның мақсаты тұлғаны қалыптастыру және өзгертумен қатар, педагог оның интеллектуалды, эмоционалды және дене даму процестерін басқаруы тиіс.

Педагогикалық мамандықтың басты мазмұны – басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу. Оның басты міндеті – қоғамдық мақсатты түсіну және басқа адамдардың күш-жігерін сол мақсатқа қол жеткізуге бағыттау.

Мұғалім мамандығында қарым-қатынас жасау іскерлігі кәсіби қажетті қасиет болып табылады.

Мұғалім еңбегінің ерекшелігі оның объектісі мен нәтижесінде. Объектісі – адам, ол жай адам емес, оның денелік мәні емес, дамып келе жатқан адамның рухани ішкі өмірі. Адам - табиғаттың қайталанбас құбылысы. Мұғалім мамандығының тағы бір ерекшелігі - оның балалармен әрдайым қатынаста болуы. Педагогикалық еңбектің құралдары да ерекше. Ол бірнеше компоненттерден құралады: еңбек (белгілі бір мақсатқа бағыттау әрекеті ретінде); еңбек құралы; еңбектің пәні. Педагогикалық еңбек жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. **Педагогикалық еңбек** - бұл мәдениетті меңгерген адам және мәдениетті меңгеруші адамның арасындағы өзара әрекет.

Мұғалім білім беруші ғана емес, ол жоғары құлықты тұлға. Оның бойында ар, намыс, мейірім деген сияқты қасиеттері болуы тиіс. Кез келген педагогтар оқушылар үшін де, ата-аналар үшін үлгі өнеге болуы тиіс. Өткен ғасырдың көрнекті ғалымы, философ, педагогы Джон Локк мұғалім өнегесі жайында былай деп жазған: «Оның жүріс-тұрысы өзінің сөздерімен сәйкес келуі тиіс».

Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі – ол табиғатынан гуманистік, ұжымдық және шығармашылық сипатқа ие.

Педагог мамандығының гуманистік қызметі. Педагогикалық мамандықтың екі әлеуметтік қызметі қалыптасқан: бейімдеушілік және гуманистік («адамды қалыптастырушы»). **Бейімдеушілік** қызметі қазіргі әлеуметтік-мәдени ситуациялардың нақты талаптарына сәйкес оқушыны, тәрбиеленушіні бейімдеумен байланысты болса, ал **гуманистік** – оның тұлғасын, шығармашылық даралығын дамытуға бағытталған.

Педагог мамандығының ұжымдық сипаты. «Адам-адам» құрылымдық топтағы мамандықтардың нәтижесін тек бір адам ғана жасаса (мысалы, сатушы, дәрігер, кітапханашы),

педагогикалық мамандықта әрбір педагогтың, жанұяның немесе басқа ықпал ету көздерінің үлесін шектеу мүмкін емес. Осыдан педагогикалық мамандықтың ұжымдық сипатта екендігін көре аламыз. Педагогикалық қызметтегі ұжымдық бастамалардың заңды артуына байланысты педагогикаға **педагогикалық қызметтің жинақталған субъектісі** ұғымы енгізілуде. Бұндағы **жинақталған субъект** дегеніміз кең мағынада мектептің немесе басқа білім беру орнының педагогикалық ұжымы. Ал тар мағынада, бұл оқушыға немесе оқушылар тобына тікелей әсер етуші педагогтар тобы.

Мұғалім қызметінің шығармашылық сипаты. Педагогикалық қызмет кез-келген қызмет сияқты тек сандық мөлшерге емсе, сонымен қатар, сапалық қасиеттерге ие. Мұғалім еңбегінің мазмұны мен ұйымдастырылуын тек оның өзінің қызметіне деген шығармашылық қатынас деңгейін анықтау арқылы ғана дұрыс бағалауға болады. Педагог қызметіндегі шығармашылық деңгейі оның қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында өз мүмкіншіліктерін қолдану деңгейін көрсетеді.

Педагог тұлғасының шығармашылық потенциалы оның әлеуметтік тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық және пәндік білім қоры, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа идеялар, іскерлік пен дағдылары, жаңа формалар мен әдістер негізінде қалыптасады.

Педагогикалық шығармашылықтың көріну саласы педагогикалық қызметтің негізгі компоненттер құрылымымен анықталады және оның барлық жақтарын қамтиды: жоспарлау, ұйымдастыру, іске асыру және нәтижені талдау.

Педагогикалық ғылыми әдебиетте **педагогикалық шығармашылық** – бұл өзгермелі жағдайларда педагогикалық міндеттерді шешу процесі деп түсіндіріледі.

Педагогикалық қызметтің шығармашылық сипатын тек педагогикалық міндеттерді шешумен анықтауға болмайды, себебі шығармашылық әрекет тұлғаның танымдық, эмоциональды-еріктік және мотивациялық-қажеттілік компоненттерінің бірлігінде бейнеленеді. Сонымен қатар, педагогтың шығармашылығы оның коммуникативті міндеттерді шешуінде көрінеді.

Шығармашыл педагогқа мына қасиеттер тән: белсенділік, дербестік, ойлаудың бәсеңдігін арттыру қабілеті, жаңаны сезіну

және оны тануға ұмтылысы, мақсатқа бағытталуы, ұқсастықтар кеңдігі, байқампаздық, кәсіби есте сақтау.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

Жаттығу: «Екі жақты күнделік» (Слайд 4)

Бірінші бөлікке не жаздыңыз?

Мәселе	Толғаныс

Жұмысты талқылау:

- Қандай мәселелерге түсініктеме жаздыңыз?

- Қандай мәселе әлі шешілген жоқ?

Келесі сабаққа «Педагогикалық мамандықтың даму перспективасы» тақырыбына шағын эссе жазып келіңіздер.

Дәріс тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесімен таныстыру және білім берудің жаңа нәтижелерінің мәнін түсіндіру және оны қамтамасыз етудің жолдарын айқындау.

Міндеттері:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің құрылымы, оның даму перспективасын анықтау;

2. Мұғалімнің құқықтары мен міндеттерін анықтай білу;

3. 050103-«Педагогика және психология» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты мазмұнымен танысу;

4. ҚР 2011-2020 жж Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мазмұнына;

5. Білім беру жүйесіндегі өзгерістердің туындау себептерін талқылау;

Қарастырылатын мәселелер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына жалпы сипаттама.
2. Мұғалімнің құқықтары мен міндеттері.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің құрылымы, оның даму перспективасы.
4. 050103-«Педагогика және психология» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты
5. ҚР 2011-2020 жж Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына жалпы сипаттама.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Танысуға арналған тапсырмалар:

Мақсаты: Бір-бірімен танысу арқылы бірлескен белсенді әрекеттерге тарту

1. Өз атыңыздың (есіміңіздің) суретін салыңыз.
2. Оған комментарий даярлаңыз.
3. Менің «жасырын» ресурстарым және осы курстан не күтемін.

(Стикерге жазып «жапсырып» қойыңыз)

2. Ойланыңыз және талқылауға даярланыңыз:

1. Білім беру мақсаты дегеніміз не? Ол неліктен өзгереді?
2. Бүгінгі білім берудің мақсатына сай басты өзгерістерін неден көруге болады?
3. Ол өзгерістер оқытуға, мұғалімдерге қалай әсер етеді?

Ресми құжаттар не дейді:

1. «Білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу ...» деп көрсетілген.

*ҚР-ғы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың
Тұжырымдамасы*

2. «Қазақстанға білім беруді түбегейлі модернизациялау қажет: ауқымды және тұрақты білім беруді және оның сапасын жақсартуды инвестициялау көлемін арттыру».

ҚР-ғы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған


3. Жазбаша ой-толғаныс

Тапсырма (кестені толтырыңыз)

Білім саласындағы өзгерістер туралы Мен білемін?	
Нені білгім келеді?	
Нені үйренгім келеді?	

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

4. Толғаныс: Ассоциация (Сіздің пікіріңіз)



5. Жазбаша ой-толғаныс (кестені толтырыңыз)

Тапсырма: Тыңдаушылар үш шағын топқа бірігіп, өз беттерімен төмендегі сұрақтарға дайындалады және төмендегі кестенің «Біздің ойымызша...» деп аталатын бірінші бөлігін толтырады.

Біздің
ойымызша....

Тұжырымдамада...

- 1.
- 2.
- 3.

6. Үлестірмелі материалдармен жұмыс:

«Инсерт» әдісі: Әр топ өз мәтіні бойынша қарандашпен төмендегі белгілерді салады:

«+» - өз жауаптарына сәйкес абзацтарға қойылады;

«-» - топ үшін жаңа мәлімет, ол кестенің 2 бөлігіне жазылады;

«?» - мәтін бойынша пайда болған сұрақтарыңыз. Оларды топта талқылауға шығаруға болады.

1-топ тапсырмасы: «Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы нені қамтиды?»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылы қабылданды. Осы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы төмендегідей білім беру жүйесінің басты міндеттерін қарастырады:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

- азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны- Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулы; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

- педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

- білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

- қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

- оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

- жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білімге негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

- білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

- білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;

- жұмыс берушілер мен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2-топ тапсырмасы: «Мұғалімнің құқығы мен міндеттері қандай?»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының «Педагог қызметкердің мәртебесі» атты 7-тарауында 51-бапта педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері көрсетілген:

1. Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтық қызметпен айналысуға жіберіледі.

2. Педагог қызметкердің:

- кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтық қызметпен айналысуға;

- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

- жеке педагогикалық қызметке;

- тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

- білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

- ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

- санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

- педагогикалық қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтармен, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

- әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;

- ғылыми қызметпен айналысуы үшін педагогтық стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

- білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкілдеріне шағымдануға құқығы бар.

3. Педагог қызметкер:

- өзінің кәсіптік құзіреті саласында тиісті теориялық және тәжірибелік білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

- білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

- білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- бес жылда кемінде бір рет аттастаудан өтуге;
- педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3-топ тапсырмасы: «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі, оның даму перспективасы қандай?»

Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздың ұлттық дәстүр-салтына, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

1. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
2. Білім беру жүйесін дамытудың басымдылығы;
3. Әрбір азаматтың зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қол жеткізуі;
4. Білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты;
5. Адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
6. Жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
7. Білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
8. Оқу мен тәрбиенің бірлігі;

9. Білім беруді басқарудың демократиялық сипаты және білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;

10. Білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

Білім беру ісі басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республика Білім және ғылым министрлігі, оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Білім беру жүйесінің құрылымы ҚР-ның «Білім туралы» заңында берілген. Білім беру жүйесі мынадай құрылымнан тұрады:

1. мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
2. бастауыш білім беру;
3. негізгі білім беру;
4. орта білім беру;
5. орта білімнен кейінгі білім беру;
6. жоғары білім беру;
7. жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

7. Жаттығу: «Түйінді сөздер» («Білім беру Заңы» және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша)

Тапсырма: Мәтінді оқып, түйінді сөздерді кестеге түсіріңіз және төмендегі таблицаға өз комментарийлеріңізді жазыңыз.

Өздік жұмысқа арналған материалдар

050103-«Педагогика және психология» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

Бұл стандарт «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 2004 жылы бекітілген жоғары білім мемлекеттік жалпы міндетті стандартының орнына енгізілді.

Стандартта Қазақстан Республикасының 07.06.1999 ж. 389-1 “Білім туралы” Заңы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.09.1999 ж. № 1290 “Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу, бекіту қолданылу мерзімдерінің тәртібі туралы” қаулысының нормалары іске асырылған.

Осы стандарт ҚР МЖМБС 3.001-2004 негізінде жасалған 050103- Педагогика және психология мамандығы бойынша білім мазмұны мен бакалаврларды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарттың ережелері олардың ведомствалық бағыныштылығына, ұйымдық - құқықтық және оқыту түрлеріне тәуелсіз; Қазақстан Республикасының көрсетілген мамандық бойынша бакалаврлар дайындауды іске асыратын жоғары оқу орындары үшін қолданылуы және сақталынуы міндетті.

бакалавриат – 4 жылдық жоғары базалық білім беру деңгейі;

бакалавр – жоғары базалық білім беру силлабусының міндетті және ЖОО компонентін меңгерген ЖОО түлегіне берілетін академиялық дәреже мен біліктілік;

несие – оқушының оқу жұмысы көлемінің біртұтас өлшем бірлігі. Бір несие міндетті түрде өздік жұмыстың 2 академиялық сағатымен жалғастырылатын, академиялық ағымындағы аптадағы аудиториялық жұмысының 1 академиялық сағатына тең;

несиелік оқыту жүйесі – несие түрде білім көлемін есепке алу және оқу процесін регламентациялау (шектеу) ауқымында білім беру аймағын таңдау, индивидуализациялау (жекешелендіру) негізінде жалпыға міндетті білім беру жүйесі;

типтік оқу жоспары – Қазақстан Республикасы білім беру саласының орталық атқарушы ұйымдары бекіткен белгілі бір циклдерге біріктірілген міндетті оқу пәндері мен соған сәйкес оқу принциптерінің төменгі көлемі белгіленген негізгі құжат;

жұмыс оқу жоспары – жоғарғы оқу орнының типтік оқу жоспары негізінде кәсіптік қызметтің, мамандықтың, оқыту кезеңдерінің ерекшеліктеріне қарай толықтырып, нақтылап жасаған және бекіткен құжаты; жоспар ЖБП, БП және МП блоктарына топтастырылған оқу пәндері, міндеті және таңдамалы компоненттер тұрады;

жеке (индивидуалдық) оқу жоспары – студенттің өзі оқу жұмыс жоспары негізінде бір жылға жасаған құжаты; онда студенттің жазылған оқу пәндерінің тізімі; кредиттің саны көрсетіледі; жеке оқу жоспары нақты студенттің білім аясын көрсетеді;

міндетті компонент – білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты белгілеген оқу пәндерінің тізімімен төменгі кредит мөлшері;

таңдамалы компонент – ЖОО ұсынатын және өзі таңдаған оқу пәндерінің тізімі мен төменгі кредит мөлшері;

силлабус – оқылатын пәннің сипаттамасы, мақсат-міндеттері, қысқаша мазмұны, тақырыбы және әрбір сабақтың көлемі, өздік жұмыс тапсырмалары, консултация өткізу уақыты, оқытушының талабы, бағалау өлшемдері аралық бақылау кестесі, әдебиеттер тізімі көрсетілген пәннің оқу жоспары;

Біліктілігі мен қызметінің тізімі

Педагогика және психология бакалавры, педагог-психолог.

«050103- Педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіби қызметінің саласы

Кәсіптік іс-әрекетінің шеңбері: білім беру жүйесі.

6.2 Кәсіби қызметінің объектісі

Бітірушілердің кәсіптік қызмет объектісі болып жалпы білім беретін орта мектеп, мектепке дейінгі білім және тәрбие жүйесі, бастапқы және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, педагогикалық колледж бола алады.

6.3 Кәсіби қызмет пәні

Кәсіптік қызмет пәндері болып мыналар есептеледі: оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, нәтижелері, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру жолдары; потенциалды мүмкіндіктерін дамыту мақсатымен психиканың тұлғалық және когнитивтік аумақтарын зерттеу; жекелік және дифференциалды қатынасты даралы-бағдарлы білім беру арқылы жүзеге асыру.

6.4 Кәсіптік қызмет түрлері

050103 - “педагогика және психология” мамандығы бойынша бакалаврлар төмендегідей кәсіптік қызмет түрлерін атқара алады:

- ұйымдастырушылық - технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру);
- өндірісті-басқарушы (“субъект-субъект” өзара әрекеті);
- жобалау (бастауыш мектептегі білім беруді моделідеу);
- ғылыми-зерттеу (түрлі ғылыми-зерттеу мекемелердегі ғылыми зерттеу жобаларын моделідеу және жүзеге асыру, озық педагогикалық тәжірибені ғылыми негізде зерттеу, жинақтау, тарату);

- білім берушілік (психология және педагогика пәндерінің оқытушысы, білім беру жүйесінің педагог-психологы, мамандарды дайындау және қайта дайындау);

6.5 Кәсіптік іс-әрекетінің қызметі оқушылардың субъекттік іс-әрекеттерін ұйымдастыру және тұлғаның қалыптасу мен даму процесін басқару.

6.6 Кәсіптік іс-әрекеттері міндеттерінің түрлері

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуда қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау; Отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің сапалық деңгейін көтеру, озық педагогикалық технологияны меңгеру және оны тәжірибелік іс-әрекетке ендіру.

6.7 Кәсіби қызметінің бағыттары

Кәсіби қызметінің негізгі бағыттары: сынып ұжымын ұйымдастыру; оқушыларды оқыту және тәрбиелеу; ата-аналар жұртшылығымен байланыс орнату; Білім беру тұжырымдамасының талаптарын жүзеге асыру; ғылыми теориялық білімдері мен кәсіптік біліктілігін көтеру; түрлі конференцияларға қатысу, озық педагогикалық және өзіндік тәжірибені зерттеу, жинақтау; жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және ендіру.

6.8 Кәсіби қызметтің мазмұны

Педагог-психологтың кәсіби қызметінің мазмұны педагогикалық ғылым мен тәжірибенің талаптарына сәйкес психологиялық-педагогикалық үрдісті ұйымдастыру, оқушыларының ата-аналарымен жұмысты, мектептен тыс тәрбие мекемелерімен байланысты әріптестерімен ғылыми және әдістемелік қарым-қатынасты, білім беруді дамытудың тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтиды.

6.9 050103-“Педагогика және психология” мамандығы бойынша бакалаврдың түйінді құзіреттеріне қойылатын талаптар:

– педагогикалық процестің даму заңдылықтарын ойша елестете білуі керек;

– білім берудің жалпы заңдылықтары мен өзіне тән ерекшеліктерін, оқыту, тәрбие және дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін, педагогиканың және психологияның ұғымдық концептуалды аппаратын білуі керек;

– теориялық білімдерді тәжірибелік кәсіптік іс-әрекетінде ұйымдастыру біліктілігі болуы керек;

– педагогикалық және психологиялық іс-әрекетте оқу-тәрбие шараларының жоспарларын, жобаларын, бағдарламаларын жасап жүзеге асыру және оларды ЖОО, колледж, мектеп жұмысында психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету дағдысы болуы керек;

– білім беру сапасының тиімділігін жақсарту мен арттыруды; педагогикалық-психологиялық мәселелерді қою және шеше білуді жетік білуі керек.


3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

Тапсырма: «Білім берудің күтілетін нәтижелері және оған сәйкес студент моделі» кестесін толтырыңыз

Салыстырыңыз:

Түрлері:	« + »	« – »
Дәстүрлі білім беру нәтижесіне сәйкес студент моделі		
Кредиттік білім беру нәтижесіне сәйкес студент моделі		

Ассоциация: (толықтырыңыз)



Дәріс тақырыбы: «Педагогикалық әрекет құрылымы»

Мақсаты: педагогикалық қызметтің компоненттерін белгілеу, олардың өзара байланысын ашу.

Жоспар.

1. Педагогикалық қызметтің компоненттері (Н.В.Кузьмина).
2. Педагогтың функциялары.
3. Профессиограмма.

Дәріс барысында педагогикалық іс-әрекеттің мәні мен мақсатын ашу, оның түрлерімен таныстыру көзделеді.

Педагогикалық қызмет – әлеуметтік қызметтің ерекше түрі. Ол ересек ұрпақтың адамзат мәдениеті мен тәжірибесін жас ұрпаққа беруге, олардың тұлғалық дамуына жағдай тудыруға және оларды қоғамда белгілі бір әлеуметтік рольді орындау үшін дайындауға бағытталған.

Бұл қызметті педагогтармен қатар ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, өнеркәсіп басшылары, өндірістік топтар, бұқаралық ақпарат құралдары да атқарады. Бірақ педагогтар бұнда кәсіби қызмет тақарса, қалғандары – жалпыпедагогикалық қызметке ие. Педагогикалық іс-әрекет кәсіби қызмет ретінде арнайы ұйымдастырылған білім беру орындарында жүргізіледі: мектепке дейінгі орындар, мектеп, кәсіби-техникалық училищелер, арнайы орта және жоғары оқу орындары, қосымша білім беру, біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау орындары.

Педагогикалық қызметтің мәнін түсіну үшін студенттер оның құрылымына талдау жүргізу қажет. Оның құрылымы мақсат, мотив, іс-әрекет, нәтиженің бірлігінен тұрады.

Мұғалім жұмысының мақсатын қоғам анықтайды, яғни оның әрекетінің мақсаты - оқушылардың тұлғасын қоғамдық талаптарға

сәйкес тәрбиелеу. Ол тарихи құбылыс. Әлеуметтік даму бағыттарын белгілейтін көрініс ретінде мақсат адамның рухани және табиғи мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, оған белгілі талаптар жиынтығын қояды. Онда, бір жағынан, әлеуметтік және этникалық топтардың қызығушылықтары, екінші жағынан, жеке тұлғаның қажеттіліктері мен қабілеттері жинақталған.

Педагогикалық қызмет мақсатының негізгі объектілері ретінде тәрбиелік ортаны, тәрбиеленушілер әрекетін, тәрбиелеуші ұжымды және тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін белгілейді. Педагогикалық қызмет мақсатын жүзеге асыру тәрбиелік ортаны қалыптастыру, тәрбиеленушілердің әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелеуші ұжымды тудыру, тұлғаның даралығын дамыту сынды міндеттерін шешумен байланысты.

Педагогикалық қызметтің барлық қасиеттері анықталатын негізгі функциональды бірлік ретінде **педагогикалық іс-әрекет** танылған. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті ең алдымен, танымдық міндет формасында көрінеді. Өзіндегі бар білімге сүйене отырып, ол теория жүзінде өз іс-әрекетінің құралдарын, пәнін және нәтижесін салыстырады. Танымдық міндет психологиялық тұрғыдан өз шешімін тауып, тәжірибелік өзгертуші қимылға айналады. Осылайша, мұғалімнің іс-әрекеті – бұл түрлі деңгейдегі міндеттерді шешу процесі.

Педагогикалық міндеттердің спецификалық ерекшелігі – олардың шешімін табуда.

Педагогикалық іс-әрекеттің объектісі - адам, оның ақыл-ойы, еркі, сезімдері. Оның мынадай ерекшеліктері бар:

1. Адам - тірі табиғат бөлігі. Оның қайталанбас жеке қасиеттері, қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік түсінушілігі бар белсенді объект.

2. Мұғалім әрдайым өзгеріп отыратын жеке адаммен жұмыс жасайды.

3. Мұғаліммен бірге жеке адамдарға бүкіл қоршаған орта әсер етеді. Педагогикалық қызмет осы әсерлерді дұрыс бағыттауы тиіс.

Педагог студенттерге Венн диаграммасы арқылы педагогикалық қызметтің екі түрі, яғни оқыту және тәрбиелеу қызметтерінің ерекшелігіне талдау жасай білуге үйретеді.

Оқыту – бұл оқушының танымдық белсенділігін басқаруға бағытталған мұғалімнің әрекеті.

Тәрбиелеу – бұл тәрбиелік ортаны ұйымдастыру және тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін түрлі іс-әрекеттерді басқаруға бағытталған педагогикалық қызмет. Олар өзара байланысты және бір-біріне бағынышты. Бұл оқыту мен тәрбиенің бірлігі идеясының көрсеткіші. Оқыту және тәрбиелеу бір процестің екіжақты сипаттамасы. Олардың арасындағы шекараны белгілеу мүмкін емес. Сондықтан олар біртұтас процесс ретінде қарастырылады.

Оқыту мазмұнын, яғни сабақ беру логикасын қатаң түрде жоспарлауға болса, ол тәрбие жұмысында мүмкін емес.

Сонымен қатар, дәріс барысында білім алушыларға «Педагог тұлғасының негізгі кәсіби маңызды қасиеттері» атты тақырыпта шағын эссе жазуы тапсырылады.

Мұғалім тұлғасының жеке ерекшеліктеріне педагогикалық процессте, тәрбие жетістігі де бағынышты. Мұғалімді негізінен педагогикалық бағытталу ерекшелейді. Мақсатқа бағытталу педагогикалық қызметте бірізділікпен жүйелілікті, өз еңбек нәтижесін дұрыс бағалау қабілетін талап етеді. Мұғалім баланың шығармашылық мүмкіншіліктерінің дамуына сенуі қажет. Педагог оптимистік көзқарасқа ие болуы тиіс. Оптимистік көзқараста болуы үшін гуманистік бағытталу қажет. Бұл:

- баланың жақсы қасиеттеріне сену және сүйену;
- балаларға деген сүйіспеншілік;
- балаға тіл тигізуден аулақ болу және т.б.

Мұғалім мінезіндегі салмақтылық ерекше орынға ие. Ол түрлі ситуацияларда шыдамдылық, жинақылық, төзімділік, бірқалыптылық танытуға міндетті.


Келесі маңызды қасиет – талап қоя білуі. Өзіне және өзгеге қойылатын талап адамгершілік бастамаларын, моральдық ережелер мен нормаларды қалыптастырады.

Оқушылардың оқуға деген ынтасы көбінесе тәрбиешінің беделімен анықталады. «Бедел» - барлығына танымал мәнділік, ықпал, оқытушының тәрбиелік әсерінің күші.

Терең арнайы білім, бала және педагогикалық психологияны жете меңгеру, кәсіби іскерлікті меңгеру, адамгершілік көзқарас, жоғары мәдениеттілік – мұғалім беделін қамтамасыз етеді.


Осыған сәйкес педагогикада мұғалімның түрлі модельдері ұсынылады.

Өнегелі педагог тұлғасы (Авторы И.П.Подласый)




МАМАН АДАМ

педагогикалық
қоғамдық өмірге
теорияны меңгеруі;
белсене араласуы;
психологияны білуі;
өмірге деген
оқыту мен тәрбиенің
көзқарасы;
жаңа технологияларын
өнегелілік;
меңгеруі;
патриотизм;
еңбекті тиімді
мемлекет
ұйымдастыра білуі;
заңдарын
өз жұмысына
құрметтеуі;
деген сүйіспеншілігі;
мықты денсаулық;
педагогикалық
салауатты өмір
қабілеттері;
салтын ұстануы;



ҚЫЗМЕТКЕР

мақсат қоя білуі;
уақытты жұмсау
шеберлігі;
мамандығын жүйелі
түрде дамыту;
еңбек өнімділігін
арттыруға
бағытталуы;
шығармашылық
қабілеттілігі;
жан-жақты
білімділігі;



жалпы эрудициясы;	саналы оптимизм;
адамгершілік	
шыдамдылық;	орташа скептицизм;
қасиеттері;	
тапқырлық;	ұжыммен жұмыс
рухани байлығы;	
ұстамдылық;	жасау шеберлігі;
сену, сенбеуі	дінге
жылдамдық;	табандылық;
өзінің іс-әрекетіне	
жомарттық;	тапқырлық;
көзқарасы.	сыни
эмоциональды	тәртіптілік;
тұрақтылық;	жауапкершілік;
балаларды	белсенділік;
түсіне білуі;	ситуацияларда тез
балалармен	шешім қабылдауы.
жұмыс жасауға	
ықыласы;	
ойдың тазалығы;	
талап қоя білуі;	
өзін-өзі ұстай білуі;	
шыншылдық;	
ұйымдастыру қабілеттері;	

Лектордың сөзі:

Қызмет - қарым-қатынастардың белсенді түрі. Мысалы, танымдық қызмет барысында ақиқат шындық оқытылады, зерттеледі. Еңбек қызметінде материалдық құндылықтар пайда болады. Өнер қызметінде өнер туындылары жасалады. Қоғамдық қызметте әлеуметтік-құндылықты идеялар насихатталады және таралады. Педагогика ғылым ретінде қызметтің ерекше түрін зерттейді. Ол қызметтің белгілі бір мақсаты бар.

Педагогикалық қызмет – бұл тәрбиешінің тәрбиеленушіге жасайтын тәрбиелік және оқыту ықпалы. Бұл оның тұлғалық, интеллектуалды және дене дамуына бағытталады. Педагогикалық қызмет әлеуметтік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Ол адамзаттың мәдениеті мен тәжірибесін жас ұрпаққа беруге,

олардың тұлғалық бағытын белгілеуге және қоғамдық өмірде өз орнын анықтауға бағытталған.

Педагогикалық қызметтің компоненттеріне сипаттама

Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз.:

Педагогикалық қызметтің құрылымдық компоненттері:

- қызметтің мақсаты...
- қызметтің субъектісі (мұғалім)...
- қызметтің объектісі және субъектісі (оқушы)...
- қызметтің мазмұны...
- қызметтің әдістері...
- қызметтің нәтижесі...

Педагогикалық қызметтің мақсаты – тұлғаны жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу.

Педагогикалық қызметтің мазмұны – оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру үрдісі.

Педагогикалық қызметтің құралдары – ғылыми білім, оқулықтар мен оқу бағдарламалары, әдістемелік құралдар, компьютерлік, графикалық және техникалық құралдар.

Педагогикалық қызметтің әдістері – сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер тобы.

Педагогикалық қызметтің нәтижесі – оқушы тұлғасының интеллектуалдық, дене дамуы және оның қоғамда бағалануы.

Лектордың сөзі:

Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, А.Н.Щербаков мұғалім қызметінің төмендегідей функцияларын белгілейді (*Слайд 2*):

1. Диагностикалық – оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, даму деңгейін, тәрбиелік дәрежесін зерттеу.
2. Болжаушы – тәрбиелік іс-әрекеттің мақсаты, міндеттері, бағыты, нәтижесі және жоспарының белгіленуі.
3. Құрылымдық-жобалау – жоспардың мазмұныны, мүмкін болатын нәтижесін жобалау, құру.
4. Ұйымдастыру – оқушыларды оқу-тәрбие жұмысына енгізу, олардың белсенділігін арттыру және ынталандыру.
5. Ақпаратты-түсіндірмелі – оқу материалдарын түрлі жолдармен ұсыну, оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру.
6. Коммуникативті- ынталандыру – мұғалімнің жеке бас ерекшеліктері, адамгершілік мәдениеті, рухани байлығы және қарым-қатынас орната білуі.

7. Талдау-бағалау – оқу-тәрбие үрдісінің барысын талдау, нәтижесіне баға беру, кемшіліктері мен ауытқушылықтарын анықтау, түзету, жою.

8. Зерттеу-шығармашылық – оқу-тәрбие үрдісінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білуі, белгілі педагогикалық мәселені зерттеумен айналасуы, оның шығармашылық қасиеттерінің дамытылуы.

Лектордың сөзі:

Н.В.Кузьмина педагогикалық қызмет құрылымында үш өзара байланысқан компоненттерді ажыратады: конструктивті, ұйымдастырушы және коммуникативті. Педагогикалық қызмет осы функциональды түрлерін нәтижелі жүзеге асыру үшін белгілі қабілеттер қажет. *(Слайд 3)*

Конструктивті қызмет. Өз алдына конструктивті-мазмұндық (оқу материалын таңдап алу және оны орналастыру, педагогикалық процесті жоспарлау және құру), конструктивті-оперативті (өзінің және оқушылардың әрекетін жоспарлау), конструктивті-материалдық (педагогикалық процестің оқу-материалдық базасын жобалау).

Ұйымдастырушылық қызмет. Оқушыларды іс-әрекеттің түрлеріне енгізуге және ұжымды тудыруға, біріккен іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған іс-әрекеттердің жүйесін орындау болып табылады.

Коммуникативтік қызмет педагогтың тәрбиеленушілермен, мектеп педагогтарымен, қоғам өкілдерімен, ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

Лектордың сөзі:

А.И.Щербатов педагог функциясын нақтылай отырып, педагогикалық қызметтің ұйымдастырушы компонентінің **акпараттық, дамытушы, бағыттаушы, бейімдеуші** функцияларын белгілейді. Бұнда **зерттеу** функциясын ерекше атап өткен жөн. Оның жүзеге асырылуы мұғалімнен педагогикалық құбылыстарға ғылыми тұрғыдан қарауды, эвристикалық ізденіс іскерлігі және ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеруді, жеке және өзге тәжірибені талдауды талап етеді *(Слайд 4)*.

Барлық компоненттер кез-келген педагогтың қызметінде айқындалады. Оларды жүзеге асыру педагогтың арнайы іскерліктерін қажет етеді.

- Мәтінді «Түртіп алу» стратегиясымен өзбетті оқыңыз:

Мұғалім педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде

Педагогикалық мамандық қоятын маңызды талаптардың бірі – оның өкілдерінің әлеуметтік және кәсіби позицияларының айқындылығы. Дәл осы позицияларда мұғалім өзін педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде танытады.

Педагогтың ұстанымы – бұл тұлғаның белсенділігінің көзі болып табылатын оның педагогикалық ақиқатқа, педагогикалық қызметке, дүниеге деген интеллектуальды, еріктік және эмоциональды-құндылықты қарым-қатынастар жүйесі. Ол, бір жағынан, қоғам тарапынан қойылатын талаптармен, оның мүмкіншіліктерімен, екінші жағынан, педагогтың ішкі тұлғалық белсенділігімен (қызығушылықтары, мотивтері, мақсаты, құндылықтарға бағытталуы, көзқарасы, идеалдары) анықталады.

Педагог ұстанымында оның тұлғасы, әлеуметтік бағытталу сипаты, азаматтық мінез-құлқы мен іс-әрекет типі көрінеді.

Педагогтың әлеуметтік ұстанымының негізі жалпы білім беретін мектепте қалыптасқан пікірлер, көзқарастар, сенімдер, құндылықты бағдарларға негізделеді. Олардың негізінде кәсіби дайындық барысында педагогикалық мамандыққа, педагогикалық қызметтің мақсаты мен құралдарына қатнасы қалыптасады. Мотивациялық-құндылықты қарым-қатынас мұғалім тұлғасының өзегі болып табылатын педагогикалық бағытталуда көрінеді.

Педагогтың әлеуметтік позициясы оның **кәсіби ұстанымын** да анықтайды. Педагогтың кәсіби позициясының таңдалуына көп факторлар әсер етеді. Ең маңыздылары – кәсіби белгілеулер (установки), тұлғаның жеке типологиялық ерекшеліктері, темперамент және мінез-құлық.

Л.Б.Ительсон педагогтың позициясының типті рольдік сипаттамасын белгілеген. Педагог мына позицияларда көрінуі мүмкін:

- егер ол қоғамдық нормалар, талаптар, пікірлерді және т.б. ақпаратты тек хабарлап тұрса ғана (мысалы, шыншыл болу керек), онда педагог – **информатор**;

- егер баланың жүрегіне жол тапқысы келсе, онда педагог – **дос** ретінде танылады;

- егер ол тәрбиеленушілердің санасына нормалар мен құндылықтарды күштеп енгізетін болса, онда педагог – **диктатор**;

- егер сендіруді қолданса, онда педагог – **кеңесші**;

- егер ол тәрбиеленушіге жалынатын, оның алдында кішірейетін, оны тек мақтай беретін болса, онда педагог – **сұраушы**;

- егер ол тәрбиеленушілерді қызықты мақсат, перспективалармен жандандыра білсе, онда педагог – **шабыт тудырушы**.

Аталған әрбір позиция тәрбиешінің жеке тұлғасына байланысты жағымды не жағымсыз нәтиже беруі мүмкін.

Лектордың сөзі:

Профессиограмма (Слайд 5)

Мұғалімге қойылатын кәсіби талаптардың жиынтығы педагогикалық қызметке **кәсіби дайындық** терминімен енгізілген. Оның құрамында, бір жағынан, психологиялық, психологиялық-физиологиялық және дене дайындығын, екінші жағынан, ғылыми-теориялық және тәжірибелік қабілеттілігін ажыратады.

Педагогикалық білім берудің мақсатының көрінісі ретіндегі кәсіби дайындықтың мазмұны **профессиограммада** жинақталған.

Мұғалімдердің кәсіптік деңгейіне арқау болатын кәсіп құрылымын (профессиограммасын) жасаудың мәні жоғары. Онда мыналар көрсетіледі:

- мұғалімнің жеке басы, оған тән сапалық қасиеттер мен белгілер.

- мұғалім мемлекеттің, әлеуметтік ортаның идеясын насихаттаушы, өз кәсібіне жан-тәнімен берілген адам, сондықтан мемлекет ісіне адалдық, ұжымшылдық, кәсіптік-педагогтық бағыттар мұғалімнің жеке басының негізгі қасиеттері. Сапалық белгілеріне: мұғалімдік қызметке бейімділік, қабілеттілік, баланы сүйу, байқағыштық, орынды талап қою, ұстамдылық, әдептілік, сенім арту, бедел, мақсатты айқындау, ізгілік және т.б. жатады.

- мұғалім қызметінің түрлері: ұстаздық, тәрбиешілік, қоғамдық-саяси, қоғамдық-педагогикалық жұмыстар.

- мұғалімнің мамандық деңгейін көтеруге қойылатын талаптар: кәсіптік білім, білік, дағды, ізденіс, ісіне шығармашылық мән беру, жаңашылдық, білім берудің сапасын жетілдіру.

- мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеруге байланысты жүргізілетін жұмыстар: тәжірибе алмасу, озат, жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу, оны тарату, оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесін, тиімділігін анықтау, мұғалімдердің білімін үздіксіз жетілдіріп отыру, аттестациялау, категорияға бөлу, педагогтық оқуға, басылымбарға қатысу жұмыстары.

- мұғалімдік мамандықтың өзге мамандықтардан ерекшелік белгілері. Ол жоғары аталған төрт белгінің мазмұнын біріктіреді.

- оқу орындарында мұғалімдік мамандыққа дайындау жолдары. Мектеп оқушыларына мұғалімдік мамандық бойынша бағдар беру; педагогикалық оқу орындарында оқып жүрген кезінде мұғалімдік мамандыққа үйрету, мұғалімдік мамандықты меңгеру және өз бетінше мамандық шеберлігін көтеріп отыру жұмыстары.

- студенттердің, мұғалімдердің өз бетінше білімін жетілдірудің мазмұны: болашақ мұғалімдердің ғылыми деңгейін көтеру, арнайы әдістемелік білімін жетілдіру.

- мұғалімдік мамандықтың шебері болудың негізгі белгілері: кәсіби білім, білік, дағды, кәсіби қабілет, педагогикалық әдеп, педагогикалық техника.

Профессиограмма – мұғалім мамандығына тән негізгі қасиеттер мен оған қойылатын кәсіби талаптардың жүйесі. Мұғалімге қойылатын кәсіби талаптар өзара байланысқан үш негізгі кешенге біріктірілген: жалпыазаттық қасиеттер; мұғалім мамандығының спецификасын белгілейтін қасиеттер; пән (мамандық) бойынша арнайы білім, білік және дағды. Психологтар профессиограмманы негіздеуде тұлғаның ақыл-ой, сезім, және еріктік қасиеттерін көрсететін педагогикалық қабілеттерді белгілейді. Мысалы, В.А.Крутецкий дидактикалық, академиялық, коммуникативтік қабілеттерімен қатар педагогикалық қиял және зейінді шоғырландыру қабілетін ажыратады.

А.И.Щербаков маңызды педагогикалық қабілеттерге дидактикалық, конструктивті, перцептивті, экспрессивті, коммуникативті және ұйымдастырушылықты жатқызады.

Педагогикалық білім берудің мақсаты - жаңа типті мұғалімнің үздіксіз жалпы және кәсіби дамытылуы. Оған мыналар тән:

- азаматтық жауапкершілік және әлеуметтік бейімделу;
- балаларға деген сүйіспеншілік, оларға жүрек жылуын беруі;
- шынайы зиялылық, рухани мәдениет, басқа адамдармен жұмыс жасауға құштары мен іскерлігі;

- жоғары кәсібилік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі;
- өздігінен білім алуға қажеттілігі және оған дайындығы;
- денсаулық, психикалық саулық, кәсіби жұмысқа қабілеттілік.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

Тапсырма: «Менің педагог профессиограммасымен сәйкестігім» атты эссе жау тапсырылады.

5.3. Студенттердің білімі мен білігін бақылау формалары мен түрлері

Педагогикалық бақылаудың формалары

Жоғарғы оқу орнындағы бақылау жүйесін емтихандар, сынақтар, ауызша жауаптар (әңгімелесу), жазбаша бақылау, реферат, коллоквиум, семинарлар, курстық жұмыстар, лабораториялық бақылау жұмыстары, жобалар, күнделік жазбалары, бақылау журналдары құрайды.

Ауызша бақылау барысында тек білім тексеріліп қоймайды, сонымен қатар, ауызша сөйлеуге жаттығады, педагогикалық қарым-қатынас дамытылады. Жазбаша жұмыстар материалдың меңгерілу деңгейін құжат түрінде көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ оны өткізуге көп уақыт жұмсалады.

Емтихан студенттердің психикасына қосымша әсер етеді. Курстық және дипломдық жұмыстар болашақ маманның шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бақылау түрлерін үйлесімді біріктіру – ЖОО-дағы оқу процесін ұйымдастырылу деңгейінің көрсеткіші және оқытушының педагогикалық біліктілігінің маңызды көрсеткіші.

Уақыты бойынша педагогикалық бақылау ағымдық, тақырыптық, аралық, қорытынды, соңғы болып бөлінеді. *Ағымдық бақылау* студенттерді үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары деп ажыратуға мүмкіндік береді, оқу мотивациясын тудырады (сұрау, бақылау, тапсырмалар, өзін-өзі бақылау мәліметтерін тексеру). *Тақырыптық бақылау* – бағдарламаның нақты тақырыбын және тарауының нәтижелерін бағалау. *Аралық бақылау* – оқу материалының бір бөлігінен келесі сатысына өту үшін әрбір

студенттің оқу жетістіктерін тексеру. *Қорытынды бақылау* – курс бойынша емтихан. Өтілген пәнді оқудың нәтижесі, бұнда студенттің әрі қарай оқуға қабілеті анықталады. *Соңғы бақылау* – мемлекеттік бақылау, дипломдық жұмысты немесе жобаны қорғау, Мемлекеттік емтихан комиссиясының біліктілік беруі.

Бағалау және баға

Бағалау және баға өткізілген педагогикалық бақылаудың нәтижелері болып табылады. *Бағалау* – студенттердің білімі, іскерлігі, дағдысының оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкесітігін/сәйкессіздігін бекітетін тәсіл және нәтиже. Ол үлгермеушіліктің себептерін анықтау, оқу әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін береді. Оқытушы жауаптағы қателердің себептерін анықтайды, студентке қайта тапсыру, қайта қарау үшін не нәрсеге көңіл аударатынын көрсетеді.

Баға – бағалаудың сандық аналогы. Білімді бағалауда мына ұсыныстардан шығу керек:

«Өте жақсы» берілген көлемдегі материалды нақты және берік білген жағдайда қойылады. Жазбаша жұмыста қате болмауы тиіс. ауызша сұрау кезінде студенттің сөзі қисынды негізделген және грамматикалық қатесіз болуы тиіс.

«Жақсы» елеусіз қателіктер, дәлсіздіктер (екі-үштен артық емес) барында пәнді берік білгені үшін қойылады.

«Қанағаттанарлық» - елеулі қателіктері бар пәндік білім үшін қойылады, бірақ ол қателер әрі қарай оқуды жалғастыруға кедергі болмауы тиіс.

«Қанағаттанарлықсыз» - ауызша жауабында немесе жазба жұмысында көп қателер жіберетін болса, пәнді білмесе қойылады.

Бұнда шкаланың артықшылығы – оның қарапайымдылығы, сондықтан ол кең таралған. Кемшіліктері: 1) оқытушы студенттің үлгерімін жеке түсінеді. Бұнда оқытушының субъективтілігі, ағымдық үлгерімге реакциясы, студенттің сабаққа қатысуы, іс-әрекеті, сыртқы түрі, өзін-өзі ұстауы, киім киісі және сөйлеуі әсер етеді. Бірақ сабаққа келмей-ақ жаттап алуға, конспект жазбай-ақ өте жақсы жауап беруге болмайды ма?! 2) әлсіз саралау қабілеті. Бұл жүйе (бес баллдық жүйе деп аталғанмен, төрт бағалау категориялары қолданылады) тек төрт топқа жіктеуге мүмкіндік береді.

Білімді бағалау мәселесі өзектілікке ие. Көптеген оқытушылар бес баллдық жүйеге "+" немесе "-" белгісін қосып, нәтижесінде 10 баллдық жүйе алады. Мысалы:

- 1 – пәндік білімі жоқ,
- 2 - өте нашар білім,
- 3 (2-)– нашар білім,
- 4 (2+) – қанағаттанарлықсыз білім,
- 5 (3-) – аз қанағаттанарлық білім,
- 6 (3+) - қанағаттанарлық білім,
- 7 (4-) – жеткіліксіз деңгейдегі жақсы білім,
- 8 (4+) - жақсы білім,
- 9 (5-) - өте жақсы білім,
- 10 (5+) - өте, өте жақсы білім

Кредиттік білім беру жағдайында, білімді бағалау 100 балдық жүйеде жүріп, бағалау саясатына байланысты мәліметтер силлабустың арнайы бөлімінде көрсетіледі.

Білім бағалау мәліметінде білім бағалау шкаласы, критериясы, жұмыс түрлерінің тізімі және осы жұмыстарды орындау талаптары беріледі.

Әдетте силлабуста келесі мәліметтер көрсетіледі:

- барлық жұмыс түрлерін бағалау ережесі (максималды балл, айыптық және көтермелеу балдары);
- қорытынды (емтихан) бағасын қою критериялары және апелляция ережесі;
- сабаққа кешігу, сабақты қалдыру, дәрісханадағы тәртіп, жұмысты кеш тапсыру, емтиханға қатыспау т.б. мәселелер.

Бағалау саясаты

Бағалау саясаты келесі принциптерге негізделу керек: шынайлық, әділдік, айқындылық, икемділік, жоғары дифференциация.

Қорытынды бағалауға рейтингтік бақылау және емтихан кіреді.

Қорытынды бағалау мен рейтингті бақылау.

Семестрдің 7(8) аптасында (1-7 апта нәтижесі бойынша) және 15 аптада (8-15 апта нәтижесі бойынша) оқытушы 100 балдық шкала бойынша рейтингті бақылау нәтижелерін шығарады және оқытушы өткізген рейтингке қойылатын баға, ағымды, аралық бақылау балдарының сомасын көрсетеді.

Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі

$$U = [(P1 + P2) / 2] * 0,6 + E * 0,4$$

P1 - бірінші рейтингті бағалаудың цифрлік эквиваленті

P2 - екінші рейтингті бағалаудың цифрлік эквиваленті

E – емтихандағы бағалаудың цифрлік эквиваленті

Яғни 30% (1 рейтинг) + 30% (2 рейтинг) + 40% (емтихан).

Семестр барысында екі аралық бақылау жүргізіледі 7(8) және 15 апталарда.

Аралық бақылаулар бойынша студенттің максималды үлгерім көрсеткіші 60% құрайды. Семестр аяғында оқу пәні бойынша қорытынды аттестациялау – емтихан өткізіледі (максималды көрсеткіші - 40%). Пән бойынша қорытынды емтихан бағасы аралық бақылаулар және қорытынды аттестациялаудың максималды көрсеткіштер сомасы ретінде анықталады. Қорытынды емтихан пәннің негізгі теориялық және практикалық материалдарын қамтитын нұсқауларға бөлінген тест тапсырмалары түрінде өтеді. Әріптік бағалау және оның балдардағы цифрлік эквиваленті дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіші бойынша анықталады (кесте бойынша)

Студенттердің білімі келесі кесте бойынша бағаланады:

Бағалау			
Бағаның әріптік баламасы	Бағаның сандық баламасы	Бағаның проценттік баламасы	Бағалаудың дәстүрлі жүйесі
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

Кредиттік оқыту жүйесіндегі студенттердің білім деңгейін бағалаудағы бұл жүйенің тағы да бір жаңа ерекшелігі, ол білім жүйесін демократияландырудың көрсеткіші ретінде енгізілген апелляция өткізу ережесі. Ол мына ереже бойынша өткізіледі:

Апелляция – студент өтініші бойынша білімін бағалауда орын алған кемшіліктерді жою мақсатымен өткізілетін рәсім.

Апелляция төмендегідей жағдайларда өткізіледі:

- емтихан билеті немесе тест сұрақтары дұрыс құрастырылмаған жағдайда;

- тест сұрақтарының жауабы дұрыс болмаған жағдайда;

- тест сұрақтарының бірнеше дұрыс жауабы болған жағдайда;

- емтихан билеті немесе тест сұрақтары оқу бағдарламасынан тыс берілген жағдайда;

- студент білімін бағалауда тьютор тарапынан әділетсіздік болған жағдайда;

- апелляция емтихан өткізілген күннен соң келесі күні өткізіледі;

- апелляция төмендегідей регламент бойынша жүзеге асырылады:

- студент факультет деканының атына жазған өтінішінде апелляцияға беріп отырған пәнді және ондағы келіспейтін мәселелерін толық көрсетуі керек;

- офис-регистратор студент өтінішін апелляция өткізу журналына тіркейді;

- КТО мен тьютор берген жауап парағы қоса тіркеледі;

- факультеттің офис-регистраторы студент өтінішін қарап, апелляцияға өткізу мерзімін белгілейді;

- апелляциялық комиссия құрамына қызметтік лауазымы бойынша факультет деканы немесе офис-регистраторының кіруге құқығы бар;

- апелляциялық комиссия мәжілісі хаттама арқылы рәсімделеді;

- студенттің апелляция нәтижесінде алған бағасы апелляция қорытындысымен ведомостына енгізіледі;

- студенттің рейтингісін анықтауда апелляция қорытындысы нәтижесінде баға есептеледі.

Бұл ереженің тиімділігі мынада: *біріншіден*, студенттерге өз мүмкіндіктері мен сенімділігін көрсетуге жағдай жасайды; *екіншіден*, өз ойларын дәлелдеуге, өз пікірлерін ашық айтуларына мүмкіндік беріледі; *үшіншіден*, апелляцияға дайындалу

студенттерден өздігінен үлкен шығармашылық дайындықты талап етеді; *төртіншіден*, апелляциядан өз пікірін дәлелдеп шыққан жағдайда, студенттің білім траекториясындағы өзіне деген сенімділігін арттыра түседі.

Тестілеу

Оқу үрдісінде тестілеу негізінен білім сапасын анықтау мақсатында қолданылады. Тестілеудің екі түрі бар: *ғылыми; күнделікті, практикалық* (оқу процесінде қолданылатын).

1960 ж. дейін тестілеу оқушыларды қабілеттеріне орай саралау құралы болып саналса, 1960 ж. кейін критерийалдық саралауға бағыттала бастады. Тестілер гомогенді (бір пән бойынша) және гетерогенді (білім жиынтығы тексеріледі) болуы мүмкін. Тестілеу жүйелі түрде өтуі керек: студенттің ЖОО-на түскенінен бастап, ЖОО-нын аяқтаған уақытқа шейін. Бұл өзінің қаржыландыру және штат құрамы бар жүйе. Тестілеу бойынша мамандар өте аз. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттердің барлығы ағылшын тілінде. Батыста тестілік бақылаудың даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым –ның рейтингісі жоғары болады. Нидерланды тестілеудің орталығы болып саналады. Содан кейін Жапония, Австралия, АҚШ тұр.

Тест – белгілі бір мақсатпен педагогикалық өлшеуді жүргізу үшін ғылыми критерийлер негізінде сынақтан өткізілген тапсырмалар жиынтығы. Тестілік бақылаудың мақсаттары:

1. жалпылау – білім сапасын арттыру;

2. локальдық (нақты) мақсаттар:

1. Студенттердің білім көлемін объективті бағалау..

2. Кәсіптік бағдар және кәсіптік таңдап алу. Тестілер абитуриенттердің таңдаған мамандықтарына сәйкестігін анықтайды.

3. ЖОО-рын қорытынды аттестация и аккредитациядан өткізу.

4. Студенттер білімінің құрылымын анықтау. Білімнің көлеміне емес, құрылымына ерекше көңіл бөлінеді (Жапонияда).

5. Білімді толық меңгеру жүйесі

6. Кафедра жұмысының тиімділігі анықтау.

Тестіне ғылыми негізде жасау үшін қажет:

1. Әдіснама(тесті жасау әдістерінің теориясы). теория методов создания тестов). Дәстүрлі екі әдіснама бар:

• 1920-1960 жж. Дейінгі тест жасау әдіснамасы;

• қазіргі әдіснама, латентті (көрінбейтін)-құрылымдық талдау.

2. Педагогикалық өлшеу теориялары.

3. Тестінің педагогикалық теориясы (ұғымдық аппарат, тапсырмалар формалары, мазмұнды таңдау әдістері және т.б.).

Жоғарыда аталған нәрселер тест ұғымының мәнін нақтылауды қажет етеді. Тест – студенттердің білім деңгейі мен білім құрылымын объективті түрде бағалауға мүмкіндік беретін специкалық формадағы тапсырмалар жүйесі. Тестілеу бірлігі – тест тапсырмалары.

Тест тапсырмаларының формалары:

1. Жабық форма. Тапсырмада негізгі бөлім және жауаптар берілген. Нұсқауда көрсетілгені: дұрыс жауапты белгіле.

Жабық тестіге қойылатын талаптар:

1. Стандартты нұсқау.
2. Тапсырмалардың бір деңгейлі шынайылығы.
3. Мәтіннің толық анықтығы (екі жақты мән болмауы тиіс).
4. Мүмкіндігінше қысқа болуы (5-6 сөз).
5. Қарапайым стилистикалық құрылым.
6. Тапсырмада жауапқа қарағанда сөздер саны көбірек болады.
7. Дұрыс және дұрыс емес жауаптар ұзындығы бойынша бірдей болуы керек.
8. Вербальды ассоциация тудыратын жауаптар болмауы керек.
9. Артық сөздер алынып тасталады (берілген суретте, аталған мысалдар ішінде).
10. Тек бір білімді емес, бірнешеуін тексеру керек.
11. Бір стандартты нұсқаудың болуы шарт (мысалы, дұрыс жауапты дөңгелектеңіз).
12. Дұрыс жауап тек біреуі болуы шарт.
13. Негізгі бөлім мен жауаптар арасында қарама-қайшылықтар болмауы тиіс (мысалы, ғарышта ғарышкерге әсер етеді:
 - ауырлық күші;
 - бекіну нүктесінің күші;
 - ешқандай күштер әсер етпейді).
14. Жауаптардағы қайталанатын сөздерді алып тастау: негізгі жер өңдеу аймақтары орналасқан:
 - тайга аймағында;
 - орман аймағында;
 - аралас орман аймағында;
 - дала аймағында.

II. Ашық форма. Студент жауапты сөз немесе графика арқылы өзі береді. Бұл тестілерді ағымдық бақылауда қолданған тиімді. Оның нұсқауы: "Толықтырыңыз...".

Ашық тестіге қойылатын талаптар:

1. Толықтыру сөзі ең соңында қойылады.
2. Толықтыру сөзі тек біреу болуы шарт.
3. Барлық бос орындардың ұзындығы бірдей болуы тиіс.

Мысалы:

Ең алғашқы грек философы_____.

Қышқыл тұздары_____ аталады.

Вакуумдағы жарық жылдамдығы_____ тең.

III. Сәйкестікке берілетін тапсырмалар

Тапсырмалар екі көптіктен тұрады, оң бағанда – таңдау үшін, сол бағанда – жауап үшін. Оң жақ бағанда 1-2 элемент артық болады. Нұсқау – сәйкестікті орнату.

Мысалы:

реплика пікірлер авторлар

IV. Дұрыс бірізділігін анықтауға берілген тапсырмалар (техникалық мамандықтар үшін бұл тестілер орынды, себебі алгоритмді білуді қажет етеді).

Нұсқау: жианудың жұрыс бірізділігін анықта.

Мысалы, бағанда белгілі бір механизмнің бөлшектері мен бөліктерінің атаулары аралас, ретсіз беріледі.

Тестінің бағасы болуы мүмкін:

- полигамиялық, егер 10 тапсырманың біреуі дұрыс болмаса балл қорытындысы 9-ға тең;
- дихотомиялық(дұрыс жасады - 1, дұрыс емес - 0).

Тест тапсырмаларының сипаты

1. Мазмұны. Курстың мазмұны неғұрлым толық алынса, соғұрлым тестінің валидтілігі артады. 360 тапсырма шамамен 1,5-2 сағтта орындалады.

Тест тапсырмасының мазмұнына қойылатын талаптар:

- пәндік тазалық (пәнаралық элементтер неғұрлым аз болса, соғұрлым тест мазмұны таза болады);
- мазмұнның мәнділігі. Мазмұн бөліктерге ажыратылады. Бұл өте күрделі процесс.
- мазмұн өзгергіш, репрезентативті болуы тиіс (пәндік білімді толық ашатындай);

- мазмұн ғылыми дәлелденген болуы тиіс (қазіргі ғылымның сипатталуы).

2. Тест тапсырмаларының формалары. Форманы таңдау:

- курс мазмұнына;
- тестіні жасау мақсатына(бақылау);
- тест жасаушының іскерлігіне тәуелді.

3. Қиындық деңгейі: тапсырмалар қиындығы әртүрлі болуы тиіс; ешкім орындай алмайтын 1-2 тапсырманың болуы; барлығы орындай алатын 1-2 тапсырманың болуы; тапсырмалардың 60-70 % қиындығы орташа деңгейлі болуы.

4. Саралу қабілеті. Білетін студенттер тапсырманы орындауы тиіс, білмейтіндер – орындай алмайды.

5. Локальдық дербестік: тапсырмаларды орындау жұмыстың басқа формаларын орындау нәтижелерінен тәуелсіз.

6. Тапсырмалардың ақпараттық сипаты. Әрбір тапсырма ақпараттық қызмет атқарады.

Тест тапсырмаларын жасау кезеңдері

1. Тапсырма мазмұнын таңдау.
2. Тапсырма формасын таңдау.
3. Нұсқау даярлау және тестке сипаттама беру
4. Тестіні сынақтан өткізу (эмпирикалық мәліметтерді жинақтау).
5. Эмпирикалық мәліметтерді өңдеу.
6. Өңдеу нәтижелерін интерпретациялау.
7. Тест сапасын сараптамадан өткізу

Сонымен жаңа оқыту жүйесінде оқу үрдісін ұйымдастыру мен студенттердің білім деңгейін бағалауды бірнеше кезеңге бөліп, оларды арнайы ережелер бойынша өткізу, жаңа жүйеде студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне аса зор мән беріліп отырғанын аңғартады.

Бесінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогика мамандығына кіріспе курсының мақсат, міндеттері қандай?
2. Педагогика мамандығына кіріспе пәнін оқытуда қандай типтік бағдарламаларға сүйенеді?
3. Болашақ педагогтарды даярлаудағы бұл курстың маңызы мен қажеттілігі?

4. Педагог мамандығының пайда болуы мен қалыптасуы.
5. Педагог мамандығының ерекшелігін атаңыз..
6. «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі» бойынша негізгі құжаттарға сипаттама беріңіз.
7. Мұғалімнің құқықтары мен міндеттеріне талдау жасаңыз.
8. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің құрылымы, оның даму перспективасын атап көрсетіңіз.
9. 050103-«Педагогика және психология» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартымен таныссыз ба?
10. ҚР 2011-2020 жж Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына жалпы сипаттама беріңіз.
11. Педагогикалық қызметтің компоненттері
12. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
13. Өздік жұмыстың түрлерін атаңыз.
14. Студенттердің білім мен білігін бақылау формалары қандай?
15. Студенттердің білім мен білігін бақылау түрлерінің ерекшелігі қандай?

Бесінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан., 2007.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.- Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003-2009. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.
3. Білім туралы. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319- III Заңы. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы.- Алматы: ЮРИСТ, 2008.-216б.
4. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- 2002
5. Введение в специальность/ Под ред. Л.И.Рувинского. – М., 1988.
6. Орлов А.А., Агафонова А.С. Введение в педагогическую деятельность. Москва. Академа.2004.
7. Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. – Новосибирск., 1991.

8. Мұханбетжанова Ә., Мұқанбетова Ш. Педагогика мамандыққа кіріспе. Орал, 2009, 100 б.
9. Мижериков В.А., Ермоленко М.Н. «Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений.- М.,1999.-288.
10. Бегалиев Т. Педагогика. Тараз.2001
11. Педагогика. Уч. Пособие/ Под.ред.Пидикасистого. – М., 1998
12. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шлянов Е.Н. Педагогика. М., 2000.
13. Подласый И.П. Педагогика: 100 вопросов 100 ответов: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. М., 2001
14. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1990
15. Берікұлы Ниетжан. Педагогика. Ақтөбе, 2004
16. Бегалиев Т. Педагогика. Тараз, 2002
17. Латышина Д.И. История педагогики.- М., 2003.
18. Васильева З.И. История образования и педагогической мысли за рубежом и в России.: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М., 2004.
19. Коменский Я.А., Локк Д., Руссо Ж.Ж., Песталоцци И.Г., Кларин В.М. и др. Педагогическое наследие // сб. соот.-М.: Педагогика, 1987.- 415с.
20. Вершловский С.Г. Учитель о себе и о профессии. – Л., 1988
21. Мұханбетжанова Ә., Мұқанбетова Ш. «Педагогикалық шеберлік» Орал 2006., 75 б.
22. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. Минск, 1990
23. Журавлев В.И. Педагогика в системе наук о человеке. М., 1990
24. Н.Д.Хмель Мұғалімді кәсіптік дайындаудың теориялық негіздері. – Алматы, 1998
25. Гамаюнов К.К. Самостоятельная работа студентов. Методические рекомендации преподавателям. - Л., 1988.

VI. «ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ» БӨЛІМІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. «Педагогиканың жалпы негіздері» курсының мақсат, міндеттері. Пән бойынша университеттерге арналған типтік және оқу жұмыс бағдарламалары

Кез келген оқу пәнінің мазмұны тәрбиенің мақсатымен белгіленеді, оның нақты көрінісі болып табылады. Қоғам дами отырып, білім берудің жаңа міндеттерін белгілейді, олар барлық оқу пәндерінің мазмұнында көрініс табады. Педагогика қоғамдық ғылым болғандықтан ол қоғам талаптарын көрсетеді.

Жоғарғы оқу орындағы педагогика курсының мазмұнында жалпы педагогиканың негізгі қағидалары берілуі тиіс. «Педагогиканың жалпы негіздері» бөлімі бірден қалыптасқан жоқ. Бұл бөлімді жоғарғы оқу орнының оқу бағдарламасына енгізу жайында көптеген талассөздер жүргізілді. Бұл бөлімнің маңызы, әсіресе, педагогика курсы үш бөліктен тұрғанда көріне басталды: педагогикаға кіріспе, дидактика және тәрбие теориясы. Кейінірек дидактика және тәрбие теориясы бөлек пән ретінде оқытыла бастады. Сондықтан барлық педагогикалық жоғары және орта арнаулы оқу орындарында болашақ мамандарды педагогика ғылымының теориялық негіздерімен қаруландыру басты міндет болып табылады.

«Педагогиканың жалпы негіздері» курсы педагогикалық пәндер жүйесінде басты модуль болып табылады. Жалпы педагогика адам дамуының заңдылықтарын, дамудың негізгі факторларын, тұлғаның қалыптасуын зерттейтін негізгі ғылыми пән. Курсының *мақсаты* болашақ педагог-психологтардың теориялық және әдістемелік біліммен қаруландыру болып табылады. Осыған орай курстың негізгі *міндеттеріне*:

- педагогикалық теория мен практика саласында студенттердің жан-жақты терең білімін қалыптастыру;

- болашақ педагог-психологтардың педагогикалық ойлауы мен көзқарасын қалыптастыру;

- қазіргі педагогикалық ғылымның түсіндірмелік аппараты, әдіснамасы, зерттеу әдістері саласындағы жетістіктермен таныстыру;

- педагогиканың басқа бөлімдерін зерттеу және ұғынудың негізін қалау жатады.

«Педагогиканың жалпы негіздері» курсының зерттеу *объектісі* – жалпыпедагогикалық жүйедегі басты модуль ретіндегі мазмұны.

«Педагогиканың жалпы негіздері» курсының *мазмұнында* педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, адамтану жүйесіндегі педагогиканың орны, педагогиканың аксиологиялық негіздері; қазіргі шетел педагогикалық тұжырымдамалары; қоғамды демократияландыру мен ізгілендірудегі және білім берудің жаһандануындағы педагогиканың рөлі мен дамуы қарастырылады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының формалары: педагогикалық сөздік жүргізу, түпдеректерді конспектілеу, аннотациялау, педагогикалық әдебиеттерді рецензиялау, рефераттар мен эсселер жазу..

«Жалпы педагогика негіздері» курсын табысты меңгеру студенттердің өз бетімен жұмыс жасауын қажет етеді, пәнді оқу емтихан тапсырумен және курстық жұмысты орындаумен аяқталады.

2. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Педагогика пәні», «Жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру», «Педагогикадағы мақсатты анықтау»

«Педагогика пәні»

Курстың алғашқы тақырыбы оның оны тансытырудан курстың әрі қарай қабылдануы жүреді. Қазіргі оқу құралдарында осы тақырыпты баяндаудың белгілі бір жүйесі қалыптасқан. Ол жүйе тақырыптың нәтижелі меңгерілуін қамтамасыз етеді.

Ең алдымен, педагогикаға тәрбие жайындағы ғылым ретінде анықтамасы беріліп, педагогика пәнін нақытылауға, тереңдетуге арналады. Педагогика тарихына шолу жасау арқылы білім алушыларға педагогиканың пәнін, әдіснамасын және педагогикалық зерттеудің әдістерін түсіндіру жүргізіледі. Педагогика ғылымының дамуына қазақтың белгілі философтары, ағартушы педагогтары, психологтары айтарлықтай үлес қосқандығын айтта кету керек.

Педагогика адам тәрбиесі жайындағы ғылым. Педагогика теориясының дамуын әңгімелей отырып, оның практикада қалай жүзеге асатындығын белгілі педагогтардың еңбектері мен көқарастары арқылы саптаған жөн. Педагог білім алушының дамуы мен тәрбиесін ұйымдастырушысы ретінде пәнге жалпы анықтама бере отырып, мектеп педагогиканың пәнін белгілеп өткен жөн.

Содан соң педагогиканың негізгі ұғымдары беріліп, тәрбиенің мәні ашылады. Педагогиканың негізгі ұғымдарын меңгеруде көп жұмыс қажет. Педагогика оқулықтарында «тәрбие» ұғымына бірнеше анықтама беріледі. «Білім беру» ұғымына анықтама бергенде оның үрдіс, білім берудің нәтижесі екендігін атап өту керек.

Келесі күрделі сұрақтардың бірі – бұл педагогиканың әдіснамасы және зерттеу әдістері. Ең алдымен, әдіснама жайында айтылған пікірлер көптігіне тоқталады. Дәріс барысында әдіснамаға анықтама беріліп, оның құрылымының үш бөлімнен тұратынын көрсету керек: 1) Әдіснамалық негіздемелер, бастапқы қағидалар, ғылымның әдіснамалық ақпараты; 2) Педагогикалық теория: идеялар, заңдар, болжамдар, ғылыми фактілер; 3) Қолданбалы бөлім. Онда принциптер, ережелер, зерттей әдістері және ғылыми ұсыныстар.

Әдіснамалық зерттеулер педагогиканың пәнін, оның басқа ғылымдар жүйесіндегі орнын, мәселелерін дәлірек және тереңдете белгілеуге мүмкіндік береді. Әдіснаманың басты міндеті – тәрбие жайындағы білімді табу жолдары мен принциптерін, әдістерін белгілеу.

1. Әдіснаманың маңыздылығын білім алушыларды нақты зерттеумен, оның өтуімен және нәтижесімен таныстыру арқылы аша түсуге болады. Нақты мысалмен зерттеудің бастапқы қағидаларын, болжамын, міндеттері мен кезеңдерін, әдістерін көрсетумен түсіндіріледі. Ғылыми әдістер жайында В.И.Загвязинскийдің «Методология и методы педагогического исследования» - М., 2003., Педагогика / Дәріс курсы. Абай ат. ҰПУ.- Алматы: «Нұрлы әлем», 2003 оқулықтарынан алуға болады.

Педагогиканың дамуын көрсетуде көрнекілікті дұрыс пайдаланған жөн. Тақырыптың «Педагогикалық ғылымдар жүйесі» сұрағын сызба түрінде түсіндіруге болады. Олар педагогиканың тәрбиемен байланысын сипаттап білім алушыларға түсіндіруде қажет құралдар: суреттер, педагог портреттері, оқулықтар, фотокошірмелер.

«Жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру»

«Педагогиканың жалпы негіздері» курсындағы ең күрделі тақырыптарының бірі. Бұл тақырыпты аталмыш курс мазмұнына орыс педагогы П.Н. Груздев енгізіген. Тақырып мазмұнына сәйкес

негізгі ұғымдарға, жеке тұлға туралы түсінікке, тұлғаның тәрбиеленуі мен қалыптасуына, тұлға дамуындағы оқытудың орнына, тұлғаны әлеуметтендіру және қалыптастыру факторларына: тұқымқуалаушылық, орта мен тәрбие факторларының ролі туралы сипаттама беріледі. Оқытушының міндеті – осы факторлардың адам дамуында қандай өзара байланыста, тәуелділікте болатындығын көрсету. Сонымен қатар тұлға дамуының негізгі факторларының әртүрлі жас кезеңдерімен байланысын түсіндіруде дамудың негізгі заңдылықтарын (біркелкі еместігін, тәрбиелік ықпалға сәйкессіздігін, қарама-қайшылығын) көрсетуге негізделеді. Әдетте, бұл адам дамуының тарихи жолы арқылы сипатталады. Осы мақсатта түрлі құралдар: әдеби кейіпкерлер, кинофильмдерден мысалдар, оқытушының білім алушыны ұзақ бақылау нәтижелері және т.б. қолданылады.

Бұл тақырып негізінен теориялық жағынан оқытылса да, практикалық тапсырмалар беруге болады. Мысалы, тұлға дамуындағы тәрбиенің ролі жайында айтылған белгілі педагогтардың пікірлерін талдау (А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, М.Жұмабаев, А.Құнанбаев және т.б.), педагогикалық ситуацияларды шешу, білім алушы тұлғасының кейбір жақтарының дамуын, өзгерісін бақылау және т.б.

Дәрістің мазмұндық негізі күтілетін нәтижелер мен міндеттерге жетуге бағытталауы тиіс. Сондықтанда жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін факторлармен танысуды интерактивті әдістер мен сыни тұрғыдан жазу және ойлау технологиясының элементтерін пайдалану арқылы өткізуге болады. Тақырып бойынша білім беру үдерісін бұлай ұйымдастыру – педагог пен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің сабақтастық, үздіксіздік, табиғатқа үйлесімділік, практикаға бағдарлану ұстанымдары арқылы жүзеге асуына мүмкіндік береді. Төменде осы тақырыптың үлгі жоспарын ұсынамыз.

Тақырыбы: Жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру

Мақсаты: педагогика ғылымындағы жеке тұлғаға қатысты берілетін түсінік жөнінде жалпы мағұлымат беру негізінде, жеке тұлғаның даму факторлары туралы білім жүйесін қалыптастыру.

Тірек ұғымдар: тұлға, жеке тұлға, индивид, даралық, даму, тәрбие, қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторлары, қозғаушы күштер, әлеуметтену.

Міндеттері:

6. Педагогика ғылымындағы жеке тұлғаның дамуына қатысты қарастырылатын тұлға, индивид, жеке тұлғалық, даму, қалыптасу, тұқымқуалаушылық, тәрбие, әлеуметтену ұғымдарына жалпы түсінік беру арқылы бірлесіп талқылау;

7. Оқыту мен жеке тұлға дамуының байланысын анықтау арқылы болашақ педагогтар үшін практикалық мәнді мәселе болып табылатын оқыту формалары мен әдістерін таңдау икемділіктерін қалыптастыру;

8. Әлеуметтену ұғымына берілген сипаттама негізінде жеке тұлғаның әлеуметтену кезеңдерін қарастырып, факторларын анықтау.

Күтілетін нәтижелер: Білім алушылар дәріс барысында :

➤ Педагогика ғылымындағы жеке тұлғаның дамуына қатысты қарастырылатын ұғымдар туралы жалпы түсінік алу үшін бірлесіп талқылайды;

➤ Оқыту мен жеке тұлға дамуын жүзеге асыру үшін тиімді болып табылатын оқыту формалары мен әдістерін сараптай алады;

➤ Жеке тұлғаның әлеуметтену кезеңдерін жіктеп, оның жүзеге асу факторларын анықтайды.

➤ Оқу міндеттерін шешуде теория мен практика арасындағы байланысты анықтай алады;

➤ қажетті ақпараттарды алу және іріктеу тәсілі ретінде сөйлеу, жазу, талдау іс-әрекеттерін жүзеге асырып, алынған ақпаратқа қатысты өзінің ойын білдіреді;

➤ кез келген ақпаратты беру және қабылдау үшін жағдайға қарай шағын көлемдегі мәтін түрлерімен жұмыстанады;

➤ қойылған мәселелерді шешу үшін топпен бірлесіп жұмыс жасайды.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Жаттығу: «Менің бейнем ... »

Мақсаты: Білім алушылардың белсенділігін арттырып өнімді жұмысқа тартау.

Тапсырма: Білім алушылар төменде берілген «Мен» бейнесіне қатысты ойларды өздерінің дүниетанымына сәйкес аяқтап бір-біріне және аудиторияда оқып береді.

«Менің» ерекшелігім ...

- «Мен» жеке қарым-қатынаста ...
- «Мен» ұжымда ...
- «Мен» ұнатпаймын ...
- «Мен» ақпаратпен жұмыстанғанда ...

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Жаттығу: «Екі жақты күнделік» (кестені толтырыңыз)

Мақсаты: Білім алушыларды белсенді іс-әрекетке бағыттау.

Тапсырма: Білім алушыларға дәріс мазмұнымен байланысты «Екі жақты күнделік» толтыру тапсырылады.

- Төменде берілген кестені өз дәптерлеріңізге жазбаша түрде орындап аяқтаңыз. Пікірлеріңізді орта салып топта талдаңыз.

«Жеке тұлға» деп кімді айтуға болады? Оның дамуы мен тәрбиесі туралы Мен не білемін?	
Нені білгім келеді?	
Нені үйренгім келеді?	

3. Үлестірмелі материалдармен жұмыс

Тапсырма: Білім алушылар төрт шағын топқа бірігіп, өздерінің үлестірмелі материалымен жұмыстанып, «Түйінді сөздер» атты төмендегі кестені өз тақырыптарына сәйкес толтырады. Жұмыс соңында әрбір шығын топ өкілі материалды аудиторияға түсіндіріп, бірлесіп талдайды.

Кесте - «Түйінді сөздер» (өздік жұмысқа арналған материал бойынша толтырылады)

Тақырыбы	Түйінді сөздер, олардың анықтамасы

1-топ тапсырмасы: «Жеке тұлға туралы түсінік»

Тұлға - біріншіден, дербес әрекет жасайтын субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. тұлғаның мәні нақты индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның әлеуметтік жүйе шеңберіндегі өзімен-өзі болу қабілетінде ашылады; екіншіден, адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын еркін және жауапкершілікпен аңқытайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам әлеуметтену процесінде тұлғаға айналады.

Индивид (лат. *individuum* – бөлінбейтін) – 1) жекелей табиғи тіршілік иесі. *Homo sapiens* түрінің өкілі филогенездік және онтогенездік дамудың, туа біткен және жүре біткеннің біртұтастығының өнімі, тән сипатты даралық белгілердің иесі ретіндегі адам; 2) адамзат қауымдастығының жеке бір өкілі; табиғи шектелу шеңберінен асып шыққан, құралдарды, белгілерді пайдаланатын және осылар арқылы өзінің мінез-құлқы мен психикалық процестерді меңгеретін әлеуметтік тіршілік иесі. Индивидтің сипаттамалары:

- психофизиологиялық ұйымдасуының тұтастығы;
- қоршаған ортамен өзара әрекеттестіктегі орнықты тұрақтылығы;
- белсенділігі.

Тұтастық белгісі индивидтің өмірлік қатынастарын жүзеге асыратын сан алуан функциялар мен механизмдер арасындағы байланыстардың жүйелі сипатын көрсетеді. Тұрақтылық индивидтің шындық болмысқа деген негізгі қатынастарының сақталуын анықтайды. сонымен қатар, икемділік, вариативтілік жайттарының болуын көздейді. Белсенділігі оның өзін өзгертуге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғалық (индивидуальность) – 1) жеке адамның қайталанбас, өзіндік ерекшелігі, тек соған тән ерекшеліктердің

жиынтығы; 2) басқа адамдардан өзінің әлеуметтік мәнді ерекшеліктері тарапынан сипатталатын адам; индивидтің психикасы мен тұлғасының өзіндік ерекшелігі, оның қайталанбастығы. Жеке тұлғалық темперамент, мінез белгілерінде, мүдделер сипатында, перцептивтік процестер мен зият санасында, қажеттіліктері мен қабілеттерінде көрінеді.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы. Жеке тұлғаның даму мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген.

Адам – өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі, сондықтан да табиғат заңдары оның дамуына әсер етеді. Адам табиғатының өзгеруі адам өмірінің әлеуметтік жағдайларының әсерінен болады, адамның тектілігі тек биологиялық жағынан емес, сонымен қатар, тарихи даму нәтижесінде де пайда болады. Адамның жалпы дамуында, осылайша, негізгі екі бағыт байқалады: биологиялық және әлеуметтік. Адам биологиялық тіршілік иесі болып туады, алайда өз дамуы барысында ол әлеуметтік тіршілік иесіне айналады.

2-топ тапсырмасы: «Тұлғаның тәрбиеленуі мен қалыптасуы»

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдары қолданылады. Даму табиғатқа, қоғамға, жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады. *Даму* – төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс. Даму кезінде барлық философиялық заңдар жүзеге асады: өзгеру, санның сапаға ауысуы, Бұл қозғалыс, өзгеріс жеке тұлға дамуының қозғалыс күші болып келетін қарама-қайшылықтар күресі арқылы жүзеге асады.

Жеке тұлғаның дамуы – оның қасиеттері мен сапасындағы сандық және сапалық өзгерістер процесі (адамның анатомиялық-физиологиялық жетілуі, оның жүйке жүйесі мен психикасының дамуы, танымдық және шығармашылық іс-әрекетіндегі, оның дүниетанымы, өнегелілігі, қоғамдық-саяси көзқарастары мен сенімдерінің кеңеюі).

Қалыптасу – бір нәрсеге пішін мен тұрақтылық беру; толықтық пен нақты бір түр беру; жеке тұлғаның дамуының нәтижесі және оның пайда болып, тұтастыққа, бірқалыпты қасиеттер мен сапаларға ие болуы. Бұл арада тұқымқуалаушылықтың мәні өте зор. *Тұқымқуалаушылық* – баланың ата-анасынан немесе ата-бабаларынан қалған биологиялық ерекшеліктердің жиынтығы. Ол екі түрге бөлінеді: жалпы адамзаттық (тік жүру, сана, ақыл, сезім мүшелерінің даму бейімділігі, шартсыз рефлексдер, нәсілдік және ұлттық белгілер) және даралық (жүйке жүйесінің түрі, анатомиялық-физиологиялық бейімділіктер).

Жеке тұлғаның қалыптасуына қоршаған орта да әсер етеді, яғни адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар. Оның екі түрі бар: макро және микро. Макроорта – адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар деңгейі, өмірдің қаржы жағдайлары, мәдениеттің даму деңгейі, бұқаралық ақпарат құралдары). Микроорта – адамның ең жақын қарым-қатынас ортасы.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың арасында тәрбие ең маңызды орын алады. *Тәрбие* - өсіп келе жатқан ұрпаққа жалпы адамзаттық құндылықтарды игерту үшін мұғалім мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы бірлескен іс-әрекеттердің педагогикалық процесін ұйымдастыру.

Тұқымқуалаушылық пен қоршаған ортамен қатар тәрбие тұлға қалыптасуының үшінші факторы болып саналады. Тәрбиеде тұқымқуалаушылық, бейімділік пен қоршаған ортаның өзгерістері жөнге келтіріледі. Барлық балалар тәрбие-білім беру мекемелерінен өтеді, ол мекемелер педагогикалық процесті сауатты құрастырып, оқушылардың жан-жақты қызмет әрекетін жемісті ұйымдастырады. Тек тәрбие ғана жеке тұлға дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асырады, оның бейімділігі мен қабілеттілігін күшейтеді.

3-топ тапсырмасы: «Тұлға дамуындағы оқытудың орны»

Оқыту мен дамудың байланысын анықтау практикалық мәнді мәселе болып табылады. оны шешуден білім берудің мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін таңдау жүзеге асырылады.

Оқыту – білім, білік, әрекет дағдыларын үйрету мен меңгерту процесі, өмір мен еңбекке бейімді етіп дайындаудың негізгі құралы.

Оқыту процесінде білім мен тәрбие мақсаттары жүзеге асырылады. Нәтижесінде адамзат тәжірибесі меңгерілетін оқушының ішкі және сыртқы белсенділігін басқару процесі. Оқытуға сәйкес даму екіжақты түсіндіріледі: 1) мидың, оның анатомиялық-биологиялық құрылымының биологиялық-органикалық пісіп-жетілуі; 2) психикалық (ақыл-ойдың) дамуы.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда оқыту мен дамудың өзара қатынасы үш тұрғыдан түсіндіріледі:

1. Оқыту мен даму жеке-жеке, бір-біріне бағынышты емес процестер (В.Штерн, Ж.Пиаже).

2. Оқыту мен даму – біртұтас процесс (Джеймс, Торндайк).

3. Оқыту мен даму бірге, оқыту дамудан кейін және оқыту дамудан бұрын жүретін процесс (Коффка және т.б.).

Осылайша, оқыту мен даму бір-бірімен өте тығыз байланыста: олар – біртұтас процесс. Оқытудан тыс даму жүрмейді.

Оқыту процесінде дамудың сипаты алынатын білім және оның ұйымдастырылуымен анықталады.

4-топ тапсырмасы: «Тұлғаны әлеуметтендіру және қалыптастыру факторлары»

Адамның қоғаммен байланысы «әлеуметтену» ұғымымен белгіленеді. Әлеуметтену – бұл тұлғаның әлеуметтік жүйеге бейімделуі. Ол «бейімделу» ұғымымен байланысты. *Бейімделу* («адаптация» лат. «*adaptatio*» – бейімделу) – биологиялық термин, тірі ағзаның қоршаған ортаға бейімделуі. Осылайша, әлеуметтік және психологиялық бейімделу терминдері пайда болады. Оның нәтижесі – тұлғаның түрлі әлеуметтік ситуацияларға, микро- және макротоптарға бейімділігі. Бейімделу ұғымы көмегімен әлеуметтену былай түсіндіріледі: адамның әлеуметтік ортаға ену және оның мәдени, психологиялық және әлеуметтік факторларға бейімделу процесі.

Қоғам әлеуметтік құрылымдарын сақтап қалу мақсатында әлеуметтік стереотиптер мен стандарттарды (топтық, таптық, этникалық, кәсіби және т.б.), рольдік мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Қоғамнан бөлектенбес үшін тұлға әлеуметтік ортаға, әлеуметтік байланыстар жүйесіне ену арқылы осы әлеуметтік тәжірибені меңгереді. *Әлеуметтену* бұнда әлеуметтік

тәжірибені, құндылықтарды, нормаларды, ұстанымдарды меңгеру арқылы адамның қоғамға бейімделу және интеграциялану процесі.

Бірақ тұлға өзінің дербестігіне, автономиясына, жеке көзқарасының қалыптасуына, қайталанбас даралығына ие. Осыған сәйкес, *әлеуметтену* – бұл әлеуметтік байланыстар мен тәжірибені меңгерумен қатар жаңа, жеке дара тәжірибе туындайтын тұлғаның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру процесі.

Әлеуметтенудің мәні адаптация, интеграция, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру процестерінде көрінеді.

Әлеуметтену – үздіксіз процесс. Ол өмір бойы жалғасады. Ол бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Ғылымда әлеуметтену кезеңдерін ажыратуда еңбектену іс-әрекетіне сүйенеді.

1. *Еңбекке дейінгі кезең*, дүниеге келгеннен еңбектену қызметіне дейінгі уақытты қамтиды. Бұның өзі екі кезеңнен тұрады: ерте әлеуметтену – дүниеге келгеннен мектепке барғанға дейін; жастық шақтағы әлеуметтену – мектепте, техникумда, жоғары оқу орнында және т.б. білім алуы.

2. *Еңбектену кезеңі*, адамның жетілуін қамтиды. Оның уақыты нақты белгіленбеген, себебі бұнда адамның бүкіл еңбектену жолы енеді.

3. *Еңбектенуден кейінгі кезең*, егде шақта еңбек әрекеті тоқтаған кезде жүреді.

Әлеуметтену процесі барысында тұлға түрлі рольдерді орындайды. Оларды әлеуметтік рольдер деп атайды. Рольдердің көмегімен тұлға өзін көрсетуге, ашылуға мүмкіндігі бар.

Әлеуметтену факторлары - әлеуметтену процесі өтуіне қажет жағдайларды туғызатын шарттар. А.В.Мудрик әлеуметтенудің негізгі факторларын үш топқа біріктіреді:

макрофакторлар (ғарыш, планета, әлем, ел, қоғам, мемлекет), олар планетаның барлық тұрғындарының немесе белгілі бір елде өмір сүретін адамдардың үлкен тобының әлеуметтенуіне әсер етеді;

мезофакторлар (мезо – орташа, аралық) – ұлттық сипаты (этнос - әлеуметтену факторы), олар өмір сүретін жердің орны мен типі (аймақ, қала, ауыл); бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникацияның аудиториясына байланысты анықталатын адамдардың үлкен тобының әлеуметтену жағдайлары;

микрофакторлар – нақты адамдарға тікелей әсер етушілер – жанұя, жостары, микроортасы, әлеуметтік тәрбие жүргізілетін ұйымдар – оқу, кәсіби, қоғамдық және т.б.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

4. Жаттығу: «Екі жақты күнделік» (кестені толықтырыңыз)

Мақсаты: Білім алушыларды алған білімдерін жинақтап қорыту.

Тапсырма: Білім алушылардың дәрістің басында толтырған «Екі жақты күнделіктерін» толықтыру тапсырылады.

Нені білгім келді	
Нені үйрендім	

«Педагогикадағы мақсатты анықтау»

Тұлғаны жан-жақты дамыту – тарихи құбылыс. Оны әрбір тарихи кезеңдегі құжаттар мен деректерді қарай отырып, көруге болады. Бұл тақырыпты ашуда ҚР-ның мемлекеттік құжаттарына сүйенген дұрыс: ҚР-ның «Білім туралы» Заңы, «Тәрбие тұжырымдамасы», «ҚР 2015 жылға дейінгі білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы», ҚР «2011-2020 жылары білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы».

Сонымен қатар, педагогикадағы негізгі философиялық тұжырымдамаларды сипаттай отырып, әрбіреуінде тәрбие мақсатын белгілеуіндегі ерекшеліктерді көрсету керек. Олар: неотомизм, прагматизм, экзистенциализм, бихевиоризм. Сонымен бірге, бұл дәрісте пәнаралық байланыс жүзеге асырылатындықтан, тақырыптың философия, тарих пәндерімен байланысын талқылау қажет.

Практикалық сабақтарда осы тақырып бойынша педагогикалық ситуацияларды шешу, жаттығуларды орындау, мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмыс жоспарларымен таныстыру.

3. Курс бойынша практикалық тапсырмалардың өзгешеліктері

Дәріс кезінде деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім алушы төменгі деңгейді орындап қана шектелуі мүмкін немесе бірнеше деңгей тапсырмасын ұқыптылықпен, жауапкершілікпен меңгеруі мүмкін. Егер аз уақыттың ішінде білім алушы көп тапсырма орындап үлгерсе, ол білім алушының іскерлігі, шеберлігі, белсенділігі мен қабілеттілігі жоғары. Білім алушының осындай зеректігін одан әрі дамыту үшін де деңгейлік тапсырмалар қажет. Мұғалім деңгейлік тапсырмалар арқылы сабақ кезеңдерінде білім алушының танымдық ойын, белсенділігін, икемдігін арттыру жұмыстарын шеберлікпен жүргізе алады. Деңгейлік тапсырма негізінде оқу объектілерінің терең де шығармашылық ара қатынасы ескеріледі. Білім алушының өзін-өзі тануына, өз күйін өзі сезінуіне, ізденімпаздық тудыратындай әлеуметтік – мәдени кеңістік жасау қажет.

Деңгейлік оқыту технологиясын келесі бағытта қолданамыз. Білім алушыларға деңгейлік тапсырмалар беріледі. Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде жүргізіледі. Әр сыныпта білім алушылардың өз бетімен жүргізген жұмыстары тоқсандық қорытынды жұмыстары, бақылау жұмыстары есепке алынады. Әр білім алушының жеке дамуының көрсеткіші жасалады. Білім алушы өзін-өзі бақылайды. Жыл соңында әр білім алушының білім сапасы қорытындыланады. Жыл бойы құрылған әр білім алушының білім сапасының мониторингісінен оның білім деңгейі анықталады. Білім алушы жыл бойы өзінің қалыс қалған жақтарын есепке алып отырады.

Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз – білім алушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын, жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі. Мұндай жұмыстар жүйесі төрт деңгейлік тапсырмалардан тұрады. Бірінші деңгей тапсырмалары білімнің минималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес, бағдарлама мөлшерінен аспайтын, білім алушының жас ерекшеліктеріне сай болады.

Деңгейлік тапсырмаларды құруға қойылатын талаптар мынадай: Біріншіден, мұғалім деңгейлік тапсырма құрылатын сыныптың бағдарламасын, мемлекеттік, стандартты, базалық оқу

жоспарын толық білуі тиіс. Екіншіден, білім алушының физио – психологиялық ерекшелігі, қабілеті, білім деңгейі назарға алынғаны жөн. Үшіншіден, білім алушылардың басқа пәндерден алған білімдері ескеріліп, пәнаралық байланыс жүзеге асырылады. Әсіресе орыс оқу орынытеріндегі қазақ тілі тапсырмаларына әдебиет материалдарын пайдалану өте тиімді. Төртіншіден, деңгейлік тапсырмалар қызықты, білім алушының ойлау қабілетін дамытатын, көркемдігі жоғары, тілі түсінікті болуы қажет. Бесіншіден, тапсырмалар біртіндеп күрделене келіп, білім алушының жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру мақсатына сай мазмұны терең, жан-жақты болғаны жөн.

Алтыншы тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Педагогиканың жалпы негіздері» бөлімінің маңызы қандай? Курстың мақсат, міндеттерін талдаңдар.
2. Пән бойынша университеттерге арналған типтік және оқу жұмыс бағдарламалары қандай?
3. «Педагогика пәні» тақырыбының әдістемелік сипаттамасын ашыңыз.
4. «Жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру» тақырыбына әдістемелік сипаттама беріңіз.
5. «Педагогикадағы мақсатты анықтау» тақырыбы бойынша әдістемелік сипаттама жасаңыз.
6. Ғылыми педагогикалық білімнің тұрмыстық білімнен қандай айырмашылығы бар?
7. Педагогиканы ғылым және өнер деп таниды. Сіз қалай түсінер едіңіз?
8. Педагогиканың ғылым ретінде дамуына не түрткі болды?
9. Ғылымның объектісі және пәні дегеніміз не?
10. Педагогиканың тәжірибесі мен пәнін негіздеңдер.
11. Берілген әдебиет тізімі бойынша «педагогика» ғылымын түсіндірудің кестесін құрыңыз. *Есеп беру формасы*: кесте.
12. «Адамзат тарихында педагогикалық ойлардың дамуы» атты хронологиялық кесте құрыңыз.
13. Педагогиканың дамуына әсер ететін әртүрлі факторлардың өзара байланысын көрсететін сызба құрастырыңыз. (Адамның қоғамдағы өмірге дайындығының объективтік қажеттілігі, қоғамдық өмірде тәрбиенің ролі артуы, текті сақтаудың

биологиялық заңдылығы, мен техникалық дамуы, ұстаздардың іс-әрекеті). *Есеп беру формасы*: сызба.

14. Берілген әдебиет тізімі бойынша 7-10 библиографиялық карточка жазыңыз. Оларға аннотация құрыңыз. *Есеп беру формасы* : картотека.

15. Берілген тақырыптардың біреуі бойынша әдеби және ғылыми әдебиеттерден үзінді дайындаңыз:

а. Қазіргі өмірдегі педагогика.

б. Ізгіліктік педагогика идеяларын дамытудағы дәстүрлер мен сабақтастық.

с. Өз таңдауыңыздағы тақырып.

16. Педагогикалық хрестоматиясының фрагментін құраңыз (авторы, оқулық атауы, баспасы, беті және т.б.). *Есеп беру формасы*: хрестоматия фрагменті.

Алтыншы тарау бойынша а пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан., 2007.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.- Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003-2009. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.

3. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- 2002.

4. Савин И.В. Методика преподавания педагогики. М., Просвещение, 1987.

5. Стефановская Т.А. Система и методика преподавания педагогических дисциплин в вузе. Иркутск, 1992.

6. Слостенин В.А. Педагогика профессионального образования. М., Академия, 2004.

7. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. -М.: Педагогика, 1986.

8. Педагогика / Дәріс курсы. Абай ат. ҰПУ.- Алматы: «Нұрлы әлем», 2003.

9. Гинецинский В.И. Основы теоретической педагогики. – СПб., 1992.

10. Подласый И.П. Педагогика. – М., 2000.

11. Лихачев Б.П. Педагогика: Учеб.пособие.- М., 1992.

12. Краевский В.В. Общие основы педагогики /В.В.Краевский. - М:Изд.центр «Академия», 2003. - 256 б.
13. Громкова М.Т. Педагогика образования взрослых. - М., 1995.
14. Гапонов П.М. Лекция в высшей школе. - Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1977.
15. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. Молдағалиев Б.А.Орал, 2005.
16. Журавлев В.И. Педагогика в системе наук о человеке. - М.: Педагогика, 1990. - 168 с.
17. Щедровицкий Г.П. Система педагогических исследований (Методологический аспект). В кн.: Педагогика и логика.-М; Касталь, 1993.
18. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания.- М.;1977.
19. Данилов М.А. Основные проблемы методологии и методики педагогических исследований. - М.: АПН СССР, 1971. - 36 с.
20. Образцов П.И. Методы и методология психолого-педагогического исследования.- СПб.: Питер, 2004,- 268.
21. Шаталов В.Ф. Точка опоры: об экспериментальной методике преподавания. - М.: Педагогика, 1987. – 158 с.
22. Новиков А.М. Методология образования. – М., 2006.
23. Загвязинский В.И. Методология и методика педагогических исследований. - Тюмень: Изд-во Тюменского университета, 1996.- 86с.

VII. «ДИДАКТИКА» БӨЛІМІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМА

1. Болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық дайындаудағы бөлімнің маңызы, мақсаты, міндеттері

Республикамыз қазіргі даму кезеңінде педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығы бар, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын меңгерген, өз бетімен білім алып, түрлі жағдайлардан шешім тауып шыға алатын педагог-психологтарды қажет етуде.

Жоғары оқу орнының педагогикалық процесі - дидактикалық зерттеулердің маңызды объектісі болып табылады. Дидактика оқытудың жалпы теориясы ретінде жекелеген педагогикалық оқу пәндері «ішінде» қалыптасатын, білімнің мазмұны мен ойлау әдістеріндегі сол жалпылықты анықтауға және қалыптастыруға міндетті.

Дидактика – педагогика курсының маңызды бөлімі. Дидактика – оқу процессінің ғылыми негізі болып табылады. Ол кез-келген оқу-тәрбие орнында негізгі орынға ие. Дидактиканың мәні – адамға білім берудің және тәрбиелеудің құралы ретінде оқыту болады, яғни оқушылардың білім мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ететін педагог ұйымдастырған сабақ берумен оқудың бірлігінің өзара байланысы.

Курс мақсаты – студенттерге адамды оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми негіздерін меңгерту.

Курс міндеттері: студенттерге педагогика ғылымының негізгі ұғымдарын, адам дамуының негізгі факторларын, жеке тұлғаның қалыптасуы ерекшеліктерін меңгерту.

Курс мазмұны: курс дәріс, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік және оқытушымен өткізілетін өзіндік жұмыстары арқылы жүргізіледі. Студенттер кәсіби білім, біліктіліктер және дағды, іскерліктерді меңгереді.

Дидактика (гр. didaktikos – үйрету, оқытуға қатысты) оқытудың және білім берудің теориясы, педагогиканың саласы. Дидактиканың мәні – адамға білім берудің және тәрбиелеудің құралы ретінде оқыту болады, яғни оқушылардың білім мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ететін мұғалім ұйымдастырған сабақ берумен оқудың бірлігінің өзара байланысы.

Дидактика – теориялық және сонымен қатар нормативті – қолданбалы ғылым. Дидактиканың ғылыми – теориялық функциясы оқытудың шынайы процестерін зерттеуді, оқытудың әр түрлі мақсаттарының фактілері мен заңдылықтарының байланыстарын анықтау, олардың мәнін ашу, дамуының үрдістері мен болашағын анықтау болып табылады. Алынған теориялық білімдер оқытудың практикасын бағыттауға мүмкіншілік береді. Оқыту теориясы білім мазмұнын таңдау мәселесін жасап, оқыту ұстанымдарын орнатып, оқыту әдістерін және құралдарын қолданудың нормативтерін белгілеп нормативті-қолданбалы, конструктивті – технологиялық функцияны атқарады. Бұл функциялардың бірлігінде дидактика – бұл оқыту процесінің мәнінің түсінігі, оның білімдік, тәрбиелік және дамытушылық функциясын жүзеге асырылуы.

Дидактиканың негізгі категориялары (ұғымдары): сабақ беру (преподавание), оқу, оқыту, білім беру, білім, іскерлік, дағды, оқытудың мақсаты, мазмұны, түрлері, формалары, әдістері, құралдары, нәтижесі.

Сабақ беру (преподавание) – оқыту мақсатын жүзеге асырудағы ақпараттандыруды, тәрбиелеуді, білімді ұғынуды және практикада қолдануды қамтамасыз ететін мұғалімдердің тәртіпке келтірілген іс-әрекеті.

Оқу - процесс, оның барысында оқушыда тану, жаттығу және тәжірибеге ие болу арқылы мінез-құлықтың және іс-әрекеттің жаңа формалары пайда болады.

Оқыту - қойылған мақсатты орындауға бағытталған мұғалім мен оқушылардың тәртіпке келтірілген өзара әрекеті. Бұл олардың бірлескен іс-әрекетінің екі жақты процесі болады.

Білім беру – оқушының оқыту процесінде ие болған білімнің, іскерліктің, дағдының, ойлау тәсілдерінің жүйесі.

Оқыту процесіне педагогикадан тыс (қоғамдық жағдайлар) және педагогика ішкілік (сыныптың құрамы, оқу материалының ерекшелігі) сияқты көптеген факторлардың әсер етуі дидактикада статистикалық заңдардың көп болуын шарттандырады, яғни берілген жағдайларда оқыту процесінде өзгерістердің қандайда бір болымын болжайды.

Дидактиканың заңдарының бір бөлігі динамикалыққа жатады. Онда объектінің бастапқы жағдайы оның әрі қарай өзгеруін бірмәнді анықтайды. Дидактикалық заңдылықтардың ерекшелігін

сабақ беру, оқу және білім беру мазмұнының арасындағы тәуелділік сипаттайды. Дидактикалық заңдылықтар жекелеген оқу пәндерінің мазмұнына тәуелсіз. *Негізгі дидактикалық заңдылықтар*: оқытудың әлеуметтік сұранысқа және қоғамдық жағдайға тәуелділігі, оқытудың әлеуметтік-қалыптастырушы және тәрбиелеушілік сипаты, оқытудың тиімділігінің оқушылардың белсенділігіне және олардың оқуға деген мақсатты бағытталған жауапкершілік қатынасты қалыптастыруға тәуелділігі т.б.

Заңдылықтардың басқа бір тобы мынадай: құрылымдық (оқу әдістерінің әр түрлі білім мазмұнының түрлерін меңгеру тәсілдеріне тәуелділігі), жүйелілік (сабақ берудің, оқудың және білім мазмұнының бірлігі), эволюциялық (оқушылардың жасына және даярлық деңгейіне сәйкесті оқыту процесінің құрымының өзгеруі), функционалдық (оқушыларда әлеуметтік тәжірибені сақтауға, қайта айтуға және дамытуға даярлау), тарихи.

Біздің елімізде болып жатқан өзгерістер оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуына елеулі өзгерістер енгізеді. Дидактика осы өзгерістер өз құрылымы мен мазмұнында көрсетеді. Дидактиканың оқу пәні ретінде мазмұнын анықтауда дидактика пәні мен жүйесін белгілеу басты орын алады. М.А. Данилов, Б.П. Есипов өздерінің «Дидактика» атты еңбегінде оны білім беру мен оқытудың теориясын баяндайтын педагогиканың бір саласы деп анықтама береді. «Ол мектептегі білім берудің міндеттері мен мазмұнын, оқушылардың білім, білік және дағдыны меңгеру процесін, оқытудың принциптерін, әдістерін, ұйымдастыру формаларын зерттейді» делінген. Осында дидактика пәні мен құрылымына жалпы анықтама берілген.

Дидактиканың төмендегідей құрылымы берілген:

1. Дидактика пәні.
2. Білім беру міндеттері мен мазмұны.
3. Оқыту процесі.
4. Оқыту принциптері.
5. Оқыту әдістері.
6. Сабақ – оқыту процесін ұйымдастырудың негізгі формасы.
7. Оқушылардың білімін, білігін, дағдысын тексеру және бағалау.

Білімнің мазмұны – оқыту процесі компоненттерінің бірі. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйенің

негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамиды, ғылыми-материалистік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Білім мазмұны бұл – бірінші, алдыңғы ұрпақтың тәжірибесін меңгеру тәжірибесі, екінші жеке тұлға мінез-құлқының типологиялық сапаларын тәрбиелеу, үшіншіден адамның ақыл-ой және дене-күш жағынан дамуымен сипатталатын үш біртұтас үрдістің мазмұны.

Білім мазмұны көптеген нормативті құжаттарда анықталған.

Білім мазмұны біздің елімізде, шетелдерде әлі де жеткілікті зерттелмеген мәселелердің бірі. Бұл мәселе әрбір тарихи кезендерде болып отыратын мектеп реформасының негізіне жатады. Әрбір реформада заман талаптарына сәйкес білім мазмұны өзгеріске ұшырайды, біркелкі жүйеге келтіріледі.

Білім мазмұнының қайнар көзі – материалдық және рухани мәдениетте бекітілген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе төрт элементті енгізеді: білім (олардың түрлерінің жиынтығы индивидте қоршаған шындық туралы жалпы түсінік және қажетті іс-әрекетте бағытталғандығын анықтайды); іс-әрекеттің тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі (оны меңгеру барысында іскерліктер мен дағдылар қалыптасады, олардың функциясы жинақталған мәдениетті қайта жасап сақтап және дамыту болады, сол арқылы қоғамның репродуктивтік іс-әрекеті қамтамасыз етіледі), шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі (оның функциясы – мәдениетті әрі қарай дамыту); шындыққа, өз іс-әрекетіне, өз-өзіне деген эмоционалдық-құндылықтық қатынастың тәжірибесі.

Білім мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдары: бүкіл элементтерінің және бүкіл деңгейлерінде қоғамның сұранысына сәйкестігі, оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігі, ақырында оқыту процесінде оны жүзеге асырудың нақты формаларында жалпыдан жекелікке қозғалысында білім мазмұнының әр түрлі деңгейде қалыптасуында құрылымдық бірлігі.

2. Дидактика пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу жағдайында бәсекеге қабілетті, экономикалық ойлауы дамыған, шығармашыл іскерліктер мен дағдыларды игерген, әр түрлі мамандықтарды

игеруге бейім, күрделі өмірлік мәселелерді шешуде тез әрі иілгіш бағдарға ие мамандарды даярлау өзекті болуда. Сондықтанда ХХІ ғасырдағы ақпараттық қоғамда жас ұрпақты өмірге даярлауға байланысты, Қазақстандық білім беру жүйесінің дамуында жүріп жатқан инновациялық процестер педагог кадрларға қойылатын талаптарды күшейтеді, олардың алдына жаңа күрделі міндеттерді қояды.

Білім берудегі жаңа парадигма педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық тұрғадан қарауды талап етеді. Ал бұл тек педагогикалық құбылыстарды терең теориялық мағыналардың негізінде ғана жүзеге асады.

Дидактика болашақ мамандарды педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін қажетті оқыту теориясының қазіргі ғылыми негіздерімен қаруландырады, олардың педагогикалық ойлауын қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерін және тәжірибелік біліктер мен дағдыларын дамытады.

Курстың мақсаты: Болашақ мамандарға жалпы орта мектепте оқытудың теориялық негіздерін ашып беріп және оны мектеп тәжірибесінде жүзеге асырудың жолдарын қарастырады.

«Дидактика» курсының *міндеттері:*

– оқыту процесінің әдіснамалық негіздерімен, оқыту процесінің заңдылықтарымен, оқыту мазмұнымен таныстырады;

– оқыту процесінің барысын және нәтижесін шартты анықтайтын тәуелділіктерді ашу;

– оқытудың жоспарланған мақсаты мен міндеттерін, білім алушының ойлау іс-әрекетін белсендіретін тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістер мен ұйымдастыру формалары және құралдарымен таныстыру.

Дидактика курсына оқу бакалаврларға оқытудың гносеологиялық негіздерін, негізгі дидактикалық категорияларды, оқытудың психологиялық - педагогикалық негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді, өзіндік педагогикалық көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі.

Дидактика курсының мазмұнында қазіргі заманғы жалпы орта білім берудің дамуының тенденциялары, оқытудың мәні, білім беру мазмұнын іріктеп алудың принциптері, оқытудың заңдары, заңдылықтары, принциптері, оқытудың әдістері, формалары, құралдары, жалпы орта мектептің білім беру кезеңі, білім

алушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау мен бағалауды жүзеге асырудың қырлары ашылады.

Студент оқыту процесінің ілгері идеяларын, тұжырымдамаларын, заңдары мен заңдылықтарын білуі керек.

Дидактиканы оқыту барысында студент төмендегіні игеруі қажет:

- а) оқытудың әдіснамалық негіздерін білу;
- ә) дидактиканың категориялары мен түсініктеріне негізделген жетекші педагогикалық теорияларды білу;
- б) педагогикалық теориялар мен мектеп тәжірибесінің диалектикалық өзара байланысы жөнінде білу;
- в) таным теориясын білу;
- г) оқытудың мәнін, заңдылықтарын, принциптерін, мазмұнын, түрлері мен әдістерін, білім алушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау және бағалауды білу;
- д) жаңа педагогикалық технологияның мәнін білу;

Студенттің білігі болуы керек:

- 1) Сабаққа оқу материалын іріктеп алу.
- 2) Сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау.
- 3) Сабақ жоспарының мәтінін құру білігі.
- 4) Білім алушылардың ойлау іс-әрекетін белсендірудің түрлі тәсілдерін меңгеру.
- 5) Сабақта білім алушыларды оқытудың тиімді әдістерін таңдау білігі.
- 6) Сабақтың мазмұнын жасау.
- 7) Пәнаралық байланысты жүзеге асыру.
- 8) Оқытудың көрнекі, сөздік, практикалық әдістерін ұтымды пайдалану.
- 9) Оқу жұмысының жеке, топтық, жалпы сыныптық формаларын үйлестіру.
- 10) Білім алушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді табу және жою.
- 11) Оқытудың түрлі формаларын пайдалана білу.
- 12) Оқытудың заңдылықтары мен принциптерін, теориялық қағидаларды тәжірибеде іскер қолдану.
- 13) Сабақты талдай білу.
- 14) Оқу мотивтерін қалыптастыру.
- 15) Оқытудың проблемалық технологиясы негізінде педагогиканың сабақтарын құру.

16) Сабақта реттілікті сақтай білу.

17) Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

18) Студент жалпы орта мектепте педагогикалық процесті ұйымдастырудың дағдыларын меңгеруі керек.

Курсты оқу, дәріс, семинар, практикалық жұмыстар, студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары (СОӨЖ) процесінде жүзеге асады. Дидактика курсы нәтижелі меңгеру студенттің өз бетімен ауқымды жұмысын көздейді.

Бакалаврлардың өз бетімен жұмысы жеке мәтіндерді бөліп жазу (конспектілеу), таблица, кесте құрастыру, рецензия мен аннотация жазу, педагогикалық міндеттерді шешуді құрауды көздейді.

Дидактиканы оқу тест қабылдаумен аяқталады.

Дидактиканы оқу төмендегі педагогикалық пәндермен өзара байланысты көздейді: педагогика, педагогикалық шеберлік, педагогика тарихы, этнопедагогика.

3. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Білім беру мазмұны», «Оқыту үрдісінің мәні», «Оқыту үрдісінің заңдылықтары және принциптері»

«Білім беру мазмұны»

Білім беру мазмұны – педагогикалық бейімделген білімдердің, іскерліктердің және дағдылардың жүйесі, шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі және дүниеге деген эмоционалдық-құндылықтық қатынас, оларды меңгеру тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Әрбір индивидтің дүниеге деген қатынасын ондағы өз орнын анықтауды азаматтық позициясын шарттандыратын дүниеге көзқарасты, құндылықтар мен мұраттар жүйесін қалыптастырады.

Түрлі оқулықтар мен әдістемелік нұсқауларды сараптай келе бұл материалды ұсынудың мынадай нұсқауы берілген. Оқытушы терминге анықтама береді, тарихына, пайда болуына шолу жасалады. Жақсы меңгерту үшін мына фактіні айтуға болады: Ежелгі Грецияда мұғалімді дидактика деп атаған. Мұғалімдерге арналған нұсқауларда дидактика жайындағы материал берілген. Онда оқытумен қатар, тәрбие мәселелері де айтылған. Кейінірек дидактика тек білім беру мен оқыту мәселелеріне көшеді.

Я.А.Коменскийдің «Ұлы Дидактикасынан» кейін оның дифференциалану процесі жүреді. Соңынан бастауышта білім беру

дидактикасы қалыптасады. Оның пайда болуына мына жағдайлар себепші болды:

1. XIII ғ. басталған өндірістің дамуы. Өндіріске білімді адамдар қажет болды.

2. Буржуазия өкілдері тек бастауыш мектептерді ашады.

3. Озат қоғам қайраткерлері бастауыш негіздемесін жасайды.

Оқушыларға өткен ғасырдың көрнекті педагогымен таныстырып, олардың айтқан сөздеріне талдау жасалады. Содан кейін ҚР-ң Білім туралы заңында көрстелген білім берудің міндеттерімен, мемлекеттік құжаттармен танысады. Білім берудің мазмұны сипатталады. Дидактика білімі беру мазмұнында, оқу пәндерінің құрылымында оқытудың түрлі деңгейіндегі оқу материалын меңгерудің жалпы жолдарын белгілейді. Білім берудің мазмұнының құжаттары оларды қалай оқу керектігін теориялық мәселелерді меңгеруді, қандай жаттығу жұмыстарын, практикалық және лабораториялық жұмыстарды өткізуді ұйымдастырады. Мұғалім оқыту процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, материалды оқыту сипатына өзгерістер, қосымшалар енгізуіне болады. Содан соң оқу бағдарламаларына, жоспарларына мемлекеттік стандартқа сипаттама беріледі. Білім берудің мазмұнының ерекшеліктерінде атап өткен жөн. Кеешенді сипатта, байланыстылығымен, сабақтастығы мамандық таңдау, ғылым негіздерін меңгеру және т.б. Оларды бағдарламадан, оқулықтан басқа материалдардан үзінді келтіруге болады.

Практикалық сабақтарда белгілі бір тақырып бойынша сабақтың мақсатын белгілеу, сабақтың үлгісін құру және т.б. тапсырмалар беріледі.

3. «Оқыту процесінің мәні» тақырыбына сипаттама.

Бұл дидактиканың басты тақырыбы. Оқу материалы негізінен абстрактілі сипатта. Сондықтан оны тереңдете оқушылар мынадай ойда қалуы тиіс: Бұл теориялық тақырып, бірақ дидактика басқа теориялық және қолданбалы сұрақтарын түсінуде аса қажет. Оған қалай қол жеткізуге болады? Ең дұрыс жолы фактілерді келтіру оларды талдау, қорытындылау, жаңа фактілермен бақылау мен бекіту. Ол үшін оқытушы алдын-ала сабақ үзінділерін магнитофонға жазып, сабақтың конспектілерін дайындайды, түрлі көрнекілікті (сызбалар, плакаттар) оқу бағдарламаларынан оқулықтардан сабақтың жосапынан үзінділер қолданады.

Сонымен қатар оқыту процессінің негізгі кезеңдері оқытумен даму сұрақтары ашылады. Төменде осы сабақтың үлгі жоспары беріледі.

Тақырыбы: Білім беру мазмұны

Сабақтың мақсаты: Студенттерді білім мазмұны туралы толық ақпаратпен қаруландыру, ҚР білім мазмұны туралы түсінік беру, Білім мазмұны құрылымы мен принциптеріне толық мәлімет беру.

Жоспары:

1. Білім беру мазмұны туралы түсінік және оның мәні..
2. Білім мазмұнын қалыптастырудың принциптері және ұстанымдары.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы және білім мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.
4. Оқу жоспары, бағдарламалары, оқулық және оқу құралы.
5. Оқулыққа қойылатын талаптар.

Сабақтың әдісі: Венн диаграммасы, екі жақты күнделік, презентация

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Ауызша сұрақтар:

- Білім дегеніміз не?
- Білім нені қамтиды?

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Топтық жұмыс: Білім алушылар үш шағын топқа бөлінеді. Алдарына дәріс, плакат, маркер үлестіріледі. Әрқайсысы бөлек тапсырма алады.

1 топ тапсырмасы: «Презентация». Дәріс мәтіні бойынша «Білім мазмұны тақырыбына презентация даярлайды.

Үлестірмелі материал:

1. Білім (оқыту, оқу үрдісі) мазмұны – жас ұрпақты неге оқыту керек деген сұраққа нақты жауап болып табылады. Білім мазмұнын белгілі типті оқу мекемесінде арнайы оқытуға таңдалып алынған білім, біліктілік және дағдылардың нақты жүйесі деп түсіндіруге болады. Бұл жүйеге оқушылардың белгілі интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін қоршаған орта, қазіргі заман өндірістері, мәдениет және өнер туралы білім; білім алудың интеллектуалдық және практикалық біліктіліктері мен оларды қолдану тәсілдері; танымдық іс-әрекет, теориялық және практикалық мәселелерді шығармашылықпен шешу дағдыларын меңгеру кіреді. Білім мазмұны категориясы адамдарға белгілі

табиғат, адам, қоғам туралы білімдері, белгілі іс-әрекет тәсілдерін орындаудағы адамға тән біліктіліктер туралы алынған білімдері; қоғам алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу тәжірибесі; өмір, табиғат, қоршаған орта тағы басқалар туралы ойлары көрсетілген әлеуметтік тәжірибені бейнелейді. Кейде адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін жалпы адамзат мәдениеті деп атайды.

Сан мыңдаған даму тарихында адамзат өте көп білім жинақтады. Жасөспірім ұрпақ осы білімді игерген кезде ғана өркениет дамуы жүзеге асады. Бірақ жинақталған білімнің барлығын адам түгелдей меңгере алуы мүмкін емес. Сондықтан ең маңызды, негізгі білімдер мен біліктіліктерді таңдау мәселесінің орны ерекше.

Әлеуметтік тәжірибе мектептегі оқу мазмұнында түрлі пәндерге бөлініп көрініс табады. *Оқу пәні* бұл – нақты белгілері бойынша ерекшеленген, құбылыстардың нақты класына жататын әлеуметтік тәжірибенің (адамзат мәдениетінің) бөлігі. Оқу пәндері белгілі ғылымдардың негіздерін мектептердегі оқыту қажеттіліктеріне бейімдейтін білім мазмұнының арнайы

Білімнің мазмұны – оқыту процесі компоненттерінің бірі. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамиды, ғылыми-материалистік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Білім мазмұны бұл – бірінші, алдыңғы ұрпақтың тәжірибесін меңгеру тәжірибесі, екінші жеке тұлға мінез-құлқының типологиялық сапаларын тәрбиелеу, үшіншіден адамның ақыл-ой және дене-күш жағынан дамуымен сипатталатын үш біртұтас үрдістің мазмұны.

Білім мазмұны көптеген нормативті құжаттарда анықталған.

Білім мазмұны біздің елімізде, шетелдерде әлі де жеткілікті зерттелмеген мәселелердің бірі. Бұл мәселе әрбір тарихи кезеңдерде болып отыратын мектеп реформасының негізіне жатады. Әрбір реформада заман талаптарына сәйкес білім мазмұны өзгеріске ұшырайды, біркелкі жүйеге келтіріледі.

Осы бағытта Республика көлемінде білім мазмұнын жаңартуға байланысты істеліп жатқан көптеп саналады. Соардың бірі «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасы».

Бұл тұжырымдамада білім мазмұнын қалыптастырудың ғылыми негіздері, білім мазмұнын анықтайтын негізгі принциптер,

білім мазмұнының құрамы және құрылымы бірыңғай жүйеге келтірілген.

Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін дамыту өмір талабының объективті заңдылығы. Әр халықтың тарихи мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі диалектикалық бірлікте қарастырылып, мектептегі білім мазмұнын жаңартудың негізгі көзі болуы тиіс.

Әлеуметтік тәжірибенің жинақталуы және оқу пәндерінің көбеюіне байланысты пәндердің өздері жаңа бөліктерге бөліне бастады. Бірақ, қазір оқу пәндерінің одан әрі көбеюі және дифференциациялануы (бөлшектенуі) жағдайды мүлде қиындатуы мүмкін. Соған байланысты әлемдік педагогика оқу пәндерін негізгі идея төңірегіне интеграциялауға (біріктіру) көшті.

Білім беру мазмұны – педагогикалық бейімделген /адаптированная/ білімдердің, іскерліктердің және дағдылардың жүйесі, шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі және дүниеге деген эмоционалдық-құндылықтық қатынас, оларды меңгеру тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Жалпы білім берудің мазмұны оқушыларды әлеуметтік, кәсіптік емес іс-әрекетке қатынасуды қамтамасыз етеді. Әрбір индивидтің дүниеге деген қатынасын ондағы өз орнын анықтауды азаматтық позициясын шарттандыратын дүниеге көзқарасты, құндылықтар мен мұраттар жүйесін қалыптастырады.

Білім мазмұнының қайнар көзі – материалдық және рухани мәдениетте бекітілген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе 4 элементті енгізеді: білім /олардың түрлерінің жиынтығы индивидте қоршаған шындық туралы жалпы түсінік және қажетті іс-әрекетте бағытталғандығын анықтайды/; іс-әрекеттің тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі /оны меңгеру барысында іскерліктер мен дағдылар қалыптасады, олардың функциясы жинақталған мәдениетті қайта жасап сақтап және дамыту болады, сол арқылы қоғамның репродуктивтік іс-әрекеті қамтамасыз етіледі/, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі /оның функциясы – мәдениетті әрі қарай дамыту/; шындыққа, өз іс-әрекетіне, өз-өзіне деген эмоционалдық-құндылықтық қатынастың тәжірибесі.

2. *Білім мазмұнын қалыптастыру принциптерінің* ішіндегі негізгілеріне төмендегілер жатады:

• ғылыми, әлеуметтік және мәдени дамудың соңғы жетістіктерінің мектепте берілетін білімнен көрініс табатын ғылымилығы;

• әрбір жаңа білім алдыңғы берілген біліммен байланысты және содан туындайтынын көрсететін білім мазмұнын жоспарлаудан тұратын бірізділік;

• тарихилық, яғни білім мазмұнында мектептердегі қандай да болмасын білім салаларының, даму тарихының оқылатын мәселелер бойынша белгілі ғылымдардың іс-әрекетінен көрініс табуы;

• жүйелілік, яғни оқылатын білім мен қалыптастыратын біліктіліктерді адамзат мәдениетінің жалпы жүйесінде және өзара кірісетін барлық оқу курстары мен басты білім мазмұнының жүйесінде қарастыру.

• мектеп білімін шыны практикада бекітудің әмбебап құралы ретінде және берілген білім мен қалыптасқан біліктіліктердің әсерін тексеру тәсілі ретінде өмірмен байланыстылық принципі;

• меңгеруге берілетін білім, біліктіліктердің қандай да болмасын жүйелерінің оқушылардың дайындық деңгейіне және жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкестігі; егер материал тым жеңіл болса, онда білімде, танымдық процесстер де өте баяу, мүмкіндіктеріне сәйкеспей дамиды.

• оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымын, ғылыми білімдердің оқулықтарды берілу деңгейлерін, оқылатын ғылыми ұғымдар мен терминдердің кірістірілу деңгейлері анықталатын түсініктілік принципі.

Білім мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдары: бүкіл элементтерінің және бүкіл деңгейлерінде қоғамның сұранысына сәйкестігі, оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігі, ақырында оқыту процесінде оны жүзеге асырудың нақты формаларында жалпыдан жекелікке қозғалысында білім мазмұнының әр түрлі деңгейде қалыптасуында құрылымдық бірлігі.

Білім беру теориясында 2 бағыт қалыптасты және солардың негізінде оқу пәндерін таңдаудың ұстанымдары белгіленді:


1. *Формальдік білім беру теориясы* бойынша білім алуға баса назар аудармай, оқушыларда қабілетті, ойлауды, қиялды, есті дамытуға күш салу керек болды. Бұл теорияның өкілдері пәндерді

екі топқа бөлді: 1) тілдер, әсіресе ежелгі, әдебиет, математика, жаңа тілдердің грамматикасы; 2) биология, география, физика, химия және т.б.

Формальдық білім беру теориясына сәйкесті Ресейдің, Германияның және т.б. елдердің классикалық гимназияларының оқу жоспарлары құрылды.

2. *Материалдық білім беру теориясы* /ХҮШғ.аяғы/ білім мазмұнын тандаудың негізгі критериясы ретінде оның пайдалылығын, қоғамның өміріне қажеттігін қойды. Материалдық білім беру теориясы реалдық училищелердің оқу жоспарын құруға негіз болады. Оқу жоспарында математикаға, физикаға, химияға, жаңа шетел тілдеріне, коммерциялық іске көп орын берілді.

2 топ тапсымасы «Венн диаграммасы. Берілген плакатқа жаңа тақырып бойынша (Білім туралы заң) орта білім беру жүйесі мен кәсіптік білім беру жүйесінің, жоғары білім беру жүйесінің ерекшелігін, ортақ қасиеттерін Венн диаграммасына салады.



Үлестірмелі материал «Білім туралы» Заң

3. ҚР «Білім туралы» заңында /1999ж./ білім беру мазмұнына жалпы талаптар анықталған, олар мәдениеті өркендеген демократиялық қоғамға үйлесімді жаңа адам үлгісін тәрбиелеуге бағытталуға тиісті.

Болашақ қоғамның азаматы мыналарды меңгеруге міндетті:

- дүниеге диалектикалық көзқарастың негізі болып саналатын белгілі мөлшердегі ғылыми білім жүйелерін;

- ана тілі мен ұлтаралық қатынас тілдерін, өзінің және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен

дәстүрлердің қайнар көзі болып табылатын рухани адамгершілік байлықты;

өздігінен денсаулығын нығайтуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділік көрсетуге, азаматтық, нарықтық қатынастар жағдайындағы әр қилы өмірде өз бетімен еңбек етуге дайын болуға.

Қазіргі білім мазмұнын қалыптастырудың ортақ негіздеріне *гуманитаризация, гуманизация, экологизация, дифференциация, интеграция, әлемдік және ұлттық мәдениет мұраларын кең қолдану, жаңа ақпараттық технологияларды кең пайдалану, көпкомпонентті, толыққанды оқыту үрдісінің шарты және нәтижесі ретінде шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру* жатады. Реформация үрдісі білім мазмұнын интеллектуалдық, моральдық, және рухани жетілуді жеке тұлғалық ізденуді жүзеге асырушы адам типін жобалайтын жаңа модель болып табылатын интеграциялауға негізделеді.

Гуманитаризация (латынша *humanitarius* - адамға қажетті) бұл ол кім немесе кім болғысы келетініне қарамастан барлық адамға қажетті білім, біліктіліктерді меңгертуге бағытталған білім мазмұнының жалпы бағыты. Мысалы, олардың ішінен ана тілін, әдебиетін, тарих, өлкетануды атап көрсетуге болады.

Білім мазмұнын гуманизациялауға тек қана гуманитарлық емес, сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастыруға көп ықпалын тигізетін мектепте оқылатын басқа да пәндерді кең қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Білім мазмұнын қалыптастыруда адам мен табиғаттың байланысын, адамдар арасында гуманды қарым-қатынасты қалыптастыруда зор ықпалын тигізетін гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің тең болуының, математика, биология, техникалық пәндерді адам жөніндегі білімдермен толықтырудың маңызы зор. Гуманистік бағыттағы мазмұнды игеру ойлаудың гуманистік типінің, тұлғалық бағытты дүниеге көзқарасты қалыптастыруда өмірдегі мәселелерге оптимистік көзқараспен қарауға тәрбиелейді. Білім мазмұнын гуманизациялауда балалардың өзін тануына, өз мінез-құлқын реттеуге және өз іс-әрекетін ұйымдастыру дағдыларын меңгертуге ықпалын тигізетін тілдік және әдебиеттік білімнің, эстетикалық тәрбиенің адамтану курстарының маңызы зор.

Білім мазмұнын дифференциялауды түрлі топтарды тиімді оқытуға жағдай жасау мақсатында жаңа пәндерді одан әрі

бөлшектеу емес, керісінше белгілі деңгейде біріктіру деп түсінуге болады.

Әрбір адамның білім мазмұнын игеруде белгілі мақсаттар болады, әрбір баланың қабілеттері, мүмкіндіктері, өмірлік жоспарлары әртүрлі. Біреулері гуманитарлық профильді тандаса, енді біреулері жаратылыстану-математика немесе көркем суретті таңдайды. Біреулері бір пәнді тереңдетіп оқыса, енді біреулері жай ғана шолып өтеді. Білім мазмұнын әрбір деңгейге сай, оқушылардың мүмкіндіктері мен сұраныстарына сай дифференциациялау керек.

Интеграция – жеке оқу пәндерінің, бөліктерінің арасындағы мәнді байланыстарды анықтау негізінде тұтастың қалыптасу үрдісі және нәтижесі. Интеграцияның мақсаты білім бөліктерін біріктіру болып табылатын білімді ұйымдастыру үрдісінің негізінде болады. Интеграция түрлі деңгейлерден көрініс табады: пәнішілік – жеке оқу пәніндегі негізгі ядро төңірегіне білім мазмұнын жинақтау, пәнаралық - өзара “туыс” оқу пәндерінің әдістері немесе ортақ принциптері негізінде.

Қазіргі мектептедегі пәнаралық интеграция негізінде пайда болған интеграцияланған курстардың, жүйеленген білімді, біліктіліктерді, іс-әрекет және ойлау тәсілдерін қалыптастыруда орны ерекше.

Экологизация идеясы қазіргі мектептегі барлық пәндердің білім мазмұнына тікелей қатысы бар. Қазіргі уақытта адамзат бүкіләлемдік экологиялық катастрофа шегінде тұр. Егер білім мазмұнына оны тоқтату немесе болдырмау идеясын кіргізбесе, егер адамзат мәдениетін табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік ретінде игермесе барлық білім,

біліктіліктердің түкке пайдаға аспай қалуы мүмкін. Соған орай қазір көптеген елдерде білім мазмұнын экологизациялау принципі басты орында тұр.

Әлемдік және ұлттық мұраларды мақсатты пайдалану оқыту мақсаты ұлы еліміздің патриотты, азаматты тәрбиелеу мақсатымен бірігетін мектептердегі білім беруді қайта құруды талап етеді.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мектепте оқытылатын білім көлемін жетілдіру үшін интерактивті іс-әрекет тәсілдерін, динамикалық және көрнекі образдық модельдерді пайдалануды, материалды беруді жетілдіруді мақсат тұтады. Мұнда негізгі қызметті жаңа компьютерлік құралдар атқарады.

Шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру бұл толыққанды, көпкомпонентті білім мазмұнының және оның негізінде оқу үрдісін ұйымдастырудың нәтижесі.

Білім мазмұнын жасау білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына негізделеді. ҚР әрбір білім беру деңгейі бойынша білімнің мазмұнына мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары белгіленді. Әрбір пәннің мазмұны екі бөлімнен тұрады: инвариантты /өзгермейтін/ және вариативті бөліктен, яғни ол жүйелі жанартылып, қайта

3 топ тапсымасы «Екі жақты күнделік». Берілген плакаттың ортасынан сызып оң жағына бүгінгі тақырып бойынша мәселені сол жағына шешу жолдарын жазу керек.

Мәселе	Шешу жолдары

Үлестірмелі материал:

4. Білім берудің мемлекеттік стандарты базалық оқу жоспарында қамтылған, ол оқу жылдарына қарай мазмұндық толтыру және оның құрылымы туралы ұғым береді.

Жалпы білім беретін оқу орындары үшін арнайы нормативті құжаттар, яғни, оқужоспарлары, оқу бағдарламалары, сонымен бірге оқулықтар және оқу құралдары жасалады.

Жалпы орта білім беру тұжырымдамасына сәйкес мектептің оқу жоспарын, бағдарламаларын, оқулықтарды түпкілікті жаңарту талап етіледі. Осыған орай, соңғы жылдары, яғни, 1993-1994 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына жаңа пәндер енгізілді. Алдағы уақытта бастауыш сыныптарға да информатиканы енгізу жұмыстары жүргізілмекші.

Жалпы білім беретін мектептердің өтпелі базистік оқу жоспарында толық жүктеме екі деңгейге бөлінеді: тұрақты және жылжымалы.

Тұрақты жүктеме құрамындағы пәндер жалпы орта білім беретін мектептердің барлық типтерінде / бағдарлы мектеп, гимназия, лицей, жеке мектеп т.с.с. / оқылады.

Жылжымалы бөлім оқушылардың дербес қабілетін дамытуға, бар ынтасымен қызығып оқитын пәндерді жете тереңдетіп білуге мүмкіндік жасайды. Ол таңдамалы пәндер мен факультатив курстарынан құралады.

Жылжымалы бөлім бойынша таңдамалы пәндерге бөлінген уақыт тереңдете оқылатын пәндерге беріледі.

Жеке пәнді теориялық және практикалық жағынан тереңдете оқыуға арналған типтік оқу жоспарларының бірнеше түрлерін 1993-1994 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жасаған. Сол жоспарлардың барлығын мектептің ерекшелігін ескере отырып, тереңдете оқитын пәнді педагогикалық ұжым белгілейді де оқу жоспарын іске асыруды ұйымдастырады.

Оқу жоспары – бұл мыналарды анықтайтын құжат: оқу жылының ұзақтығын, каникулдердің және тоқсандардың мерзімін; мектепте оқылатын пәндердің толық тізімін; оқу жылына қарай пәндерді бөлу, әрбір сыныпта оқылатын пәндерге сағат санын болу; әрбір пәнді оқуға аптасына бөлінген сағат санын. Оқу жоспарында қоғам қабылдаған тәрбие мұраты, белгіленген мақсаттар, білім мазмұнын қалыптастырудың тұжырымдамасы көрініс тапқан. Оқу жоспарында екі компонент бөлінеді: мемлекеттік және өңірлік. Базистік оқу жоспары – оқу жоспарының әр түрлі нұсқаларын жасауға мүмкіндік бере отырып, жалпы бағыт болатын жаңа типті құжат.

Көптеген елдерде пәндердің арасындағы арақатынас мынадай: гуманитарлық блок 40-46%, жаратылыстану – математикалық 30-35%, жаратылыстану 7-11%, сауықтыру-еңбектік 16-20%.

Оқу жоспарының негізінде пәндер бойынша оқу бағдарламалары құрылады. Оқу бағдарламасына енетіндер: түсініктеме хат, онда пәнді оқудың мақсаттары, білім мен іскерлікке қойылатын талаптар, ұсынылатын оқытудың формалары мен әдістері т.б.; оқылатын жадығаттардың тақырыптық мазмұны; тақырыптарға бөлінген сағаттар; білім мазмұнының негізгі элементтерінің тізімі; пәнаралық байланысты жүзеге асырудың нұсқаулары; оқу жабдықтарының және көрнекі құралдарының тізімі; ұсынылатын әдебиет тізімі.

Білім беру мазмұны оқу әдебиетінде толық ашылады. Оған жататындар: мектеп оқулықтары, көмекші құрал, анықтамалықтар, қосымша оқуға арналған кітаптар, атластар, карталар, есептердің

және жаттығулардың жинақтары, басылған негіздегі дәптерлер және т.б.

5. Оқулыққа қойылатын дидактикалық талаптар:

• оқулықтың жадығаттары қазіргі ғылымның деңгейіне сай болуы керек;

• оқулықтың мазмұны, тараулардың орналасуы сол пәннің бағдарламасына сай болуы керек;

• оқулықтағы материалдың баяндалуы логикалылығымен, қатарландыруымен ерекшеленеді;

• оқулыққа қойылатын маңызды талаптардың бірі - теория мен практиканың байланысы ұстанымын үнемі жүзеге асырып отыру болып табылады;

• еске сақтауға тиісті анықтамалар қорытындылар тұжырымдамалар т.б. оқулықта бөлініп көрсетіледі;

• оқулықтар жақсы безендірілуге тиісті, ойластырылған және мұқият таңдалған иллюстрациялармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Оқулыққа қойылатын гигиеналық талаптар: оқу жадығатының дұрыс мөлшері, әріптерінің анықтығы, шрифтіннің размерлері т.б.

Қазіргі жақсы оқулықтар өзінде оқулықты /ғылым негіздерін жүйелі баяндау/, жұмыс кітабы, дәптер /сұрақтар, тапсырмалар/, оқу жадығаттарының жинағы, /құжаттар, әдеби мәтіндер/ және анықтамалық /терминологиялық сөздік, таблицалар т.б./ сияқты өзара тығыз байланысты элементтерді ұштастырады.

Оқулықтың оқу құралынан айырмашылығы ол бағдарламаға сәйкес жазылады, ал оқу құралы бағдарламадан тыс жадығаттарды қамтиды. Оқу құралдарына оқулыққа қойылатын талаптарды да қояды.

Дәстүрлі оқулықтармен бірге электрондық оқу жадығаттары пайдалана бастады: видеодискалар, видеокассеталар.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

3. Сөзжұмбақ

Жаңа сабақты қорытындылау үшін жалпы топ студенттеріне сөзжұмбақ құру тапсырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Білім және оның мазмұны туралы түсінік бер.
2. Білім мазмұнының көздерін ата.
3. Білім мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды көрсет.
4. Оқу жоспары дегеніміз не?

5. Оқу бағдарламасы дегеніміз не?
6. Оқулық дегеніміз не?
7. Оқу құралы дегеніміз не?
8. Оқулыққа қойылатын талаптарды ата.
9. Оқу жоспары неше компоненттен тұрады?
10. Оқу мазмұны неде және қалай көрініс табады?

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Алматы, 1998.
2. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы . Қазақстан мұғалімі. 25 ақпан 1998.
3. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы. Алматы, 1997.
4. Қазақстан Республика азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. Егеменді Қазақстан. 1995.
5. Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңы. Егеменді Қазақстан. 18 қаңтар, 1999.
6. Қазақстан Республикасы конституциясы. Алматы, 1995.
7. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан мұғалімі. 12 қыркүйек, 1995.
8. Мемлекеттің білім беру саласындағы саясаттың тұжырымдамасы. Алматы, 1995.
9. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, 1994.
10. Қазақстан Республикасындағы этно-мәдени білім беру тұжырымдамасы. Алматы, 1996.
11. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы әлем», 2003. - 368 бет.
12. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. А., 2004.
13. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1993.
14. Педагогика /Курс лекций. А., 2003.
15. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. М., 2000.
16. Подласый И.П. Педагогика. М., 2003.
17. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Алматы, 1993.
18. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.
19. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. Алматы, 1992.

20. 10.Лихачев Б.Т. Педагогика М., 1998.
21. 11.Сластенин В:А., Исаев И.Ф. Педагогика М., 1997

Өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар

- 1) Қазіргі мектепте оқытылатын ғылымдарды таңдау критериилерін көрсететін кесте құрастыр.
- 2) Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына талдау жаса.
- 3) Оқу жоспарлары типтерінің кестесін құрастыр және жалпы орта мектептің базистік оқу жоспарына талдау жаса.
- 4) Ғылым мен оқу пәнінің сәйкестігін сипаттайтын кесте дайында.

Реферат тақырыптары

1. Қазіргі даму кезеңіндегі қазақстандық мектептердің білім мазмұнының мәселелері.
2. Жалпы білім беру мазмұнын таңдау принциптері мен критериилері.
3. Жалпы орта білім беру мазмұны.
4. ҚР «Білім туралы» заңы.
5. Жалпы, политехникалық және кәсіптік білімнің өзара байланысы.

Тақырыбы: Оқыту процесінің мәні

Сабақтың мақсаты: Студенттерге оқыту процесінің мәні туралы жан-жақты мәлімет беру, оқытудың түрлерімен таныстыру. Студенттердің оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшелігі жөнінде алған жан-жақты ақпараттарын өздерінің оқыту барысында тиімді қолдана білуіне бағыттау.

Сабақтың әдісі: Презентация, түртіп алу, сұрақ-жауап, Т кестесі, шығармашылық тапсырма.

Жоспары:

1. Оқыту процесінің мәні, оның қызметтері.
2. Оқытудың түрлері.
3. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері.
4. Оқыту процесінің құрылымы, негізгі сатылары.
5. Көрнекті педагогтардың еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Ауызша ойлау: Студенттердің тақырып бойынша түсініктерін, пікірлерін білу мақсатында сұрақтар қойылады.

- Оқыту дегеніміз не? Ассоциация құру.

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Ауызша шолу

Дәрістің 1 және 2 сұрағы лектордың презентациясымен түсіндіріледі.

1. Оқыту процесінің мәні, оның қызметтері.

2. Оқытудың түрлері.

Слайд 1. Оқыту – қоғамдық қатынастарды, қоғамдық сананы, мәдениетті және өнімді еңбек тәжірибесін, қоршаған ортаны белсенді өзгерту және қорғау туралы білімді ересектердің мақсатты бағытталған, ұйымдасқан, жүйелі түрде беруі және оны өсіп келе жатқан ұрпақтың меңгеруі. Ол ұрпақтың сабақтастығын, қоғамның толықтай қызмет етуін және тұлғаның дамуының сәйкесті деңгейін қамтамасыз етеді. Оқыту процесінде оқушылар адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесінен белгілі бір жақтарын меңгереді: идеологияны, саясатты, ғылымды, мораль, еңбек, әдебиет және өнер, жалпы және денелік мәдениетті. Оқыту тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының негізін салады.

Оқытудың ғылыми танымнан айырмашылығы бар. Ғылыми зерттеу адамзатқа белгісіз білімді ашып берсе, оқушы адамзатқа белгілі тек өзіне белгісіз білімдер жүйесін меңгереді.

Оқыту мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті ретінде екі өзара байланысты процеске бөлінеді: сабақ беру мұғалімнің іс-әрекеті ретінде және оқу оқушының іс-әрекеті ретінде. Мұғалім қоғамның мүддесін көздейді, ол оқушы меңгеруге тиісті адамзаттың тәжірибесін өзінде алып жүргенге іспетті. Сабақ беру бірнеше жақтың қосындысы болады: мұғалімнің өз пәнін білуі, оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыра білу іскерлігі, қазіргі оқыту әдістерін білуі, оқушының танымдық мүмкіншілігін, оның ақыл-ой дамуының терең түсінуін, шәкірттің тұлғалық белгілерін қалыптастырудың жолдарын білуі. Оқу – белсенді танымдық процесс, онда оқушының ақыл-күштері, мінезінің моральдық және еріктік белгілері, тұлғаның белгілері және темпераменті қалыптасып, көрініс табады.

Слайд 2. Оқыту өзіне үш функцияны енгізеді: білім берушілік /білімдерді меңгеру процесі, оқу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру/, дамытушылық /оқушыларды психикалық және денелік дамыту/, тәрбиелеушілік /оқу іс-әрекеті оқушыны тәрбиелейді, онда патриоттық, адамгершілік сапалар, көзқарастар, сенімдер, мұраттар, эстетикалық сезім, тәртіптілік, еңбексүйгіштік т.б./.

Оқытудың білім берушілік, дамытушылық және тәриеленушілік функцияларын жүзеге асыру оқушының тұлғасын қалыптастыру процесіне кешенді тұрғыны қамтамасыз етеді.

Слайд 3. Қазіргі мектепте оқытудың 3 түрі қолданылады: түсіндірмелі – иллюстративтік /ТИ/, кейде оны дәстүрлі оқыту деп атайды; проблемалық /Пбо/; бағдарламаланған /программированное/ /БО/ және оның негізінде дамыған компьютерлік оқыту /КО/.

Түсіндірмелі – иллюстративтік оқыту. Мұндай оқытудың негізгі әдісі – түсіндіруді көрнекілікпен ұштастыру. Оқушылардың іс-әрекетінің жетекші түрлері – тыңдау және еске сақтау. Басты талап және тиімділігінің көрсеткіші – оқығанды қатесіз қайталап айту. Түсіндірмелі – иллюстративтік оқытудың он жақтары: уақыт үнемдейді; оқушылардың күрделі білімдерді түсінуін жеңілдетеді; оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Кемшіліктері: «даяр» білімдерді беруі, оқыту процесін жекелеп және саралап жүргізуге толық жағдай жоқ.

Проблемалық оқыту эвристикалық әдістерді қолдануға негізделген оқытудың бір түрі. Мақсаты – практикалық және теориялық – танымдық сипаттағы проблемдік жағдайларды шешу процесінде эвристикалық іскерліктерді дамыту. Іздеушілік процеске оқушылардың білімдері және талдау іскерліктері қатыстырылып, олар онан әрі белсенділік сипатқа ие болады. Оқу проблемасы күрделі болғанымен оқушылардың оларға әлі жететін болу керек. Проблеманы шешудің кезеңдері: оқу проблемасына кірістіру және оны ұғыну; осы сұрақ бойынша бар білімді талдау, олардың жеткіліксіздігін анықтау, жетіспейтін ақпаратты іздеуге қатыстыру; мәселені шешу үшін әртүрлі тәсілдермен білімді табу; алынған нәтижені тексеру. Проблемалық оқытудың оң жақтары: өзіндік шығармашылық іс-әрекет арқылы дербес түрде білімге ие болуы, оқу әрекетіне жоғары қызығушылық, өнімді ойлауды дамыту, оқытудың берік және әрекетті нәтижесі. Кемшіліктері:

оқушылардың танымдық әрекетін басқарудың қиындығы, әлсіздігі, қойылған мақсатты орындау үшін көп уақыт кетеді.

Бағдарламаланған /программалық/ оқыту - әрекеттердің /операциялардың/ бірізділікті жүйесі, оларды орындау алдын-ала жоспарланған нәтижеге әкеледі. Бағдарламалап оқытудың негізгі мақсаты – оқыту процесін басқаруды жақсарту. ПО ерекшеліктері: оқу материалы бөлек-бөлек порцияларға бөлінеді: оқыту процесі бірізділікті қадамдардан тұрады, онда білімнің порциясы және оларды меңгеретін ойлау операциялары бар; әрбір қадам тексерумен аяқталады /сұрақ, тапсырма, т.б./; егерде оқушы қадағалаушы тапсырманы дұрыс орындаса материалдың жаңа порциясын алады да оқытудың келесі қадамын орындайды; оқушы дұрыс емес жауап берсе көмек және қосымша кеңес алады; әрбір оқушы дербес жұмыс істейді және әлі келетін қарқынды оқу материалын меңгереді; бүкіл қадағалаушы тапсырмалардың орындалуы есепке алынады және олар оқушының өзіне /ішкі кері байланыс/ және мұғалімге /сыртқы кері байланыс/ белгілі болады; педагог оқытуды ұйымдастырушы және оқушы қиындық көргенде кеңес беруші рөлінде болады; оқыту процесінде БО құралдары кеңінен пайдаланады: программаланған оқу құралдары, тренажерлер, қадағалайтын жабдықтар, оқыту машиналары.

Жеке электрондық-есептеу машиналарының қарқынды дамуы компьютерлік оқытудың жаңа технологиясын дүниеге әкелді. Қазіргі кезде оларды қолданудың жолдарын іздестіру қажет.

3. Жаттығу «Түртіп алу»

Дәрістің 3-4 сұрақтарын түсіну үшін «Түртіп алу» стратегиясын орындау тапсырылады. Әр студент бұл бөлікті жұппен орындайды.

+ жаңалық,

V білемін,

? түсінбедім,

- келіспеймін.

- Сұрақ-жауап әдісін қолдану арқылы тапсырма талқыланады.

Үлестірмелі материал:

3. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері.

Оқыту процесінің методологиялық және философиялық негізі диалектикалық материализмнің таным теориясы болып табылады, онда таным процесінің диалектикасы, ойдың бір кезеңнен екінші кезеңге қозғалысы ашып көрсетіледі.

Адамның танып білуі бірнеше кезеңнен өтеді:

1) Ең алдымен сезімдік тану болады, ол арқылы бала өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік құбылыстары, оқиғалар, заттар туралы түрлі елес алады. Осы сезімдік образдар барынша жүйеленсе және жалпыланса, балаға мектепте оқу жеңіл болады. Бірақта сезімдік тану жүйесінде бала қоршаған дүниенің заңдылықтарын көрсете, айыра алмайды.

2) Дерексіз /абстракталық/ танып білу, ұғымдар жүйесін меңгеруі. Мұнда мектептік оқыту қажет. Оқушының танымдық іс-әрекеті бір жақты болады. Ол қоршаған дүниенің белгілі бір жақтарын оқу пәндерінің мазмұны арқылы зерттеп біледі. Оқушының танымдық іс-әрекетіндегі нақтылық және дерексіздік карама-қайшылықты күш ретінде болып, оның ақыл-ой дамуында әр түрлі үрдістерді құрастырады.

3) Танып білудің жоғары кезеңі, яғни жоғары дамыған абстрактылық ойлаудың негізінде қоршаған дүние туралы жалпыланған елес қалыптасып, ал ол өз кезегінде көзқарастарды, сенімдерді, дүниеге көзқарастарды қалыптастырады.

Мектептегі оқу баланы ғылыми білімдер, ұғымдар, заңдылықтар дүниесіне енгізеді. Оқушы аз уақыттың ішінде адамзат ғасыр бойы танып білген, жинақтаған білімді меңгеріп алады.

4. Оқыту процесінің құрылымы, негізгі сатылары

Оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін басқаруға үйрену үшін, олардың білімді меңгеруінің кезеңдерін жақсы білу керек. Негізгі кезеңдері: қабылдау, оқу материалын ұғынуы, бекіту, практикалық іс-әрекетте білімді қолдануы.

1 кезең – қабылдау. Психологияда қабылдауды мақсатты бағытталған танымдық процесс ретінде қарастырады. Ол таңдаушылық сипатта болады. Сондықтан оқушыларға ең алдымен тақырыпты хабарлау керек, яғни олар нені оқитынын білуге тиіс. Міндет қойылып, ол түсіндірілуге тиісті. Егерде оқушылар оқу міндетін ұғынбаса материалмен таныстыра бастауға болмайды.

Сосын мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар даярлық жұмыстарды орындайды. Оқу материалымен бастапқы танысу жүзеге асырылады. Онда шынайы немесе суреттелген заттармен, құбылыстармен, жағдайлармен жұмыс жүргізіліп, таныстырылады, тәжірибелерді жүргізу іске асырылады.

Бірінші кезеңде оқушылар қандай құбылыстарды, уақиғаларды, заттарды т.б. оқитын туралы ұғымдары болады және оқу міндетін түсінеді.

2 кезең – оқу материалын ұғыну. Оның мәні: білімдегі теориялық астарларды бөлу және талдау. Басты ойды тауып, ұғымдарды бөліп шығарып, олардың белгілерін негіздеу, түсіндіретін материалдың сипатын ұғыну, мысалдардың жиынтығын және түсіндіретін фактілерді танып білу. Мұнда оқушының білімінде жүйе қажет, онда ол басты екінші қатардағы қосымшаны түсіндіретін элементтерді көріп отырғаны абзал. Оқып жатқанды екі түрде негіздей дәлелдей алатын болуы керек, яғни репродуктивтік түрде: мұғалімнің түсіндіру логикасын қайталайтындай және шығармашылық түрде: сөйлеуінде өзінің мысалдарын, фактілерін, шешу тәсілдерін қосуы.

Бұл кезеңді орындалды деуге болады, егерде оқушылар оқу міндетінің шешу тәсілдерін түсінсе және білімдегі жүйені ұғынса.

3 кезең – еске сақтау немесе бекіту. Мұндағы міндет ұзақ уақытқа алған білімді сақтау. Осы кезеңде танымдық іс-әрекет жаттығу, дербес репродуктивтік және шығармашылық жұмыс түрінде көбірек сипат алады. Теориялық материал, ұғымдар, ережелер, дәлелдеулер әр түрлі жаттығуларда қайталанатын. Ұғымдардың белгілері берік бекітіледі, ережелер, теоремалар, заңдар жақсырақ есте қалады.

Мұғалім оқушылардың жаттығуларды саналы орындағанын қадағалап отыру керек. Мұғалім еске сақтаудың әр түрлі тәсілдерін оқушыларға үйретіп отырады.

Үшінші кезеңнің қорытындысында оқушылар теориялық материалды білулері қажет және оны жаттығуларды орындағанда, есептерді шығарғанда, теореманы дәлелдегенде және т.б. қолдана білуі керек. Оларда оқу іскерліктері және дағдылары қалыптасқан.

4 кезеңде оқушылар алған білімді, іскерлікті және дағдыны практикалық іс-әрекетте қолдана білу қажет.

Бұл қатынаста сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстан үлкен мүмкіншіліктері бар. Балалардың жас техниктер, жас натуралистер үйірмелеріне, спорттық, көркемөнер секциясына т.б. шараларға қатысуы оқу іскерліктері мен дағдыларын практикалық іс-әрекеттің әр түрлерімен байланыстыруға көмектеседі.

Оқытуды оқушылардың практикалық іс-әрекетімен байланыстыру оларда моральдық сапаларды қалыптастыруға,

қызығушылықтарын және ынталарын, оқудың он мотивациясын тәрбиелеуге септігін тигізеді.

4. Жаттығу: «Т кестесі»

Дәрістің 5 сұрағы көрнекті педагогтардың еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары «Т кестесіне» салынады. Мәтінді талдап, ондағы білім беру жүйесінің дамуына үлестерін қосқан тұлғалардың нақты еңбектерін «Т» кестесі арқылы көрсетеді. Студенттер «Т» кестесінің бір жағына ғалымдардың есімдерін жазып, екінші жағына олардың еңбектеріне сипаттама береді. Білім беру жүйесінде дамыта оқыту идеяларының дамуына үлестері жөнінде өз ойларын жазады.

5. Көрнекті педагогтардың еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дережеде де дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың ролін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л. С. Выготский.

Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек процесс деген көзқарастарды қатты сынға алды. Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынды.

1. Бала дамуының жақын аймағы - баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы - баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады. Бұдан әрі психиканың бүкіл саласының қалыптасуы, адамның белсенді қызметті өрістетуі мүмкін болады. Бұл процесте ол бір жағынан өзінің іскерлігі мен қабілетін нығайтып жетілдіреді, жаңа дағдыларды игереді, екінші жағынан материалдық және рухани байлықтар жасап, осы арқылы адамзат мәдениетіне өз үлесін қосады. Баланың потенциалдық мүмкіндіктері неғұрлым жан-жақты үйлесімді, толығырақ дамыса, есейген кезде, оның қызметі соғұрлым мазмұнды, жан-жақты, табысты болады.

Оның жүзеге асырудың жолдарын ол соғұрлым серпінді меңгеріп, жаңғырта алады. Демек, шын мәніндегі - ертеңгі меңзеу орын алады.

Ғалым психологтар Л. Занков, А. А.Люблинская, В.В.Давыдов, Д. Б.Эльконин зертханаларында бастауыш мектепте оқытудың мазмұнын, сипатын өзгертуге арналған зерттеулер жасалады. С.Л.Рубинштейн, Е..Кабанова-Меллер және басқалар өз зерттеулерінде оқыту дамудың негізгі алғы шарты екенін делелдейді.

И.Я.Лернер «даму деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді. Мұндай анықтама интеллектуалдық іс-әрекетті жоғары орынға шығарады. Мәселе қаншалықты күрделі болса, оны шешуге жұмсалатын ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, аумақты, демек даму деңгейі де жоғары болады.

Дамыта оқыту идеясын алғашқылардың бірі болып 1959-60 жылдары қолға алған академик Л.В.Занковтың басшылығымен жасалған бастауышта оқытудың жаңа жүйесін мұғалімдер қауымы үлкен ықыласпен қабылдағанымен, белгілі себептерге байланысты өрістеп кете алмады. Тек 1990 жылдары ғана Ресей мектептерінде қайтадан қолданыла бастады. Қазір бұл жүйе дәстүрлі оқытумен қатар пайдаланып келеді.

Л.С. Выготскийдің теориясы Д.Б. Эльконин басқарған шығармашылық топ жұмысында әрі қарай жалғастырылады. Баланың - өзін-өзі өзгертуші субъект ретінде дамуына арналған тұжырымдама жасалып, зерттеулер жүргізілді. Екі авторлар тобы да өз жүйелері бойынша оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, әдістемелік құралдар дайындап шығарды. Осылайша, дамыта оқыту ғылыми теориядан практикалық іс-тәжірибеге батыл ене бастады.

Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтеже берді.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

Жаңа сабақты қорытындылау үшін жалпы топ студенттерін ұяшықтар алаңына шақырамыз. Ұяшықтарда барлық дәріс материалдарының мазұны бойынша сұрақтар жасырылынған.

10	20	30
10	20	30
10	20	30

Берілген тапсырма бойынша «10» ұпайлық торкөздерде жеңіл сұрақтар, «20» ұпайлық торкөздерде одан күрделірек, «30» ұпайлық торкөздерде күрделі сұрақтар жасырылынған.

Бақылау сұрақтары

1. Оқыту дегеніміз не?
2. Оқыту процесінің мәні неде?
3. Оқыту процесінің функцияларын ата.
4. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ата.
5. Оқыту процесінің құрылымы, негізгі сатыларын сипатта.
6. Оқытудың қызметін атаңыз.
7. Оқыту түрлері, олардың кемшіліктері мен жетістіктерін атаңыз.
8. Оқыту түрлерінің сипаттамасын және ерекшеліктерін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы әлем», 2003. -368 бет.
2. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. М., 1971.
3. Ильин Е. Рождение урока. М., 1986.
4. Сластенин В:А., Исаев И.Ф. Педагогика М., 1997.
5. Подласый И.П. Как подготовить эффективный урок. Киев. 1989.
5. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. М., 2000.
6. Подласый И.П. Педагогика. М., 2003.

- 7.Поташник М.М. Как развивать педагогическое творчество. М., 1987.
- 8.Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Алматы, 1993.
- 9.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.
- 10.Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. Алматы, 1992.
- 11.Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М.,1981.
- 12.Лихачев Б.Т. Педагогика М., 1998.
- 13.Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. М., 1984.

Өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар

- 1) Оқыту түрлерін жүйелеп, кесте түрінде көрсет.
- 2) Оқытудың психологиялық теориялары.
- 3) Оқышылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері.
- 4) Оқыту процесінің құрылымын кесте түрінде көрсет.
- 5) Көрнекті педагогтардың еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары.

Реферат тақырыптары

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтері.
2. Оқыту процесінде тұтас педагогикалық процестің негізгі функцияларын жүзеге асыру.
3. Оқытудың қозғаушы күштері.
4. Оқыту процесінде жеке тұлғаны дамыту.
5. Л.В.Занковтың дамыта оқыту теориясы.
6. В.В.Давыдов еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары.
7. Д.В.Эльконин еңбектеріндегі дамыта оқыту идеялары.
8. Оқушылардың танымдық әрекетінің ерекшеліктері.

«Оқыту үрдісінің заңдылықтары және принциптері»

Педагогиканың, дидактиканың маңызды бөлігі ретінде, оқыту процесінің заңды байланыстарын ашуға бағытталады. Содан кейін «заң», «заңдылық», «принцип» ұғымдарына анықтама берген дұрыс. Принциптер – бұл оқу-тәрбие жұмысының тәжірибесін зерттеу негізінде қалыптасатын бастапқы қағидалар.

Осыдан келе оқыту мен даму, оқыту мен тәрбие арасындағы заңды байланыстарды көрсетуге көшеді.

Оқыту үрдісіндегі заңды байланыстар дидактикалық принциптер жүйесін анықтайды. Бұл байланыстарды әсіресе, М.А. Данилов дәлелдеген: «Оқыту принциптері – дидактиканың

категориялары. Олар тәрбие мен білім берудің мақсатына сәйкес оқыту заңдарын қолдану тәсілдерін сипаттайды. Оқыту принциптерінің жүйесі – бұл оқыту теориясының бейнеленуі. Ол оқыту мазмұнын, әдістерін және ұйымдастырылуын анықтайды».

Осылайша, дидактикалық принциптер аталып, оларға толық сипаттама беріледі. Ендігі жерде осы сабақтың үлгі жоспарын беріп отырмыз.

Тақырыбы: Оқыту заңдылықтары және принциптері

Сабақтың мақсаты: Студенттерге оқыту принциптері, заңдылықтары туралы жан-жақты мәлімет беру, оқыту принциптері мен заңдылықтарының түрлерімен таныстыру. Студенттердің оқыту принциптері мен заңдылықтары жөнінде алған жан-жақты ақпараттарын өздерінің өмір сүру барысында тиімді қолдана білуін ұйымдастыру.

Сабақтың әдісі: Презентация, түртіп алу, сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырма.

Жоспары:

1. Оқытудың заңдылықтары және принциптері туралы жалпы түсінік.
2. Оқытудың заңдылықтары.
3. Оқытудың жеке (нақты) заңдылықтары.
4. Оқытудың принциптері мен ережелері.

1. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1 Жаттығу «Ауызша пікір алмасу»

Тапсырма: Студенттердің тақырып бойынша түсініктерін, пікірлерін білу мақсатында сұрақтар қойылады.

- Оқыту дегеніміз не?
- Принцип дегеніміз не?
- Оқыту принциптерін қалай түсінесің?
- Оқыту заңдылығы мен принципінің қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыз?

2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Ойша шолу

Дәрістің 1-2 сұрағы қамтылады.

- Оқыту принциптері мен заңдылықтары жөнінде мәлімет алу үшін мына слайд шоуға назар аударайық.

Слайд 1. Оқыту теориясының негізгі компоненттерінің бірі оның заңдылықтары. Олардан құбылыстар, үрдістер, оның нәтижелері арасындағы объективті, тұрақты және қайталанып келіп отыратын байланыстар көрініс табады.

Дидактикалық принциптер – оқыту процесінің жалпы мақсаттарына және заңдылықтарына сәйкесті мазмұнды, ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді анықтайтын базистік жағдайлар.

Слайд 2. *Я.А.Коменский* педагогикалық ойдың тарихында ең бірінші болып оқыту процесінің құрылыуын анықтайтын оқыту принциптерінің жүйесін жасады. *Я.А.Коменскийдің* оқыту табиғаттың және адамның дамуының жалпы заңдылықтарына бағынады деген идеясы «*оқытудың табиғатқа сәйкестігі*» деген атқа ие болды. *Ж.Ж.Руссо* оқыту процесінің принципалдық негізі баланың табиғатпен тікелей жанасуы деп есептеді. *И.Г.Песталоцци* оқытудың мазмұнын көрнекілік принципінен шығарады.

Слайд 3. *А.Дистервег* оқыту жүйесін нақты ережелермен толтырады. Ол оларды оқыту мазмұнына, оқытушыларға, оқушыларға талаптар түрінде қарастырды. Оқыту принциптерін жасауда *К.Д.Ушинский* үлкен үлес қосты. Ол мынадай принциптерді бөліп шығарды: оқытудың халықтық идеясында көрініс табатын оқытудың тәрбиелеушілік сипаты; оқытудың жүйелігі, шамаға лайықтылығы және әлі жетерлігі; білімнің беріктігі; оқытудың саналылығы және белсенділігі; оқытудың көрнекілігі. *К.Д.Ушинский* осы принциптерге терең психологиялық негіздеме берді.

Оқыту процесінде қызмет ететін заңдылықтары жалпы өз әрекетімен бүкіл жүйені қамтиды және жеке немесе нақты жүйенің белгілі бір компонентіне әсері болып бөлінеді.

Слайд 4. *Оқыту процесінің жалпы заңдылықтар:*

1. Оқытудың мақсаты тәуелді: а) қоғамның дамуының деңгейіне және қарқынына; б) қоғамның сұранысына және мүмкіншілігіне; в) педагогика ғылымының және практикасының даму деңгейіне және мүмкіншілігіне.

2. Оқытудың мазмұны тәуелді: а) қоғамдық сұранысқа және оқыту мақсатына; б) әлеуметтік және ғылыми техникалық прогрестің қарқынына; в) оқушылардың жастық мүмкіншіліктеріне; г) оқытудың теориясы мен практикасының

дамуының деңгейіне; д) оқу орындарының материалдық техникалық және экономикалық мүмкіншіліктеріне.

3. Білім сапасы оқытудың әрбір жаңа кезеңінің тиімділігі тәуелді:

а) оның алдындағы кезеңнің өнімділігіне және ондағы қол жеткен нәтижеге; б) оқылып жатқан жадығаттың сипатына және көлеміне; в) мұғалімдердің ұйымдастырушылық педагогикалық әсеріне; г) оқушылардың оқығандығына; д) оқыту уақытына.

4. Оқыту әдістерінің тиімділігі тәуелді: а) әдістерді қолданудағы біліміне және дағдысына; б) оқыту мақсатына; в) оқытудың мазмұнына; г) оқушылардың жасына; д) оқушылардың оқу мүмкіншіліктеріне; е) материалдық техникалық қамтамасыз етілуіне, ж) оқыту процесін ұйымдастырылуына.

5. Оқытуды басқару. Оқытудың өнімділігі тәуелді: а) оқыту жүйесінде кері байланыстың қарқындылығына; б) түзетуші әсердің дұрыстығына.

6. Оқытуды ынталандыру мыналардың есебінен болады: а) оқытудың мотивтері ә) сыртқы (қоғамдық, экономикалық, педагогикалық) стимулдардың.

3. Жеке жұмыс

Дәрістің 3-4 сұрағын түсіну үшін «Түртіп алу» стратегиясын орындау тапсырылады. Әр студент бұл бөлікті жеке орындайды.

+ жаңалық,

✓ білемін,

? түсінбедім,

- келіспеймін.

- Сұрақ-жауап әдісін қолдану арқылы тапсырма талқыланады.

3. Оқытудың жеке (нақты) заңдылықтары

1. Дидактикалық заңдылықтары. Оқытудың нәтижесі оқытудың ұзақтығына, меңгеріліп жатқан мазмұнның оқушыға мәнділігіне тікелей пропорционалды. Берілген көлемдегі білім мен іскерліктің меңгерілу өнімділігі оқылып жатқан материалдың санына, қиындығына және күрделілігіне кері пропорционалды. Оқытудың нәтижесі қолданылған әдістердің, құралдарға және мұғалімнің шеберлігіне тәуелді. Оқытудың «жасату» жолы «тыңдау» жолынан 6-7 есе өнімді.

2. Танымдық /гносеологиялық/ заңдылықтар. Оқытудың нәтижесі оқушылардың оқуға деген сұранысына және оқушылардың оқу іс-әрекетінің көлеміне, білімдерді, іскерлікті

практикалық қолдану көлеміне тікелей пропорционалды. Оқушылардың ақыл-ой дамуы өзара байланысты білімдердің, іскерліктердің, шығармашылық әрекеттің тәжірибесін меңгеру көлеміне тікелей пропорционалды. Оқыту нәтижесі оқушылардың үй тапсырмасын әрдайым және жүйелі орындалуына, оқытудың проблемділік деңгейіне, оқушыларды әлі келетін және мәнді оқу проблемаларын шешуге қатыстырылу қарқынына тәуелді.

3. Психологиялық заңдылықтар. Оқытудың өнімділігі оқушылардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығына, оқушылардың оқу мүмкіншілігіне, тренировкалық жаттығулардың санына, тренировканың қарқынына, оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейіне, оқушылардың зейінінің деңгейіне және тұрақтылығына, оқушылардың еңбек істеуге деген қабілеттілігіне байланысты. Нақты оқу материалын меңгерудің нәтижесі оқушылардың қабілетіне жекелеген ынтасына, оқушылардың ойлауының деңгейіне, күшіне, қарқындылығына және ерекшелігіне, еске сақтаудың даму деңгейіне тәуелді.

4. Кибернетикалық заңдылық. Оқыту тиімділігі кері байланыстың жиілігіне және көлеміне, оқыту процесін басқару сапасына тікелей пропорциональды болады. Білім сапасы қадағалаудың тиімділігіне де байланысты болады.

5. Әлеуметтік заңдылықтар. Индивидтің дамуы тікелей немесе жанамалай қарым-қатынасқа түсетін басқа да индивидтердің дамуымен шартталған. Оқытудың өнімділігі танымдық контактінің көлеміне және қарқындылығына, «интеллектуалдық ортаның» деңгейіне, өз-өздерін оқытудың қарқындылығына тәуелді.

6. Ұйымдастырушылық заңдылықтар. Оқытудың тиімділігі мұғалімнің ұйымдастырушылық жұмысына, жұмыс істеу қабілетіне тәуелді. Ақыл-ой шаршауы сезім органдарының тежелуіне соқтырады: төрт сағат оқу сабағы анализаторлардың сезімдігін 2 есе кемітеді. Балалардың ақыл-ой жұмыс істеу қабілеті денсаулық жағдайына, ақыл-ой іс-әрекетінің режиміне, жынысына, жасына, жылдың уақытына, апта күніне, тәулік уақытына тәуелді болады. Балалардың ақыл-ой іс-әрекетінің белсенділігі оқу сабақтарының кестесіне де тәуелді болады.

4. Оқытудың принциптері мен ережелері:

Саналылық және белсенділік принципінің негізіне ғылым орнатқан заңдылықты жағдайлар жатыр: білім алудың мәні терең

және дербес ұғынылған білімдер құрайды, олар өз ойын қарқынды жұмыс істеу жолымен игеріледі.

Көрнекілік принцип негізінде мынадай ғылыми заңдылықтар жатыр: адамдардың басым көпшілігінде көру органдары ең үлкен сезімділікке ие, көру органынан миға түсетін ақпарат кодировканы қайта жасауды талап етпейді, ол оқушының есінде жеңіл, тез және берік орын алады.

Жүйелілік және бірізділік принципі мынадай ғылыми жағдайларға негізделеді: оқушының миында қоршаған дүниенің анық суреті бейнеленгенде ғана ол нағыз және іскер білімге ие болады.

Ғылымилық принципінде мына заңдылық бекітілген: білім беру мазмұнын меңгеру және оқушылардың танымдық күшін дамыту – оқыту процесінің екі өзара байланысты жақтары; оқу материалын меңгерудің беріктігі тек қана объективті факторға емес, сонымен бірге субъективті факторға да тәуелді; білімді меңгерудің беріктігі оқытуды ұйымдастырумен, әр түрлі формалар мен әдістерді қолданумен, оқытудың уақытымен шартталады; оқушылардың еске сақтауы таңдаушылық сипатта болады.

Шамаға лайықтылық принципі оқытудың көп ғасырлық практикасы жасаған талаптардан шығады: оқушылардың жастық даму заңдылықтары және оқушылардың даму деңгейіне сәйкесті дидактикалық процесті жүзеге асыру. Я.А.Коменский шамаға лайықтылық принципін жүзеге асыруға арналған ережелерді анықтады: жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге, оңайдан күрделіге.

Ғылымилық принципі оқушыларға ғылым орнатқан білімдерді меңгертуді талап етеді.

Теория мен практиканың байланысы принципінің негізіне философияның мынадай басты қағидасы жатқызылған: өмір, практика – шындықтың өлшемі, танымдық іс-әрекеттің қайнар көзі.

Оқыту принципінің талаптары ережелер жүйесі арқылы жүзеге асады. *Ереже* – бұл нақты жағдайда белгілі бір мақсатты орындаудағы педагогикалық іс-әрекетті суреттеу. Көбінесе оқытудың ережесі деп қандай да бір принципті қолданудың жекелеген жақтарын ашатын басшылықтық жағдайларды түсінеді.

Оқытудың ережесі теориядан практикаға көшу буыны болады. Ереже мұғалімге қандай да бір жағдайда белгілі бір әрекеттерді орындауды тапсырады, оны талаптарды орындауға бағыттайды.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

4. Жаттығу «Ертегі»

Жаңа сабақты қорытындылау үшін жалпы топ студенттеріне «Принциптер мен заңдылықтар патшалығы» ертегісін құру тапсырылады. Әр студент бір-бір сөйлем құру арқылы ертегінің желісі құрылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқыту процесінің заңдылықтарына түсінік және оларға сипаттама бер.
2. Оқытудың заңдылықтарын ата.
3. Оқытудың жеке заңдылықтарын ата.
4. Оқыту принциптері дегеніміз не?
5. Я.А. Каменский, К.Д. Ушинский оқыту принциптерін қалай қарастырды?
6. Табиғатқа сәйкестілік принципінің мәні.
7. Саналылық және белсенділік принципінің мәні неде?
8. Көрнекілік принципінің принципінің мәні неде?
9. Ғылымилық принципінің мәні неде?
10. Жүйелілік және бірізділік принципінің мәні неде?
11. Теорияның практикамен байланыс принципінің мәні неде?
12. Түсініктілік және шамаға лайықтылық принципінің мәні неде?

Әдебиеттер:

1. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. А., 2004.
2. Ильин Е. Рождение урока. М., 1986.
3. Педагогика /Курс лекций. А., 2003.
4. Подласый И.П. Как подготовить эффективный урок. Киев. 1989.
5. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. М., 2000.
6. Подласый И.П. Педагогика. М., 2003.
7. Поташник М.М. Как развивать педагогическое творчество. М., 1987.
8. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Алматы, 1993.
9. Куписевич Ч. Основы общей дидактики. М., 1986.
10. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.
11. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М., 1981.

12.Лихачев Б.Т. Педагогика М., 1998.

Өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар

- 1) Оқыту принциптерінің өмірде жүзеге асырылуын көрсет.
- 2) Жалпы заңдылықтарға мысалдар келтір.
- 3) Нақты заңдылықтарға мысалдар келтір.
- 4) Қазіргі дидактиканың ұсынатын заңдылықтарын кесте түрінде көрсет.
- 5) Оқыту принциптерін жүзеге асыру ережелерін көрсет және оған мысалдар келтір.

Реферат тақырыптары

1. Оқытуда оқушылардың дербес ерекшелігін есепке алу принципі.
2. Бастауыш мектепте оқыту принциптерін қолдану.
3. Я.А.Каменский бойынша оқыту заңдылықтары.
4. Ф.А.В.Дистервег бойынша оқыту заңдылықтары.
5. Э.Торндайк бойынша оқыту заңдылықтары.
6. Э.Мэйман бойынша оқыту заңдылықтары.
7. Білім, біліктілік , дағдыларды игеруде беріктік принципі.
8. Оқыту принциптерін жүзеге асыру жолдары.

**4. Студенттердің дидактика бойынша білім, білік, дағдыларын бақылау және есепке алу ерекшеліктері
Педагогика бойынша студенттердің оқу-танымдық әрекетінің нәтижелерін тексеру.**

Бұл мәселеге педагогикалық көп көңіл бөлінеді. Зерттеулерде оның мына жақтары көрсетіледі:

- оқу-таным әрекетінің спецификасы, әрдайым тексеру мен бағалаудың қажеттілігі;
- тексерудің оқыту және тәрбиелеу сипатында болуы;
- білім беру міндеттері мен сипатын, оқу пәні мен міндеттердің спецификасын есепке алу;
- тексерудің оқу процесін ұйымдастыру және оның сипатымен тығыз байланыстылығы.

Бұл қағидалар оқу-тәрбие процесіндегі танымдық әрекетті тексеруді ұйымдастыруда аса қажет.

Педагогиканы оқыту процесі болашақ маман емтиханын тапсырса да, өз бетімен білім алуына тәрбиелеуге бағытталған.

Педагогикада теория мен практика бірге жүреді. Бұл оқушылардың оқу-танымдық әрекетін тексеруді белгілейді. Міне, сондықтан, теориялық материалдың білімін анықтаумен қатар түрлі жаттығулар, практикалық тапсырмалар, есеп шығару әдістері ұсынылады.

Педагогиканы оқыту үрдісінде тексерудің барлық түрлері қолданылады: ағымдағы тексеру, кезеңді тексеру, қортыныды тексеру; түрлі әдістер: ағымдағы, бақылау, ауызша сұрау, тапсырманы орындау, жазбаша бақылау жұмыстары. Оқу-танымдық әрекетін тексеру түрлі формаларда өткізіледі: фронтальді, топтық және жеке.

Ағымдағы тексеру: ауызша сұрау, жазба жұмыстары, түрлі практикалық тапсырмалар, жаттығулар.

Кезеңді тексеру: тапсырманы орындау жайында есеп беру, коллоквиум, әңгімелесу белгілі бір тақырып бойынша сынақ.

Коллоквиум (латын тіліде colloquium - әңгіме, әңгімелесу) – ғылыми жұмысты ұйымдастыруда дәстүрлі әдіс. Олар ерте заманнан-ақ қолданылуда. Олар оқу пәнінің белгілі бір сұрақтары бойынша әңгімелесу түрінде өткізіледі. Әңгімелесу сұрақтарын оқытушы алдын-ала дайындайды, студенттерге негізгі және қосымша әдебиет тізімі ұсынылады. Коллоквиумның негізгі қызметі – оқыту, бұнда бақылау функциясы екінші орында. Коллоквиум барысында оқытушы жасалған жұмысқа жалпы баға береді, ол негізінен мазмұнды сипатта болады.

Сынақ жүйесі жоғарғы оқу орнында көптен бері пайдаланып келеді. Оқу пәндерінің тараулары, әсіресе, практикалық бөлімдері бойынша білімді тексеру мен есепке алудың түрі. Сынақ түрлі формаларда өткізілуі мүмкін: теориялық материал бойынша оқытушының студентпен әңгімелесуі, практикалық жұмыс, бақылау нәтижелері бойынша әңгімелесу. Студенттерге ең басында сынаққа қандай материал берілетіндігі, оны қашан және қандай формада өткізетіндігі, сынақты ағымдағы әрекетінің нәтижесі бойынша алу үшін семинарда, практикалық сабақтарда қандай жұмыс орындау керектігін айтып өтеді.

Сонымен қатар, емтихандар. Жоғарғы оқу орнында курстық және мемлекеттік емтихандар енгізілген. Емтихандардың басқа тексеру әдістерінен айырмашылығы –

1.оның бақылау сипатында болуы;

2.оқушылар мен студенттердің теориялық білімін тексеруге бағытталуы.

Курстық емтихандарда студенттердің білімі тексеріледі. Мемлекеттік емтихандар жаңа негізде өткізіледі: әдістемені, педагогика тарихын оқу. Осылайша, емтихан сұрақтары жасалады. Олар, негізінен, проблемді сипатта болады. Студенттер өздерінің жауаптарында педагогикалық ойлау деңгейін көрсете білуі тиіс. Мемлекеттік емтихан білім және ғылым министрлігі бекіткен арнайы бағдарлама бойынша өткізіледі. Ол мемлекеттік емтиханның мазмұны мен ұйымдастырылуын анықтайды.

Педагогикада мыналарды тексеру қажет:

- 1.Ұғымдар және олардың анықтамалары.
- 2.Тәрбиенің мақсат-міндеттерін, мазмұнын білуі.
- 3.Оқыту мен тәрбиенің ғылыми негіздерін, заңдылықтары мен принциптерін түсінуі.
- 4.Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, формаларды білуі.
5. Оқу-тәрбие процесін бақылауды жүргізе білуі, баға беруі.
- 6.Оқыту мен тәрбиеде міндеттерді белгілей білуі, олардың жоспарын құруды білуі.
- 7.Оқытушы басшылығымен, оқу және оқудан тыс сабақтарды өткізе білуі, оны бағалауы.
- 8.Педагогикалық әдебиетпен жұмыстана білуі.

Енді тексерудің жазбаша формалары: есеп беру, жазба бақылау жұмысы, педагогикалық шығарма жазу, реферат, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс.

Егер қарапайым формалар негізінен білімді тексерсе, реферат, курстық және дипломдық жұмыстар, оқыту формалары, студенттерді ғылыми-зерттеу ізденісіне енгізу. Сонымен бірге, үздіксіз педагогикалық практиканы өткізу де қажет.

Педагогикадан реферат жазу екі бөлімнен құралады: 1.Әдебиет көздерін қорытындылау; 2. Практика барысында жинақталған педагогикалық фактілерді жүйелеу. Реферат жазуға дайындық семинар және практикалық сабақтардан-ақ басталады. Бұнда материал жинақталып, тақырып белгіленеді. Содан соң материалды жинақтап, оны жүйелеу жасалады. соңынан реферат талқыланады.

Практикалық бөліміне материал жинақтауды мына әдістер қолданылады: белгілі бір мәселе бойынша мұғаліммен әңгімелесу, сабақты, тәрбие жұмысын бақылау, мұғалім жұмысын талдау.

Жалпы орта білім беретін мектептегі педагогикалық бақылау негіздері

Бақылаудың оқуға ынталандыру қызметін атқаратыны және студенттердің әрекетіне әсер ететіні белгілі. Тәжірибелер көрсеткендей, оқу процесінен бақылауды жартылай немесе мүлдем алып тастау білім сапасының төмендеуіне әкеледі. Қазіргі уақытта оқу процесіне оқытудың жаңа әдістерін ендіру педагогикалық бақылаудың сапасы мен тиімділігі саласында жаңа ізденістерді, бақылаудың жаңа формаларының, мысалы, рейтинг, пайда болуын қажет етеді.

Педагогикалық бақылаудың қызметтері

Бақылау саласында үш негізгі өзара байланысқан қызметтерді атауға болады: диагностикалық, оқыту және тәрбиелеу.

Диагностикалық қызметі: бақылау – бұл студенттердің білім, іскерлік, дағдыларының деңгейін анықтау, студенттің шынайы әрекетін бағалау.

Оқыту қызметі оқу материалын меңгеру жұмысын белсендендіруден көрінеді.

Тәрбиелеу қызметі: бақылау жүйесінің болуы тәртіпке шақырады, студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырады және бағыт береді, біліміндегі ақаулықтарды, тұлғаның ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі, осы ақаулықтарды жоюға көмектеседі, пәнге деген шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыруға және оларды дамытуға ұмтылысын дамытады.

Оқу-тәрбие процесінде аталған үш қызметі өзара тығыз байланысты, бірақ осы қызметтер ішінен біреуі ғана басымдылыққа ие болатын бақылаудың формалары бар. Мысалы, семинарда негізінен оқыту қызметі бірінші орынға ие: түрлі пікірлер айтылады, сұрақтар қойылады, қателер талқыланады, сонымен қатар семинар тәрбиелеу және диагностикалау қызметтерін де атқарады.

Сынақ, емтихан, коллоквиум, тестілеу негізінен бақылаудың диагностикалық қызметін атқарады.

Педагогикалық өлшеу

Педагогикалық өлшеудің ең көп тараған түрі – педагогикалық тест. Педагогикалық тест – белгілі бір мақсатпен педагогикалық өлшеуді өткізу үшін ғылыми тәсілдер негізінде таңдалып алынған тапсырмалар жиынтығы. Тестіге қойылатын ұйымдастырушылық талаптар:

3. тестілеу негізінен бағдарламалық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Барлығы бірдей жағдайда бірдей сұрақтарға жауап береді;

4. нәтижелерді бағалау алдын-ала белгіленген шкала бойынша жүреді;

тестілеуді жүргізуде тест сапасының үш критерийі есепке алынады: сенімділік, валидтілік, объективтілік.

Сенімділік – педагогикалық бағалаудағы қателіктер деңгейін анықтау, бағаның шынайы мәнін нақтылау. Соңғы уақытта сараптамалық сұрау кең тарала бастады, бұнда студентті 2-3 және одан көп оқытушылар бағалайды. Валидтілік – бақылау формалары мен әдістерінің бақылау мақсатына сәйкестігі.

Білімді сапалы бағалаудың басты міндеті мына сұраққа жауап беруге байланысты: білім деген не? Пәндік білімі жоғары студенттің идеалын жасау арқылы бақылауға қажетті материал алуға болады. Бақылаудың валидтілік емесіне жататындар – көшіріп алу, сыбырлап айту, репетиторлық «тасу», аяушылық жасау, шектен тыс талап қоюшылық. Бұл жағдайларда бақылау нәтижесі қойылған міндеттерге сәйкес емес.

Объективтілік – сенімділік, валидтілік және психологиялық, педагогикалық, этикалық, құндылықты сипаттағы аспектілердің жиынтығын беретін критерий.

Бақылаудың объективтілігін арттыру жолдары

Бірінші бағыты – коллегиялық бағаны қалыптастыру, мысалы, МЕК.

Екінші бағыты – техникалық бақылаудың стандартты тест бағдарламаларын қолдану. Оны кафедра, ЖОО, әдістемелік лаборатория, арнайы ұйымдар өткізуі мүмкін.

ЖОО-ның оқытушысы бақылауда объективтіліктің барлық жақтарын есепке алуы тиіс:

Объективтіліктің эстетикалық жағы – моральдық реттеу. Көшірі алу және сыбырлап айтуды оқу тәртібін бұзу деп саналмаған жағдайда қабылдауға болады. Оқытушының жақсы көретін және жақсы көрмейтін студенттері болмауы және соған сәйкес баға қоймауы керек.

Бағлаудың құндылықты критерийі бағаның әділдігі жөнінде сұрақ тудырады. Студент санасында объективті емес қойылған баға әділдіксіз қойылған бағамен ассоциация тудырады. Оқытушының

пікірі дәйекті және дәлелді болған жағдайда ғана бағаның әділдігі қабылданады. Студенттерді оқытушының шешімі дұрыс екендігіне сендіру қажет. Олардың түсінігі бойынша оқытушылар мейірімді және қатал болып бөлінеді. Себебі әрбір оқытушы бағалаудың жеке өзіндік критерийлерін жетекшілікке алатын болғандықтан оның объективтілігі педагогикалық тәжірибесі мен жеке тұлғалық сапаларына тәуелді.

Объективтіліктің психологиялық жағы – баға қою шешіміне студенттің пәнге, оқытушыға деген қарым-қатынасы, сабаққа қатысуы, берілетін сұрақтардың сипаты мен саны оқытушы санасында студенттің «бейнесін» қалыптастырады.

Сондықтан көп жағдайларда оқытушы неліктен сол бағаны қойғанды жөнінде түсінік беріп отыруы тиіс.

Педагогикалық бақылауды ұйымдастыру принциптері

Негізгі үш принцип ажыратылады:

Тәрбиелеу принципі – студенттің оқуға деген шығармашылық және саналы қарым-қатынасын белсендендіреді, танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарының өсуіне жағдай жасайды, оқу әрекеті мен тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Студент тұлғасына нұқсан келтіретін бақылау ЖОО-да қолданылмайды.

Жүйелілік – жүйелі бақылау оқыту процесін реттейді, мотивацияны ынталандырады, қажетті шамада баға жинақтауға мүмкіндік береді.

Жан-жақтылық – бақылауға және бағалауға енгізілетін сұрақтар аясы пәннің барлық тараулары мен бөлімдерін қамтуы тиіс. Тұлғаны бағалауда іскерлік, моральдық сапаларды, құндылықты бағдарларды, қоғамдық жұмысты, оқу жетістіктері есепке алу керек.

Жетінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқыту процесінің мәні.
2. Жалпы орта білім берудің мазмұны.
3. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері.
4. Оқытудың заңдары, заңдылықтары, принциптері.
5. Оқушылардың оқуының мотивтері.
6. Жалпы орта білім беруде білім алушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру.
7. Оқыту теориясының негізін қалаушылар.
8. Оқытудың психологиялық негіздері.

9. Жалпы орта мектеп білім алушыларының оқыту әдістерін және танымдық іс-әрекетін белсендіру.

10. Дидактикадағы оқытуды ұйымдастырудың формалары және олардың дамуы.

11. Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.

12. Оқыту әдістерінің эволюциясы.

13. Жалпы орта білім беруде сабақ талдаудың психологиялық-педагогикалық жақтары.

14. Оқу процесінің қозғаушы күштері.

15. Оқыту процесіндегі жаттығулар. Олардың түрлері, атқаратын қызметі және оларды даярлаудағы және өткізудегі дидактикалық талаптар.

16. Проблемалық оқыту.

17. Оқыту құралдары.

18. Жалпы орта білім беру кезеңіндегі білім алушылардың оқу мотивтері

19. Қазіргі жалпы орта білім берудегі оқу үрдісін ұйымдастырудың сыныптан тыс және сабақтан тыс формалары.

20. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тұлғалы – мектеп оқулығы.

21. Білім алушылардың танымдық іс-әрекет нәтижесін бақылау, бағалау және есепке алу.

22. Қазақстанның білім беру жүйесі.

23. Мектепте 12-жылдық білім беруге өтуде педагогикалық процесті ұйымдастыру ерекшеліктері.

Жетінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан., 2007.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.- Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003-2009. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.

3. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- 2002.

4. Оконь В. Введение в общую дидактику: Пер. с польского Л.Г.Кашкуевича, Н.Г.Горина. – М.: Высшая школа, 1990. – 382 с.

5. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. М., 1980. – 297 с.

6. Коменский Я.А. Великая дидактика., 1955, С. 287.
7. Давыдов В.В. О предмете и методе дидактических исследований. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1962. - 120 с.
8. Лихачев Б.П. Педагогика: Учеб.пособие.- М., 1992.
9. Попков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы. 2004.
10. Сабыров Б.Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. А., 1999.
11. Краевский В.В. Соотношение педагогической науки и педагогической практики.-М., 1977.
12. Данилов М.А. Основные проблемы методологии и методики педагогических исследований. - М.: АПН СССР, 1971. - 36 с.
13. Образцов П.И. Методы и методология психолого-педагогического исследования.- СПб.: Питер, 2004,- 268б.
14. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. - М.: Школа-Пресс, 1994. С. 205.
15. Равен Дж. Педагогическое тестирование: Проблемы, заблуждения, перспективы /Пер. с англ. Изд. 2-е, испр. -М: «Когито-Центр», 2001. - 142с.
16. Макарова Т.Д. Тестирование в системе мониторинга качества образования //Стандарты и мониторинг в образовании.- 1998.- №1 .-60-61б.
17. Ковалева Г.С.Зарубежный опыт построения и актуальные проблемыразвития образовательного тестирования: М., 2001.
18. Загвязинский В.И. Методология и методика педагогических исследований. - Тюмень: Изд-во Тюменского университета, 1996.-86с.

VIII. «ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ» БӨЛІМІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМА

1. Болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық дайындаудағы бөлімнің маңызы, мақсаты, міндеттері

Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-адамгершілік өзгерістер біздің қоғам өміріндегі білімнің барлық жүйесін өзгертуге әкеліп отыр. Сондықтан барлық педагогикалық жоғары оқу орындарының басты міндеті болашақ педагогтарды педагогика ғылымының теориялық негіздерімен қаруландыруы болып табылады.

Педагогтың кәсіби даярлығының тиімділігі, көбінесе, теориялық-әдістемелік қалыптасуының жаңа мазмұнымен анықталады. Студенттердің болашақ педагогтік мамандығының басты бағыттарын анықтауына, соның ішінде олардың оң кәсіби ынтасының қалыптасуына педагогика пәнінің «Тәрбиелеу теориясы» бөлімі зор ықпал етеді.

Тәрбие теориясы қоғам талабымен және мүдделерімен өте тығыз байланысты. Педагогика ғылымында «тәрбие» терминіне әрқашан ерекше маңызы беріліп келді. Тәрбиелеу теориясы – тарихи тұрғыда құрылып XIX ғасырда түбегейлі қалыптасқан педагогика ғылымының бөлімі. XIX ғасырдың басында неміс педагогы И.Ф.Герbart (1776-1841жж.) тәрбиелеу теориясын оқыту теориясына пара-пар қылып педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде бөліп қойды. Уақыт өте тәрбиелеу теориясының шешуге тиісті мәселелерінің шеңбері анықтала басталды.

Көптеген жылдар тәрбиеге «тұлғаның дамуын басқару» деген анықтама берілді. Сонымен қатар білім беру және тәрбие ісі тұлғаны дамыту мен қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылады. «Тұлғаның қалыптасуы» – тұлғаның шынайы шындықпен өзара әрекеті барысындағы өзгеріске түсу үрдісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жаңаруындағы өзгерістердің пайда болуы. «Тұлғаның қалыптасуы» ұғымына білім алушының қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өзінің тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің мінез-құлқын жөнге сала білуі, сондай-ақ әлем мен өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген және құндылық атаулыны тұрақты таңдай алатын деген сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері енеді.

Адамның қабілетін, қоршаған ортаны оның санасында қалыптастыруда мақсат ететін болғандықтан, тәрбие психологиялық салаға да қатысты. М.Жұмабаев «Түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толғанарлық болса, білім алушының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы», – деп жазды.

Тәрбие жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлшегі болғандықтан, оны мәдениеттанымдық тұрғыдан оқып, үйренуге де тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс білім алушыға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заман мәдениетіне енуіне көмек береді деп түсінуіміз керек. Білім алушының оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуға тиіс. Нәтижесінде, тәрбие ісі жалпы адамзаттық ізгілікті бағытта жүргізіліп, жеке бас бостандығын, ар-ожданын қорғауға бағытталуы керек.

Тәрбие адамдарға тән әлеуметтік категорияға жатады және тұлғаны дамытуда шешуші роль атқарады. Жан-жақты дамыған тұлға ақыл-ой дамуы, жоғары дәрежедегі жалпы орта білімі, дене және ақыл-ой еңбегіне психологиялық және практикалық даярлығымен, адамгершілік, эстетикалық және денелік дамуының бірлігімен, әртүрлі материалдық және рухани сұранысымен сипатталады. Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда тәрбие қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып, бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі.

Тәрбие – мақсатты үрдіс. Тәрбие мақсаты айқын әрі нақты өмір жағдайына сай болған жағдайда ғана оның нәтижесі дұрыс болады. Педагог тәрбие мақсатын өз қалауы бойынша анықтай алмайды. Себебі тәрбие мақсаты қоғамның, мемлекеттің саяси бағыт бағдарымен тығыз байланыста болады.

Тәрбие – біртұтас үрдіс. Адам жеке тұлға ретінде тәрбиеленеді. Сондықтан жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып дамыту жеке емес, керісінше бір мезгілде барлық адамдар үшін бірыңғай жағдайда жүзеге асырылады.

Тәрбие ұзақ әрі күрделі үрдіс. Жеке адамның қалыптасуы бүтіндей бір ұзақ кезеңді қажет етеді. Адам білім алушысы

туғаннан бастап есейіп ержеткенге дейін тәрбиенің ықпалында болса, кейінгі уақытта ол өзін-өзі тәрбиелеу үрдісімен жалғасады.

Тәрбие – көпжақты үрдіс. Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлеу үрдісі қоғамның барлық мүшелерінің: отбасының, оқу орыны пен жұртшылықтың бірлесіп атқаратын ортақ міндеті. Дегенмен ата-аналар мен жұртышылық әрекетін қадағалап, бағыт-бағдар беріп, олардың білім алушы тәрбиесіндегі жұмыстарын бірыңғай бағытта ұйымдастыруда педагогтың орны ерекше. Бұл үрдістің орталығы – оқу орыны.

Уақыт өткен сайын бұл міндеттердің шеңбері өзгеріп, жетілдіріліп, жаңарып толықтырылды. Бүгінде тәрбие туралы түсінікке білім алушының жеке басының қалыптасуы мен дербес ерекшеліктерін ескерумен іске асырылатын толық қанды және толық құқылы тұлға тәрбиелеуге болады деп тануды талап ететін және оқу-тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде тұлғаның қоғамдағы жаңа ұстанымы еніп орнығуда.

Болашақ ұстаздарға білім алушыларға қажетті тәрбие беру өнерін меңгерту арнаулы кәсіби орта және жоғары педагогикалық оқу орындарында жүзеге асырылады. Педагогикалық оқу орындарының студенттеріне тәрбие беру өнерін меңгертудің алғашқы кезеңі педагогика курсы оқып-үйренуден басталады. Тәрбие беру өнерін меңгерту кезеңі көп сатылы, соның ішінде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің алатын орыны ерекше.

Оқу орыны жағдайында бұл жауапты жұмысты жүзеге асыру педагоглеріне жүктеледі. Оны нәтижелі ұйымдастыру, педагоглерінің педагогикалық білім деңгейінің сапасы мен кәсіби шеберлігіне байланысты. Тәрбие жұмысына оқу орынының педагогикалық ұжымы мен білім алушылардың ата-аналарын, тіпті жұртшылықты жұмылдыра білу қабілетін меңгерудің маңызы ерекше.

Тәрбиенің қоғамдағы атқаратын қызметіне орай өзіндік ерекшеліктері бар, өйткені тәрбие – қоғамдық құбылыс. Қоғамның материалдық жағдайының өсуімен, идеологиясының өзгеруімен байланысты тәрбиенің мақсат-міндеттері мен мазмұны, ұйымдастыру тәсілдері жаңа жағдай мен талаптарға сәйкес жаңарып толығып отырады. Адам жеке тұлға болғанымен қоғамнан

тыс өмір сүрмейді. Ал қоғам дегеніміз – адамдардың тіршілік етіп өмір сүруі үшін қажетті топтасқан ортасы.

Бүгінде біздің қоғамда өркениеттілікке бағытталған «Білім беру туралы» Заңында азаматтық қоғам орнатуда өскелең ұрпақтың оқу және тәрбие мәселелерінің сұрыпталған қатаң ғылыми негіздегі тың жүйесі қалыптасқан. Еңбек нарқының осы заманғы жағдайларында еліміздің өркениетті демократиялық реформалар курсына көшу кезеңінде оның ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, құқығы мен бостандығын тани отырып, тәрбиенің мақсаты мен міндетіне жаңаша қараған жөн. Бүгінде оны тәрбие үрдісінде басшылыққа алу барлық әлеуметтік мекемелердің міндетті ортақ ісіне айналып отыр.

Тәрбие қоғамның пайда болуына сәйкес туындап отыратындықтан оның мақсаты мен жүйесі әрбір қоғамның саясаты мен экономикасына тәуелді және сол арқылы анықталады. Сонымен қатар тәрбие мақсатын таңдағанда және тұжырымдағанда табиғаттың, қоғамның, адамның дамуының объективті заңдылықтарына сүйену керек. Тәрбие мақсаты қоғам дамуының сұранысымен анықталады және өндіріс тәсіліне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына, педагогикалық теория мен практиканың дамуының жеткен деңгейіне, қоғамның, оқу орындарының, педагог пен білім алушылардың мүмкіндігіне тәуелді. Жоғарыда айтылғандарға назар аударсақ, тәрбиенің мақсаты шығармашылық қасиеті және басқа да өзіне тән қасиеттері жан-жақты дамыған, бәсекелестікке бейімі бар, нарықтық экономикаға бағдарланған, Отаны алдында өзінің жауапкершілігін сезіне білетін, өзінің жеке басының жетістігін бағалайтын, ұлттық және дүниежүзілік мәдениеттің диалектикалық тұтастығы негізінде өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге даяр тұратын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің жоғарыда аталған мақсатын жүзеге асыру тұлғаның қажеттілігі мен қабілетін, өзіндік тәрбиесін, өзін-өзі дамытуын, өздігінен жетілуін мақсаттылықпен іске асыруға ықпал етуді талап етеді. Сонымен, тәрбие мақсаты дегеніміз жастарды өмірге әзірлеу барысында жүргізілетін, алдын-ала ойластырылған тәрбие жұмыстарының нәтижесінде олардың жеке басының дамуын қамтамасыз ету.

Тәрбиенің мазмұны, ұйымдастырылу формалары және әдістері сол мақсатқа бағынады. Мақсат тәрбиенің жалпы ұмтылысын көрсетеді. Оны практикада жүзеге асырғанда ол нақты міндеттердің

жүйесі ретінде болады. Я.А.Коменский «тәрбие мақсаты және міндеттері, оның маңызы және жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталуы керек» деген пікірде болған. Мақсат және міндеттер тұтас және бөлік, жүйе және оның компоненттері ара қатынасы ретінде болады. Кейде тәрбие мақсатын – тәрбиенің шешетін міндеттерінің жүйесі деп атайды.

Тәрбие мақсатына мынадай *міндеттер* кіреді: ақыл-ой (интеллектуалдық), денелік, еңбек, адамгершілік, патриоттық, эстетикалық (эмоционалдық), құқықтық, экономикалық, экологиялық тәрбие. Ақыл-ой, дене, еңбек, адамгершілік, эстетикалық, т.б. тәрбие тұтас педагогикалық үрдіске тоғысып тәрбиенің басты мақсатын орындауға, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен, қоғамның тарихи дамуы тәрбиенің мақсатын қалай болса солай шығаруға болмайтынын көрсетіп отыр. Тәрбиелеу мақсатын тандап белгілегенде және тұжырымдағанда табиғаттың, қоғамның, адамның дамуының объективті заңдылықтарына сүйену керек. Тәрбиелеу мақсаты қоғамның дамуының сұранысымен анықталады және өндіріс тәсіліне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына, педагогикалық теория мен пратиканың даму деңгейіне, қоғамның, оқу орындарының, педагог пен болашақ маманның мүмкіншілігіне тәуелді.

2. Тәрбие теориясы пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама мазмұны

Философиялық тұрғыдан мазмұн тұтастың анықтаушы жағы болып табылады. Объектісінің құрамдас элементтерінің, оның қасиеттерінің, ішкі үрдістерінің, байланыстарының, қайшылықтарының және бағыттарының бірлігі. Тәрбие мазмұны оның жалпы мақсатын, міндеттерін және жақтарын бірлікте қамтып көрсетеді. Ол әр түрлі формалар мен әдістерді қолдану арқылы тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Тәрбие мазмұны – тұлғаның білімін, іскерлігін, дағдысын, көзқарасы мен сенімін, сапалары мен белгілерін, мінез-құлықтың тұрақты әдеттер жүйесін көрсетеді, оларды меңгеру қажет және олар қойылған мақсат пен міндетке сәйкес болуы керек.

Тәрбие теориясын оқытуда оқытушы жалпы тәрбие жұмысының негізіне салынған идеалға сүйенеді: «үйлесімді дамыған, қоғамдық белсенді тұлғаны жан-жақты дамыту және

қалыптастыру». Осы идеяны жүзеге асыруда тәрбие теориясы ғылыми білімнің салаларына этикаға, эстетикаға, дене тәрбиесінің теориясына сүйенеді.

Қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта құру жағдайында қазіргі жалпы орта мектеп педагогінің іс-әрекеті жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Жалпы орта білім беретін мектеп алдында тұрған күрделі міндеттерді шешу үшін болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды жетілдіру қажет. Мұнда «Тәрбие теориясы» курсының орны ерекше. Бұл курс бакалаврларды жаңа педагогикалық ойлауға бағыттайды. Курстың мазмұны білім алушы тұлғасын жалпы орта мектептегі педагогикалық үрдістің объекті және субъекті ретінде қарастыратын демократиялық және ізгіліктік дәстүрде құрылған. Мұнда жалпы азаматтық құндылықтар мен Қазақстан Республикасының ұлттық-мәдени ерекшеліктері ескерілген.

Курстың мақсаты: бакалаврларды тәрбиенің ғылыми негіздерімен қаруландыру.

Болашақ педагогтар бұл курсты:

–кәсіби ойлау мен әрекет жасауды үйрену;

–тәрбиенің теориялық негіздерін меңгеру;

–жалпы орта мектеп білім алушысы тұлғасын қалыптастырудың мәні мен негізгі жолдарымен;

–тұтас педагогикалық үрісте жалпы орта мектеп білім алушыларын тәрбиелеу мазмұнымен;

–тәрбиенің заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары және формаларымен;

–жалпы орта мектепте балалар ұжымының мәні және даму сатыларымен танысу үшін оқиды.

«Тәрбие теориясы» курсының мазмұны теориялық негіздемені, тәрбие үрдісіне мазмұнды сипаттаманы, тәрбиенің заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары мен формаларын, тәрбиенің жаңа технологияларын балалар ұжымының дамуын қамтиды.

Курсты оқу оқытудың ақпараттық-дамытушы, проблемалық-ізденіс, репродуктивті және шығармашылық-репродуктивті әдістерін пайдалана отырып, дәріс, семинар, студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы барысында жүзеге асады.

Ақпараттық-дамытушы: дәріс, әңгіме, түсіндіру, оқу фильмдерін демонстрациялау, педагогикалық әдебиеттермен өз бетіндік жұмыс, білім беру бағдарламаларымен өз бетімен жұмыс.

Проблемалық ізденіс әдістері: оқу материалын проблемалық баяндау мен әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, шағын топтардағы студенттердің ұжымдық ойлау іс-әрекеті, зертханалық ізденіс жұмыстар.

Репродуктивті әдістер: оқу материалын мазмұндау (ауызша айтып беру), үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау.

Шығармашылық-репродуктивті әдістер: педагогикалық тапсырмаларға шығармашылық шығарма мен эссе жазу, кестелер мен сызбалар құрастыру, педагогикалық жағдайларды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық міндеттерді шешу.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының формалары: педагогикалық сөздік жүргізу, түп деректерді конспектілеу, аннотациялау, рефераттар дайындау, педагогикалық әдебиеттерді рецензиялау.

Тәрбие теориясын оқу тест қабылдаумен аяқталады.

Сонымен өз дәрежесінде және жақсы ұйымдастырылған тәрбие адамды өмірдегі үш негізгі қызметке, яғни азаматтыққа, іскер қызметкер болуға және үлгілі отбасылық адам болуға дайындайды. Осымен байланысты бүгінде оқу орынындағы тәрбие ісінің мазмұнын Отандық және әлемдік өркениетті елдердегі психология, педагогика, физиология ғылым жетістіктерімен, оқытудың және тәрбие ісінің жаңа технологиясы талаптарына сай етіп, қайта ойластырудың қажеттілігі туындауда.

3. Тәрбие теориясы мен әдістерінің мәселелері

Бүгінгі таңдағы тәрбиелеу теориясының көкейкесті мәселелері ретінде мыналарды атауға болады: қазіргі тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтау; тәрбиенің объективті заңдылықтарын анықтау және оның негізде педагогикалық практиканы жетілдіру; қазіргі жағдайдағы тәрбие жұмысының мазмұнын, әдістерін және формаларын анықтау; тәрбие теориясының басқа ғылымдар салаларымен пәнаралық өзара әрекетін тереңдету; ізгіліктік тәрбиенің педагогикалық технологияларын жасау және тәрбиелеу практикасына енгізу; тәрбиелік жұмыстың озық педагогикалық тәжірибесін жалпылау және тарату, т.б.

Тәрбие теориясының сұрақтарын меңгеру әдетте қиын болып келеді. Негізгі міндет – осы сұрақтарды оқытудың ғылыми деңгейін сақтай отырып, оны меңгерудің тиімді жолдарын табу. Ол үшін

оқытуға және меңгеруге қажетті сұрақтар шеңберін, құрылған жоспар бойынша жүру, түрлі әдіс-тәсіл мен құралдарды пайдалану керек.

Оқулықтарды, оқытушылардың тәжірибелерін зерттей келе мынадай негізгі тақырыптар мен сұрақтар таңдалады:

-тәрбие теориясының пәнінің анықталуы;

-тәрбие теориясының мәнін, оның заңдылықтары мен принциптерін ашу;

-тәрбие әдістерін жекелеп оқыту, олардың тәрбие процесінде қолданылуы.

Тәрбие теориясы педагогиканың бір саласы. Ол тәрбие үрдісінің мәнін, оның заңдылықтары мен принциптерін зерттейді, жас ұрпақты тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін белгілейді.

Тәрбие процесі – бұл арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет. Тәрбие теориясында оқыту процесінде тәрбиелеумен қатар, оқудан тыс кезеңдегі тәрбиеге де көп көңіл бөлінеді.

Тәрбие теориясындағы тәрбие процесін зерттеуге ең алғаш көңіл бөлген Н.К.Крупская. Ол «Тәрбие» ұғымының кең және тар мағынасын ұсынған. Тар мағынасындағы тәрбие – бұл, «білім алушылар және жасөспірімдер әрекетіне ересек адамдардың жоспарланған, жүйелі ықпал етуі». Осы идеяларды дамыта отырып, А.С.Макаренко теорияға «тәрбие үрдісі» ұғымын енгізеді. Оның сипаттамаларын белгілейді.

1.Тәрбиенің іс-әрекеттік сипатта болуы.

2.Тәрбиенің дамуы мен өзгеруі.

3.Қарам-қайшылықты сипаты.

4.Басқарылуы.

Тәрбиенің жалпы әдістері

Әдіс дегеніміз – алға қойылған мақсатқа жетудің жолы, амалы, тәсілі, айласы. Тәрбиелеу әдістері – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыстағы іс-әрекетінің тәсілдері. Бұл іс-әрекет тәрбиенің міндеттерін шешуге бағытталған.

Тәрбие тәсілі, амалы – жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты жақсарту. Тәсілдер, әдетте, әдістерді белгілі бір жағдайларда нақты пайдалануды қамтамасыз етеді. Мысалы, мадақтау тәсілдері – мақұлдау, мақтау, сыйлық беру; сендіру, нандыру тәсілдері – иландыру, түсіндіру, баяндамалар; жазалау тәсілдері – ескерту, айыптау, сөгіс, т.б.

Тәрбие құралдары – іс-әрекеттің түрлері, көрнекі құралдар, көптеген коммуникация құралдары, педагогикалық ықпал жасау құралдары (педагог, ата-ана, ересек адамдардың сөзі, олардың өнегесі т.б.) жатады. Жеке тұлғаның қалыптасуын басқаруды қамтамасыз ету – тәрбиенің негізгі құралдарын толық және тиімді пайдалану, яғни тәрбиедегі шешуші роль атқаратын нәрсе оқшауланған құралдар емес, керісінше, олардың үйлесімді құрылған жүйесі екенін практика көрсетіп отыр. Тәрбие құралдары – бұл тәрбиелеу тәсілдерінің жиынтығы. Мысалы, еңбек – тәрбие құралы, ал еңбекті көрсету, бағалау, жұмыстағы қателіктерді көрсету – тәсілдер болады.

Әдістердің жіктелуі – бұл анықталған белгілерге қарай құрылған әдістер жүйесі. Жіктеуге сүйене отырып, педагог тек әдістер жүйесін анық көріп, танып қоймай, ол әр түрлі әдістердің өзіне тән белгілерін, орнын жақсы түсінеді.

Кез-келген әдістің жіктелуі олардың жалпы негіздері мен белгілерін анықтаудан басталады. Қазіргі педагогикада ондаған жіктеме белгілі, себебі әдістер жүйесінде жіктелудің логикалық негізі әлі анық емес.

Қазіргі кезде жіктелудің негізіне кіріктіруге бағдарлы сипаттама алынуда. Ол өзіне тәрбиелеу әдісінің мақсаттық, мазмұндық және процессуалдық жақтарын бірлікте енгізеді. Осыған орай тәрбие әдісінің үш тобын бөлуге болады:

1. Тұлғаның санасын (ұғымын, түсінігін, пікірін, нанымын, баға беру) қалыптастыру әдістері – баяндау, түсіндіру, дәріс, иландыру, пікірталас, өнеге, баяндама, әңгіме;

2. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін (іскерлік, дағды, әдет, ерік, мінез) қалыптастыру әдістері – жаттығу, үйрету, педагогикалық талап, қоғамдық пікір, тапсырма, тәрбиелеушілік жағдаяттар.

3. Іс-әрекетті және мінез-құлықты ынталандыру әдістері – жарыс, мадақтау, жазалау.

Тәжірибеде үнемі тұратын міндет – әдістің біреуін ғана қолданбай, тиімдісін, нәтижелі болатынын таңдау. Тиімді әдіс ретінде қойылған мақсатқа көп күш-қуат жұмсамай жетуге мүмкіндік беретін неғұрлым пайдалы жолды атаймыз.

Тәрбиелеу әдісін таңдауды анықтайтын жалпы жағдайлар: тәрбиенің мақсаттары және міндеттері, мазмұны; тәрбиеленушілердің жастық ерекшеліктері; ұжымның қалыптасқан деңгейі; тәрбиеленушінің жекелік және тұлғалық ерекшеліктері; тәрбиелеудің

жағдайы; оқытушының педагогикалық шеберлігінің деңгейі; тәрбиелеу уақыты; күтілетін нәтиже, қорытындылар.

Тәрбиелік жағдайлар туғызу – мінез-құлық нормалары мен ережелеріне сәйкес тәрбиеленушінің әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу әдісі.

Тәрбие құралдары – тәрбие іс-әрекетін жүзеге асыруға көмектесетін заттар. Тәрбие тәсілдері – жалпы әдістің бөлігі.

Еліктеуге негізделген тәрбие әдісі – оң үлгі-өнеге.

Тұлғаның санасын (ұғымдарын, түсінігін, пікірін, баға беру, нанымын) қалыптастыру әдістері.

Көзқарастарды, ұғымдарды, сенімдерді қалыптастыру үшін тұлғаның санасып қалыптастыру әдістері деп жалпы атпен аталатын әдістер қолданылады.

Этика тақырыбындағы баяндау – бұл адамгершілік мазмұны бар нақты деректер мен оқиғаларды эмоционалды түрде айтып беру. Түсіндіру – білім алушыға эмоционалды-сөзді әсер әдісі. Оқу орыны тәжірибесінде түсіндіру адам психикасына еніп, іс-әрекеттің себептерін тудыратын және тұлғаға жалпы әсер ететінін сендіруге сүйенеді. Түсіндіру білім алушыға адамдардың қатынасын және мінез-құлқын дұрыс бағалау икемділігін қалыптастыруға көмектесуі керек.

Сендіру білім алушыға белгілі бір шешім қабылдату жағдайында пайдаланылады. Сендіру әдісі дегеніміз – білім алушылардың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер ету. Сендіру басқа тәрбие әдістерінің әсерін күшейту үшін қолданылады.

Иландыру өтінішті түсіндірумен және сендірумен қатар қолдану арқылы жүзеге асырылады. Иландырудың тиімділігі педагогтың беделіне көп байланысты. Иландыру өз мақсатына жету үшін білім алушының жақсы жақтарға сүйеніп, мақтауды қолданып, абыройына сұраныс жасаған дұрыс.

Әңгіме педагог пен білім алушының пікір алысуға екі жақты кірісуін керек ететін жүйелі әрі бірізді әдіс түрі. *Әңгіме мақсаты* – білім алушыларда адамгершілік түсініктерін тереңдету және бекіту, білімді жалпылау және нақтылап орнықтыру, адамгершілік көзқарастары мен нанымдар жүйесін қалыптастыру.

Әңгіме-кеңес – тиянақты ойластырылған сұрақтар жүйесі арқылы тәрбиеленушілерде әртүрлі проблемалар бойынша дұрыс бағалар, көзқарастар қалыптастырады. Әңгіменің нәтижелі болуы әңгіменің

өзектілігі мен қызықтылығына байланысты. *Әңгімені ұйымдастырудың шарттары:*

1. Әңгіменің проблемалық болғаны маңызды. Педагог білім алушыларды үйреншікті емес сұрақтар қоюға ынталандырады, сол сұраққа жауапты олардың өздерінің табуына көмектеседі.

2. Әңгіме алдын-ала дайындалған, жауаптарын айтып қойған даяр сценарий бойынша жүрмеуі тиіс. Білім алушыларға өз ойларын баяндауға мүмкіндік беру қажет, оларды басқалардың ойларын сыйлауға, оған дұрыс көзқарас нышанымен қарауға үйрету керек.

3. Әңгімені дәріске айналдыруға болмайды.

4. Әңгіме құралдары тәрбиеленушілердің эмоционалды тәжірибесіне жақын болғаны абзал.

5. Әңгіме кезінде барлық көзқарастар мен пікірлерді анықтап, оларды салыстыра білудің маңызы зор.

6. Әңгімеге дұрыс жетекшілік жасау – тәрбиелеушінің оңды шешімге өз бетімен келуіне арқау болу.

Пікірталас – бұл білім алушылардың пайымдауын (пікір айтуын), баға беруін, сенімін қалыптастыру әдісі. Пікірталаста тақырып бойынша білім алушы өзінің көзқарасын, ойын дәлелдейді. Сонымен бірге басқаның пікірін тыңдауға үйренеді, келісу немесе таласу пікірлер де пайда болады. Пікірталасқа педагог пен білім алушылар бірдей дайындалады. Оның тақырыбы және сұрақтары күні бұрын хабарланадырылады. Пікірталас білім алушыларды қателіктермен жалпы көзқарастармен күресуге үйретеді. Пікірталастың құндылығы сонда, ол білім алушылардың ойлану сезімін оятады, талаптандырады, ал бұл дұрыс идеяларды ұстауға, қателіктерден бас тартуға мүмкіншілік береді. Пікірталастың соңында басқарушы білім алушылардың жауабын жинақтайды, талдайды, баға береді, қорытады.

Өнеге – өте күшті тәрбие әдісі. Бұл әдіс мына заңдылыққа негізделеді: көру арқылы қабылданатын құбылыстар тез әрі ешбір қиындықсыз санада бекиді. Сонымен бірге кітаптағы, кинодағы бас кейіпкерлерді, тарихи тұлғаларды, атақты тұлғаларды, саяси майталмандарды т.б. өнеге ету үлкен тәрбиелік мәнге ие. Өнегенің психологиялық негізі - еліктеу. Оның арқасында білім алушылар әлеуметтік және адамгершілік тәжірибе жинақтайды.

Айта кету керек, педагогтың өз өнегесін, білім алушыларға қатынасын, іскерлік қасиеттерін, жеке басының қадірін мысал етуі

тәрбиенің дұрыс жүргізілуіне әсерін тигізеді. Педагогтың өз тұлғасымен, қадір-қасиетімен жүйелі және бірізді әрекет жасаса, өзін өнеге етудің оңды әсері ұлғая түседі.

Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін (іскерлік, дағды, әдет, ерік, мінез т.б.) қалыптастыру әдістері.

Тұлғаның тәрбиелілігін тек қана сөзі емес, сонымен бірге істеген ісі, қылығы сипаттайды. Білім алушылардың іс-әрекеттеріндегі, қарым-қатынасындағы, мінез-құлқындағы жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттықтыру, арнайы тәрбиелік жағдайат, тапсырма.

Талап – мінез-құлық нормасының көрінісі, білім алушыларды әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру. Талаптың ынталандыру және тежеу қызметтері бар. Ынталандыру қызметі – бұл жұмысты бастау және аяқтау. Тежеу – басқа адамдардың жұмысына кесел келтіретін әрекетті тоқтату. Қойылу формасына қарай талаптар мынадай болып бөлінеді: 1) тікелей талап (жеке, нақты, дәл, түсінікті); 2) қосымша (кеңес, өтініш, сенім, қолдау т.б.); 3) талап - кеңес; 4) ойын-талап; 5) сенім арқылы талап; 6) талап-өтініш; 7) талап-ишара; 8) талап-қуаттау; 9) жағымды және жағымсыз, мысалы қорқыту.

Қоғамдық пікір – бұл ұжымдық талаптың бейнеленуі, ал талап нақты міндет, оны іс-әрекет үрдісінде орындау қажет. Ұжым мүшелерінің байымдауы, баға беруі - бұл қоғамдық пікір, ұжымының еркі мен күші. Ұжым тәрбие субъектісі, педагогтың тірегі.

Үйрету, жаттықтыру – бұл мінез-құлық нормасына сәйкес білім алушыларды қажетті дағдыға, әдетке төселдіру. Тәрбие үйретуден басталады. Мысалы, білім алушының өз-өзін тәрбиелеуі, уақыт жоспарлауы, жұмыс орнын тәртіпке келтіріп ұстауы т.б.

Үйрету әдісі білім алушының орындағыштық, сыпайылық (инабаттылық), мұқияттылық, табандылық сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Білім алушылардың өмір тәжірибесі кеңейіп, санасы дамыған сайын, үйрету әдісі өзінің алғашқы маңызын жойып, басқа әдістермен бірігеді. Мысалы, бұл әдіске өте жақын – жаттықтыру әдісі.

Жаттықтыру әдісі – бұл әр түрлі жағдаяттарда білім алушылардың моральдық нормалар мен тапсырмаларды орындауы. Жаттықтыру әдісінің ұжымының мүддесімен, талаптарымен үндесуі қажет. Мысалы, кез келген тәрбиелік шараларды мезгілінде бастау білім

алушыларды тәртіптілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Білім алушылардың өндірістік бригадалары, шефке алу жұмыстары оларды борыштық сезімге, жауапкершілікке жаттықтырады.

Үйрету және жаттықтыру әдістерінің тәсілдері: нұсқау көрсету, машықтандыру, тапсырма.

Жаттығу нәтижесінің ұғынықты болуы мына жағдайларға байланысты: 1) жаттығулар жүйесіне; 2) мазмұнына; 3) жаттығулардың мүмкіндікке сай болуына; 4) көлеміне; 5) қайталау жиелігіне; 6) бақылау мен түзетуге; 7) білім алушының өзіндік ерекшелігіне; 8) топтық, жеке және ұжымдық жаттығулардың үйлесімділігіне; 9) жаттығудың мотивтік негізі мен ынталандыру жұмыстарына.

Педагог ситуация арқылы жеке адамның жағымды әрекеттері мен қылықтарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас үшін қолайлы жағдай жасайды. Өз еркімен таңдау ситуациясының тәрбиелік мәні өте зор. Мысалы екінші адамға бұрын орын беру немесе үндемей қалу, шынын айту немесе жалған сөйлеу т.б. Мұндай ситуацияларда тәрбиеленушілер көп ойланып толғанып барып белгілі бір іс-әрекет жасайды.

Іс-әрекетті және мінез-құлықты ынталандыру әдістері.

Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері – жарыс, жазалау, мадақтау, марапаттау. Мадақтау мен жазалау әдістері білім алушылардың оқу орнындағы іс-қимылы мен әрекеттерін мақұлдау немесе айыптау үшін, үлгілі тәртіпті ынталандыру немесе нашар тәртіпті тежеу үшін қолданылады. Көтермелеу білім алушының мінезі мен тәртібіндегі жақсы қасиеттерді дамытуға және бекітуге ықпал жасайды. Жақсы бағалаған кезде білім алушы қанағаттану сезіміне бөленеді.

Мадақтау – бұл білім алушының жағымды мінез-құлқын ынталандыру құралы. Оның түрлері: құрметті міндеттер тапсыру (лаборанттық, оқытушы ассистенті т.б.), көтермелеу сыйлықтары, құрмет және мақтау грамоталары, ұжымдық және жеке алғыс, арнаулы шәкіртақылар, т.б. Ынталандыру дегеніміз – жағымды әрекетті ынталандыру мақсатындағы тәрбиелеушіге педагогикалық әсер ету жолдары.

Мадақтауды қолдану талаптарының бірі – ұжымның пікірін ескеру. Мадақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды

талап етеді. Ең алдымен мадақтаудың психологиялық тарапы маңызды келеді. Мадақтау әдісі мына жағдайда нәтижелі болады:

1) білім алушылардың мақтау алуға іштей сенімді талпыныстарының болуы;

2) мақтау арқылы білім алушыны ұжымның қалған мүшелеріне қарсы қоймау;

3) мақтаудың қылық-ісіне сай болуы;

4) мақтау арқылы білім алушыға жекелей шешім табуды үйрету;

5) мақтаудың шындыққа негізделуі.

Жазалау – білім алушылардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын ынталандыру әдісі. Жазалау – қате қылықты ескеріп тежеу, өз ар-ұяты алдында, басқа адамдар алдында кінәсін түсінуге әсерін тигізетін педагогикалық әдіс.

Жазалаудың мынадай түрлері белгілі: педагогтың ескертуі; білім алушыны аудиориядан шығарып жіберу; ауызша және жазбаша сөгіс; қосымша тапсырмалар беру; белгілі бір құқығынан айыру немесе уақытша моральдық кемшілігін таныту; оқудан шығару (оқуға байланысты болмаса).

Педагогикалық талаптар ішінде жазалау әдісінің нәтижелі болуының негізгі шарттары мыналар:

1) жазаның ұжым тарапынан туындауы;

2) жазаның нақты болуы;

3) жазаның міндетгі түрде орындалуы;

4) білім алушының не үшін жазаланғанын түсінуі;

5) тәрбиеленушінің жеке тұлғасын масқаралаудан аулақ болу;

6) жазалау мақсатының тек ұнамды қасиеттерді баулуға бағытталуы;

7) жазаның қате қылықтары толық түсіну негізінде орындалуы;

8) жазаның өш алу құралы ретінде болмауы;

9) жазалаудың жеке білім алушыға бағытталуы;

10) студенттердің дара психологиясын біліп барып жазалау.

Дамыған елдерде барған сайын жоғары оқу орындарының оқыту мен тәрбиесі унитарлық сипатқа ие болып, бірбасты мақсатқа – оқу орнын бітіргеннен кейін жұмыс табу, өмір сүру үшін қаржы табуға тәуелді болып барады. Білім алушыларға тәрбиесіз болудың теріс жақтарын сезіндіретін жағдайларды тудыру – ынталандырудың субъективтік-прагматикалық әдісі деп аталады. Оның мәні – тәрбиелеу дәрежесінің нашар болуы, қоғамдық тәртіпсіздіктің

экономикалық тұрғыда зиянды екендігіне көздерін жеткізу. Субъективтік-прагматикалық әдістің нақты түрлері мыналар:

1. Контрактілер, оны педагогтар мен білім алушылар жасайды, онда екі жақтың міндеттері анық көрсетіледі;

2. Өзін-өзі жетілдірудің жеке карточкасын оқытушылар мен студенттердің бірлесіп құруы;

3. Қызығушылық бойынша сараланған топтар құру, онда білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ақылы да болуы мүмкін;

4. Мониторинг – білім алушылардың іс-әрекетін, дамуын т.б. үздіксіз бақылау, сол арқылы жеке дамуының бағытын, «тағдыр сценарийін» т.б. анықтау;

5. Тестілер арқылы тәрбиелік, әлеуметтік дамуын, бағытын, азаматтық көзқарасын анықтау, алынған нәтижені сайыстар, іскерлік ойындар, жарыстар, байқаулар, т.б. арқылы тексеріп отыру;

6. Айыппұл салу арқылы жазалауды, яғни теріс іс-әрекетін ақшалай өтетү, құқық және ерік ауқымын азайту т.б.

Жарыс – іс-әрекетті ынталандыру әдісі болы табылады. Жарыс – адамға, қоғамға қажетті сапаларды тәрбиелеуде білім алушылардың табиғи, бәсекелестік қасиеттерін бағыттайтын әдіс. Жарыс әдісі – өз нәтижесін басқалардың нәтижелерімен салыстыра отырып тұлға қасиеттерін калыптастыру және бекіту жолы. Жарысты ұйымдастыру барысында білім алушылардың психологиясын толық білуді талап етеді. Жарысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеру қажет: 1) жарысты белгілі мақсатқа орай ұйымдастыра білу; 2) жарыстың бағытын белгілеп, мазмұнын анықтау.

Өзін-өзі тәрбиелеу – өзінде белгілі бір қасиеттерді дамытуға бағытталған адамның саналы іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу – тұлғаның өзінде меншікті құлықтық (адамгершілік) қасиеттерді калыптастыруға бағытталған саналы іс-әрекет. Өзін-өзі тәрбиелеу процесінің кезеңдері – мақсатты анықтау, белгіленген жұмысты орындау, жұмыс қорытындыларын жинақтау. Қайта тәрбиелеу – этикалық нормаларға қарама-қайшы келетін көзқарастар мен мінез-құлық түрлерін игерту.

4. Ұжымды қалыптастыру, оның әлеуметтік, педагогикалық теориясын зерттеу проблемалары

Ұжым жайындағы тақырып тәрбие әдістерінен кейін оқытылады. Себебі, ұжым педагогикада тәрбиенің мақсаты әрі маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Тәрбие үрдісінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, әлеуметтік қасиеттерден құрылады. Тәжірибе жүзінде бұл мазмұн өзіне барынша сәйкес келген ұжымға өтеді. Егер бұл сәйкестік бұзылса, онда тәрбие қиын және шешілмес дағдарыстарға тап болады.

Ұжым қандайда бір әлеуметтік-экономикалық формацияның туындысы емес, ол адамдар индивидтерінің нормалық жиынтығының құбылысы болып саналады, іскерлік пен жолдастықтың өзара әрекетінің, әртүрлі мәселелерді нәтижелі шешудің жалпыға бірдей формасы ретінде адамзат өркениетінің құнды әлеуметтік жетістігі болып табылады. Б.Т.Лихачевтің пікірінше, ұжым адамзаттың бірлесіп өмір сүруінің объективті формасы мен қоғамдық құбылысы ретінде өркениеттік мәнге ие, жалпы және мәңгі категория.

Педагогика тарихы тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын басынан кешірді. Олардың әрқайсысы өзгермелі жағдайлардағы белгілі-бір мазмұнды ашу үшін жасалынады. Біріншіден, тәрбиеленушілер саны өзгерді: ежелгі оқу орнындағы бір немесе оншақты білім алушыдан бүгінгі барлық білім алушылардың міндетті оқу орыны тәрбиесіне өтуі. Сондықтан, тәрбие формасын талдаудың алғашқы бағамы сандық өлшеммен беріледі.

Тәрбие үрдісінің пәрменділігі оны ұйымдастырудың формасына байланысты. Тәрбиеленушілер саны тәрбие жұмысының мазмұнына және оны басқаруға әсерін тигізеді. Тәрбие үрдісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары жеке, шағын топтық, топтық (ұжымдық) және бұқаралық болып бөлінеді. Топтан (ұжымдағы) тәрбиеленушілер саны 5-7-ден 25-40 дейін болса, бұқаралық формада оның шегі болмайды. Тәрбиеленушілер саны көбейген сайын тәрбие сапасы нашарлайды. Тәрбиелеу үрдісінде жеке және шағын топтық формалар тиімді. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастыру формаларын өте жылдам және мақсатты бағдарлауға, жағдайдың өзгеруіне қарай педагогикалық амалдарды өзгертуге ыңғайлы. Бірақ жеке және шағын тәрбиенің үлкен экономикалық

шығындарды керек етуі – оның кең тарауындағы елеулі кедергісі болып табылады. Қазіргі жүйелердің көпшілігі тәрбиенің топтық (ұжымдық) формасын пайдалануға көшті. Ол өзінің жеткілікті тиімділігімен, сонымен бірге өкініштісі, педагогикалық қызметтің салыстырмалы түрде төмен бағалануымен ерекшеленеді. Соңғысы – біздің елімізде тәрбие формасын таңдаудағы шешуші себеп болып отыр.

Оқу орыны тәрбиесіндегі жетекші идея

Жоғарғы оқу орын тәрбиесін ұйымдастырудың топтық формасы – ұжымдық деп аталады. «Тек ұжымда ғана тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге тек ұжымда ғана жекелей еркіндік болуы мүмкін». Ұжымдық рухта тәрбиелеу педагогикалық тәрбие мақсатындағы негізгі принцип. Бұл мақсатқа жетудің жолдары мен формалары ұжымның даму деңгейіне байланысты.

Шетелдік жүйе тәрбиесінен өткен кеңестік жүйе өзгешелігі – тұлғаны дамытудағы ұжымының атқаратын қызметі жетекші болып белгіленуінде. Кеңестік білім беруде бірінші болып жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиеден бас тартып, тәрбие іс-әрекетінің негізіне ұжымды қалады. Сөйтіп, тәрбие тәжірибесі мен теориясының даму көзқарасында үлкен қадам жасады. Ұжым тәрбиелік талпыныстар орталығына айналды, оны қалыптастыру кез келген оқу орынының негізгі міндеті ретінде қабылданды.

Жаңа қойылған мақсаттар кіші және үлкен мәселелерді теориялық үйлестіру мен талдауды қажет етті. Оларды шешуге А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский және т.б. атақты педагогтар күш жұмсады. Бірақ, кең көлемде көзделген тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бере қоймады, жақсы ойлар іске аспады. Көптеген жылдар бойы үстемдік еткен ұжымдық тәрбие біздің қоғамда адамды жаңаша тәрбиелеуге өзінің елеулі үлесін қоса алмады. Бұл нені көрсетті – идеяның нашарлығын ба, әлде оның өмір қажеттігіне сай келмегенін бе?

Өткенді саралай келе, бүгінде адамның жеке табиғатын жасау идеясы нақты да қарапайым болып шықты. Бұдан мынадай қорытынды шығады: жекелей дамуды кемісіте не ұжымдауды әсерлеп, тәрбие ісін біржақты қателікке апаруға болмайды. Сондықтанда ұжымдық және тұлғалық үйлесім көп жағдайда тәрбие туралы дұрыс көзқарастар негізіне алынуы шарт.

Білім алушылар ұжымы

Латынның «коллективус» деген сөзі «жиын», «ұжым», «топ» дегенді білдіреді. Осыдан коллектив, яғни ұжым – бұл адамдар тобы. Бірақ кез-келген топ ұжым ба? Қазіргі әдебиетте «ұжым» түсінігінің екі мәні қолданылады. Бірінші: кез-келген адамдар тобы ұжым болып табылады; екінші: жоғары ұйымдасқан топ қана ұжым болып есептеледі. «Ұжым» педагогикалық әдебиеттерде тәрбиеленушілер (білім алушылар) бірлестігі деп түсіндіріледі. Ал мұндай ұжымның өзіндік маңызды белгілері бар:

1. *Жалпы әлеуметтік мәнді мақсат.* Кез-келген топта, трамвайға мінген жолаушыларда да, ұрлық істеген қылмыскерлерде де мақсат болады. Мәселенің бәрі мақсат мазмұнымен және оның бағытында. Ұжымның мақсаты қоғамдық мақсаттармен сәйкес келеді, яғни өкімет заңдарына, конституциясына, басты қоғамдық идеологияға сай келмей, қоғам мен мемлекеттік қолдау көрмейді.

2 *Жалпы біріккен іс-әрекет.* Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы біріккен іс-әрекет ұйымдастыру қажет. Адамдар белгілі бір мақсат жолында ұжымдарға бірігеді. Бұл үшін ұжымның әрбір мүшесі біріккен іс-әрекетке белсенді қатысуы керек және жалпы іс-әрекет ұйымдастыруы шарт. Ұжым мүшелерін ерекшелейтін белгі-олардың іс-әрекет қорытындысы үшін болған жоғары өзіндік жауапкершілігінің болуы.

3. *Кері жауапты тәуелділік қатынастары – ұжым мүшелері арасында өзіндік ерекше қарым-қатынас.* Бұл олардың іс-әрекеттері мен мақсаттарының бірлігінде ғана емес, ортақ толғаныстары мен бағалы өзара талқылауларында да көрінеді.

4. *Жалпы тандалған басқарушы орган.* Ұжымда демократиялық қатынас пайда болады. Басқару органы ұжымның беделді мүшелерін ашық және тікелей тандайды.

Ұжым аталған қасиеттерінен басқа да маңызды ерекшеліктерімен бөлектенеді. Бұл ұжымның ішкі хал-ахуалын, ұжым мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасын білдіретін сипаттама. Жақсы ұйымдасқан ұжымда бір-біріне көмек, бір-біріне жауапкершілік, дұрысын айту, өзін-өзі сынау, бәсекелестік сияқты сана қалыптасады.

Формалды қатынастағы адамдар тобында мұндай қасиеттер болмайды, ал ұжым бұл қасиеттерсіз өзінің артықшылығынан айрылады. Жоғарыда аталған белгілері бар ұжымда еңбекке, адамдарға, жеке және қоғамдық міндеттерге ізгіліктік қатынастар жүйесі қалыптасады.

Берік, бірауызды ұжымда мұндай қатынас жүйесі тұлға мен барлық ұжым мүшелерінің қызығушылық үйлесімімен, тұлғаның көпшілік беделін мойындаумен ерекшеленеді. Бұл жүйе объективті және субъективті қарама-қайшылықтарды жеңе алатын, өз міндеттерін білетін ұжымның әрбір мүшесінде айқын сенімді көзқарастарды қалыптастырады.

Білім алушылар ұжымы құрылымының негізгі де тұрақты бөлігі – басты іс-әрекеті оқу болатын студенттердің топтық ұжымы. Осы топтық ұжымда білім алушылар арасындағы тұлға аралық байланыс пен қатынас пайда болады. Осыдан, ол қоғамдағы ұжымдардың басқа да түрлеріне негіз болады.

ЖОО топ ұжымындағы ерекшеліктерге орай мынадай қорытындыға келуге болады: студенттер ұжымы – бұл жалпы әлеуметтік маңызды мақсаттарымен, іс-әрекеттерімен, іс-әрекетті ұйымдастырумен, жалпы міндеттерімен, теңдік жағдайында ортақ мүдде бірлігімен ұжымдасқан жастар тобы.

А.С. Макаренконың ұжым туралы тағылымы

А.С.Макаренко тағылымы білім алушылар ұжымын сатылы қалыптастырудың егжей-тегжейлі технологиясынан тұрады. Ол ұжымның өмір сүру заңын былай түсіндіреді: қозғалыс – ұжымның өмір сүру формасы; тоқтау – оның жойылу формасы. Әйгілі педагог ұжымның даму принциптерін анықтады (ашықтық, жауапты тәуелділік, перспективалық, бірлестік әрекет).

Ұжым болу үшін, топ сапалы тіктелу жолынан өтуі қажет. Осы жолда А.С.Макаренко бірнеше сатыларды белгілейді.

Бірінші саты (алғашқы бірігу сатысы) – ұжымның құрылуы. Бұл кезеңде ұжым педагогтың тәрбие жұмысының мақсаты ретінде көрінеді, мұның өзі ұйымдасқан, белгіленген топты (сынып, топ, үйірме т.б.) ұжымға айналдыруға талпыну, яғни білім алушылардың ұжымға қатынасы бірлескен іс-әрекет мазмұнымен, мақсат-міндеттерімен, құндылықтарымен анықталады. Ұжымның ұйымдастырушысы – педагог, барлық талаптар осы педагогтан басталады. Ұжым белсенділері анықталып, тәрбиеленушілер жалпы мақсатқа, іс-әрекетке және ұжымдық бірлікке келгенде бірінші кезең аяқталады.

Екінші сатыда белсенділердің ықпалы арта түседі. Енді белсенділер тек педагогтардың талаптарын қолдап қана қоймай, ұжым мүшелеріне ұжымға не пайдалы, не зиянды екенін байқатып, өз түсініктері бойынша басқара бастайды. Егер белсенділер ұжым

қажеттілігін дұрыс түсінсе, онда олар педагогтың сенімді көмекшілеріне айналады. Бұл кезеңде белсенділер жұмысына педагог көп көңіл бөлуі керек.

Екінші саты ұжым құрылымының тұрақтануымен сипатталады. Бұл сатыда ұжым бүтінделген жүйе ретінде көрінеді, онда өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу механизмдері іске қосыла бастайды. Ұжым өз мүшелерінен белгілі-бір қылықтар мен нормаларды талап ете бастайды, ал талаптар біртіндеп кеңейе береді. Бұл сатыдағы педагогтың басты мақсаты – осы ұжымның алға қойған міндеттерін шешу мүмкіндіктерін мейлінше көп пайдалану.

Ұжымның бұл сатыда дамуы кейбір қарама-қайшылықтарды жеңумен байланысты, атап айтқанда:

- ұжым мен жеке білім алушылар арасындағы;
- жалпы және жеке перспективалар арасындағы;
- топ ішіндегі әр қилы ерекшеліктері бар білім алушылар топтары арасындағы т.б.

Тәжірибе жүзінде әр ұжым – дара білім алушының жеке дамуын мақсатты түрде бағыттап тәрбие субъектісі ретінде танылуы тиіс. Сондықтан ұжым дамуында секірістер, тоқыраулар, өзгерістер мен ауысулар болмауы мүмкін емес.

Үшінші және одан кейінгі сатылар ұжымның кемелденуі. Алдыңғы даму сатыларында қол жеткізген жетістіктер киелі тұлғалық ерекшеліктерді: жолдастарына қарағанда өзіне жоғары талап қоюын, көзқарастарының, әдеттерінің, әрекет-қылықтарының тұрақтануын дамытады. Егер ұжым осы сатыға жетсе, онда толыққанды, адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру үстінде деген сөз. Жалпы тәжірибе, болған оқиғаны бірдей бағалай білуі – үшінші сатыдағы ұжымның ең негізгі белгісі.

Барлық даму сатыларында ұжым үлкен және кіші дәстүрлерді қалыптастырады. Дәстүрлер – тәрбиеленушілерді эмоционалды қабылданатын әдет-ғұрып, ниет арқылы жасалатын ұжым өмірінің тұрақты формалары. Дәстүр жүріп-тұру нормаларының бекуіне көмектесіп, ұжымдық мәселелерді бірлікте шешу қабілеттерін дамытып өмірді қызықты етеді.

Ұжымда мақсатты тандай білу маңызды рөл атқарады. Тәрбиеленушілер мұрат еткен мақсат – перспектива деп аталады. Адам өмірінің негізгі қозғаушы күші, яғни стимулы – ертеңгі қуаныш. Тәрбиеленушіге түсінікті перспективалы мақсат –

қиындықтар мен кедергілерді жеңуге көмектесетін үлкен күш. Тәрбие жұмысы тәжірибесінде перспективаның үш түрі кездеседі, олар: жақын, орташа және алыс перспективалар.

Жақын перспектива – ұжым мүшелерінің күнделікті жеке қызығушылықтарынан туындайды. Мысалы, театрға бару, танымжорыққа шығу, т.б.

Орташа перспектива – уақыт бойынша алыстау ұжымдық оқиғаның жобасы.

Алыс перспектива – ұзақ уақытқа көзделген үлкен мағыналы, маңызды талаптарға қол жеткізуге арналған мақсат. Мұндай перспективада тұлға мен ортаның қажеттіліктері міндетті түрде үйлеседі. Перспективалық жолдар жүйесі ұжымға етене енуі керек. Оны уақыттың кез-келген сәтін ұжымның айқын да қызықты мақсаты болатындай, сонымен өмір сүретіндей әрі сол мақсатты орындауға талпынатындай етіп құру қажет. Перспективаны таңдағанда жұмысының нәтижелі бітуін ескеру әбден қажет.

Кейде педагогтың білім алушыға әсері кейбір себептерге байланысты төмен нәтижелі болып жатады. Оған жанындағы білім алушылар арқылы әсер ету өте жақсы жеміс береді. Мұнда параллель әрекет принципі іске қосылады. Оның негізінде білім алушыға тікелей емес, ұжым арқылы әсер ету талабы жатыр.

А.С.Макаренко ұжымаралық қатынасқа көп көңіл бөлді. Қалыптасқан ұжымның ерекше белгілері ретінде ол мыналарды ескерді: 1) үнемі сергектік, іс-әрекетке дайындық; 2) өзіндік қадірін сезіну; 3) мүшелерінің достық бірлігі; 4) әр мүшенің өз қауіпсіздігін сезінуі; 5) іс-қимыл, әрекет белсенділігі; 6) дер кезінде ұстамдылыққа әдеттенуі, көңіл шарпулары мен тілдесудегі өзіне шек қоя білуі.

Ұжым және тұлға

Ұжым мен тұлға арасындағы байланыс – тәрбиені демократияландыру жағдайында адам құқығы мен бостандығын сақтаудағы маңызды мәселенің бірі. Көптеген онжылдықтар бойы ұжымға әсер ету арқылы білім алушы тұлғасын қалыптастыру отандық педагогикалық әдебиеттерде қарастырылмады. Тұлға міндетті түрде ұжымға бағыну керек деп есептелінді. Қазіргі кезде адам жөніндегі философиялық тұжырымдамаларға және әлемдік педагогикалық ой тәжірибесіне сүйене отырып заманға сай, жаңа шешімдер іздестіруге тура келді.

Білім алушыны ұжымдық қатынас үрдісіне енгізу қиын әрі күрделі шаруа. Ең алдымен тұлғаның жекелей мәнді екенін ескеру керек. Білім алушыларды – болашақ ұжым мүшелерін бір-бірінен денсаулықтарына, сыртқы көріністеріне, мінез-құлықтарына, қатысу деңгейіне, біліміне, біліктілігіне т.б. қасиеттеріне қарап ажыратамыз. Сондықтан, олар ұжымдық қатынас жүйесіне әртүрлі болып енеді, жас жағынан әртүрлі реакциялар туындатады, кейде ұжымға кері есерін тигізуі де мүмкін. Ұжымдық қатынас жүйесіндегі тұлғаның жеке әлеуметтік тәжірибесі маңызды болып табылады. Ол арқылы білім алушының сана-сезім ерекшеліктері, құнды бағдарлау жүйесі, жүріс-тұрысы белгіленеді. Ал бұлар осы ұжымның дәстүрлі тәртіптеріне, құндылықтарына сай келуі не сай келмеуі де мүмкін. Студент тәжірибиесі басқаша болған жағдайда тәжірибе ауқымы мен сапасына сәйкес өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуы қиынға түседі.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынас тек тұлға сапасына ғана емес, ұжымға да байланысты. Өз күшін, салт-дәстүрін құрған, басқарушы белсенділері бар, дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізген ұжыммен қатынас жақсы орнығады. Бұндай ұжым басқаларына қарағанда өзіне жаңадан кірген тұлғамен қатынасқа оңай түседі.

Әрбір адам аз немесе көп күш жұмсау арқылы ұжымдағы өз орнын табуға талпынады. Бірақ кейбір объективті немесе субъективті себептердің әсерінен тұлғаның барлығы бірдей табысқа қол жеткізе бермейді. Табиғи мүмкіндіктері бойынша жеке адам ұжымдағы кейбір құндылықтардың өзіне сәйкес келмеуінен өз жасқаншақтығын жеңе алмай, табыстарға қолын жеткізе бермейді. Әсіресе, ұжымның, достарының өзіне деген қатынасын бағалай алмайтын, жаңа жағдайда өзін-өзі тануы мен бағалауы сияқты қасиеттері толық дамымаған бірінші курс студенттеріне мұның қиын соғуы мүмкін. Бұл педагогикалық жағдайдың объективті себептері бар. Олар: іс-әрекеттердің бірсарындылығы, ұжымдағы білім алушының атқаратын рөлінің тарлығы, ұжым мүшелері арасындағы қатынастың ұйымдастыру формаларының біртараптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы, бірін-бірі қабылдау мәдениетінің кемшілігін ескеруге тұрарлық бағалы да қылықты қасиеттерін елей алмауы және т.б.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынас дамуының кең тараған үш түрі анықталған: 1) Тұлға

ұжымға бағынады (конформ); 2) Тұлға мен ұжым бір-бірімен үйлесімді қатынаста (гармония) болады. 3) Тұлға ұжымды өзіне бағындырады (көшбасшылық).

Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым талаптарына өз еркімен бағынады, ал кейде ұжымға сырттай бағынып, әрі қарай өзінен жекелігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, нормаларын және дәстүрлерін қабылдайды.

Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін: 1) тұлға өз тәуелсіздігін барынша сақтап ұжым талаптарына сырттай бағынады; 2) тұлғаның кейбір өзіндік іс-қимылы ұжым талаптарына сай келмейді. ЖОО ұжымдарында көп кездесетін мотив немесе себеп-салдарынан тұлға кейбір қиын іс-қимылдарға бой ұрады. Мұндай жағдайда білім алушы ұжым нормалары мен құндылықтарын сырттай қабылдайды, талқылау кезінде ұжымның одан күтетінін айтады, әртүрлі жағдайларда ұжымда қалыптасқан қасиеттерді ұстанады, бірақ оқу орыны ұжымынан тыс жерде бұрыннан қалыптасқан тәжірибесі бойынша өзін басқадай ұстайды, өзгеше ойлайды, басқаша бағалайды. Бұл жағдай кейде уақытша болса, кейде тұрақты болып отырады. Соңғысы тұлғаның бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі ұжым тарапынан қолдау көрмей, өз ұжымының тәжірибесімен ұштаспайтын жайларда жиі кездеседі. Біздің оқу орынытерімізде ұжымға ашық түрде қарсы шығу көп кездеспейді. Алайда, студенттер кейде қарсылық білдіреді, оның өзі де негізсіз себептерден туындайды: көбіне өзін-өзі қорғап қалу сезімінің үстемдігінен болады.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынастың қазіргі ЖОО сай типі – бұл бірлікті өмір сүру талпынысы. Тұлға мен ұжым ұдайы қарым-қатынаста болуы тиіс.

Үшінші модельде тұлға ұжымды бағындырады, бірақ бұл сирек кездесетін құбылыс. Нағыз көшбасшы еңбектері, іс-әрекеттері ескерілумен, бұл модельде тиісті бағасын алады, Жарқын тұлға, оның өзіндік жеке тәжірибесі ұжым мүшелеріне тартымды болуы міндетті.

Психологтар мен педагогтар жекелік қасиеттердің жасырын түрде дамитын студенттер ұжымының мүшелері арасында кең тараған бағыт-бағдарын бөліп қарастырады. Берілген жұмыстарды, әсіресе жауапты тапсырмаларды бар ынтасымен орындайтын білім алушылар аз емес. Баршаның көзіне түсу, басқаның үстінен өз

билігін жүргізу - олардың талпынысына күш-қуат береді. Олар ұжымның қиын жағдайына қайғырмайды, жұмысына көп мән бермейді, басты мақсаты – өз беделін ғана таныту.

Ұжымға педагогикалық жетекшілік

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ ұжымның даму процесі кездейсоқ емес, оған педагогтар жетекшілік етеді. Ұжымға жетекшілік етудің нәтижелігі, оның даму заңдылығын қандай мөлшерде зерттегеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталғанына, педагогтың әсер ету тәсілдеріне байланысты.

Мұндай әсердің маңызды шарты – үздіксіз болып келетін әрі ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі. Ал мұндай интеграцияға келесі жолдар арқылы қол жеткізуге болады:

- 1) Ұжымға болатын педагогикалық әсерлерді кешенді пайдалану;
- 2) Күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір-біріне үнемі әрі жан-жақты көмегі;
- 3) Ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар тудыру;
- 4) Білім алушылардың өзін-өзі басқару ісін кеңейту;
- 5) Ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

Топ ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек:

1. Педагогикалық жетекшілікті білім алушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру;

2. Ұжым – динамикалық жүйе болғандықтан, ол үнемі өзгеріп, дамып, кемелденіп отырады. Сол үшін барлық оқытушылар қарым-қатынас пен әсер ету жобілім алушырын жиі өзгертіп отыруы міндетті.

3. Топ кураторы ұжым тәрбиесінде оқытушыларға, студенттік ұйымдарға сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғары жетістіктерді көздегені жөн.

Еңбек – тәрбие құралы, бірақ еңбекті бағалау, көрсету, қателігін анықтау – бұл ондағы тәсілдер. Сөз (кең түсініктегі) – тәрбие құралы, бірақ ескертулер, сын айту, теңеу – бұлар тәсілдерге жатады. Осыған байланысты кейде тәрбие әдісі қойылған мақсатқа жету тәсілдері мен құралдар жүйесі ретінде анықталады, өйткені

әдіс құрылымында тәсілдер мен құралдар міндетті түрде бірге қарастырылады.

Өзін-өзі басқару – ұжым үшін маңызды мақсаттарға жету үшін шешім қабылдау мен оны жүзеге асыруда білім алушылардың өз бетінділігін дамытуға негізделген ұжымдық іс-әрекетті ерекше ұйымдастыру. Ұжым жетілген сайын өзін-өзі басқару да жетіле түседі. Жеке тұлғаға қатысты өзін-өзі басқару төмендегідей қызметтерді орындайды:

- бейімделушілік (ұжым ішінде жеке тұлғаның үйлесімді өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етеді);

- интегративтік (ұжымдық және жеке іс-әрекет түрлерін үйлестіруге мүмкіндік береді; нәтижелі іс-әрекет үшін ата-аналар, білім алушылар және педагогтардың қызметін ұйымдастырады);

- прогностикалық (диагностика және рефлексия негізінде ршыни перспективаларды анықтауға жәрдемдеседі);

- басқарушылық мәдениетті меңгеру (өзі және ұжым үшін маңызды шешімдерді қабылдауда өз бетімен таңдау жасауды жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады).

Білім алушылар ұжымындағы өзін-өзі басқару іс-әрекетті анықтаудан басталады: басқарушылық құрылымды жасауда, міндеттерді бөлуде. Ұжымның жалпы жиналысы (білім алушылар комитеті, кеңес, штаб т.б.) өзін-өзі басқару органдарын сайлайды және олардың міндеттерін анықтайды. Белгілі бір тапсырманы алғаннан кейін әрбір білім алушы өз міндеттерін және ол жұмысты орындау жолдарын білуі тиіс. өзін-өзі басқару білім алушылардың бостандық пен жауапкершіліктің қатынасын сезінуін талап етеді.

И.П.Иванов іс-әрекетті өз бетімен ұйымдастыру әдістемесін жасады: құрылған кеңестер көмегімен жұмыстарды дайындау, инициативалық топтың жұмысы, көсбасшылардың ауысуы, микроұжымдар арасындағы тапсырмалардың ауысып келіп отыруы. Бұл әдістерді кез-келген білім алушылар ұжымында қолдануға болады. Педагог ұжым ішінде өзін-өзі басқаруды дамытпайынша, онда жеке тұлғаны дамыту мүмкін емес екендігін үнемі есінде сақтауы тиіс.

5. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Адамгершілік тәрбиесі», «Азаматтық-патриоттық тәрбие», «Экономикалық тәрбие», «Экологиялық тәрбие», «Эстетикалық тәрбие», «Отбасы педагогикасы» негіздерін зерттеу

Тұлғаның көзқарасы мен сенімінің тұрақтылығы, оның идеясы мен қоғамдық белсенділігі – тұлғаның маңызды сипаттамасы. Бұл қасиеттер тәрбиелеу процессінде қалыптасады. Тәжірибеде көрінгендей, осы мәселені нәтижелі меңгеру үшін білім алушылар маңызды басты ұғымдардың мәнін саналы түрде меңгереді.

«Дүниетаным» – бұл сөзді білім алушылар жиі естиді. Ал оның нені білдіретінін сұрасаңыз, көбі оның мағынасын біле бермейді. Дүниетаным – бұл көзқарастар, сенімдер, идеялар жүйесі. Ал бұл компоненттер қалай жүйеленеді? Білім және дүниетаным, олар қандай байланыста, бір-біріне қалай әсер етеді? Міне, осындай сұрақтарды студенттерге қоюға болады. Бұл сұрақтарды оқытушы өзі қойып, оған жауапты студенттермен бірге іздегені дұрыс. Талдауды тек абстрактілі емес, сонымен қатар фактілерді, белгілі тұлғалар өмірінен мысал келтіру арқылы жүргізген жөн.

Адамгершілік тәрбиесі

Адамгершілік тәрбиесі – бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, мінез-құлығына адамгершілік сапаларды қалыптастыру жолындағы мақсатты түрде бағытталған жүйелі әрекет. Келесі анықтама бойынша, адамгершілік тәрбиесі – білім алушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыруға және оларға өздерінің бір-біріне, отбасына, адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі педагогтардың мақсатты түрдегі іс-әрекеті.

Тәрбиелеу мақсаты – адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесі мақсатының ерекшелігі үстемдік қоғамдық қатынастармен және рухани құндылықтармен анықталады. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеттері – адамгершілік сананы: адамгершілік ұғымдарды, мұратты, моральдық-этикалық құндылықтар мен нормаларды, өз-өзіне сенімін арттыруды, этикалық бағалауды қалыптастыру.

Адамгершілік сезімдерді дамыту дегеніміз білім алушылардың бойында ізгіліктік, ар, абырой, борыш, жауапкершілік, жолдастық, ұжымшылдық, ұят, адамдарды сыйлау икемділіктерін қалыптастыру. Қабылданған этикалық нормаларға және дәстүрге сәйкесті мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, адамгершілік әдетке (шындықты айту, жамандық істемеу т.б.) дағдыландыру.

Адамгершілік тәрбиесінің ұстанымдары (принциптері): тәрбиенің қоғамдық бағытталғандығы, тәрбиенің өмірмен,

еңбекпен байланысы, тәрбиеде жағымдыға арқа сүйеу, тәрбиенің ізгіленуі, тәрбиелік ықпалдардың бірлігі, сана мен мінез-құлық бірлігі, оқу орынымен отбасының, жұртшылықтың педагогикалық талаптарының бірлігі.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны:

- адамда қоғаммен байланыстылығын, оған тәуелділігін, өз мінез-құлықын қоғамның қызығушылығымен сәйкестендіру қажеттілігі санасын қалыптастыру;

- адамгершілік мұраттармен, қоғамның талаптарымен таныстыру, олардың орынды қойылуын және адамға сыйымдылығын дәлелдеу;

- адамгершілік білімдерді адамгершілік сенімдерге айналдыру, осы сенімдердің жүйесін құру;

- орнықты адамгершілік сезімдерді, адамгершілік сапаларды және жоғары мәдениетті мінез-құлықты қалыптастыру;

- адамгершілік әдеттерді қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиенің формалары:

- ұжымдық: мейрамдар, кештер, пікірталастар, фестивальдар, жорықтар, жиналыстар т.б.

- топтық: еңбек бірлестіктері, клубтар, пән үйірмелері, қоғамдық бірлестіктердің жұмысы, ғылыми қоғамдар, қызығушылығы бойынша бірлестіктер т.б.

- жекелік: өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстары, жеке ғылыми-танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер, адамгершілік мазмұнындағы тапсырмалар т.б.

Адамгершілік тәрбиесінің әдістері:

- адамгершілік санасын қалыптастыру әдістері (әңгіме, дәріс, пікірталас, үлгі);

- адамгершілік қоғамдық мінез-құлық әрекетін және тәжірибені қалыптастыруды ұйымдастыру әдістері: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттығу, тәрбиелеушілік ситуациялар туғызу, тапсырма;

- адамгершілік іс-әрекет пен мінез-құлықты қолдау әдістері: жарыс, мадақтау, жазалау.

Адамгершілік тәрбие үрдісінің өзектілігі оның:

- мазмұнымен шартталған – қоғамдық моральмен, қоғамдық адамгершілік сананың нормаларын жеке санаға және әрбір білім алушының мінез-құлқына ендіру қажеттілігімен;

- мақсаттарының, мазмұнының, адамгершілік тәрбиелігінің көрінісі, ұйымдастырушының және диагностикасының ерекшелігі;
- ақыл-ой, еңбек, азаматтық, эстетикалық, денелік, құқықтық тәрбиелеу үрдістеріне енетіндігінде.

Адамгершілік тәрбиені жүзеге асыру жолдары:

- оқу үрдісінің мүмкіншілігін пайдалану, әсіресе гуманитарлық пәндердің;
- мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарының т.б. мекемелердің тәрбиелік мүмкіншілігін пайдаланып адамгершілік білім беру;
- ұжымдық өмірді, бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынаста адамгершілік тәжірибесін және қоғамдық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- отбасының және қоғамдық тәрбие мекемелерінің өзара байланысын қамтамасыз ету.

Тәрбиелік істерінің этикалық бағыттағы құрылымына педагог адам моралі туралы мәліметтер енгізеді. Мораль – адам санасының формасы және адамзат мәдениетінің бөлігі. Мораль принциптерін, нормасын, мәнін түсінуден тәрбиеленушілер өздерінің және басқа адамдардың қылықтарын дұрыс бағалауға үйренеді. Адамгершілік жағынан тұрақталған тұлға моральдық нормалардың шындығына сенімді болады, оларды орындау қажеттілігін мойындайды.

Бірақ, адамгершілік нормаларды білу, түсіну наным-сенімдердің бекуіне өзідігінен қамтамасыз ете алмайды, тек олардың қалыптасуына қажетті алғы шарттар ғана болып есептелінеді. Адамгершілік білімдер білім алушының өмір тәжірибесіне өтіп, ой толғауына еніп, тәрбиеленушілердің өзіндік талқы сарабына түскен болса ғана адамгершілік нанымдар дәрежесіне көтеріледі.

«Азаматтық-патриоттық» тәрбие

Қазақстан Республикасының егемендік алуы, нарықтық экономикаға көшуімен байланысты болып жатқан өзекті өзгерістер білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін теңдесі жоқ биіктікке көтеруді талап ететіні айқын көрініс. Осы тақырыптағы дәрістің сыни тұрғыда жазу және ойлау технологиясы бойынша жоспарланған үлгісін ұсынамыз.

Тақырыбы: Азаматтық-патриоттық тәрбие

Мақсаты: эстетикалық тәрбие, оның мақсат-міндеттері, эстетикалық тәрбиенің принциптерін, формалары және құралдарын меңгерту.

Өткізу әдістері:

Студенттермен диалог, мәселелік түсіндіру тәсілі; «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» стратегиялары: ассоциация, эссе жазу, түртіп алу, 2 жақты күнделік, әңгіме құрастыр немесе 2-3 айналым.

Күтілетін нәтижелер: Студенттер дәрістің соңында:

- Азаматтық-патриоттық тәрбие туралы түсінік алады;
- Еліміздегі патриотизмнің дамуының кезеңдері танысады.
- Патриотизм ұғымына берілген анықтамалардың классификациясымен танысады.

- Азаматтық-патриоттық тәрбие берудің негізгі жолдарын меңгереді.

Дәрістің мазмұны:

4. Азаматтық-патриоттық тәрбие және оның мақсаты.
5. Еліміздегі патриотизмнің дамуының кезеңдері.
6. Патриотизм ұғымына берілген анықтамалардың жіктелуі.
7. Азаматтық-патриоттық тәрбие берудің негізгі жолдары.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Жаттығу: «Ассоциация»

Студенттерге сұрақ: Патриот адамның негізгі қасиеттері қандай болуы тиіс?» қойылып, олардың жауаптары тақтаға жазылады.



2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Ауызша пікір алмасу

1. Азаматтық-патриоттық тәрбие және оның мақсаты

Лектор сөзі (слайд 1):

Азаматтық-патриоттық тәрбие – адамға заң, әлеуметтік, адамгершілік және саяси жағынан өзін кәдеге жарамды сезінуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретіндегі азаматтық құлқын қалыптастыру.

Азаматтық-патриоттық құлықтың негізгі элементтеріне: өзінің қадір-қасиетін сезінуінен, жеке тұлғаның ішкі еркіндігінен, тәртіптілігінен, басқа азаматтар мен мемлекеттік билікке деген құрмет пен сенімінен, өзінің міндеттерін орындауға қабілеттілігінен, отаншылдық, ұлттық және жалпыадамзаттық сезімдерін жарасымды үйлестіруімен көрінетін адамгершілік және құқықтық мәдениет жатады. Адамгершілік мәдениет жалпыадамзаттық моральдық құндылықтарға негізделеді, ал құқықтық мәдениет құқықтық мәдениеттің өмір сүруінің субъективті негізі және алғышарты ретінде көрінеді, ондай мемлекет үшін адамдардың азаматтық жоғары деңгейде қажетсіну тән. Жеке тұлғаның азаматтық-патриоттық құлқын тәрбиелеу тәрбиешілердің субъективті күш-жігерімен ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, қоғам мен мемлекеттің объективтік жай-күйімен, демократияның, гуманизмнің даму деңгейімен де анықталады. Жеке тұлғаның *азаматтық-патриоттық тұлғаның негізгі белгілері* балалық, жасөспірімдік, бозбалалық жаста, отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қаланады да, әрі қарай адамның бүкіл өмір бойы қалыптасады.

Азаматтық-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – адамды қоғамның, мемлекеттің адамгершілік құлық мұраттарына, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, бейбітшілікке талпынуына, қоғам игілігі үшін еңбек етуді қажетсінуіне тәрбиелеу.

Патриотизм грек тілінен аударғанда «*Patriotes*» – *отандас*, «*Patris*» – *Отан, туған жер* деген мағынаны береді. Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуатымен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет-ғұрпымен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды. *Азаматтық-патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі* – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылулық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көздеріне айналуы азаматтық-патриоттық тәрбиенің арқасы.

Елжандылық идея – отаншылдық сезім – адамда жүре пайда болатын, жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс. Отаншылдық сезім жалпы адам баласына тән адами – түйсік қасиеті, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттың құндылықтарына деген жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші.

3. Топтық жұмыс: «Түртіп алу»

Студенттер 3 топқа бөлініп, оларға тапсырмалар беріледі. Жұмыс орындалған соң үлгілі шығармалар таңдалады және оның себептері талқыланады.

1-топқа «Қазақстан азаматтарының азаматтық-патриоттық тәрбиеілілігінің деңгейі»,

2-топқа «Азаматтық патриоттық тәрбиені қай кезде берген дұрыс?»»,

3-топқа «Азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұны» тақырыбына «эссе» жазу.

Студенттер өз орындарынан топ болып «Түртіп алу» стратегиясы бойынша жұмыс жасап материалдың 2-ші сұрағын талдайды.

Қазақстан тарихы, әдебиет пәндері бойынша білімдерін еске түсіре отырып, қазақ ойшылдарының патриоттық тәрбие туралы айтқан, тәрбиелік ойлары мен сөздерін жазады. Қазақстанда патриотизмнің даму кезеңдеріне сәйкес тарихи мәнді оқиғаларды көрсете отырып, «эссе» жазады.

Содан кейін 3 топтың шығармалары тыңдалады.

2. Еліміздегі патриотизмнің дамуының кезеңдері

Лектор сөзі (слайд 2):

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да, атап айтсақ, *Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, жыршы-жыраулары да: Асан-қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет* т.б. айтқан. Қазақ халқының табиғи түрдегі азаматтық-патриоттық тәлімінің басқа да халықтық дәстүрі мен байлықтарының дами түсуін, тіпті кейбір уақыттарда патриот деген сөздің лексикалық құрамынан алынып қалмауын қазақ жеріндегі жиі-жиі болып тұрған тарихи оқиғалардың қыр-сырынан іздеген жөн. Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр найзаның ұшымен, білектің күшімен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға соқтырмай

аман сақтап келді. Олардың құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жауға қарсы тұруы нағыз шынайы Отансүйгіштік қасиет деп түсінеміз.

Зерттеуші, саясаттанушы Ж.О.Кенжалин патриотизм ұғымының Қазақстанның саяси тарихының алар орны жөніндегі проблемаларды түйіндей келе соңғы онжылдық тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынған.

Қазақстандық патриотизмнің ел тәуелсіздігі жылдарындағы тарихының алғашқы кезеңі: 1991-1994 жылдар аралығы. Екінші кезең 1995-1998 жылдары аралығы. Бұл кезең мемлекеттің нарықтық экономика заңдарына өту кезеңімен, кей тұстары халықтың жекелеген әлеуметтік топтарын торығушылыққа, дағдарушылыққа алып келген сәттерімен сипатталады.

Үшінші кезең: 1999 жылдан бері қарай. Бұл кезең Қазақстанда патриотизм ұғымы шын мәнінде ел ішіндегі бірліктің, қоғамдық келісімдік тұрақты саяси ахуалдың кепілдігіне айналғандығымен сипатталады.

4. Жаттығу «Екі жақты күнделік»

3-сұрақ бойынша студенттер «Екі жақты күнделік» стратегиясымен жұмыс жасайды (слайд 3).

Слайд 3

1-кестеден 1 анықтаманы таңдап алып, осы графаға жазыңыз	Анықтаманы таңдап алу себебіңіз

5. Жаттығу: Кесте толтыру

Алыс және жақын шетелдердегі патриотизм ұғымына берілген анықтамалардың классификациясы 1-кестеде көрсетілген.

3. Патриотизм ұғымына берілген анықтамалардың жіктелуі

Кесте 1. Патриотизм ұғымына берілген анықтамалар

Слайд 4.

Анықтамалар	Алынған әдебиет көзі
«Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай («матрешка» сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең	Ш.Уәлиханов Таңдамалы шығармалар жинағы.

алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», - деген екен.	
Патриот – Отанын сүйетін, оның байлығын қорғайтын, отансүйгіш, отаншыл азамат.	Даль В.И. Толковый словарь живого велико русского языка.
Патриотизм – адамгершілік және саяси принцип, сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік; оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшылық. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі.	Философиялық сөздік. Алматы, 1996
Патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік.	Педагогикалық энциклопедия. Қазақ совет энциклопедиясы.
«Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейті екенін мойындау».	Б.Момышұлы. Қанмен жазылған кітап.
Патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік пролетарлық интернационализммен берік байланысқан.	Педагогикалық сөздік.
Патриотизм – адамның туа біткен, биологиялық қасиеті емес, ол - әлеуметтік, тарихи қалыптасқан, Отанға деген сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет көрсетуден көрінеді.	Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу. Алматы, 1999.

6. Кестемен жұмыс

Студенттер 4-ші сұрақ мәтінін оқи отырып, 2-кестені толтырады (слайд 5).

4. Азаматтық-патриоттық тәрбие берудің негізгі жолдары

Азаматтардың мақсаттары топтарының бойында саналы азаматтық бірлік пен қатыстылық, этносаралық және жеке адамдар арасындағы өзара түсіністік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру мыналар арқылы мүмкін болады:

1) Мемлекеттік нышандарды насихаттау және қолданылатын саласындағы мемлекеттік саясатты белсенді іске асыру.

2) Мемлекеттік рәміз ұлттың мәдени эмблемалар кешені болып табылады. Мемлекеттік рәмізді дұрыс пайдалану азаматтық жеке сананы және қауымдық сезімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік рәмізді насихаттау түрлі деңгейлерде халықтың ауқымды жіктерін тарту арқылы өткізілетін әртүрлі конференциялар, семинарлар, акциялар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бұған қоса, түрлі әлеуметтік топтардың елдің мемлекеттік нышандарын қабылдау дәрежесін анықтауға бағытталған әлеуметтанушылық зерттеу нысанында жүзеге асырылатын осы жұмысты ғылыми қамтамасыз ету қажет болады.

Түрлі конкурстар және басқа да бұқаралық акциялар өткізу арқылы мемлекеттік рәміздің маңызы мәселелерінде жастардың хабардар болуын арттыруға айрықша назар аударылады.

Осы тақырыптағы теледидар және радио бағдарламаларды жасау және көрсету арқылы жүзеге асыру жоспарланып отырған мемлекеттік нышандар насихатын жүргізуге БАҚ-ты тарту қажет болады;

3) мемлекеттік мерекелерді жалпыхалықтық мереке ретінде өткізу қағидасын енгізу.

Жүргізілетін салтанаттарға адамдарды барынша тарту қажет. Бұл ретте өткізіліп жатқан әрбір мерекені азаматтардың «шын жүректен», бірлік, тұтастық, рухани көтеріңкілік сезімімен қабылдауы үшін оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау маңызды.

Мемлекеттік мерекелерді өткізу нысандарын түрлендіру мемлекеттік мерекелерді барынша ізгілендіретіндей сценарийлер әзірлеуді қарастырады.

Аталған жұмыстың нәтижесі мемлекеттік басқару органдары мен қоғамның түрлі жіктерінің жақындасуы, билік органдары мен халық арасындағы өзара түсіністіктің тереңдеуі болмақ;

4) білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларының деңгейін көтеру.

2 Кесте

Слайд 5

Осы уақытқа дейін азаматтық-патриоттық тәрбие беру бойынша жиі қоданылып келген әдіс-тәсілдер, тәрбие формалары	Сіз азаматтық-патриоттық тәрбиені нәтижелі жүргізу үшін қандай әдіс-тәсілдер, жолдар, жұмыс формаларын ұсынасыз
1.	1.
2.	2.
...	...

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

7. Жаттығу «Әңгіме құрастыр»

3 топтың студенттері топ болып 1 бет ақ параққа кезекпен 1 сөйлемнен жазу арқылы (2-3 айналым) «Әңгіме құрастыр» стратегиясы бойынша жұмыс жасайды.

Тақырып «Елімізде азаматтық-патриоттық тәрбие беру жұмысы және оның нәтижесі». Жұмыс уақыты аяқталған соң топ басшылары құрастырған әңгімелерін оқиды.

«Экономикалық тәрбие»

Қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта құру жағдайында қазіргі жалпы орта мектеп педагогтарының тәрбие процесінде тұлғаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарының ішінде экономикалық тәрбие беру маңызды болып табылады. Сондықтанда осы тақырыпқа жоспарланған интерактивті дәріс үлгісін ұсынуды жөн көрдік.

Тақырыбы: Экономикалық тәрбие

Мақсаты: экономикалық тәрбие, экономикалық білім беру ұғымдарын меңгерту. Экономикалық білім беру бойынша қазіргі уақыттағы білім беру жүйесіндегі әдіс-тәсілдерді игерту.

Өткізу әдістері:

Мәселелік түсіндіру тәсілі; «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» стратегиялары: ассоциация, «2 жақты күнделік», «Эссе».

Күтілетін нәтижелер: Студенттер дәрістің соңында:

- Экономикалық тәрбие, экономикалық білім беру ұғымдарын меңгереді;

- Сабақта экономикалық тәрбие беру әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Дәрістің мазмұны:

1. Экономикалық тәрбие, экономикалық тәрбие және оның мақсаты.


2. Экономикалық тәрбие бойынша қазіргі білім беру жүйесіндегі жұмыс формалары.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Жаттығу «Ассоциация»

Ассоциация стратегиясы. Студенттерге сұрақ қойылады: «Экономикалық тәрбие беру дегенді қалай түсінесіздер?». Жауаптар тақтаға жазылады.

Жауаптар бойынша неге олай ойлайтыны сұралады, пікір алмасу жүргізіледі.



2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Ауызша пікір алмасу

1. Экономикалық тәрбие, экономикалық тәрбие және оның мақсаты

Лектор сөзі (слайд 1):

Экономикалық тәрбие – оқушыларға жоспарлау, қаржыландыру, еңбек өнімдерін есептеу мен бөлу тәжірибесін үйрету.

Экономикалық білім беру – оқушылардың еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбектегі белсенділігін, сапалы еңбек тәртібін және басқа да моральдық сапаларын қалыптастыру мақсатында берілетін білім. *Оқушыларға экономикалық білім берудің мақсаты* – қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту. Экономикалық білім теориясы қоғам өмірінің материалдық негіздерін түсінуге, қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай оқушылардың оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осының негізінде оқушылар қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы адамның шешуші ролін ұғынып, қоғам мен жеке адам мүддесі үшін қоғамдық өндіріс пен еңбекке жаңа көзқарастарды қалыптастыруы керек. Оқушыларға экономикалық білім беру қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан оларды халық шаруашылығының әр түрлі салаларында жұмыс істей білуге үйрету үшін экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық білімдермен қаруландыру керек.

2. Топтық жұмыс «Екі жақты күнделік»

Студенттер 3 топқа бөлініп оларға тапсырмалар беріледі.

1-топ тапсырмасы (слайд 2): Төмендегі кестені толтырыңыз

Слайд 2

Ұғымдар	Түсінік
Жоспарлау	(түрлері, кімді, нені, неге, қашан)
қаржыландыру	(түрлері, кімді, нені, неге, қашан)
еңбек өнімдерін есептеу	(түрлері, кімді, нені, неге, қашан)
еңбек өнімдерін бөлу	(түрлері, кімді, нені, неге, қашан)

2-топ тапсырмасы (слайд 3): Төмендегі кестені толтырыңыз

Слайд 3

Ұғымдар	Түсінік
еңбекті қажетсіну	(ол не, неліктен, не үшін керек, қалай және қашан қалыптасады?)

еңбексүйгіштік	(ол не, неліктен, не үшін керек, қалай және қашан қалыптасады?)
қоғамдық еңбектегі белсенділігі	(ол не, неліктен, не үшін керек, қалай және қашан қалыптасады?)
сапалы еңбек тәртібі	(ол не, неліктен, не үшін керек, қалай және қашан қалыптасады?)

3-топ тапсырмасы (слайд 4): Төмендегі кестені толтырыңыз

Слайд 4

Ұғымдар	Түсінік
экономикалық саясат	(қалай түсінесіз, оны білу не үшін қажет, өмірде қашан пайдаға асады?)
өндіріс	(қалай түсінесіз, оны білу не үшін қажет, өмірде қашан пайдаға асады?)
айырбас	(қалай түсінесіз, оны білу не үшін қажет, өмірде қашан пайдаға асады?)
бөлісу және тұтыну	(қалай түсінесіз, оны білу не үшін қажет, өмірде қашан пайдаға асады?)

3. Ұжымдық талқылау

Жұмыс аяқталған соң 3 топқа арналған плакатқа кестелер салынып, ұжымдық талқылауға салынып, ортақ кестелер (1,2,3) толтырылады.

2. Экономикалық тәрбие бойынша қазіргі білім беру жүйесіндегі жұмыс формалары

Лектор сөзі:

Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты.

Аса қарқынды өзгерістерге толы қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайда білім беру жүйесінің алдында мектептік дамуды қайта қарастыру мәселелері тұр.

Олар қандай да бір нақты жағдайды талқылайды, оны шешудің баламаларын іздестіреді. Шешімнің өзіндік нұсқасын ұсынады. Ол шешімді негіздейді, бұдан соң оны практикада қабылданған шешіммен салыстырады.

Әдіс оқушылардың шешім қабылдауға қабілетін дамытуға жәрдемдеседі.

Топтық жұмыс дағдыларын дамыту әдісі (іскерлік ойындар).

Кез-келген іскерлік ойынының негізгі ойынды өткізу уақытындағы нақты жағдайларды имитация жасау процесі болып табылады. Іскерлік ойын екі бөліктен тұрады.

1. Ойын модельдері;

2. Ойындар;

Модель шеңберді анықтап ойын үшін негіз жасайды. Ойынның өзі ойыншыларға модельге сәйкес шеңберде шешім қабылдауға мүмкіншілік береді.

Имитациялық ойындар.

Әдіс ретінде имитациялық ойын өзіне ойын элементтерін енгізетін көптеген оқыту стратегияларында қолданылып келеді. Бұған енетіндер:

- рольдік ойындар
- тартысты ойындар
- шешім қабылдауға арналған ойындар
- іскерлік ойын негізіндегі компьютерлік имитация және басқалары.

Имитациялық ойындар ойындардың жарыс, кооперция, ереже секілді сипатты белгілерін үйлесімді ұштастырады. Экономикаға үйретуде рольдік және орындар аса зор маңызға ие.

Рольдік ойын оқыту әдісі ретінде оқыту процесін ойын әрекеті түрінде және қоғам өмірінен нақты ситуацияларды имитациялау түрінде ұйымдастыруға мүмкіншілік береді. Рольдік ойынға диалектикалық әдістемелік ерекше қызығушылық балалар мен үлкендер рөлдік ойындардың арасында тікелей байланыстың болуымен түсіндіріледі. Осылайша балалар үлкендер өміріндегі болашақ рөлдеріне дайындық жасайды.

Рөлдік ойын оқушыларға нақтылыққа жақын мінез-құлықтың түрлі әлеуметтік формаларын ойын түрінде көріп-білуге жәрдемдеседі. Бұл жағдайда олар дұрыс емес мінез-қылық үшін жазаланудан қауіптенбейді.

Проектілік немес жобалық әдіс (әрекетке үйрету)

«Проект» сөзі латынның «рrjicere» сөзінен шыққан және қазіргі тілде «жоспарлау», жобалау, жасап шығару мағынасында қолдауды («жоспарларды іске асыру» дегенді білдіреді).

«Жоба» ұғымы педагогикалық саламен ғана шектелмейді, сондай-ақ экономикада, басқару аен зерттеулерде қолданылады. Сол не өзге шаруашылық сауда немесе кәсіпкерлік шараларды жүзеге асыру проектісі, зерттеу проектісі, білім беру бойынша проект және т.б.

Жобалау әдісіне қойылатын мақсаттар:

- 1.Өнімге және әрекетке бағыттылық.
- 2.Оқушыларға бағыттылық.
- 3.Білімнің жағдайға және қоғамға бейімделуі.

Проектілік жұмыс үшін проектілердің өту кезеңін жоспарлау аса маңызды болып табылады:

- а) мақсатты белгілеу (мақсатты);
- ә) жоспарлау (ресурстар);
- б) орындау (әрекеттер);
- в)бағалау және бақылау (нәтижелер);

Оқушылар басынан-ақ проектілер мен мақсаттарды таңдауға қатысу мүмкіндігіне ие болуы қажет, одан соң оларды сол ие өзге әдіс- тәсілмен жүзеге асырады.

Алайда, бұл мұғалімнің қатысуын жоққа шығармайды, алғашқы кезек секілді, проектіні жүзеге асыру сатысында да мұғалім араласып отырады.

Экономикалық субъектілерді зерттеу әдісі (кәсіпорындағы зерттеу)

Кәсіпорындардағы зерттеуді кәсіпорынға барып келуден ажыратып алу керек. Кәсіпорынға барғанда оқушылар ол жайлы жалпы түсінік алады. Әдетте ол оқыту тұжырымдамасының кіріктірілген бөлігі болып саналмайды, тек алдын ала дайындықсыз, нәтижелерін шығаруды қажет етпейтін бір реттік шара ретінде ғана өткізіледі.

Кәсіпорындардағы зерттеулердің сипаттамасы:

- ол оқу үрдісінде көрнекі ашып көрсету және түсіндіруге арналған әдістемелік тәсіл болып табылады;
- зерттеу сабақтарында дайындалады;
- зерттеу сабақта талқыланатын тақырыптарды мысалмен түсіндіруге арналған кәсіпорын қызметтердің белгілі бір аспектілерімен шектеледі.
- оқушылар зерттеу үшін нақты міндеттерді алдын ала алады;
- зерттеу кезінде алынған мәлімет талқыланады және келесі сабақтарда қолданылады;

Осылайша, білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұсынылып отырған экономикалық мәдениетті білімдік технологиялар негізінде қалыптастырудың нақты методологиялық мәні бар.

Олар бүгінгі мектеп партасында отырған ұрпаққа мақсатқа сай ықпал ету міндетін қоюы мен экономикалық белсенді, өркениетті нарық жағдайларында жұмыс істеуге қабілетті, оның талаптары мен нормаларын білетін тұлға қалыптастыруға ықпал ететіндігімен маңызды.

4. Топтық жұмыс

3 топқа жеке тапсырмалар беріледі.

1-топ студенттері «Экономикалық тәрбие беруде қолданылатын ойын түрлері, оларды қолдану ерекшеліктері мен маңызы»

2-топ студенттері «Экономикалық тәрбие беуде жобалық әдісті қолдану және оның маңызы»,

3-топ студенттері «Қазіргі уақытта экономикалық тәрбиенің әлемдік деңгейдегі өзектілігі» тақырыптарына эссе жазады. Жұмыс соңында үздік эссе анықталады.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

5 Кесте толтыру «Мен үйрендім»

Студенттер өз орындарынан «Мен үйрендім» кестесін толтырады. Сабак қорытындыланады.

Кесте - «Мен үйрендім»

Слайд 4

<i>Мен үйрендім</i>	
1.	
2.	
...	

«Экологиялық тәрбие»

Қазіргі кезеңде экологиялық апат қаупінің алдын алатын, жедел табиғатты қорғау жұмыстарын жүргізу көкейкесті проблемалардың бірі болып тұр. Жергілікті материалдар мен экология туралы жалпы мәліметтерге қосымша табиғатқа көмек қажеттігін түсіндіру - педагогтың тікелей парызы.

Экологиялық тәрбие жұмысының негізі – табиғатты қорғау ниеттерін іс жүзінде іске асыру. Өмір бір жақты экологиялық тәрбие ісімен шектелмей, оларды үздіксіз табиғат қорғау әрекетімен байланыстыру, еңбек тәрбиесімен ұштастыруды талап етеді. Осыған орай тәрбие ісі бастауы экология туралы білімдерге, яғни қажетті ақпараттарды қабылдау, талқылау, түсіну.

Бұл істің көзі адам өмірінің бастауы - жер, су, ауа, аң, өсімдік. Аймақ қажеттігі жергілікті табиғат жағдайы тәрбие ісі бағытын, түрін, оны ұйымдастыру мен іске асыру формалары мен мазмұнын анықтайды (жасыл патрулдер, орман достары, аңдар мен құстар қорғаушылар тобы). Егер білім алушы өзінің ертеңгі күні, өзімен бірге достары және жақындарының бақыты қоршаған ортадағы ауаның, судың тазалығына байланысты екенін түсінсе, жасыл желек пен ағын суды таза ұстауға көмек тигізсе, ол табиғатты қорғаушылар қатарында болғаны. Төменде осы тақырыпқа дәріс жоспары беріледі.

Тақырыбы: Экологиялық тәрбие

Мақсаты: эстетикалық тәрбие, оның мақсат-міндеттері, эстетикалық тәрбиенің принциптерін, формалары және құралдарын меңгерту.

Өткізу әдістері:

Диалог, мәселелік түсіндіру тәсілі; «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» стратегиялары: ассоциация, «Т кестесі», «Еркін жазу» стратегиялары.

Күтілетін нәтижелер: Студенттер дәрістің соңында:

- Экология термині, экологиялық тәрбие туралы түсінік алады;
- Экологиялық сана ұғымын меңгере отырып, оның атқаратын қызметтері жөніндегі білімді игереді;

- ЖББМ-де экологиялық тәрбие беру мен экологиялық сананы қалыптастырудың негізгі формаларын, жолдарын, экологиялық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезеңдерін меңгереді. Материалға сын көзбен қарауға үйренеді.


Дәрістің мазмұны:

1. Экология және экологиялық тәрбие мақсаты туралы түсінік.
2. Экологиялық сана және оның қызметтері.
3. Мектепте экологиялық тәлім беру мен оқыту жүйесі.

1 КЕЗЕҢ – ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Жаттығу «Ассоциация» стратегиясы.

Қарастырылатын ұғым: «Экология». Студенттер бұл ұғым жөнінде өз ой, пікірлерін білдіреді. Айтылған ой, пікірлер тақтаға жазылып тұрады (сурет 1).



2 КЕЗЕҢ – НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Ауызша сұрақ мағынасын ашу

Студенттердің пікірлері тақтадағы суретке түсірілген соң 1-сұрақтың мағынасын оқытушы ашады.

1. Экология және экологиялық тәрбие мақсаты туралы түсінік Лектор сөзі (Слайд 1):

«Экология» ұғымын тұңғыш рет 1866 жылы неміс биологы Э. Геккель қолданды. Бұл ұғым гректің «ойкос» – (үй немесе тұрғын үй/ жилище/) және «логос» (ой /мысль/), яғни, «тұрғын үйді ойлау» деген ұғымнан пайда болса керек.

Қазіргі кезде «экология» ұғымына анықтамада:

Экология – организмдердің бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын зерттейтін ілім.

Экология – жануарлар өсімдіктер, микроорганизмдердің өзара және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін биологияның құрамдас бөлігі.

Экология – тірі организмдердің тіршілік ортасымен арақатынасын зерттейтін биологиялық ғылым ретінде қарастырады.

Слайд 2. Экологиялық тәрбие –табиғаттың барлық субъектілеріне қатысты ізгілікті, қайырымдылықты, парасаттылықты қалыптастыруды көздейді.

Экологиялық тәрбие – бұл тек «жұлуға болмайды», «ластауға болмайды» деген жалаң ұран, үндеу тастау немесе тәртіпке шақыру ғана емес, сонымен бірге не себепті олай етуге болмайтындығын түсіндірумен байланысты жүзеге асады.

Слайд 3. Экологиялық тәрбиенің мақсаты оқушылар бойында экологиялық білім, көзқарас, сенім жүйесін қалыптастырып, сол арқылы олардың табиғатқа, қоршаған ортаға парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын жан-жақты қалыптастырып, дамыту.

3. Жаттығу Бейнені толықтыру

Экология және экологиялық тәрбие, оның мақсаты туралы білім жеткізілген соң студенттермен біріге отырып жоғарыдағы 1-ші сурет толықтырылады немесе түзетіледі.

2. Экологиялық сана және оның қызметтері

Лектор сөзі:

«Экология» қоғамдық сананың формасы ретінде жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесінің ішкі өзара әрекеттесуін және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының заңдылығын зерттейтін биология ғылымының құрамдас бөлігі. *Экологиялық санаға экологиялық білім жатады:* фактілер, деректер, жануарлар әлемімен өсімдіктер дүниесі және олардың өмір сүру ортасы жайында, жалпы қоршаған ортада болып жатқан құбылыстардың өзара қарым-қатынасының қорытындысы мен талдауы. Эстетикалық сезім және экологиялық жауапкершілік оның құрамдас бөлігі болып табылады. Олар адам баласын табиғатты сақтауда қырағы болуға түрткі болады, табиғи сулар, жер қойнауы, атмосфера және орман, тоғайларды өндіріске пайдалануда келеңсіз оқиғаларға тап келуін болдырмауды алдын-ала ескертеді. Адамнан табиғатты пайдалануда ондағы экологиялық ойлау қабілетінің жоғары болуын талап етеді.

Экологиялық сана қоғамдық сананың формасы ретінде маңызды қызмет атқарады.

Ағартушылық қызметі. Ол оқушыларға табиғатта адамның өмір сүру ортасы ретінде және эстетикалық тұрғыдан жетілуіндегі оның маңызын түсінуге көмектеседі.

Дамытушылық қызметі. Ол балаларды экологиялық құбылыстарды ұғыну, табиғат жағдайына талдау жасау, табиғатпен ақалға сиятындай орынды қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру процесінде жүзеге асады;

Тәрбиелік қызметі. Ол оқушыларда табиғатқа адамгершілік және эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыруды көрініс береді. Олардағы жауапкершілік сезімі мен борыш органикалық тұрғыды ақиқат өмірдің ұлылығын және сұлулығын шаттана сезіну барысында бірлікте жүзеге асады. Бұл оқушыларда табиғатты қорғау әрекетін жандандыруға түрткі болады. Туған табиғатта терең білу, оған деген махаббат сезім патриоттық сезімді байытады және нығайтады.

Ұйымдастырушылық қызметі. Ол оқушыларда табиғатты қорғау әрекетін ынталандыруды көздейді.

Алдын-ала болжау қызметі. Ол балаларда адамның табиғатқа жасаған қайсыбір әрекетінде мүмкін болатын зардаптарын немесе экологиялық процестердің бұзылу жағдайынан неге алып келетінін, ол үшін қандай шараларды ұйымдастыру қажеттігін алдын-ала болжай білу біліктілігін тәрбиелеуді немесе дамытуды көздейді.

Экологиялық тәрбие экологиялық білім берудің құрамдас бөлігі.

4. Жаттығу «Т кестесі»

Диалог негізінде жүргізілген 2-сұрақ материалын талқылаудан кейін негізгі ұғымдарды ескере отырып (курсивпен жазылған), студенттер «Т кестесі» стратегиясымен жұмыс жасайды.

«Т» кестесінің сол жағына экологиялық санаға жатын экологиялық білімдер (мысалы, фактілер, деректер т.б.) жазылса, оң жағына экологиялық сананың атқаратын қызметтері жазылады (мысалы, ағартушылық, дамытушылық т.б.).

Слайд 4.

«Т» кестесі» стратегиясы

Экологиялық санаға жататын экологиялық білім	Экологиялық сананың атқаратын қызметтері

5. Жаттығу «Түртіп алу»

3-ші сұрақты меңгеру алдында студенттер 2 топқа бөлінеді.

Барлығы 3-ші сұрақ мәтінін «Түртіп алу» стратегиясы арқылы талдай отырып, өз тапсырмаларын орындайды.

1-топ төмендегі кестені толтырады (кесте 1)

Слайд 5

Мектепте оқыған кезіңізде экологиялық тәрбие беру бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?	Экологиялық тәрбие беру бойынша тағы қандай қосымша жұмыстар жүргізілгені дұрыс?
1.	1.
2.	2.
.	.

2-топ толтыруға тиісті кесте (кесте 2)

Слайд 6

Экологиялық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезеңдері	Нақты қандай жұмыстар жүргізілгені дұрыс?
1-кезең.	
2-кезең.	
3-кезең.	
4-кезең.	

3-сұрақ мәтіні Мектепте экологиялық тәлім беру мен оқыту жүйесі

Экологиялық тәрбие мен білім беру – табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру. Сондықтан, экологиялық білім беру оқышылардың табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырудың негізі болса, әртүрлі формаларда жүргізілетін экологиялық тәрбие жұмыстары жеке тұлғаның эмоциялық – сезімдік әлеміне бағытталады, адамгершілік жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелейді.

Экологиялық тәрбие жұмысының негізі – табиғатты қорғау ниеттерін іс жүзінде іске асыру. Өмір бір жақты экологиялық тәрбие ісімен шектелмей, оларды үздіксіз табиғат қорғау әрекетімен байланыстыру, еңбек тәрбиесімен ұштастыруды талап

етеді. Осыған орай тәрбие ісі бастауы экология туралы білімдерге, яғни қажетті ақпараттарды қабылдау, талқылау, түсінуге негізделеді.

Бұл істің көзі адам өмірінің бастауы – жер, су, ауа, аң, өсімдік. Аймақ қажеттігі жергілікті табиғат жағдайы тәрбие ісі бағытын, түрін, оны ұйымдастыру мен іске асыру формалары мен мазмұнын анықтайды (жасыл патрулдер, орман достары, аңдар мен құстар қорғаушылар тобы). Егер білім алушы өзінің ертеңгі күні, өзімен бірге достары және жақындарының бақыты қоршаған ортадағы ауаның, судың тазалығына байланысты екенін түсінсе, жасыл желек пен ағын суды таза ұстауға көмек тигізсе, ол табиғатты қорғаушылар қатарында болғаны.

Оқушылардың экологиялық санасын тәрбиелеуде гуманитарлық және эстетикалық циклдегі пәндердің де маңызы ерекше.

Тарих, қоғам тану, мемлекет және құқық негідері пәндері оқу барысында табиғатқа рақымсыз қарым-қатынас жасауға болмайтындығын, ол үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың әрекетін реттейтін заң актілері жайында білім алады.

Эстетикалық пәндер негізінде: әдебиет, көркемөнер, музыка сабақтары табиғаттың эстетикалық мәнін, оның өзіне тән қайталанбас сұлулығын, адамға және жалпы қоғамға маңыздылығын ашып көрсетеді. Өнер табиғатты жандандырады, адамның сүйіспеншілігін оятады және оның бөлінбес бөлшегі екендігін ұғынуға мүмкіндік береді.

Экологиялық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезеңдері:

I кезең. Оқушыларды негізінен өзінің айналасында не болып жатыр, міне осыны түсінуге баулу керек.

II кезең. Экологиялық міндеттерді анықтап, оларды шешу жолдарын белгілеуге, қоршаған ортаның жағдайын айқын парасаттылықпен және сын көзбен бағалай білуге үйрету.

III кезең. Жоғары сынып оқушыларын өзінің тұрғылықты мекені, қала мен ауылдың экологиялық жағдайын түсіне білуге үйрету.

IV кезең. Оқушылармен бірлесе өзінің тұрғылықты мекенінде экологиялық жағдайы нашар немесе апат аймақтарды қорғауға алу жұмыстарын ұйымдастыру.

3 КЕЗЕҢ – ТОЛҒАНЫС

6. Жаттығу «Еркін жазу» стратегиясы

Студенттер сабақ бойына жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт аяқталған кезде студенттер өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқылады.

Эстетикалық тәрбие

Өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Бұл қабілет эстетикалық сезім деп атауын алды. Эстетика категориясының ең негізгісі – әдемілік. Әсемдік – бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адам қарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі.

«Эстетика» термині гректің «эстетис» – сезімталдық деген сөзінен шыққан. Бұл сөзді алғаш рет неміс өнертану ғалымы Баумгартен ғылыми атау ретінде енгізіп, 1750ж. оның «Эстетика» деген еңбегі жарық көрді. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал эстетика ұғымының өзі ертеректе туған. Оның бастауы ежелгі заманға кетеді.

Эстетикалық тәрбие – бұл өнерде және өмірде әсемдікті толықтай қабылдап және дұрыс түсінуге жеке адамның қабілетін дамытуға мақсатты түрде бағытталған үрдіс.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – эстетикалық талғамды және өмір шындығына (еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына) эстетикалық қатынасты қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

- эстетикалық сананы қалыптастыру, яғни отандық және дүниежүзілік мәдениет, эстетика негіздері бойынша білімдер жинағы, өнерде, халық көркемөнер шығармашылығында, табиғатта, адамда шынайы әсемдікті айырып, түсіне білу қабілеті;

- эстетикалық сезім, талғамды қалыптастыру, көркем - шығармашылық іс-әрекетке қабілетін және мотивациясын (сұранысын; қызығушылығын т.б.) дамыту;

- көркем-шығармашылық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру, дарынды білім алушыларды қолдау, тұрған ортасын, еңбегін, оқуын эстетикалық нормаға және құндылықтарға сай ұйымдастыру тәжірибесін (іскерліктер мен дағдылар) жасау.

Эстетикалық тәрбиенің жалпы принциптерімен бірге ерекше принциптері де бар:

- эстетикалық тәрбиенің және көркемөнер білімінің бәріне қатыстылығы және міндеттілігі;
- эстетикалық тәрбиенің бүкіл істеріне кешенді тұрғы;
- білім алушылардың көркемөнер және жалпы психикалық дамуының бірлігі;
- білім алушылардың көркемөнер-шығармашылық іс-әрекеті және өнерпаздығы (самодетельность);
- білім алушылардың бүкіл өмірінің эстетикалық талаптарына сай болуы;
- білім алушылардың жастық психологиялық-педагогикалық ерекшелігін есепке алу;

Эстетикалық тәрбиенің мазмұны:

- қоршаған дүниені эстетикалық қабылдауды, әсемдікті бағалау және жасау қабілетін дамыту;
- эстетикалық сезім мен эмоцияларды дамыту;
- өнер, мәдениет, табиғат объектілері аясында білім алушыларға эстетикалық білім беру;
- білім алушылардың эстетикалық нышандарын, қабілетін және ынталарын дамытуға бағытталған жекелік эстетикалық тәрбие;
- эстетикалық қатынастарды, қабылдауды, сезімдерді, талғамды және мұраттарын қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбиенің формалары: конкурстар, викторина, әртүрлі оқу орындары мен мекемелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, ұжымдық, жаңа формасы – «ұшқын» концерті, өнерпаздар театры, әдеби-шығарма конкурсы, ұнамды сабақ эстафетасы, гигиеналы мәдениет, тазалық пен тәртіпті тек оқу орындарында ғана емес, сол аймақта сақтау қажеттігімен байданыстыру т.б.

Эстетикалық тәрбиеде тәрбиелеудің жалпы әдістерін кеңінен пайдаланады. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру жолдары:

- оқыту үрдісінде: тілдер, әдебиет, тарих, саз, бейнелеу өнері, дүниежүзілік және отандық көркемөнер мәдениет дәрістері мен семинарлары;
- оқудан тыс тәрбиелік жұмыстың әр түрлі формалары мен түрлері;
- жалпы және қосымша білім беру, яғни тәрбиелеу және оқыту, мәдениет және т.б, мекемелерінде көркем-шығармашылық іс-әрекетке баулу.

Эстетикалық тәрбиенің көптүрлі құралдары көркемдік жұмыстарда көрінеді. Эстетикалық тәрбиенің құралдары сан-алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т.б., ал тәрбиелеу көздері - қоршаған орта, оқу-үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы т.б.

Отбасы педагогикасы – бұл теория. Ол педагогика ғылымының саласы, ол институционалдық белгісіне қарай, яғни әлеуметтік институт. Тарихи-педагогикалық материалды дұрыс қолдана отырып, студенттерге отбасы педагогикасының пайда болуы, дамуы және қалыптасуы жайында толық түсінік беру қажет. Бүгінгі күнге дейін отбасы тәрбиесі педагогиканың бір саласы ретінде дамытылып, әлеуметтік, ізгіліктік сипатта болып келеді. Отбасы мен отбасының ынтымақтастығы үрдісінде ата-аналарды оқу орынының оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, ағарту жұмыстары ұйымдастырылады.

Я.А.Коменский да өзінің «Ұлы Дидактика» еңбегінен кейін өз еңбектерін отбасы тәрбиесіне арнаған «Ана мектебі» оқулығын жазады. Содан кейін И.Г.Песталоцци отбасы, оның білім алушы тәрбиесіндегі мүмкіншіліктері жайында бірнеше әдеби-педагогикалық шығармаларын жазады. Осылайша, педагогика әрдайым отбасыға, оның тәжірибесіне сүйене отырып дамытылады.

Орыс педагогикасында бұл дәстүр жалғастырылады. Мысалы, К.Д.Ушинскийдің шығармашылығын алатын болсақ, ол тәрбиеленушінің тәрбиесі мен оқытылуы ана тілінде жүргізілуі тиіс деген. Халықтың мәдениеті, тарихы жайында оқулықтар мазмұнына енгізген.

Зерттеушілер өз жұмыстарында (Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, М.Жұмабаев) отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелерін белгілейді:

1. Қоғамдағы өзгерістердің отбасы өміріндегі көрінісі.
2. Жеке меншіктік мәселесі.
3. Адамды адамның қанауы.
4. Білім алушылар құқығы.
5. Білім алушы тәрбиесіндегі ананың немесе әкенің басымдылығы және т.б.

«Ел болам десең бесігіңді түзе», – деген М.Әуезовтың аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды, өркениетті даму жолындағы қоғам алдымен білім алушыны отбасына жан-жақты қамқорлық жасап, оның мәртебелік орнын жоғарғы деңгейге көтеруге тырысады.

Отбасы – өзара жауапкершілік пен өзара көмек беруге, ортақ тұрмыстық жағдайға, некеге немесе туысқандық байланыстарға негізделген кіші топ, онда жұбайлары, ата-аналары мен білім алушылары, білім алушылардың арасындағы өзара әрекеттесуді реттейтін нормалар мен ережелер жасалады. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендірудің маңызды институты. Білім алушы дамуының қай жағын алсақ та, оның тиімділігі отбасыға тәуелді. Отбасы адамның дене және эмоционалды дамуын қамтамасыз етеді, білім алушының психологиялық жынысының қалыптасуына әсер етеді, білім алушының ақыл-ойының дамуында ерекше орынға ие, сонымен қатар білім алушының оқуға көзқарасын қалыптастырады. Отбасы әлеуметтік нормаларды әсіресе отбасы рөлдерін орындауға қажет нормаларды меңгертуде елеулі орынға ие. Отбасыда әлеуметтік және ұлтаралық қарым-қатынастардан көрінетін, адамның өмір сүру бағытын, мақсатын, жоспарын, іс-әрекет тәсілдерін анықтайтын негізгі құндылықты бағдарлары қалыптасады. Отбасы адамның әлеуметтік даму үрдісінде үлкен орын алады. Себебі отбасының қолдауы, мақұлдауы, қабылдауы адамның ортасына бейімделуіне көп әсерін тигізеді.

Отбасы тәрбиесі – білім алушыны жан-жақты дамыту мақсатындағы ата-аналар мен отбасының басқа да мүшелерінің білім алушыларға әсер етуі. Отбасы тәрбиесінің мазмұны, сипаты, нәтижесі тұлғалық ресурстарға байланысты. Тұлғалық ресурстар, бір жағынан, отбасы құрамымен (әкесі, шешесі, атасы, әжесі, ағасы және т.б.) анықталса, екінші жағынан, отбасыдағы ересек адамдардың денсаулығының күйімен, білімділік деңгейімен, қызығушылықтарымен, құндылықты бағыттарымен, әлеуметтік мақсаттарымен де белгіленеді. Отбасы тәрбиесінің маңызды сипаты ретінде ондағы қарым-қатынас стилі танылған, яғни отбасыдағы ересек адамдардың білім алушылармен өзара әрекеттесу тәсілдері мен сипаты. Олар: авторитарлы (өктем), демократиялық, либералды стильдер болуы мүмкін.

Қоғам дамуында отбасы, оның сипаты, ондағы психологиялық ахуал өзгерістерге ұшырап, оның түрлі (жақсы, жаман) жақтары шыға бастады. Мысалы, тірі жетімдердің пайда болуы, маскүнемдік, нашақорлық, оралмандар отбасысы, аз қамтылған отбасылар және т.б. Бұл құбылыстардың барлығы отбасының тәрбиелік әсерін өте төмендеу салдарынан болуда. Бұның нәтижесі

– ажырасқан отбасылар санының көбеюі. Ал азап шегетіндер – білім алушылар.

Ата-аналармен, білім алушы отбасымен байланыс орнату педагогтің ең басты міндеті. Педагогтің отбасымен байланыс орнатудың бірқатар психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне тоқталған орынды.

Бірінші ереже: Оқу орыны мен педагогтың отбасымен және жұртшылықпен жүргізетін жұмысының негізі ата-аналардың беделін көтеру және нығайтуға бағытталуы тиіс. Педагогтың ақыл үйретушілік, көсемдік сөз саптауы, өкпе, реніш, ынғайсыздыққа негіз болады. «Міндетті», «қажетті» деген үзілді-кесілді сөздерден соң ата-ананың кеңес сұрауға деген ынтасы жоғалады. Ата-аналардың көпшілігі өз міндеттерін жап-жақсы түсінеді, бірақ тәрбие практикасында өз білгенін көңілдегідей қолдана алмауы мүмкін. Сондықтан оларға не істеу керек екендігімен бірге қалай істеу керек екендігін білу де маңызды. Педагог мен ата-ананың арасындағы бірден-бір дұрыс норма – ол бірін-бірі құрметтеу. Осындай жағдайда білім алушы тәрбиесін қадағалау, тәжірибе алмасу, ақыл кеңес, бірлесе шешім қабылдау сияқты екі жақты да қанағаттандыратын формаға ауысады. Бұндай қатынастың маңыздылығы сол – педагог пен ата-аналарды жеке жауапкершілік, азаматтық парыз, өзіне деген талапшылдық дамып нығаятын болады.

Екінші ереже: Ата-ананың тәрбиелік мүмкіндіктеріне сенім арту, олардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру тәрбиелік белсенділігін арттыру. Ата-аналар психологиялық жағынан мектептің барлық бастамалары мен талаптарын қолдануға дайын. Тіпті педагогикалық дайындығы, жоғарғы білімі жоқ ата-аналардың өзі білім алушы тәрбиесіне терең түсінікпен және жауапкершілікпен қарайды.

Үшінші ереже: Отбасының өміріне орынсыз араласуға жол бермейтін педагогикалық әдеп. Педагог – ресми тұлға. Ол өз қызметі аясында көп жағдайда қаласа да, қаламаса да отбасының өзгелерден «жасыратын» құпия сырларына куә болуы мүмкін. Жақсы педагогсі отбасы үшін бөтен емес, қайта ата-аналар одан көмек күтіп сенім сыр айтады, ақылдасады. Сондықтан отбасы қандай болса да, ата-аналар қандай тәрбиеші болса да педагог барынша әдепті болуы тиіс. Ол отбасы туралы барлық білімін ата-

аналардың тәрбие ісіне көмектесуге, ізгі ниетті орнықтыруға жұмсауы керек.

Төртінші ереже: Тәрбие мәселелерін шешуге өмірге құштар, көтеріңкі көңіл күйді басшылыққа алу, жеке тұлғаның табысты дамуына бағыт ұстау, білім алушының жағымды қасиеттеріне, отбасы тәрбиесінің күшті жақтарына сүйену. Тәрбиеленушінің мінезін қалыптастыру қиындықсыз, қайшылықсыз және оқыс оқиғасыз іске аспайды. Егер осының бәрі даму заңдылығы түрінде қабылданса (білім алушы мінезінің тұрақсыздығы, соқтықпалы сипаты т.б) онда қиындық, қайшылық және күтпеген нәтиже педагогты әбіржітпеуі тиіс. Қалыптасқан педагогикалық міндеттерді шешудің ондаған тәсілдері болғанымен, солардың біреуі ғана нақты жағдайға толық нәтиже беруі мүмкін. Сондықтан педагогика ғылымына дайын рецент беретін анықтама емес, тұлғаға тиімді ықпал жасайтын жалпы заңдылықтар туралы ғылым деп қарау қажет.

Отбасы тәрбиесінің әдістері: сендіру, түсіндіру, ақыл-кеңес беру, иландыру, жеке өнеге, мадақтау, сыйлық, мақтау, жазалау, білім алушылар үшін қызықты перспектива, достықтан бас тарту, рахаттылыққа рұқсат бермеу. Отбасында тәрбиелік міндеттерді шешуде әр түрлі құралдар бар: сөз, ата-ана беделі, оқу, табиғат, үй тұрмысы, ұлттық салт-дәстүр, қоғамдық пікір, отбасының рухани және моральдық ахуал, күн тәртібі, әдебиет, спорт мейрамдары, символ, атрибуттар және т.б.

Сегізінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәрбие дегеніміз не? Тәрбие теориясы дегенді қалай түсінесіз?
2. Тәрбие мақсатының мәнін ашыңыз.
3. Тәрбие мақсатына әсер ететін негізгі факторларды атаңыз.
4. Жалпы және жеке тәрбие мақсатының өзара байланыс кестесін құру.
5. Тәрбие қандай қызметтерді орындайды?
6. Тәрбие үрдісінің мазмұны дегенді қалай түсінесіз?
7. Тәрбие әдістері және тәсілі, оларды жіктеу.
8. Тәрбие – педагогикалық құбылыс.
9. Тәрбиенің жалпы заңдылықтары мен принциптері.

10. Тұтас оқу-тәрбие үрдісінде білім алушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.
11. Тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздері.
12. Тұлғаны қалыптастыру үрдісі құрылымындағы өзін-өзі тәрбиелеу.
13. Magister dixit («Мұғалім айтты») - орта ғасырлардағы пікірталас пен жарыссөздерде шешім ретінде қолданылған. Сол кезде мұғалім сөзі соңғы сөз болып саналған. Бұл дұрыс па немесе дұрыс емес пе? Егер дұрыс емес болса, қазіргі педагогикада соңғы сөз ретінде не танылады?
14. Тұлға дамуының мәні неде?
15. «Жеке тұлға» және оның құрылымдық ұғымдарының мағынасын ашыңыз.
16. Жеке тұлғаның қалыптасуымен байланысты негізгі ұғымдарды сипаттаңыз.
17. Тұлға дамуының қозғаушы күштері қандай?
18. Тұлға дамуы мен қалыптасуының негізгі теориялық-әдіснамалық амал-тәсілдерінің сипаттамаларын беріңіз.
19. Тұлға қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды атаңыз.
20. Тәрбие мен дамудың өзара байланысты екенін дәлелдеңіз.
21. Өз бақылауларыңызға сүйене отырып (отбасындағы, мектептегі, қоршаған ортадағы), әртүрлі факторлардың оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етуінің нақты мысалдарын келтіріңіз.
22. Әлеуметтену процестерін атаңыз, олардың мәні неде?
23. Әлеуметтену кезеңдері қандай және олар тұлғаның әлеуметтік даму кезеңдерімен қандай байланыста?
24. Тұлғаның әлеуметтенуі, дамуы және тәрбиесі өзара қандай байланыста?
25. Әлеуметтену факторларына сипаттама беріңіз.
26. Ұжым туралы түсінік. Ұжымның өзіндік қасиеттері, ерекшеліктері.
27. А.С.Макаренко бойынша ұжымның даму кезеңдерін сипаттаңыз.
28. Ұжымға педагогикалық басышылықта нені есепке алу керек?
29. Білім алушылар ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде қандай ережелерді есте сақтау керек?

30. Ұжым алдындағы мақсат – перспектива дегеніміз не?
31. Білім алушылар ұжымын құру, ұйымдастыру және дамытуда белгілі педагогтардың қосқан үлестері, еңбектері.
32. Ұжым өмірінде жеке қатынас, өзар жауапкершілік қатынас және гуманистік қатынастың мәні.
33. Ұжымдағы өзін-өзі басқару. Өзін-өзі басқару қандай қызметтер атқарады?
34. Отбасы тәрбиесінің мазмұны, объектісі, міндеттері, көздері., мүмкіншіліктері, әдістер, құралдар
35. Отбасымен байланыс орнатудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері.
36. Ойшылдар, педагогтардың адам тәрбиесі туралы айтқан ойлары бойынша кесте құрастырыңыз.

Сегізінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан., 2007.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.- Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003-2009. Ресми басылым. ҚР Білім және ғылым министрінің №566/1 бұйрығымен 22.11.2007 жылы бекітілген.
3. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- 2002.
4. Реан А., Бордовская Н., Розум С. Психология и педагогика. – М., 2003.
5. Лихачев Б.П. Педагогика: Учеб.пособие.- М., 1992.
6. Педагогика профессионального образования / Сластенин В.А. М.: Академия, 2004.
7. Громкова М.Т. Педагогика образования взрослых. - М., 1995.
8. Бабанский Ю. Педагогика. М., 1988.
9. Құрманалина Ш.Х., т.б. Педагогика. А., 2004.
10. Методика воспитательной работы. / В.А.Сластенин ред., М., 2002.
11. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания.- М.;1977.
12. Ананьев Б.Г. О человеке как объекте и субъекте воспитания.// Ананьев Б.Г. Избр.психол труды: В 2т.-СПб., 1999.- т.2.

13. Котова И.Б., Шиянов Е.Н. Социализация и воспитание. – Ростов-на Дону. 1997.
14. Шиянов Е.Н., Котова И.Б. Развитие личности в обучении. – М., 1999.
15. Свободное воспитание. Хрестоматия. - М., 1996.
16. Караковский В.А. Воспитательная система школы: Педагогические идеи и опыт формирования. Сер. «Авторские школы Москвы» - М.: НМО «Творческая педагогика», 1991. - 125 с.
17. Кульневич С.М. Педагогика личности: от концепции до технологий, Ростов н/Д, 2001, с.61-113
18. Новикова Л.И. Педагогика детского коллектива. М., 1978.
19. Новикова Л.И. Самоуправление в школьном коллективе. М., 1988.
20. Подласый И.П. Педагогика начальной школы. М., 2000.
21. Сухомлинский В.А. Методика воспитания коллектива. М., 1981.
22. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б. Білім алушыларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. А., 1985.
23. Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. А., 1999.
24. Куракин А.Т. О системном подходе в теории воспитания // Проблемы теории воспитания /ред.Л.П.Буева, Л.И.Новикова, Г.Н.Филонов. - М.: Педагогика, 1974. - 260 с. - С.223-240. 65 с. - С.82-117.
25. Әтемова Қ. Ата-аналар жиналысының мәні. А., 1996.
26. Капралова Р.М. Работа классного руководителя с родителями. М., 1980.
27. Нұрмағамбетов С., Овчинникова Р. Мектептегі кластан тыс жұмыстар. А., 1969.
28. Илиясова А. Класс жетекшінің жүргізетін тәрбие жұмысының жүйесі. А., 1991.
29. Болдырев Н. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. А., 1987.
30. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбие хрестоматиясы А., 2001

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПӘНІ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
1. Ғылым және оқу пәні, олардың өзара байланыстары мен ерекшеліктері	5
2. Педагогика ғылым және оқу пәні ретінде	11
3. Оқу пәні ретіндегі педагогика дамуының негізгі кезеңдері	26
4. Педагогиканы оқыту әдістемесінің пәні мен міндеттері	33
Бірінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	38
Бірінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	39
2. ПЕДАГОГИКА КУРСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ	41
1. Педагогика ғылымының дамуының оқу пәнінің мазмұнында бейнеленуі	41
2. Педагогика курсының құрылымы	56
3. Педагогика курсы мазмұнының жалпы сипаты	61
Екінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	77
Екінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	77
3. ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	79
1. Педагогиканы оқыту процессі және оның ерекшеліктері	79
2. Педагогикадағы оқыту принциптері, олардың сипаттамасы	86
3. Педагогикалық пәндердің ықпалдастырылуы, олардың түрлері мен нұсқалары. Педагогикадағы оқытуды қарқындату үрдісі	97
4. Педагогиканы оқытудың диагностикалық негізі	108
5. Педагогиканы оқыту технологияларының құрамалары	116
Үшінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	122
Үшінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	123
4. КОЛЛЕДЖДЕРДЕ, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	125
1. Қазіргі оқытуды ұйымдастырудың формалары, олардың әртүрлілігі мен дамуы	125
2. Педагогикалық оқыту үрдісінде түрлі әдістерді қолдану	137
3. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар	142
4. Студенттердің өздік жұмысы	156
5. Педагогикалық практика	163
6. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы	166
7. Модульдік оқыту. Пәнге ену жоғарғы орынында оқытудың	179

бір амалы. Педагогикалық мониторингтің әдістемесі	
8. Кредиттік оқыту жүйесі	196
Төртінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	203
Төртінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	204
5. ПЕДАГОГИКА МАМАНДЫҒЫНА КІРІСПЕ	206
1. Педагогика мамандығына кіріспе курсының мақсат, міндеттері. Педагогика мамандығына кіріспе пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама	206
2. Негізгі тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Педагогикалық кәсіптің шығуы», «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі», «Педагогикалық әрекет құрылымы»	213
Бесінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	251
Бесінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	252
6. «ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ» БӨЛІМІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	254
1. «Педагогиканың жалпы негіздері» курсының мақсат, міндеттері. Пән бойынша университеттерге арналған типтік және оқу жұмыс бағдарламалары	254
2. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Педагогика пәні», «Жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру», «Педагогикадағы мақсатты анықтау»	255
3. Курс бойынша практикалық тапсырмалардың өзгешеліктері	266
Алтыншы тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	267
Алтыншы тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	268
7. «ДИДАКТИКА» БӨЛІМІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМА	270
1. Болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық дайындаудағы бөлімнің маңызы, мақсаты, міндеттері	270
2. Дидактика пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама	273
3. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама «Білім беру мазмұны», «Оқыту процесінің мәні», «Оқыту процесінің заңдылықтары, принциптері»	276
4. Студенттердің дидактика бойынша білім, білік, дағдыларын бақылау және есепке алу ерекшеліктері	305
Жетінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	310
Жетінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	311
8. «ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ» БӨЛІМІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМА	313
1. Болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық	313

дайындаудағы бөлімнің маңызы, мақсаты, міндеттері	
2. Тәрбие теориясы пәні бойынша университеттерге арналған типтік бағдарлама мазмұны	317
3. Тәрбие теориясы мен әдістерінің мәселелері	319
4. Ұжымды қалыптастыру, оның әлеуметтік, педагогикалық теориясын зерттеу проблемалары	328
5. Тақырыптарға әдістемелік сипаттама: «Адамгершілік тәрбиесі», «Азаматтық-патриоттық тәрбие», «Экономикалық тәрбие», «Экологиялық тәрбие», «Эстетикалық тәрбие», «Отбасы педагогикасының негіздерін зерттеу»	337
Сегізінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	365
Сегізінші тарау бойынша пайдаланған әдебиеттер тізімі	367